

ISSN 1563-0269
Индекс 75871; 25871

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Тарих сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия историческая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

History series

№2 (77)


Алматы
«Қазақ университеті»
2015



ХАБАРШЫ

ТАРИХ СЕРИЯСЫ № 2(77)

ISSN 1563-0269
Индекс 75871; 25871



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Қуәлік №956-Ж.

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Кәрібаев Б.Б., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)
Телефон: +727-377 33 38 (1288)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Жұмаділ А.Қ., ғылыми редактор (Қазақстан)
Омарбеков Т.О., ғылыми редактордың орынбасары (Қазақстан)
Таймағамбетов Ж.Қ. (Қазақстан)
Жұмағұлов Қ.Т. (Қазақстан)
Миша Майер (Германия)

Әбдуқап Қара (Түркия)
Мұхатова О.Х. (Қазақстан)
Сұлтанғалиева Г.С. (Қазақстан)
Қалыш А.Б. (Қазақстан)
Ахмет Ташағыл (Түркия)
Юлай Шамиль Оғлы (АҚШ)
Уяма Томохико (Жапония)



ҚАЗАҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
Б А С П А У Й І

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гүлмира Шаққозова
Телефон: +77017242911
E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гүлмира Бекбердиева, Айгерім Иманғалиева

Компьютерде беттеген:

Айгүл Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Мәлдір Өміртайқызы
Телефон: +7(727)377-34-11
E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ № 8354

Басуға 20.06.2015 жылы қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 39,5 б.т. Офсетті қағаз.
Сандық басылыс. Тапсырыс №1515. Таралымы 500 дана.
Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2015

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА – 550 ЖЫЛ

КАЗАХСКОМУ ХАНСТВУ – 550 ЛЕТ

550 YEARS TO THE KAZAKH KHANATE

Кәрібаев Б.Б.

I. Есенберлиннің «Алмас қылышы» романы және қазақ хандығының тарихы

Автор бұл мақаласында қазақтың белгілі классик жазушысы I. Есенберлиннің «Алмас қылыш» романында қарастырылған тарихи мәселелерді және романның деректік негіздерін талқылайды. Тарихи тақырыпқа арналған көркем туындының не себепті әлі күнге дейін көпшіліктің назарында жүргеніне жауаптар іздейді. Автор мақалада әдеби шығарманың мынадай тұстарына ерекше көңіл аударады. Бірінші, автор шығармасының уақыты мен кеңістігі – Қазақ хандығының құрылуы мен күшеюіне сәйкес келеді. Екінші, автор өзіне қажетті ортағасырлық тарихи дерек мәліметтерін дәл тауып, оларды дұрыс сөйлетеді. Үшінші, автор сонымен бірге, сол тұстағы Қазақ хандығының тарихына қатысты тұжырымдарды негіз етіп алады. Жазушының осындай еңбекқорлығы мен табиғи дарыны аталған шығарманы қазақ халқының өшпес рухани дүниесі етіп отыр деген қорытындыға келеді.

Түйін сөздер: Әбілқайыр хан, Керей хан, Жәнібек хан, Дешті қыпшақ, Мауереннахр.

Karibaev B.B.

Roman I. Esenberlina «enchanted sword» and the history of the Kazakh Khanate

In this article the author examines the historical problems of the source and the basis of the novel known Kazakh writer classics I.Esenberlin «Enchanted sword.» Seeking an answer to the question why a work of art written on a historical theme to this day has not lost its value. The author of the article pays special attention to those aspects of the literary works. Firstly, time and space in the novel, the author – the same as with the emergence and strengthening of the Kazakh Khanate. Secondly, the authors used the correct dates currently medieval historical sources. Thirdly, the author builds on the concept of the history of the Kazakh Khanate that time. Finally, the ability to work and natural talent of the writer did work – an immortal spiritual heritage of the Kazakh people.

Key words: Abulhair Khan, Kerei Khan, Janibek Khan, Dasht-i Kipchak, Mawerennahr.

Карибаев Б.Б.

Роман И. Есенберлина «Заговоренный меч» и история Казахского ханства

В данной статье автор рассматривает исторические проблемы и источниковые основы романа известного казахского писателя классика И.Есенберлина «Заговоренный меч». Ищет ответ на вопрос, почему художественное произведение, написанное на историческую тему, по сей день не утратило своего значения. Автор в статье особое внимание уделяет таким сторонам литературного сочинения, как первое, время и пространство в романе автора совпадают с возникновением и укреплением Казахского ханства. Второе, автор правильно использовал средневековые исторические источники. Третье, автор берет за основу концепцию истории Казахского ханства того времени. В заключение, трудоспособность и природный дар писателя сделали сочинение бессмертным духовным наследием казахского народа.

Ключевые слова: Абулхайр хан, Керей хан, Джанибек хан, Дешти кыпшақ, Мавереннахр.

**I. ЕСЕНБЕРЛИННИҢ
«АЛМАС ҚЫЛЫШЫ»
РОМАНЫ ЖӘНЕ
ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ
ТАРИХЫ**

Кеңестік кезеңде тарих ғылымы идеологияның қатаң қыспағында болып, халқымыздың тарихын халыққа шынайы түрде жеткізіп бере алмады. Сондай тұста тарихшылардың кейбір міндеттерін әдебиетшілердің атқаруына тура келді. Өткен ғасырдың 60-70-жылдарында ортағасырлардағы қазақ тарихының маңызды мәселелерін тақырып етіп, жазушыларымыз оны көркем әдебиет арқылы көпшілікке жеткізуге тырысты. Осындай ұлы істің басында осы жылы 100 жылдығын бүкіл қазақ жұрты атап өтіп отырған көрнекті жазушы, он жеті романның авторы, 1968 жылғы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері Лияс Есенберлин (1915-1983) тұрды.

Қазақ әдебиеті тарихында алғаш рет тарихи тақырыпқа қалам сілтеп, жаңа бағыттың есігін ашып берген I. Есенберлин осы салада өте жемісті еңбек етеді, қазақ халқының рухани өміріндегі асыл қазынаға айналған ғажайып әдеби туындыларды дүниеге әкеледі. Кезінде I. Есенберлинге іні бола білген, оның «Көшпенділер» трилогиясының редакторы болған, бүгінде қазақ әдебиеті классиктерінің бірі, халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтың айтуынша «...I. Есенберлин артындағы біз секілді жас жазушыларға мұзжарғыш кеме секілді тыңнан жол салып берді» [1].

Жазушы 1969 жылы «Қаһар», 1971 жылы «Алмас қылыш», 1973 жылы «Жанталас» романдарымен қазақтың рухани дүниесін дүр сілкіндіріп, қазақтың рухтың өшпеуіне, қайта оның нығая түсуіне ықпал етеді. Қазақ халқының рухани өмірін тұқартуға бағытталған әрекет етуші күшке «Көшпенділер» трилогиясы қарсы әрекет етуші күш ретінде тұрды және ол өзінің негізгі міндетін атқара алды.

Кәсіби тарихшы ретінде I. Есенберлиннің «Алмас қылышының» құдіреті неде болды екен деп кітапты қайта қарауға тура келді. Кітаптың көркемдік жағын сыншы-әдебиеттанушылардың еншісіне қалдырып, оның тарихилық жақтарына ерекше ден қойдым.

«Алмас қылыш» романындағы алғашқы тарихилық жаққа оның уақыт пен кеңістік ұғымдарын нақтылауы дер едім. Кітаптағы оқиғалардың басым бөлігі XV ғасырдың орта тұсынан XVI ғасырдың алғашқы он жылдығы аралығында қазіргі Қазақстан немесе бұрынғы Шығыс Дешті Қыпшақ жерінде және

Шығыс Түркістан мен Мауереннахр аумақтарында өтеді. Кей тұстарда автор тарихи шегіністер жасай отыра, XIII-XIV ғасырлардағы Шыңғыс хан, Жошы хан, Бату хан, Үгедей хан, Күйік хан, Өзбек хан, Жәнібек хан, Бердібек хандарға қатысты оқиғаларды қосымша түрде баяндап өтеді. Сөйтіп, романның мазмұнындағы уақыт пен кеңістік ұғымдары өте дәл көрсетіледі. «Алмас қылышта» баяндалған, суреттелген уақыт шеңбері Қазақстан тарихындағы аса маңызды кезеңдердің бірі – Қазақ хандығының құрылуы мен күшеюі аралығына сай келеді.

І. Есенберлиннің тарихи тақырыпқа арналған туындысының ең құнды жері оның деректік негізінде жатыр. Автор сол жылдардағы тарих ғылымына белгілі және орыс, қазақ тілдерінде ғылыми айналымға түсірілген барлық жазба дерек мәліметтері мен қазақ халқының ауыз әдебиетінің материалдарын шебер пайдаланған. Ең бастысы, «Алмас қылыш» авторы XIII-XVI ғасырлардағы Қазақстан тарихының этносаяси тарихына қатысты сол кезеңдегі ең озық деп саналған тарихи ой-тұжырымдарды да пайдаланады. Ал оған қол жеткізу үшін қаншама монография, қаншама мақалалар мен жинақтар қаралды, талданды десеңізші!

Тарих ғылымында зерттеу жұмысының құндылығына тың деректерді қолдану, оны талдау, сол арқылы қарастырып отырған мәселеге байланысты зерттеушінің жасаған тұжырымдары жататыны белгілі. Қазақстан тарихының дамыған және кейінгі ортағасырлық кезеңінен хабары бар оқырманның «Алмас қылышпен» мұқият танысқан кезде ондағы деректердің молдығына және автордың оларды кәсіби зерттеуші сияқты рет-ретімен қолдана білгеніне таң қалмасқа шарасы қалмайды. Автордың белгілі бір оқиғаны тарихи заңдылықтарға сай сөйлете білгені, тарихи даму желісінен шықпай екі оқиға арасындағы байланыстарды жазушылық қиялмен жалғай білгені, тіпті басты кейіпкерлер арасындағы диалогтардың өзі тарихи кезеңнің шындығына сай келуі міне, осы айтылғандардың бәрі жазушының құр қиялының жемісі емес, оның тақырыпқа қатысты ізденістері мен зерттеулерінің нәтижесі болып табылады. Кітаптағы әрбір деректі қарастыру барысында автордың отыздан астам ортағасырлық авторлардың деректерінен мәліметтерді пайдаланғанына көзімізді жеткіздік. Олардың ішінде Марко Поло, Рашид ад-дин, Масуд бен Осман Кухистани, Камал ад-дин Бинай, Натанзи, Мұхаммед Хайдар Дулати, Жувейни, Захир ад-дин Бабыр, Махмуд бен Уәли, Әбілғазы, Қадырғали Жалайыр және тағы басқа авторлар бар.

Сондай-ақ, көптеген халықтың ауыз әдебиетінің материалдарын кездестіруге болады. Кейбір тұстарда жазушының өз қиялынан туған штрихтар кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынастарды одан әрі ушықтырады, романдағы оқиғаларды шиеленістіре түседі. Олардың бәрі жазба дерек мәліметтерімен толықтырылып, бір-бірімен байланыстырылып ұсынылады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін кітаптағы дерек мәліметтеріне назар аударалық.

«Алмас қылыштың» бірінші бетінен бастап І. Есенберлин XIII ғасырдағы итальяндық жиһангез Марко Полоның моңғол әскерінің құрылымы, соғысу өнері мен әскери тәртібі жөнінде жазған мәліметін өте ұтымды қолданады. Романда ол туралы былайша баяндалады: «Әбілқайыр көзін жұмды. Жақында ғана фарсы тіліне аударылған Шыңғыс бабасының әмірі жүріп тұрған кезінде Қарақұрымда болған италиялық бір жиһангез жолаушының жазған кітабының әрбір әрпі бақандай боп көз алдына тұра қалды. Әбілқайыр ернін жыбырлатып оқи бастады: «... Шыңғыс хан он адам бір адамға бағынсын деп бұйырға, ал он онбасы бір жүзбасыға бас иген. Он жүзбасының үстінен бір адам қараған. Оны мыңбасы деген...» [2, 9]. Осы деректі біз Марко Полоның кітабынан кездестіреміз [3, 81-82 бб.].

Автордың жиі қолданған дерегінің біріне XIV ғасырдың басында жазылған парсы тарихшысы Рашид ад-диннің «Жылнамалар жинағының» мәліметтері жатады. Бұл еңбектегі Шыңғыс ханның төрт ұлының әкеден қалған жерлерді төрт ұлысқа бөліп алып, әрқайсысы бір-бір ұлыстан басқаруы, Жошы мен Төле, Үгедей мен Шағатай ұрпақтары арасындағы тақ үшін талас-тартыстар, Батудың батыс елдеріне жорығы және жаулап алулары, Үгедейдің қайтыс болып, орнына ұлы Күйік ханның билікке келуі, Бату хан мен Күйік хан арасындағы қайшылықтар, Күйік ханның өлімі және тағы басқа көптеген тарихи деректер «Алмас қылышта» Әбілқайыр ханның ойы түрінде баяндалып, оқырманды өз иіріміне орап алады [2, 10-14].

І. Есенберлин кітабының құндылығы оның деректерінің молдығында және оларды автордың ұтымды қолдана білуінде болса керек. Тек қана Әбілғазыда кездесетін «Нар мойыны Бердібекте кесілді» деген сөз тіркесін ол былайша қолданады. «...Осы эз Жәнібек ханды қараңғы түнде туған баласы Бердібек өз қолынан бауыздап, хан тағына жетті. Бірақ Бердібек құр әкесін өлтіріп қана қоймады. Алтын Орда тағынан дәмәтер деп, бір жазда ат жалын тартып мінер аға-інісін тегіс өлтірді. Абат елді ала айран ет-

ті. Әйтсе де меншіктенген алтын тақ оған құтты болмады. Таққа отырғанына екі жыл өтер-өтпестен, қастасқан туыстары оның өзін бауыздап өлтірді. Халық арасына тарап кеткен «Нар мойны кесілген, Бердібек хан өлген кез» деген мәтелдің аңысы содан. Міне, осы Бердібек ханның өлуімен бірге Бату ұрпағының Алтын Ордаға хан болуы да біткен» [2, 12]. Осы жолдарға негіз болған Әбілғазының дерегі былайша баяндалады: «...Бердібек хан өте залым және пасық, іші қара адам еді. Аға-інісі, барлық туыстарынан ешкімді қалдырмай, бәрін өлтірді. Бұл пәниден өзі өтпейтіндей көрінді. Ақыры патшалығы ұзаққа бармады, екі жылдан кейін жеті жүз алпыс екінші жылы опат тапты. Сайын хан әулеті Бердібекпен аяқталды. Өзбек ішінде «Нар мойны Бердібекте кесілді» деген мысал бар. Бұдан соң Жошы ханның өзге балаларының әулеті патшалық құрды» [4, 117 б.]. Тек осындай дерек мәліметін жетік меңгерген адам ғана жоғарыда келтірген үзіндіні жаза алады.

«Алмас қылышта» қазақ ханы Жәнібек ханның өзі және оның ұрпақтары туралы баяндалғанда олардың әйелдерінің есімдері толық айтылып отырылады. Ол жазушының қиялынан туған дүние емес, нақты жазба деректе кездестіре мәліметтер. Қадырғали Жалайыр еңбегінің «Ораз-Мұхаммед хан дастаны» атты тарауында қазақ хандары туралы мәліметтер тұнып тұр [5, 121-123 бб.].

Романда дерек мәліметтерінің тұнып тұрғанын мынадай бір абзацтан-ақ байқауға болады. Соны тыңдап көрсек.

«Әбілқайыр тағы да ойға шомды.

Он жеті жасында «Бату тағы», «Өзбек тағы» деп аталған Дәшті Қыпшақ тағына отырды. Ол кезде хан ордасы сонау шығыстағы Ертіс өзенінің қойнауындағы Чинга Тұра қаласына ту тіккен, майданды сол тұста ашып, жеке-жеке ұлыс болып отырған қазақ хандарын жеңіп, бірте-бірте Есіл, Тобыл, Нұра өзендерінің бойын тегіс өзіне қаратты. Сол қарқынмен ол бір кезде, Жошының ордасы тігілген, Ұлытау бойына жетті. Енді өзінің астанасын Бату ханның әскері екі жүз жиырма жыл бұрын бас қосқан Кеңгір бойындағы Орда-Базар деп аталатын қалаға көшірді. Ұлытау Дәшті Қыпшақ даласының кіндік ортасы. Батысы – Еділ, Жайық, солтүстігі – Есіл Тобыл, шығысы – Ертіс, оңтүстігі – Сыр бойы. Осы Дәшті Қыпшақ жеріне тегіс ие болғаннан кейін, ол Мауереннахр жеріне көз сала бастады. Отыз жыл хандық құрған өмірінде Үргеніш пен Самарқантты шапты. Мауереннахрдан Сығанақ, Созақ, Отырар, Ақрұқ, Ақ-Қорған тәрізді Дәшті

Қыпшақ елінің көне шаһарларын қайтарып алды. Сөйте жүріп ол бір жағынан Ақсақ Темір ұрпақтарына қыз беріп, қыз алып, әбден қандасып кетті. Ақырында Әбілқайыр бұл кездерде түркі, иран елдері «Көк Орда», ал орыс шежірелерінде «Ақ Орда» деп аталған кешегі Алтын Орданың кең байтақ алып даласына толық ие болды» [2, 31 б.].

Енді осы келтірілген жарты беттік үзіндіде қанша дерек материалдары қолданғанын анықтап көрелік.

«Он жеті жасында «Бату тағы», «Өзбек тағы» деп аталған Дәшті Қыпшақ тағына отырды» деген мәліметті І. Есенберлин XVI ғасырдың 40-50-жылдары аралығында жазылған шибанилық әулеттің тарихшысы Кухистанидың «Тарих-и Абу-л-Хайр-хани» атты еңбегінен алады. Дерек мәліметінде ол жөнінде былай делінеді: «Он жеті жасында мешін жылына сәйкес келетін сегіз жүз отыз үшінші жылы [Әбілқайыр хан] салтанатты жағдайда мемлекет билеушісінің тағына отырды» [6, 144 б.]. Осы деректе тағы да мынадай мәлімет кездеседі: «Бір шетінен екінші шетіне дейінгі таза ауасы мен мөлдір суы басқа аймақтардан ерекшеленетін Дешті Қыпшақтағы Сайн-хан тағы («Бату хан тағы» – Б.К.) [Әбілқайыр ханның] иелігіне өткеннен кейін халыққа бейбітшілік орнады» [7, 171 б.]. Кухистанидың осы еңбегінде Әбілқайыр ханның 1428-1431 жылдары Дешті Қыпшақ аумағындағы шибанилық ұлыстарды қалай бағындырғаны жөнінде баяндалады [6, 146-149 бб.]. Дәл осындай сарындағы Әбілқайыр ханға қатысты мәліметтер Ходжамқұли-бек Балхидың «Тарих-и Кипчаки» атты еңбегінде ұшырасады [7, 389-393 бб.]. Балхи Әбілқайыр ханның Дешті Қыпшақтағы бағындыру соғыстарының нәтижесін: «[Ол] Дешті [Қыпшақты] [өз] мемлекетінің астанасы етті», – деп қорытындылайды [7, 393 б.]. «Алмас қылыштағы» жоғарыда келтірген үзіндінің бір бөлігін талдау арқылы кітап авторының қаншама деректі ақтарып, қаншама мәліметті пайдаланғанын байқаймыз.

І. Есенберлин осы бір үзіндіні жазу үшін тек мұсылман авторларының мәліметтерін шектелмеген. Ол 1965 жылы Мәскеу қаласында жарық көрген кеңес-өзбек тарихшысы Б.А. Ахмедовтың «Государство кочевых узбеков» атты зерттеу кітабындағы Әбілқайыр ханның билікке келуі мен оның алғашқы жорықтары, оның нәтижелері жөніндегі тұжырымдарымен де танысады, оларды өте тиімді пайдаланады. Мұнда зерттеуші Әбілқайыр ханның 1428 жылы Тура қаласын, 1429 жылы Тобыл өзені бойында туысы шибанилық

Махмұд қожа ханды жеңіп, оның ұлысын өзіне қосып алғанын, 1428-1431 жылдар аралығында соғыстар арқылы бүкіл Шибан ұлысын біріктіргенін жазған болатын [8, 48 б.].

І. Есенберлиннің «... Енді өзінің астанасын ... Кеңгір бойындағы Орда-Базар деп аталатын қалаға көшірді» деген сөйлеміне негіз болған тұжырымдарды Ә. Марғұланның зерттеулерінен кездестіреміз. Онда археолог Орда-Базар қаласы Кеңгір өзенінің бойында орналасқан, кезінде бұл қала Батый ханның ордасы болған еді деп жазған болатын [9, 129 б.].

Романдағы «... Дәшті Қыпшақ жеріне тегіс ие болғаннан кейін, ол Мауереннахр жеріне көз сала бастады. Отыз жыл хандық құрған өмірінде Үргеніш пен Самарқантты шапты» деген сөйлемнің негіздері «Тарих-и Абу-л-хайр-хани», «Тарих-и Кипчаки» еңбектеріндегі мәліметтерден және монографиялық зерттеулерден алынғаны бірден көрінеді [6, 162-167 бб.; 7, 391-392 бб.; 8, 49-51 бб.].

Сондай-ақ, Б.А. Ахмедовтың еңбегіндегі: «Әбілқайыр хан Моғолстандағы саяси бытыраңқылық пен Шахрухтың қиыншылығын шебер пайдалана отыра, 1446 жылы Сырдария өзенінің екі жағында орналасқан Ақ-Қорған, Аркөк, Өзгент, Сығанақ және Созақ бекініс-қамалдарын басып алды», – деген тұжырымы үзіндіде көрініс тапқан [8, 57-58 бб.]. Соныме бірге біз қарастырып отырған дерек мәліметтерінде Әбілқайыр ханның Ұлықбектің қызы Рабиға сұлтан бегімге үйленгендігі туралы І. Есенберлин: «Сөйте жүріп ол бір жағынан Ақсақ Темір ұрпақтарына қыз беріп, қыз алып, әбден қандасып кетті», – деп айтып өтеді [6, 167 б.].

Ал енді «Ақырында Әбілқайыр бұл кездерде түркі, иран елдері «Көк Орда», ал орыс шежірелерінде «Ақ Орда» деп аталған кешегі Алтын Орданың кең байтақ алып даласына толық ие болды» деген сөйлемдегі ойдың деректік негіздеріне назар аударсақ, «Алмас қылыш» авторының ізденістерінің тереңдігіне таң қалмасқа шараң қалмайды! Романдағы осы бір ғана сөйлемді қағазға түсіру үшін жазушы қаншама деректі қарап, қаншама тарихи зерттеулерді меңгереді.

XIV-XV ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы немесе қазіргі Қазақстан аумағындағы саяси құрылымның қалай деп аталғандығы жөнінде тарихшылар арасында әлі күнге дейін дау-дамай бар. Зерттеушілердің бір тобы бұл аумақты «Ақ Орда» деп атаса, ал екінші бір тобы мұндай пікірлермен келіспей «Көк Орда» атауын қолданады. Қазіргі кезеңде бұл мәселе бойынша қаншама дискуссия болып, қаншама мақалалар

жазылды. Тіпті мәселенің зерттелу тарихының өзін меңгеру тарихшылар үшін біршама қиындықтар туғызады. Ал жазушының осы бір ғана сөйлемді романға енгізу үшін қаншама ізденгенін көз алдыңызға елестетіп көріңізші! Жалпы, «Алмас қылыш» романының құдіреті неде деген сұрақтың жауабы осы жерден көрінсе керек. Романның күштілігі мен құдіреті – оның тарихи деректік негіздерінің молдығында деген болар едім.

Бір ғана сөйлемді романға енгізу үшін І. Есенберлинге Алтын Орда тарихына арналған арнайы зерттеулерді, атап айтсақ, Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовскийдің, Л.Н. Насоновтың, В.В. Бартольдтың, М.Г. Сафарғалиевтың және тағы басқа авторлардың арнайы зерттеулерімен танысуына тура келеді. «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы» атты екі томдық еңбектегі араб авторлары мен парсы тілінен аударылған көптеген тарихи шығармаларды және ең бастысы, Натанзидың «Ескендірдің анонимі» атты дерегінің мәліметтерін меңгереді.

М.Г. Сафарғалиевтың «Распад Золотой Орды» атты 1960 жылы жарық көрген монографиясы жазушының кітап сөресінде емес, жазу үстелінің үстінде беті ешқашан жабылмайтын кітаптарының бірі болған секілді [10]. Кейіннен жазушы мұндағы тарихнамалық тұжырымдарды өзінің «Алтын Орда» атты трилогиясында қолданады.

Ізденімпаз жазушы ақыры мәселенің түйінді екенін аңғара келе, мәселенің деректік негіздері мен соған қатысты тарихнамалық ойларды зерделей келе, XIV-XV ғасырлардағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағын «Түркі, иран елдері «Көк Орда», ал орыс шежірелерінде «Ақ Орда» деп аталған кешегі Алтын Орданың кең байтақ алып даласы», – деп жазады.

«Алмас қылыш» романы – Қазақ хандығының құрылуы мен күшеюін суреттейтін көркем туынды. Қазақ хандығының құрылуындағы ең басты оқиғаға – Керей мен Жәнібек хандардың қарамағындағы елімен Әбілқайыр хандығынан бөлінуі жататыны баршаға мәлім. Ал осы бөлінуге түрткі болған жағдайды көрсететін жазба дерек мәліметі әлі күнге дейін белгісіз. Керісінше, халық ауыз әдебиетінің материалдары осы жетіспеушіліктің орнын толтыра алады. Алғаш рет тарихнамада Ш. Құдайбердіұлы бірінші болып, 1911 жылы жарық көрген еңбегінде Қара қыпшақ Қобыланды батырдың қысастықпен Ақжол биді өлтіруі және одан кейінгі өрбіген оқиғалар – Керей мен Жәнібек хандардың Әбілқайыр ханнан бөлінуіне себеп болды деп жазған

болатын [11, 22-23 бб.]. І. Есенберлин заманында Шәкәрімнің еңбегін қолданбақ түгіл, оның есімін ашық айтуға тыйым салынған болатын. Соған қарамастан жазушы батылдыққа барып, Шәкәрімнің еңбегін табады да, ондағы материалдарды романның басты сюжеттерінің біріне айналдырып жібереді. Қобыланды батырдың Ақжол биді өлтіруі және соның төңірегіндегі оқиғаларды оқырманның өзі романдан оқып алар деген оймен, біз бұл жерде кітаптан үзінді бермей отырмыз.

Әңгіме тәркіні Керей мен Жәнібек хандарға ауысқаннан кейін романда бұл екі тұлғаға қатысты қандай дерек мәліметтері қолданылған деген мәселеге назар аударып көрелік.

Қазақ хандығының негізін салған Керей мен Жәнібек хандардың бір-біріне туыстығын автор кітапта былай деп жазады: «Әбілқайырдың сескелетін жауы екеу: бірі – Орыс ханнан туған Құйыршық ханның баласы Барақ ұлы Жәнібек пен оның үш аталас туысы Керей. Екіншісі, өзінің аталасы Мақмүдек ханнан туған Ходжа Мұхамед ханның баласы Абақ» [2, 13]. Ортағасырлық шибанилық үш тарихи шығарма – «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме», «Фатх-наме» және «Шайбани-наме» еңбектерінде ғана осы жөнінде мәліметтер бар [12, 19; 13, 56-57 бб.; 14, 99 б.]. Ал Керей мен Жәнібек хандардың туыстығын көрсететін деректің ең алғашқысы – «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» дерегіндегі «Жошы ұрпақтарының шежіресі» атты мәліметтер [12, 41-42 бб.]. Онда былай делінеді: «Орыс ханның жеті ұлы бес қызы болды. Ұлдарының есімдері – Тоқта-Қия, Құтлық-Бұқа, Тұғлық-Болат, Құйыршық, Тоқта-Болат, Сайд-Ахмет, Сайд-Әлі. Қыздарының есімдері – Меңлі-бек, Шекер, Суди-бек, Иран-бек, Меңлі-Түркен. Тоқта-Қияның үш ұлы және үш қызы болды. Оның ұлдарының есімдері – Тәңірберді, Йағуд-жак-анеке, Болат. ... Болаттың ұлы Керей хан.

Құйыршықтың ұлы – Барақ хан. Оның қыздары – Байанда-сұлтан, Рукйиа. Барақ ханның үш ұлы болды. Олар: Мір-Сайд, Мір-Қасым Бу-Сайд (оны тағы да Жәнібек хан деп те атайды)» [12, 42 б.]. Осындай дерек мәліметтерін меңгеру арқылы ғана жазушы қазақ хандарының туыстығы жөнінде пікір айтып отыр.

І. Есенберлин «Алмас қылышты» жазу барысында тек дерек мәселелерімен шектеліп қоймаған. Сонымен бірге ол жазып отырған тақырыптарына қатысты тарих ғылымындағы тарихнамалық тұжырымдарды да меңгергені байқалады. Солардың бір-екеуіне тоқтала кетсек.

Тарих ғылымында Батый хан бастаған моңғол әскерлерінің батысқа жасаған жеті жылдық

жорығы және олардың кейін оралуы туралы бірнеше пікірлер бар. Мысалы, кеңестік тарихнамада бұған қатысты мынадай тұжырым айтылады: «Феодалдық бытыраңқылық пен жау әскерінің орасан көп болуы Русьті моңғол-татар езгісінен құтқармады. Бірақ, орыс халқының ерлікпен қарсылық көрсетуі жаулап алушылардың күшін азайтты, сөйтіп, Орталық Еуропа елдері – Польшаға, Венгрияға, Чехияға, Словакияға бағытталған жорықтарының күшін әлсіретті. Содан соң жаулап алушылар шығысқа оралды» [15, 46 б.]. Бұл тұжырым – сол кезеңдегі моңғол әскерлерінің кейін оралуын түсіндіретін бірден-бір ресми пікір болатын. Бұл пікірдің ар жағында Еуропа халықтарын моңғол жаулап алушылығынан өзі құрбан бола отыра, орыс халқы құтқарды деген ой жатты. Ал еуропалық авторлар болса, бұған қатысты мүлде басқа тұжырымдарды алға тартады. Олардың ортақ пікірінше, моңғол жаулап алушылығына қарсы еуропалық мемлекет басшылары Ватикан туы астында біріге бастады. Мұндай күшпен соғысуға жүрегі дауаламаған Батый хан кері оралудан басқа жол таппайды.

Ал бұл жөнінде «Алмас қылышта» не делінеді екен, соны тыңдап көрелік. «Сол бір жыл күн тұтылған бір мың екі жүз отыз алтыншы жылы еді ғой. Бату хан бастаған қалың қол жаздың аяқ кезінде Еділ бойындағы бұлғарлардың астанасын алды. Үш жылдың ішінде Бату әскері Рязань, Владимир, Суздаль, Киевті шауып батысқа жол ашылды. Қан судай ақты. Жанған қала, жылаған бала. «Шыңғысхан!», «Батухан!», «Сүбітай баһадур!» аттары әлемді түршіктірді. Бату әскерінің алдында Еуропа мемлекеттерінің бай өлкелері қалды. Моңғолдың ақтангер тапал жылқысының тұяғы енді Польша, чехтар мен мадиярлардың жерін басты. Алдарынан Адриат теңізінің жағасын жайлаған тағы славян елдері көрінді.

Батухан ол араларға жетер ме еді, қайтер еді, дәл осы кезде яғни бір мың екі жүз қырық бірінші, доңыз жылы ұлы хан Үгедей өлді деген хабар келді. Бату кейін қайтты. Бөтен елдерді алу қуанышынан Қарақұрымдағы Шыңғыс тағына кімнің отыру қаупі күшті болды» [2, 11]. Көріп отырғанымыздай, І. Есенберлин ресми тұжырымды біле отыра, оны мойындамайды, өзіндік тың тұжырымды ұсынады. Бұл пікірдің шынайы екендігін қазіргі күні тарих ғылымы дәлелдеп отыр.

Біз жоғарыда І. Есенберлиннің тарихнамалық тұжырымдарды жақсы меңгергендігі жөнінде айтқанбыз. Романның негізгі оқиғасы – Қазақ хандығының құрылуы болғандықтан, автор осы

мәселеге қатысты тарихнамалық тұжырымдарды қарастырып, өзінің ой елегінен өткізеді. Сол жылдардағы бірден бір үстем тұжырымға – академиялық басылымдағы тұжырым жатты.

1957 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институтының жетекші мамандары жазған «Қазақ ССР тарихының» бірінші томы жарық көреді. Томдағы Қазақ хандығының құрылуына арналған тарауды тарихшы В.Ф. Шахматов орындайды [16, 137-141 бб.]. Онда Қазақ хандығының құрылу тарихының жазылуына сол жылдары ең беделді шығыстанушылардың бірі – А.А. Семеновтың пікірлері негізге алынады. Оның пікірі бойынша Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлініп кетуі ортағасырлардағы жай ғана ру-тайпалардың қашып кетіп, басқа ханға барып қосылуы, ол жалпы сипатқа ие болмаған. Сондай-ақ, ХҮІ ғасырлардың басына дейін бірнеше қазақ сұлтандарының иеліктері болған деген тұжырым 1957 жылғы томда айтылады. Енді осы академиялық басылымдағы пікірлер мен тұжырымдарға назар аударалық.

1) Томда тарау мен тарауша «Қазақ хандығының құрылуы» деп аталады да, «Алғашқы қазақ хандықтары Қазақстан аумағында ХҮ ғасырда» пайда болды», - деген тезис ұсынылады [16, 137 б.].

2) «Тарих-и Рашидидегі» Керей мен Жәнібектің бөлініп кетуі туралы мәліметті келтіре отырып, Моғолстанның батысында Шу мен Сарысу өзендері аралығында Жәнібек хандығы пайда болғандықтан, көп ұзамай Жәнібек ханның туыстарының да Әбілқайыр ханнан тәуелсіз иеліктерінің құрылғандығы айтылады [16, 140 б.].

3) Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін Өзбек Ұлысындағы аулауыздықтарды пайдаланып, билікті тартып алу үшін Керей мен Жәнібек хандар басқа да сұлтандармен бірге отырып күрес жүргізеді. Бірақ Жәнібек хан Өзбек Ұлысында бірден орныға алмайды.

4) Қазақ даласында Бұрындық хандығымен қатар Қасымның, Жаныштың, Таныштың, Ахмедтің және тағы басқа сұлтандардың иеліктері болады.

Байқап отырғанымыздай, 1957 жылғы Қазақ ССР тарихының бірінші томында Қазақ хандығының құрылуы мүлде басқаша түсіндіріледі. Тұжырым авторының түсіндіруінше, алдымен ұсақ қазақ хандықтары құрылған, кейіннен ұсақ хандықтардың бірігуі нәтижесінде Қазақ хандығы дүниеге келген.

«Алмас қылышты» оқи отыра осы пікір алдыңнан шығып отырады. Әлі де болса Қазақ хандығы құрылмай жатып, «қазақ рулары», «қазақ жерлер» деген сөздерді жиі ұшыратасыз. Бұны сол кездегі тарих ғылымындағы ресми тұжырымның әсері деп түсінуіміз керек.

І. Есенберлиннің тарихи тақырыпқа арналған романындағы әрбір дерек мәліметі мен тарихнамалық тұжырымдар әлі де болса зерттеуді қажет етеді. Біз осы мақаламызда тек солардың бірнешеуіне ғана тоқталдық.

Әлі күнге дейін оқырмандарының ыстық ықыласына бөленіп отырған автор мен оның кітабының құдіреті неде деген сұраққа енді ғана жауап тапқандаймыз. Оның бірнеше себебі бар.

Біріншіден, автордың сол заманда осындай тақырыпқа барып, тыңнан түрен сала білуі және әдебиет арқылы тарихтың міндетін атқаруға атсалысуы болса керек.

Екіншіден, өте көп жазба дерек мәліметтерін, халық ауыз әдебиетінің материалдары мен тарихи зерттеу материалдарын меңгеріп, оларды тиімді қолдана білуі жатса керек. Бұлар өз кезегінде «үйдің беріктігі іргетасында» демекші, романның бар жүгін көтеріп тұр. Кітаптың жазылғанына жарты ғасырға жуық уақыт өтсе де, ол әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Үшіншіден, «Алмас қылыш» және оның авторы қазақ халқымен мәңгі бірге жасай беретін рухани дүние деп санауға әбден тұрады.

Әдебиеттер

- 1 Қ. Жұмаділовтың авторға айтқан ауызша әңгімесі.
- 2 Есенберлин І. Көшпенділер: Тарихи трилогия. – Алматы: «І. Есенберлин атындағы қоры», 1998. – 584 б., илл. 52 б.
- 3 Книга Марко Поло. Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. – Алма-Ата: Наука, 1990. – 352 с.
- 4 Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 б.
- 5 Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 б.
- 6 Тарих-и Абу-л-хайр-хани. // Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с. (Одан әрі МИКХ.)
- 7 Тарих-и Кипчаки. // МИКХ.

- 8 Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – М., 1965.
- 9 Маргулан А.Х. Археологические разведки в Центральном Казахстане (1946 г.) // Изв. АН КазССР, серия историческая. – №49. – Вып. 4. – 1948. – С. 119-145.
- 10 Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды. Мына кітапта: На стыке континентов и цивилизаций... (из опыта образования и распада империй X-XVI вв.). – М.: ИНСАН, 1996. – 768 с.
- 11 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан; Сана, 1991. – 80 б.
- 12 Таварих-и гузида-йи нусрат-наме. // МИКХ.
- 13 Фатх-наме. // МИКХ.
- 14 Шайбани-наме. // МИКХ.
- 15 История СССР: учебное пособие (Издание третье, дополненное). / под общей редакцией профессора Б.Д. Дацюка. – Ч. I. – М., Издательство «Мысль», 1970.
- 16 История Казахской ССР. – Т. I. – Алматы, 1957.

References

- 1 K. Zhymadilovtyn avtorga ajtkan auyzsha аңғимеси.
- 2 Esenberlin I. Koshpendiler: Tarihi trilogija. – Almaty: «I. Esenberlin atyndagy kory», 1998. – 584 b., ill. 52 b.
- 3 Kniga Marko Polo. Serija: Puteshestvija. Otkrytija. Prikljuchenija. – Alma-Ata: Nauka, 1990. – 352 s.
- 4 Abilgazy. Tүrik shezhiresi. – Almaty: Ana tili, 1991. – 208 b.
- 5 Zhalajyr K. Shezhireler zhinagy. – Almaty: Kazakstan, 1997. – 128 b.
- 6 Tarih-i Abu-l-hajr-hani. // Materialy po istorii Kazahskih hanstv XV-XVIII vekov (Iz vlechenija iz persidskih i tjurkskih sochinenij) / sost.: S.K. Ibragimov, N.N. Mingulov, K.A. Pishhulina, V.P. Judin. – Alma-Ata, 1969. – 652 s. (Odan ari MIKH.)
- 7 Tarih-i Kipchaki. // MIKH.
- 8 Ahmedov B.A. Gosudarstvo kочevyh uzbekov. – M., 1965.
- 9 Margulan A.H. Arheologicheskie razvedki v Central'nom Kazahstane (1946 g.) // Izv. AN KazSSR, serija istoricheskaja. – №49. – Vyp. 4. – 1948. – S. 119-145.
- 10 Safargaliev M.G. Raspad Zolotoj Ordy. Myna kitapta: Na styke kontinentov i civilizacij... (iz opyta obrazovaniya i raspada imperij X-XVI vv.). – M.: INSAN, 1996. – 768 s.
- 11 Kydajberdiyly Sh. Tүrik, kyrgyz-kazak һәм handar shezhiresi. – Almaty: Kazakstan; Sana, 1991. – 80 b.
- 12 Tavarih-i guzida-ji nusrat-name. // MIKH.
- 13 Fath-name. // MIKH.
- 14 Shajbani-name. // MIKH.
- 15 Istorija SSSR: uchebnoe posobie (Izdanie tret'e, dopolnennoe). / pod obshej redakciej professora B.D. Dacjuka. – Ch. I. – M., Izdatel'stvo «Mysl'», 1970.
- 16 Istorija Kazahskoj SSR. – T. I. – Almaty, 1957.

Дауытбекова М.Қ.
**Қазақ батырларының
қару-жарақ түрлері мен
әскери өнері**

Мақалада қазақ батырларының қару-жарақ түрлері, оның жасалу жолдары, әскери өнері және әскери тактикалары мәселесі қарастырылады. Эпостық жырлар, тарихи зерттеу еңбектеріне негізделі отырып, қару-жарақ ұғымына түсінік беріледі, қазақ әскерінің қару-жарақпен қамтылуы, қазақ жауынгерлерінің елі мен жерін азат ету жолындағы күресте жеңістер мен жетістіктерге жетулеріне ар-намысымен қатар жетік әскери стратегия иесі екендігі қарастырылады. Қолда бар деректер арқылы қазақ әскері қолданған ұрыс салу тәсілдері, соғыс өнері, майдан даласындағы қорғаныс түрлері, тактикалары туралы сөз қозғалады.

Түйін сөздер: қазақ, қару-жарақ, соғыс, батыр, әскер, тактика, жауынгер.

Dautbekova M.K.
**Military art and weapons of
kazakh batirs**

The article deals with weapons and their creation, the military arts and tactics Kazakh warriors. Based on the epic poetry, historical research gives broad concept of military weapons Kazakh warriors, providing Kazakh army weapons are considered victories and achievements of the Kazakh wars, owning full military strategy in the fight for their people and land. Touched upon the available data on methods, types of military arts used by the Kazakh army, as well as tactics and defense on the battlefield.

Key words: Kazakh, weapon, war, батыр, soldiery, tactics, warrior.

Дауытбекова М.К.
**Вооружение и военное
искусство казахских батыров**

В данной статье рассматривается проблема военного искусства и тактики казахских батыров, а также дается анализ видам вооружения, технике их создания. На основе казахских эпосов, исторических исследований автор дает характеристику понятию «вооружение». Описывается проблема обеспечения оружием казахской армии, высокие стратегические военные тактики.

Ключевые слова: казах, оружие, война, батыр, военные, тактика, воин.

ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ҚАРУ-ЖАРАҚ ТҮРЛЕРІ МЕН ӘСКЕРИ ӨНЕРІ

Қазақ батырларының қару-жарақ түрлері мен әскери өнері батырлар институтының ажырамас бөлігі болып табылады.

Қазақтар ұрыс салғанда әскер сапы азиялық ондық жүйесі бойынша, яғни ондық, жүздік, мыңдық, түмен болып бөлінді. Көшпелілердің соғыс тәсілдерінің осыған ұқсас тағы бір ерекшеліктері әскери бөлімдерді орталық, оң және сол қанат, авангард (алдыңғы бөлім) және тосқауыл деп жіктеді.

Алдыңғы бөлім басты күш болып табылып, негізінен садақ, найзамен қаруланған жасақтардан тұрды. Алдыңғы қатарлы бөлімдер өте жауапты деп есептелгендіктен оның қатарына өте ержүрек, алғыр сарбаздарды іріктеп алып отырды. Бұл бөлімнің қолбасшылығына ханның ең сенімді адамдарының бірі (туысы, әмірлер, бектер) тағайындалды.

Қазақ әскерінің келесі сапы оң қанат яғни «маймана» деп аталса, сол қанаты «майсара» деп аталды. Бұл екі топтың сарбаздары көшпелі әскери құраманың ең басты екпінді бөлімдері болып табылды. Оның алдыңғы қатарында өте тәжірибелі, көптеген қанды соғыстарды басынан кешкен сарбаздар тұрды. Оң және сол қанат әскери бөлімдерінің әскербасылығына сұлтандар, әмірлер, бектер, баһадүрдер жетекшілік етті [1, 12 б.].

Қазақ жасағының төртінші бөлімі «орта» деп аталды. Бұл құрама екі қанаттың ортасын алып сап түзді. Бұл әскери бөлімнің басы-қасында хан тұрды. Ханның ордасы осы орталық бөлімде де немесе тылда да орналаса алатын. Ханның шатыры көбінесе биік шоқы немесе жотаның басына орналасуы заңды құбылыс еді. Себебі биік жерге орнығып алған бас қолбасшы майдан даласында болып жатқан соғыстың барысын көзімен көріп, керек кезінде қажетті тактикалық айла-әдістер қолданып отыруға ұтымды еді. Бұған қоса, іріктеліп алынған ханның жеке күзетіне жауап беретін ұлан жасақталып, хан ордасы төңірегіне орналастырылды. Аталған ұланның сапына аса тәжірибелі, көптеген сынақтан өткен, ханға жан-тәнімен берілген батырлар мен сарбаздар жинақталды.

С.Г. Кляшторный мен Т.И. Султановтың «Казахстан – летопись трех тысячелетий» еңбегінде қазақ жүздерінің өзіндік орны мен ноктағалығы мынадай бірнеше қағидатқа байланысты деп көрсетіледі:

1. Соғыс жағдайындағы орын белгілеу барысында.

2. Соғыс барысында қолға түскен олжаны бөліске салу және т.б. [12, 350 б.].

Майдан даласында мергендер сапы да зор үлес қосып, жаудың қолын ойсырата түскен. Қазақ батырлары да «оғын жүзіктің көзінен өткізетін», «құралайды көзге атқан» мерген, садақ тартуды шебер меңгерген садақкерлер болған. Мұны атақты садақшы, үздік мерген Еспенбет батырдың ерлігі де дәлелдей түседі. Ол бірде орға түсіп кеткен Ақбантай батырды көздеп тұрған жаудың садақшысын көз ілеспес жылдамдықпен атып өлтіреді. Садағын қалың жауға керген мергендер сапында Есекей, Жолай болса, оның бірі би, бірі батыр атанған [22, 138 б.].

Көшпелі жұрттардың эпостық жырларын жете зерттеген Р.Г. Липец: «Түркі-моңғолдардың атты әскері ортанғы шеп және оң қанат, сол қанат болып, көшпелілердің ұрыс салу дағдысына қарай орайластырылған. Бұлай шеп құру жау әскерін жылдам қоршауға алуға тиімді еді. Тағы бір қосатын жайт, атты әскер бытыраңқы болып шабуылға шықса, емін еркін ұрыс салуға ыңғайлы, оңтайлы деп есептелінді» деп жазды [17, 102 б.]. Көшпелі халықтардың әскери жүйесі оң қанат, сол қанат, орта (қол) болып шеп құру жайында зерттеуші Қ.Ахметжанов та жазып қалдырған. Оның еңбегінде майдан даласы былай суреттеледі «Айқас алдында сап түзеуді «шеп құру» дейді. Оң қанат, сол қанат болып екіге бөлінеді, олардың алдында жаудың бағытын аңлайтын қарауыл тобы бөлінуі мүмкін. Бұл әскердің кезуілші бөлігі болды. Хан басқолбасы ретінде, өзінің басқару тобымен, айқасты бақылап, басқарып отыру үшін әскердің артын ала орналасады, оның жолында айнала қоршаған хан жасағы қорған тұрады. Бұл тосқауылшы бөлігі. Ең арт жақта әскердің қордағы аттары, обоздар, жабдық заттары салынған арбалар, малшылар, қызметшілер, әскердің шаруашылық бөлігі орналасады.

Әскер саны «ондық», «жүздік», «мыңдық», «түмен» (он мың) болып құрылады. Әр ондық, жүздіктердің әскери байрақтары, мыңдықтың, түмендердің әскери тулары болды. Көшпелілер әскерді түмен, байрақпен есептеген [5, 178-184 бб.]. Мұны Саршуаш жыраудың:

«Тоғыз таңба Найманнан,
Тоғыз құйрық ту алып,
Тоғыз түмен қол шықса,
Қол ағасы – Қабанбай!» [21, 4 б.]

деген сөз өрімдері қуаттай түседі.

Ондағы «тоғыз ту» деп отырғаны мыңдық немесе түмен жасағын айтып тұрғаны. Әрине, бір біріне жақын келген екі жақтың әскері ең алдымен хас батырларын шығарып жекпе-жек өткізетін болған. Осы жерде қазақ батырларының «Ер қаруы – бес қаруы» жөнінде берілген біршама дереккөздеріне назар аударсақ.

Қазақ сарбаздары да қалмақ, жоңғар, орыс-казак сынды, сыртқы жауларына қарсы өздерінің қару-жарағын қабілетінше жұмсады. Бес қаруын асынып жауға шапқан қазақ сарбазы үстіне Бадана мен Зере сауыт немесе Көбе мен Кіреуке киді. Айбалтасын асынып, қылышын қыса ұстап, қорамсағы жебеге толы садағымен жарақтанды, жалаулы найзасы басты тірегі болса, қалқанымен өзін қалқалап, шоқпарымен жау әскерін күйрете соқты. Бұған қоса, қазақ сарбазы алдаспан, қанжар, дойыр қамшы, сойыл, құрық түріндегі қару түрлерін де қажетінше пайдалана білді. Ал отты қарудың қазақ жерінде XVI ғасырдың екінші жартысында-ақ пайда болғаны туралы деректер бар [20, 70-76 бб.].

1698 жылға қатысты құжаттарда Сырдарияның төменгі ағысындағы қалаларда тұратын қазақтар мен қарақалпақтардың қорғасын балқытып, жез өндіріп, селитра, оқдәрі жасайтындығы, ал отқаруды Бұхарадан әкелетіндігі туралы мәліметтер кездеседі. Қаратау тауындағы кен өндіру мен оқдәрі жасау кәсібі негізінен бұхарлық тұтқындарының жұмыс күшімен іске асырылып отырған. Ал XVII ғ. 30-жылдары Қаратау тауы кен орындарымен қоса, Сырдарияға жақын таулы өлкелерде де қазақтар мен қарақалпақтар қорғасын балқытып, одан оқтар құйған екен [18, 49 б.].

А. Левшин өзінің «Описание орд и степей казахов» еңбегінде қазақтардың қару-жарақтары туралы жаза отырып, 1771 жылы Еділ қалмақтарының атажұртына үдере көшу кезінде оларды тоқтатуға қатысқан капитан Рычковқа сілтеме жасайды. Онда ол қазақтардың қарапайым қара оқдәрімен қоса, ақ түсті оқдәрі де жасай алатындықтарын жазып қалдырған. Бұған қоса, қазақтардың металлдан оқ құятындығын да айтып кеткен [16, 37 б.].

М. Тевкелев жазбаларында қазақтардың қарулары туралы деректер келтіріледі. Елшінің құжаттарында «Қазақтар зеңбірек қаруын құймайды екен. олар соғыста зеңбірек қолданбайды. Сондай-ақ, мылтық та жасамайды. Олар мылтықты Хиуа мен Бұхарадан қойға, жылқыға айырбастап алады. Ал, селитра мен оқдәріні әркім өзіне керегінше жасап алады. Басқадай зауыттары жоқ. Соғыста садақты сирек қолдана-

ды, көбінесе шүріппесі жоқ білтелі мылтықтар қолданады. Ал, башқұрттар ұрыс кезінде көбінесе садақпен қаруланады, керісінше отты қарулары жоқ [11, 86 б.] деген мәліметтер келтіреді.

Орынбор экспедициясының бастығы И. Кириловтың жазбасында қазақтардың оқ-дәрі жасау технологиясы турасында айтылған. Құжатта Сырдария өзеніне жақын тау жоталары мен Арал теңізіне жақын өлкелерде қорғасын, селитра, күкірт шикізатының көп екендігі, оларды қазақтар қажетіне жаратып оқ-дәрі жасайтындығы, қорғасынды балқытып оқ құятындығы баяндалған.

Қарастырылып отырған кезеңдегі қазақтардың қару-жарақтары туралы П.И. Рычков: «Ружье имеют они огненное съ фитилями, и порох почти каждой изъ них самъ про себя делаетъ» [20, 6 б.], – деп жазады.

Шоқан Уәлиханов та қазақ батырларының ерте кездегі қару-жарақтарына тоқталып өтеді. Ғалым садақ, жақ, сауытбұзар (сауыт бұзуға арналған), қозыжауырын (ертоқымнан аударып түсуге арналған), жебе түрлеріне, найза, қылыш, наркескен сынды қару түрлеріне талдау жасап өтеді. Дегенмен, Шоқан Уәлиханов қазақ даласында мылтық түрлерінің қазақ даласында сирек қолданыста болғандығын айтады [7, 35 б.].

Сібір корпусының аудармашысы Филипп Назаровтың жазғандарында қазақтардың пілтелі мылтық, шоқпар, сойыл, сақпан, қылыш, садақ сынды қару түрлерінің тізімі ұшырасады [11, 97 б.].

Бронислав Залескийдің «Қазақ даласының тіршілік-тынысы» еңбегінде қазақтардың қару-жарақ түрлеріне де орын берілген: «Жорыққа шыққанда кездерінде олар ұзын сапты найзаны тастамайды, жанына қайқы қылыш іліп, қазір қолданудан қалып бара жатқан жебелер салынған қорамсақ, кейбіреулері пистолет байлайды. Бірақ қазақ жауынгері пілтемен от алатын ауыр да тым ұзын мылтықты жиі пайдаланады, көздеген кезде оғы нысанаға дөп тию үшін жерге тірейтін мылтықтың ұзын сирақтары да бірге жүреді. ...Шығыс халықтарына тән суын келтіріп, әбден шынықтырып соғылған қылыш пен пышақтары қашан да ұстарадай болып қылпып тұрады» [8, 152 б.].

Қазақ халқының қару-жарақтарын жете зерттеп, осы тақырыпқа елеулі еңбегін арнаған Қ. Ахметжанов өзінің «Жараған темір кигендер» кітабында соғыс құралдарын атқаратын қызметіне қарай екі топқа бөледі. Біріншісі, Шабуыл құлдары – «қару», екіншісі, қорғаныс құралдары – «жарақ». Сондай-ақ, зерттеуші, ер қаруы – бес қаруды жіктей отыра, 1. Өзіндік жұмсау тә-

сілі бар, 2. Батырлар ғана ұстайтын, 3. Соғысқа ғана қолданылатын, 4. Жекпе-жек сайысын өткізуге болатын, 5. Әскери бөліктерді құруға негіз болатын, 6. Әскери тактиканы анықтайтын, 7. Әртүрлі жоғары дәрежелі әскери лауазымды белгілейтін қарудың бес түрін – садақ, найза, қылыш, шоқпар, айбалта деп көрсетеді. Бұдан кейін зерттеуші қару-жарақтардың өзін: Ату қарулары – жақ, садақ, мылтық. Түйрейтін қарулар – найза, сүнгі, жыда. Кесу қарулары – қылыш, семсер, сапы. Шабу қарулары – айбалта. Соғу қаруларына – шоқпар, гүрзі дей келе, қосымша құралдар ретінде қанжар, пышақ, арқан сынды заттарды да атап кетеді. Қ. Ахметжанов бұл зерттеуінде әр қаруға жеке-жеке жете тоқталып, толық сипаттайды [5, 46-96 бб.].

Қазақ батырларының қару-жарақ түрлерін өте әсерлі, қанық сипаттауда сол аласапыран жылдардың куәсі Ақтамберді жыраудан артық ешкім айта алмас. Жыраудың жыр жолдарындағы «күдеріден бау тағып, ақ кіреуке киер ме екенбіз, жағасы алтын, жеңі жез, шығыршығы торғай көз сауыт киер ме екенбіз, қоңыраулы найза қолға алып жау қашырап ма екенбіз» деген сөздерден қазақ батырларының қарумен жарақтану тұлғасы анық суреттелген [2, 115 б.]. Батырлар қару-жарағын үнемі өзімен алып жүрді. Қашаған Күржіманұлы «Атамеке» дастанында: Жүйріктері баптаулы, найзалары саптаулы, сауыттары сақтаулы. Қозы жауырын көк жендет, қорамсақпен қаптаулы, ерлердің сойы бар екен, бірінен бірі мақтаулы» [4, 125 б.] демекші, жаугершілік заманда бірінен бірі өткен көптеген батырлар қазақтың сайын даласы мен елін қорғап қалды.

Қару-жарақтың жасалу жолдары мен өңделу жолдары да Қ. Ахметжановтың еңбегінде кеңінен берілген. Темірден жасалған қаруларды ұстатар «соғу» не «күю» арқылы жасайды. Жақты, оқтың ағаштары қырық күн кептіріледі, қырық малдың майына суарылады. Осындай ырымдары болған. Найза мен оқ жебелерінің ұштары, қырлары егеумен егеледі. Бұдан кейін «алтынмен бұлау», «алтынға малдыру» т.б. әдістермен әшекейленеді. Соғылған, құйылған, өңделген қарулар ағашқа сапталып, темір, жезбен «қыналады», тарамыспен «буылады». Су өтпес үшін майға суарылады. Оқтарды жонып жасайды. Темір қарулардың саптары, ағаштары түрлі бояумен сырланып, боялады. Ер қаруына көбінесе әскери қоғамдық жіктің символдық түсі – қызыл түс қолданылады [5, 96 б.].

Ж. Тұрлыбайұлы: «Қару» дегеніміз соғыс ұрыс құралы болса, «жарақ» емдеу, жараны жазу құралы болған» деген ойын айтып, оған «Ер

Тарғын» жырындағы мына жолдарды мысалға келтіреді:

«Жарақатты жан тәтті,
Жара аузына қан қатты.
Жарақшылар мұнда жоқ,
Жанқалап сүйек аларға,
Жарып малта саларға» [23, 72 б.].

Қазақтар қорғаныс жарақтары ретінде сауыт, көбе сауыт, кіреуке сауыт, берен сауыт, қаттама сауыт, жалаңқат сауыт, торғауыт сауыт, шарайналар, дулыға, қалқан, ат сауыттары т.б. қолданған. Садақты, жақты ұстаудың екі әдісі болған: 1. Белінен ұстау, 2. Иінінен ұстау.

XVII-XVIII ғасырлардағы қазақтардың соғыс өнері мен қару-жарақ түрлерін зерттеп, елеулі еңбегін арнаған А.К. Кушқумбаевтың еңбегінде жоңғарлар қазақ жеріне шабуыл ұйымдастырар алдында, жоғарыда аталған швед инженерінің басшылығымен 20-дан аса зеңбірек жасатып алып, басқыншылық соғысқа тыңғылықты әзірленгені айтылды. Бұдан кейін XVIII ғасырда Жоңғарияның жеке артилериясы құрылады. 1726 жылы Жоңғарияның Ыстықкөл аумағында артилериялық қару-жарақ жасайтын зауыт іске қосылады [13, 115 б.].

Қазақ жасақтары жауларына қарсы әртүрлі соғыс тактикасын ұстанып отырды. Қолда бар деректер арқылы қазақ әскері қолданған ұрыс салу тәсілдері, соғыс өнері, майдан даласындағы қорғаныс маневрлері, тактикалары туралы айтуға сөз қозғайтын болсақ, қалыптасқан тарихи жағдайларға қазақ батырларының ғасырлар бойы тәжірибе жинақтауына өзінің себін тигізді. Сондықтан күрделі жағдайға орай олар стратегиялық және тактикалық ұрыс салып, жауларына қарсы аттанатын. Әскербасы болып табылатын сардарлар хандық кеңес мүшелігінде болып, соғыс барысының жоспарлары мен міндеттерін талқылап отырды.

Батырлар кеңесі де жаугершілік заманда әскери өнер мен соғыс тактикасын талқылап отырды. Батырлар кеңесі мен Қорғаныс мәселесін шешу коллегиясының негізгі қызметі: қорғаныс стратегиясын құру, соғыс тактикасы, шеғара күзеті т.б. Кеңес мүшелерін беделді батырлар құрған. Көптеген көркем-тарихи шығармаларда «Ақылдасу алқасы» туралы айтылады. Мұндағы ақылдастар алқасы деп отырғанымыз – батырлар кеңесі деп батыл айта аламыз.

Қазақ батырлары ұрыстарда қолданған өзге де әдіс-тәсілдеріне тоқтала кетсек. Зерттеушілер З. Сәнік пен Б. Садыхан Қабанбай батыр туралы қалдырған еңбектерінде де Қабанбай батырдың жауды өз-өзімен соғыстыру және отпен ойран-

дау соғыс тәсілдерін қолданғаны туралы дерек келтіреді [22, 71 б.].

Тарихшы Манаш Қозыбаев та Абылай ханның жиырма екі жасынан жауға шауып, «Абылайша» деген шабуыл тактикасын тұңғыш рет қолданып жеңіске жеткенін жазады [14, 35 б.].

Сондай-ақ, тарихшы Б.Берлібаев Райымбек батырдың соғыс кезенді «Тұлғам» әдісін пайдаланғанын, қажет болған шақта жанын шүберекке түйіп, жаудың ішіне жасырын еніп кететін тәуекелшіл қасиетін жатық баяндап кетеді. Бұған қоса, Райымбек батыр он жеті жекпе жекті басынан кешіргені туралы жазады. Райымбек батыр өзіне тиесілі соғыстан түскен үлесті, олжаны мерт болғандардың бала-шағаларына, мүгедектерге, қарттарға, жетімдерге жөнелтіп отырған. Райымбек батыр қазақ қоғамындағы ұстаханалық өнерді халық ішіндегі байлық күздерін пайдалану арқылы оны жауынгерлік дәстүрмен байланыстырған. Ол соғыстан дамылдаған сәттерде қару-жарақ жасап, оны көбейтуге мән беріп отырған. Осыған қарағанда оның жасағында қару-жарақты ретке келтіретін қосын болған. Шикізатты «Темірлік», «Көмірші» деген жерлерден алып отырған болуы керек. ...Жауынгерлік жорық кезінде арнайы қазақ қосыны көшпелі ұстахана көрігін алып жүрген. Оны «Желбуаз көрік» деп атаған. Мұндай ұстахана соғыс кезінде майысқан қару-жарақты түзеп, сөгілген сауыт-сайманды жамаумен айналысқан. Жауынгерлердің босаған қорамсағын дер кезінде жебемен толтырған. Аттың тағалануы, ер-тұрманның жөнделуі, ат әбзелдерінің ретке келтірілуі, қылыштар мен найзаларды қайрау сияқты соғыс кезінде қауырт істелетін нәрсенің бәріне осы көрік ұсталары жауап берген [6, 62-63 бб.].

Осы жерде отты қару – мылтықтың қазақ жерінде пайда бола бастағаны туралы материалдарға көз жүгіртуге тура келеді. Мылтықтың түрлері жауынгерлер арасында Орбұлақ шайқасына дейін XVI ғасырдың II-жартысында-ақ пайда болғаны жайлы деректер бар. Бұл туралы А.К. Кушқумбаевтың «Военное дело казахов в XVII-XVIII веках» еңбегінде Қазақстан аумағына отты қарудың сатылуы екі бағыт бойынша жүргізілгенін айтады [13, 70 б.]. Дала халқы білтелі мылтық түрлеріне Орталық Азия хандықтары мен Ресей мемлекеті арқылы сауда жолдары және әскери көмек ретінде қол жеткізіп тұрған. Бұдан жоғарыдағы дереккөзде «в те шанцы посадил триста человек с вогненным боем» деп атап көрсетілгендей, алдын ала машықтанған Жәңгір сұлтанның 300 мергені тасада тұрып қоршауда қалған жауға оқ жаудырған деп те тұжырым жасауға болатын сияқты.

Атақты Орбұлақ шайқасына қатысқан батырлар мен олардың көрсеткен ерліктері туралы фактілер мен пікірлер біржақты емес. Бұл шайқас туралы дерек тек Г. Ильин мен сібірлік қызметші татар Көшімберді Көшеевтің айтып келгені болмаса, жоқтың қасы. Біздің ойымызша, Орбұлақ шайқасына Жәңгір хан өзінің қарамағындағы жаугер, кәсіби маманданған жасағымен ғана шыққан болуы ықтимал. Жауды ойсырата жеңіп шығуға тау-тастың ыңғайына қарай ойластырылып, орайластырылған берік қорғаныс пен тасадан дүркірей отылған пілтелі мылтық оғы көп септігін тигізіп, жау-жарағы сайланып келген жоңғар әскерін күтпеген жерден есеңгіретіп тастаған. Бірте-бірте есін жиған жау әскері жаңа шабуылға көшкен тұста Жалаңтөс баһадүр көмекке жеткен. Бұл батырдың өзге елде «сұлтан» бола жүріп, өз еліне «ұлтан» болып қызмет еткендігінің бір көрінісі.

Ақтамберді жыраудың мына бір толғауы қазақ халқының сол жаугершілік замандағы жортуыл іс-қимылынан нақ хабар береді:

«Құлаты тауға қол салып,
Садақтың оғын мол салып.
Бетпақтың ен біл шөлінен,
Төтелеп жүріп жол салып.
Қолды бір бастар ма екенбіз!» [2, 112 б.].

Қаракесек тайпаларының жерімен жүріп өткен Я.П. Гавердовский «Бөкенбай шоқысы» деген атпен қалған тау жоталары туралы мағлұмат беріп кетеді. Осы таулардың бір беткейінде сүйір келген жартас «Бөкенбай шоқысы» деп аталып кеткен. Оның мәнісі жаугершілік заманда қалмақтар қазақ ауылдарының бытырап жатқан кезін пайдаланып, малдарын талан-таражға салып кетіп отырған. Осы кезде Бөкенбай биге қарасты рулар осы өңірге малдарын жайып, қалмақтардың суыт жүрісінен сақтану үшін осы мұнараны орнатып, хабар беруші ретінде пайдаланған көрінеді [9, 92 б.].

Шегініс тәсілі де майдан даласында қолданылатын соғыс айласының бірі. Бұл соғыстан қашу емес, тиісінше жау әскерін соңынан ілестіре отырып, жасырынып жатқан тосқауылға ұрындыруға қолайлы болды. Егер жау жасағы орасан көп болған жағдайда шегіне отырып, қазақтың кең даласында титықтата отырып, соңынан күш топтастыра соққы берген.

Бұл туралы М.Қозыбаевтың мына сөздері сәтті бейнелейді: «Қазақтың панасы – сайын даласы еді. Жау бір шетіне тисе, ен даланың екінші шетіне кетті. Дала перзентін Дала анасы қорғады» [14, 25 б.].

Жоңғарлар қазақ жеріне басып кіргенде қазақ ұлыстарының едеуір бөлігі өз мекендерінде мықты тауларға бекініп алып, берілмей күрес жүргізе берген. Жоңғарлар басып алған жердегі қазақтар жаудың арт шебінде қарулы көтерілістер жасап отырған [19, 276 б.].

«Есенкелді» дастанында да Қоңыршәулі тауына келгенде қазақтардың батыры Шөңкей өзіне таңдап жүйрік ат мініп алып, қалмақтарға көріне бере қашқан болады. «Еліне хабар берер, ұстаймыз» деп соңынан тұра шапқан қалмақ қолын қазақ жасақтары торуылдап тұрып, қырып салғаны сәтті суреттелген [3, 36 б.].

Бұған қоса, жорыққа аттанғанда көшпелілерде әскерді бірнеше топқа бөліп, әр жерден шығып, жау шекарасына жақын белгіленген мерзімде, белгіленген жерге жете жиналатын әскери әдіс болған. Сондай-ақ, майдан даласында өздерінің әскерін еселеп көрсету әдісі де кеңінен қолданылған. Бұл тәсілді Қабанбай батыр Шаған соғысында ұтымды пайдалана білген. Онда небары екі мыңдық қазақ жасағы түйелерді орталарына алып, жауына өздерінің қарасын еселеп көрсеткен [22, 134 б.].

Сонымен қатар, қазақ әскербасылары майдан даласындағы ұрыстарға жас бозбалалардан тұратын жүздіктерді де қосып отырған. Бұл ұландардың соғыс өнеріне ерте жас кезінен бастап-ақ ысыла бастауы үшін қажет болған.

Бұл туралы ақын Нұрмағанбет Қосжанұлының дастанында көркем түрде баяндалады. Онда Байжан биден бата алған 15 жастағы Сартай бала мың бозбаланы етіп, жорыққа аттанады. Жас батырдың асынғаны садақ, қорамсақтағысы қозы жауырын қу жебе, қасында Дула деген ағасы бар деп суреттеледі [15, 3 б.]. Сартай батырдың кейінгі жылдардағы қоғамдағы қызметі туралы М. Тевкелевтің 1732 жылғы 6 наурыздағы жазбасында ұшырасады [10, 104 б.].

Осы тұста қазақ жасақтарының саны немесе әлеуеті туралы бірқатар деректерді ұсынамыз. Мәселен, П. Рычковтың дерегіне сүйенсек, Орта жүз бен Кіші жүздің өздері кем дегенде 40-50 мыңдық әскери күш біріктіре алады [20, 71 б.]. Неплюев 1744 жылы 14 қаңтарда өзінің Сенатқа берген баяндамасында, қазақтардың табиғатынан ұрысқа бейім екендігі, ержүрек екендігін баяндап, Кіші жүз бен Орта жүздің қажет болған жағдайда 300 мың адамға дейін әскер шығаруға қабілетті екендігін және олардың дені отты қарумен қаруланған деген мағлұмат жеткізеді.

Тарихи құжаттарды зерттеп, өзіндік пайымдауларын жеткізген кәсіби мамандар да осы деректерді растайды: «Қазақтың үш жүзі 300-400

мың сарбаздан тұратын әскер жасақтауға қабілетті екендігін көптеген тарихи материалдар растайды. Ал, жалпы алғанда сыртқы жауларға қарсы күш шығарған қазақ әскері 30-50 мың адамнан тұратын әскер шығарып отырған» [12, 340 б.].

Келтірілген фактілерде көрсетілгендей қа-

зақ әскерінің қару-жаракпен қамтылуы, артилериямен жабдықталған жоңғар жасақтары мен бақайшағына дейін қаруланған орыс әскерлерінің арсеналына қарағанда кемшін түсіп жатты. Дегенмен, қазақ жауынгерлерінің елі мен жерін азат ету жолындағы күресте жеңістер мен жетістіктерге жетулеріне ар-намысы жетеледі. Олар

ішкі жан дүниесінде «Ер болу үшін ел болу үшін» күресті.

Әдебиеттер

- 1 Алдаспан. – Алматы: Жазушы, 1971. – 241 б.
- 2 Алланиязов Т.К. Очерки военного дела кочевников Казахстана. – Алматы: Фонд «XXI век», 1997. – 94 с.
- 3 Алмас қылыш: батырлар жыры / Құраст. Дәуітұлы С. – Алматы: Жалын, 1993. – 224 б.
- 4 Акберен. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының жырлары. – Алматы, 1972. – 221 б.
- 5 Ахметжанов К.С. Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері. – Алматы: Дәуір, 1996. – 256 б.
- 6 Берлібаев Б. Райымбек батыр және тарихи танымдағы жауынгерлік дәстүр // Мына жинақта: Райымбек – қазақ халқының даңқты ұлы. – Алматы, 2005. – 46-53 бб.
- 7 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Алма-Ата: Наука, 1985. – Т.4. – 461 с
- 8 Залеский Б. Қазақ даласының тіршілік-тынсы // Әлем альманах. – Алматы, 1990. – 23-28 бб.
- 9 История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Первые историко-этнографические описание казахских земель первая половина XIX в. / Составитель, комментарии И.В. Ерофеевой, Б.Т. Жанаева. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – Т.5. – 620 с.
- 10 История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Журналы и служебные записки дипломата А.И. Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759гг.) / Составление, транскрипция, скорописи XVIII в., историографический очерк и комментарии И.В.Ерофеевой. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – Т. 3. – 484 с.
- 11 Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: АН Каз ССР, 1961. – 744 с.
- 12 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992. – 384 с.
- 13 Кушқумбаев А. К Военное дело казахов в XVII-XVIII вв. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 184 с.
- 14 Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
- 15 Қосжанұлы Н. Сартай батыр. Дастан. – Алматы. 1997. – 72 б.
- 16 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких Орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
- 17 Липец Р. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. – М.: Наука, 1984. – 264 с.
- 18 18 Материалы по истории каракалпаков // Труды Института востоковедения Академии наук СССР: сб. – М.-Л.: АН СССР, 1935. – Т. VII. – 289 с.
- 19 Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской империи. – СПб.: При Императ. Акад. наук, 1773. – Т.1. – 472 с.
- 20 Рычков П.И. История Оренбургская (1730-1750). – Оренбург: Типо-литография Ив. Ефимского-Мировицкого, 1896. – 95 с.
- 21 Сәдуақасұлы Ә. Қаракерей Қабанбай // Қазақ батырлары. – 2000. – №4.
- 22 Сәнік З., Садықанұлы Б. Қаракерей Қабанбай. – Алматы: Жазушы, 1991. – 176 б.
- 23 Тұрлыбайұлы Ж. Тарихи деректер және көркем шығарма // Мына жинақта: Райымбек – қазақ халқының даңқты ұлы: Түкеұлы Райымбектің 300 жылдығына байланысты өткізілген респуб. ғыл.-теор. конф. матер. – Алматы, «Жедел басу баспаханасы» 1971. – 241 б., 2005. – 31-45 бб.

References

- 1 Aldaspan. – Almaty Jazushy, 1971. – 241 b.
- 2 Allaniiazov T.K. Ocherki voennogo dela kochevnikov Kazakhstana. – Almaty: Fond «XXI vek», 1997. – 94 p.
- 3 Almas kylysh: batyrlar jry / Kurast. Dauituly S. – Almaty: Jalyn, 1993. – 224 b.
- 4 Akberen. XVIII-XIX gasyrlardagy kazak akyn-jyraularynyn jyrlary. – Almaty, 1972. – 221 b.
- 5 Akhmetjanov K.C. Jaragan temir kigender: Batyrlardyn karu-jaragy, askeri oneri, salt-dasturleri. – Almaty: Dauir, 1996. – 256 b.
- 6 Berlibaev B. Raiymbek batyr jane tarihi tanymdagy jauyngerlik dastur // Myna jinakta: Raiymbek –kazak khalkynyn dankty uly. – Almaty, 2005. – 46-53 bb.
- 7 Valikhanov Ch.Ch. Sbranie sochinenii v piati tomah. – Alma-Ata: Nauka, 1985. – T.4. – 461 p.
- 8 Zaleskii B. Kazak dalasynyn tirshilik-tyyny // Alem almanah. – Almaty, 1990. – 23-28 bb.

- 9 Istoria Kazakhstana v russkikh istochnikah XVI-XX vekov. Pervye istoriko-etnograficheskoe opisanie kazakhskikh zemel pervaiia polovina XIX v. / Sostovitel, momentarii I.V. Erofeevoi, B.T.Janaeva. – Almaty: Daik-Press, 2007. – T.5. – 620 p.
- 10 Istoria Kazakhstana v russkikh istochnikah XVI-XX vekov. Jurnalny I sluzhebnye zapiski diplomata A.I. Tevkeleva po istorii I etnografii Kazakhstana (1731-1759gg.) / Sostavlenie, transkripcia, skoropisi XVIII v., istoriograficheskii ocherk i kommentarii I.V.Erofeevoi.–Almaty: Daik-Press, 2005. – T. 3. – 484 p.
- 11 Kazakhsko-russkie otnosheniya v XVI-XVIII vekah (Sbornik dokumentov i materialov). – Alma-Ata: AN Kaz SSR, 1961. – 744 p.
- 13 Klyashtorni S.G., Sultanov T.I. Kazakhstan: Letopis treh tysyacheletii. – Alma-Ata, 1992. – 384 p.
- 14 Kushkumbaev A. K Voennoe delo kazakhov v XVII–XVIII vv. – Almaty: Daik-Press, 2001. – 184 p.
- 15 Kozybaev M. Jaudy shaptym tu bailap. – Almaty: Kazakhstan, 1994. – 192 b.
- 16 Kosjanuly N. Sartai batyr. Dastan. – Almaty. 1997. – 72 b.
- 17 Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kazachih ili kirgiz-kaisackih Ord i stepei. – Almaty: Sanat, 1996. – 656 p.
- 18 Lipec R. Obrazy batyra i ego konia v tiurko-mongolskom epose. – M.: Nauka, 1984. – 264 p.
- 19 Materialy po istorii karakalpakov // Trudy Instituta vostokovedeniia Akademii nauk SSSR: sb. – M.-L.: AN SSSR, 1935. – T. VII. – 289 p.
- 20 Pallas P.S. Puteshestvie po raznym provinciiam Rossiiskoi imperii. – SPb.: Pri Imperat. Akad. nauk, 1773. – T.I. – 472 p.
- 21 Rychkov P.I. Istoria Orenburgskaia (1730-1750). – Orenburg: Tipo-litografiia Iv. Efimskogo-Mirovickogo, 1896. – 95 p.
- 22 Saduakasuly A. karakerei Kabanbai // Kazak batyrlary. – 2000. – №4.
- 23 Sanik Z., Sadykanuly B. Karakerei Kabanbai. – Almaty: Jazushy, 1991. – 176 b.
- 24 Turlybaiuly J. Tarihi derekter jane korkem shygarma // Myna jinakta: Raiymbek – kazak khalkynyn dankty uly: Tukeuly Raiymbektin 300 jyldygyna bailanysty otkizilgen respub. gyl.-teor. konf. mater. – Almaty, «Jedel basu baspahansy» 1971. – 241 б., 2005. – 31-45 bb.

1-бөлім
**ДЕРЕКТАНУ
ЖӘНЕ ТАРИХНАМА**

Раздел 1
**ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ
И ИСТОРИОГРАФИЯ**

Section 1
**HISTORICAL
SOURCES STUDY AND
HISTORIOGRAPHY**

Ноянов Е.Н.
**Ежелгі ғұндардың
мемлекеттілігі мәселесінің
тарихнамасы**

Орталық Азия аумағын мекендеген ежелгі ғұн тайпалары тарихының зерттеле бастауы XIX ғасырдан бастау алады. Автор аталған тақырып отандық тарихшылардың еңбектерінде аз зерттелгендігін ескере отырып, Ресей империясы, артынан Кеңестік дәуірдегі шығыстанушы, тарихшы ғалымдардың еңбектеріне тоқталып өтеді. Мақалада автор ресейлік, кеңестік ғалымдардың еңбектерін жүйелі түрде қарастыра отырып, ондағы мемлекеттілік мәселесі туралы пікірлерге тоқталып өтеді. Кеңестік тарихшылардың еңбектеріндегі мемлекеттілік мәселесіне таптық көзқарас тұрғысынан қаралғандығын, көшпелілерде мемлекет болмады деген пікірді ұстанғандығын атап көрсетеді. Мақалада еңбектер хронологиялық ретпен, жарияланған уақыты бойынша талданған. Қарастырып отырған мақалада көшпелілердің тарихына объективті баға берген авторлар қатарында Н.Н. Крадин, С.Г. Кляшторный, Р.Н. Безертиновтердің еңбектері атап көрсетілді. Ғұн мәселесін зерттеушілер қатарында археолог-ғалымдардың еңбектері аталады.

Түйін сөздер: ғұндар, көшпелілер, мемлекеттілік, еңбектері, монография, археологиялық экспедиция, көзқарастар.

Noyanov E.N.
**The historiography of studying
the problem of statehood of
ancient Huns**

The study of the history of ancient Hun tribes who settled in the territory of Central Asia, starting from nineteenth century. The author notes that this issue is not sufficiently reflected in the works of Russian historians, gives an analysis of the scientific works of Orientalists and historians of the Russian Empire and the Soviet state. In the article the author describes in detail the works of Russian and Soviet scientists, pay attention to their views on the issue of statehood. Analysis of studies of Soviet historians on the issue of statehood, has shown dominant in those years, the view on the absence of nomadic statehood. Feature works of historians in the article, given in chronological order. The article highlights researchers who gave an objective assessment of the history of the nomadic peoples, underlined works of N.N.Kradin, S.G.Klyashtorniy, R.N. Bezertinov. Among the studies of the history of Huns distinguished works of archaeologists.

Key words: Huns, nomadic statehood, proceedings, monographs, archaeological expedition, views.

Ноянов Е.Н.
**Историография изучения
проблемы государственности
древних гуннов**

Изучение истории древних гунских племен, обосновавшихся на территории Центральной Азии, берет свое начало в XIX веке. Автор отмечает, что данная проблема не достаточно отражена в работах отечественных историков, дает анализ научным трудам востоковедов и историков Российской империи и Советского государства. В статье автор достаточно подробно характеризует труды русских и советских ученых, обращает внимание на их взгляды по проблеме государственности. Анализ исследований советских историков по проблеме государственности показал доминирующую в те годы точку зрения об отсутствии у кочевых племен государственности. Характеристика трудов историков в статье дана по хронологическому принципу. В статье отмечены исследователи, которые дали объективную оценку истории кочевых народов, Н.Н.Крадина, С.Г.Кляшторного, Р.Н. Безертинова. Среди исследований по истории гуннов выделяются и труды ученых-археологов.

Ключевые слова: гунны, кочевники, государственность, труды, монография, археологическая экспедиция, взгляды.

**ЕЖЕЛГІ ҒҰНДАРДЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ
МӘСЕЛЕСІНІҢ
ТАРИХНАМАСЫ**

Қазақ мемлекеттілігінің бастауында тұрған, б.з.б. III б.з. II ғасырларында Орталық Азияда орналасқан ғұн мемлекетінің тарихының зерттеле басталуы XVIII ғасырдан бастау алады. Батыс ғалымдарының ғұн мәселесіне қызығушылық туғызуы V ғасырда Атила бастаған ғұндардың Шығыс Еуропаға келуімен тығыз байланысты. XVIII-XIX ғасырлардағы ғұн мәселесін зерттеушілер негізінен ғұндардың шығу тегі және олардың батыс ғұндармен байланысы, сондай-ақ саяси тарихын зерттеуге көп көңіл бөлді. Ал ғұндардың қоғамдық құрылымы, әсіресе мемлекеттік мәселесі назардан тыс қалып отырды.

Кеңестік дәуірге дейін ғұндардың тарихы – Орталық Азияны мекендеген тайпалар қатарында айтылып, арнайы зерттеулер жазылған жоқ. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін, көшпелілер тарихы арнайы зерттелмегенімен оларға қатысты археологиялық ескерткіштерде қазба жұмыстары жүргізіле бастады. XIX ғасырдан бастап зерттеле бастаған ғұн дәуіріне қатысты археологиялық ескерткіштерді Кеңестік және Ресейлік Теплоухов, Г.П. Сосновский, С.В. Киселев, А.П. Окладников, А.В. Давыдова, П.Б. Коновалов, С.С. Миняев, С.В. Даниловтар, Моңғолияның Доржсурэн, Х. Пэрлээ, Д. Цэвэндорж, Қытайдың Го Сусинь, Сюн Суньжуй, Жапонияның Эгами Намио, Като Симпей сияқты археологтары зерттеген. Бүгінгі күнге дейін аталған елдер аумағындағы белгілі болған 3500-дей обалардың 700-де қазба жұмыстары жүргізілген. Кеңес дәуірінде Бурятияның астанасы Улан-Уде маңынан табылған Иволгин қалашығын археолог Давыдова зерттеген. Ноин-ула обасына да қазба жұмыстары жүргізіліп, бірқатар тың мәліметтер алынды.

Алғаш, 1925 жылы қарастырылып отырған мәселеге қатысты археолог-ғалым П.К. Козловтың экспедициясы барысында Ноинула ескерткішіне жүргізген қазба жұмыстары негізінде жарық көрген еңбегі жарияланды. 1947-1952 жылдары А.П. Окладников басқарған КСРО ҒА ғалымдары мен Моңғолия ғалымдары бірлескен Солтүстік Бурятия-Моңғолияға жасаған археологиялық экспедициялары нәтижесінде бұрын қытай деректерінде айтылған мәліметтерді толықтыратын ғұндардың тұрмысы мен шаруашылығына, әскери өнері мен көрші халықтарымен этникалық, сауда және басқа да қатынастары жөнінде тың мәліметтер жинауға мүмкіндік туды. Кеңес дәуірінде көш-

пелілердің қоғамдық құрылымы кең түрде зерттеліп, тарихты маркстік-лениндік концепция бойынша таптық көзқарас негізінде кезеңдерге бөлуге сай «көшпелі феодализм» жайлы пікірталасқа ұласып жатты. 1930 жылдары кеңестік әдебиеттерде бес сатыдан тұратын формациялық кезеңдеу толықтай күшіне енді. Алғаш 1934 жылы археолог С.П. Толстов ғұндарда классикалық құлдық қоғам болды. Негізен «құлдар қолға түскен қытайлардан құрылып, егін шаруашылығымен айналысты» деген пікірді ұсынды. Ғұн мәселесін зерттеген келесі бір ғалым А.М. Бернштам болды. 1951 жылы шыққан А.Н. Бернштамның «Очерк истории гуннов» атты еңбегінде тарихқа таптық тұрғыдан қарау көзқарасы анық көрініп тұрды. Монографияның кіріспе бөлімінде ғұндардың шығу тегі мәселесі сөз болды. Жалпы XIX-XX ғасырдың басындағы көшпелілер тарихын зерттеген жекеленген ғалымдар Батыс және Шығыс ғұндардың шығу тегі екі бөлек деген пікір білдірді. Ал ғалымдардың негізгі бөлігі шығыс ғұндар батысқы жылжу арқылы Еуропаға жетті деген пікір білдірді. Осы мәселе аясында ғұндардың батысқы жылжу бағыты зерттеле бастады. Бернштамның өзіне дейінгі ғұн мәселесіне қалам тартқан зерттеушілердің еңбектерін саралай келіп, ғұндардың шығу тегі жайлы 4 бағытты ұсынады. Олар:

А) «Ғұндар монғол тектес болды» деген бағытты қолдаушылар қатарында П. Паллас, Н. Шмид, Н.Я. Бичурин, К. Нейман және т.б бар.

В) «Ғұндар түркі тілдес болды» деген ұстанымды Абель Ремюза, Ю. Клапрот, Ф. Мюллер, В.В. Радлов, Л.Н. Гумилев қолдады.

С) «Ғұндар фин угор тектес» деген көзқарас негізінен фин ғалымдары: М. Кастрен, Коскинен, П.К. Усларлар ұстанған.

Д) «Ғұндар славян тектес» ұстанымын XIX ғасырдағы Ресей зерттеушілері Д.И. Иловайский, Д. Венелин, А. Вельтмандар қолдаған [1, 27 б.].

Аталған еңбек екі тараудан тұрады. Автор бірінші тарауда Бурятия және Солтүстік Моңғолиядағы ғұндардың археологиялық ескерткіштеріне жүргізілген қазба жұмыстары негізінде оларда әлеуметтік теңсіздік болғанын, ғұн қоғамы бірнеше тапқа бөлінгенін атап көрсетті. Екінші тарауда, батыс ғұндар жайлы жаза отырып, Рим империясындағы құлдық қоғамның ыдырауына көшпелілердің жорықтарының тікелей әсер болғандығын айтады.

«Көшпелі қоғамда таптық қоғам болды» деген көзқарас қытай деректері бойынша білікті маман саналатын Е.И. Кычановтың еңбегінде

ерекше көзге түседі [2, 356 б.]. Оның концепциясы бойынша көшпелі мемлекет тек қана қорғану мен шабуылдау құралы болумен қатар, бекзадалар мен ауқатты топтың өздерінен кедей тұратын тайпаластарының үстінен билік етудің тетігі болған деп көрсетіледі.

Ғұн мәселесіне қалам тартқан келесі археолог – С.В. Киселев еді. Ол ғұндарда мемлекеттіліктің алғашқы формасы көрініс тапқанын атап көрсетіп, ішкі теңсіздіктің алғашқы көрінісі байқалатынын, «тонаушылық жорықтарда негізінен ру басылары мен шаньюлар байып отыратынын» жазады. Жалпы, 1950-1960 жылдары жазылған еңбектерде «ғұндар қоғамы алғашқы қауымдық құрылыстан «әскери демократиялық» жүйеге өту кезеңіндегі қоғам ретінде қарастырылады. Қазақстан археолог-ғалым А.К. Ақышев 1977 жылы Қазақ КСР тарихы (ежелден бүгінгі күнге дейін) оқулығында «ғұндар тайпалық қауымнан ерте таптық қоғамға өту сатысында қоғам» түрінде сипатталады [3, 258 б.]. 1960 жылдары жарық көрген М.И. Рижский мақалаларында ғұн қоғамы «мемлекеттік типтегі тайпалар бірлестігі» түрінде бағаланады [4, 342-353 бб.].

Ғұн қоғамын неғұрлым прогрессивті тұрғыдан бағалаған көпшілікке аса таныс емес ғалым Г.П. Сосновский еді. Ол өзінің Ұлы Отан соғысына дейін жазылған, алайда баспасөз бетінде жарық көрмеген ғұндар жайлы еңбегінде «Орталық Азиядағы мемлекеттің барлық белгілері көрініс тапқан бірінші көшпелі империя» деген пікір білдіреді [5, 23 б.].

1960 жылдардағы «жылымық» кезең тарихи зерттеулерге де өзінің ықпалын тигізді. Осы жылдарда көрнекті түркітанушы Л.Н. Гумилев өзінің «Хұндар» еңбегін жариялады. Ол өз еңбегінде «ғұн қоғамы «тайпалық бірлестік» емес, керісінше 24 рудан құралатын жеке тайпа, ру-басылары «тең адамдардың алдыңғы қатарында болды» деп көрсетті. Алтай өңірінде ғұн тайпаларына қатысты «Пазарық» қорғанын зерттеген археолог С.И. Руденко «ғұндарда «әскери демократиялық жүйе» болды» деген пікір білдіреді [6, 66-70 бб.].

1970 жылдары бірінші жартысында жарық көрген В.С. Таскин, А.В. Давыдовалар еңбектерінде ғұн қоғамы «ертемемлекеттік сипатта» болды деген пікір білдіріледі. В.С. Таскин қытай деректерін аударып отырып, өзінің еңбегінде ғұн мемлекетін «әлі таптық қоғамға жетпеген, әрі авторитетті билік орнамаған, ру-тайпалық белгісі анық көрінетін жүйе» ретінде сипаттай келе, ғұндардың шаруашылығы, империяның әкімшілік-саяси құрылымы, басқару жүйесі,

жайылымдық жер мен малға меншік түрлері туралы маңызды тұжырымдарын ұсынады. Ғұндар жайлы келесі бір пікір білдіруші А.М. Хазанов скифтер мен ғұндардағы мемлекеттік құрылымдары ұқсастығын көрсете келіп, «ерте мемлекеттік сипатта» болғанын айтады және аталған мемлекеттер көрші отырықшылықпен айналысатын халақтарға шабуыл жасау арқылы оларды салық төлеуге мәжбүрлейтінін» атап көрсетеді [5, 25 б.].

Кейінгі жылдары ғұндар жайлы жазып жүрген ғалымдардың арасында В.В. Трепавловты атап өтуге болады. Ол ғұндар мен басқа көшпелі тайпаларда «ерте мемлекеттік сипаттағы құрылым болғанымен келісе отырып, Орталық Азиядағы көшпелілер мемлекеттерінде ғұндардан бастап кейінгі көшпелілерде «мемлекеттік дәстүрдің» жалғастық табатындығын растайды.

Ежелгі көшпелі мемлекеттер жайлы пікірді жалғастыра отырып, А.И. Мартынов Оңтүстік Сібір мен Орталық Азиядағы көшпелілер (динлиндер, юечжилер, ғұндар) өздерінің дамуы барысында «жабайылықтан» өзіндік ерекшелігі бар «дала өркениетінің» негізін салушылар болды деген прогрессивті пікірін білдіреді. Ғұндар жайлы оң пікір білдірген ғалымдар арасында ерекше көзге түсетіні – көшпелілердің тарихын зерттеуші С.А. Плетнева. Ол ғұн мемлекеті «көшпеліліктен қалалыққа» бейімделген далалық феодализмнің көрінісі бола отырып, «өзінің дамыған жартылай отырықшы экономикасы, тұрақты әскері, қатал заңы, мемлекетте шенуіктердің ұрпақтан ұрпаққа берілетін иерархиялық жүйесі, жазуы мен біртұтас діни жүйесі бар» құрылымы бар дәстүрлі қоғам екендігін мойындайды [7, 85-87 бб.].

Көрнекті шығыстанушы, Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар кезеңіне қатысты еңбектер жазып жүрген Санкт-Петербург ғалымы С.Г. Кляшторныйдың Т.И. Султановпен бірлесе жазған «Казахстан летопись трех тысячелетие» еңбегінде «ғұн мемлекеті, өзінің қоғамдық құрылымына сай, қатаң иерархиялық жүйеге негізделген құрылым болды» деп атай келіп, б.з.б. V-IV ғасырлардағы жундардың әскери демократиялық жүйесінен бастау алып, көрші тайпалық бірлестіктер мен қытай патшалықтарымен өмір мен өлім үшін күрес жүргізді. Мемлекеттің негізін салушы мен оның мұрагерлері «барлық садақ тарта алатын» халықтарға билік жүргізе отырып, «шымнан салынған үйлерде тұратын халықтардан» басым түсуді өзіне басты мақсат санады. Мұндай мемлекет бір орталыққа бағынған, әске-

ри-әкімшілік қаһидаға негізінде құралған империя түрінде ғана өмір сүре алатын еді» деп баға береді.

Көшпелі тайпаларға қатысты соңғы жылдары жазылған еңбектер қатарында Е.И. Кычановтың монографиясын атап өткен жөн. Ол «көшпелі мемлекеттердің» қалыптасуы мен дамуын скифтер мен ғұндардан бастай отырып, маньчжурларға дейін сипаттай отырып, «ғұндарда мемлекеттіліктің қалыптасуы ішкі дамудың нәтижесінде болды» деп оң баға береді.

Қазіргі кездегі посткөшпелі елдердің ғалымдары ішінде ғұн мәселесін терең зерттеп жүрген зерттеуші Н.Н. Крадин. оның Орталық Азияның көшпелілеріне арналған бірнеше монографиялары бар. Соның ішіндегі ең құндысы, әрі бүгінгі күнде ғұн мәселесіне арналған бірден-бір зерттеу жұмысы болып табылатын «Империя Хунну» еңбегі. Автор өз еңбегінде өзіне дейін ғұн мәселесіне қалам тартқан барлық ғылыми еңбектерге талдау жасай келіп «Хун мемлекеті Орталық Азиядағы бірінші көшпелі мемлекет болды» деген тоқтамға келеді.

Ғұндар жайлы шет елдерде жарық көрген еңбектер қатарында түркиялық ғалым Бахреддин Өгелдің екі кітаптан тұратын «Ұлы ғұндар мемлекеті» атты еңбекті атап ерекше атап өткен жөн [8, 29 б.]. Жапон ғалымы Нобуо Ямада хун қоғамын ішкі этникалық байланысы бар қуатты тайпа түрінде көрсетеді. Келесі бір ғұн қоғамы туралы пікір білдірген Т. Барфилд болды. «Көшпелілер үшін мемлекеттілік институты ішкі сұраныстан туған қажеттілік болмады. Мемлекеттілік – көшпелілерде көрші отырықшы өркениеттерге бейімделуінен туындаған [5, 29 б.].

Келесі бір Ресей ғалымы Р.Н.Безертинов «б.з.б. II ғасырында Солтүстік-Шығыс Азияда бір орталыққа бағынған екі мемлекет: Хань әулеті мемлекеті (Қытай) және Хун империясы орналасты» деп көрсете келіп, «Қытай сияқты алып мемлекетке қарсы тұру үшін көшпелілерде біріншіден, өзін-өзі қамтасыз ете алатын шаруашылығы, екіншіден – күшті әскері, үшіншіден халықты біріктіретін ортақ идеологиясы және біртұтас дүние танымы мен діни болу керек» болды деген көзқарас білдіреді [9, 4]. Ғұндарда осының барлығы болды. Үш жүз жылға созылған теке-тірес күрестің соңы «Аспан асты елі» пайдасына шешілгенін бәріміз тарихтан білеміз. Осы жерде соңғы он жылдықтарда Ресей тарихшылары Кеңестік дәуірден қалған көшпелілерді- «варварлар» қарау көзқарасынан бас тартып, Еуразия тарихында көшпелілердің алатын орнына оң баға беріп жатқанын көруге болады. Бұл

көзқарастың кең етек ала бастағанына бүгінгі Ресейдің геосаяси жағдайында Қиыр Шығыста орналасқан көршісі Қытайдың күш қуатының күн санап артып келе жатқанымен де байланысты болуы мүмкін.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан тарихшылары да Орталық Азияны ежелгі және ортағасырларда мекендеген көшпелі тайпалардың тарихын зерттеуге үлкен көңіл бөліп келеді. Бұған Кеңестік дәуірде тарихшылар тек қазіргі Қазақстан аумағын мекендеген тайпаларды ғана өз мемлекетінің тарихымен байланыстыруы себеп болған сияқты. Ал шындығында қазақ халқын құраған тайпалардың көбі бастапқыда Орталық Азия аумағын мекендеп біртіндеп осы күнгі территорияға қоныс аударған. Мұндай этностардың қатында ғұндар, көне түркі тайпаларының, кейінгі керей, найман, қоңырат, жалайыр және т.б. тайпаларды атап өтуге болады.

Көшпелі тайпаларды зерттеуде этнолог Н.Э. Масановты атап өтуге болады. Ал «көшпелі өркениет» деген ұғымды алғаш қолдана бастаған Ә.Х. Марғұлан, К.А. Ақышевтер болды. Ал археолог К.М. Байпаков «дала өркениеті мен өркениеттер» деген ұғымды пайдаланған дұрыс деген пікір білдіреді. Көшпелі қоғам мәселесін зерттеумен айналысып жүрген Ж. Артықбаев «Әлем тарихын зерттегенде, көбіне Шығыс пен Батыс мәселесі айтыла келіп, осы екі өркениетті байланыстырушы Ұлы дала мәселесі үнемі назардан тыс қалып отыратынын» атап көрсетеді [10,106 б.].

Бүгінгі күнде «көшпелілер – өркениетті бүлдірушілер» және «көшпелілер – өркениетті бай-

ланыстырушылар» деген қос көзқарас қатар қолданысқа ие болып келуде.

Отандық тарихшылардың еңбектерінде ғұндар тарихын зерттеу кенже қалып келе жатқан мәселелердің қатарынан табылады. Өйткені, ежелгі Ғұн мемлекеті қазіргі Қазақстан аумағынан тыс жерде орналасқандықтан, зерттеу объектісінен тыс қалып қалу үрдіске айналған. ҚР ҰҒА Ш. Уалиханов атындағы тарих және этнология институты дайындаған бес томдық Қазақстан тарихында аталған мәселені профессор К.Ақышев жазған [11,...]. Ғұндар тарихын зерттеуде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарихшы ғалымдары біршама үлес қосуда. Атап айтқанда, профессор Қ.Т. Жұмағұлов батыс ғұндар мәселесімен айналысып, бірқатар еңбектер жазды. Орталық Азияны мекендеген ғұн тайпалары мәселесі – қазақ халқының этникалық тарихын зерттеп жүрген профессор Т.О. Омарбековтің еңбектерінде, жекеленген мәселелер тарихшы Е.Н. Нояновтың ғылыми мақалаларында көрініс тауып жүр. 2013 жылы ҚР Мемлекеттік Хатшысының «Халық тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламасына сай университетте ашылған, директоры профессор Т.О. Омарбеков болып табылатын «Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерделеудің Республикалық ғылыми-зерттеу орталығы» Еуразия даласын мекендеген ежелгі тайпалардан бастап, Кеңес дәуірінде көшпелі тайпалардың отырылықшылыққа көшуінен туындаған дағдарысқа дейінгі мәселелерді зерттеу қолға алынып отыр. Қарастырып отырған мәселеге қатысты тың көзқарастағы еңбектер жарық көреді деп күтілуде.

Әдебиеттер

- 1 Бернштам А.Н. Очерк истории гуннов. – Л., 1951. – 228 с.
- 2 Кычанов Е.И. Очерки истории тангутского государства. – М., 1968. – 356 б.
- 3 Акишев К.А., Курган Иссык. Искусство саков Казахстана. – М.: Искусство. 1978. – 285 с.
- 4 Рижский М.И. Гунны в Забайкалье // История Сибири. Т.1 / отв. ред. А.П. Окладников. – Л., 1968. – С. 342–353.
- 5 Крадин Н.Н., Империя Хунну, изд 2-ое. – М.: Лотос, 2001. – 312 с.
- 6 Руденко СИ. 1962. Культура хуннов и ноинулинские курганы. – М.; Л.: АН СССР. С. 66–70.
- 7 Плетнева С.А., Кочевники средневековья. Поиски исторических закономерностей. – М.: Наука, 1982. – С. 85–87.
- 8 Бахредин Өгел. Ұлы ғұндар мемлекеті. 1-2 кітап. – Алматы, 1993.
- 9 Безертинов Р.Н. Китай и кочевой мир. – Казан, 2011.
- 10 Артықбаев Ж. Казахское общество: традиции и инновации. – Астана, 2003. – 106 с.
- 11 Қазақстан тарихы, 5 томдық. – Т.І. – Алматы, 1996.

References

- 1 Bernshtam A.N. Oчерk istorii gunnov. – L., 1951. – 228 s.
- 2 Kychanov E.I. Oчерki istorii tangutskogo gosudarstva. – M., 1968. – 356 b.
- 3 Akishev K.A., Kurgan Issyk. Iskusstvo sakov Kazahstana. – M.: Iskusstvo. 1978. – 285 s.
- 4 Rizhskij M.I. Gunny v Zabajkal'e // Istorija Sibiri. T.I / otv. red. A.P. Okladnikov. – L., 1968. – S. 342–353.
- 5 Kradin N.N., Imperija Hunnu, izd 2-oe. – M.: Lotos, 2001. – 312 s.
- 6 Rudenko S.I. 1962. Kul'tura hunnov i noinulinskie kurgany. – M.; L.: AN SSSR. S. 66–70.
- 7 Pletneva S.A., Kochevniki srednevekov'ja. Poiski istoricheskikh zakonomernostej. – M.: Nauka, 1982. – S. 85–87.
- 8 Bahreddin Əgel. Үлү ғұндар мемелекети. 1-2 kitap. – Almaty, 1993.
- 9 Bezertinov R.N. Kitaj i kochevoj mir. – Kazan, 2011.
- 10 Artykbaev Zh. Kazahskoe obshhestvo: tradicii i innovacii. – Astana, 2003. – 106 s.
- 11 Kazakstan tarihy, 5 tomдық. – T.I. – Almaty, 1996.

Айтбаева А.Е.
**А.Н. Бернштам
зерттеулеріндегі Кангюй
мәселесі**

Мақалада Қазақстан археологиясы мен ежелгі тарихының маңызды әрі күрделі мәселе болып табылатын Кангюй тайпасының тарихы. Олардың орналасқан аумағы, Орталық Азиядағы саяси бірлестік ретіндегі орны, көрші тайпалармен және елдермен өзара байланысы және кангюйлықтардың қазақ халқының қалыптасуы мен дамуындағы, жалпы қазақ этногенезіндегі алар орны қарастырылады. Бұл мәселе археолог және тарихшы ғалымдар арасында ХХ ғасырдың басынан-ақ талас тудыруда. Аталған мәселені әйгілі археолог Александр Натанович Бернштам өз еңбектерінде жан-жақты қарастырып, ғылыми тұрғыдан тұжырымдайды. Ғалымның осы көтерген мәселелері бойынша бүгінгі күнге дейін ғалымдар әртүрлі ғылыми пікірлер орын алып келеді.

Автор осы мәселе туралы бүгінгі күнге дейінгі ғылымда орын алған идеялар мен ұстанымдарға шолу жасайды. Сонымен қатар, көтеріліп отырған мәселе жөнінде өзіндік ғылыми пікірлерін ұсынады.

Түйін сөздер: Кангюй, Канка, Битянь, Отырар-Қаратау, Жетіасар, Қауыншы, Бөріжары.

Aitbayeva A.E.
**«Kangui» problem in studies
of AN Bernshtam**

One of the most difficult problems of ancient history and archeology of Kazakhstan – «Kangui» was displayed in the research and articles by prominent archaeologist A. Bernshtam. This article discusses the controversial issues of the localization of Kangui described in Chinese sources, questions about Kangyui as one of the early states of Central Asia, the links Kangui with neighboring tribes, ethnogenesis of kangyui and their role in the ethnogenesis of the Kazakh people.

The author of this article is also considering different ideas that exist in science today. All scientific thought AN Bernshtam made them in the past century are still relevant and are still used today. As well as leading his scientific views.

Key words: Kangyui, kanka, Bitian, Otyrar –Karatau, Zhetiasar, Kayunshu, Borizharu.

Айтбаева А.Е.
**Кангюйская проблема
в исследованиях
А.Н. Бернштама**

Одной из самых сложных проблем древней истории и археологии Казахстана – «Кангюйская проблема» была отражена в исследованиях и статьях видного археолога Александра Натановича Бернштама. В данной статье рассматриваются спорные вопросы о локализации Кангюя, описанного в китайских источниках, вопросы о Кангюй как об одном из ранних государств Центральной Азии, о взаимодействии Кангюй с соседними племенами, этногенез кангюйцев и их роли в этногенезе казахского народа. Все научные мысли А.Н. Бернштама, высказанные им в прошлом веке, все еще актуальны и используются по сей день и обсуждается среди научной среды.

Автор в данной статье рассматривает также разные идеи, существующие в науке на сегодняшний день. А также приводит свои научные взгляды.

Ключевые слова: Кангюй, Канка, Битянь, Отырар-Қаратау, Жетіасар, Қауыншы, Бөріжары.

**А.Н. БЕРНШТАМ
ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ
КАНГЮЙ МӘСЕЛЕСІ**

Қазақстан тарихы мен археологиясындағы шешімін толық таппаған даулы мәселелердің бірі – «Кангюй» проблемасы болып табылады. Қытай деректерінде атап өтілген Кангюйдің бес иелігін локализациялау мәселесі тарихнамада көптеген идеялар мен гипотезалар тудырды. Сондай-ақ, Кангюй мемлекетінің Орталық Азиядағы ең ерте мемлекеттердің бірі болғандығы, олардың көрші тайпалар мен мемлекеттермен қарым-қатынасы, осы аумақтың саяси сахнасындағы орны секілді мәселелер де жете зерттеуді талап ететін өзекті мәселелер болып табылады.

Қазіргі заманғы отандық зерттеушілердің ішінен осы тақырыпқа қалам тартып жүрген академик К.М. Байпаков Кангюй мәселесін шешудегі қиындықтардың көпшілігін үзінді түрінде және бір біріне қарама-қайшы мәліметтер келтірілген жазба деректердің шектеулілігімен байланыстырады [1].

Қытай тарихшылары мен саяхатшылары қалдырған жазба деректерден біз Кангюй тайпалық бірлестігі Ферғана шекарасынан бастау алатын кең байтақ аумақты алып жатқанын, Кангюй астанасы Битянь қаласы Ферғанадан 1510 ли қашықтықта орналасқанын байқаймыз. Кангюй территориясының аумағына оның бес иелігі – Юени, Сусе, Фуму, Ги және Юегянь иеліктері енген. Қытай деректерінде Юени мен Юегянь иеліктерінің арақашықтығы 1650 ли (яғни 800 км) болғаны атап өтіледі. Юени Шаш аумағымен, Юегянь Үргенішпен теңестіріліп, қалған иеліктер осы екі аумақтың арасында орын тепкен [2].

Кангюй аймағы туралы мәлімет ІХ ғасырға жататын Фирдоусидың атақты Шахнамасында Кангуды Шаш пен Испиджабтың ар жағында Гулзариюн өзенінің арғы бетінде Афрасияб патшаның астанасы ретінде атап өткен.

Кангюй мемлекеті мен оның бес иелігін локализациялау мәселесі ұзақ жылдар бойы В.В. Бартольдтан бастап, С.П. Толстов, А.Н. Бернштам, Б.А. Литвинский, С.Г. Кляшторный, Ю.Ф. Буряков, К.М. Байпаков секілді әйгілі археолог ғалымдар арасында талас тудырған мәселенің бірі болып табылады.

Дерекнамалық база негізінде локализация мәселесінде екі ғылыми көзқарас орын алды. Ғалымдардың бір тобы – Кангюйлер ортаазиялық өзенаралығында Ташкенттен Хорезмге дейінгі алқапты алып жатты десе, екіншісі – Кангюй иеліктері Сырдың бойында Ташкентке дейінгі алқапта орналасса, атамекені Сыр-

дарияның ора ағысы, Сарысу, Шу өзені жазықтарында және Ұлытау тауларында орналасқан деген көзқарасты ұстанды [1, 167].

Бұл мәселені қытайдың атақты Шицзи дерегінің мәліметтеріне сүйене отырып Я. Бичурин: «Кангюй иеліктері қазіргі Қазақтың Ұлы және Орта жүз тайпалары қоныстанған Сырдариядан солтүстікке қарайғы далалық алқаптарын алып жатты» – деп жазды [2, 350].

Атақты шығыстанушы В.В. Бартольд кангюйлардың негізгі территориясы, Сырдарияның орта ағысында деп есептеп, кангюйларды көшпелілер деп санады. Бірақ сонымен қатар ғалым кангюйлардың «кіші иеліктерін» отырықшылар деп санап, Сусены-Шахрисязбен, Фумуды Зеравшандағы Кушаниямен, Юениды – Ташкентпен, Гиды – Бұхарамен, Юегяньды – Солтүстік Хорезм мен Үргенішпен теңдестірді [3].

Жоғарыда аталып өткен бірінші көзқарастың белді жақтаушысы – С.П. Толстов болды. Әйгілі археолог, Орта Азия тарихына ерен еңбегі сіңген ғалым С.П. Толстов төмендегідегі өз теориясын алдыға тартты. Оның айтуы бойынша, Авестада келтірілген Канка елі – Хорезм, ал Кангюй атауы тайпаның емес бүтіндей бір елдің атауы деп атап көрсетті. Хорезм археологиялық экспедициясы зерттеулерінің нәтижелерін жариялаған өзінің барлық зерттеулерінде С.П. Толстов: «Кангюй» терминін осы кең мағынада қолданып өтті. Кангюй мемлекетінің дамуының шарықтау шегі антикалық кезеңге тура келді деп есептеген ғалым, Хорезм тарихының бүтіндей бір даму кезеңін (б.з.д. IV-I ғғ.) Кангюй кезеңі ретінде бөліп көрсетті. А С.П. Толстов Кангюй мемлекеті шығысында Ферғанамен, батысында Хорезм және Бұхара оазистерімен шектеседі деп есептеп, Кангюйдың бес иелігін төмендегідей орналастырған болатын:

1. Сусе иелігін ол Кашкадариядағы Кеш-Шахрисязбен,
2. Фумуды – Зеравшандағы Кунашиямен,
3. Юениды – Ташкентпен,
4. Ги- Бұхарамен,
5. Юегяньды – Хорезммен теңдестірді [4].

Кейіннен С.Г. Кляшторный Кангюй мемлекетінің шекарасын Ортаазиялық өзенаралығының солтүстік бөлігінде орналасқан және орталығы Сырдарияның орта ағысында Отырар оазисінде болған деп ой түйді. С.П. Толстов секілді С.Г. Кляшторный да Кангюйларды саясы бірлестік болған деп санады. Осы Кангюйлардың отаны болған Сырдарияның ора ағысы аумағын С.Г. Кляшторный кангар-печенегтерің де тарихи отаны болған деп санады [5].

Б.А. Литвинский болса, кангюйлардың орталығын Сырдарияның орта ағысындағы Таш-

кент оазисінде орналастырады [6]. Археолог Л.М. Левина өз кезегінде, археологиялық зерттеулер нәтижесінде жинақталған мәліметтерді жүйелеп және біріктіріп, кангюй уақытына жататын Сырдария жазығындағы үш мәдениетті сипаттап, оларды кезеңдеді. Өзі қарастырған Жетіасар, Отырар-Қаратау және Қауыншы мәдениеттері Кангюй мемлекетін мекен еткен халықтар мұрасы болғанын айтып өтті [7]. Кангюй мемлекеті мен оның иеліктерін орналастыру мәселесінде Ю.Ф. Буряков та зерттеулер жүргізді. Ол кангюйлардың Ташкенттен Жаңадария мен Қуандарияға дейінгі бүкіл Сырдария жазығында орналасқаны туралы идеяны дамыта отырып, Кангюй астанасы Битянь қаласын Жаңадария мен Қуандарияның төменгі ағысындағы Шірік-Рабат, Бәбіш молла және аАлтын Асар қалашықтарының бірімен теңдестіреді. Бұл зерттеуші Сусені – Суябпен, Фумуды – Гушуань иеліктері аумағымен, Гиды – Самарқанмен, Юегяньды – Хорезммен теңдестіреді. Кангюйлардың ата мекенін ол Жетіасар мәдениеті таралу ареалымен байланыстырады. Ал Қауыншы және Отырар-Қаратау мәдениеттерін ұқсастықтарын есепке ала отырып, бұл мәдениеттер Сусе иелігінде таралған деп есептейді [8].

Өзіміздің зерттеу нысанамыз ретінде, енді осы мәселеге қатысты А.Н. Бернштам зерттеулеріне көшейік.

Бұл мәселедегі С.П. Толстовтың басты оппоненті болған А.Н. Бернштам Оңтүстік Қазақстан аумағындағы Қаратау маңы мен Сырдария бойында жүргізілген археологиялық зерттеулері нәтижесінде өзінің «Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана» мақаласында қазақ халқының этногенезі және қаңлы проблемасына аырықша көңіл бөледі [9].

А.Н. Бернштам өз мақаласында төмендегі қытай деректерін И. Бичуриннің аудармасымен және өз түсініктемесімен түпнұсқаға сілтеме жасай отырып келтіреді.

Кангюйлар туралы мәліметтер қытай әдебиетінде б.з.д. 138 жылы қытай астанасынан батыстағы беймәлім елдерге қарай жол тартқан У-Ди императордың елшілік керуенін басқарған Чжан-Цянның мәліметтерімен ене бастады. Бұл қытай саяхатшысы Даванда (Ферғанада) барған жолда осы Даваньнан солтүстікке қарай орналасқан Кангюй еліне тоқтаған. Кангюй елі туралы қытай саяхатшысы әрі тарихшысы былай деп келтіреді:

«Кангюй елі Даваньнан солтүстік-батысқа қарай шамамен 2000 ли аумақта орналасқан. Бұл салт-дәстүрлері юечжилермен бірдей көшпелі

иелік. 90 000 жуық әскері бар. Кангюй өзінің күшінің аздығына байланысты оңтүстігінде юечжилердің, ал шығысында ғұндардың билігіне мойын ұсынады» [2, 350]. Осы үзіндіні мысалға келтіре отырып, А.Н. Бернштам Орта Азияда, әсіресе Ферғанамен қарым-қатынаста үлкен рөл атқарған қаңлы тайпаларының атап өтілген «күшінің аздығы» сол кездегі әлемдік аренада үлкен күш болған өте мықты көшпелілер – ғұндармен салыстырмалы түрде айтылған болуы керек деп топшылайды. Себебі өзге деректерде кангюйдың Даванның саяси өміріне жиі араласып тұрғаны келтіріледі және бұл күші аз мемлекетке қатысты айтылмаса керек-тідеп шешім шығарады [9, 91 б.].

Баньгудың Цянь-Ханьшуында салыстырмалы түрде көп мәліметтер берілген. Бұл дерек көзі Хань династиясы уақытында, яғни, б.з.д. II-I ғғ. оқиғаларды сипаттайды. Дегенмен, бұл шығарма турады А.Н. Бернштам б.з. 1 ғасырының аяғында құрастырылғандықтан бұл шығармаға өзіне дейінгі саяхатшылар шығармаларында келтірілген этнографиялық сипаттаулар ену мүмкіндігі зор екенін атап өту керек деп санайды.

Бұл шығармада «Кангюй Лоюени елінде, Битянь қаласында орналасқан. Халқы 120 000 жанұядан, 600000 адамнан тұрады. Әскері 120 000 адам. Салт-дәстүрі жағынан Юечжиларға ұқсайды. Кангюй шығыста ғұндарға бағынады. Люениден билеушінің жазғы тұрағына дейін жеті күншілік жер» деген мәлімет келтіріледі [2, 184 б.]. Осылайша алғаш рет қытай деректерінде Лоюени атты Кангюй топонимикасы пайда болады. Бұл шығармада Кангюйлардың көшпелі тайпа екені атап көрсетілмесе де, жазғы тұрақ деп көрсетілуі кангюйлардың бай жоғарғы санатты адамдарының көшпелі өмір салтын ұстанғанын байқатады. А.Н. Бернштамның пайымдауынша қытай деректерінің бұл тек билеуші топтардың ғана көшпелі салтын айқындап көрсетіп, ал өзге халық топтары туралы атап өтпеуі – археологиялық зерттеулермен дәлелденген сол кезеңде жүзеге асқан кангюйлардың өмір салттарының өзгеруімен байланысты деп атап көрсетті [9, 91 б.].

Осы бір үзінділердің өзінен А.Н. Бернштам б.з. 1 ғасырында кангюйлар жоғалып немесе әлсіреп кетпей, одан әрі белсенділік танытып, өз бағыныштылығына бір жағында Хорезмнен оңтүстікке қарай, екінші жағынан Ферғана аумағындағы иеліктерді қосып алғанын байқайды. Кангюйлардың күшеюі олардың шығысындағы көршісі үйсіндердің әлсіреп, олардың бір бөлігінің кангюй аймағына көшіп баруымен де тү-

сіндіріледі. Кангюйлардың күшеюіне әсер еткен тағы бір оқиға б.з. 87 жылы Монғолияда Дэу-Сяннен жеңіліс тапқан ғұндардың бір бөлігі кангюй иелігіне қоныс аударуы болып табылды.

3 ғасыр дерегі Вэй-Лиода кангюйлар туралы арнайы мәліметтер бар. Бұл жерде кангюйлардың саяси тәуелсіз ел болғаны атап көрсетіледі. Ал тағы бір осы заманның дерек көзі Цзиньшида: «Кангюйлар Ферғанадан 2000 ли жерде Суи мен Ілеге дейінгі аумақта орналасқан. Олардың билеушілері Суседе өмір сүреді» – деп жазылған Бұған қарағанда, қаңлылардың негізгі мекен еткен аумағы Сырдариядан Ілеге дейінгі аумақ болған. XVIII ғасырдағы Цзинь-Дан-Хуан-Юйдің Сиюй тучжи шығармасындағы картада «Хань династиясының батыстағы аумақтарын» көрсету кезінде кангюйлар біріншіден, Ферғананың көршісі ретінде көрсетіледі. Кангюй мен Ферғана арасын тау бөліп жататыны айтылады. Екі көлді жалғастыратын өзен ретінде А.Н. Бернштам Шу және Сырдария өзендерін көрсетеді [9, 93 б.].

Б.з.д. III ғасырынан бастап-ақ, қытай деректерінде үйсіндер көрсетілгенімен, кангюйлар аталмайды. А.Н. Бернштам бұны ежелгі кангюй мемлекетінің эфталит-ғұндар шабуылдары әсерінен ыдырауымен түсіндіреді [9, 93 б.].

Бұл туралы Вэйшуйдың келесі мәтінінде былай атап көрсетіледі: «Еда билеушісіне батысында Кангюй, Хотан, Шалэ, Аньси және өзге де 30-ға таяу ұсақ иеліктер бағынады». Кангюйлардың саяси бостандықтарынан айырылуына б.з.д. алғашқы ғасырларында олардан өзенаралығындағы иеліктерін тартып алған кушан тайпаларының күшеюімен және осы кушан тайпаларын әлсіретіп, IV ғасырда эфталит мемлекетін құрған ғұн тайпаларының басып кіруі себепші болған.

Осы Вэйшуй мәтінінде алғаш рет Кан иелігі туралы сөз қозғалады. Кан иелігі Соғдымен теңестіріліп, бұл иелік туралы: «Кан мемлекеті – кангюйлардың ұрпақтары» деп аталады және бұл иелік көшпелілер елі ретінде сипатталады [2, 184 б.].

Ал Таншу дерегі бойынша Кан иелігі біріншіден, кангюйлық емес, юечжилердің ұрпақтары ретінде қарастырылса, екіншіден, оның халқы көшпелілікке еш қатысы жоқ, отырықшы ел ретінде аталады. Бірақ бұл дерек көзі Кангюйлардың бес иелігін юечжилардың бес жабғуы орын тепкен иеліктермен, яғни, 1. Ши иелігі – ежелгі Юени, 2. Хэ иелігі – ежелгі Фумо, 3. Хосюнь иелігі – ежелгі Юегянь, 4. Шы иелігі – ежелгі Сухемен теңестіре отырып, Сырдариядағы кангюй аумақтарын өзенаралығындағы юечжи

аумақтарымен біріктіруге тырысады. Бірақ өзге дерек көзі Цянь-ханьшуда юечжилердің бес жағбуын сипаттай келіп, юечжти аумағы кангюйдың бес иелігінен мүлдем бөлек көрсетіледі.

Осы аталып өткен жазба деректерден кангюй мемлекетінің өмір сүруі туралы кейбіреуі оның ірі әрі күшті мемлекеттік құрылым болғанын атап көрсетсе, кейбіреуі б.з. д. II ғасырдан б.з. V ғасырына дейінгі уақытта ұсақ жекелеген иеліктер түрінде өмір сүргенін атап өтеді. Кейбірінде, кан иеліктері кангюйлар елі болып көрсетілсе, кейбірі кангюйларды юечжилермен біріктіруге тырысады.

Жоғарыда келтірілген мақаласында А.Н. Бернштам қаңлы атауына өзгеше мән береді. Ғалымның айтуынша, «Кангюй» түсінігінің кеңею үрдісі және «Кангюй» термині мен Қытайлықтар Соғдыларды атаған тағы бір атау «Кан» терминінің өзара байланысы өте күрделі мәселелерден санап, Кан елі мен Кангюй тайпасының атаулары – бір мәнде емес деп көрсетеді және б.з.д. шегінде-ақ кангюйлардың түркітілдес болғанын атап көрсетеді [10]. Көптеген ғалымдар кангюйлармен шендестіретін «Кан» термині туралы ғалым, бұл сөз қытай тілінде «жарқырау, даму, рақаттану» деген мағына беретінін және «байлық, билік, жарқырау» мағынасын беретін Соғды сөзімен мәндес екенін атап өтеді.

Кангюй атауы Б. А. Литвинскийдың пайымдауынша бұл атауды *kaŋga* – «тері» деген мағына беретін хотан-сақ сөзімен байланыстырады. Егер бұл этимология лингвистикалық жағынан қолдау табатын болса, онда кангюй атауын «теріден жасалған киім киетін адамдар» деген мағына білдіретін сақ этнонимі ретінде түсіндіруге болады [11]. А.Н. Бернштам қосымша мәліметтерсіз, тек қытай деректеріне сүйене отырып, қаңлы мәселесі шешілмейтінін атап көрсетті. Бұл қосымша мәліметтер ретінде ғалым тарихи фонетика негізінде терминдерге лингвистикалық талдау жасау және археологиялық материалдарды атады [9, 94 б.].

Осылайша ғалым қытай деректерінде кездесетін кангюй топонимикаларына өзінше талдау жасайды. Мысалы, «Лююени» елінің атауын Ширатори өз уақытында алғашқы «ло» иероглифы «лок» деп оқылатынын және мағынасы түріктің ұлық деген сөзімен бір екенін атап өткен. Бұған А.Н. Бернштам да келісіп, бірақ осы сөздегі келесі иероглифтар туралы «юе ни»-ды «юери» деп оқып, йер-жер терминінің нақты интерпретациясын байқауды ұсынып, бұл атау түркілік топоним «Ұлық жердің» қытайша атауы ғана деп түсіндіреді. Осы сияқты А.Н. Бернштам «Юени»

атауын да «Ұлы» эпитетінсіз жай ғана «Жер» сөзінен шыққан деп түсіндіреді.

Сусе атауы туралы ғалым иероглифтер оны да «Сусак» деп оқылуы мүмкін екенін айта отырып, оны қазіргі Созақ аумағының атауымен теңестіреді. Сусак топонимін ғалым ежелгі яксарттық сақтардың (апасаки), яғни, «су сақтары» атауынан шыққан деп түсіндіреді [9, 94 б.].

Ал Кангюй астанасы Битянь қаласын Шираторидың Печенег атауымен салыстырып, көптеген атаулар мен титулдардың түркілік шығу тегін көрсеткенімен А.Н. Бернштам келісетінін айтады [9, 95]. Алғашқы үш иелік Лююени, Юени, Сусе – прототүріктік мәндегі иеліктер ретінде Сырдарияның бойы мен Қаратауда орналасыра отырып, А.Н. Бернштам Ги мен Фумуды оңтүстік Өзенаралығынан емес, Яксарт маңынан іздеу керек, тіпті Яксарттан оңтүстікке қарай да орналасуы мүмкін емес деп есептейді. Бұл аумақтарды ғалым кангюйлардың атамекені деп атап көрсетеді. Бірақ А.Н. Бернштам кангюйлердің орталығы қытай деректерінде аталып өтілген бес иеліктен де солтүстік-шығысқа қарай орналасқан деп есептейді.

Кангюй лексикасының түркілік мәні және оның қытай деректері бойынша орналасу жері бойынша А.Н. Бернштам кангюйлар түркі тайпаларына жататын, Сырдарияның орта ағысы мен Қаратау баурайы мен оның солтүстік және солтүстік-шығысындағы далалық аумақтарды мекендеген көшпелі тайпа деп атап көрсетеді [9, 95]. Және осы тұжырымға мағызды толықтыру ретінде б.з. шегіндегі Сырдария бойындағы ескерткіштерді зерттеу материалдарын алдыға тартады.

1938-1939 жылдардың өзінде-ақ, А.Н. Бернштам жетекшілік еткен ғалымдар тобы Берікқара обасында көптеген қорғандарға зерттеулер жүргізеді. Бұл қорғандарды зерттеу барысында Тянь-Шань тауы баурайындағы үйсін ескерткіштерінен өзгеше жәдігерлерге қол жетеді. Осы Берікқара қорғандарына ұқсас қорғандар бүкіл Қаратау бойынан кездеседі және А.Н. Бернштам Тамды жайлауында да осы тектес қорғандарға зерттеулер жүргізеді. Олардан да тура Берікқаралық қорғандардағы секілді керамикалар мен жәдігерлер кездесті. Бұл қорғандардың бәрін ғалым кангюйлық деп атап көрсетті [9, 96]. Осы зерттеулер ғалымға осы Сырдария бойы мен Қаратау маңының археологиялық ескерткіштерін зерттеу нәтижесінде бұл аумақтардың кангюй тайпалары қоныстанып, тіршілік еткен жері деп шешім шығаруына мүмкіндік берді.

А.Н. Бернштам мәдениеті жағынан кангюй тайпалары мен үйсіндердің ұқсастығын тянь-

шандық қырғыздар мен жетісулық қазақтар ұқсастығымен салыстырады. Үйсіндердің кангюйларға тигізген үлкен әсері тек этнотопонимикадағы әсер ғана емес, кангюйлар мәдениетінде үйсіндік элементтердің кездесуімен де анықталады. Үйсіндік қорғандық тізбектер бүкіл Қаратау бойымен Сырдариядан Жаңақорғанға дейінгі аймаққа таралған. Үйсіндік керамика тіпті Ташкент оазисінде де кездеседі. Қытай деректерінде де осы екі тайпалық одақтың бір бірімен үнемі байланыста болғаны көрсетіледі.

Археологиялық материалдар негізінде А.Н. Бернштам саяси және экономикалық себептерге орай, кангюй тайпалары отырықшы және көшпелі болып бөлінген деп есептейді. Отырықшы кангюйлар массагеттік-аландық топпен араласып, Өзенаралығындағы этносаяси өмірде үлкен рөл ойнаған этникалық құрылымның үлкен бөлігін құраса да, тәуелсіз көшпелі бөлігіне сүйене отырып кангюй тайпалық атауын сақтап қалды. Олардың кушан мемлекеті құрамында орналасуы қытай тарихшыларын алдымен юечжилар мен кангюйлардың этнографиялық туыстығын көрсетуіне әкелсе, кейіннен кангюйларды юечжилардан тараған деп қателесуіне себеп болды [9, 97].

Қорыта келе айтарымыз, А.Н. Бернштам өз зерттеулерінде Кангюй тайпасының Сырдария мен Қаратау бойында қоныс тепкен көшпелі түркі тайпасы болғанын, Хорезмның бұл Кангюй мемлекетінің орталығы емес тек периферия болғанын, Кангюй әсері б.з.д. II ғасырға дейін яғни кушан мемлекеті тұрақтанғанға дейін Өзенаралығындағы аумақтарға әсері күшті болғанын атаған [9, 97].

Қазақстанның оңтүстігі мен Солтүстік Қырғызстанда жүргізген ұзақ жылдарғы зерттеулері нәтижесінде А.Н. Бернштам Кангюй мемлекетінің шығыс шекарасы Талас өзені бойымен өткені талас тудырмайтын мәселе деп есептейді. Кангюйдың бес иелігін ол Сырдарияның бойымен былай орналастырады: Юени-Ташкент оазисі аумағында, Сусе – Сырдария және Арыс өзендерінің орта ағысы мен Қаратаудың солтүстік беткейінде, Фуму – Жаңақорғаннан солтүстік-батысқа қарай Қазалыға дейінгі аумақта, Ги – Сырдарияның төменгі ағысында, Юегань – Хорезмде деп санайды. Қаңлылардың астанасы Битянь қаласының орнын ғалым Сусе иелігінің аумағынан яғни Қаратаудың маңынан іздеу керек деп есептейді [12].

Кангюй гегемониясы кушандар тұсында шектеліп, ғұндар шабуылы әсерінен әлсіреп, эфталиттер шабуылынан күйрейді. Кангюйлар

Өзенаралығы мен Сырдария бойындағы өзге этникалық топтармен араласып кеткенімен, Қаратаудан арыға қарай, Орталық Қазақстан далаларында және батыс Жетісуда сақталып қалады.

Кангюй аты тарих бетінен жоғалып кетпей, ортағасырлық қаңлы тайпасы мен қазақтар құрамындағы қаңлы руының атауы ретінде бүгінгі күнге дейін сақталып келеді. Сырдария әсіресе оның орта ағысынан басталған аумақ кангюйлардың негізгі орналасқан жері болып есептеледі.

Кангюйлардың Орта Азия аумағындағы тарихи орнын атап көрсете отырып, А.Н. Бернштам б.з.д. III-1 ғғ. олардың дамуының шарықтаған кезі болғанын, біздің заманымыздың басталуымен құлдырай бастағанын атап көрсетті. Және Соғды атауының кангюйлармен байланысы жоқ екенін де атап көрсетті [9, 98].

Өздерінің осы аймақтарға жүргізілген зерттеулері нәтижесінде өз еңбектерінде Агеева Е.И. мен Пацевич Г.И. б.з.д. II ғ. – б.з. III-IV ғғ. аралығында Талас маңы жазығында және батысқа қарай Талас Сырдария өзенаралығында және Қаратаудың солтүстік бөктерлерінде кангюй тайпасы мекендеген деп шешіп, А.Н. Бернштам пікірімен толықтай қосылады. Дегенмен, бұл ғалымдар кангюй иеліктерінің С.П. Толстовтың да А.Н. Бернштамның да локализациялауын толық негізделмеген деп есептеп, осы аймақтың кангюйлардың қай иелігінің құрамында болғаны әлі де басы ашық мәселе деп атап өтеді [13].

Б.з. 3-5 ғасырларында Кангюй мемлекеті Орта Азия өзенаралығы мен Арал маңындағы өзінің бұрынғы күш қуатын жоғалтып бірнеше жеке иеліктерге бөлініп кетеді.

Кангюйлардың археологиялық ескерткіштері үш мәдениетке Жетіасар, Қауыншы және Отырар Қаратау мәдениеттеріне жататыны мәлім. Қауыншы мәдениеті – Ташкент оазисінде, Отырар-Қаратау мәдениеті Сырдарияның орта ағысы мен Қаратаудың Таласқа дейінгі бөктерінде, Жетіасар – Куандария мен Жаңадария жазығында орын тепкен. Қауыншы мәдениетінің (б.з.д. I – б.з. VII ғғ.) жақсы зерттелген ескерткіші ретінде біз Сырдарияның оң жағалауында Шардараға жақын маңда орналасқан Ақтөбе елдімекенін атап көрсете аламыз. Қауыншы мәдениеті таралған аумақта Шаушықұм, жамантоғай, Төребай тұмсық секілді обалар зерттелді [1, 170].

Отырар – Қаратау мәдениетін А.Н. Бернштам өзінің «Древний Отрар» атты мақаласында «Отырар-Қауыншы» мәдениеті деп бөліп көрсеткен. Ал Л. М. Левина осының негізінде «Отырар-Қаратау» мәдениеті деп атап өтті. Отырар – Қаратау мәдениетінің (б.з.д. I – б.з. VII ғғ.)

негізгі шоғырланған жері Отырар оазисі болып табылады. Бұл жерде салыстырмалы түрде аса үлкен емес аумақта көлемі әртүрлі елуден аса төбелер шоғырланған. Олардың арасында Көк мардан, Пұшық Мардан, Қостөбе, Ахай төбе, Марданкүйік, Қалам төбе, Жалпақтөбені атап өтсек болады. Көк мардан, Пұшық Мардан, Қостөбе, Абыз төбе, Марданкүйік, Қелін төбе секілді қалашықтарда қазба жұмыстары жүргізілді. Отырар – Қаратау мәдениеті солтүстік-батыста Сырдарияның орта ағысы, Отырар, Түркістан және Жаңақорған оазистерімен, солтүстігі мен солтүстік-батысында Қаратаумен, шығысында – Талас жазығымен, оңтүстігінде Қазығұрт тауларымен шектесетін кең байтақ алапты алып жатыр. Бұл аймақ көптеген қамалды елді мекендер мен қалашықтарға толы, олардың арасынан Сайрам, Шымкент, Жуантөбені, ал сан мыңдаған обалар арасынан ең көрнектісі Бөріжары обасын атап көрсете аламыз.

Л.М. Левина жинақталған керамикалық материалдар нәтижесінде осы мәдениетті былайша кезеңдеді: 1-кезең б.з.д. I ғ. – б.з. III-IV ғғ., 2-кезең V-VI ғғ., 3-кезең б.з. VI-VIII ғғ.

Ал Жетыасар мәдениеті таралған Жетыасар жайлауы (урочище) Сырдарияның төменгі ағысында Жусалы станциясы маңында орналасқан. Бұл мәдениет ескерткіштері 1946 жылдан бастап жарты ғасыр бойы белсенді түрде зерттелінді. Бұл зерттеулер нәтижелері Л. Левинаның іргелі монографиясында жарияланды [7].

Оңтүстік Қазақстандағы ең ірі некрополи – Бөріжары обасы осы Жуантөбе қалашығына оңтүстік жағынан кіріге орналасқан. Бұл қорғандар

Қараспан ауылына қарама-қарсы Арыс өзенінің оң жағалауында Қарауылтөбе ауылынан Бадам өзеніне дейінгі аумақта 13 шақырым жерге созылып орналасқан. Бұл бүкіл Орта Азиядағы стационарлы түрде зерттеліп жатқан ең үлкен некрополь болып табылады. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде анықталған жерлеу құрылысының екі негізгі түрі – котакомбалық және жер бетіндегі склептік.

Бөріжары обасын зерттеуді 1893 жылы Түркістан өлкесіндегі Ресей археологиялық комиссиясының өкілі Н.П. Остроумов зерттеп бастады. Содан соң, А.Н. Бернштам жетекшілік еткен Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы 1949 жылы екі обада, 1951 жылы тағы тоғыз обада зерттеу жүргізді [15]. 1967-1968 жылдары бұл обаларды Б. Нұрмұхамедов қазба жүргізді [16]. 1989 жылдан бастап Шымкент облыстық өлкетану мұражайы экспедициясы, ал 2004 жылдан бастап «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты қызметкерлері зерттеу жүргізеді. Осы ғалымдар зерттеулері нәтижесінде Оңтүстік Қазақстандағы ертеортағасырлық некропольдерге арналған монография жарық көрді [17].

Өз отанымыздың тарихында елеулі орын алған, ең алғашқы мемлекеттердің бірі болып есептелетін Кангюй тайпалық бірлестігі тарихы туралы А.Н. Бернштамның осыдан 70 жыл бұрын айтқан тұжырымдары қазіргі уақытта тәуелсіз еліміздің зерттеушілері арасында кеңінен қолдау тауып, осы күнге дейін жинақталған материалдар негізінде шындықпен жанасатындығы анықталуда.

Әдебиеттер

- 1 Байпаков К.М. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана. Книга 1. – Алматы, 2012. – 390 с.
- 2 Бичурин Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена, ч. III. – СПб., 1851.
- 3 Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. – Ленинград, 1927. – С. 5-7.
- 4 Толстов С.П. Древний Хорезм. – М., 1948. – 20-24 бб.
- 5 Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники. – М., 1964. – 172 с.
- 6 Литвинский Б.А. Джунский могильник и некоторые аспекты кангюйской проблемы // Советская археология, 1967. – №2. – С. 33-35.
- 7 Левина Л.М. Керамика нижней и Средней Сырдарьи в 1 тысячелетии н.э. – М., 1972. – 258 с.
- 8 Буряков Ю.Ф. Генезис и этапы развития городской культуры ташкентского оазиса. – Ташкент, 1982. – 107 с.
- 9 Бернштам А.Н. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана // Известия АН КазССР. Серия археологическая. Вып. 2. – Алма-Ата, 1949. – С. 59-99.
- 10 Бернштам А.Н. Очерк истории гуннов. – Ленинград, 1951. – 174 с.
- 11 Литвинский Б. А. Кангюйско-сарматский фарн. – Душанбе, 1968. – С. 14-23.
- 12 Бернштам А.Н. Древний Отрар // Известия АН КазССР, серия археологическая, № 108, вып.3. – Алма-Ата, 1951. – С. 81-97.
- 13 Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды Института истории, археологии и этнографии. том. 5. – Алматы, 1958. – С. 125-215.

- 14 Ageeva E.I., Pacevich G.I. Otchet o rabotah Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции 1953 года // Труды ИИАЭ Ан КазССР. Т.1. – Алма-Ата, 1956. – С. 53-57.
- 15 Нурмуханбетов Б.Н. Некоторые итоги раскопок Борижарского могильника // По следам древних культур Казахстана. – Алма-Ата, 1970. – С. 108-120.
- 16 Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ержигитова А.А. Раннесредневековые некрополи Южного Казахстана. – Алматы, 2005.

References

- 1 Bajpakov K.M. Drevnjaja i srednevekovaja urbanizacija Kazahstana. Kniga1. – Almaty, 2012. – 390 s.
- 2 Bichurin Ja. Sobranie svedenij o narodah obitavshih v Srednej Azii v drevnie vremena, ch. III. – SPb., 1851.
- 3 Bartol'd V.V. Istorija kul'turnoj zhizni Turkestana. – Leningrad, 1927. – S. 5-7.
- 4 Tolstov S.P. Drevnij Horezm. – M., 1948. – 20-24 bb.
- 5 Kljashturnyj S.G. Drevnetjurkskie runicheskie pamjatniki. – M., 1964. – 172 s.
- 6 Litvinskij B.A. Dzhunskij mogil'nik i nekotorye aspekty kangjujskoj problemy // Sovetskaja arheologija, 1967. – №2. – S. 33-35.
- 7 Levina L.M. Keramika nizhnej i Srednej Syrdar'i v 1 tysjacheletii n.je. – M., 1972. – 258 s.
- 8 Burjakov Ju.F. Genezis i jetapy razvitija gorodskoj kul'tury tashkentskogo oazisa. – Tashkent, 1982. – 107 s.
- 9 Bernshtam A.N. Problemy drevnej istorii i jetnogeneza Juzhnogo Kazahstana // Izvestija AN KazSSR. Serija arheologicheskaja. Vyp. 2. – Alma-Ata, 1949. – S. 59-99.
- 10 Bernshtam A.N. Ocherk istorii gunnov. – Leningrad, 1951. – 174 s.
- 11 Litvinskij B. A. Kangjujsko-sarmatskij farn. – Dushanbe, 1968. – S. 14-23.
- 12 Bernshtam A.N. Drevnij Otrar // Izvestija AN KazSSR, serija arheologicheskaja, № 108, vyp.3. – Alma-Ata, 1951. – S. 81-97.
- 13 Ageeva E.I., Pacevich G.I. Iz istorii osedlyh poselenij i gorodov Juzhnogo Kazahstana // Trudy Instituta istorii, arheologii i jetnografii. tom. 5. – Almaty, 1958. – S. 125-215.
- 14 Ageeva E.I., Pacevich G.I. Otchet o rabotah Juzhno-Kazahstanskoj kompleksnoj arheologicheskoi jekspedicii 1953 goda // Trudy IIAJe An KazSSR. T.1. – Alma-Ata, 1956. – S. 53-57.
- 15 Nurmuhambetov B.N. Nekotorye itogi raskopok Borizharskogo mogil'nika // Po sledam drevnih kul'tur Kazahstana. – Alma-Ata, 1970. – S. 108-120.
- 16 Bajpakov K.M., Smagulov E.A., Erzhitova A.A. Rannesrednevekovy nekopoli Juzhnogo Kazahstana. – Almaty, 2005.

Сагинаева А.Н.
**Кеңестік кезеңдегі
ортағасырлық қыпшақтардың
зерттелу тарихы**

Кеңестік кезеңде ортағасырлық Қазақстан тарихы, соның ішінде қыпшақтар тарихын қарастыру маңызды орын алады. Бұл кеңестік дәуірдегі ғалымдардың қыпшақтар тарихына қатысты түрлі деректерді ғылыми айналымға енгізуімен байланысты болды, атап айтар болсақ олар орыс жылнамалары, еуропалық хроникалар, араб, парсы, қытай, көне түркі және т.б. жазба деректер. Мақалада тарихшылар мен шығыстанушылардың қыпшақтану саласында жүргізген тарихи және деректанулық зерттеулері қарастырылады. Қыпшақтануға, анығырақ айтқанда олардың саяси тарихына, территориялық орналасуына, этникалық құрамына, көрші елдермен өзара қарым-қатынасына, археологиялық және жазба ескерткіштеріне және т.б. мәселелеріне арналған зерттеулер сарапталынады. Мақала осы кезеңде жарық көрген барлық еңбектерді қамтуды көздемейді, тек осы кезеңде жарық көрген негізгі зерттеулер қарастырылады. Жалпы кеңестік тарихшылар мен шығыстанушылар ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеудің негізгі бағытын қалап берді.

Түйін сөздер: қыпшақтар, командар, орта ғасыр, тарихнама, кеңестік кезең.

Saginayeva A.N.
**History of the study of medieval
Kipchak in the Soviet period**

In the Soviet period the question of studying medieval history of Kazakhstan, namely the history of Kipchak has acquired a special significance. This was due to the fact that the Orientalists put into scientific circulation multilingual sources relating to the history of the Kipchaks, such as the Russian chronicles, chronicles European, Arab, Persian, Chinese, ancient Turkic and other written sources. The article examines the historical and source study researches of historians and orientalists in kypchak studies. Analyzed studies on kypchak studies, namely issues of political history and territorial settlement Kipchak and ethnic composition, relations with neighboring countries, archaeological and written records, etc. This article does not claim to comprehensive coverage of all the works of this period. Identified only major works of the time. In general, Soviet historians and orientalists were done basic research on the medieval history of Kazakhstan.

Key words: kipchaks, kumans, middle ages, historiography, soviet period.

Сагинаева А.Н.
**История изучения
средневековых кыпчаков
в советском периоде**

В советское время вопрос изучения средневековой истории Казахстана, а именно истории кыпчаков приобрел особое значение. Это было связано с тем, что востоковеды ввели в научный оборот разноязычные источники, относящиеся к истории кыпчаков, таких как русские летописи, европейские хроники, арабские, персидские, китайские, древнетюркские и др. письменные источники. В статье рассмотрены исторические и источниковедческие изыскания историков и востоковедов в области кыпчаковедения. Анализируются исследования по проблемам кыпчаковедения, а именно вопросы политической истории и территориального расселения кыпчаков, а также этнический состав, отношения с соседними странами, археологические и письменные памятники и т.д. Данная статья не претендует на полное освещение всех работ указанного периода. Выделены лишь основные работы того времени. В целом советскими историками и востоковедами были проделаны основные работы по изучению истории средневекового Казахстана.

Ключевые слова: кыпчаки, куманы, средние века, историография, советский период.

КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚЫПШАҚТАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Қазақстан мен әлем тарихында қыпшақтар тарихы мәселелері көп қырлы. Соның ішінде кеңестік кезеңдегі қыпшақтар тарихнамасы арнайы тоқталуды қажет етеді. Өйткені кеңестік дәуірге дейінгі Орталық Азияны зерттеу, Ресей империясының құрамына енген халықтар тарихы мен мәдениеті бойынша алғашқы мәліметтер жинақтаумен шектелді және империялық мүдде басшылыққа алынды.

Билікке большевиктердің келуімен тарих ғылымы маркстік-лениндік методология тұрғысында империялық кезеңде қол жеткізілген табыстар қайта қарастырыла бастады және Кеңестік билік түркі халықтарын бір-бірінен алшақтатуға тырысты.

КСРО құлап, тәуелсіз мемлекеттер құрылған кезеңде, ұлттар, соның ішінде қазақ халқы өз тарихын өркениеттілік тұрғысында қайта қарастыруға, кеңестік дәуірде үзіліп қалған тарихи тамырын іздестіруге мүмкіндік алып отыр. Сондықтанда, мақалада ретроспективтілікті басшылыққа алып, кеңестік кезеңде жарық көрген зерттеулерге шолу жасаймыз. Бір мақала көлемінде қыпшақтар тарихына қатысты барлық зерттеулерді қамту мүмкін емес. Дегенмен, осы кезеңде аталмыш тақырып көлемінде маңызды ғылыми тұжырымдар жасалған негізгі еңбектерге тоқталамыз.

Кеңестік дәуірде қыпшақ тарихын қарастырған зерттеулерді екі топқа бөліп қарастырамыз: ХХ ғасырдың 20-60-жылдарындағы зерттеулер және ХХ ғасырдың 60-90-жылдарындағы зерттеулер. Бірінші кезеңде жарық көрген зерттеулер негізінен революцияға дейінгі зерттеулерге негізделген болатын және таптық күрес немесе формациялық тұрғыда тарихи зерттеулерде әлеуметтік аспект, әлеуметтік тарих басымдылық танытты. Дегенмен, осы кезеңде кеңестік тарих, археология, этнография, тіл тану ғылыми мектептерінің негізі қалыптаса бастады. Бұл кезеңде қыпшақтар туралы зерттеулер В. Бартольдтың [1] шығармаларынан басталып, П.П. Иванов [2], А. Пономарев [3], К.В. Кудряшов [4], Б.Д. Греков [5], А.Ю. Якубовский [6], шығыс тілдері мамандары И. Умняков [7], А.Н. Кононов [8], С.Л. Волин мен А.А. Ромаскевич [9], және т.б. еңбектерімен жалғасты. Соның ішінде академик В.В. Бартольдтің түркі халықтары тарихына арналған ғылыми зерттеулері аса маңызды және қыпшақтарды ғылыми тұрғыда зерттеудің бастауы

болды. Академиктің еңбегінде деректер негізінде қыпшақтардың тарихы, зерттелу деңгейі, деректері, тарихи географиясы, филологиясы, археологиясы мен этнографиясы көрініс тапты. Сонымен қатар, еңбектерінде қыпшақ компоненті енген халықтардың этногенезі, қыпшақ тайпаларының Хорезммен, Шығыс Еуропа елдерімен байланысы, жерлеу дәстүрлері, мұсылман жазба ескерткіштерінің аудармасы қамтылды.

Сондай-ақ, В.В. Бартольд белгілі этнограф Н.А. Аристов пен неміс ғалымы И. Маркварт еңбектеріне рецензия жазады. Н.А. Аристов еңбегіне сын пікірде еңбектің маңыздылығын айта келе, құман, қыпшақ және қаңлылардың туыстығын мұсылман деректерінің растайтынын жазады [10, 266-279 бб.]. Ал, И. Маркварт еңбегіне сын пікірінде ғалымның зерттеу нысанының ауқымдылығын, қыпшақ, кимек, құман, қаңлы, татар, күн, оғыздардың шығыстан батысқа қозғалыс үдерісін қарастырғанына оң баға бере отырып, еңбектің кемшілік тұстарын, атап айтқанда көшпенділердің арасындағы діни көзқарастары мен тарихи-географиялық танымының қателіктері және қытай деректеріндегі ақпараттарды мұсылман деректеріндегі ақпараттармен салыстыра отырып талдамағанын да жазады [10, 392-408 бб.]. Жалпы В.В. Бартольдтің қыпшақтанушылық еңбектерін бір сөзбен қорытындылайтын болсақ, кеңестік шығыстану ғылымында қыпшақтардың түркі тілдес халық екендігі, кимек, қыпшақ, құман, половецтердің шығу тегі бір, қыпшақтар қазақ халқының негізін қалаған және қазіргі түркі тілдес халықтардың қалыптасуында маңызды орын алады деген көзқарас қалыптасты.

П.П. Иванов, А. Пономарев, К.В. Кудряшов, Б.Д. Греков және А.Ю. Якубовский еңбектерінде қыпшақтар мәселесін зерттеудің ғылыми негізі жасалып, Қазақстан мен Орта Азиядағы, Ресейдегі қыпшақ тайпаларының әскери-саяси тарихы, этникалық тарихы, географиясы мен экономикасы қарастырылды. Мысалы, профессор К.В. Кудряшовты орыс княздарының қыпшақтарға қарсы жорығының маршрутын қалпына келтіру, қыпшақ руларының территориялық және қалаларының орналасуы мәселелерін қарастырды [4].

Арабтанушылар И. Умняков пен С.Л. Волин, шығыстанушы А.А. Ромаскевич және түркітанушы А.Н. Кононовтар өз деректанушылық еңбектерінде Батыс пен Шығыстың қыпшақтануға байланысты белгісіз немесе аз танымал жазба ескерткіштерін ғылыми айналымға енгізіп, тақырыпты зерттеуді жаңа деңгейге шығарды. Мә-

селен, И. Умняков М.Қашқаридың картасында көрсетілген ерте ортағасырлардағы тайпалар, соның ішінде йемек және қыпшақтардың орналасу территориясын қарастырса, «Түркмен және Түркмения тарихы бойынша материалдар» жинағын құрастырушылар С.Л. Волин, А.А. Ромаскевич және А.Ю. Якубовский мұсылман деректерін іздеу, аудару мен түсіндіру бойынша ауқымды жұмыс жасады. Ал, А.Н. Кононов Хиуалық тарихшы Әбілғазы Баһадүрдің ғылыми маңызды «Түркмен шежіресін» жариялады. Осы аталған еңбектер қыпшақтанудағы ірі ғылыми маңызды деректер болуымен қатар ондағы ақпараттар Дешті-Қыпшақтағы тарихи оқиғалар желісін қалпына келтіруге көмектесті.

Ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан тарихының негізгі мәселелері ең алғаш рет 1943 жылы кеңестік тарихшылардың тұңғыш ұжымдық жиынтық еңбегі – «Қазақ ССР тарихында (көне заманнан бүгінге дейін)» жарық көрді. Одан кейінгі басылымы 1949 жылы жарыққа шықты. Осы басылымдарға түзетулер мен толықтырулар енгізіліп, Қазақстанның ертедегі және ортағасырлық тарихы бойынша зерттеулердің негізгі нәтижелері қорытылып, кезеңдерге бөлудің көптеген мәселелері жаңаша қарастырылған «Қазақ ССР тарихының» жаңа екі томдық басылымының бірінші томы 1957 ж. шықты. Онда XIII-XV ғасырлар тарихына: Қазақстанның монғол үстемдігі кезеңінде; Қазақ халқы мен Қазақ Хандығының құрылуы; Қазақстанның XV-XVII ғасырлардағы әлеуметтік-экономикалық қатынастары мен саяси құрылысы; XV-XVIII ғғ. қазақ халқының мәдениеті деген төрт тарау берілген. Еңбектің жарыққа шығарған авторлар ұжымы ішінде көрнекті ғалымдар: Н.Г. Аполлова, М.О. Әуезов, Г.Ф. Дахшлейгер, Ә.Х. Марғұлан, В.Ф. Шахматов және т.б. болды. Осы еңбектер негізінде кейіннен 1977 және 1979 жылдарда Қазақстанның ежелгі, ертедегі және ортағасырлық тарихы жүйелі түрде баяндалған «Қазақ ССР тарихының» I және II томдары жарық көрді [11]. Бұл ауқымды еңбек өзінің алдындағылардан берік деректанулық негізінің болуымен ерекшеленді және пайдаланылатын жазбаша деректердің шеңбері едәуір кеңейтіліп, түркі, парсы, араб тілді және қытай деректері пайдаланылды. Сондай-ақ, авторлар ұжымы Қазақстан археологтарының қазбаларының нәтижесінде алынған археологиялық материалдарға, нумизматикалық және антропологиялық деректерге де сүйенді. Зерттеу сол тұстағы тарих ғылымының жетістіктерін толық көрсеткен. Сонымен қатар, Қазақстанның ортағасырлық археология

тарихы өте тереңде жатыр. Ортағасырлық ескерткіштерді зерттеу түркі халықтары, келе берді қыпшақтар, одан кейінгі қазақ халқының қалыптасу тарихынан, мәдениетінен мол мағұлматтар алып, жазба деректермен байланыстыра отырып жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді Сондықтан да, ортағасырлық ескерткіштерге археологиялық зерттеулер жүргізу арқылы сол кезеңдегі халықтардың тыныс-тіршілігінен, мәдени және саяси өмірінен мол мағұлматтар аламыз. Қазақстанның ортағасырлық ескерткіштерін зерттеуде белгілі ғалым, академик Ә.Х. Марғұлан алатын орны ерекше. Ә.Х. Марғұланның кешенді ғылыми-зерттеулері негізінде ортағасырлық Қазақстан тарихындағы қыпшақтардың этномәдени құрылысы мәселесі жоғары орын алады. Ол Ленинградтық шығыстану мектебінен білімі алған маман ретінде мұсылман әлемінің жазбаша ескерткіштерін: араб, парсы, көне түрік жазбаларын түпнұсқада оқи алды, нәтижесінде ортағасырлық Ибн Хордадбех, Ибн әл-Факих, Гардизи, әл-Идриси, Бируни, Махмұт Қашқари, Закрия Казвини, Жамал Кашри, Ауфи және басқа да көптеген авторлардың еңбектерін ғылыми айналымға енгізді [12]. Кейін ғалымның зерттеулерін оның шәкірттері жалғастырып, қыпшақтардың материалдық мәдениеті бойынша біршама мағұлматтар XX ғасырдың екінші жартысындағы зерттеулерде көрініс тапты.

XX ғасырдың екінші жартысындағы зерттеулерге белгілі ғалымдар Л.Н. Гумилев [13], Б. Көмеков [14], С.Г. Агаджанов [15], С.Г. Кляшторный [16], С. Ахинжанов [17], С. Плетнева [18] және т.б. еңбектері жатады. Бұл зерттеулерде қыпшақтардың этникалық және саяси тарихы, географиялық орналасуы, діні, әдет-ғұрпы, мәдениеті, шаруашылығы біршама зерттелген.

IX-XI ғасырларда Ертіс бойындағы қимақтардың батыс тармағы саналып келген, кейіннен шығысында Ертіс өзені, Жоңғар қақпасы, Жетісу өлкесі, оңтүстігінде Сырдария, Арал теңізі, Маңғыстау, Каспий теңізі, Солтүстік Кавказ, батысында Қара теңіз, Азов теңізі, Днепр өзені аралығындағы Еуразия кеңістігін Дешті Қыпшақ атандырған қыпшақтардың тарихнамасы IX-XI ғасырлардағы араб географтары мен тарихшыларының шығармаларынан басталады. Батыс Дешті Қыпшақ, яғни оңтүстік орыс далаларын мекендеген қыпшақ, куман, половецтердің тарихын С. Плетнева зерттеді [18].

Көне түркі руна ескерткіштеріндегі қыпшақтар туралы мәліметтерді жинақтап зерттеген С. Кляшторный болды [16]. Кляшторный көне түркі руна жазбалары бойынша қыпшақтардың VIII

ғасырға дейінгі этнонимін анықтауға тырысты. Ол жазба деректердегі «түркі-қыпшақ» және «түркі-сир» деген атауды жеке екі одақтардың атауы деп, яғни «түркі және қыпшақ», «түркі және сир» деп қабылдауды ұсынды, яғни бұл бір тайпа атауы емес, екі тайпалық одақтың атауы деген болатын.

Орта ғасырлардағы араб деректемелері бойынша қыпшақтардың этникалық және саяси тарихын, географиялық орналасуын, дінін, әдет-ғұрпын, мәдениетін Б. Көмеков зерттеді. IX-XI ғасырлардағы Қазақстан аумағының шығысында бір емес, бірнеше шаруашылық-мәдени үлгілер болғанын дәлелдеп берді. Алғаш рет қыпшақтар тарихына қатысты мұсылмандық дерек көздері кешенді түрде қарастырылып, ғылыми талдау жасалды [14].

Қыпшақтар туралы барша мәліметтерді жинап, сараптап, талдап зерттеп, олардың тегін анықтауға тырысқан ғалым С. Ахинжанов болды. Ол қыпшақтардың шығу тегін, географиялық орналасуын, этникалық және саяси тарихын жан-жақты терең зерттеп, көлемді монография жазды [17]. Бұл монография 1914 жылы жарық көрген И. Маркварттың монографиясынан кейінгі қыпшақтар туралы ең көлемді зерттеу еді.

XX ғасырдың екінші жартысында қыпшақтар туралы жан-жақты терең зерттеулер жасалғанымен басты мәселе – қыпшақ этнонимінің этимологиясы мен семантикасы және олардың этногенезі анықталмады.

Кеңестік кезеңдегі зерттеулердің негізгі жетістігі орыс жылнамаларындағы торки, половецы, еуропа, әсіресе византия хроникаларындағы командар, пешенегтер, араб, парсы, қытай деректеріндегі қыпшақтар бір халыққа тиесілі деген болжамы болды және олардың ортағасырлық Қазақстан тарихындағы орнын анықтап, барынша дұрыс бағасын беруге тырысты.

Жалпы XX ғ. 40-60-жылдары тақырыпқа қатысты зерттеулер біраз уақытқа тоқтап қалды. Өйткені бұл кезеңде барлық ғылым салаларында жүргізілген зерттеулер коммунистік партия мүддесіне сай қарастырылды, оның үстіне ұлттың этникалық тамырын, тарихын қарастырылмады. Бұл жағдай 1956 жылы ақпан айында өткен партияның XX съезі Сталиннің жеке басына табынушылықты айыптап, оның зардаптарын жою, тарих, әдебиет пен өнер мәселелеріне көп көңіл бөлуді тапсырылғаннан кейін біршама өзгерді. Тарихқа «Жылымық жылдар» деген атпен енген осы жылдардан бастап тақырып бойынша зерттеулердің екінші кезеңі, яғни 1960-1990 жылдардағы зерттеулер жарыққа шықты.

Сонымен, кеңестік кезеңдегі еңбектерде қыпшақтар мәселесін зерттеудің ғылыми негізі жасалып, Қазақстан мен Орта Азиядағы, Ресейдегі қыпшақ тайпаларының әскери-саяси тарихы, эт-

никалық тарихы, территориясы мен экономикасы қарастырылды. Бұл кезеңнің маңызды тұжырымдары негізінде тарих ғылымында қыпшақтардың этникалық тарихына қызуғышылық артты.

Әдебиеттер

- 1 Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана // Бартольд В.В. Сочинения. Том II. Общие работы по истории Средней Азии. Работы по истории Кавказа и Восточной Европы. – М.: Наука, 1963. – 1020 с. – С. 165-243.
- 2 Бартольд В.В. К вопросу о погребальных обрядах турков и монголов // Бартольд В.В. Сочинения. Том IV. Работы по археологии, нумизматике, эпиграфике и этнографии. – М.: Наука, 1966. – С. 377-396.;
- 3 Бартольд В.В. Кипчаки // Бартольд В.В. Сочинения. Том V. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. – М.: Наука, 1968. – С. 550-551.
- 4 Иванов П.П. Очерк истории каракалпаков // Материалы по истории каракалпаков. – М. – Л.: АН СССР, 1935. – 299 с.
- 5 Пономарев А. Куман-половцы // ВДИ. – 1940. – № 3-4. – С. 366-370.
- 6 Кудряшов К.В. Половецкая степь: очерк исторической географии. – М.: ОГИЗ Гос. изд-во географ. лит-ры. 1948. – 162 с.
- 7 Греков Б.Д. Киевская Русь. – Л.: Гос. изд-во полит. лит-ры, 1953. – 568 с.
- 8 Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – М. – Л.: АН СССР, 1950. – 478 с.
- 9 Якубовский А.Ю. Рассказ Ибн-ал-Биби о походе малоазийских турок на Судак, половцев и русских в начале XIII в. Черты из торговой жизни половецких степей // Византийский временник, 1927 (1928). – Т. 25. – С. 53-76.
- 10 Умняков И. Компендиум испанско-арабского географа Исхака Ибн Ал-Хусейна и его сведения о хазарах и тюрках // ИГГО. – 1939. – №8. – С. 1138-1145.
- 11 Умняков И. Из литературы об ал-Идриси // ВДИ, 1940. – №2. – С. 191-198.
- 12 Кононов А.Н. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-Гази хана хивинского. – М. – Л.: АН СССР, 1958. – 290 с.
- 13 Материалы по истории туркмен и Туркмении. Том I. (VII – XV вв.) Арабские и персидские источники. / под редакцией С.Л. Волина, А.А. Ромаскевича и А.Ю. Якубовского. – М. – Л.: АН СССР, 1939. – 612 с.
- 14 Бартольд В.В. Рецензия Н.А. Аристов. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности.; Бартольд В.В. Новый труд о половцах // Бартольд В.В. Сочинения. Том V. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. – М.: Наука, 1968. – 757 с.
- 15 История Казахской ССР. В 2-х томах. – Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1957; История Казахской ССР (С древнейших времен до наших дней). В 5-ти томах. – Т.2. – Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1979. – 424 с.
- 16 Маргулан А.Х. Археологические разведки в Центральном Казахстане (1946 г.). // Известия АН КазССР. Серия историческая. – Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1948. – №49.
- 17 Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М.: Наука, 1967. – 504 с.
- 18 Древняя Русь и Великая степь. – М.: Мысль, 1989. – 766 с.
- 19 Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 156 с.
- 20 Арабские и персидские источники по истории кыпчаков VIII-XIV вв. Алма-Ата:Наука,1987. – 42 с.
- 21 Агаджанов С.Г. Очерк истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. Ашхабад: Ылым, 1969. – 297 с.
- 22 Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. – М.:Наука, 1964. – 214 с.
- 23 Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 293 с.
- 24 Плетнева С.А. Половцы. – М.: Наука, 1990. – 208 с.

References

- 1 Bartol'd V.V. Istorija kul'turnoj zhizni Turkestana // Bartol'd V.V. Sochinenija. Tom II. Obshhie raboty po istorii Srednej Azii. Raboty po istorii Kavkaza i Vostochnoj Evropy. – M.: Nauka, 1963. – 1020 s. – S. 165-243.
- 2 Bartol'd V.V. K voprosu o pogrebal'nyh obrjadah turkov i mongolov // Bartol'd V.V. Sochinenija. Tom IV. Raboty po arheologii, numizmatike, jepigrafike i jetnografii. – M.: Nauka, 1966. – S. 377-396.;
- 3 Bartol'd V.V. Kipchaki // Bartol'd V.V. Sochinenija. Tom V. Raboty po istorii i filologii tjurkskih i mongol'skih narodov. – M.: Nauka, 1968. – S. 550-551.
- 4 Ivanov P.P. Ocherk istorii karakalpakov // Materialy po istorii karakalpakov. – M. – L.: AN SSSR, 1935. – 299 s.
- 5 Ponomarev A. Kuman-polovcy // VDI. – 1940. – № 3-4. – S. 366-370.
- 6 Kudrjashov K.V. Poloveckaja step': ocherk istoricheskoj geografii. – M.: OGIZ Gos. izd-vo geograf. lit-ry. 1948. – 162 s.
- 7 Grekov B.D. Kievskaja Rus'. – L.: Gos. izd-vo polit. lit-ry, 1953. – 568 s.
- 8 Grekov B.D., Jakubovskij A.Ju. Zolotaja Orda i ee padenie. – M. – L.: AN SSSR, 1950. – 478 s.
- 9 Jakubovskij A.Ju. Rasskaz Ibn-al-Bibi o pohode maloazijskih turok na Sudak, polovcev i russkih v nachale XIII v. Cherty iz torgovoj zhizni poloveckih stepej // Vizantijskij vremennik, 1927 (1928). – T. 25. – S. 53-76.

- 10 Umnjakov I. Kompendium ispansko-arabskogo geografa Ishaka Ibn Al-Husejna i ego svedenija o hazarah i tjurkah // IGGO. – 1939. – №8. – S. 1138-1145.
- 11 Umnjakov I. Iz literatury ob al-Idrisi // VDI, 1940. – №2. – S. 191-198.
- 12 Kononov A.N. Rodoslovnaja turkmen. Sochinenie Abu-l-Gazi hana hivinskogo. – M. – L.: AN SSSR, 1958. – 290 s.
- 13 Materialy po istorii turkmen i Turkmenii. Tom I. (VII – XV vv.) Arabskie i persidskie istochniki. / pod redakciej S.L. Volina, A.A. Romaskevicha i A.Ju. Jakubovskogo. – M. – L.: AN SSSR, 1939. – 612 s.
- 14 Bartol'd V.V. Recenzija N.A. Aristov. Zametki ob jetnicheskom sostave tjurkskih plemen i narodnostej i svedenija ob ih chislennosti.; Bartol'd V.V. Novyj trud o polovcah // Bartol'd V.V. Sochinenija. Tom V. Raboty po istorii i filologii tjurkskih i mongol'skih narodov. – M.: Nauka, 1968. – 757 s.
- 15 Istorija Kazahskoj SSR. V 2-h tomah. – Alma-Ata: «Nauka» KazSSR, 1957; Istorija Kazahskoj SSR (S drevnejshih vremen do nashih dnejj). V 5-ti tomah. – T.2. – Alma-Ata: «Nauka» KazSSR, 1979. – 424 s.
- 16 Margulan A.H. Arheologicheskie razvedki v Central'nom Kazahstane (1946 g.). // Izvestija AN KazSSR. Serija istoricheskaja. – Alma-Ata: Izd. AN KazSSR, 1948. – №49.
- 17 Gumilev L.N. Drevnie tjurki. – M.: Nauka, 1967. – 504 s.
- 18 Drevnjaja Rus' i Velikaja step'. – M.: Mysl', 1989. – 766 s.
- 19 Kumekov B.E. Gosudarstvo kimakov IH-HI vv. po arabskim istochnikam. – Alma-Ata: Nauka, 1972. – 156 s.
- 20 Arabskie i persidskie istochniki po istorii kypchakov VIII-XIV vv. Alma-Ata: Nauka, 1987. – 42 s.
- 21 Agadzhanov S.G. Ocherk istorii oguzov i turkmen Srednej Azii IH-HIII vv. Ashhabad: Ylym, 1969. – 297 s.
- 22 Kljashtornyj S.G. Drevnetjurskie runicheskie pamjatniki kak istochnik po istorii Srednej Azii. – M.: Nauka, 1964. – 214 s.
- 23 Ahinzhanov S.M. Kypchaki v istorii srednevekovogo Kazahstana. – Alma-Ata: Nauka, 1989. – 293 s.
- 24 Pletneva S.A. Polovcy. – M.: Nauka, 1990. – 208 s.

Кошымова А.О.
**Оғыздар мәселесінің зерттелуі
(кеңестік тарихнама негізінде)**

Кеңестік кезеңнің Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесі түркі дәуіріне қатысты деректерді ғылыми айналымға енгізуімен ерекшеленеді. Зерттеулерде араб, парсы, қытай, көне түркі тілдеріндегі деректерді пайдаланумен қатар, археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерін салыстырмалы зерттеу негізінде көптеген артықшылықтарға ие болды.

Осындай артықшылықтар мен жетістіктерге қарамастан оғыздар тақырыбы төңірегінде әлі де болса шешіліп, бір тоқтамға келмеген мәселелердің де орын алып отырғанын байқаймыз. Олардың ішіндегі ең қиын да шиеленісті тұсы оғыздардың этникалық әрі территориялық орналасу тарихы болып табылады. Әлі күнге дейін оғыздардың Орта Азия мен Қазақстандағы таралу аймақтары жөніндегі мәселе шешімін таппай келеді.

Мақалада кеңестік кезеңдегі жүргізілген зерттеу жұмыстары қарастырылады. Оның ішінде оғыздардың территориялық орналасу аймағына, этникалық құрамына, саяси тарихына, қалаларына және т.б. мәселелеріне арналған зерттеу еңбектері талданады.

Жалпы кеңестік тарихшылар мен шығыстанушылар ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеудің негізгі бағытын қалап берді.

Түйін сөздер: оғыздар, тарихнама, Қазақстан, территория.

Koshymova A.O.
**Oguz study of the issue (on the
basis of Soviet historiography)**

The merit of the Soviet period in the historical science of Kazakhstan that introduced in scientific sources related to the history of the Turkic period. The study used Arabic, Persian, Chinese, Ancient sources, and relatively examining the results of archaeological excavations, have made significant achievements.

But despite such achievements Oguz theme to this day remains unexplored and there are some controversial issues, especially ethnic history and geographical location of Oguz. Until now there is no clarity about the resettlement of the Oguz in Central Asia and Kazakhstan.

The article deals with the study of the Soviet period. Among them are devoted to the study of political history of the Oguz, ethnic composition, territorial resettlement, Oguz city and other works.

In general, Soviet historians and orientalists laid the foundation for the study of medieval history of Kazakhstan.

Key words: Oguz, historiography, Kazakhstan, territory.

Кошымова А.О.
**Исследование огузской
проблемы (на основе советской
историографии)**

Заслуга советского периода в исторической науке Казахстана в том, что ввелись в научный оборот источники, относящиеся к истории тюркского периода. В исследованиях использовались арабские, персидские, китайские, древнетюркские источники, а также результаты археологических раскопок.

Но, несмотря на такие достижения огузская тема до сегодняшних дней остается неисследованной, есть некоторые дискуссионные проблемы. Особенно этническая история и территориальное расположение огузов. До сих пор нет ясности о расселении огузов на территории Центральной Азии и Казахстана.

В статье рассматриваются исследования советского периода. Среди них исследования, посвященные политической истории огузов, этническому составу, территориальному расселению, города огузов и др. работы.

В целом советские историки и востоковеды положили основу исследования истории средневекового Казахстана.

Ключевые слова: огузы, историография, Казахстан, территория.

**ОҒЫЗДАР
МӘСЕЛЕСІНІҢ
ЗЕРТТЕЛУІ
(кеңестік тарихнама
негізінде)**

VIII орта шенінде – IX ғасырларда қарлұқтардың күшеюімен Жетісу жерінен Сыр бойына қарай ығысып, өз мемлекеттік үлгісін алып келген, кейінгі мемлекеттердің соғысуына бірден-бір түрткі болған Сыр бойында орын тепкен қалалардың салынуына, сондай-ақ кейінгі Қазақ хандығының өмірге келуіне негіз болып қана қоймай, қазақ тәрізді бірнеше түркі халықтарының ата-бабасы саналатын ежелгі тайпалардың бірі, бүгінгі күні көптеген түркі халықтары, сонау әзірбайжандар, түрікмендер, гагауыздар, Қырым татарлары және т.б. осы сынды түркі тілдес халықтардың да арғы ата-бабалары оғыздар тарихының қазақ тарихында алар орны бір төбе болып келетіндігіне дау туа қоймас. Оғыздар мәселесі ортағасырлардағы араб, парсы, иран, түрік тәрізді халықтардан шыққан саяхатшылар мен географ-ғалымдардың, лингвистердің қызығушылығын тудырып, деректік қор қалдырғанындай, кеңестік зерттеушілермен қатар шығыстанушы ғалымдардың да назарын өзіне аударып, бүгінгі таңға дейін А.Ю. Якубоский, Б.Н. Заходер, С.Г. Агаджанов, А.А. Росляков, Р.Н. Безертинов және т.б. осы сынды зерттеуші ғалымдар еңбектерінде оғыздар тайпасының пайда болуы төңірегінде көптеген мәселелер қарастырылды.

Оғыз мәселесі өзінің тарихи маңыздылығына байланысты ертеден-ақ көңіл аудартып келеді. Солай десек те, әлі де болса шешілмеген, талас тудыратын мәселелері баршылық. Олардың ішіндегі ең қиын да шиеленісті тұсы оғыздардың этникалық тарихы болып табылады. Әлі күнге дейін оғыздардың Орта Азия мен Қазақстандағы таралу аймақтары жөніндегі мәселе шешімін таппай келеді. Әрине оғыздардың қалыптасуының немесе протооғыз топтасуының бастапқы кезеңі Батыс Жетісу жерімен тікелей байланысты. Мұндай ой-пікірді оғыздардың тарихи деректеріне талдаулар мен қаншама жылдар бойы жүргізілген археологиялық зерттеулер қуаттайды.

Дегенмен де оғыз тарихына қалам тартқан тарихшылар саусақпен санарлықтай. Оғыз мәселесімен түркітанушы ғалымдар түркі халықтары тарихымен айналысу барысында ішінара қарастырып отырды. Сондай-ақ Селжұқ мемлекетінің тарихын қарастыру барысында, селжұқтар мемлекетінің іргелі мемлекеттік дәрежеге көтерілуіне үлес қосқан ірі тайпалардың бірі әрі бірегейі ретінде оғыздар тарихына ішінара тоқталып отырды.

Неге десек, Селжұқ мемлекетінің ең ірі, мемлекет құраушы тайпасының бірі осы оғыздар болатын.

Алғашқылардың бірі ретінде И.И. Голубовскийдің «Уздар мен түріктер» атты мақаласын айтып өте аламыз [1]. Ол өз кезегінде оғыздар тарихына қатысты жазылған ХІХ ғасырдағы еңбектерге тарихнамалық талдау жасайды. Оғыздардың этникалық бірлестігі тарихын зерттеуде С.Г. Агаджановты атап өтуіміз керек [2]. Араб, парсы және түрік шығармаларын өз еңбегінде еркін пайдалана отырып С.Г. Агаджанов ІХ-ХІІІ ғасырлардағы оғыздар мен түрікмендер тарихына терендей енеді. Бұл еңбектің хронологиялық шегі оғыздардың нарративтік мұсылман ескерткіштерінде алғаш рет аталуынан бастап, монғол шапқыншылығынан кейінгі бұлатаудың тарих бетінен жойылып кетуіне дейінгі кезең аралығын қамтиды. Сондықтан да автор еңбегі Қазақстан, Орта Азия және Шығыс Еуропа тарихында маңызды рөл атқарған Сырдария оғыздары туралы көлемді зерттеу болып табылады. Оғыз халқының шығу тегіне қатысты жарық көрген зерттеушілер еңбектеріне және де ортағасырлық тарихи-географиялық деректерге тарихнамалық талдаулар мен шолулар жасалынады. Міне, осы себептен С.Г. Агаджанов зерттеуінің маңыздылығы оғыздар, түрікмендер мен селжұқтар тарихын зерттеуде арта түспек.

Аталған еңбектерінде автор оғыздар мен түрікмендердің таралу аймағына, қоғамдық және саяси құрылымдарының негізгі, басты сипаттарына, ІХ-ХІІІ ғасырлардағы оғыздар мен түрікмендердің тарихи тағдырына зерттеуін бағыттайды.

Оғыздар мәселесіне қалам тартқан зерттеушілер қатарында В.В. Бартольдтың алар орны ерекше. Ол қазақ тарихындағы орны ерекше ескерткіш – оғыздардың «Китаб дәдәм Қорқуд» батырлық эпосын аударуға ат салысқан еді [3]. Оғыздардың аталмыш эпикалық жырын тарихи және фольклорлық тұрғыдан түсіндіру барысында автор Қорқыт туралы оғыз (түрікмен) және қазақ аңыздарының ортақ көзі туралы өз тұжырымын жасады.

Ортағасырлардағы оғыз тайпаларының мемлекеттік мәселесін талдауда негізгі еңбектер кеңестік тарихшыларға тиесілі. Олардың қатарында В.В. Бартольд алғашқылардың бірі болып оғыздар Х ғ. саяси орталығы Сырдария жағалауында қалыптасқан қарапайым держава болғандығын көрсетеді. Ол сондай-ақ, жабғудың қысқы резиденциясы Жаңакент қаласында орналасқанын, ал оғыз «патшасының» билігі сон-

шалықты берік әрі тұрақты болмағандығын атап көрсетеді.

Академик В.В. Бартольдтің түріктердің рухани кемеңгері Қорқыт атаның арғы тегін танытатын, бабамыз шыққан оғыз ұлысының құрылып, даму тарихынан толық мәлімет беретін еңбектері жетерлік. Мысалға, оның «Түрікмен халқы тарихының очеркі» деген еңбегі алғаш сол тайпалардың туып, қалыптасуынан бері қарай зерттеп, ғылыми негізде дәлелдеп береді. В.В. Бартольдтің осы салада жазылған еңбектерінің бірі «Оғыздар (Түрікмендер) Сельджук империясы құрылғанға дейін» деген зерттеу жұмысы. Мұнда оғыздардың ұлыс болып қалыптасып, дәуірлеген тұстарынан мәлімет береді [4, 169-170 бб.].

А.Ю. Якубовский ҮІІІ ғасырдан ХҮ ғасырға дейінгі түрікмендер тарихы жөнінде үлкен еңбек жазып қалдырды [5]. Еңбекте алдыңғы орта ғасырлардағы оғыздардың рулық-тайпалық құрылымы, шаруашылық өмірі және әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ауқымды материалдар жүйелендірілген.

Өз кезегінде С.П. Толстов Қазақстанның тарих ғылымының дамуына айтарлықтай үлес қосты. С.П. Толстов Сырдария оғыздары туралы үлкен тарихи-археологиялық материалды ғылыми айналымға енгізіп, «Города гузов» атты еңбегін дүниеге әкелді. Аталмыш зерттеуінде ол Сырдария бойында орналасқан оғыз қоныстарының, қалаларының сипатын анықтап, Х ғасыр мен ХІ ғасырдың басындағы оғыздардың шығу тегіне қатысты өз пікірін білдірді [6].

Оғыздардағы мемлекеттік мәселесіне тоқтала отырып, С.П. Толстов оғыздар Х ғасырда өздерінің варварлық «державасын» құрған деген пікірге келеді. С.П. Толстовтың «Города гузов» деп аталатын еңбегі ортаазиялық оғыздар археологиясы бойынша алғашқы зерттеу болып табылады. Автор өз еңбегінде оғыздардың этникалық тарихына қатысты бірнеше мәселенің басын ашуға талпынады.

Ал, «По следам древнехорезмийской цивилизации» атты еңбегінде Оғыз мемлекетін ҮІІІ ғасырда ыдыраған Батыс Түрік қағанатының бір бөлшегі екенін ескерте отырып, Х ғасырдағы оғыздар өздерінің «варварлық» державасын құрды, – деп түсіндіреді. Және тайпаның саяси бірігуіне шешуші әсер еткен ішкі әлеуметтік-экономикалық факторлар деп анықтай келе автор бұл ойын былайша ашып көрсетеді: «Развитие товарного скотоводства, продукция которого превышало потребности натурального хозяйства привело к образованию влиятельной степной аристократии. И в итоге огузская кочевая знать

захватила власть над рядовыми скотоводами и оседлым населением Сырдаринских городов» [7, 15 б.]

Тарихи әдебиеттерде оғыздарда мемлекеттілік болмаған деген басқа да түйіндер орын алып отыр. Дәл осындай көзқарасты, мысалы А.Ю. Якубовский сырдария жабғуы оғыз тайпаларына шынайы билік жүргізбеді, оғыз тайпаларын толық басқара алмады деп түйіндейді. А.Ю. Якубовский оғыздарда Селжұқ империясының құрылуына дейінгі саяси ұйымның негізгі формасы тайпалық өзін-өзі басқару болды дейді.

Орыс ғалымы П.В. Голубовский IX-XI ғасырларда печенегтердің Азиядағы оғыздардан бөлініп, Еуропаға жайылуын, сол печенегтердің арғы тегі қаңлы екенін айта келіп: «... племя огузов двигалось и в южном направлении в XI в. и только потом по господствующей династии получила название сельджукидов. В XVI в. по этому же пути двинулась часть канглы и стала известна впоследствии под имени турок-османов», – деп көрсетеді [8, 139-146 бб.].

Оғыз мемлекеттілігіне қатысты XX ғасырдың 50-жылдары жарық көрген еңбектердің қатарында А.А. Росляковтың «Туркмены и огузы» атты еңбегін айта аламыз [9]. Осы еңбегінде автор оғыздар мемлекетін ерте феодалдық мемлекетке жатқызып, мемлекеттің пайда болуына қатысты өз ой-пікірін былайша білдіреді: «Держава Сырдаринских ябгу возникла как политическая организация огузской знати для подавления рабов и свободных общинников», – деп, мемлекеттің пайда болуын үстем тап өкілдерінің рөлімен байланыстылығына көңіл бөледі. Автор өз ойын IX-X ғасырларда «хан», «қаған» деген басқарушылық титулдардың ұшыраспауымен нақтылай түседі.

Ал енді С.Г. Агаджанов «Первые упоминания о государстве огузов появляются в арабоязычных и историко-географических сочи-

нениях конца IX начала X века. Скорее всего именно в это время происходит окончательное слоение державы Сырдаринских ябгу» [2] деп, өзінің оғыздарда мемлекеттілік болмаған деген пікірлермен келіспейтіндігін көрсетеді.

Кеңестік кезең зерттеушілері қатарында түркі халықтарының этногенезіне, этностық құрамына, кейбір этнонимдердің этимологиясына өз еңбектерін арнаған, зерттеу еңбектерін жазып қалдырған С.П. Толстов, А.И. Бернштам, А.Н. Кононов, Л.П. Потопьев т.б. сынды ғалымдар болды.

Кеңестік тарихнамада орын алған, түркітанушы ғалымдардың назарын өзіне аударған мәселе – оғыздардың территориялық аумағымен, территориялық орналасуымен байланысты еді.

С.П. Толстов өзінің жоғарыда аты аталған «По следам древнехорезмийский цивилизаций» еңбегінде оғыздар мемлекетінің территориясы келесідей көрсетіледі: оңтүстік шығысында қазіргі Жамбыл және Ташкент облыстарымен шектесе, оңтүстікте Қуандария мен Жаңадария өзендерін, ал солтүстікте Сарысу, Ырғыз өзендерін қамти отырып, Батыста Орал таулы аймақтарына дейін созылып жатыр. С.П. Толстовтың бұл пікірі В.В. Бартольд, А.Ю. Якубовский, А.А. Росляков сынды ғалымдар тарапынан қолдау тауып отырса, кеңестік тарихи-археологиялық әдебиеттерде қарсылыққа тап болды. Оңтүстік Қазақстанға жасаған археологиялық экспедициясы есебінде Е. Агеева, Г.И. Пацевич Сырдария мен Арыс өзендерінің орта ағысынан Таразға дейінгі территория оғыз державасының мемлекеттік территориясына кірмеген деп есептейді [10].

Сонымен, Орталық Азия мен Шығыс Еуропа тайпаларының тарихи тағдырына «Сырдария жабғулары» мемлекетінің құрылуы елеулі әсер етіп, маңызды саяси рөлге ие болды. Сондықтан да бұл тақырып өз өзектілігін жоймаған таңда түрлі зерттеу еңбектері де дүниеге келе бермек.

Әдебиеттер

- 1 Голубовский П.И. Об узах и тюрках // Журнал Министерства народного просвещения, 1884. – 12 с.
- 2 Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. – Ашхабад: «БІЛЫМ», 1969. – С. 294.
- 3 Книга моего деда Коркута. Огузский героический эпос. – М. – Л., 1962.
- 4 Тоқболат Еңсегенұлы. Түркі дүниесін зерттеп даңқы шықты. (Академик В.В. Бартольдтің шығармашылық жолы, азаматтық келбеті): оқу құралы. – Алматы: «Тоғанай Т».
- 5 Якубовский А.Ю. Очерки по истории турменского народа и Туркменистана в VIII-XIX вв. – Ашхабад, 1954.
- 6 Толстов С.П. Города гузов // Советская этнография, 1947. – № 3. – С. 55-102.
- 7 Толстов С.П. По следам древнехорезмийский цивилизаций. – М., 1948.
- 8 Голубовский П.В. Печенеги, тюрки и половцы до нашествия татар. – Киев, 1884.
- 9 Росляков А.А. Туркмены и огузы // Уч. Зап. Туркменского гос.унив. Вып. 3. – Ашхабад: Туркмен гос.издат., 1955.

10 Агеева Е.И., Пацевич Г.Н. Отчет о работах Южно-Казахстанской археологической экспедиций // Труды института истории, археологии и этнологии АН Каз ССР. ТИИАЭ АН. КазССР. – Т.1. 1936. – 210 с.

References

- 1 Golubovski P.I. Ob uzah i tyurkah // Zhurnal Ministerstva narodnogo probveshcheniya. 1884. Iyul'. – 12 s.
- 2 Agadzhanov S.G. Ocherki istorii oguzov i turkmen Srednej Azii IX-XIII vv. –Ashkhabad: «Ylym», 1969. – S. 294.
- 3 Kniga moego deda Korkuta. Oguzskij geroicheskiy ehpos. – M. – L., 1962.
- 4 Tokbolat Ensegenuly. Turki duniesin zerttep danky shykty. (Akademik V.V. Bartol'dtin shygarmashylyk zholy, azamattyk kelbeti): oku kuraly. – Almaty: «Toganai T».
- 5 Yakubovskij A.YU. Ocherki po istorii turmenskogo naroda i Turkmenistana v VIII-XIX vv. – Ashkhabad, 1954.
- 6 Tolstov S.P. Goroda guzov // Sovetskaya ehtnografiya, 1947. – № 3. – 55-102 s.
- 7 Tolstov S.P. Po sledam drevnehorezmijskij civilizacij. – M., 1948.
- 8 Golubovskij P.V. Pechenegi, tyurki i polovcy do nashestviya tatar. – Kiev, 1884.
- 9 Roslyakov A.A. Turkmeny i oguzy // Uch. Zap. Turkmenskogo gos.univ. Vyp.3. Ashkhabad: Turkmen gos.izdat., 1955.
- 10 Ageeva E.I., Paceevich G.N. Otchet o rabotah Yuzhno-Kazahstanskoj arheologicheskoy ehkspedicij // Trudy instituta istorii, arheologii i ehnologii AN Kaz SSR. TIIE AN. KazSSR. – Т.1. – 1936. – 210 s.

Байгараев Н.А.

**Революцияға дейінгі және
кеңестік әдебиеттерде
жәдидшілдіктің зерттелу тари-
хы: зерттеулердің
ерекшеліктері**

XIX ғасырдың соңында Ресей империясының түркі тілдес халықтарының қалыптасуы мәселесі ерекше мәнге ие болды. Зайырлы және ұлттық мектеп құру ұранын ту еткен зиялылар үшін бұл ұлттық идеология қайта жандандырудың жалғыз жолы болды және ол «жәдидшілдік» қозғалысы сипатында көрініс берді. Мақалада, Ресей империясының Далалық өлкеде зайырлы және мұсылмандық білім беруді дамыту саясаты бойынша, сонымен бірге жәдидтік идеологияның XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ көшпелі қоғамындағы ағартушылық қозғалыстың кезеңі ретінде қалыптасуының революцияға дейінгі және кеңестік кезеңдегі зерттеулеріне талдау жасалады. Кеңестік тарих ғылымының дамуы ерекшелігін көрсететін, соның ішінде ұлттық қозғалыстарды зерттеу бойынша кеңестік тарихнамадағы мәселені зерттелудің негізгі бет алысы мен кезеңдері анықталды. Егер, XX ғасырдың 20-жылдарында жәдидшілдікті заман талабына сай қоғамды қайта құруға бағытталған «мәдени ақыл-ой қозғалысының ерекше түрі», «ақыл-ойдың жандануы» ретінде бағаласа, тарихнамада қоғамдық ойды зерттеуде таптық принцип бекігеннен кейін жәдидшілдік «пантүркизм мен панисламизм сияқты буржуазиялық идеяларға» негізделген, реакцияшыл ағым ретінде қарастырыла бастайды.

Түйін сөздер: қазақ даласы, жәдидшілдік, мектеп, медресе, білім беру, ағартушылық, саясат.

Baigarayev N.A.

**History of Jadidism study in
pre-revolutionary and Soviet
literature: peculiarities of
research**

In the late nineteenth century, the issue of Turkic peoples education of the Russian Empire took on a special significance. The slogan of the secular and national school became a unified and consistent appeal, an important activity of the intelligentsia, and a form of ideology of national revival, received its realization in movement «Jadidism». In the article the pre-revolutionary and Soviet researches on the policy of the Russian Empire in the development of secular and Islamic education in the Steppe, formation of jadidist ideology as a stage of educational movement in the late XIX – early XX centuries in the Kazakh nomadic society are analyzed. Tendencies and stages of studying the problem in Soviet historiography, reflecting the peculiarities of the development of Soviet historical science, in particular on the study of national movements are defined.

Key words: Kazakh steppe, jadidism, mektebe, medrese, education, enlightenment, policy.

Байгараев Н.А.

**История изучения
джадидизма
в дореволюционной
и советской литературе:
особенности исследований**

В конце XIX века вопрос образования тюркоязычных народом Российской империи приобрел особое значение. Лозунг светской и национальной школы стал единым и цельным призывом, важной сферой деятельности интеллигенции, и одной из форм идеологии национального возрождения, получившей свое оформление в движении «джадидизма». В статье анализируются дореволюционные и советские исследования по политике Российской империи в развитии светского и мусульманского образования в Степи, становление джадидистской идеологии как этап просветительского движения в конце XIX – начале XX вв. в казахском кочевом обществе. Определены тенденции и этапы изучения проблемы в советской историографии, отражающие особенности развития советской исторической науки, в частности по изучению национальных движений.

Ключевые слова: Казахская степь, джадидизм, мектебе, медресе, образование, просветительство, политика.

**РЕВОЛЮЦИЯҒА
ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ
КЕҢЕСТІК
ӘДЕБИЕТТЕРДЕ
ЖӘДИДШІЛДІКТІҢ
ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ:
ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

«Білімді ұрпақ – жарқын болашақ кепілі» деп қай халық болмасын білімді ұлықтайды және мемлекеттердің бәсекелестікке қабілеттілігі біліммен есептеледі, ал сол білімнің қазақ даласында алғаш жүйелі, модернизацияланған күйде пайда болуы мен қалыптасу тарихы қандай болды? XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамында беделді оқу орындарында, медреселерде білім алған жастар көбейіп, олар жаңаша білім алып, еуропалық ғылым мен қоғамдық-саяси өмір жетістіктерімен танысып, қазақ даласына ағартушылықтың жаңа лебін әкелуі қазақ қоғамын, мәдениетін қалыптастырудың алғышарты болады деп есептелінді. Шынында да білім берудегі реформа XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтардың рухани мәдениетінің негізгі өзегі болды. Заман ағымынан қалып қоймай, жан-жақты түрлі ғылым салаларын игеруді көздеген олардың іс-әрекеті мерзімді басылымдарда жарық көрді. Осы кезеңде Қазақстанның ағартушылық, әлеуметтік-экономикалық, саяси-идеологиялық, тұрмыстық және мәдени өмірінің көрінісі ретінде пайда болған жәдидшілдік ағартушылық сипатта болды. Сондықтан да, Қазақстандағы ағартушылықтың қалыптасуы мен даму тарихын зерттеу бүгінгі күнде өзекті тақырыптардың бірі болып отыр. Өйткені, бұл сол кезеңдегі қазақ халқының діни, мәдени және ағартушылық салаларында қалыптасқан жаңа қатынастарды зерттеуге мүмкіндік береді.

Қарастырылып отырған мәселеніекі кезеңге: революцияға дейінгі және кеңестік кезеңдегі зерттеулер деп бөлуге болады.

Қазақстанның аймақтары мен облыстарындағы халыққа білім берудің қалыптасуы мен дамуы біршама еңбектерде қарастырылған. Бір мақала көлемінде аталған мәселе бойынша барлық зерттеушілер еңбектерінде қарастырылған аспектілерді, көзқарастар мен нәтижелерді қамту мүмкін емес. Дегенмен, біз XIX соңы – XX ғасырдың басында мұсылмандық білім беру жүйесінде маңызды орын алған, сонымен қатар қазақ халқының ағартушылық өмірінде маңызды болған жәдидшілдікті өз зерттеулеріне тікелей кейде жанама нысанға алған еңбектерді қарастыруға тырысамыз. Бұл уақытта жарық көрген еңбектерді екі кезеңге бөліп қарастырамыз. Біріншісі XIX ғасырдың 80-ші жылдарынан бірінші орыс революциясына дейінгі кезең, жә-

дидшілдіктің енді ғана жанданып, өріс ала бастаған кезеңі. Патша өкіметінің орыстандыру және шоқындыру саясаты аясында мұсылман халықтарына зайырлы білімді беру жөнінде біршама зерттеу жүргізгендер А.В. Васильев [1] пен А.Е. Алекторов [2] болды.

А.В. Васильев өзінің Торғай облысындағы орысша білім беру жағдайы туралы еңбегінде Қазан, Санкт-Петербург университеттерінде оқитын қазақ балалары, оларға тағайындалған шәкіртақы, мектептегі орыс және қазақ тілінің оқытылуы жайын кезең-кезеңге бөліп қарастырады. Ол қазақ жастарына білім беру ісін айта келіп, қазақтар мен орыстардың арасын біраз уақыттан бері жалғастырушы болып келген діни сауатты татар және башқұрттардың қазақ балаларының діни біліммен саналарын улап жатқандығы жөнінде: «Қазақ даласында халықтық мектептерге сауатты мұғалімдерді даярлау керек. Өйткені қазақ жастары шала сауатты мұғалімдер мен болыс тілмаштары, қала берді башқұрт және татарлардан шыққан фанат молдалардан білім алып, кейін оларда Ресей жөнінде қате түсінік қалыптасады», - деп жазады [1, 78]. Сонымен қатар, еңбегінің соңында қазақ даласындағы мектеп, медреселер, ондағы сабақ барысы, іс жүргізу, оқытушылар туралы мәліметтер, оқушылар мен оқытушыларды мектептерге бөліп орналастыру бойынша диаграмма мен кестелер беріледі.

Қарастырылып отырған кезеңде Қазақстандағы ағартушылықтың, соның ішінде Бөкей Ордасындағы, Торғай, Ақмола мен Семей облыстарындағы қазақтардың білім алуы бойынша мол мәлімет беретін еңбектің авторы А.Е. Алекторов [2]. Ол қазақ тілін, қазақ халқының тарихын жақсы білген, қазақ жерінде халық ағарту ісін қалыптастырушылардың бірі болған, әсіресе Бөкей Ордасында училище инспекторы қызметінде жүргенде біршама мәліметтер жинап, Батыс аймақтардағы білім беру бойынша фактілік материалдарды еңбектерінде молынан берген.

Патша өкіметінің түркі халықтарын, соның ішінде қазақтарды орыстандыру саясатының белді өкілдері мен миссионер-ғалымдары Н.И. Ильминскийдің, Н.П. Остроумовтың зерттеулерінің басты бағыты айқын болғанымен, түпкі мақсатында нені көксегені бұл күнде белгілі болып отыр. Мәселен, «Н.И. Ильминский жүйесі» немесе «Н.И. Ильминский әліпбиі» атымен танымал болған миссионер-ағартушы Ильминскийдің революцияға дейінгі жылдарда қазақ даласын діни және рухани отарлауға арналған бірнеше еңбегі жарық көрді [3]. Бұл еңбектерде қазақтардың сауаттылығы, қазақ жеріндегі оқу-

ағарту ісінің жүзеге асырылуы, барысы бойынша мәліметтер бар, бірақ бұл еңбектер негізінен патша өкіметінің мүддесіне сай жазылғандықтан да сол кезеңдегі қазақ халқына рухани салада жасалған қиянаттары көрсетілмеген, ол тек уақыт өте келе қазіргі таңда мұрағат деректері бойынша ғана тарихи шындық тұрғысында қайта қарастырылуда.

Осы сарындағы «Очерк развития народного образования в Туркестанском крае» және «Положение инородческого образования в Сыр-Дарьинской области» еңбектерінің авторы С.М. Граменицкий өз еңбектерінде [4] орыс халқының «Ұлылығы» мен «өркениеттілік миссиясын» баса көрсетіп, орыс емес халықтардың білім алуы мен оның жүзеге асырылуы жағдайын қарастырады. Негізінен халықты ағарту жағдайын Сырдария облысы бойынша сипаттайды.

1917 жылға дейінгі Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі мен білім беру мекемелерінің тарихының бастауын орыс зерттеушілері мен саяхатшыларының еңбектерінен аламыз. Біз қарастырып отырған кезеңдегі саяхатшылар мен этнографтардың еңбектері фактілік мәліметтердің болуымен құнды. Көбіне бұлар этнографиялық зерттеулер: саяхат күнделіктері, жол жазбалары мен очерктер. Сондай еңбектердің бірі М.И. Красовскийдің Ресей географиясы мен статистикасы үшін Сібір қырғыздарының облысынан жинақталған мәліметтері [5], онда Далалық өлкенің жергілікті көшпелі қазақ және орыс халықтары туралы, қалалары мен оның тұрғындары, мәдени-рухани өмірі, тұрмысы мен шаруашылығы, орналасуы туралы мәліметтер беріледі.

Орыс зерттеушілері мен саяхатшыларының еңбектерімен қатар XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесі мен білім беру мекемелері жөніндегі мәліметтерді қазақтан шыққан алғашқы ағартушылар Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин және Абай Құнанбаевтардың еңбектерінен [6] аламыз. Қазақ халқының мәдениеті мен ағартушылығын дамытуға көп үлес қосқан ағартушы-демократ Ш. Уәлиханов болатын, ол Қазақстан мен Орта Азия халықтарының артта қалуының басты себебі монархиялық тәртіп пен ислам діні деп түсінді, бұқара халықтың аяусыз қаналып отырғанын көре білді, халықтың тілегімен санасып, мүддесін қорғады, сонымен қатар қазақ даласындағы басқарушылық тәртіптің өзгеруін қалады. Ол «Қырдағы мұсылмандық туралы» атты очеркінде ислам дінін қатал сынға алып, жалпы дін атаулының білім мен ғылымға, мәдениеттің дамуына кедергі келтіретінін айтып, тоқырау

мен құлдыраудың себебі болған, халықтың басын айналдырып, санасын улаған дінді орта ғасырлық идеология деп санады.

Шоқан Уәлихановтың ағартушылық көзқарастарын одан әрі дамытқан ұлы ғалым, педагог Ы. Алтынсарин болды. Жаппай қазақтардың білім алуының ауадай қажеттігін түсінген ол, қазақ мектептеріндегі зайырлы білім беру үшін күресті. XIX ғасырда Қазақстандағы мұсылмандық мектептердің артта қалушылығын сынап, діни догмамен шектелген қарапайым білім берудің орнына жаңа үлгідегі ағартушылықтың негізін қалады. Дегенмен жаңа әдісті мектептерде барлық пәндерге қосымша діни білім де оқытылды, өйткені бұл кезеңде жәдидшілдіктің қазақ даласына ықпалы болып, ол Ы. Алтынсаринге де өз әсерін тигізді. Ы. Алтынсарин орыс-қазақ мектептерінің негізін салушы, алғашқы қазақ әліпбиінің авторы және қазақ тіліндегі алғашқы оқу құралы «Қырғыз хрестоматиясын» құрастырды.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ ұлтының менталитеті, мәдениеті мен рухани қазынасының қалыптасу үдерісіне ықпал еткен ұлы ақынымыз Абай Құнанбаев болды. Кәсіби педагог болмаса да ол ағартушылықпен белсене айналысты, мұғалімдік қызмет атқарды. Қазақстан мектептеріне оқуға арналған әңгімелер жинағын жазды. Тіпті қарапайым жазу-сызуды білмейтін қазақтың өзі Абайдың өлеңдері, қара сөздері арқылы тәрбиеленіп, адамгершілікке, білім мен ғылымға ұмтылды. Текті жерден шыққанына қарамастан қарапайым халыққа жақын болды, әр сөзінде білім арқылы алынбайтын белестерді жеңуге шақырып отырды.

Екінші кезең, 1905-1907 жылдардағы революциядан 1917 жылғы революцияға дейінгі аралықта жарық көрген еңбектер, онда жәдидшілдік мектептік реформа аясынан кеңірек танылып, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени сипат алып мұсылман халықтары тарапынан үлкен қолдауға ие болады.

XX ғасыр басында қазақ даласын орыстандыру және шоқындыру жөніндегі ұсыныстар біршама еңбектерде көрініс береді. Атап айтқанда, Түркістан өлкесіндегі халықтардың діни, рухани өмірін зерттеуге, оларды орыстандыруға бағытталған бағдарламалар дүниеге келеді. Бұл бағытта жақсы жұмыс атқарған миссионер Н.П. Остроумов [7] қазақ халқының діни танымына, мұсылманшылыққа көзқарасын зерттеу арқылы, алынған нәтижеге сүйеніп қазақтарды шоқындыруды іске асыруды көздеген.

С.М. Граменицкийдің қызметі туралы 1912 жылдың күзінде Түркістан өлкесіндегі мектеп, медресе мен училищелердің жағдайымен танысуға барған Ильминскийдің ісін жалғастырушы Н.А. Бобровников өзінің «Русско-туземные училища, мектебы и медресы Средней Азии: Путевые заметки» [8] атты еңбегінде орыс-түземдік училищедегі орыс тілін оқыту бағдарламасы мен әдісін қарастыра келе көбінде осы Граменицкий тәжірибесіне сүйеніп Түркістан өлкесіндегі мектептерді сипаттайды. С.М. Граменицкийдің «Мектепте араб, парсы тілдері оқытылатынын, осыған қоса орыс транскрипциясын енгізу сабақты қиындатып, жергілікті халықтың наразылығын тудыруы мүмкін» дегеніне қарамастан, оның 4 жылдық білім беру бағдарламасын құптап, орыс тілін мектеп табалдырығын аттаған 1-ші жылдан оқыту дұрыс деген шешімге келеді.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші ширегінде Орта Азия мен Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде үлкен із қалдырған, Орал мен Еділ бойы халықтарының мәдениеті мен тарихын зерттеген, ағартушылықпен айналысқан дінтанушы Ризаитдин Фахретдин еңбегінде [9] мүфтилер мен қадийлер патшаға бағынышты шенеуніктер ретінде сынай қарады, жәдидшілдіктің Еділ мен Орал бойына таралуының саяси алғышарттарын, сонымен қатар ислам дінінің және оның институттарының тарихы жайында деректерді жинастыру мен зерттеуге көп күш салды.

Сонымен, революцияға дейінгі кезеңде жарық көрген еңбектерде халық ағарту ісінің дамуы бойынша мол зерттеулер жасалынғанын көреміз, сол арқылы қазақ даласының рухани-мәдени дамуы патшалық Ресей саясатының аясында дамығанын, бұл кезеңдегі жарияланымдарда қазақ жеріндегі мектептердің, соның ішінде жаңа әдісті мектептердің рөлін төмендетіп, орысша білім берудің прогрессивті маңызды етіп көрсеткеніне көз жеткіземіз. Бұл кезеңде ұлттық мүддені қорғау мақсатында түркі тілдес халықтардың, солармен бірге қазақтардың өткен дәуірлердегідей бірлесе әрекет жасауы, атап айтқанда ағартушылық жұмысын жүргізуге талпынысын назардан тыс қалдыруға әкеліп соқтырды. Мәселе ғылыми әдебиеттерде айтыла қалған жағдай да, оны ұлтшылдықтың, түрікшілдіктің көрінісі ретінде бағаланды, нәтижесінде түрікшандық ұлттық саяси элита өкілдерінің XX ғасыр басында атқарған қоғамдық-саяси, ағартушылық қызметі объективті бағаға ие бола алмады. Патшалық билік түркі халықтарын бір-бірінен алшақтатуға тырысты.

Кеңестік тарих ғылымында даосындай ұстанымның астары жалғасын тапты десек артық айтпаған болармыз. Кеңестік дәуірде тарихи әдебиеттерде «жәдидшілдіктің» зерттелуін бірнеше кезеңге бөліп қарастырсақ болады. Алғашқы кезеңі, XX ғасырдың 20- жылдары, бұл кезеңде жәдидшілдік тарихын негізінен жәдидтердің өздері жазды. Олардың ішінде маңыздысы Ортаазиялық жәдидшілдік өкілдерінің еңбегінен Садриддин Айни (1878-1954) мен Файзулла Ходжаевтарды (1896-1938) атасақ болады. Олар, өз еңбектерінде негізінен Бұқара әмірлігіндегі жәдидшілдіктің сипатын көрсетеді. Мәселен, С. Айни алғашында жәдидшілдікті мәдени-ағартушылық демократиялық қозғалыс десе, кейіннен таптық тұрғыда ұлттық буржуазиялық қозғалыс деп қарастырған.

Қазақ ұлтынан ағартушылық туралы XX ғасырдың 20-30-жылдарында зерттеу жүргізген еңбек авторлары белгілі ұлт зиялылары С. Асфендияров пен М. Тынышбаевтар болды. Олар білім беру саласындағы патша өкіметінің отарлық саясатын әшкерелеп жазды, нәтижесінде репрессияға ұшырап, еңбегі ғылыми айналымнан алынып тасталды [10].

Бұдан кейін тақырыпқа қатысты зерттеулер біраз уақытқа тоқтап қалды. Кеңестік дәуірдегі Қазақстанда жәдидшілдік, көрінісі мен дамуы, оның апологеттері жөніндегі еңбектер жоқтың қасы. Өйткені бұл кезеңде ғылыми зерттеулер коммунистік партия саяси *конъюнктура*-сымүддесіне сай қарастырылды. XX ғасырдың 30-60-жылдары аралығында тақырып көлемінде зерттеулердің жүргізілмеуі негізінен түсінікті де, өйткені алдымен 1930 жылдардағы кеңестік саяси науқан, одан кейін Ұлы Отан соғысы, әдебиеттің де тарихында назарында соғыс, соғыс аяқталғаннан кейінгі кезеңдегі бейбіт өмірді қалпына келтіру тақырыптары, ал 1950-ші жылдардағы Одақтас республикалардың тарихы мен әдебиетіне деген кеңестік биліктің қатаң көзқарасы бірде-бір зерттеушіге өз ұлтының тарихы мен әдебиеті, мәдениеті мен ұлт зиялылары туралы қалам тартуға мүмкіншілік бермеді. Тек, 1956 жылы ақпан айында өткен партияның XX съезі Сталиннің жеке басына табынушылықты айыптап, оның зардаптарын жоюды, тарих, әдебиет пен өнер мәселелеріне көп көңіл бөлуді тапсырды. Осы кезең тарихқа «Жылымық жылдар» деген атпен енді де, ұлттық республикалардың құқығы біршама кеңейтілгеннен кейін тақырыптың қарастырыла бастауының екінші кезеңі, яғни 1960-1980 жылдардағы зерттеулер жарыққа шықты. Бұл кезеңде Орта Азия халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты еңбектерде

жәдидшілдік жаңа қырынан қарастырыла бастады, зерттеулерде «жәдидшілдік» ағартушылық формасында айқындалды.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан мектептері мен ағартушылығына арналған қомақты зерттеулердің бірі Т.Т. Тәжібаевтың еңбегі болды, онда мұрағат мәліметтері негізінде алғаш рет XIX ғасырдағы Қазақстандағы жалпы және кәсіби-техникалық білім беру жүйесін толық қарастырады. Әр облыс мектептеріне тән өзіндік ерекшеліктерін ашып, үлкендерді оқытатын мектептер (мұсылмандық және шіркеулік) туралы мәліметтер де берілген [11]. Бірақ көптеген кеңестік ғалымдар сияқты Т.Т. Тәжібаевта өз зерттеулерінде большевиктік идеология ықпалынан асып кете алмай, жәдидшілдік тақырыбына тереңдеп бара алмады.

Сондай зерттеушілердің қатарында К. Бержановты атауға болады, ол өзінің «Русско-казахское содружество в развитии просвещения: историко-педагогическое исследование» атты еңбегінде өзіне дейінгі авторлар сияқты орыс ағартушылығына оң баға береді. Мәселен, Орынбор мектебі қызметін қарастыра келе ол, орысша білім алған қазақ жастарының жаңа легі қалыптасқанын, олардың жергілікті халыққа орысша білім беруде оң ықпалын жазады. Кітаптың басынан аяғына дейін орысша білім берушілердің конфессиялық мектептермен, әсіресе мұсылмандық мектептермен күресі қызметіне оң баға береді [12].

Негізінен еңбектерін таптық тұрғыда қарастырып, қойылған талаптарды сақтап, орыс халқының ілгерілік орнын көрсеткен еңбектер ғана жарияланды.

Осы позицияда жарияланған зерттеулер қатарынан, ағартушылықты қарастырған еңбектердің авторлары А.И. Сембаев пен Г.М. Храпченковтарды атасақ болады [13]. Олар Қазақстанның Батыс облыстарындағы білім берудің дамуын жалпылама, Бөкей Ордасындағы ағарту ісі бойынша сандық және сапалық мәліметтер берумен шектеледі. Мектеп жүйесінің сипаты халыққа қарсы бағытталған дегенге тоқталып, ұлттық мектептердің жағдайын баяндай отырып, бұл мектептердегі кемшілікті бірнеше ведомстваларға: Халық ағарту министрлігіне, Ішкі істер министрлігіне, Жол қатынастар министрлігіне және т.б. бағынатындығынан деп көрсетеді. Орыс-қазақ мектептеріндегі материалдық жағдай сыналады. Мектептердегі орысша білім беру ісіне ғана оң баға беріледі.

XX ғасырдың екінші жартысында Н. Сабитов өзінің еңбегінде қазақ мектебі мен медресесінің

қызметін көрсетіп, революцияға дейінгі кезеңде қазақ балалары үшін ашылған орыс мектептері туралы мәліметтер береді. Ондағы мұсылман мектептерінің қызметі, мағынасыз жаттанды білім беру, пассивті оқушылар, дене жазалары және т.б. мәселелер таптық тұрғыда қарастырылған, мектеп пен медресе қызметін халықты нағыз өмірден алшақтату сипатында теріс көрсетілген. Ұсақбуржуазия ортасынан шыққан жәдидшілдік, мектептер мен медреселерде жаңа әдістік оқытудың жақтастары панисламизм мен пантүркизмнің идеологтары және оның таратушылары деп қарастырылады [14].

Тарихнамалық тұрғыда бағалы болып табылатын тарихи-демографиялық еңбектердің авторларынан И.М. Богданов, Н.В. Алексеченко, Е.С. Самойлов, Х.С. Смаиловтарды [15] атасақ болады. Олар жалпы КСРО-дағы ағартушылықты қарастырғанда қазақ жеріндегі ағартушылықты да қарастырып кеткен.

Түркі тілді халықтарда ағартушылық қозғалысын татар халқының қоғамдық-саяси ойларын басқа халықтармен, атап айтқанда қазақтармен байланыстыра отырып қарастырған ғалым Р.И. Нафигов болды. Ол Татарстан Орталық мемлекеттік мұрағатының құжаттық мәліметтерін ғылыми айналымға енгізді, онда негізгі акцентті Қазандағы қазақ және татар студенттерінің қарым-қатынасына қатысты мәліметтерге жасайды [16].

С.З. Зиманов өзінің «Россия и Букеевское ханство» атты монографиясында XIX ғасырдың екінші жартысындағы Бөкей хандығындағы ағартушылық пен рухани мәдениет тарихына біршама тоқталған [17].

Орталық және Солтүстік-Шығыс Қазақстандағы халыққа білім берудің қалыптасуы мен даму тарихын қарастырған еңбектердің ішінде Ж.Қ. Қасымбаевтың еңбегін атауға болады. Ғалымның еңбегінде халықтық ағартушылық ісінде діни мектеп пен медреселердің қызметіне жаңаша тұрғыда талдау жасалады [18].

Сонымен, кеңестік кезеңде жарық көрген зерттеулердің басым көпшілігінде Ресейдің шет-

кері аймақ елдерінің халық ағарту ісі бір жақты маркстік-лениндік идеология тұрғысында қарастырылғанына көз жеткіздік. Өйткені бұл идеология XX ғасырдың алғашқыширегінде-ақ кеңестік тарих ғылымының методологиялық базасы ретінде қабылданды. Маркстік-лениндік ілімге сәйкес дүниежүзілік тарихи үдеріс қоғамдық-экономикалық формациялардың бірінен соң бірін алмастыруы ретінде түсіндірілді. Кеңестік тарих ғылымындағы бұл формациялық ұстанымның тарихи үдерісті зерттеудегі бірден-бір ұстаным ретінде орнығуы, өзге теорияларды теріске шығаруы, елдегі ғылыми зерттеулерге де өзіндік зиянын тигізді, яғни кез-келген бір елдің немесе халықтың тарихи дамуындағы эволюциялық үдерісі еленбей, тап күресіне ерекше назар аударылды, революциялық даму абсолюттендірілді. Соның салдарынан тарих ғылымындағы көптеген мәселелер зерттеу аясынан тыс қалды. Соған сәйкес, XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы ағартушылық-феодалдық даму сатысындағы халықтардың қарабайыр ағартушылығы ретінде түсіндірілді.

Қазақстандағы зайырлы халықтық ағарту ісінің қалыптасуы, дамуы, мектептері мен медреселердегі оқыту жүйесі, патшалық Ресейдің мұсылман халықтарының ағартушылығына деген көзқарасы мен түпкі саясатын революцияға дейінгі және кеңестік зерттеулердегі қарастырылуын жалпы бір сөзбен қорытындылайтын болсақ, негізгі тұжырым сол, революцияға дейінгі жазылған этнографтардың еңбектеріндегі мәліметтер сол қоғамның мәдени-рухани, әлеуметтік өмірінен мол мәліметтер береді, ал қазақ даласына ағартушылықты таратушы миссионерлердің еңбектерінен патшалық Ресейдің шеткері аймақтың түркі-мұсылман халықтарына қатысты отаршылдық көзқарасын байқасақ, кеңестік кезең де жарық көрген зерттеулерде тек бір жақты, Ресейдің артта қалған бұратана халықтарға білім беруі мен ағартушылық саясатына «оң баға» берілгеніне көз жеткіземіз.

Әдебиеттер

1 Васильев В.В. Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние. – Оренбург: Типо-литография П.Н. Жаринова, 1896. – с. 226.; Тургайские областные ведомости и Тургайская газета: К двухсотлетнему юбилею русской прессы // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып. XII. – Оренбург: Типография Н.Г. Волкова, 1903. – С. 107-119.

2 Алекторов А.Е. Очерк народного образования в Тургайской области. Летопись. – 1844-1898 гг. – Оренбург, 1900. – Вып. 3. – С. 234.; Из истории образования среди киргизов Акмолинской и Семипалатинской областей. // Журнал Министерства народного просвещения, 1905. – № XII. – С. 36. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. Казань: Типо-лит. имп. ун-та, 1900. – 983 с.

- 3 Ильминский Н.И. Из переписки по вопросу о применении русского алфавита к инородческим языкам. – Казань: Тип.император.унив-та, 1883. – С.49.; Ильминский Н.И. Извлечения из писем к Н.П. Остроумову (Первое приложение к статье П.В. Знаменского, Прав.Собес., 1900). – Казань, 1900. – С.84.
- 4 Ильминский Н.И. Воспоминания об И.А. Алтынсарине, инспекторе киргизских школ Тургайской области. Казань, 1891. – 247 с.
- 5 Граменицкий С. Очерк развития народного образования в Туркестанском крае. Составил инспектор народных училищ Туркестанского края 1-го района С. Граменицкий. – Ташкент: Типо-литография Торгового дома «Ф и Г. бр. Каменские», 1896. – 75 с.
- 6 Красовкий М.И. *Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Область сибирских киргизов.* – Т. 16. – Ч. 3. – СПб., 1868. – 264 с.
- 7 Валиханов Ч.Ч. О мусульманстве в степи // Собрание сочинений. – Алма-Ата, 1985. – Т.4. – С. 71-76.
- 8 Азбука ислама. – Алматы: Фараби-энциклопедист, 2000. – 280 с.
- 9 Алтынсарин И. Собрание сочинений. – Алма-Ата: Наука, 1978. – Т.3. – 352 с.
- 10 Остроумов Н.П. Мусульманские мектебы и русско-туземные школы в Туркестанском крае // Министерство Народного Просвещения. – 1906. – Ч.1. Мусульманские мактабы и русско-туземные школы в Туркестанском крае. // Туркестанский сборник. – Т.418. – Ташкент, 1907. – С.50.
- 11 Бобровников Н.А. Русско-туземные училища, мектебы и медресы Средней Азии: Путевые заметки. – Санкт-Петербург: Сенат. тип., 1913. – 90 с.
- 12 Фахретдин Р. Асар. Т. 1. Ч.1. Казань, 1900.; Асар. – Оренбург, 1901-1909. – Т. 1. – Ч. 2-8; – Т.2. – Ч. 11-15.
- 13 Асфендияров С. История Казахстана. 2-е издание. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – 304 с.
- 14 Тынышпаев М. История казахского народа. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – 224 с.
- 15 Тажибаев Т.Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века. – Алма-Ата: КГИ, 1962. – 507 с.
- 16 Развитие просвещения и педагогической мысли в Казахстане во второй половине 19 века. – Алматы: АПН КазССР, 1958. – 98 с.
- 17 Бержанов К. Русско-казахское содружество в развитии просвещения: историко-педагогическое исслед. – Алма-Ата: Казахстан, 1965. – 343 с.
- 18 Сембаев А.И., Храпченков Г.М. Очерки по истории школ Казахстана (1901- 1917 гг.). – Алма-Ата: Мектеп, 1972. – 164 с.
- 19 Сабитов Н. Мектебы и медресе у казахов. – Алма-Ата, 1950. – 42 с.
- 20 Против реакционной идеологии ислама // Вестник АН КазССР. – 1951. – №11. – С. 36-46.
- 21 Против реакционной идеологии панисламизма и пантюркизма // Вестник АН КазССР. – 1949. – № 5. – С. 65-74.
- 22 Русско-киргизские школы // Вестник АН КазССР. – 1949. – № 7. – С. 74-79.
- 23 Богданов И.М. Грамотность и образование в дореволюционной России и в СССР. – М., 1964.
- 24 Статистика культуры. – М., 1950.
- 25 Алексеев Н.В. Население, дореволюционного Казахстана. – Алма-Ата, 1981.
- 26 Самойлов Е.С. Население и образование. – М.: Статистика, 1978. С.140.
- 27 Томина В.П. Уровень образования населения СССР – М., 1981.
- 28 Салимов Х.С. Население Средней Азии. – Ташкент, 1975.
- 29 Нафигов Р.И. Формирование и развитие передовой татарской общественно-политической мысли. – Казань: Изд-во Казан.ун-та, 1964. – 446 с.
- 30 Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство. – Алма-Ата: Наука, 1982. – 172 с.
- 31 Касымбаев Ж.К. Города Восточного Казахстана в 1861-1917 годах. Алма-Ата: 1990.
- 32 Были ли мектебе и медресе очагами суеверия и фанатизма? // Вечерняя Алма-Ата, 31 мая 1991.

References

- 1 Vasil'ev V.V. Istoricheskij ocherk russkogo obrazovaniya v Turgajskoj oblasti i sovremennoe ego sostojanie. – Orenburg:Типо-литография Р.Н. Zharinova, 1896. – с. 226.; Turgajskie oblastnye vedomosti i Turgajskaja gazeta: K dvuhstoletnemu jubileju russkoj pressy // Trudy Orenburgskoj uchenoj arhivnoj komissii. Vyp. III. – Orenburg: Tipografija N.G. Volkova, 1903. – S. 107-119.
- 2 Alektorov A.E. Ocherk narodnogo obrazovaniya v Turgajskoj oblasti. Letopis'. – 1844-1898 gg. – Orenburg, 1900. – Vyp. 3. – S. 234. Iz istorii obrazovaniya sredi kirgizov Akmolinskoj i Semipalatinskoj oblastej. // Zhurnal Ministerstva narodnogo proshhhenija, 1905. – № III. – S. 36. Ukazatel' knig, zhurnal'nyh i gazetnyh statej i zametok o kirgizah.Kazan':Типо-лит. imp. un-та, 1900. – 983 с.
- 3 Il'minskij N.I. Iz perepiski po voprosu o primenenii russkogo alfavita k inorodcheskim jazykam. – Kazan': Tip.imperator. univ-та, 1883. – S.49.; Il'minskij N.I. Izvlecheniya iz pisem k N.P. Ostroumovu (Pervoe prilozhenie k stat'e P.V. Znamenskogo, Prav. Sobes., 1900). – Kazan', 1900. – S.84.
- 4 Il'minskij N.I. Vospominaniya ob I.A. Altynsarine, inspektore kirgizskih shkol Turgajskoj oblasti. Kazan', 1891. – 247 s.
- 5 Gramenickij S. Ocherk razvitija narodnogo obrazovaniya v Turkestanskomkrae. Sostavil inspektor narodnyh uchilishh Turkestanskogo kraja 1-go rajona S. Gramenickij. – Tashkent: Типо-литография Торгового дома «F и G. br. Kamenskie», 1896. – 75 s.
- 6 Krasovkij M.I. Materialy dlja geografii i statistiki Rossii, sobrannye oficerami general'nogo shtaba. Oblast' sibirskih kirgizov. – T. 16. – Ch. 3. – SPb., 1868. – 264 s.

- 7 Valihanov Ch.Ch. O musul'manstve v stepi // *Sobranie sochinenij*. – Alma-Ata, 1985. – T.4. – S. 71-76.
- 8 Azbuka islama. – Almaty: Farabi-jenciklopedist, 2000. – 280 s.
- 9 Altynsarin I. *Sobranie sochinenij*. – Alma-Ata: Nauka, 1978. – T.3. – 352 s.
- 10 Ostroumov N.P. Musul'manskije mekteby i russko-tuzemnye shkoly v Turkestanskom krae // *Ministerstvo Narodnogo Prosveshhenija*. – 1906. – Ch.1. Musul'manskije maktaby i russko-tuzemnye shkoly v Turkestanskom krae. // *Turkestanskij sbornik*. – T.418. – Tashkent, 1907. – S.50.
- 11 Bobrovnikov N.A. Russko-tuzemnye uchilishha, mekteby i medresy Srednej Azii: Putevye zametki. – Sankt-Peterburg: Senat. tip., 1913. – 90 s.
- 12 Fahretdin R. Asar. T. 1. Ch.1. Kazan', 1900.; Asar. – Orenburg, 1901-1909. – T. 1. – Ch. 2-8; – T.2. – Ch. 11-15.
- 13 Asfendijarov S. *Istorija Kazahstana*. 2-e izdanie. – Alma-Ata: Kazak universiteti, 1993. – 304 s.
- 14 Tynyshpaev M. *Istorija kazahskogo naroda*. – Alma-Ata: Kazak universiteti, 1993. – 224 s.
- 15 Tazhibaev T.T. *Prosveshhenie i shkoly Kazahstana vo vtoroj polovine XIX veka*. – Alma-Ata: KGI, 1962. – 507 s.
- 16 *Razvitie prosveshhenija i pedagogicheskoj mysli v Kazahstane vo vtoroj polovine XIX veka*. – Almaty: APN KazSSR, 1958. – 98 s.
- 17 Berzhanov K. *Russko-kazahskoe sodruzhestvo v razvicii prosveshhenija: istoriko-pedagogicheskoe issled.* – Alma-Ata: Kazahstan, 1965. – 343 s.
- 18 Sembaev A.I., Hrapchenkov G.M. *Ocherki po istorii shkol Kazahstana (1901- 1917 gg.)*. – Alma-Ata: Mektep, 1972. – 164 s.
- 19 Sabitov N. *Mekteby i medrese u kazahov*. – Alma-Ata, 1950. – 42 s.
- 20 *Protiv reakcionnoj ideologii islama* // *Vestnik AN KazSSR*. – 1951. – №11. – S. 36-46.
- 21 *Protiv reakcionnoj ideologii panislamizma i pantjurkizma* // *Vestnik ANKazSSR*. – 1949. – № 5. – S. 65-74.
- 22 *Russko-kirgizskie shkoly* // *Vestnik AN KazSSR*. – 1949. – № 7. – S. 74-79.
- 23 Bogdanov I.M. *Gramotnost' i obrazovanie v dorevoljucionnoj Rossii i v SSSR*. – M., 1964.
- 24 *Statistika kul'tury*. – M., 1950.
- 25 Alekseenko N.V. *Naselenie, dorevoljucionnogo Kazahstana*. – Alma-Ata, 1981.
- 26 Samojlov E.S. *Naselenie i obrazovanie*. – M.: Statistika, 1978. S.140.
- 27 Tomina V.P. *Uroven' obrazovanija naselenija SSSR* – M., 1981.
- 28 Salimov H.S. *Naselenie Srednej Azii*. – Tashkent, 1975.
- 29 Nafigov R.I. *Formirovanie i razvitie peredovoj tatarskoj obshhestvenno-politicheskoj mysli*. – Kazan': Izd-vo Kazan.un-ta, 1964. – 446 s.
- 30 Zimanov S.Z. *Rossija i Bukeevskoe hanstvo*. – Alma-Ata: Nauka, 1982. – 172 s.
- 31 Kasymbaev Zh.K. *Goroda Vostochnogo Kazahstana v 1861-1917 godah*. Alma-Ata: 1990.
- 32 *Byli li mektebe i medrese ochagami sueverija i fanatizma?* // *Vechnaja Alma-Ata*, 31 maja 1991.

Бисенбаев П.
**Иса-Досан көтерілісінің тарихи
жырлардағы көрінісі**

Маңғыстау өлкесіндегі Тәжіұлы Досан мен Тіленбайұлы Иса бастаған Ұлт-азаттық қозғалысы туралы Отан тарихында, жекелеген монографиялық еңбектерде аз айтылған жоқ. Соның бәрінде үш жылға созылған көтерілістің түпкі себептері, мән-жайы терең тексеріледі. Осы оқиғаның тарихи-фольклорлық үлгілердегі көрінісін зерттеп, жыр нұсқаларын жинауға қатысқан әдебиетшілер қауымы да көтеріліс тарихын тың мәліметтермен толықтыруға атсалысты. Автор осы мақаласында ғалымдардың көтеріліске байланысты айтқан пікір-тұжырымдарын үнемі назарда ұстап, Сәттігүл ақын жырлаған дастанның бастапқы, кейінгі нұсқаларын бөліп-жармай түгел пайдаланады. Зерттеуші, негізінен, жыр оқиғасының тарихи шындықпен өзара байланысына көңіл аударады. Бұл тарапта мұрағат деректері де, қолжазба материалдары да кәдеге асып жатқанына көз жеткіземіз. Жалпы алғанда, мақала өзегіне айналған шығарма тарихи жырлардың қуаты желісі беріге дейін сақталып, жалғасып, дамып келгендігін көрсетеді. Сонымен бірге мұнда тарихи жыр жанрының болмыс-бітіміне ене бастаған жаңалықтар мен тың нышандар да көрініс береді.

Түйін сөздер: фольклор, дерек, нұсқа, жыр, автор, жанр, мотив, оқиға, шындық, бейне, тартыс.

Bissenbaev P.
**Revolt picture of Isa and Dosan
in historical songs**

About the national liberation movement begun in Mangistau under the leadership of Tazhiuly Dosan and Tlenbayuly Isa both in national history, and in separate monographic researches it is told much. The deep reasons of the revolt lasting for three years are investigated. Having studied pictures of this event in historical and folklore samples, the literary critics who were taking part in collecting of versions of this historical song considerably added with the facts history of this revolt. Having paid the attention to opinions and conclusions of scientists about revolt, the author of this article completely uses early and late options of dastan executed by the akyn Sattigul. The researcher, generally paid special attention in touch to historical reality with the events described in the historical song. We are convinced: this party of research is useful both to archival materials, and to written manuscripts. If to take in general, article describes how, having kept power of the historical song in its core, work receives continuation in the subsequent development. Together with it gains the further development and a genre of the historical song, and its new elements, and symbol depth.

Key words: folklore, archival document, option, historical song, author, genre, motive, event, reality, image, fight.

Бисенбаев П.
**Картина восстания
Исы и Досана
в исторических песнях**

О национально-освободительном движении, начатом в Мангистау под руководством Тажиулы Досана и Тленбайулы Исы, как в отечественной истории, так и в отдельных монографических исследованиях сказано не мало. Исследованы глубокие причины восстания, длившегося в течение трех лет. Изучив картины этого события в историко-фольклорных образцах, литературоведы, принимавшие участие в собирании вариантов этой исторической песни, значительно дополнили фактами историю этого восстания. Обратив свое внимание на мнения и выводы ученых о восстании, автор этой статьи полностью использует ранние и поздние варианты дастана, исполненного акыном Саттигулом. Исследователем, в основном, обращено особое внимание на связи исторической действительности с событиями, описываемыми в исторической песне. Мы убеждены: эта сторона исследования полезна как для архивных материалов, так и для письменных рукописей. Если взять в целом, статья описывает, как, сохранив мощь исторической песни в ее сердцевине, произведение получает продолжение в своем последующем развитии. Вместе с ним получает свое дальнейшее развитие и сам жанр исторической песни, и его новые элементы, и глубина символа.

Ключевые слова: фольклор, архивный документ, вариант, историческая песня, автор, жанр, мотив, событие, действительность, образ, борьба.

**ИСА-ДОСАН
КӨТЕРІЛІСІНІҢ
ТАРИХИ ЖЫРЛАРДАҒЫ
КӨРІНІСІ**

«Досан батыр» жырын 1939 жылы халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылов шығарған. Сол шығарма 1942 және 1952 жылдары қайта өңделеді.

Тәжіұлы Досан батыр мен Тіленбайұлы Иса бастаған халық қозғалысы Сәттіғұл Жанғабылов туып-өскен жерде – Маңғыстау өлкесінде өтеді. Оның әкесі Жанғабыл Досан туралы да, көтеріліс жайында жақсы білген. Осы жерде мына бір естелік әңгімені де тоқталып өткен жөн ғой дейміз: «Досан батыр жерленгеннен кейін Жанғабыл құрдасы Ожырды үйіне ертіп барды. Барса, бұлар жолда жүргенде Жанғабылдың әйелі босаныпты. Жайланып отырғаннан кейін Жанғабыл Ожырға:

– Бұл екеуімізге де бірдей бала. Баланың атын қойып кет! – дейді. Сонда Ожыр:

– Досекең бастаған біздің ісіміз сәтсіз аяқталды ғой. Енді осы балалардың ісі сәтті бола ма екен, атын Сәттіғұл деп қояйық! – депті» [1, 71]. Бұл оқиға жөнінде көзі тірісінде Сәттіғұл ақынның өзі де айтыпты. Демек, Сәттіғұл Жанғабылов Досан батыр жырын өзі жақсы білетін көтеріліске қатысқан адамдардың әңгімелеріне сүйеніп жазған. Ақын Иса-Досан қозғалысының ұзын ырғасын тарихи шындыққа сай бейнелейді.

Маңғыстау түбегіндегі Адай елінің биі Бәймәмбет әкелген патша жарлығы Досан бастаған халықтың отарлаушылар саясатына деген наразылығын тудырған. Орыс үкіметінің тағайындаған адамы Бәймәмбет те, патшалық әкімдері де қарапайым жұрттың тағдырын ойламайды, бұл жайт 1870-1873 жылдардағы Ұлт-азаттық көтерілісінің тұтануына түрткі болады.

Астана жұрттың данасы –
Бәймәмбет биді ақ патша
Шақырып алып кеңескен:
Жабайы жүрген елендеп
Бас ұрмай маған көнің деп.
Түсіндір барып халқыңды
Тежемей салық берің деп...
Бәймәмбет келіп патшаның
Хабарын айтты Адайға.
Амалың жоқ ететін,
Жерің жоқ қашып кететін
Көнесің деп қалайда.
Хабар естіп осындай

Жүген-құрық тимеген
Асаудай халық шошынды-ай [2, 27].

Осында халықтың орыс отаушыларына наразы болып, қолына қару алып көтерілуінің түпкі себебі де анық айтылған. Әлеуметтік, ұлттық қанауға қатар тап болған Адай руы әділетсіздіктің ауыр зардаптарын тартқан, сондықтан қаруланып қарсылық көрсетуге мәжбүр болған. Осы жағдай мына өлең жолдарында өрнектелген:

Хиуаға қарай бет түзіп,
Ойлаған халық босуды-ай.
Полковник уезд Рукин
Әскерін ертіп бұл шықты,
Жібермей алдын тосуға-ай.
Сайланып құрал-қарумен
Елге шықты аралап,
Сексен солдат составы [26, 28].

Атап өтерлік бір мәселе – жырда қарапайым халықтың өкілі саналатын Досан Тәжиевтің ерлігі айрықша аталады. Әсіресе, оның Ұшауыздағы соғыста сіңірген еңбегі ерекше көрінеді. Бораған оққа қарамай жауына жалғыз шапқан Досан Рукинді найзасымен шаншып өлтіреді. Майдан даласында Бәймәмбет би мен сексен солдат, бір ояз қаза табады. Найзасын қанға суарып, ерліктің неше үлгісін көрсеткен Досан халық арманын орындауға туған батыр болып танылады. Сөйтіп оның бейнесі эпикалық дәріптеу жолымен жасалған. Нақты деректерге құрылып, негізінде тарихи эпос үлгісінде сомдалған Досан батыр тұлғасы әсерлі шыққан. Ақын Сәттіғұл Жанғабылұлы оның тәуелсіздік жолындағы күресте атқарған қызметінің жалпы бітімін жинақтай алған.

Досан батыр бастаған жігіттер жеңіліс тауып, артынан Ламакиннің жазалаушы әскері түскенде көтерілісшілерге Хиуа ханы да пана бола алмайды. Қаша соғысып, жауына тұтқиылдан шабуылдап әртүрлі амал-әдіс қолданған Досан сарбаздары жанкештілікпен шайқасады. Осы шайқасты көзімен көрген Граф Кутаисов былай деп жазады: «...Өлке түгелімен көтерілген, қарусыз бір адам жоқ... Көп шығынға ұшырағандарына қарамастан олардың тіпті еңсесі де түскен емес. Олар төтенше күшті, үлкен шешімге келген. Бірақ тек, Құдайға шүкір, нашар қаруланған. Олармен алғаш кездескенде тіпті шошып кеттік. Олардың бірдебіреуі қанша атсақ та құламайды. Шауып келеді, шауып келеді. Өлісі қайсы, тірісі қайсы – айырып болар емес. Сөйтсек, олар ердің үстіне өздерін таңып алады екен, адам шошырлық аласапыран. Мұндай қиянкескі ұрыста әскерлердің бас-аяғын жинап ұстау да қиын болды» [1, 32].

Қиын-қыстау кездерде, елінен ауып шыққан күндерде Досан батырдың жанынан табылған жауынгер досы Иса екеуінің диалогы нәзік толғаныстарымен шығарманың реалистік бояуын қалыңдата түскен. Бұл тәсіл екі бірдей бас қаһарманның тұлғасын жаңа қырынан ашуға септігін тигізеді.

Бірге жүрген Иса жолдасы,
Досанға бір күн толғады:
-Ел қайда, батыр, ел қайда?
Туып өскен жер қайда?
Ойнап- күліп бір жүрген,
Қатар құрбы тең қайда?..
Сонда Досан сөйлейді:
Уайым айтпа маған деп,
Рұқсат барсаң саған деп.
Сүйегім тұтам қалғанша
Қайыспаймын бас ұрып.
Патшаға өзім барам деп,
Қауіп етпеймін дұшпаннан
Ажалдан бұрын өлем деп [2, 29].

Сонымен, Иса Тіленбайұлы 1873 жылдың соңында Маңғыстауға жетіп, жанына бірнеше биді ертіп, губернатордан кешірім сұрайды. Әкімдер оған Досанды ұстап алуға көмектес деп тапсырма береді. Оның басқан ізін аңдып, астыртын бақылауға алады. Патша чиновниктері оны халыққа сыйлы, қазақ пен Хиуа түрікмендерінің арасында зор ықпалды адам болғандықтан 1874 жылы болыс етіп сайлайды. Иса Тіленбайұлы тура жолды ұстанған әділ басшы болыпты. Ол айтты дейтін шешендік нақылдар, шағын шумақтар ел арасына кең тараған.

Досанның қыр соңына түсіп, патша әкімдерінің көңілдерінен шығуды, мансапқа қол жеткізуді мақсат еткендер ол заманда аз болмаған. Батырды кең байтақ туған жеріне сыйғызбаған тек қана орыс отаршылдары ғана емес, оған тұзақ құрғандар қатарында сол өлкенің белгілі адамдары да болды. Олар күші азайған, күйі қайтқан Досандарға қол көмегін көрсетудің орнына орға құлатуға атсалысты. Патша жандайшаптарының өз ойларын қалай жүзеге асырғандығын деректер былай көрсетеді: «Досанның хабарын білген Қабақ Ермәмбетов жеделдете Аничкинге хабарлайды. Дереву Досанды ұстау жөнінде астыртын жоспар құрылады. Фафурдың туыстары оны отряд келгенше кідіртудің амалын жасайды. Еш қауіп қылмай алаңсыз ұйықтап жатқан кезінде, бейуақта патша әскері Досанға сол қара жігіттің баласы Мұраттың үйінде бас салған». Аничкиннің мәлімдемесінде: «Досан күшті қарсылық көрсетті, бірнеше жерден жараланғанына қарамай арпалысты. Оның ұйықтап жатқан киіз үйі

аударылып тасталды. Оның үстінде жай киімнен басқа сауыты бар екен. Солдаттардың: «Сіз осындай кішкентай ма едіңіз?» деп таңданған сұрақтарына: «Алтын үлкен болатын ба еді?» деп жауап бергені көрсетілген [1, 64].

Ел әңгімесіне қарағанда, Досан батырлығына қоса, соңында үлгілі сөз қалдырған, қисынын тауып сөйлейтін шешен адам болған. Бір деректе қамауда жатқан бала-шағасы мен ағайын-туыстарын азат ету үшін қылған әрекеті әңгімеленеді. Абақтыда жатқан Досан түрме бастығына жолығуға рұқсат алады.

– Әкімбісіз? – дейді оған Досан.
– Иә, әкіммін, – деп жауап береді ол.
– Қатын, балаң да әкім бе?
– Жоқ, әкім емес.
– Е, олай болса, мен тентек болсам, өзім тентек, қатын балам да тентек пе?
– Жоқ, тентек емес.
– Онда оларды неге түрмеге жабасыз? Жазықсыз әйел, бала-шағамен жауласу ақ патшаға лайық па? Ауылымның адамдарын түгел елге қайтаруыңды сұраймын, – депті Досан батыр [1, 65].

Әдебиеттер

- 1 Досан батыр. – Ақтау, 1998. – 121 б.
- 2 Жанғабылов С. Тоқсан толғау. – Алматы, 1967. – 214 б.

References

- 1 Dosan batyr. – Aktau, 1998. – 121 b
- 2 Zhangabulov S. Toksan tolgau. – Almaty, 1967. – 214 b

Шаймарданова З.Д.

Оценка социально-экономической эффективности освоения целины в зарубежной историографии

Кампания по освоению целинных и залежных земель в Казахстане спустя 60 лет продолжает вызывать интерес научной общественности мира. Изыскания зарубежных исследователей и экспертов нашли отражение в массиве монографий, аналитических сборников, материалах конференций, научных статьях, диссертационных исследованиях и т.д. Точки зрения были разные: от критики экономического развития в СССР, которое основывалось на экономической доктрине и концепции уточнения показателей вместо реального анализа состояния сельского хозяйства, и экономики в целом. Одни исследователи усматривали в освоении целины отрицательные стороны – как продолжение русской колонизации и политики русификации, приводящее к ухудшению социального положения казахов и зарождению появлению замедленного национализма в СССР в целом и Казахстане. Другие видели в этой кампании реальное развитие экономики и сельского хозяйства. Однозначной оценки нет и сегодня, о чем свидетельствуют последние исследования французских экспертов, представляющие советский «проект сочетания науки и социализма».

Ключевые слова: освоение целины, Казахстан, экономика, сельское хозяйство.

Shaimardanova Z.

Evaluation of the socio-economic efficiency of the virgin lands in foreign historiography

The campaign for the development of virgin and fallow lands in Kazakhstan after 60 years continues to cause interest of the scientific community of the world. Survey of foreign researchers and experts are reflected in the array of monographs, collections analytical, conference proceedings, research papers, dissertations and research etc. The views were different from criticism of economic development in the USSR, which was based on economic doctrine and concept refinement indicators instead of real analysis of agriculture and the economy as a whole. Some researchers saw in the new land development as a continuation of the negative aspects of Russian colonization and Russification policy, leading to a deterioration of the social situation of the Kazakhs and the emergence of a delayed appearance of nationalism in the USSR as a whole and Kazakhstan. Others have seen in this campaign, the real development of the economy and agriculture. There is still no unambiguous assessment today as evidenced by a recent study of French experts representing the Soviet «project combining science and socialism».

Key words: development of virgin lands, Kazakhstan, the economy, agriculture.

Шаймарданова З.Д.

Шетелдік тарихтануда тыңды игерудің әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау

60 жылдан кейін Қазақстанның тың және тыңайған жерлерді игеру үшін жүргізілетін науқан әлемнің ғылыми қоғамдастықтарының қызығушылығын тудыруын жалғастыруда. Шетелдік зерттеушілер мен сарапшылардың зерттеулері көптеген монографияларда, талдамалық жинақтарда, конференциялық материалдарда, ғылыми мақалалар мен диссертацияларды зерттеулер алабында көрсетіледі. Көзқарастар әртүрлі болды: ауылшаруашылығы мен жалпы экономиканың жағдайын шынымен талдаудың орнына экономикалық доктрина мен көрсеткіштерді нақтылау тұжырымдамасына негізделетін КСРО-ның экономикалық дамуын сынаудан басталады. Кейбір зерттеушілер қазақтардың әлеуметтік жағдайын нашарлауына және тұтастай КСРО және Қазақстанда ұлтшылдықтың пайда болуына әкелетін, орыс отарлау мен русификация саясатын жаңа жер дамытудың теріс аспектілері ретінде көрді. Басқалары, осы науқанда экономика мен ауылшаруашылығының нақты дамуын көрді. Бірегей бағалау бүгінде жоқ. Франциялық сарапшылардың соңғы зерттеулері кеңестік «ғылым мен социализмнің үйлестігі жобасын» көрсетіп отыр.

Түйін сөздер: тың жерлерді игеру, Қазақстан, экономика, ауылшаруашылығы.

**ОЦЕНКА СОЦИАЛЬНО-
ЭКОНОМИЧЕСКОЙ
ЭФФЕКТИВНОСТИ ОС-
ВОЕНИЯ ЦЕЛИНЫ
В ЗАРУБЕЖНОЙ
ИСТОРИОГРАФИИ**

Из зарубежных исследований видно, что Кампания по освоению целины в Казахстане с самого ее начала привлекала внимание зарубежных исследователей и экспертов, что нашло отражение в массиве монографий, аналитических сборников, материалах конференций, научных статей, диссертационных исследований и т.д. На первый план выходили теоретические и практические проблемы. Критикуя экономическое развитие в СССР, которое основывалось на экономической доктрине и концепции уточнения показателей вместо реального анализа состояния сельского хозяйства и экономики в целом, зарубежные исследователи делали выводы о политических и экономических целях кампании по освоению целины [1, p. 12].

В политическом контексте западные исследователи рассматривают целинную кампанию как продолжение советской колонизации, последовавшей за российской. Апологеты политического направления усматривали в освоении целинных земель в Казахстане продолжение переселенческой политики Российской империи, направленной на укрепление ее позиций в регионе [2, p. 74].

Как неподготовленный политический акт расценивают некоторые исследователи освоение целины, реализуемый решением Компартии Советского Союза [3, p. 69]. Это мнение профессора политических наук Р. Милса отражено в докторской диссертации «Политические и административные проблемы советской программы освоения целинных земель в Казахстане в 1954-1964 гг.», защищенной в Гарвардском университете в 1965 году.

«Самое примечательное в плане научной подготовки к освоению целины состояло в том, что все отряды ученых были посланы туда уже после того, как было принято решение об освоении целины. Это говорит не о лучшем способе планирования», – пишет М. Макколи, профессор Лондонского университета, придерживаясь тезиса неподготовленности кампании [4, p. 70].

Не остается без внимания вопрос отношения казахов к целинной кампании, выразившийся в оппозиции местного населения, считает Р. Петибридж, руководитель Центра изучения России и Восточной Европы в английском колледже Суонси [5, p. 132].

В смысле продолжения советской колонизации целинного края происходили большие социальные изменения и наблюдался демографический рост населения [6]. Как пишет Э.Каррер д'Анкосс, известный французский ученый, специалист по СССР, политика Хрущева по отношению к Казахстану не учитывала национальных интересов казахов как местного населения. В 1962 году они составляли только 29% общего населения Казахстана [7, р. 70]. Связанное с освоением целинных и залежных земель в Казахстане смешивание наций ряд исследователей считает делом рук Н.С. Хрущева [8, р. 101].

Подкрепляет этот тезис мнение английского профессора В. Конолли: «Нет никакого сомнения в том, что в результате славянской миграции Северный Казахстан стал теперь фактически русской опорой» [9, р. 48]. Другой британский историк, ведущий специалист по советской истории Р. Конквест считает, что освоение целинных земель было только прикрытием для переселения в Казахстан других народов и, возможно, лишения Казахстана статуса Республики [10, р. 68].

Эти же мотивы повторяются в исследованиях Н.В. Рязановского, профессора Калифорнийского университета, полагающего, что целина – «средство и очередной этап в истории колонизации русскими казахской степи» [11, р. 641].

Зарубежные исследователи выделили характерные черты хронической слабости экономики Казахстана: малопродуктивное сельское хозяйство; централизованная структура планирования и бюрократическая система управления; дефицит сектора услуг. Но, анализируя экономические структуры и институты, механизмы планирования и реализации экономической политики на целине, организацию и развитие внешних экономических связей, западная аналитика считает, что советская экономика избежала финансовые и социальные катаклизмы, как кризис, инфляция и безработица.

Освоение целинных и залежных земель лишь подчеркнуло регрессивный характер общесоюзной экономики [12, р. 42]. Оно не решило экономическую проблему, т.к. все сельское хозяйство Союза находилось в глубоком кризисе, и монокультура в виде пшеницы истощила почву [13, р. 124].

Эту кампанию французская аналитика оценивает с политической точки зрения как продолжение переселенческой политики Российской империи и советского государства, как продолжение политики русификации в целях укрепления границ и усиления государственного

контроля в сельском хозяйстве. Как в случае с седентаризацией, была уплачена высокая цена в социальном и экологическом плане [14, р. 526].

Большая группа исследователей называет кампанию стратегическим проектом, закончившимся индустриализацией страны. К концу 1960-х гг. Казахстан стал одной из самых индустриальных республик Союза.

Оригинальную точку зрения на целинную кампанию высказала М. Олкотт, исследовательница Казахстана, известный ученый: «В общем, цель режима по созданию современной аграрной экономики в Казахстане увенчалась ни полным успехом, ни полным поражением... Сегодняшний Казахстан намного глубже интегрирован в федерацию республик, чем была республика 25 лет назад; эта интеграция достигнута благодаря упорным усилиям Москвы, а также с помощью новой казахской элиты, которая за свою исполнительность была вознаграждена стабильной партийной карьерой у себя в республике и возрастающим доверием Москвы» [15, р. 248].

Активно разрабатывалось экономическое направление в целях выявления экономических изменений в процессе целинной кампании и последовавшей глубокой индустриализацией в Казахстане. Странники экономического направления первопричину освоения целины видели и видят в кризисе сельского хозяйства, необходимости увеличения производства зерна, т.к. Советский Союз неоднократно покупал зерно у западных государств.

В 1960-е гг., когда экономические успехи СССР оказались реальными, исследователи экономического направления сделали попытку серьезно подойти к изучению процессов в советской Центральной Азии и Казахстане.

Среди сторонников экономического направления во Франции были такие ученые-экономисты, как Л. Бланшар, Ф. Грийо, М. Эймар, М. Сейду, А. Шамбр, Ш. Бокур и другие. В конце 1950-х гг. они опубликовали серию работ по экономике Казахстана. Следует выделить статью Л. Бланшара «Казахстан» [16, р. 428]. Исследователь базируется на тезисе, что процесс индустриализации и модернизации Казахстана с освоением целины еще не завершён и союзная республика является третьим миром в территориальных границах СССР.

В англосаксонском мире небольшая группа исследователей склонна рассматривать целину так же, как проект увеличения производства зерна. И поэтому эта цель не могла быть достигнута только лишь командной системой управления советской экономикой [17, р. 37].

У ряда исследователей политические мотивы освоения целины перемежаются с экономическими. Кризис командной системы управления, по мнению О. Шиллера и А. Ноува, привел к необходимости рассмотреть два сценария увеличения производства зерна: интенсификации сельскохозяйственного производства в старых земледельческих районах со значительными инвестициями и освоение целинных и залежных земель в Казахстане, по которому и пошло советское государство [18].

Вопрос о социальной цене, заплаченной за второй сценарий, оставался открытым. Для А. Шамбра и других французских исследователей на первом плане остались экономические преобразования.

По мнению французских экономистов, экономические решения в Советском Союзе были тесно связаны с политической властью, поэтому освоение целины они рассматривают как политико-экономический шаг. Французская аналитика выделила характерные черты, положительные и отрицательные, целинной кампании и советской экономики в целом:

- отсутствие рынка и ценообразования на пшеницу;
- наличие полной гарантии на труд граждан;
- отсутствие инфляции;
- дефицит услуг обслуживания [19, р. 422].

Положительный результат освоения целины в пространственно-временном континууме видит влиятельнейшая французская газета «Le Figaro», которая в 2008 г. пишет, что в советское время Казахстан с целиной был главной житницей Союза, называя проект Н. Хрущева по освоению целины амбициозным. И сегодня Казахстан продолжает политику увеличения урожая пшеницы, поднимая планку сбора урожая пшеницы до 26 млн. тонн, используя оригинальные технологии [20, р.4].

Освоение целины – это также блок социальных вопросов. В социальной сфере зарубежная аналитика изучает специализацию социума по видам деятельности, зависящую от квалификации, уровня образования и уровня расселения автохтонов и прибывших на освоение целины граждан СССР, выделяя две стороны изменений: целина улучшала социальную картину и целина ухудшала социальную картину края, менялись условия жизни. Методы реализации новой целинной политики имели негативное влияние на этничность, менялся привычный уклад жизни, подавлялись культура и религия. Вместе с тем оставалась национальная идентичность, ее невозможно было ликвидировать, т.к. оставались в

силе родоплеменные, аульные и семейные связи, чем так сильны были казахи.

В 1970-х гг. в зарубежной аналитике стали появляться социальные концепции, которые фокусировали внимание на низком социальном статусе крестьянства, слаборазвитой инфраструктуре сельских районов Казахстана.

Положительные стороны целинной эпопеи сотрудник Международной организации труда А. Хан и старший научный сотрудник Оксфордского университета Д. Гхай оценивают следующим образом: «За последние десятилетия здесь произошла глубокая трансформация, достигнут замечательный прогресс... Сельское население региона прошло путь от средневековья до современных колхозов и совхозов. По сравнению со многими частями мира развитие сельского хозяйства в Средней Азии стало непременным условием повышения материального уровня жизни населения» [21, р. 286]. Позитивные перемены в сфере экономики отмечаются в ряде других работ [22, р. 412]. Положительные отзывы объяснялись ограничением в источниках, когда исследования основывались на таких советских источниках, как газеты и журналы, где радужно говорили об успехах экономического строительства в республиках Центральной Азии и Казахстане [23, р. 78]. С ними мы не можем не согласиться.

Негативные стороны в социальном блоке описаны, например, так: «В созданных совхозах зимой нет работы, зимой население в поисках работы или возвращается в семьи, а весной возвращается в совхоз, в которых больше машин, чем людей. Они собирают урожай и все» [24, р. 486].

Фундаментальная роль казахской семьи в период целинной кампании, несмотря на то, что она была под угрозой, возмужала и оставалась одним из привилегированных мест, где человек мог забыть все и быть самим собой. Материальная жизнь и привычки казахской семьи развивались не в ритме освоения целины, но зато росло количество сельского населения.

Недостаточность внимания к модернизации сельской инфраструктуры в период освоения целины (дороги, сообщение, транспорт, корма и т.д.) и оснащению (бытовая техника, радио, телевидение и т.д.) основана на ограниченности инвестиций и отсутствии координации инвестирования между другими отраслями [25, р. 415].

Продовольственная и сельскохозяйственная организация (ФАО) ООН в 1995 г. подготовила доклад «Международная ситуация по продовольствию и сельскому хозяйству» с главой «Портрет реформ сельского хозяйства Казах-

стана», в котором дана положительная оценка освоения целины. Объем производства пшеницы в Казахстане превысил объем ее производства в Канаде и Австралии вместе взятых, усматривая в этом политический контекст, продолжающийся в наше время [26].

В конце 1990-х французский исследователь Р. Ламар, доктор PhD, дает такую же оценку освоения целины, что и в 1960-х гг.: «Последняя волна колонизации больших пространств [казахстанских степей] датируется серединой XX в., более точно, начало кампании колонизации «целинных земель». Появляется новый термин – «проект сочетания науки и социализма» в целях трансформации экономики малозаселенных районов для уменьшения дефицита продовольствия в СССР [27]. Он считает, что кампания не удалась, несмотря на сбор хорошего урожая в течение ряда лет. Степные почвы с суровостью климата, к которым использовались те же технологии, что и в Украине, стали ухудшаться. Ветровая эрозия вследствие развития песчаных бурь разрушала верхний слой почвы. К этому добавлялись химическое загрязнение и радиоактивное заражение.

В вышедшей в 1998 г. коллективной монографии «Люди и почвы», одним из авторов кото-

рой является доктор Р. Ламар, основной акцент сделан на вопрос управления разного рода почвами в Казахстане. Данный фактор не был учтен политиками, что и привело к ужасающим последствиям для почв и окружающей среды, не получившие научного управления, и, как следствие, была разрушена структура почвы как самое страшное последствие [28, р. 56].

Поэтому некоторые исследователи 1990-х гг. освоение целины называют «экологическим наследием коммунизма», что указывает на изменение динамики изучения кампании с учетом вызовов современного мира [29, р. 117].

Западная аналитика считает, что освоение целины, имея положительные и отрицательные стороны в контексте советской колонизации, как продолжение русской колонизации и политики русификации, экономическое развитие Казахстана, основанное на командной системе управления и централизованном планировании, ухудшение социального положения казахов приводило к появлению замедленного национализма в СССР в целом и Казахстане. В совокупности эти факторы благоприятствовали внутреннему сплочению наций для реализации задач обретения национальной независимости.

Литература

- 1 Bradout de Vignacourt R.J. L'agriculture soviétique // L'Economie. – 1966. – № 995; Cathala J. URSS: La remontée de l'agriculture // France nouvelle. – 1966. – № 2096. – P. 21–22.
- 2 The Soviet Nationality Problems. – L., 1971. – P.74.
- 3 Mills R.M. The Formation of the Virgin Lands Policy // Slavic Review. – 1970. – No. 1; Mills R.M. Policy and Administrative Problems in the Soviet Virgin Lands Program in Kazakhstan, 1954–1964: Ph.D dissertation. – Harvard: Harvard University, 1965.
- 4 McCauley M. Khrushchev and Development of Soviet Agriculture. The Virgin Land Program. 1953–1964. – London, 1976.
- 5 Pethybridge R. A history of Postwar Russia. – London, 1966.
- 6 Blanc M.A. Politique agricole et régions en U.R.S.S. // Bull. Assoc. Géogr. de France. – 1974. – № 420–421.
- 7 Poujol C. Le Kazakhstan. – Paris, 2000.
- 8 Marie N. De l'échec de la construction fédérale à la rupture entre l'état et la société // L'effondrement de l'empire soviétique. – Bruxelles: Etabl. Emile Bruylant, 1998. – P. 98–112.
- 9 Connolly V. The Territorial Production Complex in Siberia and Far East // Radio Free Europe. – 1976. – 6 July.
- 10 Conquest R. Soviet Nationality Policy in Practice. – Bodley Head, 1967.
- 11 Riasanovsky N. V. A History of Russia. – N.Y., 1977.
- 12 Sapir J. Culture économique, culture technologique, culture organisationnelle. Eléments pour une interprétation de l'histoire économique russe et soviétique // Cahiers du monde russe: Russie, Empire russe, Union Soviétique, Etats indépendants. – 1995. – №36/1–2. – P.37–46.
- 13 Soviet and East European Agriculture. – Berkeley – Los Angeles, 1967.
- 14 Rey M.-P. L'environnement en Union Soviétique: perspectives historiques et problèmes actuels // Annales. Histoire, Economie et Société. – <http://www.persee.fr/web/revues/home/prescript/revue/hes1997>. – № 3. – P. 523–531.
- 15 Olcott M.B. The Kazakhs. 2. ed. – Stanford, Calif.: Hoover Inst. Press, Stanford Univ., 1995.
- 16 Blanchard L. Le Kazakhstan // Etudes et conjuncture. – 1961. – Vol. 16, № 5. – P. 403–486.
- 17 Mills R. The Virgin Lands since Khrushchev: Choices and Decisions in Soviet Policy Making // The Dynamics of Soviet Politics. – Cambridge, 1976.
- 18 Schiller O. Das Agrarsystems der Sowjetunion. – Tuebingen-Koeln, 1960. – S. 214; Nove A. Communist Economic Strategy. – London, 1959. – P.31.
- 19 Kerblay B. Les marchés paysans en URSS. – Paris: Mouton, 1968. – 519 p.
- 20 Genté R. Le Kazakhstan se rêve en grenier à céréales du monde // Le Figaro. – 2008. – 14. 05. – P.4.

- 21 Khan A.R., Ghai D. Collective Agriculture in Soviet Central Asia // *Agrarian Systems and Rural Development*. – L., 1979.
- 22 Abouchar A., Needles D. Custom Combining: A Neglected Opportunity for Soviet Agriculture // *Canadian Slavonic Papers*. – 1975. – № 5 / 2–3.
- 23 Trotignon Yv. Naissance et croissance de l'URSS. – Paris: Bordas, 1970. – 272 p.
- 24 George P. Quelques ouvrages récents sur l'U.R.S.S. // *Annales de Géographie*. – 1963. – № 392. – P. 485–488.
- 25 Lavigne M. Les économies socialistes soviétiques et européennes. – Paris, 1970. – 512 p.
- 26 La situation mondiale de l'alimentation et de l'agriculture, 1995 // *Food and Agricultural Organization of United Nations*. – Rome, 1996.
- 27 Lahmar R. L'opération «terres vierges» du Kazakhstan // *Dialogues, propositions, histoires pour une citoyenneté mondiale*. – 1997. – № 5.
- 28 Lahmar R., Dosso M., Ruellan A. Des sols et des hommes : récits authentiques de gestion de la ressource sol. – Paris, 1998. – 117 p.
- 29 Mnatsakanian R. L'héritage écologique du communisme dans les Républiques de l'ex-URSS. – Paris, 1994. – 286 p.

References

- 1 Bradout de Vignacourt R.J. L'agriculture soviétique // *L'Economie*. – 1966. – № 995; Cathala J. URSS: La remontée de l'agriculture // *France nouvelle*. – 1966. – № 2096. – R. 21–22.
- 2 The Soviet Nationality Problems. – L., 1971. – R. 74.
- 3 Mills R.M. The Formation of the Virgin Lands Policy // *Slavic Review*. – 1970. – No. 1; Mills R.M. Policy and Administrative Problems in the Soviet Virgin Lands Program in Kazakhstan, 1954–1964: Ph.D dissertation. – Harvard: Harvard University, 1965.
- 4 McCauley M. Khrushchev and Development of Soviet Agriculture. The Virgin Land Program. 1953–1964. – London, 1976.
- 5 Pethybridge R. A history of Postwar Russia. – London, 1966.
- 6 Vlanc M.A. Politique agricole et régions en U.R.S.S. // *Bull. Assoc. Géogr. de France*. – 1974. – № 420–421.
- 7 Poujol S. Le Kazakhstan. – Paris, 2000.
- 8 Marie N. De l'échec de la construction fédérale à la rupture entre l'état et la société // *L'effondrement de l'empire soviétique*. – Bruxelles: Etabl. Emile Bruylant, 1998. – P. 98–112.
- 9 Connolly V. The Territorial Production Complex in Siberia and Far East // *Radio Free Europe*. – 1976. – 6 July.
- 10 Conquest R. Soviet Nationality Policy in Practice. – Bodley Head, 1967.
- 11 Riasanovsky N. V. A History of Russia. – N.Y., 1977.
- 12 Sapir J. Culture économique, culture technologique, culture organisationnelle. Eléments pour une interprétation de l'histoire économique russe et soviétique // *Cahiers du monde russe: Russie, Empire russe, Union Soviétique, Etats indépendants*. – 1995. – №36/1–2. – P.37–46.
- 13 Soviet and East European Agriculture. – Berkeley – Los Angeles, 1967.
- 14 Rey M.-P. L'environnement en Union Soviétique: perspectives historiques et problèmes actuels // *Annales. Histoire, Economie et Société*. – <http://www.persee.fr/web/revues/home/prescript/revue/hes1997>. – № 3. – R. 523–531.
- 15 Olcott M.B. The Kazakhs. 2. ed. – Stanford, Calif.: Hoover Inst. Press, Stanford Univ., 1995.
- 16 Blanchard L. Le Kazakhstan // *Etudes et conjuncture*. – 1961. – Vol. 16, № 5. – P. 403–486.
- 17 Mills R. The Virgin Lands since Khrushchev: Choices and Decisions in Soviet Policy Making // *The Dynamics of Soviet Politics*. – Cambridge, 1976.
- 18 Schiller O. Das Agrarsystem der Sowjetunion. – Tuebingen-Koeln, 1960. – S. 214; Nove A. Communist Economic Strategy. – London, 1959. – P.31.
- 19 Kerblay B. Les marchés paysans en URSS. – Paris: Mouton, 1968. – 519 p.
- 20 Genté R. Le Kazakhstan se rêve en grenier à céréales du monde // *Le Figaro*. – 2008. – 14. 05. – P.4.
- 21 Khan A.R., Ghai D. Collective Agriculture in Soviet Central Asia // *Agrarian Systems and Rural Development*. – L., 1979.
- 22 Abouchar A., Needles D. Custom Combining: A Neglected Opportunity for Soviet Agriculture // *Canadian Slavonic Papers*. – 1975. – № 5 / 2–3.
- 23 Trotignon Yv. Naissance et croissance de l'URSS. – Paris: Bordas, 1970. – 272 p.
- 24 George P. Quelques ouvrages récents sur l'U.R.S.S. // *Annales de Géographie*. – 1963. – № 392. – P. 485–488.
- 25 Lavigne M. Les économies socialistes soviétiques et européennes. – Paris, 1970. – 512 p.
- 26 La situation mondiale de l'alimentation et de l'agriculture, 1995 // *Food and Agricultural Organization of United Nations*. – Rome, 1996.
- 27 Lahmar R. L'opération «terres vierges» du Kazakhstan // *Dialogues, propositions, histoires pour une citoyenneté mondiale*. – 1997. – № 5.
- 28 Lahmar R., Dosso M., Ruellan A. Des sols et des hommes : récits authentiques de gestion de la ressource sol. – Paris, 1998. – 117 p.
- 29 Mnatsakanian R. L'héritage écologique du communisme dans les Républiques de l'ex-URSS. – Paris, 1994. – 286 p.

Бисенбаев П., Сағындықов Н.

**«Жанқожа батыр» жыры:
нұсқалары мен тарихилығы**

Мақалада Сыр өңірінде орын алған Ұлт-азаттық көтерілісінің аңызға айналған басшысы, әйгілі Жанқожа батыр туралы тарихи жырлардың табиғаты сөз болады. Атап айтқанда, мұнда «Жанқожа батыр», «Он жеті жасар Жанқожа» деген туындылардың тарихи негізі мен көркемдік шындыққа айналу жолдары әңгімеленеді. Әрине, Жанқожа батырдың ерлік істерін өзек еткен тарихи-фольклорлық үлгілердің өмір шындығына қатысы жайында бірнеше кітап жазылса да артық емес. Сондықтан, осы саладағы барлық мәселенің шешімін бір мақаладан іздеу жеткіліксіз. Қалай болған күнде де хабаршыға енген зерттеуде жырдың дерекпен байланыстылығы айқын көрініс таппайтындығын, бұл мәселенің шарттылығы көп екенін дәлелдейтін тартымды ойлар баршылық. Сонымен бірге, мақалада «Он жеті жасар Жанқожа» жырының бірден көлемді шығарма болып тұмағандығы, Жанқожаның Созақты алуы, Тықы мен Әйімбет батырларды жеңуі сияқты оқиғалардың бастапқыда жеке жырланып, кейін ғұмырнамалық тұтастану процесінен өткендігі айтылады.

Түйін сөздер: тұрмыс-салт, тарихи шындық, көркемдік шешім, ғұмырнамалық тұтастану, фольклорлық үлгілер, жыр, нұсқа, аңыз.

Bissenbaev P., Sagindikov. N

**Historical Songs «Zhankozha
Batyr»: options and historicism**

The article says about the nature of historical songs about the famous Batyr Zhankozha, leader of the national liberation uprising that took place in the area of the Syr Darya. Namely, it tells about the historical basis of reality and fiction works «Zhankozha Batyr» and «Seventeen Zhankozha». Of course, it will not be amiss to say that in many books already written about the heroic feats ratio Zhankozha Batyr found in historical and folklore samples with the true life. Therefore, we consider it impossible to solve all the problems of this topic in one article. As we had not introduced into the study of the facts related to the historical song, we can not imagine a clearer picture, there are many opinions, confirming the complexity of this problem. The author pays particular attention to the basis of the historical genre of the song. However, the article says that the song «Seventeen Zhankozha» not immediately emerged as a finished product genre form. The initial event of its glorifying victory warriors Tyky and Aimbetov Sozak from the village, where he lived Zhankozha, in the development of a united biographical piece.

Key words: Household rite historical truth, artistic decision, biographical whole folklore samples, songs, legends, an option legend.

Бисенбаев П., Сагиндиков Н.

**Историческая песнь «Жанкожа
батыр»: варианты и историзм**

В статье говорится о природе исторических песен об известном батыре Жанкоже, руководителе национально-освободительного восстания, имевшего место в районе Сырдарьи. А именно: повествуется об исторической основе и художественной действительности произведений «Жанкожа батыр» и «Семнадцатилетний Жанкожа». Конечно, будет не лишним сказать о том, что во многих книгах уже писали о соотношении героических подвигов Жанкожи батыра, встречающихся в историко-фольклорных образцах, с жизненной правдой. Поэтому считаем невозможным решение всех проблем этой темы в одной статье. Как бы мы не вводили в исследования факты, связанные с исторической песней, мы не можем представить себе ясной картины, есть много мнений, подтверждающих сложность этой проблемы. Автор обращает особое внимание на основу жанровой системы исторической песни. Если обратиться к сказанному, то возможно, что в основе таких песен-образцов, как песня-оповещение о смерти Акмырзы, прощальная похоронная песня Жанкожи, лежат обрядово-бытовые песни. Вместе с тем, в статье говорится о том, что песня «Семнадцатилетний Жанкожа» не сразу возникла как произведение готовой жанровой формы.

Ключевые слова: бытовой обряд, историческая правда, художественное решение, биографическое целое, фольклорные образцы, песнь, сказание, вариант, сказание.

**«ЖАНҚОЖА БАТЫР»
ЖЫРЫ: НҰСҚАЛАРЫ
МЕН ТАРИХИЛЫҒЫ**

XIX ғасырда ұлт мүддесі үшін атқа қонған, азаттық туын көтеріп, жауынан теңдік алуға сертескен ел серкелері көп болған. Солардың бірі – Сыр өңірінде Қоқан үкіметі мен Хиуалықтарға қарсы шаруалар көтерілісін басқарып, патша билігін мойындауды қаламаған біртуар батыр – Жанқожа Нұрмағамбетов.

Тарихи-фольклорлық үлгілер ұсынатын деректерге қарағанда, батыр 1774 жылы Қызылорда облысы Арал ауданына қарасты «Ақ ирек» деген таудың ұлтанындағы «Айқай көл» деген жерде дүниеге келіп, 1860 жылдар шамасында қаза болады. Жанқожа батыр Кіші жүз Әлім ішіндегі Шекті руының Құттық деген атасынан тарайды. Ел аузынан Жанқожа туралы мәліметтерді жинаушы Себепов Ғұлама: «Жанқожаның бейіті Қарақалпақ пен Қазақстанның шекарасындағы Ақтайлақ деген жерде», – деп жазады [1].

Жанқожа туралы жырларды XIX ғасырдағы қазақ өмірінен, саяси тарихынан бөліп қарау мүмкін емес. Шаруалар көтерілісінің мән-маңызы, әлеуметтік-экономикалық жағы Л. Митердің, Н. Маевтың, А. Макшеевтың, Е. Бекмахановтың, В. Шахматовтың, Т. Шойынбаевтың еңбектерінде жан-жақты көрініс тапқан.

«Жанқожа батыр» жыры жайында пікір айтқан Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, Б. Шалабаев, Р. Бердібаев, С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов, Ж. Тілепов сияқты әдебиетші, фольклоршы ғалымдар тарихи жыр табиғатына арналған еңбектерінде «Жанқожа батыр» туындысына тоқталып отырған. Десек те, Жанқожаға қатысты тарихи-фольклорлық үлгілердің көп жылдар бойы жарық көрмеуі осы бағытта атқарылуға тиіс шаруалардың молдығын көрсетсе керек.

Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында «Жанқожа батыр» жырының сегіз нұсқасы сақталған. Олардың мазмұны, композициялық құрылымы бірін-бірі қайталамайды. Бұл шығармаларды тұтас бірлікте алып қарастыруға, түпкілікті тұжырымдар жасауға бір мақаланың шеңбері көтермейді. Сондықтан да біз батыр бейнесі сомдалатын тарихи жырлардың барлығы туралы емес, кейбір нұсқалары жайында ғана ой бөлісеміз.

«Жанқожа батыр» деп аталатын ауқымды жырды 1947 жылы Ғылым академиясының қорына халық мұрасын жинаушы

Әзілхан Нарымбетов тапсырады. Жырдың көлемі 2400 жолдай. Авторы белгісіз. Тоғыз тарау аңыз-әңгімеден түзілген тарихи туындыда Хиуа ханы Ережептің тапсырмасымен қазақ жеріне аттанған Бабажан сарттың қанқұйлы әрекеттері баяндалады. Жат жұрттық билеуші Жанқожаның ағасы Ақмырзаны мойнына тас салып, суға лақтырады. Жанқожа қиян-кескі ұрыста Бабажанның өзін де, баласы Байқадамды да өлтіріп, еліне азаттық әкеледі. Жырдың басталуы, аяқталуы, жалпы құрылымы Жанқожа туралы басқа шығармаларға ұқсамайды. Көркемдік кестесінде де өзгешеліктер мол ұшырасады.

Латын әрпімен хатқа түскен бұл жырдың шежіре мен өмір шындығы негізінде дүниеге келгені байқалады. Мұнда қазақ жұртының Хиуа ханына наразы болып, қолына қару алып көтерілуінің түпкі себептері де анық айтылған. Екі жақты қысымға душар болып, отаршылдық тауқыметін тартқан қыр шаруалары, қол біріктіріп, тізе қосып шайқасуға мәжбүр болған. Жырда саяси-әлеуметтік талдау тереңдей, нақтылана түскен. Басты кейіпкер Жанқожа батырдың іс-әрекетіне берілген дәлел-дәйектер көңілге сенім ұялатады.

Дегенмен, «Жанқожа батыр» жыры – тарихи туындыға тән нақтылығымен қоса, фольклорлық дәстүрге де біртабан жақын тұрған дүние. Жырда Ақмырзаның қазасын естірту, Жанқожаның ағасын жоқтауы сияқты тұрмыс-салт жырлары орын алған. Бұл – жанр табиғатын, оның шығу тегін айқындайтын белгілер. Өйткені «жорық дастандардың шығу тегі сөз болғанда, олар тұрмыс-салт жырларының негізінде туды деп айтуға кәміл болады. Батыр жорыққа аттанарда айтылатын қоштасу жыры, ол қалыңдық әкелгенде айтылатын үйлену-салт жыры, ол өлгенде жанкүйерлері жылап-сықтап айтатын «жоқтау» жыры сол батыр жайындағы жорық жырдың негізін құрамауы мүмкін емес [2, 35].

Қаһармандық эпос ерекшеліктерінің бірі – басты кейіпкердің жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан атының болуы. Нақты өмір шындығы негізінде дүниеге келген тарихи жыр үлгілерінде де осы дәстүр сақталған. Жанқожаның жорыққа мінер сәйгүлік аты Көкешкі делінеді. Сондай-ақ, XVIII-XIX ғғ. оқиғалары суреттелетін жырларда Кенесарының Көкбурылы, Наурызбайдың Ақауызы, Исатайдың Ақтабаны, Қабанбайдың Кубас аты т.б. батырдың сенімді серігі ретінде сипатталады.

«Жанқожа батыр», «Он жеті жасар Жанқожа» жырларында жауға аттанбақ болған Жанқожаның маңынан тілеулес, жорықтас достары та-

была кетеді. Бұл да қаһармандық эпос дәстүрін еске салады. Жыр кейіпкерлері Ақмырза, Ақтан батырлардың ерлігі шығарма мазмұнын байыта түскен. Содан соң Ер Дабыл, Қыстаубай, Бекбауыл батырлардың есімдері аталады.

Жыр нұсқаларында соғыс суреттеріне кең орын берілген, айтар ой әсірелей суреттелген. Сөйтіп, шығарма бірде тарихи оқиғаның ізімен жырланса, бірде оған эпикалық сарын араласып келіп отырады. Мәселен, Жанқожаның Тықы батырмен, Әйімбет батырмен жекпе-жегі қаһармандық жырлардағы регламентті ұрысқа жақын. Осы және басқа да көріністер Жанқожа батыр бейнесін жан-жақты толықтыра түсері анық.

Бір көңіл аударатын нәрсе, басты кейіпкердің қарсыласы Бабажан сарт бейнесінің Жанқожа туралы жыр нұсқаларының барлығында кездесетіндігі. Ол шығармалардың бәрінде халықтың тыныштығын бұзған қаскөй кейпінде көрінеді. Оның бір жағынан Сыр еліндегі еңбекші халыққа тізесі батса, екінші жағынан қазақ батыры Ақмырзаға ауыр жаза қолданғаны мәлім. Бабажан Сырдарияның сол жақ жағасындағы, Қазалы тұсындағы Жаманқала деген Хиуа қамалының бастығы болған [3, 360 б.].

Жырдың Жөкей Шаңғытбаев, Лұқпан Кенжеев нұсқалары мен авторы белгісіз «Жанқожа батыр» жырында Бабажан сартты Жанқожа батыр өлтіреді. Тек қана «Он жеті жасар Жанқожа» жырында Бабажан Қаракесек Ақтан батырдың қолынан қаза табады. Бұл, яғни «Жанқожа батыр» аталған туындының ішінде басты кейіпкерден басқа, қосалқы батырдың ерлігін баса суреттеу жанр табиғатына жат құбылыс. Бұл жырды Ақтан батырға жақындығы бар ақындардың бірі жырлауы мүмкін. Өйткені ру ақындарының шығармада өз туысына бүйрегі бұрып, өз жақындарынан Жанқожаға серік болған батырларды көбірек дәріптеп айту сарыны жиі кездеседі.

«Жанқожа батыр» жыры осындай Ұлт-азаттық көтерілісі сияқты маңызды мәселелерді көтеруімен де мәнді. XIX ғ. қойнауынан жеткен «Жанқожа батыр» жыры нұсқаларында айтарлықтай айырмашылықтардың болуы заңды. Өйткені тарихи тұлғаларды жырлау біркелкі ізбен емес, түрлі жолдармен орындалуы мүмкін. Әр жыршы қабілет-қарымына қарай өзінше жырлайтыны сөзсіз.

«Он жеті жасар Жанқожа» жырының мағыналық бөліктеріне назар аударған болсақ, оның бірден көлемді, күрделі дәрежеде тұмағандығын байқаймыз. Жыр мазмұнын құрайтын мотивтер ертеректе ел ішіне кең тараған шығармалар бо-

луы мүмкін. Мәселен, Жанқожаның Созақты алуы, Бабажанның елге бүлік салуы, Жанқожаның Тықы мен Әйімбет батырларды жеңуі сияқты оқиғалар жеке-жеке жыр ретінде айтылған. Содан соң ғұмырбаяндық тұтастану процесі арқылы көлемді шығармаға айналған. Бұл жөнінде М. Әуезов: «Батырлар жырының қайсысы болса да алғашында жеке оқиғаларды суреттеуден туады. Ең әуелі жырға батырдың бір-екі ерлік ісі қосылуы мүмкін. Келесі сәтте тыңдаушы көпшілік жыршы-ақыннан «жанағы әңгіменің жалғасын айт» деп тілек білдіруі ықтимал. Сол кезде жыршы-ақын бұрынғы әңгімелерін қайталай бермей, көпшілікке тараған жырдың алғашқы оқиғасына

тыңнан сюжеттер қосатын болады. Жырды редакциялап, тыңдаушыға бір жерін түсіре жырлайды. Сөйтіп, ол жырдың ұзағынан айтылатын көлемді де күрделі ұлғайған түрін тудырады», – дейді [4, 123 б.].

«Жанқожа батыр» жыры басқа да тарихи-фольклорлық үлгілер сияқты ұлтымыздың XIX ғ. ауқымындағы ерлік күресін, батырларымыздың Отанын, туған өлкесін, азаттығын сақтап қалу жолында қандай құрбандықтарға барғанын, сол үшін қаншама күш-қайрат сарп еткенін көрсетеді. Қалай дегенмен аталмыш туындылардың ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеуге қосар үлесі зор екені сөзсіз.

Әдебиеттер

- 1 ОҒК., 658 – бума, 7-дәптер.
- 2 Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы, 1962.
- 3 Қазақ ССР тарихы. 1 Том. – Алматы, 1962.
- 4 Әуезов М., Соболев Л. Қазақ халқының эпосы мен фольклоры // Литературная критика. – 1939. – №10-11.

References

- 1 ОҒК., 658 – бума, 7-dapter.
- 2 Auezov M. Uakyt zhane adebiet. – Almaty, 1962.
- 3 Kazakh SSR tarihi. 1 tom. – Almaty, 1962.
- 4 Auezov M., Sobolev L. Kazakh halkynyn eposy men folklorы // Literaturnaya kritika. – 1939. – №10-11.

Мұсағалиева А.С.

**Кеңес өкіметінің басқару
жүйесінің заңдық деректерінің
қалыптасуы**

Мақалада Кеңес өкіметінің орнауы барысындағы большевиктік заңдық деректер талданады. Жаңа мемлекетті қалыптастыру мен басқаруда аталған заңнамалардың орны ерекше болды. Алғашқы кезде декреттер арқылы басқарылған өкімет біртіндеп басқа заң актілерін қабылдаған болатын. Олардың ішінде кейін большевиктер өкіметін басқаруда басты рөл атқарған КСРО Конституциясы, РКФСР Қылмыстық Кодексі секілді мемлекеттің іргелі құқықтық-нормативтік базасының негізін қалаған заңнамалар бар. Мақалада аталған заңдар большевиктік мемлекеттік басқару мен жазалау органдары негізін қалады деген тұжырым беріледі.

Түйін сөздер: Кеңес өкіметі, мемлекет, заңдар, заңдық деректер, Декрет, Конституция, Қылмыстық Кодекс.

Musagalieva A.S.

**Formation of the legislative
sources of soviet power
management system**

In the article are analyzed the legislative power of the Bolsheviks in the establishment of Soviet power. Place these laws have a special role in the formation and management of the new state. At the beginning of the state ruled by decrees and then gradually it took other legislation. Among them there are laws that are later performed a major role in the management of the Bolshevik authority such as the Constitution of the USSR, the RSFSR Criminal Code, they constitute the fundamental legal framework of the Soviet state. The article introduces the concept that the above acts have created the basis of public administration and the Bolshevik secret police.

Key words: Soviet power, state laws, legislative sources, the decree, the Constitution, the Criminal Code.

Мусағалиева А.С.

**Формирование
законодательных источников
управленческой системы
советской власти**

В статье подвергаются анализу законодательные источники большевиков в установлении советской власти. Место названных законодательств имели особую роль в формировании и управлении новым государством. В начале государство управлялось через декреты, затем постепенно оно приняло другие законодательные акты. В их числе есть законодательные акты, которые позднее выполняли основную роль в управлении большевистской властью, такие как Конституция СССР, Уголовный Кодекс РСФСР. Они составляли фундаментальную нормативно-правовую базу советского государства. В статье представлена концепция о том, что вышеназванные акты создали основу государственного управления и карательных органов большевиков.

Ключевые слова: советская власть, государство, законы, законодательные источники, декреты, конституция, уголовный кодекс.

КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЗАНДЫҚ ДЕРЕКТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Кеңес өкіметі орнаған соң, большевиктер үшін биліктерін бекіту басты мақсатқа айналды. Осы үшін қоғам өмірінің сан қырын ашатын түрлі заңдар жариялана бастады. Кеңес өкіметінің заңдық актілері мемлекеттің дамуының негізгі кезеңдерін ашып береді. Өйткені, заңдар – мемлекеттік органдардың қызметін, жүргізген саясатын зерттеу үшін басты дерек көзі. Олар мемлекеттің құқықтық негізін жасай отырып, бағытын анықтайды. Тоталитарлық жүйенің бет-бейнесі оның заңдарында айқын көрінеді. Кеңестік заңдарды қарап отырсақ, репрессиялық саясатты жүргізу үшін партиялық өктемдіктің қандай әдістерге барғанын байқаймыз.

Большевиктік заңдар бірнеше кезеңдерден өтті: жалпыдан жалқыға өту үдерісінен өтті, өкілеттілігі күшейе түсті, үнемі толығулардан тұрды, олар өкіметке қарсы «жауларды» табу мақсатында баптарды көбейтуге бағытталды. Лениндік-сталиндік саясат – мемлекеттік құрылыстың жеке тұлғаларға, азаматтарға күш көрсетуінен тұрды.

Кеңес өкіметінің тапқа бөлу саясаты да – адамдардың құқығын шектеудің бір түрі. Жұмысшы мен шаруалар мемлекеті басқа тап өкілдерін қудалауды жүзеге асырды. «Сарыарқа» газетінде жарияланған «Ұлы орыс үстемдігі» деген мақалада: «Орыстың байы кедейін жегені рас-ақ шығар. Бірақ орыстың байы да, кедейі де қазақты жейді. Орыс кедейі байымен алысса, біздің бай – кедейіміз бірігіп, орыспен алысатын жөніміз бар. Орыстың құлдығынан құтылып шықпай жатып, кедей, бай деп жіктелетін жайымыз жоқ» деп ашық көрсетті [1].

Биліктегілер алғашқы күндері-ақ декреттер жариялауды бастады. Декреттер Кеңес өкіметінің алғашқы заңдық актілері ретінде қоғамдағы үдерістерді реттеді. Яғни, декреттер мүлтіксіз орындалуы қажет еді, өйткені бұл большевиктердің халық жадына жаңа қоғам ережелерін енгізуге басты құрал ретінде пайдаланылды. Большевиктер көсемі В.И. Ленин декреттердің орындалуын тікелей өзі қадағалап отырды. Декреттерді дерек ретінде талдау бізге Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы жүргізген большевиктер саясатын ашып беруге көмектеседі. Аталған құжаттар қоғамдық-саяси өмірді реттеуге арналғандықтан, әртүрлі сипатта болды.

Декреттерді В. Ленин даярлап, II Кеңестердің Бүкілресейлік съезінде қабылдады. Алғашқы қабылданған Бітім туралы декрет халықаралық қоғамдық пікірді қалыптастыру үшін шетелдік мемлекеттерге қарым-қатынасқа арналды. Ал жер туралы декрет халыққа беріліп, былай көрсетілді: «Жерге жеке меншік мәңгілікке жойылады. Барлық жерлер жергілікті Кеңестердің өкіміне беріледі». Декрет бойынша әр шаруа отбасына екі-үш десятина жер берілуі міндетті болды. Бұл кеңестік тарихнамада қарапайым халықтың тарапынан үлкен қолдауға ие болды деп келді. Ал, 1918 жылғы 29 маусымда Далалық корпусының штабынан Әскери атаманға жіберілген жеделхатта осы Декрет бойынша жергілікті казак-орыстардың да, қазақтардың да құқықтарының шектелгені туралы хабарланған [1, 178 б.]. Большевиктердің қазақ жеріндегі ойраны да қосыла айтылады.

Кеңес өкіметі орнай салысымен көптеген жолдаулар, үкімдер, декреттер қабылданып жатты. Осы кездегі шығарылған заңдардың бірі – 1917 жылғы 27 қазандағы «Халық Комиссарлар Кеңесінің баспа туралы декреті». Декретте Халық Комиссарлар Кеңесі үкімімен баспа туралы жалпы ереже жарияланды:

1. Тек қана төмендегідей баспасөз органдары жабылуға жатады: 1) жұмысшы және шаруа өкіметіне бағынбау немесе ашық қарсылыққа шақыратындар; 2) деректі ашық бұрмалау жолымен ылаң салатындар; 3) қылмыс, сонымен қатар, қылмыстық жазаланатын сипаттағы іс-әрекетке шақыратындар.

2. Уақытша немесе тұрақты баспасөз органдарына тиым салу тек қана Халық Комиссарлар Кеңесінің үкімі бойынша жүргізіледі.

3. Аталған жағдай уақытша сипатта болады және қоғамдық өмір қалыпты жағдайға келгеннен кейін ерекше жарлықпен жойылады [2].

Декреттің қабылдануы мерзімді баспасөздің қуғынға ұшырауының басталуы болды. Кеңес өкіметінің алғашқы күндерінен-ақ мерзімді басылым туралы қаулылар шығарды. Яғни, мерзімді басылымды мемлекеттің қадағалауға жоғары дәрежедегі қаулылар жол ашты.

Осы декреттен кейін әскери-революциялық комитет көптеген газеттерді жапты. «Баспа туралы Декретті» қабылдап, 1917 жылы 28 қазанда (10 қарашада) әскери – революциялық комитет тиым салған газеттердің шығуына тыйым салды [3]. Бұл Кеңес өкіметінің адамдардың құқығына, яғни сөз бостандығына тиым салуына жол берді. Ендігі жерде большевиктер мемлекетінде өмір сүретін халықтардың өз көзқарастарын білді-

руге мүмкіндіктері жойылды. В.И. Ленин ашық түрде «...журнал насихатқа, газет үгітке қызмет етуі керек» деп көрсетті [4]. Большевиктер көсемі мерзімді басылым арқылы тек қана диктатура саясатын жүргізіп қоймай, адамдардың санасына әсер етуді басты орынға қойды.

1917 жылы 2 қарашада «Ресей халықтары құқықтарының Декларациясы» және 20 қарашада «Ресейдің және Шығыстың барлық еңбекші мұсылмандарына» деген үндеулері жарияланды. Аталмыш құжаттарда жаңа мемлекеттің құрылымы, қалай басқарылатыны, кімдер басқаратыны туралы айтылмады. Декларацияның екінші бабында еркін ұлттардың еркін одағы құрылатыны берілген. Ал үндеуде былай делінді: «Бұдан былай сіздердің нанымдарыңыз бен әдет-ғұрыптарыңыз, сіздердің ұлттық және мәдени мекемелеріңіз ерікті және қол сұғылмайтын болып жарияланады. Өздеріңіздің ұлттық өмірлеріңізді еркін және бөгетсіз құра беріңіздер. Сіздердің бұған құқықтарыңыз бар» [5].

Осы жылы 5 (18) қарашадағы Халық Комиссарлар Кеңесінің «Тұрғындарға жолдауында» кеңес билікке ешқандай қарсы әрекеттер болмау қажеттілігі баса көрсетілді. Үзінді келтірілік: «Өндіріс пен азық – түлікті есептеуге қатаң бақылау енгізіңіздер. Халық ісіне зиян келтірушіні революциялық сотқа беріңіздер және жазалаңыздар» [2, 18 б.]. Ал, 10 (28) қарашадағы Халық Комиссарлар Кеңесінің «Әскери-революциялық комитетке жолдауында» былай көрсетеді: «Осындай әрекетке кінәлі барлық тұлғалар әскери-революциялық комитеттің арнайы қаулысы бойынша әскери -революциялық сотқа берілгенге дейін тез арада ұстауға және қамауға жатады» [6]. 28 қарашада Халық Комиссарлар Кеңесінің «Революцияға қарсы азаматтық соғыстың көсемдерін ұстау туралы» Декреті қабылданды. Декретте «халық жауы» партиясы ретінде кадеттер партиясының басшы мекемелері мүшелерінің ұсталатыны және революциялық трибунал сотына берілетіні айтылады [3, 161-162 бб.]. Өз партиясының диктатурасын және жалғыздығын кеңестер ашық айтып отырды. Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінде 1 (14) желтоқсанда В.И. Ленин большевиктік емес партиялар туралы «...өзінің тұрақсыздығымен пролетариат және шаруалар диктатурасын бұзатын саяси топтар наразылығын жоққа шығарады» деп көрсетті [6, 155 б.]. Декретте «халық жауы» термині кадет партиясы мүшелеріне байланысты ресми енгізілді.

Аталмыш шаралар Кеңес өкіметінің басқа саяси топтарды мүлдем мойындамайтынын көр-

сетті. Бұндай шаралар қазақ жерінде де қызу жүріп жатты. Қазақ интеллигенциясының саяси органы – Алаш партиясы большевиктер тарапынан қудалауға ұшырады.

Ә. Бөкейханов 1917 жылы 1 желтоқсанда большевиктерге сенбеуге шақырған үндеуінде халықты олардың өкіметімен сақтануға шақырды. Большевиктер өкіметіне деген Алаш басшысының көзқарасын тарихшы Х. Әбжанов дәл көрсетті: «Большевиктік билік қазақ халқына қисапсыз қасірет әкелетінін Алаш басшылары 1917 жылы-ақ ескертті. Қазан төңкерісін «найзаның ұшымен, айбалтаның жүзімен болған» зорлық актісі деп қабылдаған Ә. Бөкейхан, обалы нешік, әу бастан қазақ жұртын бас амандығын қамтамасыз етуге шақырды» [7].

Кеңес өкіметінің құжаттарында тоталитарлық жүйенің өктемдігі анық көрінді. Большевиктер заңдары міндеттеген бұйрық түрінде жазылды. Және де олар өздерінің репрессиялық саясатын жасырмай, ашық айтып отырды. Бұл заңдық актілер Кеңес мемлекетінің дамуының негізгі кезеңдерін ашып берді, мемлекеттік органдардың қызметін зерттеуде басты дерек көздері болып табылады. Сонымен қатар декреттер саяси жүйенің өмірге қалай еніп жатқанын анықтады. Олар арқылы Кеңес өкіметінің саясатын толық талдай аламыз.

Декреттердің шығуын зерттеу деректанулық талдау үшін маңызды мәліметтер бере алады. Мәселен, В.И. Лениннің қол қойған құжаттары оның жазалаушы сипаттағы мемлекеттің негізін қалаушы екенін ашып береді. Кеңес мемлекеті кезінде деректанушылар бұл декреттерді демократиялық мемлекетті қалыптастырушы заңдық актілер деп түсіндірді. Бүгінгі күн тұрғысынан біз аталған шаралардың жазалаушыларға зор мүмкіндіктер ашқанын көрсете аламыз. Алғашқы заңдық құжаттар адамдардың сөз, ой бостандығын, шығармашылығын шектеді, қуғындады. Қоғамдық ой – пікірді большевиктер ашықтан-ашық қудалады.

Кеңес өкіметінің өмір сүруінің алғашқы кезеңінде, революциядан соң 1918 жылдың аяғына дейін кеңес құқықтық деректері – Кеңестердің Бүкілресейлік Кеңестер съезі декреттері, БОАК, БРК халық комиссарлар бұйрықтары, жергілікті кеңестер актілері болып табылды.

Алғашқы кеңестік Конституция Кеңестердің Бүкілресейлік бесінші сиезінде 1918 жылдың 10 шілдесіндегі қабылданды. 1918 жылғы қаңтарда Кеңестердің Бүкілресейлік үшінші сиезінде бекітілген «Еңбекші және қаналған халықтардың құқықтары Декларациясымен» бір-

ге ол РКФСР-дың біртұтас негізгі заңын құрады. Конституция сол уақытқа дейін РКФСР-да қалыптасқан мемлекеттік өкімет органдарының құрылымын бекітті және Кеңестердің Бүкілресейлік сиезі, РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетіне заңдық өкіметті берді, ал олар өз өкілеттілігі аясында декреттер, үкімдер, нұсқаулар, қаулылар және т.б. заңдық актілерді шығара бастады [8]. Дегенменен, Конституцияда «Ресей халықтары құқықтарының Декларациясындағы» секілді Ресейдің құрамындағы отар халықтарды басқару жүйесі мен мемлекеттік құрылымдары нақтыланған жоқ. Ә. Бөкейханов «Қазақ» газетінде жарияланған «Саяси хал» мақаласында бұны төмендегідей түсіндірді: «Русия мемлекеті енді жақын арада үйірге қосылмайды. Біз бірліктен айрылсақ, мына орысша қаңғып кетеміз. Көш бастаған ақсақал аға, зиялы іні, жергілікті жұрт қызметін таза атқар. Жалпы жұртқа мұрындық бол» [1, 82 б.].

Осы Конституцияның 23-бабында былай жазылған болатын, барлық жұмысшы таптың қызығушылығын басшылыққа ала отырып, РКФСР жекелеген азаматтар мен әлеуметтік топтардың социалистік революцияға шығын келтіретін құқықтарын шектейді. Бұл өкіметтің кез-келген зорлық-зомбылығын заңдастырды. 1918 жылғы Конституция адамды адамның қанауын жоққа шығара және кеңес билігі кезінде таптарды да, мемлекеттік өкіметті де бөлмейтін социализмнің орнатылуын жариялай отырып, ұлттардың теңдігін, барлығы үшін міндетті еңбек және әскери міндеткерлікті, жалпы сайлау құқығын бекітті. Бірақ ол аластатылғандар категориясы – дауыс беру құқығы жоқ және сайлана алмайтын, «азаматтық құқығынан айрылғандарды» жасады. Бұл категорияға «жатып ішерлер», дін қызметшілері, бұрынғы «буржуйлар», «дворяндар» және тек өз еңбегінен ғана пайда түсірмейтін, яғни Бүкілресейлік төтенше комиссияның қандай да болсын күдікті объектісіне айналған миллиондаған адамдар кірді [9].

Кеңес өкіметі толық орнағаннан соң большевиктер жазалау әдістерін мемлекеттік мекемелер арқылы жүргізіп, «ату жазасын» елдің басты заңы Қылмыстық Кодекске енгізбек болды.

1922 жылғы РКФСР Қылмыстық Кодексінің [10] алғаш қабылдануы кеңестік әрбір азаматтың құқығын шектеді. Себебі, жазалаудың ең жоғары шарасы-ату жазасы Қылмыстық Кодекс арқылы заңдастырылды. Кодексте басты назар «мемлекеттік қылмысқа», оның ішінде «контрреволюциялық қылмыс туралы» бөлімге аударылды.

Бұл Қылмыстық Кодекстегі «ату жазасының» аясының кеңеюінде мемлекет басшысы В.И. Лениннің рөлі ерекше болды. 1922 жылғы 15 мамырда Әділет халық комиссариатының аталған заңдық құжатты даярлауына және оны ІХ шақырылған Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің ІІІ сессиясында талқылауына байланысты В.И. Ленин өзінің Қылмыстық Кодекске қосымша жобасын және Әділет халық комиссары Д.И. Курскийге хатын жолдады. «РКФСР Қылмыстық Кодексіне енгізілетін заңның жобасына қосымшада» былай көрсетті: «...5. Алда Кеңес өкіметін контрреволюциялық қол сұғушылықтан кепілдік беру үшін жағдай қалыптасқанға дейін революциялық трибуналға Қылмыстық Кодекстің 58, 60, 61, 62, 63, 64... баптарында қаралған, яғни қылмыстар бойынша ату жазасын – жазалаудың ең жоғары шарасы ретінде қолдану құқығы беріледі». Хатында ол ату жазасын қолдану аясын кеңейту туралы ойын білдірді. Ал 17 мамырда Қылмыстық Кодекстің қосымша тараушасына нұсқалар жіберді. Оның ойынша, бастысы – террорды ақтау және мәнін ашу. Сонымен қатар, В.И. Ленин бірнеше нұсқалар жазды. Оның ұсыныстары Қылмыстық Кодекстің «Контрреволюциялық қылмыстар туралы» бөлімшесін жасаған кезде ескерілді [11]. Осылайша, В.И. Ленин 1920 жылдардың ортасынан бастап кеңестік жазалау заңдық актілерінің қайнар көзіне айналған РКФСР Қылмыстық Кодексінің жасаушылардың қатарында болды. Оның ату жазасы туралы нұсқалары әсіресе жаппай жазалаудың негізіне айналған 58 бапқа негіз болғаны мәтіннен әбден көрініп тұр.

РКФСР Қылмыстық Кодексі – КСРО-дағы «үлкен террордың» басты тетігі. Кеңестік тарихнамада Қылмыстық Кодекс айтылмайтын. Тұтас адамдардың тағдырларына, тұлғалық келбетіне қарсы күрестің басты құралын ашу идеология үшін қажетсіз еді. «Айыптау үкімі», «үкім», «айыптау қорытындысы» секілді құжаттарда аталған баптың бөлімдері анық көрінеді. Ал шындығында, бұл баптың артында бүкіл кеңестік репрессиялау саясаты тұрды. Осы Қылмыстық Кодекстегі баптардың бастысы – 58-бап еді. 58-бапта былай көрсетілді: «Контрреволюциялық мақсатта қарулы көтерілістерді ұйымдастыру немесе кеңес территориясына қарулы отрядтар мен бандылардың басып кіруі, сонымен қатар орталықта және жергілікті жерлерде өкіметті басып алу мақсатында қандай да әрекетке қатысу немесе РКФСР-дан оның қандай болсын территориясын зорлап тартып алу немесе оның жасаған келісімін бұзу – жазалаудың ең жоғары шарасы және барлық мүлігін тәркілеуге кесіле-

ді, жеңілдетілген жағдайда жазалауды қатаң оқшаулап және барлық мүлкін тәркілеп, бес жылдан кем емес мерзімге еркінен айыруға дейін төмендетуге жол беріледі». 58 баптағы жазалау шарасы яғни ату жазасы 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67 баптарда негізге алынды.

Кеңестік деректанушылар заңдарды тарихи дерек көзі ретінде талдағанда, негізінен Конституция, Декрет секілді актілерді ерекше мазмұндайды. Өйткені ол заңдарда Кеңес өкіметінің негізгі шын бет пердесі толық ашылмаған еді. Ал кеңес дәуіріндегі белгілі деректанушы-ғалым И.Д. Ковальченко өз еңбегінде Қылмыстық Кодекстер туралы былай деп көрсетеді: «Кодекстер дерек ретінде өмір сүріп тұрған заңдар туралы көрініс береді. Қоғамның даму барысында кодекстер құрамы өзгерді, олардан жекелеген баптар шығарылуы мүмкін, ал келесі заңдар қосымша ретінде кіргізілді» [12]. И.Д. Ковальченко өз еңбегінде кеңестік Қылмыстық Кодекстің қабылдану тарихын айта келіп, оның негізгі мәнін талдамайды. Бұл – кеңестік саясат әсері. Себебі, Қылмыстық Кодекс баптары адамдар тағдырын шешудегі өкіметтің ролін аша алды.

РКФСР Қылмыстық Кодексіне қатысты алаш зиялылары пікірлері туралы деректерді келтіруге болады. Түркістан Әділет халық комиссариаты өтініші бойынша Батыс Алашорданың лидерінің бірі Ж. Досмұхамедовке заңгер ретінде аталған құжатты қазақ тіліне аудару тапсырылды. Ол аударманы басқарды және 1924 жылы Ташкент қаласында Түркістан Республикасы Халық Комиссарлар Кеңесі Ерекше Комиссиясының көмегімен «РКФСР Қылмыстық Кодексінің» аудармасын «РСФСР-дің Жауыздық низамнамасы» деген атпен шығарды. Аударма бүгінде ҚР Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін басылымдар қорында сақталған [13].

1924 жылы 31 қаңтарда КСРО Кеңестерінің екінші сиезінде КСРО Конституциясы қабылданды. Оның мәтіні екі бөлімнен тұрды: КСРО құрылуы туралы Декларация және КСРО құрылуы туралы келісім [8, 219 б.]. Конституция бойынша жергілікті кеңестер сайлауға 18-ден жоғары әйелдер мен еркектер қатыстырылды. Енгізілмегендер қатарын 1918 жылы-ақ сайлауға қатысудан аластатылған адамдардың кейбір категориялары құрады. Пирамидалық жүйе бойынша алдымен әрбір Кеңес одан да ірі аудандық, облыстық, республикалық Кеңес делегаттарына, одан кейін екі жылда бір рет шақырылатын Одақтық Кеңестер сиездерге сайлады. Соңғысы өз кезегінде екі заң палаталары Одақтық және Ұлттық Кеңестен тұратын Орталық Атқару өзінің өкілеттілігін екі тұрақты параллелді ор-

гандарға ОАК Президиумы және ХКК, яғни атқарушы және әкімшілік органдарға берді. Конституция бойынша комиссариаттардың үш түрі құрылды: одақтық, одақтық – республикалық деңгейде, республикалық. Тарихшы Н. Верттің айтуынша, республикаларға берілген авансқа қарамастан, 1924 жылғы Конституция орталық өкіметтің республика істеріне ылғи араласуын «қолдады» (IV тарауы, 13-ден 29-ге дейінгі баптар) [9, 180-181 бб.]. Бұл Қазақ АКСР-інің «қуыршақ» мемлекетке айналуын дәлелдейді. Орталықтан басқарылатын республикада ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдері ығыстырыла бастады. Мемлекеттің негізгі заңының тоғызыншы тарауында «Біріккен мемлекеттік саяси басқарма туралы» айтылды. Мекеменің құрылу мақсаты саяси және экономикалық контрреволюция, тыңшылық пен бандитизммен күресте одақтас республикалардың революциялық күшін біріктіру болды, Халық комиссарлар

кеңесі жанынан құрылған органның төрағасы аталмыш кеңеске дауыс беру құқығымен енді. БМСБ ХКК жанындағы өзінің уәкілдері арқылы жергілікті Мемлекеттік саяси басқарма органдары жұмысын басқарады делінген.

Мемлекет басшысы, заңгер В.И. Лениннің өзі жасаған декреттер мен заңдық актілер болашақ «үлкен террордың» негізін қалады. 1925 жылға дейін кеңестік репрессивтік жүйенің мән – мағынасы айқындалып, келбеті ашылды.

Большевиктік басшылық қолын ешқандай заңмен байлаған жоқ, революциялық құқықтық сана жазалау саясатының құрамына айналды. Жазалау органдарының әрекетіндегі жүгенсіздік, террорды тұрғындардың тұтас әлеуметтік топтарын жою үшін пайдалану, әлеуетті қарсыластардың көзін жою, мемлекеттің жағынан шектеудің болмауы адамдарды қорлаудың Ресейде революцияға дейінгі болмаған әрекеттеріне апарды.

Әдебиеттер

- 1 Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917 ж. – мамыр 1920 ж. – Алматы: «Алаш», 2005. – Т.2. – 496 б.
- 2 Ленин В.И. и ВЧК. Сборник документов (1917-1922 гг.). – М.: Политиздат, 1975. – 679 с.
- 3 Декреты Советской власти. – Т.1. – М.: Политиздат, 1960.
- 4 Ленин В.И. Полн. собр. соч. : В 55 т. – Т.35. – М.: Политиздат, 1960-1965.
- 5 Қазақ КСР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. IV том. – Алматы: Ғылым, 1981. – 676 б.
- 6 Ленин В.И. Полн. собр. соч. : В 55 т. – Т. 9. – М.: Политиздат, 1960-1965.
- 7 Жұртбай Т. Ұраным Алаш. – Алматы: «Ел – шежіре», 2008. – 472 б.
- 8 Голиков А.Г., Круглова Т.А. Источниковедение отечественной истории. – М.: Издательский центр «Академия», 2007. – 464 с.
- 8 Жұртбай Т. Ұраным Алаш. – Алматы: «Ел – шежіре», 2008. – 472 б.
- 9 Верт Н. История советского государства: Пер.с фр. – М.: Издательства «Весь мир», 2006. – 560 с.
- 10 Сборник законодательных и нормативных актов о репрессиях и реабилитации жертв политических репрессий. – М.: Республика, 1993. – 245 с.
- 11 Ленин В.И. Полн. собр. соч. : В 55 т. – Т.45. – М.: Политиздат, 1960-1965.
- 12 Источниковедение истории СССР (под. ред. И.Д. Ковальченко). – М.: Высшая школа, 1981. – 496 с.
- 13 Мажитов Р. Жажанша Досмухамедов. – Алматы: Арыс, 2007. – 216 с.

References

- 1 Alash kozgalisy. Kujattar men materialdar ginagy. Zheltoksan 1917 g. – mamir 1920 g. – Almaty: «Alash», 2005. – Т.2. – 496 b.
- 2 Lenin V.I. i VCHK. Sbornik dokumentov (1917-1922 gg.). – М.: Politizdat, 1975. – 679 s.
- 3 Dekrety Sovetskoi vlasti. – Т.1. – М.: Politizdat, 1960.
- 4 Lenin V.I. Poln.sbor.soch.: V 55 t. – Т.35. – М.: Politizdat, 1960-1965.
- 5 Qazakh KSR tarihy (kone zamannan buginge deyin). Bes tomdik. IV tom. Almaty: «Gilym»baspasy, 1981. 676 b.
- 6 Lenin V.I. Poln.sbor.soch.: V 55 t. – Т.9. – М.: Politizdat, 1960-1965.
- 7 Jurtpay T. Uranym Alash. – Almaty: «El-chejiresi», 2008. – 472 b.
- 8 Golikov A.G., Kruglova T.A. – Istochnikovedenye otechestvennoy istorii. – М.: Izdatelskii centr «Akademya», 2007. – 464 s.
- 9 Vert N. Istorya sovetskogo gosudarstva: Per.s fr. – М., Izdatelstva «Ves mir», 2006. – 560 s.
- 10 Sbornik zakonodatelnih i normativnih aktov o repressyah i reabilitacii jertv politicheskikh repressii. – М.: Respublika, 1993. – 245 s.
- 11 Lenin V.I. Poln.sbor.soch.: V 55 t. – Т.45. – М.: Politizdat, 1960-1965.
- 12 Istochnikovedenye istorii SSSR (pod. red. I.D. Kovalchenko). – М.: Vishaya shkola, 1981. – 496 s.
- 13 Majitov R. Gahancha Dosmuhamedov. – Almaty: Izdatelstvo «Arys», 2007. – 216 s.

2-бөлім
**ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**

Раздел 2
**ДРЕВНЯЯ И СРЕДНЕВЕКОВАЯ
ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА**

Section 2
**ANCIENT AND MEDIEVAL
HISTORY OF KAZAKHSTAN**

Хабижанова Г.Б., Омарбеков Т.

Мақалада қазіргі кезеңде заман талабына сай ұлт тарихының ұлттық сана мен ұлттық рухты насихаттайтын өткен ғасырдағы Алаш зиялыларының қызметіндегі мемлекеттілік идеясының қалыптасуы қарастырылады. Қанша уақыт бойы тарих, филология және басқа бағыттарда жазылып келсе де, әлі де зерттелуді толыққанды қажет етеді. Сондықтан, авторлар мақалада кеңестік кезеңде тиім салынған ұлттық идеяның қалыптасуы мәселесіне біршама тоқталады. Сонымен қоса, мақалада Отандық тарихшылардың еңбектері ғана емес, қазіргі кезеңдегі шетелдік тарихшылардың жиырмамыншы ғасырдың басындағы Алаш қозғалысының ұлттық автономия алу жолындағы идеялары туралы объективті көзқарастағы пікірлері жете қарастырылған. Ұлттық тәуелсіздік идеясы туралы ұлт зиялыларының мерзімді баспадан жарық көрген еңбектері мен тұжырымдамаларына ғылыми талдаулар жасалынған.

Түйін сөздер: қуғын-сүргін, ұлттық идея, Алаш қозғалысы, қазақ зиялылары, Кеңес Одағы.

Мекебаев Т.Қ.,
Kumganbaev Zh. Zh.

**Formation of the idea of national
statehood in the activities of the
movement Alash**

The article deals with the formation of the ideas of national statehood in the activities of intellectuals of Alash in the key of modern research. This topic has long studied by historians, philologists but has not lost its relevance. Therefore, the authors analyze the problems of formation of the national idea, which in Soviet times was on the ban. Also, the article describes the works of not only local historians and the study of foreign scholars on the issue of acquisition of Alash movement for national autonomy. An analysis of the scientific works of the representatives of the national intelligentsia

Key words: Persecution, national idea, the movement of Alash, the Kazakh intelligentsia, the Soviet Union.

Мекебаев Т.Қ.,
Кумганбаев Ж.Ж

**Формирование идеи
национальной
государственности
в деятельности движения
Алаш**

В статье рассматривается формирование идеи национальной государственности в деятельности Алашской интеллигенции в ключе современных исследований. Эта тема давно исследуется историками, филологами но не потеряла свою актуальность. Поэтому авторы проводят анализ проблемы формирования национальной идеи, которая в советский период была под запретом. В статье рассматриваются труды не только отечественных историков, а также исследования зарубежных ученых по проблеме движения Алаш за обретение национальной автономии. Проведен научный анализ трудов представителей национальной интеллигенции.

Ключевые слова: Гонения, Национальная идея, движение Алаш, казахская интеллигенция, Советский союз.

**АЛАШ
ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ
ҚЫЗМЕТІНДЕ
ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІК
ИДЕЯСЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ**

Қазіргі кезеңде заман талабына сай ұлт тарихының ұлттық сана мен ұлттық рухты жоғары деңгейде дамытуға қызмет көрсетуі заңдылыққа айналып отыр. Ұлттың бірегейлігі мен біртұтас келбетін сомдайтын тарих ғылымы болып табылады. Сондықтан да, тарихшылардың тарих алдында уақыт арқалатқан жауапкершілігі зор. Ұрпақ арасындағы білім мен біліктілікке негізделген тарихи сабақтастықты жалғастыру және дамыту арқылы ұлттың рухы биіктей түседі. Кеңестік қоғам тұсындағы ұлт мүддесінің аяқ асты болған тұстарын объективті түрде зерттеп, шынайы зерделеу, тәуелсіздік жылдарында қазақ зерттеушілерінің басты нысанына айналды. Өйткені, кеңестік кезеңде қазақ халқының қайғы-қасіретке толы болған тарих беттерін ашуға мүмкіндік болған жоқ.

XX ғасырдың бірінші жартысында жазықсыз қудаланған қазақстандық зиялы қауымның тағдыры кеңестік кезеңде айтылмады және жазылмады, оның себебі қазіргі уақытта баршамызға мәлім. Еліміз егемендікке қол жеткізгеннен кейін, бұл мәселені зерттеу қолға алынды, алайда мәселе әлі де толықтай зерттеле қойған жоқ. XX ғасырдың басында қазақ қоғамында орын алған күншілдік, сатқындық секілді жаман, жат қасиеттер қазақ ұлтының зиялы қауымы өкілдерінің арасында да белең алып, соның салдарынан кеңес билігі одан сайын күшейе түсті. Мұны пайдаланған сталиндік үкімет қазақ зиялыларының басым бөлігін қудалауға ұшыратты. Қуғын-сүргін шаралары ой еңбегінің рухани болмысын меңгерген зиялылар үшін өте ауыр болып, олар рухани жағынан адам айтып түсіндіре алмас азап шекті.

Бүгінгі таңда қазақ қоғамының тарихи санасын жаңғырту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Өйткені өз еліміздің тарихын тану арқылы ғана өткен ғасырдың соңында қол жеткізген тәуелсіздігіміздің қадіріне жете аламыз. Қазақ халқының тарихына үңіліп қарасақ еліміздің азаттық пен тәуелсіздік жолындағы күресі ешқашан толастамағанын аңғарамыз. Өз дамуының белгілі бір жетістікті кезеңіне жеткен кез-келген ел ұлттық идеясын қалыптастыруға деген қажеттілікті сезінеді. Әлемдік тәжірибе көрсетіп бергендей, ұлттық идея ел дамуының түбегейлі жаңа сатысына көтерілудің орасан зор мақсаты жолындағы қоғам мен мемлекеттің саяси, әлеумет-

тік, экономикалық, мәдени, рухани және тағы басқа барлық күштерін біріктіру міндеті туындаған тұста пайда болады. Ұлттық идея этностық, діни, мәдени және өзге де қауымдастықпен біріккен адамдар тобының бөлісетін ұжымдық мақсат-мұраттары, дүниетанымының көзқарастары мен құндылықтарының кешенді жиынтығын білдіреді. XX ғасырдың бас кезінен өрістей бастаған қазақ қауымына тән қоғамдық қозғалыс өз алдына буржуазиялық-демократиялық мәні бар жалпыұлттық мақсат-міндеттерді: ұлттық тең құқылық, халықтың мәдениетін көтеру, оқу-ағарту ісін жетілдіру, әйел теңдігін қамтамасыз ету, көшпелілерді отырықшыландыру сияқты міндеттерді қойды. Басқа сөзбен айтқанда бұл істің басы-қасында болған жаңадан қалыптаса бастаған қазақтың ат төбеліндей аз ғана тұңғыш интеллигенттері жалпы ұлттық сұраныстарға жауап беруге және оларды шешуге тырысты.

Ұлттық идеяның мәні мәңгілікке ұмтылуда. Оның мазмұнына көз жүгіртсек, екі бөліктен тұрады. Бірі – ұлт, екіншісі – идея мәселесі. XX ғасыр қазақ тарихына ұлы өзгерістер әкелді. Олардың ішінде ұлтты ұлықтағандары да, ұлттың қасіретіне айналғандары да бар. XX ғасырдың алғашқы екі он жылдығы ұлттық идея тарихына терең із қалдырғанын байқамау мүмкін емес. Торлаған тұманнан жол таппай тұрған халқын өрге сүйреген күш Алаш қозғалысы еді. Саяси мәдениетті әлемдік деңгейге көтерген, кәсіби даярлығы заманның сұранысына сай, адамгершілік-имандық қасиеттері ұлы даланың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен суғарылған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышпаев, Ж. Ақпаев, С. Лапин, Б. Қаратаев сияқты дүлдүлдер бастапқыда осынау қозғалыстың тұлғалық-интеллектуалдық әлеуетін сомдаса, іле-шала Х. Досмұхамедов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, М. Әуезов, Ж. Аймауытов, М. Шоқай, тағы басқалар әрлендірді.

Бұдан әрине XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары шетінен періште болды деген ойтүйін шықпауы керек. М. Дулатов жазғандай, «ұлтшыл болуға жарамай, өз басының қамын ойлап, жылтыр түйме таққанына мез болып, переводчик болып пара алып, пристав болып халықтың қанын сорып, болыс болып ел бүлдіріп, тыңшы болып, шағым жүргізіп жүрген соғылғандар» қай аймақтан да табылатын. Мұндайлар тарихи прогрестің өзегінде тұрған жоқ [1, 219-220 бб.].

Аса ірі тарихи оқиғалар, біріншіден, инерциялық сипатта болса, екіншіден, ұзаққа созылатын

саяси салдарға ие болады. Осыған байланысты, Алаш тарихы мен Қазақстанның мемлекеттілігі арасында өзара тарихи байланыс пен сабақтас-тық бар. Ол біріншіден, XX ғасырдың басы империялық және кеңестік мемлекеттілік дағдарысқа ұшырады. Осының өзі қоғамның белгілі бір бөлігінің, атап айтқанда, Алашорданың идеялық дем берушілері мен кеңестік және посткеңестік Қазақстанның саяси жетекшілерінің шешуші қимылдар жасауына түрткі болды. Екіншіден, екі жағдайда да ұлттық қозғалыстар саны арта түсті. Үшіншіден, алашордалықтар қазақтардың мемлекеттік құрылымының түрін, еуразиялық геосаяси кеңістіктегі орнын, өкілеттігі мен мәртебесін өз көзқарастары тұрғысында дамыта білді. XX ғасырдың басында саяси қайраткерлер де саяси сауаттылық, күрделі міндеттерді шешуде шапшаңдық таныта білді. Өйткені, Кеңес Одағы деп аталатын аса қуатты империя дамып жатты. Осы кезде қоғамды сақтап қалып, жаңа мемлекетті, ұлттың ілгері дамуы үшін қажетті жағдайларды жаңадан құру керек болды. Бұдан бөлек, аталған жағдайда мемлекеттілік – ұлттық мәселелерді шешетін және оны шешудің кілті жатқан негізгі құрал болатын [2, 22 б.].

Жапониядағы Хоккайдо университетінің Славян зерттеу орталығының Орталық Азия бойынша маманы, профессор Уяма Томохиконың пікірінше: «Алашордада әлдебір идеология болды деп айтпас едім. Бұл қозғалысқа қатысушылардың әртүрлі идеялары болды. Егер олардан нені үйрену керек деген әңгіме туса, онда адамгершілікті, азаматтылықты және қарапайымдылықты деп жауап беруге болады. Олардың идеясы – халыққа қызмет ету болатын. Патша тұсында олар Алашордалықтар халық игілігі үшін жұмыс істеген адамдардың жақсы үлгісі ретінде қала бермек. Автономиялы үкіметті құрған кезде өздерін министр деп емес, жай ғана Алашорда мүшелері деп атады. Алашордалықтардың қазақтардың мәдени деңгейін дамытуға талпынысы мен жапондықтардың өз халқының мәдени және экономикалық деңгейін көтеруге ұмтылыстары арасында әлдебір ортақ дүниелер бар деп ойлаймын» [3, 12 б.], – десе, ал тарихшы-ғалым М. Қойгелдиев: «1917 жылы Алаш автономиясын құру туралы хабарлама ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртудың әрекеті болды. «Ресей империясының құрамындағы Алаш автономиясы» деген сөзді айта отырып, Әлихан Бөкейханов қазақтар өз мемлекетін құруға әлі даяр емес дегенді білдіргісі келді. Ол жеке мемлекеттілікке өту үшін даярлық кезеңі қажет, тәуелсіздік туралы мәселені болашақта айтуға болады

деді. Желтоқсанның сол бір күндерінде бір кездері Алаш қозғалысы өз алдына қойған мәселелер көтерді. Қазақстанның 1991 жылы мемлекеттік алуы Алашорда идеясының заңды жалғасы деп есептеймін», - деп ойын білдіреді [4, 3 б.].

Әрине ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының мақсаты ұлттық еркіндік жолындағы күресі мен іс-әрекеті болатын. Айталық 1905-1907 жылғы бірінші орыс революциясы қазақ даласындағы ұлттық қозғалыстың белең алуына да өз септігін тигізді. Бірінші орыс революциясының дүмпуі Ресей империясының құрамындағы шет аймақтарындағы елдерде де ұлт-азаттық қозғалыстың өрши түсуіне әсер еткені белгілі. Осы жылдары қазақ зиялылары жалпы ұлттық мүдде арнасында іс-әрекеттерге көшіп, ұлттық бірлікті орнықтыруға, әрі тәуелсіздік жолында ұлттық, мұсылмандық, түркішлдік идеясы негізінде діндес, бауырлас, тағдырлас елдер өкілдерімен бірлесе кіріскен болатын. Олардың саяси көзқарастарының қалыптасып, қоғамдық-саяси қызметке араласуына бірінші орыс революциясы белгілі дәрежеде ықпал жасады. 1905 жылғы революциядан кейін қазақ зиялыларының белсенді қайраткерлері қазақ халқының саяси санасын қалыптастыру жөнінде жүргізген жұмысы ұлт-азаттық қозғалысын ұйымдық жағынан рәсімдеу идеясына әкелді [5, 4 б.].

Өткен тарихымызда, қазақ ұлтының дамуына үлестерін қосқан, өздерінің болмысы да, көзқарастары да дара туылған, ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қалыптасқан қазақ зиялы қауым өкілдерінің рөлі ерекше болды. Өздерінің саяси бағыттары мен әлеуметтік базасы жағынан оларды үш топқа бөліп қарастыруға болады, сонымен бірге ХХ ғасырдың 1918-1929 жж. кеңестік билікке тартылған ұлт зиялыларын төртінші топ ретінде қарастырдық. Олар большевиктік көзқараста болғанымен елдің теңдігін ойлап, тұтас Түркістан идеясын көтеріп, тәуелсіздік үшін күрескен ұлт зиялылары еді. Аталған бұл топтағы зиялы қауым өкілдерімен екінші тарауда арнайы қарастырамыз. Бірінші топқа – «Алаш» партиясының либералды-демократтар тобы жатады. Партияны бұлай деп атап және оның негізін салған адам, ол қазақтың көрнекті саяси қайраткері Әлихан Бөкейханов болатын. Оның мақсаты Ресей аясында қазақтардың автономиялық тәуелсіздігіне қол жеткізу. Алаш зиялылары сұлтан, бай, билер мен ауқатты малшылар мен жериеленушілер отбасынан шыққан адамдардан құралған. Олардың басым көпшілігі Санкт-Петербуркте, Мәскеуде және т.б. Ресейдің орталықтарында жоғары білім алған,

сонымен бірге отаршыл әкімшілікте – дәрігер, мұғалім, қорғаушы т.б болып қызмет атқарған еді. Бұл топты («батыстықтар» деп атаған) мынадай жарқын адамдар құрайды: А. Байтұрсыннов – «Қазақ» газетінің бас редакторы, ақын, жазушы, лингвист тілтанушы; Ж. Ақаев – заңгер; М. Тынышпаев – инженер; М. Дулатов – ақын, жазушы; М. Жұмабаев – ақын, жазушы; Х. Ғаббасов – жазушы; Ж. Аймауытов – жазушы, ақын; Х. Досмұхамедов – дәрігер; Ж. Досмұхамедов – экономист; А.К. Кенжин – мамандығы мұғалім. И. Мустамбаев – геолог; А.Ә. Ермеков – ұстаз, ғалым, математик және сол секілді көптеген т.б. [6, 1-24 п.].

Ұлт зиялы қауым өкілдерінің екінші тобын мұсылман қозғалысының өкілдерімен қарым-қатынаста болған ұлт зиялылары құрайды, олардың көбі кейін Түркияға бағыт ұстанады және соған байланысты «түрікшілдер» атауын алған болатын. Бұл топтың өкілдері М. Шоқай, С. Лапин, У. Хожа, А. Махмұд, Х. Юрғули-Ағаев, С. Герцфельд, Ш. Шағиахметов, Ә. Оразаев, К. Қары, С. Ақаев, А. Бадин, Кішкенбаев, Кәрімбаев, М. Бехбуди [7, 52 б.] және тағы басқа өкілдер бар.

Үшінші топты, саны жағынан аз және әлсіз топты көзқарастары социалистік бағытты ұстанушы ұлт зиялылары құрады, оларда тек сирек ерекшелік болмаса, көбі кедей малшылар мен жериеленушілерден шықты. Олар: Мұқан Әйтпеннов, Көлбай Төгісов, Шаймерден Әлжанов, Қасен-Қожа Бекхожин, Махмұт Уәлиханов, Қазы Торсанов, Байсейіт Әділов, Әлиасқар Қуанышев, Үсен Қосаев, Нұрғали Құлжанов, Ыбырай Төлебаев, Сұлтан Аблаевтар және т.б. болды [8, 10 п.].

«Алаш» партиясының көшбасшысы, ақсүйектер (сұлтан) отбасынан шыққан Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов Омбыдағы техникалық училищені, 1894 жылы Санкт-Петербурктегі Императорлық Орман шаруашылығы институтының экономикалық факультетін тамаша бітіріп шыққан болатын [9, 137 б.]. Мұғалім, журналист, этнограф, публицист және әлуметтанушы ғалымның маңдайына ауыр және өте қиын тарихи миссия – қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының өкілі және ең алғашқы қазақ автономиясының басшысы болу жазылыпты. Ә. Бөкейхановтың ең принципті саяси мұрасы – ұлттық-мемлекеттік өз-өзін ұйымдастыру идеясы. Бұл идеяны ол және оның жақтастары өздерінің бүкіл күш-қайратын іске асыру үшін жұмсады және Алаш-Орда мемлекетін жариялаған соң, сол үшін ақырында өмірлері құрбан болды.

Ұлт зиялыларының атқарған жұмыстарында қазақ халқының арасына беделді оқығандарды ел ішіне, ауылдарға шығара отырып, үгіт-насихат жұмыстарының нәтижелі болуына қазақ комитеті үлкен мән берген болатын. Осындай үгіт-насихат, ұйымдастыру істерінің нәтижесінде көпшілік уездер мен ауылдарда комитеттер мен ұйымдар ашылып, қазақ мүддесі үшін сан-салалы қызметтер атқарды. Ұлт зиялы қауымы өкілдері осындай ұйымдастыру, түсіндіру, насихат жұмыстарын атқару жолында кездескен әртүрлі кедергілерге отарлық саясатқа деген ызасы мен кегін, өмірден есесі кетіп жүргендегі өкінішін естеріне түсіріп, көкірегінде ұлттық намыс отын жағу үшін халықтың сана-сезіміне психологиялық әдіс арқылы әсер еткен болатын. Айтар болсақ «Сарыарқа» газетіндегі «Күш бірлікте» деген мақалада: «...құлдыққа көніп, жем болудан қашатын болсақ, мына ұлы орыстың өзімен-өзі алысып, әлі құрып тұрғанда Алаш туын көтеріп, ақ орданы тігу жөн. Дәл осы кез – іздегенде таба алмайтын, автономияны алып қалатын кез. Ұлы орыс есін жиганда оңайлықпен автономияны бере қоймас. Тиісті мезгілін өткізіп алып, баяғыдай аңсап жүрмелік! Ұлы орыстың тұзағына алынып, ебіне еріксіз көнгеніміз жетер, мұны есімізден шығармалық. Елдігімізді кетіріп, береке, бірлігімізді жойып, қолқамызға қол салған заманды ұмытпалық!», – деп [10], кешегі тепкі көрген өмірін әлі ұмытыла қоймаса да, дүркін-дүркін есіне түсіріп, автономия аларлық сәтті кезенді өткізіп алмас үшін намысқа шақырады. Ал, Омбыдағы Алаш партиясының Бас комитеті «Жас Азамат» газетінде жарияланған «Алаш азаматтарына!» арнаған үндеуінің мазмұнына зер сала

қарайтын болсақ, халыққа рух пен жігер беру үшін: «Ақсақалдар, Ағалар! Ақыл айтып, жол бастаңыздар! Баяғы еркін дәуреннен сөз қозғап, жастардың жүректеріне қызулық жалынын салыңдар! – деп еркіндік, азаттықтың нарқын түсіндіруге тырысса, «Алаш Ордаға жәрдем қылмасандар, ұранға қызбасандар сол көңілсіз қор күндерің алдарыңда даяр. Ардақты азаматтар! Алаш тілегі иманымыз болсын, бәріміз соған ұйыйық» – деп [11, 37 б.] езгіде өткен күндерін еске түсіріп, үрей сезімін тудыру арқылы ықпал етуді көздеген. Идеологиялық жұмыс жүргізгенде қазақ зиялылары халықтың көз алдына «көңілсіз кер күндерін» әкелсе, үрейі ұшқан соң ел намыстанар, жігерленер деген ойда болғаны анық.

Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның да басты идеяларының бірі болуы тиіс. Ал бүкіл қазақ даласын осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын Алаш рухына бөлеген ұлы қазақтар аманатының жөні бөлек. Біздің ата рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парызымыз Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ал құрметтің негізгісі – Алаш идеясын ұрпақ бойына сіңіру. Алаш идеясы – ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды. Алаштың жолы, Алаш кайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту сапары – бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік ұстымдардың бірегейі болатынын естен шығармағанымыз абзал.

Алаш идеясы – қазақ идеясы. Демек, «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» дейтін біз үшін ол әрқашан қазақ идеологиясының темірқазығы болып келді, бола береді де.

Әдебиеттер

- 1 Сейдімбек А., Әбжанов Х., Салғараұл Қ. Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы. – Астана: Фолиант, 2012. – 248 б.
- 2 Аманжолова Д.А. Алаш исторический смысл демократического выбора. – Алматы: Таймас, 2013. – 400 с.
- 3 Томохико Уяма. Переосмысление этнической истории казахов (Rethinking Ethnic History of the Kazakhs // Chiiki Kenkyu Ronshu ICAS Review. – 1999. – Vol. 2, №1. – P. 37-41.
- 4 Қойгелдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII – XX ғғ.). Зерттеулер. – Алматы: Жалын, 2004. – 400 б.
- 5 Бисенова Ф. Бірінші орыс революциясы тұсындағы қазақ азаттық қозғалысы: тар. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы: Ғылым, 2002. – 32 б.
- 6 ҚРПМ. 811-қор, 23-тізбе, 171- іс. 1-24 п.
- 7 Қыдыралиев Д. Қ. Мұстафа Шоқай. – Астана: Фолиант, 2007. – 320 б.
- 8 ҚРПМ. 811-қор, 23-тізбе, 218-іс. 10 п.
- 9 Қойгелдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII – XX ғғ.). Зерттеулер. – Алматы: Жалын, 2004. – 400 б.
- 10 Күш бірлікте // Сарыарқа. – 1918, қаңтар 2. – №27.
- 11 Алаш азаматтарына! // Жас Азамат. – 1918, шілде 30. – №1.

References

- 1 Seidymbek A., Abjanov H., Salgaraul K., Ul'tytk ideya: tarihtagdyry men bolawagy. – Astana: Foliant, 2012. – 248 b.
- 2 Amanjolova D.A. Alash istoricheskii smysl demokraticeskogo vybora. – Almaty :Taimas, 2013. – 400 s.
- 3 Tomohiko Uyamo. Pereosmyslenyeetnicheskoiistoriikazakhov (Rethinking Ethnic History of the Kazakhs // ChiikiKenkyuRonshu ICAS Review. – 1999. – Vol. 2, №1. – P. 37-41.
- 4 Koigeldiev M.K. Ul'tytk sayasy elita. Kyzmety men tagdyry (XVIII – XXFF.). Zerteuler. – Almaty: Zhalyn, 2004. – 400 b.
- 5 Bisenova G. Birinwyorysrevol uciasytusyndagy kazkahazattyk kozgalysy: tar. gyl. kand. ... aforef. – Almaty: Gylym, 2002. – 32 b.
- 6 KRPM. 811-kor, 23-tyzbe, 171- is. 1-24 p.
- 7 Kydyraliev D.K., Mustafa Shokai. – Astana: Foliant, 2007. – 320 b.
- 8 KRPM. 811-kor, 23-tizbe, 218a -is. 10 p.
- 9 Koigeldiev M.K. Ul'tyksayasyelita. Kyzmety men tagdyry (XVIII – XXFF.). Zerteuler. – Almaty: Zhalyn, 2004. – 400 b.
- 10 Kush birlikte// Saryarka. – 1918, kantar 2. – №27.
- 11 Alash azamattaryna // Zhasazamat. – 1918, shilde 30. – №1.

Мекебаев Т.Қ.,
Құмғанбаев Ж.Ж.

**Қазақстанда уақытша үкімет
кезіндегі азық-түлік
комитетінің құрылуы мен
қызметі**

Мақалада Қазақстанда уақытша үкімет кезіндегі азық-түлік комитетінің құрылуы мен қызметі қарастырылған. Ақпан төңкерісі жеңіске жеткеннен кейін, облыстық азық-түлік комитеттері құрылады. Олардың негізгі мақсаты әскер мен халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету болған. Берілген мақалада тарихи құжаттарға сүйене отырып, уақытша үкімет кезіндегі азық-түлік комитетінің қызметіне сараптама жасалған. Мұрағат құжаттары негізінде Қазақстан территориясында азық-түлік комитеттерінің құрылу тарихы сипатталған.

Сонымен қатар мақалада, азық-түлік комитетінің қызметіне талдау жүргізілген. Соның ішінде тарихи дерек көздеріне негізінде автор азық-түлік комитеттерінің де отарлау саясатын қатар жүргізгенін көрсетуге тырысқан.

Түйін сөздер: азық-түлік комитеті, уақытша үкімет, уезд, қазақ комитеттері, отарлау саясаты.

Мекебаев Т.К.,
Kumganbaev Zh.Zh.

**The formation and activities
of the food committee for
the period of the temporary
government in Kazakhstan**

The article deals with the formation and activities of the food committee for the period of the temporary government in Kazakhstan. After the victory of the February Revolution, formed regional food committees. The main objective of which is the provision of food army and the people. In this article, based on historical analysis of the documents held food committees in the period of the interim government. On the basis of archival material describes the history of the formation of committees of food in Kazakhstan.

Also, the article made analysis of the food committee. In particular, in this article, based on the historical sources the author tried to show the colonial policy of food committees.

Key words: Food Committee, the interim government, county, Kazakh Committee colonial policy.

Мекебаев Т.К.,
Кумганбаев Ж.Ж.

**Формирование и деятельность
продовольственного комитета
в период временного
правительства в Казахстане**

В статье рассматривается формирование и деятельность продовольственного комитета в период временного правительства в Казахстане. После победы февральской революции формируются областные продовольственные комитеты, основная цель которых обеспечение продовольствием войска и народа. В данной статье, опираясь на исторические документы, проводится анализ деятельности продовольственных комитетов в период временного правительства. На основе архивных материалов описывается история формирования продовольственных комитетов на территории Казахстана.

Также в статье осуществляется анализ деятельности продовольственных комитетов. В частности, автор попытался показать колониальную политику продовольственных комитетов.

Ключевые слова: продовольственный комитет, временное правительство, уезд, казахский комитет, колониальная политика.

**ҚАЗАҚСТАНДА
УАҚЫТША ҮКІМЕТ
КЕЗІНДЕГІ
АЗЫҚ-ТҮЛІК
КОМИТЕТІНІҢ
ҚҰРЫЛУЫ МЕН
ҚЫЗМЕТІ**

Отанымыздың өткен тарихына зейін қоя үңілсек, халқымыз сан қилы тар жол тайғақ кешулер, аумалы да төкпелі қарама-қайшылықты кезеңдерді бастан өткізіпті. Бүгінгі күнде еліміздің кешегі тарихына деген көзқарас та мүлдем жаңа сипатқа ие болды. Оның бір көрнісі – осы уақытқа дейін бұрмаланып, ақиқаты айтылмаған немесе біржақты қаралған тарихи құбылыстарды қайта ой елегінен өткізіп, соларға объективті баға беруге деген талпыныс. Қазақ халқының тарихындағы осы күнге дейін зерттелмей келген өзекті мәселелердің бірі – Уақытша үкімет кезіндегі азық-түлік комитеті.

Ақпан төңкерісі жеңгеннен кейін жергілікті басқару ісінде ел өмірін жаңа мазмұнда ұйымдастыруда азын-аулақ өзгерістер бола бастайды. Уақытша үкіметтің облыстық және уездік комиссарлық басқару жүйесімен қатар облыстық азық-түлік комитеттері құрылады.

Азық-түлік комитеттерінің негізгі міндеттері әскер мен халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету еді. Бірінші міндет бұлжытпай орындалды деуге болады. Ал, екіншісі қай дәрежеде орындалғанын құжаттарды сөйлете отырып қарастырып көрелік.

Жетісу облыстық азық-түлік комитетінің алдында іске асырылуға тиіс үлкен шаралар тұрды. Олардың ішіндегі ең жауаптысы – 1916 жылғы көтеріліс салдарынан Қытай асқан отбасылардың қайтып оралғандарын азық – түлікпен және оларға арналған тамақтандыру пункттерін ұйымдастырумен қамтамасыз ету қажет еді.

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы 24-маусымдағы санында Мұхаметжан Тынышбайұлының жинаған мағлұматынша: «Қытай жеріндегі (Құлжа һәм Қашқар өлкелеріне) босқын қырғыз-қазақтың саны 164 мың адам екен. Сонан үстіміздегі июльдің біріне шейін қырылғаны 83 мың, жеріне қайтқаны 69 мың, Қытай жерінде қалғаны 12 мың», – деп жазылған болатын.

Мемлекеттік думаның төрағасы Родзянконың 1917 жылы 10-наурызды барлық облыстарға жіберген жеделхатында: «барлық деңгейдегі комитет төрағаларын сайлау тәртібі және олардың міндеттері қарастырылғандықтан әскерді және барлық халықты азық-түлікпен қанағаттандыру үшін тез арада облыстық, уездік және облыстық азық-түлік комитеттері құрылсын» [1, 10 п].

Бұл жеделхаттан кейін қазақ даласының барлық облыстарында комитеттерді құру науқаны қызу басталып кетті.

Жетісу облысында 1917 жылы 13-наурызда Верный қалалық думасының мәжілісі болып, бұл мәжіліске облыстық азық-түлік комитеті құрылады. Оған мүше болып сайланғандар: И.Л. Брызгалов, Т.В. Великанов, С.Р. Корсак, Н.А. Кадкина, И.А. Квятковский, Р.И. Аболин және т.б. Облыстық азық-түлік комитетінің төрағасы болып С.Р. Корсак сайланады [1, 11 п]. Мұнымен қатар, мәжілісте уездік комитеттерді құру мәселесі қарастырылды. Ал уездік атқару комитеттері тез арада азық-түлік комитеттерін құруға тиіс болған.

Бұдан кейін уездерде комитеттерді ұйымдастыру басталады. Облыстық азық-түлік комитетінің төртінші мәжілісінде уездерде азық-түлік комитеттері құрылғандығы туралы хабарлайды. Мәселен, Лепсі уезінде комитет құрылып, оның төрағасы болып Балабанов сайланды. Қапал уезінде комитеттің төрағасы болып П.И. Кузнецов сайланды.

Жаркентте комитет төрағасы болып Г.А. Свистунов сайланды. Пішпек (қазір – Бішкек) уезінде Н.П. Ходаев сайланған болатын [1, 13 п].

Жоғарыда аталып өткеніндей, Жетісу комитетінің негізгі міндеттерінің бірі 1916 жылғы көтерілістен зардап шеккен орыс шаруалары мен қоныс аударған қазақтарға көмек көрсету еді.

Осыған байланысты 31 наурызда Уақытша үкімет комиссары Волков мырза мынадай жеделхат жолдайды: «Об оказании семенной и продовольственной помощи населению, пострадавшему от киргизского волнения. В ближайшие дни будет переведен миллион рублей [1, 15 п].

Бұл жеделхатқа түрткі болған орталыққа жіберілген облыстық азық-түлік комитеті төрағасының мынадай хабарламасы еді: «Переводимый миллион рублей необходимо при оказании помощи засчитывать каждому пострадавшему в счет убытков, понесенных от мятежа. Все пострадавшие твердо уверены, что государство возвратит им убытки полностью. Все средства комитета по ликвидации убытков исчерпаны и не покрывают пяти процентов убытков. Комитеты по убытком, областной и уездной осованы чисто бюрократически, поэтому совершенно неработоспособны. Необходимо или реформировать их, или совершенно ликвидировать с передачей всех дел и незначительных остатков денег исполнительному комитетам и продовольственным, тем более что население не верит комитетам по убыткам и ропчет на них» [1, 16 п].

Облыстық қазақ комитетінің төрағасы Жайнақов, азық-түлік комитетіне былай хабарлаған болатын: «Қытайдан қайтып оралған 40000 қазақтың аштықтан тиф (сүзек- ред.) ауруына шалдығып, аурудың үдеп кетпеуі үшін, тез арада аштыққа ұшырағандарға азық-түлікпен көмектесуді өтінемін» [2].

Осыған байланысты облыстық азық-түлік комитеті мынадай шешім қабылдайды: «Принять меры к оказанию помощи голодающим при неприменном условии привлечения трудоспособного элемента к сельскохозяйственным работам, для чего организовать бюро труда из представителей комитетов из продовольственного, киргизского, казачьего и друг для урегулирования сношений между работодателями русскими и рабочими киргизами. Открыть на линии движения бедствующих киргиз питательные пункты [3, 24 п].

Азық-түлік комитетінің халық үшін пайдалы шешімдері болғаны шындық. Әйтсе де кейбір шешімдері босқын қазақтардың қолын одан сайын байлайды. Мәселен, малды облыс территориясынан тыс жерлерге көптеп шығаруға байланысты әскерге ет дайындау міндетінің орындалмай қалу қаупі төніп тұрғандығын айтып, азық-түлік комитеті дабыл қаққан еді. Осыған байланысты олар облыстық комитеттің рұқсатынсыз малды облыстан тыс жерге шығаруға болмайды деген шешім қабылдайды.

Мәселен, басқа облыстарға қарағанда Жетісуда Уақытша үкіметтің билік орындарында, соның ішінде азық-түлік комитетінде де патшалық биліктің отарлау саясатына үлкен құлшыныспен қызмет жасаған шенеуніктері жеткілікті болатын. Мысалы, құжаттардан мынадай сорақылықтарға кезігесіз. Азық-түлік комитетіндегілер 1916 жылғы көтерілістен зардап шеккен қазақтарға арналған қаржыны, азық-түліктерді және т.б. орыс селоларына жіберіпті.

Осы тұста Мұхаметжан Тынышбаев азық-түлік комитетіне жолдаған жеделхатында қырғыз малшыларына облыстан тыс жерлерге мал шығаруға рұқсат беруді сұрайды. Ал, қырғыз малшылары малды астыққа айырбастамақ еді.

Азық-түлік комитеті өзінің мәжілісінде бұл мәселеге байланысты мынадай шешім қабылдайды: «Областной продовольственный комитет считает распоряжение комиссара Тынышпаева от 1 мая 1917 г. об открытии границ Семиреченской области для пропуска скота действительным, как нарушающее права областного продовольственного комитета, препятствующее выполнению наряда для армии, а потому остав-

ляет в силе свое постановление о невыпуске из пределов области, о чем доводит до сведения гг комиссаров и Пишпекского уездного продовольственного комитета» [3, 20 п].

Мұндай қысастық әрекеттерді орыс шаруалары да істеген. Мысалы, олар қырғыздардың ақшаларын алып қойып, сол ақшаға тиесілі астықты бермей кеткен. Мұның дәлелі ретінде Пишпектегі қырғыздар съезінде сөйлеген Қорабай Бадықовтың сөзін құжат түрінде ұсынамыз:

«Хлеба киргизское население не получает ни крошки ни откуда, а закупить его в деревнях не представляется возможным, как вследствие дороговизны, так и вследствие непрямого отношения к киргизам со стороны русского населения, нередкий случай когда русские крестьяне пользуясь, безвыходным положением киргиз самым безжалостным образом обманывает их: предлагает купить хлеб по высокой цене, а взяв вперед деньги заявляет, что согласно распоряжения продовольственного комитета не имеют права продавать хлеб деньги же обратно не возвращают, создается совершенно невозможное положение. Надежда получить хлеб в Пишпекском уезде нет и продовольственной комитет в этом случае помочь киргизам не может. По этому было бы необходимо организовать закупку хлеба в других областях» [3, 394 п].

Кейбір атқару комитеттері де қырғыздарға жан-жақты қысымшылық жасаған. Мәселен, Пржевальск атқару комитеті мәжілісінде уездік азық – түлік комитетінің төрағасы П.И. Либотовтың ісін қарап, қырғыздарға арналған тегін тамақтандыратын асхана – пункттерге астық бөлгені үшін ол жауапқа тартылады және азық-түлік комитеті қысқартылсын деп атқару комитеті шешім қабылдайды [3, 63 п]. Әрине, қырғыздарға жан-жақты қол ұшын берген Либо-

тов сияқты азаматтар да болған. Мәселен, орыс шаруаларынан артық астықты алу ісін белсенді түрде іске асырған Пишпек уездік азық-түлік комитетінің төрағасы Петропавлов еді. Ол переселен шаруалардың қарсылығын күшпен баса отырып, уездегі ашаршылықпен күресуге елеулі еңбек сіңіреді [3, 12 п]. Бірақ, Петропавловтың бұл қимылын қаламаған уездік азық-түлік съезіне қатысқан орыс делегаттары оның қызметтен кетуін талап етеді. Қырғыз жұртының көрсеткен қолдауына қарамастан Петропавлов жұмысын тастауға мәжбүр болады [3, 203 п].

Облыстағы Қытайдан оралған босқындардың жағдайы одан сайын қиындай түскен еді. Мәселен, Пржевальск уезінде жергілікті билік орындары босқындарға тиеселі жәрдем беруді былай қойып, тіптен оларды уезден күштеп аластауға кірісіп кетеді. Оны Верныйға Шкапский атына түскен мынадай жеделхаттан байқаймыз: «Из Пржевальск. 27/VII.1917. Пржевальский Исполнительный комитет и комиссар приступают к выселению киргиз... Уполномоченным по выселению назначен Войшвилло. Просим принять к сведению и оказать возможное содействие», деп өтінген болатын.

Атамекеніне оралған қырғыз босқындарын басқа жерлерге ығыстыру, орыс селоларының астық сатудан қасақана бас тартуы, Войшвилло сияқты арам пиғылды шенеуніктердің белсенді әрекетке көшуі, әрине, реакциялық күштердің шабуылға шығуының айқын көрінісі болатын.

Азық-түлік комитеті де қазақтар мен қырғыздардың аштан қырылып жатқан босқындарының жағдайымен санаспай, күштеп, зорлап әскерге астық, ет дайындаған. Бұл уақытша үкіметтің жергілікті басқа мекемелері сияқты азық-түлік комитеттерінің де отарлау саясатын қоса-қабат жүргізіп отыратынына, уақыт өткен сайын терендете түсетініне айқын айғақ еді.

Әдебиеттер

- 1 ҚРОММ. 9-қор, 1-тізбе, 22-іс, 10-п.
- 2 ҚРОММ. 9-қор, 1-тізбе, 22-іс, 11-п.
- 3 ҚРОММ. 9-қор, 1-тізбе, 22-іс, 13-п.
- 4 ҚРОММ. 9-қор, 1-тізбе, 22-іс, 15-п.
- 5 ҚРОММ. 9-қор, 1-тізбе, 22-іс, 16-п.
- 6 Казак газеті, 1917. №229.
- 7 ҚРОММ. 9-қор, 1-тізбе, 86-іс, 24-п.
- 8 ҚРОММ. 9-қор, 1-тізбе, 22-іс, 20-п.
- 9 ҚРОММ. 9-қор, 1-тізбе, 22-іс, 394-п.
- 10 ҚРОММ. 9-қор, 1-тізбе, 22-іс, 63-п.
- 11 ҚРОММ. 9-қор, 1-тізбе, 11-іс, 12-п.
- 12 ҚРОММ. 9-қор, 1-тізбе, 86-іс, 203-п.

References

- 1 KROMM. 9-kor, 1-tizbe, 22-is, 10-p
- 2 KROMM . 9-kor, 1-tizbe, 22-is, 11-p
- 3 KROMM . 9-kor, 1-tizbe, 22-is, 13-p
- 4 KROMM . 9-kor, 1-tizbe, 22-is, 15-p.
- 5 KROMM . 9-kor, 1-tizbe, 22-is, 16-p.
- 6 Kazakh gazety, 1917. №229
- 7 KROMM . 9-kor, 1-tizbe, 86-is, 24-p.
- 8 KROMM . 9-kor, 1-tizbe, 22-is, 20-p.
- 9 KROMM . 9-kor, 1-tizbe, 22-is, 394-p.
- 10 KROMM . 9-kor, 1-tizbe, 11-is, 63-p.
- 11 KROMM . 9-kor, 1-tizbe, 11-is, 12-p.
- 12 KROMM . 9-kor, 1-tizbe, 86-is, 203-p.

Қозыбақова Ф.А.
**Қазақстанда айыпталған
«оңшыл оппортунистер» мен
«ұлтшылдар»**

Голощекиннің қазаққа әкелген қасіреті, ұлтты геноцидке ұшыратқан «Кіші Октябрь» дейтін сұрқия саясаты, арада жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де тарихшылардың назарынан тыс қалмай келеді. Қазақ даласына Кіші революция орнатамын деп елді алапат аштыққа ұрындырған Голощекиннің алғашқы қадамы қазақты күшпен отырықшыландырудан басталды. Қазақстандағы шаруаларды жаппай ұжымдастыру саясаты көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын зорлап отырықшыландыру түрінде көрінген еді. Қазақ Өлкелік партия комитетінің бюросы 1929 жылы 6 қарашада «Қазақ халқын отырықшыландыру туралы», онан соң 1930 жылы 19 қаңтарда «Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқын отырықшыландыру туралы» қаулыларын қабылдады. Партия органдары отырықшыландыру ісіне таптық сипат беруге күш салып, осы мақсатпен отырықшыландырылуға тиіс көшпелілер арасынан ауқатты шаруаларды аластауды қолға алған болатын. Ал отырықшылықтан өзге балама жол ұсынғандар «оңшыл оппортунистер» немесе «ұлтшылдар» деп сыналды. Кезінде қазақ ауылын өзара жау әлеуметтік топтарға бөлуге ашық қарсы болған, оның орнына қазақ халқын таптық емес, ұлттық тұрғыдан біріктіру идеясын ұсынған Алаш қозғалысы қайраткерлері арасында сталиншіл-голощекиншіл аппарат басшыларының мейірімсіз идеологиялық соққысына ұшыраған қазақ зиялылары да аз емес. Бұл мақала Голощекиннің қанды шеңгеліне іліккен «оңшыл оппортунистер» немесе «ұлтшылдар» жайында болмақ.

Түйін сөздер: геноцид, оппортунистер, оңшылдар, ұлтшыл, анархия, кооперация.

Kozybakova F.A.
**«Nationalists» and «right
opportunists» arraigned in
Kazakhstan**

This article deals with the tragedy that brought Goloschekin, and the policy «small October» that caused the genocide in Kazakhstan in 20-30 years of the XX century. The first step towards the establishment of revolutions in the Kazakh steppe, which brought great famine in our land, was forced by establishing nomadic people. Mass collectivization of the peasants in Kazakhstan was forced by establishing nomadic and semi-nomadic people. In their tentative to make the category establishing of nomadic and semi-nomadic people, members of the party banished the rich nomads.

Those who had offered other ways were «opportunists» and «legals». Higher intelligentsia of Kazakh people and members of the «Alash» motion that had offered connecting of nomadic people not in class, instead at the national level, were ruthlessly persecuted by members of the Stalinist-Goloschekinist machine. This article refers to the «nationalists» and «opportunists» who were injured by the bloody noose of Goloschekin.

Key words: genocide, opportunist, nationalist, rightist, anarchy, co-operation.

Козыбақова Ф.А.
**«Националисты» и
«Правые оппортунисты»,
обвинённые в Казахстане**

В данной статье речь идет о политике «Малый Октябрь», которая подвергла геноциду казахский народ в первой половине двадцатого столетия. Первым шагом на пути к установлению революций в казахской степи стало принуждение к оседлости кочевого народа. В результате чего наступил великий голод в Казахской степи. Массовая коллективизация крестьян в Казахстане проявлялась в принудительной оседлости кочевого и полукочевого народа. В попытках придания классового свойства процессу оседления, органы партий изгоняли богатых кочевников. Ну а те кто предлагали иные пути, являлись «оппортунистами» и «правыми», Высшая интеллигенция казахского народа и участники движения «Алаш», которые предлагали соединения кочевого народа не в классовом, а в национальном плане, были безжалостно преследованы участниками Сталинско-Голощекинского аппарата. В данной статье говорится о «националистах» и «оппортунистах», которые попали в кровавую петлю Голощекина.

Ключевые слова: геноцид, оппортунисты, националисты, правые, анархия, кооперация.

**ҚАЗАҚСТАНДА
АЙЫПТАЛҒАН
«ОҢШЫЛ
ОППОРТУНИСТЕР»
МЕН «ҰЛТШЫЛДАР»**

Қазақстандағы шаруаларды жаппай коллективтендіру саясаты көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын зорлап отырықшыландыру түрінде көрінді. Қазақ Өлкелік партия комитетінің бюросы 1929 жылы 6 қарашада «Қазақ халқын отырықшыландыру туралы», онан соң 1930 жылы 19 қаңтарда «Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқын отырықшыландыру туралы» қаулыларын қабылдады.

Қабылданған партиялық шешім бұл істі жедел түрде жүзеге асыруды талап етті. Партия органдары алғашқы күннен бастап-ақ отырықшыландыру ісіне таптық сипат беруге күш салды және осы мақсатпен отырықшыландырылуға тиіс көшпелілер арасынан ауқатты шаруаларды аластау қолға алынды.

Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы отырықшыландыру жөніндегі республикалық комитеттің техникалық кеңесі мемлекеттік жоспарлау мәліметі бойынша 706.000 қожалықтың көшпелі және жартылай көшпелі қожалық болып табылатынын, ал оның 5%, яғни 42.000 байлар қожалықтары екенін анықтады. Осыдан соң-ақ, отырықшыландыру процесі бай-кулактарды жоюға қарсы бағытталуы және бұл істе байларды қорғаушылар аяусыз жазалануы керек деген көзқарас бой көтерді. «Буржуазиялық теориялар» деген атпен мәлім болған, бірақ шын мәнінде ауылшаруашылығын дамытудың балама жолдарын ұсынған бұл пікірлер одақтық және қазақстандық басшылар тарапынан үлкен сынға ұшырады. Мысалы, отырықшыландыруға бағыт ұстауды 7-ші Бүкілқазақтық партия конференциясында жан-жақты қолдап, Ф. Голощекин былай деген еді: «Әртүрлі ауылдар бар: отырықшы ауыл, отырықшыланып жатқан ауыл, жартылай көшпелі ауыл, егіншілік малшаруашылығы ауылы және малшаруашылық егіншілік ауылы бар, көшпелі ауыл бар және барлық осы әртүрлі ауылдарда – әртүрлі шаруашылық әртүрлі таптық қатынастар, кеңестендірудің әртүрлі деңгейі, партия жұмысы деңгейінің әртүрлі сатысы, жартылай феодалдық және рулық қатынастардың аяқталуының әртүрлі сатысы орныққан.

Бүкіл солтүстікте, отырықшыландырылған халық бәрінен де көп жерде, жерге орналастыру саласында және отырықшыландыру, сондай-ақ машинамен жабдықтау ісінде ең көп жұмыстар жасалған жерлерде біздердің бұқаралық бас көтерулерге кез-

деспеулеріміз кездейсоқ емес. Қазір біз осыған ерекше мән беріп көңіл қоюға тиіспіз».

Республиканың басшысы мұнан әрі осы отырықшыландыру процесінде байдың ықпалына түскен «оңшыл ағымдағы» адамдар, «идеологтар» бар екенін ескертіп, «оңшыл ағым – ерекшеліктерді және артта қалуды өсіріп көрсету, ауылдағы таптық қақтығыстан қорқу және осыған келіп совхоз, сондай-ақ, колхоз құрылысына кедергі жасау, байға шабуыл жасауға кедергі жасау», – деген еді.

Егер ұлты еврей, Ф. Голощекин зорлап отырықшыландыру және күшпен ұжымдастыру ісін қолдамай және оған балама жолдар іздестіретіндерді «оңшыл оппортунистер» деп «сыпайыласа», ал қазақ қайраткерлері ондайларды ашықтан-ашық «ұлтшылдар» деп айыптады. Мысалы, жоғарыда аталған партия конференциясында сөз алған, Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Ораз Исаев былай деді: «Менің жолдастар, мынаны айтқым келеді: біздер ұлтшылдар туралы айтқанда әдетте, бұрынғы алашордашылар тобына қарап иек қағамыз, партия ұйымдарындағы ұлтшыл ағымдар туралы айтқанда Сәдуақасовтың жеке өзі туралы айтамыз. Менің ойымша, біздер осылайша үлкен қателіктер жібереміз. Алашордашыларға қарағанда осы, ұлтшылдардың жаңа кадрлары әлдеқайда қауіпті. Олар қалаларда, жоғары оқу орындарында және ауылдарда өсіп келеді. Тек ғана бұрынғы алашордашылармен әуестенуге және бұларды назардан тыс қалдыруға болмайды...

Осы пікірді тереңдете түскен, осы конференцияда жасаған баяндамасында: «біздің жауымыз – бұл оңшыл оппортунизм» деген ұран ұсынған Өлкелік Бақылау Комиссиясының төрағасы Богданов: «Немене, Қазақ Республикасында кулак жоқ па? Бұлай емесі түсінікті ғой. Бұлай болатыны, кейбір аудандарда кулакты мүлде назардан тыс қалдырды, оны байқауды қойды. Ұйымдардың бірталайы, дәлірек айтсақ олардың бір бөлігі кулақпен жымдасып, өздерінің жұмыстарында таптық қырағылықты жоғалтып алды. Кезінде байларды және жартылай феодалдарды кәмпескелеген кезде «байларды жойдық қой, енді ауылда олар жоқ» деп әңгіме таратқандар болғаны ешкімге құпия емес. Бұл әңгімені таратушылар шектен шыққан оңшылдар, сенімсіздер, ешқайда жарамайтындар еді. Оңшыл элементтерге және көңіл-күйлерге қарсы күрес барлық майдандарда және ұяларда тоқтаусыз жүргізілуі тиіс».

Жоғары деңгейдегі басшы қызметкерлердің «кулактар мен байларды қорғаушы» оңшыл оппортунистер мен ұлтшылдарға қарсы табанды

идеологиялық күреске шақыруы, осы бағыттағы саяси-теориялық науқанның күшейе түсуіне мұрындық болды. Баспасөз беттері осы тұрғыда «буржуазиялық идеологияға» қарсы күресті кең майданда өрістетті. Мұндай мақалалар авторлары жауапты мемлекеттік, партиялық қызметкерлер, сондай-ақ, ауылшаруашылығы саласындағы ғалымдар болды.

Авторлар кезінде белгілі ғалым профессорлар Чайнов және Кондратьевпен үндес, пиғылдас мақалалар ғылыми еңбектер жазған. Қазақстанның ауылшаруашылығын арнайы зерттеген, сөйтіп ауылшаруашылығын өркендетудің сталиндік-голощекиндік бағытына балама пікірлер айтқан Швецов, Рыбников, Челинцев, Ясинский, Прокопович тәрізді оқымыстыларды, Алаш қозғалысы қайраткерлерін өткір сынға алды және олардың көзқарастарын аяусыз «әшкерелеп» бақты.

«Зиянкестер» атанған бұлардың ішінде профессор Кушнер өзінің: Мен қазақ ауылында «тап күресін және әлеуметтік таптарды іздеп едім, бірақ оларды таппадым», – деген пікірі үшін «қабілетсіз саясаткер» атанып, оны коммунистік басылымдар «ауылда феодализмнің қалдықтары капиталистік қатынастар жоқ, яғни онда таптық жіктелу жоқ» – деп дәлелдемекші болғаны үшін өткір сынға алды.

Кезінде қазақ ауылын өзара жау әлеуметтік топтарға бөлуге ашық қарсы болған, оның орнына қазақ халқын таптық емес, ұлттық тұрғыдан біріктіру идеясын ұсынған Алаш қозғалысы қайраткерлері арасынан сталиншіл-голощекиншіл аппарат басшыларының мейірімсіз идеологиялық соққысына ең алдымен Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов және Ә. Ермеков ұшырады. «Жығылғанға жұдырық» демекші онсыз да 20-жылдардың орта шенінен бастап қудаланып, И. Сталиннің өзінің 1925 жылдың 29 мамырында Түркістанға жолдаған «Ақ жол» газеті туралы хатында «Шоқаевтың идеологиясын таратушылар және насихаттаушылар» ретінде айыпталған осынау бұрынғы қазақ демократиялық интеллигенциясы, идеологиялық айыптаудың жаңа толқынына кездесті. Большевиктік партия идеологтары енді олардың Қазан төңкерісінен бұрынғы немесе Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы пікірлерін қайтадан еске түсіріп, солардан үзінділер келтіріп, тағы да қуғындай бастады. Мысалы, Ахмет Байтұрсыновтың 1921 жылы «Жизнь национальностей» журналында жариялаған «Революция и киргизы» деген мақаласындағы «...екінші революция (Қазан төңкерісі – Ф.Қ.) қырғыздарға (қазақтар-

ға – Ф.Қ.) түсініксіз болып шыққанын түсіндіру оңай: қырғыздарда таптық жіктелуден тұратын капитализм жоқ; тіптен олардағы меншіктің өзі де басқа халықтардағыдай анық бөлінген емес; көптеген тұтыну заттары оларда жалпыға тән болып есептеледі», – дегені белгілі.

Әрине, бұл жерде А. Байтұрсыновтың қазақ ауылына тән ақиқатты айтып отырғаны еш күмән туғыза қоймайды. Сонымен қатар А. Байтұрсыновтың бұл пікірінің жоғарыда біз келтірген «қазақ ауылынан тап күресін және әлеуметтік таптарды кездестірмедім» деген ресейлік профессор Кушнердің пікірімен үйлесіп жатқаны және көрініп тұр. Қоғамдық дамуды тап күресінсіз, өзара қарсы тұрған жау әлеуметтік таптарсыз елестете алмайтын сталиншіл большевиктерге әрине, бұл көзқарас ұнай қойған жоқ.

А. Байтұрсыновтың осыдан туындаған келесі ойлары да Қазақстан басшыларына түрпідей тиді. «Қазан революциясы, – деп жазды ол, жоғарыда аталған еңбегінде, – өзінің сыртқы көріністерімен қырғыздарға (қазақтарға – Ф.Қ.) жантүршігерлік әсер берді. Ресейдің орталық бөліктерінде большевиктер қозғалысының қалай болғаны қырғыздарға белгісіз еді. Шет аймақтарда болса ол, барлық жерлерде күштеу, тонау, өктемдік және өзіне тән диктаторлық билікті орнықтыру жолымен жүзеге асты ғой. Қысқасын айтқанда, шет аймақтардағы қозғалыс, өзін революция (оны бұрын түсініп келгендей) түрінде емес, ал толық анархия түрінде көрсетті...».

А. Байтұрсыновтың Қазан төңкерісі туралы мұндай сын көзқарасын Қазақстан большевиктері әрине қабылдаған жоқ. Қазақстанға келе салып көп кешікпей-ақ, мұнда әлі Қазан төңкерісі өтпепті, сондықтан да қазақ аулына «Кіші Қазан» қажет деп ұрандаған, Ф. Голощекин көп кешікпей-ақ өзінің жаулық көзқарасын ашық айта бастады.

Күшпен ұжымдастыру және зорлап отырықшыландыру белең ала бастағанда, яғни ауылшаруашылығын өркендетудің нарықтық емес, әкімшіл күштеу жолы айқындалған соң қандай да болмасын сталиншілдікке балама жолды ұсыну «чаяновшілдік» және «кондратьевшілдік» ретінде айыпталып, большевиктік идеологтарға мүлде ұнамады. «Чаяновшылардың және кондратьевшілдердің» лагерінен алынған бұл «теория» және әдіс өткен жылдардың өн бойында біздің күнделікті практикалық жұмысымызды аз бүлдірген жоқ», – деп жазды бұл туралы кезінде республикалық отырықшыландыру комитеті төрағасының орынбасары болған Нығмет Сырғабеков өзінің «Ауылшаруашылығын дамыту-

дың буржуазиялық теориясына қарсылық» атты еңбегінде.

Алаш қозғалысы қайраткерлерінің пікірімен «үндесіп» жатқан Чаянов пен Кондратьев кім еді? Соған жауап берелік. Чаянов Александр Васильевич (1888-1937), орыс, кеңестік экономист-аграршы ғалым. Петров ауылшаруашылығы академиясын бітірген. 1918-1929 жж. осы академияның ауылшаруашылығын ұйымдастыру кафедрасының профессоры, 1922-1930 жж. ауылшаруашылығы экономикасы және саясаты ғылыми зерттеу институтының директоры.

РСФСР Егіншілік халкомының коллегия, КСРО мемлекеттік жоспарлауының ауылшаруашылығы секциясының мүшесі. 1930 ж. тұтқындалған, 1932 ж. «Еңбекші шаруалар партиясы» деген іс бойынша сотталған. 1937 жылғы репрессия құрбаны, 1987 ж. ақталды.

Ауылшаруашылығын коллективтендіруді емес кооперативтендіруді жақтаған А. Чаянов кезінде былай деп жазды: «Біздің ойымызша, кооперация және қоғамдық шаруашылық элементтері өзінің дамуында капитализмнің өңдеу өнеркәсібі саласында өткен буындарынан және сатыларынан өте алады». Бұл дегенің социалистік ауылшаруашылығы кейбір мәселелерде капитализмнен үйренуі керек деген пікір еді.

Халық шаруашылығы индустрияландыру жүйесіндегі ауылшаруашылығының алатын орны туралы мәселеде де А. Чаяновтың өзіндік көзқарасы болды. Ол өнеркәсіптен ауылшаруашылығының артта қалуын мақұлдаған жоқ және өнеркәсіптің пайдасы үшін ауылшаруашылығына қысым жасауды тіптен де қолдай қоймады. Оның ойынша мәселенің бәрі тек нарықтық қатынастар негізінде шешілуі тиіс болды.

«Өнеркәсіптің үлес салмағының өркендеуі, – деді ол, – осы өнеркәсіптің ауылшаруашылығы базасының да түрін ірі өзгерістерге ұшыратуды көздеуі керек. Дәлірек айтсақ, өнеркәсіпті дамыта отырып оның шикізат базасының құрылымын, шикізатпен қамтамасыз етуші ретіндегі түрін мүлде өзгертуіміз және ауылшаруашылығының тауарлық түрін барынша дамытуымыз керек».

Сондай-ақ, А. Чаянов капиталистік фермерлік шаруашылықтардың социализм үшін қажеттігін де дәлелдемек болды. Оның пікірінше, КСРО-ның кейбір артта қалған экстенсивті аудандарда және арнайы дақылдар егетін аудандарында «фермерлік тұрғыдағы шаруашылық жалғыз немесе екі жылқысы бар орташалар әлсіздік танытатын, қазіргі деревня жағдайында өндірістік кооперативтік бірлестік ұйымдастыру

олар үшін мүмкін емес дерлік жағдайда ондағы өндірістік міндеттерді шешетін жалғыз ақпарат болып табылады».

А. Чаяновтың түсінігінше, жанұялық жекеменшік шаруашылықтардың өрістеуінен қорықпау керек, ірі социалистік негіздегі кооперативтік шаруашылықтар нарықтық негізде өркендей келе ауылшаруашылығын әлеуметтік жағынан түбірінен қайта құрады.

А. Чаяновтың мұндай жекеменшіктік, кооперативтік шаруашылықтарды қорғаған көзқарасы белгілі орыс экономисі, профессор Н.Д. Кондратьевтің пікірімен үндесіп жатты. Ресми автобиографияға келсек: Кондратьев николай Дмитриевич (1892-1938), орыс, совет экономисті. Петербург университетін бітірген. Қазан төңкерісінен кейін К.А. Тимирязев атындағы Москва ауылшаруашылығы академиясының профессоры, КСРО Қаржы халық комиссари-

аты жанындағы, Конъюнктура институтының директоры. 1930 жылы тұтқындалған және онан соң «еңбекші шаруалар партиясы» деп аталатын іс бойынша сотталған. 1987 ж. ақталды. Көріп отырғанымыздай, А. Чаянов тәрізді Н. Кондратьевте ауылшаруашылығында колхоздарды жаппай және күшпен орнықтыруды көздеп отырған сталиндік бағыттан мүлде өзгеше көзқарас ұстанды. Ал сталиншілдер адамдарды тек екі тапқа және екі топқа бөліп, «не бізбен біргесің, не біздің жауымызсың» деген біржақты принципті қолдады. Сөйтіп, жана жағдайда коллективтендіру және отырықшыландыру мәселесіне қайшы немесе балама пікір айтқандардың бәрі «чаяновшілер» және «кондратьевшілер» деген жапсырма атауға ие болып шыға келді. Ал мұндай топқа жатқызылғандар «үстем тап идеологтары» яғни кеңес өкметінің қас жаулары атанды.

Әдебиеттер

- 1 7-ші Бүкілқазақтық партия конференциясы. Стеногр. отчет. – 123 б.
- 2 Сонда, 128 б.
- 3 7-ші Бүкілқазақтық партия конференциясы. Стенограф. отчет. – 194 б.
- 4 Сонда, 250 б.
- 5 Семевский В. К. Критике буржуазных теорий экономического развития Казахстана // «Народное хозяйство Казахстана», 1930. – N 7– 8.
- 6 Сыргабеков П. Против буржуазных теорий развития сельского хозяйства Казахстана / / «Большевик Казахстана», 1931. – N 5.
- 2 Abylhozhin Zh. Tradicionnaja struktura Kazahstana: social'no-jekonomicheskie aspekty funkcionirovanija i transformacija (1920-1930). – Alma-Ata: Fylym, 1992.
- 3 Khalid Adeeb, The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia. Berkeley, CA: University of California, 1998.
- 4 Amanzholova D.A. Kazahskij avtonomizm i Rossija. – M.: Izdatel'skij centr «Rossija molodaja», 1994.
- 5 Veese, ed. The New Historicism, (Routledge, Chapman and Hall) 1989, «Introduction», p. xi. Nineteen essays by contributors.
- 6 Foucault, Michel. Discipline and Punish. Translation of Surveiller et Punir. Vintage, 1979.
- 7 Bourdieu, Pierre. Outline of a Theory of Practice. Cambridge University Press. 1977.
- 8 Kandiyoti, Deniz. «Bargaining with patriarchy». (September 1988). Gender and Society 2 (3): 274–290
- 9 Majlin B. Tandamaly shyřarmalar. – Almaty: Kazak memlekettik kerkem ađebiet baspasy, 1958.
- 10 Majlin B. Ryzhaja polosataja shuba: Povesti i rasskazy/ per. s kaz. G. Bel'gera i Ju. Dombrovskogo. – Astana: Audarma, 2009. – 472 s.
- 11 Edgar Adrienne. Bolshevism, Patriarchy, and the Nation: the Soviet «Emancipation:» of Muslim Women in Pan-Islamic Perspective // Slavic review, 2006, 63, 2. 252-272.
- 12 Kratkij kazahsko-russkij slovar'. – Alma-Ata: Glavnaja redakcija Kazahskoj sovetskoj jenciklopedii. 1991. – C. 43.
- 13 Alferova I. Delegatskie sobranija 1920h godov kak proekt podgotovki zhenshhin k upravlencheskoj dejatel'nosti // Vestnik Cheljabinskogo gosudarstvennogo universiteta. 2011. 1 (216). Istorija. – Vyp. 43. – S. 46-54.

Құмғанбаев Ж.Ж.,
Макашева Ж.С., Смагулова А.З.

**XX ғасырдың алғашқы
ширегіндегі «Үш жүз»
партиясының
өзіндік ұстанымдары**

Мақалада патша үкіметі құлағаннан кейін бүкіл Ресейдегі секілді, Қазақстанда да қос үкімет орнап және сол кезеңде өлкеде орын алған ұлттық демократиялық Алаш партиясымен бір мезгілде өзіндік ұстанымы бар «Үш жүз» партиясы туралы қарастырылады. Кеңестік кезеңде Үш жүз партиясының ұстанымдарына басқаша тұрғыда пікір берсе, тәуелсіздік алғаннан кейін, партия басшыларының ой-пікірлеріне берген Отандық тарихшылардың тұжырымдамаларына тоқталып өтеді.

Мақалада қарастырылған негізгі деректердің қатарына Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты қорларында сақталған Үш Жүз партиясы басшыларының бір-біріне жазған хаттары, қаулылары және тағыбасқа іс-қағаздары негізге алынып ой-тұжырымдамалар жасалған.

Түйін сөздер: «Үш Жүз» партиясы, «Алаш» партиясы, уақытша үкімет, Ақпан революциясы, Көлбай Төгісов, Ә. Бөкейханов.

Kymganbaev Zh.Zh.,
Makasheva Zh.S., Smagulova A.Z.

**The principles of the party
«Ush Zhuz» at the beginning of
the XX century**

The article discusses the activities and principles of the party «Ush Zhuz». After the fall of the Tsarist regime in Kazakhstan, along with the national Democratic Party Alash, conducted the activities of the party «Ush Zhuz». With the Soviet period, the party «Ush Zhuz» evaluated differently, but in this article the idea of local researchers after independence.

Exact same, the article based on the materials of archive of the President of the Republic of Kazakhstan, in particular, letters, documents, representatives of the party «Ush Zhuz» an analysis of the basic principles of the party at the beginning of the XX century.

Key words: Party «Ush Zhuz», the party «Alash», the Provisional Government, the February Revolution, Kolbai Togisov, A. Bokeyhanov.

Құмғанбаев Ж.Ж.,
Макашева Ж.С., Смагулова А.З.

**Принципы партии «Уш жуз»
в начале XX века**

В статье рассматривается деятельность и принципы партии «Уш жуз». После падения царского режима в Казахстане наряду с национальной демократической партией Алаш, вела свою деятельность партия «Уш жуз». В советский период деятельность партии «Уш жуз» оценивалась по-другому, но в данной статье анализируются идеи Отечественных исследователей после обретения независимости.

Также в статье, опираясь на материалы архива Президента Республики Казахстан, в частности письма, документы представителей партии «Уж жуз», проводится анализ основных принципов деятельности партии в начале XX века.

Ключевые слова: партия «Уж жуз», партия «Алаш», Временное правительство, Февральская революция, Колбай Тогисов, А. Бөкейханов.

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және
әлем тілдері университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

³Ұлттық тестілеу орталығы, Қазақстан Республикасы, Астана қ.

*E-mail: zhankum0186@mail.ru

XX ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ШИРЕГІНДЕГІ «ҮШ ЖҮЗ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ӨЗІНДІК ҰСТАНЫМДАРЫ

XX ғасырдың басы халықтың мәдени-ағарту жолымен әлеуметтік әділеттікке, бостандыққа және өркениет жолына бастаған, осы мақсатта жан аямай еңбек еткен қазақ зиялылары үшін құнарлы кезең болғаны белгілі. Олар газет шығарып, кітап бастырып, жер-жерде мектеп ашумен қатар саяси партиялар құрып, толып жатқан мәдени ағартушылық бағыттағы (топтарға ұйымдасты) үйірмелерге топтасады, яғни, ойлары қазақ жерінде дербес мемлекеттілікке қол жеткізудің әртүрлі жолдарын таңдады, бір сөзбен айтқанда ұлт зиялыларының жолдары әртүрлі болғанымен мақсаты бір бағытта еді. Сол кездегі саяси партиялармен ағымдар арасындағы ең ірілері – ұлттық- демократиялық «Алаш» және қазақ социалистік «Үш жүз» партиясы болды.

Патша өкіметі құлатылғаннан кейін бүкіл Ресейдегі секілді, Қазақстанда да қос үкімет орнап, онда Уақытша үкімет және жұмысшы-шаруа, солдат депутаттарының Кеңесін құрды. Уақытша үкіметтің ұстанған бағыты – капитализмді дамыту болса, ал жұмысшы-шаруа және солдат депутаттар кеңесі ұстанған бағыты – социалистік қоғам құру еді. Ақпан төңкерісінің жеңісін Ә. Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары майданға тыл жұмысына алынғандар арасында жүріп қарсы алды. Өз қуанышын Ә. Бөкейханов «Кеше құл едік, енді бұл күн теңелдік. Қам көңілде қайаудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз үкімет. Жүз жылдан бері халықты теңдікке жеткізу жолында ескі үкіметпен алысып, дарға асылып, оққа ұшып, басы айдауға, малы талауға түсіп жүрген сабаздар жасымай, бәрі кемісе, оны артылып, ақырында Рүсия қол астындағы халықтардың бәріне: дін, ұлт, тіл айырмасына қарамай азаттық әперді. Енді бүгін теңеліп, түсімізде көрмеген жақсылықты, өңімізде көріп, төбеміз көкке жетіп отыр» [1, 234 б.], – деп білдіреді.

Аталған, буржуазиялық-демократиялық Ақпан революциясының жеңіске жетуі аймақтағы еңбекші халықтардың саяси белсенділігін өсірген болатын. Уақытша үкіметтің қазақ өлкесіндегі жергілікті мекемелері 1917 жылы наурыз-сәуір аралығында құрылып, облыстарды басқаруға бұрынғы патша шенеуніктерін және қазақтың ұлт зиялы қауымы өкілдерін сайлады. Атап айтқанда Әлихан Бөкейханов Торғайдағы, Мұ-

хаметжан Тынышпаев Жетісудағы, ал Мұстафа Шоқай Түркістандағы Уақытша үкіметінің комиссары болып қызмет атқарды. Уақытша өкімет органдары өзінің әлеуметтік құрамы, басқару әдістері жағынан революцияға дейінгі патша әкімшілігі жергілікті халыққа қалай қараса, бұл да солай қарады. Тарихшы – ғалым М. Қойгелдиевтің пікірінше: «Қазақ елі патшалық Ресей құрамына енгеннен бергі уақытта оның бірдебір өкілінің империяның әкімшілік жүйесінде губерниялық, облыстық деңгейді қойғанда, тіптен уезд бастығы дәрежесінде қызмет жасамағандығы мәлім. Империялық басқару жүйесінде қазақтар болыстық басқарудан жоғарғы қызметті иемденуге тиісті емес еді. Бұл тұрғыдан Ә. Бөкейханов ескі патшалық биліктің орнына келген Уақытша үкімет жағдайында облыстық басшылыққа келген бірінші қазақ болатын», – деп атап өтеді [2, 323 б.]. Әрине бұл жерде аңғарғанымыз Уақытша үкімет басқару кезінде қазақ ұлт зиялылары жергілікті билік орындарына араласа бастағанын байқаймыз.

Осы уақытта «Алаш» партиясы секілді алғашқы қазақ социалистік «Үш жүз» партиясы да құрылып өз мақсатын көздеген еді.

Кенес өкіметі тұсында «Алаш» партиясы туралы ауызға алынбаса да, оған қарсы аталған социалистік бағыттағы «Үш жүз» партиясы жайында аз да болса мәліметтер халыққа жетіп отырған болатын. Дегенмен, еліміз тәуелсіздік алғанға дейін «Алаш» партиясы сияқты «Үш жүз» партиясы да тарихтан өзінің шын орнын ала алмай келгені белгілі. Оған түрлі бағыт ұстанған тарихшы, зерттеушілер әр кезде түрлі баға беріп келді. Мәселен, жоғарыда айтылған «Алаш партиясы» туралы – «ұсақ-буржуазияның партиясы», «бүкіл байлардың саяси ұйымы» немесе – «жартылай феодалдық байлардың партиясы» деген пікірлер айтылып келген ал, «Үш жүз» партиясын да «қазақтардың ұсақ буржуазиясының оппозициялық фракциясы», «ұлттық саяси ұйым немесе қозғалыс», сонымен бірге «қазақ кедейлері мен жалшыларының одағы» деген пікірлер де айтылды. Сөйтіп, бұл екі партияның да кезінде қоғамнан алған шын мәніндегі орны, яғни рөлі тек кейінгі жылдары ғана ақиқат көзіне айнала бастаған сияқты.

Бастапқы кезде «Үш жүз» партиясының көшбасшылары Шаймерден Әлжанов, Мұқан Әйтпенов және Көлбай Төгісов «Айқап» журналына жақын болып, оның істерінде мәдениет, оқу-ағарту, денсаулық сақтау, жер мәселелері туралы мақалалар жазып тұрған. Сонымен бірге К. Төгісов өзінің ұлттық ұстанымдары салдары-

нан 1907-1912 жылдары патшалық әкімшілік тарапынан қуғын-сүргінге де ұшырағаны белгілі. Ал 1916 жылдан бастап ол Ташкент қаласында «Алаш» атты газет шығарды. Сөйтіп К. Төгісовтың ағартушылық қызметіндегі үлкен бір белес – «Алаш» газетінің шығуы қазақ халқы үшін ұлы оқиға болғаны рас. Сөйтіп ел ішінде бұрыннан беделі жоғары К. Төгісов «Алаш» газетін шығару арқылы барша қазақ жұртының ұстазына айналды. Өйткені Семей, Ташкент, Орынбор, Уфа сияқты қалаларда топтасқан қазақ зиялылары, оның ішінде, әсіресе, жастар жағы газетпен тығыз байланыс жасап оған ресми материалдарын беріп отырған. Осы газеттің алғашқы сандарында патшалық өкіметке қарсы мазмұндағы мақалалар жарияланған жоқ, дегенмен бұл басылымның 12-ші санынан бастап қазақ зиялы өкілдері (1917 жылғы 24 ақпан) революциялық-демократиялық бағыт ұстанып, өз ойларында ашық білдіре бастады. Ол туралы мұрағат құжаттарында былай делінген: «Алаш» газеті 1916 жылдың желтоқсан айынан 1917 жылдың мамыр айына дейін К. Төгісовтың редакциялығымен шыға бастады. Газет әйелдердің тұрмыс жағдайын жақсарту туралы бастамалар көтерді, сонымен бірге Ақпан буржуазиялық-революциясына да қолдау көрсетіп, Қазандағы буржуазиялық-демократиялық революцияның барысы туралы әртүрлі бағыттағы хабарлар жариялап тұрды» [3, 3 п.].

«Үш жүз» саяси ұйымындағы жетекшілік рөлдерді бұрынғы адвокат, журналист және драматург Көлбай Төгісов, фельдшер және тілмаш Шаймерден Досов, журналист Мұқан Әйтпенов, жүк тасушы жұмысшы Ысхан Кабеков сынды азаматтар атқарды. Бұл туралы алаштанушы-ғалым К. Нұрпейісов былай дейді: «1917 жылғы наурыз-сәуір айларында К. Төгісов Сырдария облысының қалалары мен басқа да елді мекендерінде «Шуро-и-Исламия» партиясының ұйымдарын құруда Мұстафа Шоқайға көмектесіп, оның Ташкенттегі ұйымына мүше болды. Осы ұйымның атынан мұсылмандардың бүкіл-ресейлік съезіне делегат болып қатынасып, оның Аткару комитетінің құрамына сайланды. 1917 жылдың бірінші жартысында К. Төгісов қазақ қауымының демократиялық бағытты ұстайтын пікірлестерімен бірге жалпымұсылмандық және оның аймақтық қозғалыстары аясында белсенді түрде саясатпен айналысты» [4, 127-128 бб.], – деп атап өтеді.

Сөйтіп, 1917 жылдың 12 желтоқсанында Орынбор қаласында Алашорда үкіметі құрылған кезде Көлбай Төгісов неғұрлым ықпалды-ау де-

ген қазақ оппозициялық фракциясын басқарып тұрған болатын. Көп ұзамай бұл фракция қазақ социалистік «Үш жүз» деген атпен партия болып құрылды, оның алғашқы төрағалығына Мұқан Әйтпенев тағайындалды ал кейіннен партия басшылығы қызметін Көлбай Төгісов атқарады. Бұл туралы мұрағат құжаттарын мысалға келтірер болсақ 1917 жылы 17 қарашада «Революционный мысль» газетінде берілген мақалада: «Танымал кадет Ә. Бөкейхановтың ұйымдастырумен құрылған «Алаш» ұлттық партиясының бағдарламасына қанағаттанбаған бір топ қазақ өкілдері «Үш жүз» социалистік партиясын құрды. Партияның мақсаты түрік-татар тайпаларын Ресей Республикасы құрамында федеративті құрылымға біріктіруді көздейді» [5, 9 п.], – деп жазылды.

Ал тағы бұл туралы К. Нұрпейісов өзінің аталған еңбегінде осы екі партияға былай баға береді: «1917 жылдың күзіне қарай Қазақстанда тағы да бір ұлттық-саяси ұйым – «Үш жүз» партиясы дүниеге келді. Ол өзін «қырғыздың (қазақтың – авт) социалистік партиясы деп атады» – [4, 5 б.], ал «Революционная мысль» газетіндегі «Үш жүз» партиясына сәлем!» деген мақалада: «Көлбай Төгісовке газеттің редакциялық алқасы мен қазақ демократтары жағынан қолдау көрсетеді. ...Ташкент, Верный, Пішпек, Наманған, Тройцк, Зайсан және тағы басқа қалалары «Үш жүз» партиясының мүшелерінен үнемі телеграммалар мен хаттар алып тұрады, біз комитет мүшелеріне толықтай сене отырып, қазақ еңбекші халқының жалғыз жанашыры болып тұрған партияға табанды қолдау көрсетеміз» [6, 24 п.], – делінген. Әрине бұл кезде «Үш жүз» партиясын большевиктердің қолдауынан, солардың үгіт-насихат жүргізу идеяларынан туындап отырған көзқарастар. Өйткені кеңестер «Алаш» партиясын «ұлтшылдар» деп сынға алса, ал «Үш жүздіктерге» қолдау көрсеткені белгілі.

«Үш жүз» партиясының мүшелері кеңестерді қолдап отырғаны мен қазақтардың жеке мемлекет құру идеясында ұстанды. Көп ұзамай партияның баспасынан 1917 жылдың 27 қарашасынан бастап «Үш жүз» деген газетте шыға бастайды, ал оның редакторлығында – Көлбай Төгісов өз қолына алады. «Үш жүз» газеті бұрынғы «Алаш» газетіне қарағанда саяси тартысқа бейімдеу болғаны рас, алайда оны заманның ықпалынан деп түсіндірген жөн. Шын мәнінде «Үш жүз» партиясы да, оның газеті де төңкерісшілдіктен гөрі ағартушылық, ұйымдастырушылық, бітімшілік бағытқа бейім тұрған. Осы топтың, әсіресе, Сәкен Сейфуллиннің социалис-

тік идеялар ықпалында болғандығы туралы көп жазылғанына қарамастан, Алашорда басшыларымен арадағы жеке бастарының бәсекелестігі, алашордашылардың өздерінің ақсүйектік шығу тегін даусыз жоғары қоюлары Көлбай Төгісов пен оның жақтастарын өз беттерінше қимылдауға итермеледі. Қалай болғанымен де Көлбай Төгісовтың фракциясы большевиктік билікті қолдауда пысықтық таныта білді, – дегендер де болды. Сонымен бірге, бұл жөнінде Сәкен Сейфуллин өзінің «Тар жол тайғақ кешу» роман-эссесінде былай деп жазды: «...Омбы жатақтары Мұқан Әйтпенұлын, Шаймерден Әлжанұлын, Қылышбайұлын, Көлбай Төгісұлын бас қылып, «Үш жүз» партиясын жасады. Дұрыстыққа келгенде, бұл бастықтар саясатқа үлкен олақтық қылды. «Алашқа» қарсы шыға отырып, сол «Алаштың» күрес тәсілдерін қолданды. Қолданғанда үлкен ебедейсіздікпен қолданды. Өйтпесе партияны «социалшыл» деген соң, «Үш жүз» деп несі бар еді. «Социалшыл» деген соң, күреске «Алаштың» тәсілдерін қолданып не керек еді?», – [7, 130 б.]. Айта кету керек «Алаш» партиясының көсемдері де «Үш жүз» басындағыларды сөгуден кенде қалған жоқ. Бұлар да боқтады. Қайта бұлар сөгуді, жамандауды «Үш жүзден» асырып жіберді. Өйткені, бұлар сөзге шеберірек. Бұлардың саны көп, бұлардың бастықтарының бәрі де оқығандар және әр облыстарды шығып жатқан қазақ газеттерінің «Тіршіліктен» басқасының бәрі бұлардікі еді. Семейдегі «Сарыарқа» газеті, Ташкенттегі «Бірлік туы» газеті, Астрахандағы «Ұран» газеті, Орынбордағы «Қазақ» газеті бәрі де Омбыда «Үш жүздің» бастықтарын сөгіп бақты. Дегенмен, кімді болса да сөгуге «Алаштың» шешендері шеберірек болып шықты.

Әрине, шеберлікті бәрінен Орынбордағы «Қазақ» газеті асырды. Өзге «Алаш» газеттерінің «Қазақ» газеті ағасы болған соң, шеберлікті асырмай қояр ма? Мәселен, бұл туралы К. Төгісов: «Бірінші орыс революциясы кезінде мемлекет мекемесінің қызметкері Әлихан Бөкейханов өзінің «қара тонын» шешіп, «қызыл халат» киіп, аяқ асты «социал-демократ» болып шыға келді, ал 1917 жылы ақпан революциясынан кейін төңірегіне «сенімді» жақтастарын жинап «Алаш» партиясын құрды. «Алаш» партиясы қазақтың революциялық-демократиялық жалғыз сүйеніші болып тұрған «Үш жүз» партиясын үнемі лас сөздермен бағалап жазуын тоқтатпады», – дейді [8, 6 п.]. Ал «Алаш» партиясы өздерінің «Қазақ» газетінде: «Социалистік партияның көшбасшысы Көлбай Төгісов бір кездері Семей аймақтық Сотының тұтқындау бөлімінде «демалып» отыр

еді, енді «Үш жүз» партиясының басшыларының бірі болып шыға келді», - деп жазды [9, 7 п.]. «Шеберліктерін» көзбен көру үшін және «Үш жүзге» көзқарастарын аңду үшін «Қазақстан» және «Сарыарқадан» «Үш жүзді» балағаттаған біраз ғана сөздер келтірілді. Ал бұл туралы мұрағат қорларында сақталған «Сарыарқа» және «Қазақ» газеттерінде жазылған мәліметтерден мысал келтіретін болсақ: «Қазақтан шыққан арамзалар. Бостандық болғаннан бері жұрттың көзі ашылып, қайда болса да ынтымақ бірлік табылып, қалың қазақ ішіне береке ұйтқысы орнағандай болып тұр еді. Қазақ арасында кейбір жүгенсіздік ұлғайып, азаматтарының соңына ерген жұртты арамза қулары азғырып, адастарып тұр еді. Біздің ұяттан кеткен, ардан безген арамзалар шығып, газет таратқан болып, ел ішіне әрекет шашқалы жүр. «Алаштың» туын ұстаған, асқар белдей ерлерімізді жынданған итке ұқсап, арамзалар қаппақ болып, жынын құсып, уын шашып жүр. Түрі адамға ұқсағанмен пікірі айуан сияқты адамдар. «Үш жүздің» партиясы деп атақ байланып, ұйытқысы болған «Алаш» партиясының адамдарын арам аузымен былғамақ болып жүр. Төрт аяқты қасқырға у салушы еді, мыналарға деген у мынау: «Үш жүз» партиясы – содырлы, сойқанды, жүзіқаралар партиясы. Бұл – жұртқа келген үлкен дерт. Сөзіне құлақ қоймай, өздерінен аулақ болып, сақтану – алаш балаларының борышы», – делінген [10, 21 п.].

Дегенмен көптеген ғылыми зерттеулер мен көркем шығармаларда «Үш жүз» партиясын да «буржуазиялық ұлтшылдар» деп қаралаған пікірлер жазылып келді. Сол мақсатта «Үш жүз» партиясының құрылуы, оның саяси және экономикалық, әлеуметтік мақсат-мүддесі, бағыты жөнінде сол кездің өзінде-ақ әртүрлі тілде баспасөз беттерінде мақалалар жарияланғаны да белгілі. Атап айтқанда, «Революционная мысль» газеті: «Қазақ социалистік партиясы «Үш жүз» құрылды, ол өзінің орталық комитетін сайлады, тұрағы Омбы қаласы», – деп жазды. «Үш жүз» партиясы жөнінде іле-шала «Алаш» партиясының органы «Қазақ» газеті, Х. Ғаббасов, И. Әлімбаев, Р. Мәрсековтердің ұйымдастыруымен шыққан «Сарыарқа», Қызылжарда шығатын жастардың «Жас азамат» газеттерінде әртүрлі пиғылдағы мақалаларды үнемі жариялап тұрды. «1917 жылы Қазақстанда екі саяси партияның, атап айтқанда, шовинистік көзқарастағы «Алаш» ұлттық партиясының және коммунистік бағыттағы интернационалдық «Үш жүз» партиясының болғандығын, Бөкей ордасындағы қазақ революциялық комитетінің мүшелері С.

Жақыпов, М. Өтегенов және А. Сейітовтардың баяндамаларында айтылды. Онда «Алаш» партиясын белгілі кадет Әлихан Бөкейханов басқарып, Алашорда үкіметін құрғандығын, олар сол бағыттағы «Үш жүздің» әрекет етуіне кедергі жасап баққандығы, екі партия арасындағы айтыс-тартыс 1918 жылы күшейіп, оның ақыры «Үш жүздің» ақ гвардияшылар тарапынан талқандалғандығы туралы келтірілді» [11, 79-81 б.], – деп атап көрсетеді. Сөйтіп «Алаш» пен «Үш жүз» партиясының арасындағы алауыздықты сәтімен пайдаланған большевиктер Омбыдағы «Революционная мысль» газеті арқылы «қазақ кедергілерін соңынан ерткен» «Үш жүз» партиясын құттықтаумен болды.

Сонымен көріп отырғанымыздай «Алаш» партиясына қарама-қарсы партия ретінде пайда болған «Үш жүз» партиясына алғашқы күннен бастап-ақ өзіне де оның басшыларына да әртүрлі айыптар тақты. Дегенмен «Үш жүздіктерде» қалыс қалған жоқ, оларда қарап қалмай «Алаш» пен оның көсемдерін үнемі балағаттаумен болды. Мәселен «Үш жүз» газетінің беттерінде «Алаш» партиясының басшысы А. Бөкейханов патша үкіметінің қол шоқпары ретінде сипатталды, А. Байтұрсынов, М. Дулатов сияқты және т.б. мүшелеріне де осындай сипаттама берілді. «Үш жүз» газетінің 4 санындағы бас мақаласында «Алаш» партиясы қазақ халқын алдаушы ретінде әшкереленді. Бұл мақалада Ә. Бөкейхановтың басшылығымен Орынбордағы «жалпықазақ» съезінде «Алашорда» автономиясын жариялауына қарсы шықты, бір тиын ақша бермеуге шақырды. «Ғалихан сияқты қас жауымыз халықты басқара алмайды – деп жазылды мақалада. Біз Орынбордағы жиналысты жалпы қазақ съезі деп есептейміз [12, 11 п.] деп атап көрсетеді.

Қазақ жеріндегі бұқара халықтың революциялық белсенділігінің өсуі, большевиктер партиясының буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистікке ұласуы үшін күресі, бір жағынан Уақытша үкіметтің ішкі және сыртқы империалистік саясатын қолдаған «Алаш» партиясының ұстанымы қазақ интеллигенциясының жіктелуіне және саралануына, өлкеде революциялық-демократиялық қозғалыстардың күшеюіне және оның пролетариатпен жақындауына алып келді [13, 2 п.]. Сөйтіп, екі партия арасындағы егес 1918 жылы жазда «Үш жүз» партиясы тарих сахынасынан жойылғанға дейін жалғасты.

К. Нұрпейісовтің «Үш жүзбен» «Алаш» партиясының арақатынасына мынадай баға береді:

«Үш жүз» және «Алаш» арасындағы автономия мәселелері жөніндегі ойлары бірде қарсы, бірде жақын ұқсас екендігін, «Үш жүз» партиясы басшыларының бірі Көлбай Төгісовтің жүргізген қызметі жөнінде нақтылай көрсете келе: «Үш жүз» 1917 жылғы күз айларында пайда болды. Алғашқыда «Алашпен» бірге жүру жөнінде мәлімдегенімен, ол ойынан қайтып, Қазақстанның қоғамдық-саяси мәселелері жөнінен «Алаштың» басты сынаушысына айналды. «Үш жүз» партиясындағы саяси жетекшілік рөлдерді К. Төгісов, Ш. Досов, Ы. Кабеков, М. Әйтпенев С. Төленгітов, М. Әсербаев, Ж. Ишмұхамедов, Е. Тоқбаев атқарды», -деп атап өтеді [4, 127 б.].

Ал тарихшы-ғалым С. Смағұлова «Көлбай Төгісов және «Үш жүз» партиясы» деген еңбегінде: «Үш жүз» партиясы мен «Алаш» партиясының саяси бағыттары бір еді. Олардың негізгі мақсаты – ескі үкімет билігін толығымен жойып, қазақ халқының өз алдына бөлек отау құруын жүзеге асыру. Осы мақсат жолында екі ұлттық партияның арасында күрес туындады. «Алаш» мүшелері «Үш жүздің» ісін жақтырмады. «Үш жүз» де «Алашты» өз газеттерінде ғайбаттап жатты» [11, 81 б.], –деп ашығын айтады. Тікелей тақырыбымызды зерттеу барысында негізгі мақсатымызға жету үшін С. Смағұлованың айтқан пікіріне толық қосыламыз, яғни «Алаш» партиясының көсемі Ә. Бөкейхановтың да «Үш жүз» партиясының басшылары М. Әйтпенев пен К. Төгісовтың да мақсаты қазақ халқына жеке мемлекет алу, көксегендері ескі өкімет орнына жаңа өкімет орнату болатын.

«Үш жүз» партиясы туралы К. Есмағамбетов өзінің «Қазақтар шетел әдебиетінде» атты еңбегінде: «Уақытша үкіметтен көңілі қалған кейбір қазақтар Бүкілқазақтық конгрес шешімдерінен бас тартты. Олардың көпшілігі Көлбай Төгісов есімді кісінің айналасына топталды, ол құрылған күнінен бастап «Бірлік» тобының белсендісі болды. Ақпан төңкерісінен кейінгі кезде қазақ тілінде шығатын «Алаш» газетінің редакторы бола жүріп, Оңтүстік Қазақстандағы Түркістан қазақтарын ұйымдастыруға қызу араласқанымен, Ә. Бөкейханов пен «Қазақ» тобының қызметіне еш уақытта тартылмаған болатын. 1917 жылғы 12 наурызда К. Төгісов Ташкентте жиналыс ұйымдастырады, оған бұған дейін Ташкент кеңсесіндегі қызметімен көрінген Тұрар Рысқұлов қатысады. Жиналыс К. Төгісов үшін жайлы болмағанға ұқсайды, айдың аяғында ол өзінің саяси белсенділік орталығын асығыс түрде Қазалыға көшіреді, онда 27 наурызда 5000-дай қазақ, өзбек және татар қатысқан (бұларды

кейінірек кеңес деректері мұсылман солдаттары деп дұрыс көрсетпейді) жиналысқа төрағалық етеді. Қолдары бос болмағанына қарамастан, олар 1917 жылғы мамырда болатын бүкілресейлік мұсылмандар конгресіне үш татар, үш қазақ және үш өзбек делегатын сайлайды» [14, 73 б.], –деп жазды. Сонымен айтылған «Үш жүз» партиясының жалпы алғанда қазақ қоғамы сияқты біртекті болған жоқ. Оларға Ресейдегі социалистік бағыттағы партиялар насихаттаған идеялар айтарлықтай ықпал етті. Сондықтан мұндай социалистік бағыттағы партиялар татар, башқұрт сияқты қазақтардың еңбекші халықтары тарапынан белгілі дәрежеде қолдау тапты.

Ә. Бөкейханов пен жоғарыда келтірілген «Үш жүз» партиясының қазақ автономиясы туралы көзқарастарының ұқсастықтары мен қайшылықтары неде деген сұраққа: «Қайшылықтар, – Ә. Бөкейханов көп ұлтты Қазақстан жеке автономия болса, ішімізде орыстар оны қолдайды деп үміттенді, ал «Үш жүздегілер» «Көп орыс аз орысты қазаққа бауырлата қоймайды», – [15] дейді. Ә. Бөкейханов отарлау саясаты нәтижесінде жойылған қазақ мемлекеттігін жаңа жағдайда кіргізе отырып, кейін бөлініп шығу жайын ойласа, «Үш жүз» партиясының мүшелері Қазақстан Түркістан өлкесімен бірлесе отырып, Ресей құрамына федерациялық негізде автономия құруды жөн көрді.

Дегенмен, қай бағытты көздесе де «Үш жүз» партиясы ХХ ғасырдың басындағы қазақ-қырғыз азаттық қозғалысы кезінде мемлекеттік мәселесін алға жетелейтін партия еді. Ал «Алаш» партиясының басшыларының бірі М. Дулатов және т.б. социалистік бағыттағы «Үш жүз» партиясының қызметіне қарсы болды. Мәселен, олар «Үш жүздің қулары» деген мақаласын жариялап, «Үш жүз» партиясын құрушылар мен басшылары Мұқан Әйтпенев пен Көлбай Төгісов және партияға мүше Шаймерден Әлжанов, Қази Торсанов, Ү. Қасабаевтардың қадамдары «Алашқа» қарсы жүргізіліп жатқан істер деп сынға алса «Үш жүз» партиясының қандай партия екендігін қазақ зиялыларының бірі Көшке Кемеңгерұлы: «Үш жүздің» адал саяси партия емес екеніне мынадай дәлел қоямын: 1) Партияға мүшелікке «қырып сал» байларды, жуандарды алды; 2) Бұқарашыл, кедейшіл болып отырып, съезге қазақтың нағыз байларынан, жемқорларынан бадырайтып отырып атын атап, уәкілдерді шақырды; 3) Ұлт айырмашылығына қарсы большевик партиясымен тізгіндесіп отырып, «сары орыстың бәрі-бір орыс, хахолды ердің алдыңғы қасына отырғызбаңыз» деп бағдар-

лама қойды; 4) Діншілдік ұранын көтерді», – деп жазды [11, 80-81 бб.] С. Смағұлова өз еңбегінде.

Қорыта келгенде «Үш жүз» партиясы ұрдажық революцияшылдықтан гөрі, бейбіт жасампаздыққа бейім қызметтер атқарды. Қызмет барысында пікірлері, көзқарастары «Алаш» партиясының бағытына кереғар келуінен шиеленіскен жағдай үшжүзшілердің өмірінің қайғылы аяқталуына әкелді. «Үш жүз» партиясының рөлі мен оның сол кезде атқарған қызметіне берілген объективті баға Қазақстанның демократиялық қозғалысының тарихында Көлбай Төгісовтың есімімен байланысты. XX ғасырдың басы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінің жандануы ретінде сипатталады. Ғасырлар бойғы халықтың өкпесі ұлт-азаттық күреске ұласты. Отарлау, әлеуметтік-экономикалық дамудың тежелуі ұлт-азаттық қозғалысқа өзіндік ықпалын тигізді. Экономикадағы түбегейлі өзгерістер ұлттың сана-сезімін оятты. Қазақ қоғамында жаңа идеялардың қалыптасуына ықпал етті. Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде ұлттық жас қазақ интеллигенциясының рөлі маңызды болды. Олар халықтың отарлық езгісін құтқарудың жолдарын іздеді. XX ғасырдың басында Қазақстанда ағартушылық кең көлемде жүрді. Бұл халыққа білім беру жүйесін қамтыды. Нәтижесінде жеке мерзімді баспалар ашылып әрі қарай дамыды.

Жалпы үшжүзшілер қолына қару алып тез арада билікті жеңіп алуға тырыспаған. Бұл партияның бағдарламасында политехникалық білім беру, діннің халыққа қызмет етуі, бейбітшілік саясатын қолдау, халықты отырықшылыққа бейімдеу, ұлттар арасын ушықтырмау сияқты мәселелер орын алды. Демек үшжүзшілердің революция жылдарында да ізгілікті демократиялық бағыттан жаңылмағанын аңғаруға бо-

лады. Осы бағытта жүру барысында «Алаш» партиясының көзқарасына бірде жақындап, бірде алыстап отырғандығын жоғарыда атағанбыз. Аумалы-төкпелі қиян кескі заманда, тарих сахынасына қатар келген бұл екі партияның ұстаған саяси, қоғамдық, әлеуметтік бағыт бағдарламасы екі басқа, біріне-бірі кереғар қайшы болды. Әрқайсысының өзіндік ұстаған жолында мұндай қарама-қарсылықтың болуы, аласапыран кезеңде, қиян кескі тартыстың үстінде болатын заңды құбылыс, мемлекет жүйесі бір түрден екінші түрге ауысқан кезде болатын заңдылық. Қай партияның да өзінің ұстаған, саяси бағыт-бағдарламасын жүзеге асыруы талас-тартыссыз өтпейтіндігі тарихи шындық. Сондықтан бұл екі партияның талас-тартысын, өзара күресін кінәлауға болмайды. Бұл тақ тартысы емес, халқының мақсат-мүддесі мен мұны үшін күрес. Бұл мәселе төңірегінді арнайы тоқталғаныммен, өзіндік пікір айтудан аулақпыз. Тек айтарымыз қазіргіше айтқанда, оппозициялық бағыттағы партия еді.

Егер де «Алаш» пен «Үш жүз» өз күштерін бір-бірімен күресуге жібермей, керісінше бірігіп қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескенде аса маңызды саяси күшті құрайтын еді. «Үш жүз» партиясының қоғамдық-саяси қызметін сараптаудың нәтижесінде біз оның демократиялық бағытта іс-әрекет жасағанын көреміз. Қазіргі кезде біз тарихымыздың шынайы оңды-солды мәселелерін толық қалпына келтіруге мүмкіндігіміздің мол екеніне көзіміз жеткені белгілі. Халқының болашағы үшін өз өмірлерін арнаған жандардың есімі әрқашанда халықтың есінде қалады. Зерттеу жұмысы «Үш жүз» партиясы Қазақстанның ұлт-азаттық және демократиялық қозғалысы тарихында алатын орнының ерекше екенін растайды.

Әдебиеттер

- 1 Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – Т.1. – 384 б.
- 2 Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп толықтырылған екінші басылым. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. – 480 б.
- 3 ҚР ПМ. 811 – қор, 23 – тізбе, 218 – іс. 3 п.
- 4 Нұрпейсов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
- 5 ҚР ПМ. 811 – қор, 23 – тізбе, 218^а – іс. 9 п.
- 6 Алексеев П. Кокандская автономия. – Ташкент: Узгиз, 1931. – 75 с.
- 7 Сейфуллин С. Тар жол тайғақ кешу // Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2004. – Т. 1. – 395 б.
- 8 ҚР ПМ. 811 – қор, 23 – тізбе, 218 – іс. 6 п.
- 9 ҚР ПМ. 811- қор, 23 – тізбе, 218 – іс. 7 п.
- 10 ҚР ПМ. 811- қор, 23 – тізбе, 218^а – іс. 21 п.
- 11 Смағұлова С.О. Көлбай Төгісов және «Үш жүз» партиясы. – Алматы: Арыс, 2009. – 232 б.
- 12 ҚР ПМ. 811- қор, 23 – тізбе, 218^а – іс. 11 п.

- 13 ҚР ПМ. 811 – кор, 23 – тізбе, 217 – іс. 2 п.
- 14 Есмағамбетов К.Л. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы: Ата-мұра, 1994. – 240 б.
- 15 Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – Т.1. – 384 б.

References

- 1 Bokeihanov A. Shygarmalar. – Almaty: Kazakhstan, 1994. – Т.1. – 384 б.
- 2 Koigeldiev M.K. Ul'tyik sayasy elita. Kyzmety men tagdyry (XVIII – XX ғғ.). Zerteuler. – Almaty: Zhaly, 2004. – 400 б.
- 3 KR PM. 811 – kor, 23 – tizbe, 218 – is. 3 p.
- 4 Nurpeisov K. Alash ham Alashorda. – Almaty: Atatek, 1995. – 256 б.
- 5 KR PM. 811 – kor, 23 – tizbe, 218a – is. 9 p.
- 6 Alekseenkov P. Kokandskaya avtonomya. – Tashkent: Uzgiz, 1931. – 75 s.
- 7 Seifullin S. Tar jol taigak kewu // Kop tomdyk shygarmalar jynagy. – Almaty: Kazygurt, 2004. – Т. 1. – 395 б.
- 8 KR PM. 811 – kor, 23 – tizbe, 218 – is. 6 p.
- 9 KR PM. 811 – kor, 23 – tizbe, 218 – is. 7 p.
- 10 KR PM. 811. 811- kor, 23 – tizbe, 218a – is. 21 p.
- 11 Smagulova S.O., Kolbay Togisov zhane «Ush zhuz» partyasy. – Almaty: Arys, 2009. – 232 б.
- 12 KR PM. 811 – kor, 23 – tizbe, 218 – is. 11 p.
- 13 KR PM. 811 – kor, 23 – tizbe, 218 – is. 2 p.
- 14 Esmagambetov K. L. Kazakhtar shetel adebietynde. – Almaty: Ata-mura, 1994. – 240 б.
- 15 Bokeihanov A. Shygarmalar. – Almaty: Kazakhstan, 1994. – Т.1. – 384 б.

Смағұлов С.
**Бауыржан Момышұлының
әскери-қолбасшылық өнері**

Бұл мақалада Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған халық батыры Бауыржан Момышұлының әскери-қолбасшылық өнері қарастырылады. Ол соғыс жылдары майдандағы шайқастарға басынан аяғына дейін қатысып, батальоннан дивизияға дейінгі әскери құрамаларды дарынды әрі шеберлікпен басқарды. Шағын тобымен жаудың өзінен бірнеше есе көп күшіне қарсы кейіннен «Момышұлы серіппесі» деп аталған ұрыс тактикасын іс жүзінде тамаша жүзеге асырды. Соғыстан кейін үш жыл К.Е. Ворошилов атындағы Жоғары әскери академияның тыңдаушысы болды, содан соң бес жыл бойы Кеңес Армиясының Тыл және жабдықтау академиясында әскери ординарлық профессор қызметінде дәріс оқиды. Осы кезде тактика бойынша 6 және стратегия бойынша 9 еңбек жазады. Оның «Қанмен жазылған кітап (Соғыс психологиясы)» және «Мәскеу үшін шайқас» еңбектері әскери қызметкерлер үшін өте маңызды оқу құралдары болып табылады. Бұл кітаптардың әрбір тарауы – әскери ғылым, әскери өнер. Онда тактика да бар, онда соғыс жүргізу тәжірибесі де жинақталған.

Түйін сөздер: Бауыржан Момышұлы, әскери өнер, Мәскеу үшін шайқас, әскери ғылым, соғыс психологиясы.

Smagulov S.
**Military-generalship of
Bauyrzhan Momysuly**

This article is devoted to the the military- generalship of the legendary folk hero of Great Patriotic war Bauyrzhan Momysuly. During the war he participated in battle actions from beginning to the end of war and skillfully, talented managed soldiery subdivisions since a battalion to the division. He successfully carried out in practice tactics of fight with small forces against strength opponent, getting further the name «Spiral of Momysuly». He was a listener of the Higher military academy named after K.E.Voroshilov three years after war, and after in the flow of five years taught in the Military academy of rear and supply of Soviet Army in position of ordinary professor. At this time he wrote six works on tactics and nine on strategy. His works «Book is written with blood (War psychology)» and «Battle for Moscow» are very important schoolbook for servicemen. Each chapter of these books is military science, art of war. There are tactics and experience of prosecution of war.

Key words: Bauyrzhan Momysuly, art of war, Battle for Moscow, military science, war psychology.

Смағұлов С.
**Военно-полководческое
искусство Бауыржана
Момышулы**

В данной статье рассматривается военно-полководческое искусство легендарного народного героя Великой Отечественной войны Бауыржана Момышулы. Он в годы войны участвовал в боевых действиях с начала до конца войны и умело, талантливо руководил военными подразделениями, начиная с батальона до дивизии. Блестяще осуществил на практике тактику боя малыми силами против многократно превосходящего по силам противника, получившую впоследствии название «спираль Момышулы». После войны три года был слушателем Высшей военной академии имени К.Е.Ворошилова, а после сам в течение пяти лет преподавал в Военной академии тыла и снабжения Советской Армии в должности ординарного профессора. В это время написал 6 трудов по тактике и 9 по стратегии. Его труды «Книга, написанная кровью (Психология войны)» и «Битва за Москву» являются очень важными учебными пособиями для военнослужащих. Каждая глава этих книг – военная наука, военное искусство. Там и тактика, там и опыт ведения войны.

Ключевые слова: Бауыржан Момышулы, военное искусство, Битва за Москву, военная наука, психология войны.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ӘСКЕРИ-ҚОЛБАСШЫ- ЛЫҚ ӨНЕРІ

Өткен ғасырдың орта тұсында күндей күркіреп өткен екінші жаһан соғысында, КСРО халықтары тарапынан «Ұлы Отан соғысы» деп аталып кеткен КСРО мен Фашистік Германия арасындағы соғыста қазақ жауынгерлері небір ерліктің үлгісін көрсетті. Қазақ халқы осы соғыс тұсында бүкіл дүниежүзіне өзінің қазақ екенін танытты. Қазақтың ерлік, батырлығы, соғыс өнері мен техникасын игере алатындығын осы соғыс айқын дәлелдеді. Солардың бірі де бірегейі, осы сұрапыл соғысты көзімен көрген, басынан өткерген, қаны мен терін төккен, от пен оқтың ортасында қан кешкен ұрпақтың өкілі, батальон командирінен дивизия командиріне дейін көтерілген, соғыстан кейін Кеңес Армиясы Бас штабының жанындағы Жоғары әскери Академияны бітіріп, әскери академияда сабақ берген Бауыржан Момышұлы еді. Соғыс аяқталмай жатып, алғашқы хикаяттары «Знамя» журналында жарық көрген Александр Бектің «Арпалыс» және 60-жылдардың басында өзінің «Москва үшін шайқас» романдары шетел тілдеріне аударылғаннан кейін Бауыржан Момышұлының әлемдік тұлғаға айналды. Ақбоз атымен аты аңызға айналып, әлемге танылған Бауыржан Момышұлының өзі қазақ деген ұлттың қандай халық екенін танытты.

Бауыржан Момышұлы – Ұлы Отан соғысының басынан кіріп, аяғынан шыққан, ерлігі елдің есінен кетпейтін талантты да қаһарман қолбасшы. Ол талантты, қатал қолбасшылығының үстіне ойшыл, шешен. Ол жауынгерлерімен бірге соғыста шынықты, соғыста шындалды, соғыста өсті. Оны қатардағы сарбаздар әділдігі үшін, әскери өнерге жетіктігі үшін, жауынгердің жанын ұға білетін зерделігі үшін жақсы көрді, сыйлады, оған сенді. Ал командирін шын сыйлаған солдат жаудан жеңілмейді, өлімді де жеңіп шығады. Өйткені оның бойында бұйрықтың күші ғана емес, ар мен ұяттың, командирге, қолбасшыға деген сүйіспеншіліктің күші қоса жүреді. Бұл жеңіс үшін аса қажетті фактор. Батырдың айтуынша: «Жауынгерлерге сену командирдің басындағы бақыты, үлкен ырыс. Жауынгерлер командирге сенсе, одан артық абырой болмайды. Сенім – үлкен медет» [1]. Қолбасының қоластында қаһарман қазақ аз болған жоқ. Солардың көбі ел тәуелсіздігі үшін қанын төгіп, жанын берді.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен, Бауыржан даңқты генерал-майор И.В. Панфиловтың басшылығымен Ал-

маты облысы Талғар қаласында жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанды. Мәскеу үшін шайқаста аға лейтенант Бауыржан Момышұлы басқарған батальон жауынгерлері асқан ерлік көрсетті. Жауынгерлер батырлықтың, тәртіптіліктің, ұйымшылдықтың үлгісін көрсетіп, өздерінен күші төрт есе басым жаумен бір ай бойы күресіп, дұшпанды ойсырата жеңіліске ұшыратты. Момышұлының әскери-қолбасшылық қызметінде соғыстың ең шешуші, Мәскеу түбіндегі шайқас ерекше орын алады. Алған жолынан, айтқан сөзінен қайтпайтын қайсар командир Бауыржан батальоның соғыс қимылын жаңа тактикаға жанастыра отырып, операцияны орынды да шебер басқара білді.

Алайда аласпыран қысылшаң жағдайға ұшыраған кейбір полктердің баталон, роталармен байланысты үзіліп, жауынгерлердің қай жерде, қандай халде екенін білу қиынға соқты. Сондай жағдайға ұшырағандардың бірі – Бауыржан басқарған батальон еді. Баукең енді шегінудің нақты жоспарын жасады. Батальонның алдында жүретін 15 адамнан құралған барлаушы қойып взвод-взводпен бөлек-бөлек болып, бірінің ізімен бірін жүргізуді ұйғарды. Батальон алдындағы барлаушыларды аға лейтенант Рахимов пен саяси жетекші Мұхаметқұл Слэмқұлов басқарды. Күндіз жау көзіне түспеу үшін жауынгерлеріне түнделетіп жүруді бұйырды. Күндіз қалың тоғайда тыныстап, түнде барлаушылар арқылы белгіленген бағытпен сақтана жүріп отырды. Қарағайлы тоғай іші қалың қар, жауынгерлер шаршаған, әйтсе де табанды төзімділік көрсеткен батальон екі күннен кейін Новлянск пен Ивановск деревняларының аралығынан шықты. Барлаушылардың айтуы бойынша, осы Ивановск деревнясында панфиловшылардың 1075-полкінің бірінші батальоны тұрады екен. Бұлар әлі шайқасқа қатыспапты. Әдісқой, тәжірибелі комдив И.В. Панфилов бұл полкті уақытша әдейі резервте ұстап тұрған екен. Жау қоршауынан шығып, түгелдей аман оралған Б. Момышұлы басқарған батальонды генерал И. Панфилов зор қуанышпен қарсы алды.

Мәскеуге ұмтылған неміс әскерінің екпінін баяулатып, қатты шығынға ұшыратты. Бұған қоса жан-жақта қоршауда қалып қалған бөлімшелердің басын біріктіріп, алдыңғы шепке әкеліп қосты. Бауыржанның бұл тапқырлығы «Қоршаудағы ұрыс», «Қоршаудан құтылып шығу» деген тактикалық ілім ретінде соғыс кезінде жаппай тәжірибеге айналды. Момышұлы қанды шайқастарда түрлі айла-тәсілдер ұйымдастыра

білетін мықты қолбасшы болды. Мысалы, жаудың қоршауында жүріп, жауынгерлерді аман сақтай отырып соғысу, қоршауды бұзып шығу, тағы да басқа айла-тәсілді меңгерген шебер қолбасшы.

Мысалы, генерал-майор И. Панфилов дивизия бөлімдерінің жаңа шепке жылжып орналасуы үшін Б. Момышұлына өз батальонымен жаудың шабуылын 4 күн тежеп, ұстап тұруға тапсырма береді. Батальон өзінен он есе көп жау тобына қарсы шайқасты, оған ілгері жылжуға мүмкіндік бермеді. Бұл тапсырманы ойдағыдай орындап, немістердің мыңдаған адамын жойып, 5-ші күні орман ішімен жүріп, өз дивизиясына қосылу әрекетін жасайды. Ол оңайға түспейді. Айнала қоршаған жау әскері. Осындай жағдайда Б. Момышұлы түнде жүріп, және мынадай амал-құлық жасайды. Жолмен жүріп бара жатқан жау колоннасының арасына байқатпай кіріп, батальонына немісше бұйрық беріп, бір қолайлы қалқа жерге келгеннен кейін жолдан шығып кетеді. Сөйтіп, аман-есен өз дивизиясына келіп қосылады. Жау қоршауын қайта-қайта бұзып өтіп, дивизияға әкеліп қосу үлгісі тек Бауыржанның ғана қолынан келетін тәсіл болатын.

Кейіннен генерал-полковник, Кеңес Одағының батыры, 8-гвардиялық дивизияның қолбасшысы болған И.М. Чистяков «Дружба народов» журналында жариялаған естелігінде былай деп жазды: «1073-атқыштар полкының командирі майор Момышұлы мен соғыстан бұрын білетінмін. Біз Қиыр шығыста бірге қызмет еткенбіз. Ол қазақ ұлтынан шыққан, алған бетінен қайтпайтын, қатал мінезді, сымбатты келген жас командир болатын. Оны ерекше ерлігі мен тапқырлығы үшін Панфиловтың өзгеше жақсы көргенін де білетінмін. Мәскеу түбінде оның батальоны полктан хабар-ошарсыз күйде, бірнеше күн қоршауда қалып, қалың жаумен қиян-кескі ұрыс жүргізген. Екі тәулікке созылған қырғын соғыста гвардияшылар төрт жүзден астам фашистердің көзін жойып, олардың Волоколам тасжолы арқылы жасаған шабуылын тырп еткізбей бөгеп тастаған. Содан кейін орман ішінде маневр жасай отырып, өздерін қоршаған жау шеңберін тас-талқан етіп бұзып шығып, полкке келіп қосылған болатын. Осы ұрыстан кейін Панфилов Момышұлының батальонын өзінің резерві етіп ұстап, оны ең қиын-қыстау жерлердегі ұрыстарға жіберіп отырды. Соның бәрінде де батальон үздіксіз жеңіске ие болды» [2].

А. Бектің «Арпалыс» атты еңбегінде Бауыржан Момышұлы – кейіпкердің аузымен былайша сипатталады: «Батальон төрткүл қиықша

тәрізденіп бір қатардан сапқа тізіледі. Мұндай жауынгерлік тізіліс тәртібін әскери тілде «ромб» деп атайды. Осы қиықшаның, былайша ромбының ортасына арбалар мен зеңбіректер орналасады. «Менің әмірім бойынша жүріп бара жатып, залпымен оқ ату керек! Атқанда, әуеге емес, жерге де емес, жауды көздеп ату керек!» Осы қалпымен бір мезгілде жеті жүз винтовкадан дүркіндете үздіксіз оқ жаудырған батальон немістердің бас көтеруіне мұрша берместен жайпап өтіп, қоршаудан шығып кетеді. Бұл арада Бауыржан Момышұлының әскери қолбасшыға тән негізгі мұраты: «...жаяу әскерді оқпен, маневрмен сақтау керек, оның жолын оқпен аршып, оқпен өткел салу керек».

Бауыржан Момышұлының әскери қолбасшылық біліктілігіне тән тактикалық-маневрлік әдістерінің бірі – жауды қоршауға ала шабуылдап жою. Мысалы, Мәскеу түбіндегі шайқаста фашистер иеленген Трошково, Баркловица, Трохово, Кашина, Коншина, Бородино атты алты қыстақты өзі басқаратын полкті алты топқа бөле, түн ішінде шабуылдап, түгел басып алады, жауды талқандайды. Енді бір ұрыста оның 120 жауынгері 600 адамдық фашист әскерін талқандайды.

Қаһарман қолбасшының соғыста тағы да бір қолданған амал-әдісі шайқасып жатқан елді мекенді тастап, шегініп кетіп, қайтадан тұтқиылдан шабуылдап, қайтарып алу, жауды қуып шығу болған. Мысалы, осындай қулықты 1941 жылғы Мәскеу түбіндегі Матренино деревнясы үшін болған ұрыста қолданады [3]. Қиян-кескі шайқас кезінде рота командирлеріне қыстақты тастап, шегінуге бұйрық береді. Бұл шешімді бастапқыда олар және батальонның саяси ісі жөніндегі орынбасары Ф. Толстунов түсінбейді, тек жеңіске жеттік деп, масайрап, үйлерге кіріп, босаңсыған, тіпті күзетте қоймаған жау әскерін батальон үш жақтан шабуыл жасап, адамдарын қырып, қуып шыққанда, бұл тактиканың дұрыстығына көздері жетеді. Осы амал арқылы адам шығыны болмайды және немістердің көптеген қару-жарағы, техникасы, маңызды құжаттар қолға түсіріледі.

Мәскеу түбіндегі ұрыста Бауыржан өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты, 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құрамымен аман-есен дивизиясына қосылды. Жалпы, өзінің айтуынша «нацистерге қарсы 207 рет ұрысқа қатысып, 5 рет өлімнің құрсауында қалған, 2 рет өлімші болып жараланған» [4].

Оның даңқы 1941 жылдың қараша-желтоқсанындағы Мәскеу түбіндегі шайқастарда шықты. Сол кездің өзінде-ақ майдан газеттері,

КСРО-ның орталық басылымдары, әсіресе, Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары өз батальонымен небір қиын тапсырмаларды орындаған алғы шеп командирінің таланты мен ерлігін жабыла жазып жатты. Александр Кривицкийдің айтуынша, бұл кезде Ақ теңіз бен Қара теңіз аралығындағы мыңдаған шақырымға созылған майдан шебінде Бауыржан Момышұлынан даңқы асқан батальон командирі болған жоқ [5].

Ал, кейіннен жарық көрген «Мәскеу үшін шайқас» кітабы – бұл нағыз ерлік кітабы. Оның ішінде тактика да, тәжірибе де, ұрыс та, ұтыс та, бәрі де бар. Бұл – жеңіс кітабы. Әр тарауы – әскери ғылым.

Ал, оның майданның алғы шебінде жүріп атқарған жұмыстары соғыс батырының шеңберінен шығып кетіп жатты. Аға лейтенант шеніндегі батальон командирінің, кейіннен полк, дивизия басқарған полковник қолбасшының ойлары мен әрекеттері кезекті ұрыстың тактикалық немесе стратегиялық шешімдерінен әлдеқайда ауқымды болды. Сондықтан да оның атақ-даңқы ресми батырлар мен генерал қолбасшылардан асып кетті. Бауыржан 8-гвардиялық дивизияның арнамысы, оның ең биік шыңы болды.

Баукеңнің айтуынша, соғыс кімнің кім екенін тез-ақ анықтап береді. Мәскеу түбіндегі шайқастар Бауыржан Момышұлының кім екенін танытып қана қоймай, жастарды тәрбиелеу жұмыстарындағы олқылықтарды да ашты. Қазақ халқы қолма-қол соғыста мол тәжірибе жинақтағанымен, машиналы соғысқа жаппай бірінші рет кірген еді. Сондықтан да ұрыс алды әскери дайындықты күшейту керек екенін алғы шеп командирі ретінде ол өте-мөте сезінді. Ең сорақысы тарихын, тілін, дәстүрін білмейтін жастар көбейе бастаған. Олар ұлттық құндылықтарын білмеген соң, ұлттық мақтаныштары оянбайды. Ұлттық мақтаныштар оянбаған соң, рухы көтерілмейді. Ал рухсыз әскер қарумен қанша бөлеп қойсаң да жеңіске жетпейді.

1941 жылы 26 қараша күні маршал К.К. Рокоссовский Бауыржан Момышұлын полк командирі етіп тағайындады. Ол кезде 30 жаста болатын. Әскери дәрежесі – аға лейтенант. Партия қатарында да болмапты. Полк командирі болу оңай емес. Бауыржан Момышұлы одан бұрын батальон командирі болған. Сол кезде бес рет қоршауды бұзып шығып, ерлік көрсетеді. Соны И.В. Панфилов Рокоссовскийге жеткізген. Маршал Рокоссовскийдің Баукеңе сенгендігінің төркіні сонда жатыр екен. Партия қатарында жоқ аға лейтенантты полк командирі етіп тағайындау – үлкен сенім.

Бауыржан Момышұлы Ұлы Отан соғысында осы соғыстың тағдырын шешкен ұлы қолбасшылармен, атап айтсақ – маршал Г.К. Жуков, маршал К.К. Рокоссовский, маршал Васильевский, маршал Багряман секілді әскери тұлғалармен таныс-біліс болған, ауызба-ауыз тілдескен. Атақты қолбасшылар, генералдармен қызметтес болған. Бас штабтың кілең марқасқалары бас қосқан бір жиында маршал Баграмянның ұсынысы өтпей, оның орнына Бауыржан Момышұлының ұсынысы өткен. Өйткені, Бауыржан Момышұлының ұсынысын маршал Васильевский мен маршал Жуков қолдаған. Оның әскери күштерді қалай алға жылжытып, қандай маневр жасау керектігі жөніндегі ойлары мен ұсыныстары Жуков пен Васильевскийге өте орынды болып көрініпті.

Бауыржан Момышұлының қаламынан шыққан мақал-мәтел, нақыл сөздерінде де соғыста қолданылатын амал-айла, әскери қолбасшының орны мен рөлі мәселелері де шет қалмаған: «Ептілік пен батылдықты қосса айлакерлік шығады», «Әскерсіз қолбасшы – қауқарсыз», «Басшысыз әскер – әлсіз».

«Қанмен жазылған кітап. (Соғыс психологиясы)» - атақты қолбасшы Б. Момышұлының әскери қайраткер ретіндегі ұрпаққа ұлағат етіп қалдырған әскери-теориялық және рухани ұлағаттық еңбегі. Оның әскери тактикалық, жеке құрамды тәрбиелеу және оқыту, командалық кадрларды дайындау саласындағы зерттеулері терең кешенді талдау және әскери іс-тәжірибесінде кең түрде қолдануды талап етеді. Халық батыры өзінің әскери-теориялық көзқарастарын осы «Соғыс психологиясы» атты еңбегінде жан-жақты талдаған. Бұл батырдың жаракатына байланысты демалыс алып келгенінде, 1944 жылы қаңтарда, КСРО Ғылым академиясының қазақ бөлімінде, Алматыдағы ғалымдар үйінде, Қазақ ҒА төрағасы академик Қ.И. Сәтбаев, академик-жазушы М.О. Әуезов бастаған қазақ ғылымы, әдебиеті мен өнер өкілдері, ел зиялылары алдында оқыған дәрістері мен әңгімелерінің хроникалық жинақ-кітабы. Баукең аталмыш лекцияларын майданда жазған «Жауынгерлік қасиеттерді тәрбиелеу туралы ойлары» негізінде әзірледі. Лекция барысында лектор баспаханың бояуымен жазылған кітаптар да, адам қанымен жазылған кітаптар да болатынын, ал өзінің баспахана бояуымен емес, майдан даласында шынайы қалпында, бар болмысымен қанмен жазылған соғыс кітабын оқығанын баян етті.

Онда Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі бай әскери тәжірибеге баса мән берілген, көпшілігі бүгінгі таңда әлі де өзінің мәнін жоймаған

кейбір әскери өнер мәселелері қарапайым және түсінікті тілде баяндалады. Тыңдаушылар соғыс қаһарманының баяндауынан Ұлы Отан соғысы тарихынан көптеген эпизодтарға, нақтылы И.В. Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизия жауынгерлерінің қан майдандағы ерлігі жайлы деректерге қанық болады. Бұл оқиғалар, панфиловшылардың қаһармандыққа толы өнегелері, ол кезде де, қазір де маңызды. Лекцияның мақсаты, автордың айтуынша, майданда қаза тапқан, қасірет көрген, ер де турашыл, соғыс алапатының барлық жойқын ауыртпалықтарын мойнымен көтеріп жүрген қарапайым соғыс сарбаздарының ерліктерін қағазда қалдыру, әділет жолында олардың рухының алдында тағзым ету. Кітапта автор оперативтік соғыс өнері және тактикасының рөлі мен орны, ұрыстың қорғаныс және шабуыл ерекшеліктері, әскери айла қолдану, әскери тәртіп, патриоттық тәрбие, сарбаздар мен офицерлерді оқытып-үйрету мәселелері зерделенеді. «Соғыс психологиясы» соғыста қорғаныс және шабуыл кезінде қолданған тактикалық тәсілдері, «Б. Момышұлының соғыс тактикасы», «Бауыржан спиралі» Қазақстанда және Куба, никарагуа, Израиль, Польша, Болгария, Венгрия, Чехия мен Словакия сияқты бірқатар шетелдердің әскери оқу орында тактика пәнінің оқулығы, жас сарбаздармен жұмыс жүргізуде тәрбие құралы есебінде пайдаланылады. Израильдегі әскери училищеде «Соғыс психологиясы» әскери-теориялық пән ретінде оқытылады, офицер лауазымын алардан бұрын курсанттар сол пән бойынша сынақ және емтихан тапсырады. «Соғыс психологиясы» жастарға арналған. Соғыс куәгерінің әңгімесі патриоттық рух, қайтпас жігер, табандылық пен ерлік, аға ұрпақтың батырлық өнегесіне тәрбиелейді, соның лайықты жалғастырушысы болып, қасиетті әскери дәстүрді арттыра түсуге жетелейді [6]. Бұл жауынгер қандай болуы керек, қалай соғысуы керек екенін үйрететін оқу құралы.

Бауыржан Момышұлы өзінің «Қанмен жазылған кітабында» соғыстағы ұрыс өнерінің мәнін былайша түсіндіреді: «Ұрыс өнерінің негізі – дұшпанға оқпен әсер ету, оның адам күшін қырып-жою, өз күшінді аман сақтау. Ұрыс жүргізу өнерінің мәні де осыған байланысты. Ұрыс идеалы – бұл ұрыста шығынсыз жеңіп шығу, ал ұрыс өнері – ұрыста барынша аз шығынмен жеңіп шығу» [7].

Әскери қолбасшылығы өз алдына бөлек әңгіме. Генералдарға сабақ берген ұстаздығы да – бөлек әңгіме. «Б. Момышұлының соғыс тактикасы» деген оқу пәні Израиль еліндегі әскери

Кызылординской областей**

В статье рассматривается история изучения памятников истории и культуры Джамбулской, Южно-Казахстанской, Кызылординской областей, взятых на учет по отдельным областям и районам: их количество и виды, а также результаты работ, проведенных по данной тематике по государственной программе «Культурное наследие» по областям в 2004–2006 годах.

Сопоставляются опубликованные своды областных и районных памятников истории и культуры, анализируются причины разрушения памятников, которые в настоящее время находятся в пределах современных населенных пунктов и городов, памятников разрушенных в ходе хозяйственных работ, в результате природного воздействия (смываемых реками), кроме того, определяется месторасположение памятников, указываются неточности и ошибки при подготовке и выпуске сводов областей. Подводятся итоги проведенных работ, характеризуются встретившиеся трудности и вносятся предложения по подготовке сводов.

Ключевые слова: Памятники истории и культуры, городище, поселение, курган, петроглиф, свод памятников, Джамбул, Южный Казахстан, Кызылорда.

**ЖАМБЫЛ, ОҢТҮСТІК
ҚАЗАҚСТАН,
ҚЫЗЫЛОРДА
ОБЛЫСТАРЫНЫҢ
ТАРИХ ЖӘНЕ
МӘДЕНИЕТ
ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ
ЖИНАҒЫН
ШЫҒАРУДЫҢ КЕЙБІР
САБАҚТАРЫ**

2007 жылғы 13 ақпан күні Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында өткен 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің кеңейтілген отырысында сөйлеген қорытынды сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз бүгін елдіктің бір ісін, бір ісі болғанда да ірі ісін қорытындағалы отырмыз», – деген болатын [1]. Шынында да 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы егемен еліміз тарихындағы тарихи-мәдени мұраға бет бұрған елдіктің бір ісі, бір ісі болғанда ірі ісі екеніне күмән жоқ. Әсіресе, «Мәдени мұра» бағдарламасының еліміздің барлық аудандары мен облыстарында орналасқан тарих және мәдениет ескерткіштерінің жалпы саны белгісіз болып, олардың тізімі жасалмай отырған кезде, Қазақстан Республикасының 1992 жылы қабылдаған «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» Заңы мен 2007 жылы қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы толыққанды жұмыс атқармай, тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алу, сақтау, қорғау және пайдалану жұмыстарын уақыт талабына сай жүргізудің жолдарын іздестіріп отырған кезде қабылдануы, мемлекеттің мәдени мұраға деген жаңа стратегиялық ұстанымы болды.

Еліміздегі тарих және мәдениет ескерткіштерінің санын анықтау және олардың облыстар бойынша жинақтарын шығарудың бастамасы 1982 жылы шыққан С. Алипчеев, К. Байбосыновтың «Свод памятников истории и культуры Джамбулской области» атты жинақ болды. Жинақта облыс көлемінде 1982 жылға дейін жүргізілген зерттеулердің барысында ашылып, есепке алынған 536 тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізбесі Тараз, Жаңатас, Қаратау, Шу қалалары мен жекелеген аудандар бойынша көрсетілген: Таразда 24, Жаңатаста 1, Қаратауда 3, Шуда 1, ал аудандар бойынша: Жамбылда 67, Жуалыда 45, Қордайда 43, Красногрудта 27, Луговойда 59, Меркеде 56, Мойынқұмда 32, Сарысуда 28, Свердловта 77, Таласта 41 және Шу ауданында 29 ескерткіш [2]. Жұмыста тарих және мәдениет ескерткіштерінің суреттері, сызылған жобасы, оларға қатысты әдебиеттер көрсе-

тілмеген, соған қарамастан ол осы күнге дейін өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ.

1994 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы шықты, онда 802 ескерткіш тіркелген, олардың қатарында: 528 археология, 42 тарих, 226 қала құрылысы және сәулет, 11 монументальды өнер ескерткіштері бар. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің облыс орталығы мен аудандар бойынша орналасуына келсек: Шымкент қаласында 51; аудандарда: Алғабаста 64, Арыста 102, Қызылқұмда 71, Ленинде 42, Сайрамда 69, Сарыағашта 40, Созақта 111, Түркістанда 115, Түлкібаста 36, Шардарада 18 ескерткіші бар [3, 36-40].

2002 жылы шыққан «Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштер Жиынтығы. Жамбыл облысы» атты жинақта облыс көлемінде 2000 жылға дейін есепке алынған 1072 ескерткіш тіркелген, олардың қатарында 849 археологиялық, 111 тарих, 107 сәулет және қала құрылыстары, 5 монументальды өнер ескерткіштері бар. Ескерткіштердің жекелеген аудандар бойынша саны: Байзақта 68, Жамбылда 68, Жуалыда 61, Қордайда 161, Сарысуда 43, Таласта 74, Т. Рысқұловта 75 және Шу ауданында 64 ескерткіш [4, 52-53 бб.].

2001-2008 жылдарда Тұран археологиялық экспедициясы (М. Елеуов) Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының Шиелі, Жаңақорған, Қызылқұм, Созақ, Түркістан, Бәйдібек, Түлкібас, Жуалы, Жамбыл, Талас, Сарысу аудандарында археологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп бұрыннан белгілі, есепке алынған 100-ден аса ескерткіштерді қайта зерттеп, олардың орналасқан жерін анықтап, жобаларына толықтыру, түзетулер енгізіп, суретке түсірді. Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бұрын есепке алынбаған 1602 археологиялық ескерткіш ашылып, зерттелді, олардың 1084-і Оңтүстік Қазақстан облысында, 241-і Жамбыл және 277-сі Қызылорда облысында орналасқан. Жаңадан ашылып, зерттелген археологиялық ескерткіштердің қатарында: 174 ортағасырлық елдімекен, қала, қалашық, 236 жеке оба, 405 обалар тобы, 687 обалар қорымы, 5 қарауыл төбе (мұнара), 8 тастан салынған құрылыс, тасқа салынған 70 сурет орындары, 3 үңгір, тас ғасырының еңбек құралдары табылған 1 жер, 8 кесене, 2 тоған, 1 ортағасырлық арық, тоғызқұмалақ тақтасы қашалған 1 жер, 1 құмдан пеш бар (1-кесте) [5, 29 б.].

Түлкібас ауданында жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында 2004 жылы «Оңтүстік

Қазақстан облысының археологиялық картасы. Түлкібас ауданы» атты жинақ [6], ал Созақ ауданының Қарқұр ауылдық округінен ашылған ескерткіштер «Қарақұр ескерткіштері атты» жинақ болып шықты. Оған осы ауылдық округте орналасқан 13 жеке оба, 16 обалар тобы, 32 обалар қорымы, 1 ортағасырлық елдімекен, 1 үңгір, тасқа салынған 6 сурет орындары, жалпы саны 69 археологиялық ескерткіш енген [7, 11-12 бб.].

Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылқұм (Отырар) ауданында әр жылдарда жүргізілген археологиялық зерттеулердің барысында, ашылып есепке алынған ескерткіштердің саны туралы С. Ахмет, З. Исабеков, Е. Есжанның «Отырар ескерткіштері» (2006 ж.) атты кітабында: «Ұзақ жылғы археологиялық зерттеу жұмыстарының барысында 14 ортағасырлық қала орны, 89 ортағасырлық елдімекен жұрты, 13 төрткүл типтес қала орындары, 4 шеберхана, 3 архитектуралық ескерткіш, 38 көне зираттар, 23 арық-каналдар, 5 ежелгі егістік орны, 1 үңгірлер тізбегі (25), 3 су қоймасы, 2 кәріз суландыру жүйесі, 6 тас бетіне түсірілген таңба белгілер, 1 жазулы үңгір, 7 тастан үйілген обалар, 4 тас дәуір тұрағы, барлығы – 217 тарихи-мәдени ескерткіштер есепке алынды» – деп жазған [8, 55-б.]. Жұмыстың «Отырар өңірінің жаңа археологиялық ескерткіштері» тарауында 70 ескерткіш көрсетілген, олардың ауылдар бойынша саны: Аққұмда – 11, Балтакөлде – 2, Маяқұмда – 6, Көкмарданда – 4, Көксарайда – 20, Қарақоңырда – 5 және Қожатоғайда – 22 [8, 70-121 б.].

Қ. Бердияр, М. Қожаның «Отырар мен Арыс аудандарының байырғы ескерткіштері» (2007ж.) атты еңбегінде Оңтүстік Қазақстан облысының байырғы ескерткіштері жөніндегі соңғы бағылымдарға талдау жасалып, өздері жүргізген зерттеулер кезінде ашылып, есепке алынған тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімін көрсеткен, онда Отырар, Арыс аудандары бойынша 240 тарих және мәдениет ескерткіш қарастырылған [9, 18-73 бб.].

2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша еліміздегі тарих және мәдениет ескерткіштерінің санын анықтау, олардың облыстар бойынша жинақтарын шығару мақсатында Алматы және Қызылорда облыстарына қаржы бөлініп, кең көлемде археологиялық барлау жұмыстары басталды. Соның нәтижесінде бұрыннан белгілі ескерткіштердің қазіргі сақталу барысы тексеріліп, географиялық координаттары анықталды, жаңа ескерткіштер ашылып ғылыми айналымға ене бастады, сонымен қатар, осы облыстардағы

тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімін жасау, олардың жинақтарын шығаруға даярлық жұмыстары қолға алынды. Бұл еліміздегі тарихи-мәдени мұраны есепке алу, қорғау және пайдалану жұмыстары бойынша қордаланып қалған мәселерді шешуге бағытталған батыл қадам болды. Нәтижесінде Қызылорда облысының тарихи-мәдени ескерткіштерінің жинағы орыс (2007 ж.), қазақ тілінде (2011 ж.) шықты. 2007 жылғы жинақта облыс бойынша 682 тарих және мәдениет ескерткіші есепке алынған, олар:

Қызылорда қаласында – 19, аудандар бойынша: Аралда – 45, Жалағашта – 45, Жаңақорғанда – 147, Қазалыда – 73, Қармакшыда – 73, Сырдарияда – 28, Шиеліде – 107 ескерткіштер [10]. 2011 жылы қазақ тілінде шыққан жинаққа облыс бойынша 744 тарих және мәдениет ескерткіштері енген, олар: Қызылорда қаласында – 19, аудандар бойынша: Аралда – 96, Жалағашта – 46, Жаңақорғанда – 264, Қазалыда – 78, Қармакшыда – 106, Сырдарияда – 28, Шиелі ауданында – 107 ескерткіш [11].

1-кесте – Тұран археологиялық экспедициясының 2001-2008 жылдарда Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарынан ашқан ескерткіштері

Орналасқан жері: облыс, аудан	Ескерткіштердің түрі														
	Ортағасырлық елді мекен, қала	Жеке оба	Обалар тобы	Обалар қорымы	Қарауыл төбе, мұнара	Тастан салынған құрылыс	Тасқа салынған сурет орны	Үңгір	Тас ғасырдың тұрағы	Кесене	Тоған	Ортағасырлық арық	Тоғызқұмалақ, тақтасы қашалған жер	Құмдан-пеш	Қосындысы
Оңтүстік Қазақстан облысы															
Түркістан ауданы	18	45	97	230		1	22							1	414
Бәйдібек ауданы	18	32	68	58			1								177
Түлкібас ауданы	70	26	21	17	3	2	4	2							145
Созақ ауданы	11	38	61	185		4	7	1	1		1				309
Қызылқұм ауданы	3														3
Арыс ауданы	8	11	14	3											36
Жамбыл облысы															
Жуалы ауданы	24	14	23	36			4					1			102
Жамбыл ауданы		3	4	12											19
Талас ауданы	1	9	23	22			2								57
Сарысу ауданы	2	14	23	24											63
Қызылорда облысы															
Шиелі ауданы	6	22	20	9	1	1	14			8	1				82
Жаңақорған ауданы	13	22	51	91	1		16				1				195
Барлығы	174	236	405	687	5	8	70	3	1	8	2	1	1	1	1602

Дегенмен, Қызылорда облысының тарих және мәдениет ескерткіштері толық есепке алынды деуге әлі ерте, осы бағытта атқарылатын жұмыс көп және ол кезек күттірмейтін шара болып отыр. 2013 жылы Қызылорда облысы әкімдігінің жанынан құрылған «Қызылорда облысының тарихи-мәдени мұраларын қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми әдістемелік Кеңес» (төрағасы Қызылорда облысының әкімі Қ.Е. Көшербаев) ұсынысы бойынша аудандардың тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағын шығару жұ-

мысы қолға алынатын болды. Далалық жұмыстар 2015 жылы басталады.

Ал енді 2004-2006 жылдарда қомақты қаржы бөлінген Алматы облысының тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағын күні бүгінге дейін шыққан жоқ. Осы жерде дана халқымыздың «судың да сұрауы бар» – деген қанатты сөзін еске ала отырып, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі (бұрынғы Мәдениет және ақпарат министрлігі) тиісті мекендерге сұрау салып, Алматы облы-

сының тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы неге шықпай қалғанын анықтаса орынды болар еді.

2009-2014 жылдар аралығында «Мәдени мұра» бағдарламасының аймақтық жобасы бойынша Жамбыл облысында тарих және мәдениет ескерткіштерінің аудандық жинақтарын шығаруға облыс есебінен қаржы бөлініп игілікті істер атқарылды. Осы жылдар аралығында «Археологическая экспертиза» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жекелеген аудандар көлемінде барлау жұмыстарын жүргізіп бұрыннан белгілі, есепке алынған тарих және мәдениет ескерткіштерін-

де қайта зерттеу жұмыстарын жүргізіп, олардың орналасқан жерін нақтылап, жобаларын түсіріп, бұрын есепке алынбаған 1900-ге жуық археологиялық ескерткіштерді ашты, олардың қатарында әртүрлі тарихи кезеңдерден сақталған 1720 обалар мен оба қорымдары бар. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде 2010 жылы Жамбыл [12], Байзақ [13], Қордай [14], Талас [15]; 2011 жылы Меркі [16], Тұрар Рысқұлов [17]; 2012 жылы Мойынқұм [18], Шу [19]; 2014 жылы Жуалы [20], Сарысу [21] аудандарының тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинақтары шықты (2-кесте).

2-кесте – Жамбыл облысының тарих және мәдениет ескерткіштерінің 2014 жылғы тізімінің сандық көрсеткіші

Елдімекен атауы:	Байзақ	Жамбыл	Жуалы	Қордай	Меркі	Мойынқұм	Сарысу	Талас	Т. Рысқұлов	Шу	Тараз	Барлығы:
1. Алдын ала есепке алынған тарихи-мәдени мұра объектілерінің тізім саны	151	133	294	740	144	165	24	177	281	419	5	2533
2. Жергілікті дәрежедегі мемлекеттік тізімге енгізілген тарих және мәдениет ескерткіштерінің саны	61	80	59	111	73	23	40	59	83	57	67	713
3. Республикалық дәрежедегі мемлекеттік тізімге енгізілген тарих және мәдениет ескерткіштерінің саны	3	4	1		1	1	1	5	1	1	10	28
Барлығы:	215	217	354	851	218	189	65	241	365	477	82	3274
Ұ.О.С ескерткіштері	18	27	15	24	21	16	8	13	12	25	8	187

* Сандық көрсеткіш туралы мәлімет Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының «Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен алынды.

Дегенмен, «Археологическая экспертиза» ЖШС шығарған бұл аудандардың жинақтарында елеулі кемшіліктер де орын алған. Мәселен, 2012 жылы баспадан шыққан «Шу ауданы» жинағына Шу ауданындағы Ақсу ауылдық округінде орналасқан, бұрыннан белгілі Жетіжар, Қамысбек, Қыркүй карауыл төбелері, Ақсутөбе, Қыркүй, Сабыр ортағасырлық елді мекендері еңбей қалған [4, 316-321 б., №№ 802, 803, 804, 805, 807, 808]. Сонымен қатар, 2012 жылғы жинаққа осы ауылдық округте орналасқан 30-дан аса обалар мен оба қорымдарының тек 17-сі ғана енген, ал ортағасырлық Ақтөбе қаласы туралы жазылған мақала ешқандай сын көтермейді. Мақаланы жазған авторлар (олардың аты, жөні көрсетілмеген) Ақтөбеге қатысты архив материалдарын пайдаланбаған, осы қалада жүргізілген қазба жұмыстарына қатысты жарияланған мақалаларды іріктеп, алалап пайдаланған, негізгі деректерді

қосалқы әдебиеттерден алған. Ең сорақысы сол, авторлар ортағасырлық Ақтөбе қаласының тарихи-топографиялық құрылымымен таныс емес, оны өздерінің қалауынша атап, көрсеткен. Жүргізілген қазба кезінде ашылған құрылыс орындары қалай болса солай жазылған, олардың өмір сүрген уақыты дұрыс көрсетілмеген. Цитадельден ашылған құрылыстардың барлығы тараздық қайта жаңғырту мекемесі жүргізген «тұмшалаудан» кейінгі сурет бойынша көрсетіліп, оларды VII-XII ғасырлар кезіндегі «тұрғын үй» деп көрсеткен [19, 69-79 б.]. Осындай ағаттықтар басқа аудандардың жинақтарында да кездеседі.

2001-2014 жылдарда Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізген кезде әртүрлі себептерге байланысты толық бұзылып кеткен, жартылай бұзылып жатқан, қазіргі күнде апатты жағдайда тұрған ондаған ортағасырлық

қала, елді мекендерді, жүздеген оба, оба қорымдарын, бірқатар тасқа салынған сурет орындарын көрдік. Өкініштісі сол бұзылған не бұзылып жатқан археологиялық ескерткіштердің бірқатары жергілікті және республикалық дәрежедегі мемлекеттік тізімге енгізілген ескерткіштер екен [22].

Енді бұзылып кеткен не бұзылып жатқан ортағасырлық елдімекендер мен қалалар бұзылу себептеріне келсек, қазіргі күнде толық бұзылып кеткен не бұзылып жатқан ортағасырлық қалалар мен елді мекендерді келесі топтарға бөліп қарастыруға болады: бірінші, қазіргі елдімекен мен қалалардың ішінде орналасқан ескерткіштер; екінші, әртүрлі шаруашылық жұмыстары барысында (құрылыс, жол, арық, суқоймасын салу, т.б.) бұзылып жатқан ескерткіштер; үшінші, табиғи апаттан бұзылып жатқан ескерткіштер.

Қазіргі ауыл мен қалалардың ішінде қалып бұзылған не бұзылып жатқан ескерткіштердің қатарында ежелгі Тараз, ортағасырлық Қысымшы, Қордай, Жаңажол, Меркі, Құлан (Жамбыл облысы), Шақпақбаба, Шарапкент, Мақталы, Мыңбай, Қызылбастау, Тұрар Рысқұлов, Күмісбастау ауылының батыс шетіндегі екі елді мекен, Ташанак, Оранғай, Құсата, Қарнақ, Сайрам, Шолаққорған (Оңтүстік Қазақстан облысы) қалалары мен елдімекендері бар.

XX ғасыр мен XXI ғасырдың басында жүргізілген әртүрлі құрылыс жұмыстары, егістік алқаптарына жер тегістеу, суқоймаларын салу т.б. жұмыстарды жүргізу кезінде бұзылған ескерткіштердің қатарында Тасөткел суқоймасының астында қалған елдімекендер, су шайып кеткен Тастұмсық төрткүлі, Токтас қарауыл мұнарасы, Ақтөбе қаласының шаруашылық аймағындағы ондаған құрылыс орындары (Жамбыл облысы), Адыраспансай, Қоссарай, Желсай, Тобылғы беткей, Исақбастау, Қисықсай, Үштөбе, Балықты, Төбелдірік, Жамбасарық, Қазқорған, Ақтөбе елді мекендері, Шардара суқоймасы шайып жатқан Үтіртөбе қаласы (Оңтүстік Қазақстан облысы), Бәйтік, Тасқынбай, Күйеутам, Омбай, Бестам елдімекендері мен қалалары және 8 кесене бар (Қызылорда облысы).

Табиғи апаттан бұзылып жатқан ортағасырлық қалалар, елді мекендердің қатарында Сырдария өзені шайып жатқан Раздыата, Сортөбе 1, Сортөбе 2 (Қызылорда облысы), Ермексай өзені шайып жартылай бұзылған Жүйнек, Боралдай өзені шайып жатқан Жартытөбе, Келес өзені шайып жатқан Күлтөбе (Оңтүстік Қазақстан облысы), Тамды өзені шайып жатқан Тамды, Талас өзені шайып бұзған Түймекент (Жамбыл облысы) қалалары бар.

Сонымен, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарындағы тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алу, олардың жинақтарын шығарудың 2014 жылғы барысына келсек: Жамбыл облысында облыстық (2002 ж.) және барлық аудандардың жинақтары (2010-2014 жж.) жарыққа шықты, бұл жалпы еліміз көлемінде үлгі боларлық жұмыс; Қызылорда облысының жинағы орыс (2007 ж.) және қазақ тілдерінде (2011 ж.) шықты, бірақ олар толықтыруды қажет етеді, ал аудандардың жинақтарын шығаруға даярлық жұмыстары, оларды шығару 2015 жылы басталады деп күтілуде: 1994 жылы шыққан «Оңтүстік Қазақстан облысы» атты жинаққа облыс көлемінде орналасқан тарих және мәдениет ескерткіштерінің көпшілігі кірмей қалған. «Түлкібас ауданы» (2004 ж.), «Отырар ескерткіштері» (2006 ж.), «Отырар мен Арыс аудандарының байырғы ескерткіштері» (2007 ж.) жинақтар мен еңбектерде осы аудандардың археологиялық ескерткіштері ғана қарастырылған, ал Созақ, Бәйдібек және Түркістан аудандарында 2004-2008 жылдарда жүргізілген зерттеулер кезінде осы аудандардың археологиялық ескерткіштері туралы мәліметтер жинақталған. Демек, Оңтүстік Қазақстан облысы мен оның аудандарының тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинақтарын даярлап, шығару үшін қыруар жұмыс атқарылуы керек. Қазіргі қалыптасқан жағдайда ол жинақтарды даярлап, шығару үшін қанша жыл керек екенін болжаудың өзі қиын.

Жалпы осы облыстарда археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізген жылдарда бізге белгілі болғаны сол, облыстық мәдениет басқармаларына қарасты тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғаумен айналысатын мемлекеттік мекемелердің архивтеріне осы облыстарда кеңестік заманда, еліміз егемендік алғалы бергі аралықта (1991-2014 жж.) жұмыс жүргізген кейбір экспедициялардың ғана ғылыми есептері сақталғаны анықталды. Соған қарағанда аталған облыстарда әр жылдарда жұмыс жүргізген экспедициялар құзырлы мекемелерге ғылыми есептерін тапсырмаған. Демек облыстарда қай жылдарда қандай экспедициялар жұмыс жүргізді, қашан, қай ескерткішті зерттеді, онан алынған нәтижелер, қазбадан табылған заттай деректер туралы ешқандай мәлімет жоқ. Бұл дұрыс емес. Елімізде қалыптасқан үрдіс бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуге лицензия (рұқсат қағазын) алған мемлекеттік мекеме, жеке тұлға жұмыс жүргізілетін облысқа келгеннен кейін міндетті түрде облыстық тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау мемлекеттік мекемесіне барып

тіркелуі керек және жұмыс жүргізілетін уақыт, зерттеу жүргізілетін ескерткіш туралы ескертуі керек. Жұмыс біткеннен кейін атқарылған жұмыс жөнінде қысқаша есеп беруге міндетті, ал жыл соңында атқарылған жұмыс туралы аралық (қорытынды) есептің бір данасын тапсыруы керек. Егер осы талаптар орындалмаған жағдайда облыстық мәдениет басқармасының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет жөніндегі комитетіне хат жолдап тәртіпті бұзған не оның талаптарын орындамаған мемлекеттік мекеме, жеке тұлғаларға алдағы жылға лицензия бермеу жөнінде ұсыныс жасауға құқылы.

Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарының тарих және мәдениет ескерткіштерінің облыстық және аудандық, ауылдық округтерінің жинақтарын шығару барысында жинақталған тәжірибені, кездесуі мүмкін қиындықтарды ескере отырып осы жауапты жұмысты еліміз көлемінде сапалы жүргізу үшін келесі іс-шараларды іске асыру керек деп есептейміз: біріншіден, облыстық, аудандық, ауылдық округтердің тарих және мәдениет ескерткіштерін шығарудың еліміз үшін аса маңызды екенін ескере отырып Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері комитеті әр облыс көлемінде жүргізілетін іс-шаралардың жоспарын жасап, оның орындалуын қадағалап отыруы керек; екіншіден, Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері комитеті жанынан білікті мамандардан, құзырлы мекеме қызметкерлерінен қоғамдық кеңес құру керек.

Кеңес әр жылы атқарылған жұмыстарды талқылап, егер олар талапқа сай орындалған болса бекітуге ұсынады, ал жұмыс талапқа сай орындалмаса оны орындаушы мекемеге қайтарып, жіберілген кемшіліктерді сол мекеме есебінен 1-2 айда түзетуге ұсынады. Егер сын-ескертпелер көрсетілген мерзімде түзетілмесе орындаушы мекемеге алдағы жылға лицензия беруді тоқтатуға ұсыныс беруге құқылы; үшіншіден, тарих және мәдениет ескерткіштерінің облыстық, аудандық, ауылдық округтерінің жинақтарын даярлаумен айналысқан мекеме, жеке тұлғалар аралық (қорытынды) есебінің бір данасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері комитетіне, ҚР Ұлттық музейіне және облыстық тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау мемлекеттік мекемесіне тапсырылады; төртіншіден, жүргізілген археологиялық қазба кезінде табылған заттардың барлығы ҚР Ұлттық музейінің қорына немесе осы музейдің келісімі бойынша кейбір заттар облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорына тапсырылады; бесіншіден, облыстық, аудандық, ауылдық округтердің тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинақтарын даярлауға, оны баспадан шығаруға мемлекеттік лицензиясы, аккредиттеу куәлігі бар мемлекеттік ғылыми-зерттеу институттары, университеттер, заңды және жеке тұлғалар қатыса алады; алтыншыдан, қазіргі күнде апатты жағдайда тұрған тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімін жасап, оларды шұғыл түрде зерттеуді Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері комитеті ұйымдастыруы керек.

Әдебиеттер

- 1 Егемен Қазақстан. – №38(24615). – 14 ақпан 2007.
- 2 Алипчиев С., Байбосынов К. Свод памятников истории и культуры Джамбулской области. – Джамбул: Облтипография, 1982. – 208 с.
- 3 Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область.-Алма-Ата: Гл. ред. «Қазақ энциклопедиясы». – 1994. 1 том. – 368 с.
- 4 Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жиынтығы. Жамбыл облысы. – Алматы: ММӨБ, 2002. Том.2. – 364 б., карталар, ил.
- 5 Елеуов М. Тұран археологиялық экспедициясының 2001-2008 жылдарда Қаратауда жүргізген археологиялық зерттеулері // «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарының «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруға қосқан үлесі: жетістіктер және даму бағыттары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары / Жауапты редакторлар: Ө.Т. Төлеубаев, Қ.М. Атабаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 26-31 б.
- 6 Оңтүстік Қазақстан облысының археологиялық картасы. Түлкібас ауданы. – Түркістан: А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, 2004. 1-том. – 244-б., карталар, ил.
- 7 Елеуов М. Қарақұр ескерткіштері. -Алматы: «АБДИ Компани» АҚ, 2008.- 96 б.
- 8 Ахмет С., Исабеков З., Есжан Е. Отырар ескерткіштері. 1-бөлім. – Шымкент: «Жебе» баспа үйі, 2006. – 144 б.
- 9 Бердияр Қ., Қожа М. Отырар мен Арыс аудандарының байырғы ескерткіштері. – Шымкент, 2007. – 80 б.
- 10 Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Кызылординская область.-Алматы: Аруна, 2007.- 376 с.
- 11 Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы.-Алматы: Аруна, 2011.- 504 б.

- 12 Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштері. Жамбыл ауданы. – Алматы, 2010. – 212 б.
- 13 Свод памятников истории и культуры Жамбылской области. Жамбылский район. – Алматы, 2010. – 212 с.
- 14 Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштері. Байзақ ауданы. – Алматы, 2010. – 204 б.
- 15 Свод памятников истории и культуры Жамбылской области. Байзақский район. – Алматы, 2010. – 204 с.
- 16 Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштері. Қордай ауданы. – Алматы, 2010. – 396 б.
- 17 Свод памятников истории и культуры Жамбылской области. Кордайский район. – Алматы, 2010. – 396 с.
- 18 Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштері. Талас ауданы. – Алматы, 2010. – 224 б.
- 19 Свод памятников истории и культуры Жамбылской области. Таласский район. – Алматы, 2010. – 224 с.
- 20 Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштері. Меркі ауданы. – Алматы, 2011. – 256 б.
- 21 Свод памятников истории и культуры Жамбылской области. Меркенский район. – Алматы, 2011. – 256 с.
- 22 Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштері. Тұрар Рысқұлов ауданы. – Алматы, 2011. – 268 б.
- 23 Свод памятников истории и культуры Жамбылской области. Турар Рыскуловский район. – Алматы, 2011. – 268 с.
- 24 Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштері. Мойынқұм ауданы. – Алматы, 2012. – 216 б.
- 25 Свод памятников истории и культуры Жамбылской области. Мойынқұмский район. – Алматы, 2012. – 216 с.
- 26 Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштері. Шу ауданы. – Алматы, 2012. – 368 б.
- 27 Свод памятников истории и культуры Жамбылской области. Чуйский район. – Алматы, 2012. – 368 с.
- 28 Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштері. Жуалы ауданы. – Алматы, 2014. – 290 б.
- 29 Свод памятников истории и культуры Жамбылской области. Жуалинский район. – Алматы, 2014. – 290 с.
- 30 Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштері. Сарысу ауданы. – Алматы, 2014. – 184 б.
- 31 Свод памятников истории и культуры Жамбылской области. Сарысуский район. – Алматы, 2014. – 184 с.
- 32 Елеуов М. Ескерусіз қалған ескерткіштер. – Түркістан, Тұран баспасы, 2005. – 119 б.

References

- 1 Egemen Kazakstan. – №38(24615). – 14 ақпан 2007.
- 2 Alipcheev S., Bajbosynov K. Svod pamjatnikov istorii i kul'tury Dzhambul'skoj oblasti. – Dzhambul: Obltipografija, 1982. – 208 s.
- 3 Svod pamjatnikov istorii i kul'tury Kazahstana. Juzhno-Kazahstanskaja oblast'. -Alma-Ata: Gl. red. «Kazak jenciklopedi-jasy», – 1994. 1 tom. -368 s.
- 4 Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің зиятыруы. Zhambyl oblysy. – Almaty: MME FZZhI, 2002. Tom.2. -364 b., kartalar, il.
- 5 Eleuov M. Тұран археологиялық жекспедициясының 2001-2008 жылдарда Қаратауда зhyргізген археологиялық зерттеулері // «Al-Farabi atyndary KazYU ғалымдарының «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруға қосқан үлесі: zhetistikter zhane damu baғыттары» атты Ғалымдарлық ғылыми-практикалық конференция материалдары / Zhauapty redaktorlar: A.T. Toleubaev, K.M. Atabaev. – Almaty: Қазақ университеті, 2009. – 26-31 б.
- 6 Оңтүстік Қазақстан облысының археологиялық картасы. Түлкібас ауданы. – Түркістан: А. Jasaui atyndary Halykaralyқ қазақ-түрік университеті, 2004. 1-том. – 244-б., kartalar, il.
- 7 Eleuov M. Қарақыр ескерткіштері. -Almaty: «ABDI Kompani» АҚ, 2008.- 96 б.
- 8 Ahmet S., Isabekov Z., Eszhan E. Otyrar eskertkishteri. 1-belim. – Shymkent: «Zhebe» baspa үji, 2006. – 144 б.
- 9 Berdijar K., Қожа M. Otyrar men Arys audandaryның bajырғы eskertkishteri. – Shymkent, 2007. – 80 б.
- 10 Svod pamjatnikov istorii i kul'tury Respubliki Kazahstan. Kyzylordinskaja oblast'. -Almaty: Aruna, 2007.- 376 s,
- 11 Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің зhiнары. Қызылорда облысы.-Almaty: Aruana, 2011.- 504 б.
- 12 Zhambyl oblysy tarih zhәне мәдениет eskertkishteri. Zhambyl audany. – Almaty, 2010. – 212 б.
- 13 Svod pamjatnikov istorii i kul'tury Zhambyl'skoj oblasti. Zhambylskij rajon. – Almaty, 2010. – 212 s.
- 14 Zhambyl oblysy tarih zhәне мәдениет eskertkishteri. Bajзақ audany. – Almaty, 2010. – 204 б.
- 15 Svod pamjatnikov istorii i kul'tury Zhambyl'skoj oblasti. Bajzaks kij rajon. – Almaty, 2010. – 204 s.
- 16 Zhambyl oblysy tarih zhәне мәдениет eskertkishteri. Қордай audany. – Almaty, 2010. – 396 б.
- 17 Svod pamjatnikov istorii i kul'tury Zhambyl'skoj oblasti. Kordajskij rajon. – Almaty, 2010. – 396 s.
- 18 Zhambyl oblysy tarih zhәне мәдениет eskertkishteri. Talas audany. – Almaty, 2010. – 224 б.
- 19 Svod pamjatnikov istorii i kul'tury Zhambyl'skoj oblasti. Talasskij rajon. – Almaty, 2010. – 224 s.
- 20 Zhambyl oblysy tarih zhәне мәдениет eskertkishteri. Merki audany. – Almaty, 2011. – 256 б.
- 21 Svod pamjatnikov istorii i kul'tury Zhambyl'skoj oblasti. Merkenskij rajon. – Almaty, 2011. – 256 s.
- 22 Zhambyl oblysy tarih zhәне мәдениет eskertkishteri. Тұрар Рысқұлов audany. – Almaty, 2011. – 268 б.
- 23 Svod pamjatnikov istorii i kul'tury Zhambyl'skoj oblasti. Turar Ryskulovskij rajon. – Almaty, 2011. – 268 s.
- 24 Zhambyl oblysy tarih zhәне мәдениет eskertkishteri. Мойынқұм audany. – Almaty, 2012. – 216 б.
- 25 Svod pamjatnikov istorii i kul'tury Zhambyl'skoj oblasti. Мойынқұмск ij rajon. – Almaty, 2012. – 216 s.
- 26 Zhambyl oblysy tarih zhәне мәдениет eskertkishteri. Shu audany. – Almaty, 2012. – 368 б.
- 27 Svod pamjatnikov istorii i kul'tury Zhambyl'skoj oblasti. Chujskij rajon. – Almaty, 2012. – 368 s.
- 28 Zhambyl oblysy tarih zhәне мәдениет eskertkishteri. Zhualy audany. – Almaty, 2014. – 290 б.
- 29 Svod pamjatnikov istorii i kul'tury Zhambyl'skoj oblasti. Zhualinskij rajon. – Almaty, 2014. – 290 s.
- 30 Zhambyl oblysy tarih zhәне мәдениет eskertkishteri. Sarysu audany. – Almaty, 2014. – 184 б.
- 31 Svod pamjatnikov istorii i kul'tury Zhambyl'skoj oblasti. Sarysuskij rajon. – Almaty, 2014. – 184 s.
- 32 Eleuov M. Eskerusiz қалған eskertkishter. – Tүrkistan, Tұran baspasy, 2005. – 119 б.

Елеуов М., Талеев Д.А.
**Тараз қаласында 2014 жылы
жүргізілген археологиялық
қазба жұмыстары**

Мақалада Қазақстан жеріндегі көне қалалардың бірі Тараздың қысқаша тарихы, жазба деректер мәліметтері бойынша баяндалады. Қала ортағасыр кезінде, әсіресе Түрік және Түргеш қағанаттары тұсында астаналық қызмет атқарды. Деректерде Тараз сауда мен қол өнері орталығы болғандығы айтылады. Ұлы Жібек жолы Қазақ жері арқылы өткен тұстарда Тараз түрлі елдерден келген елшілер тоқтап, халқаралық деңгейдегі саяси мәселелер шешілген қалаға айналған. Мақалада осы мәселелер қысқаша қарастырылады. Қаланың орнында жүргізілген археологиялық зерттеулерге қысқаша шолу жасалды. 2014 жылы жазғы маусым кезінде қаланың қорғаныс құрылыстары мен қорғаныс элементтерін анықтау мақсатында жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесі тұжырымдалған. Қазба барысында табылған күміс, қола және мыс теңгелердің мәліметтері бойынша қаланың гүлденген уақыты анықталды. Ол Түрік және Түргеш, Қарахан қағанаттары үстемдік құрған уақытпен сәйкес келеді. Жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде аршылған тастан салынған ғимараттар қатырылып, туристік нысанға айландыруға ұсынылды.

Түйін сөздер: Тарих, дерек, археология, зерттеу, қазба, цитадель, шахристан, олжа, керамика, теңге.

Eleuov M., Taleev D.A.
**Archaeological excavations
carried out in 2014 in the ancient
city of Taraz**

In the article on the basis of written sources described the story of one of the oldest cities – Taraz. Taraz city in the Middle Ages, especially during the reign of Turkic and Turgesh cagans had capital status. The sources Taraz referred to as a major center of trade and crafts. In the days of the Great Silk Road Taraz became a place where important international problems were solved. This article briefly discusses these problems. In article characterized by archaeological studies conducted previously on the site of the city. In addition, the results of archaeological excavations carried out in the summer of 2014, the aim of which was to determine the elements of fortification and fortifications Taraz. Information about silver, bronze and copper coins found during the excavations, gives very important information about the heyday of the city. This period coincides with the rule of the Turks, Turgeshes and Karakhanids. Some structures discovered during the excavations, proposed for conservation and transformation into tourist sites.

Key words: history, source, archaeology, research, excavation, citadel, shahristan, finds, ceramics, coin.

Елеуов М., Талеев Д.А.
**Археологические раскопки,
проведенные 2014 году
в городе Тараз**

В статье на основе письменных источников описывается история одного из древнейших городов – Тараза. Город Тараз в средние века, особенно в период правления Тюркского и Тюргешского каганата, имел столичный статус. В источниках Тараз упоминается как крупный центр торговли и ремесел. Во времена Великого Шелкового пути Тараз стал местом, где решались важные международные проблемы. В статье кратко рассматриваются эти проблемы. Характеризуются археологические исследования, проведенные ранее на месте города. Кроме того, приводятся результаты археологических раскопок, проведенных в летний сезон 2014 г., целью которого было определение фортификации и элементов фортификационных сооружений Тараза. Информация о серебряных, бронзовых и медных монетах, обнаруженных в результате археологических раскопок, дает очень важные сведения о периоде расцвета города. Этот период совпадает с господством тюрков, тюргешей и караханидов. Некоторые сооружения, обнаруженные во время раскопок, предложены для консервации и превращения в туристические объекты.

Ключевые слова: история, источник, археология, исследование, раскопка, цитадель, шахристан, находки, керамика, монета.

**ТАРАЗ ҚАЛАСЫНДА
2014 ЖЫЛЫ
ЖҮРГІЗІЛГЕН
АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ
ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ**

Тараз – Қазақстан жеріндегі ең көне қалалардың бірі. Қаланың аты жазба деректерде VI ғасырдан бастап белгілі. Ал археологиялық зерттеулердің мәліметтері қаланың 2000 жылдық тарихы барлығын растайды. Белгілі археолог Т.Н. Сенигова 1961-1963 жылдар аралығында Тараздың шаһристанына салынған стратиграфиялық қазбаның төменгі құрылыс қабатынан табылған қазан тұтқасы мен құмыраның бөліктерін Кей-Қабат-шах қалашығының б.з.д. II б.з. I ғасырларға жататын және Шығыс Түркістанның I – IV ғасырлары ыдыстары жиынтқтарымен сәйкестендірген. Сонымен қатар қазбаның төменгі қабатынан рим императоры Веспасианның 73 жылы соғылған күміс динары табылғандығы жайлы да хабарлайды [1, 44-47 бб.]. Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағындағы ірі сауда орталығы болған қалада түрлі елдерден келген көпестер мен тауарылар шоғырланды. Сол тұста қала халқаралық сауданың ғана емес түрлі саяси оқиғалар мен мәдени-рухани байланыстардың да орнына айналды. Сөзіміздің дәлелі ретінде 568 жылы түрік қағанына дипломатиялық тапсырмамен келген Византиялық елші Земарх Киликийскийдің сапарын айтуға болады [2, 338 б.]. Тараз қаласының гүлденген уақыты жарты әлемді билеген Батыс Түрік қағанатының астанасы болған кезбен тұспа-тұс келеді. Осы кезде түріктердің ықпалы Орта Азия мен Қазақстанның қоғамдық-экономикалық өмірінің барлық салаларында артты. Бұған Тараз қаласы мен Тараз өңірі тұрғындарының қосқан үлесі де аз болмады. Сондықтан да қаланың аты жазба деректер мен географиялық шығармаларда жиі кездеседі. Ресми деректе будда дінінің мекеніне зиярат етуге сапар шеккен деп айтылатын Қытай саяхатшысы Сюань-Цзанның Таразды сауда мен мәдениеттің орталығы ретінде сипаттауы сөзіміздің шындығын растайды [3, 26-27 бб.]. Ол Тараздың Ұлы Жібек жолының бойында тұрған маңызды сауда орталығы ретінде көрсеткен. Қағанат ыдырағаннан кейін қала түріктердің ұрпағы Түргеш, Қарлұқ, Қарахан мемлекеттерінің орталық қаласы болып қала берді. Ол әкімшілік биліктің ғана емес, сауда, мәдениет пен қол өнерінің дамыған орнына айналды. Қалада VII ғасырдан бастап түргеш қағанының атынан тенге соғылғаны белгілі. Астаналық мәртебесін ұзақ ғасырлар бойы жоғалтпаған қалада Түргеш, Қарахан әу-

леттерінің, мұсылман билеушілер соқтырған теңгелері негізгі төлем құралы ретінде қолданыста болған. Соңғы кездегі жүргізілген қазба

жұмыстары кезінде бір бетінде «*тәңірілік мырза Түргеш қағанның теңгесі*» деген жазуы бар қола теңгелер өте көп табылды.



Тараздан табылған VII–VIII ғасырлардағы Түргеш теңгесі

Орта Азияға араб билігі келгеннен кейін Тараз мұсылман дінінің рухани орталығына айналған. Жазба деректерде 893 жылы саманилік әулеттің өкілі Исмаил ибн Ахмад Тараз қаласын алып, қаланың бас шіркеуін мешітке айналдырды деген мәліметтер бар [7, 282 б.]. Қалада мешітер, медреселер, кейіннен ханакалар салынған.

Тараз қаласында қолөнері мен сауда жақсы дамыды. X ғасырдағы араб географы Әл-Мақдиси қала туралы былай деп жазды: «Тараз – үлкен бекіністі қала, бақтары көп, халық тығыз қоныстанған, ормен қоршалған, төрт қақпасы мен адамдары мекендеген рабады бар. Мединаның алдында үлкен өзен, оның ар жағында шаһардың келесі бөлігі, оның үстінен өтетінен төтетін өткел бар. Жұма мешіт базардың ортасында» [5, 106 б.].

Жазба деректер мен археологиялық материалдар Таразда теңге соғу ісінің мұсылман дәуірінде қарқынды жалғасын тапқанын көрсетеді. Қаланың теңге сарайында 1002-1177 жылдар аралығында Мухаммед ибн Әли 1004/05 ж., Ахмад Муххамад (Арслан-хан) 1013-1025 ж., Жаған-тегін Мухаммед (Боғра-хан) 1039/40 және 1053 ж., Халиф әл-Каим 1030-1073 ж., Хасан ибн Сүлеймен 1074/75 ж., Қара-тегін 1076/77 ж. секілді көптеген билеушілердің өз аттарынан теңге соқтырғаны археологиялық материалдар негізінде анықталған [1, 16-17 б.].

Тараздың нығайып, тамаша гүлдену кезеңі VI-XII ғасырлар аралығы. Б.В. Лунин жариялаған нумизматикалық материалдар Тараз қаласында теңге соғу 1173 жылға дейін жалғасқандығын көрсетеді [4, 238-239 бб.]. Археологиялық зерттеулер осы уақыт арасында Талас өңіріндегі өндіргіш күштердің өсуі ауылдық жерлерден келіп қалаларға қоныс тепкен ауыл тұрғындарының

есебінен жүзеге аса керек. Ескі қалалар одан әрі көркейіп, жаңа қалалар пайда болды. Тараз қаласы қарақытайлар мен монғол шапқыншылығы тұсында, одан кейін уақытта тіршілігін жалғастыра берді. Бірақ, бұрынғыдай дәуренге көтеріле алмады. Тараз қаласы Қазақ хандығы тұсында да тіршілігін тоқтатқан жоқ. Мухаммед Хайдар дулати ол кезде Моғолдықтардың иелігінде болған Таразды Йянги деп атағаны және қала қазақ пен қырғыздың шапқыншылығынан қатты құлдырағаны туралы хабарлайды [6, 195, 223, 323 бб.]. Кейіннен Жоңғарлардың шапқыншылығы тұсында қатты қираған қаланың орнына кейіннен Қоқан хандығының басты бекінісі Әулиеатаға салынды.

Тараз және оның маңындағы қалаларда археологиялық зерттеулер XIX ғасырдың екінші жартысынан бері жүргізіліп келеді. Оның тарихи-топографиялық құрылымын зерттеуге В.В. Бартольд, А.Н. Бернштам, Г.И. Пацевич, Т.Н. Сенигованың қосқан үлесі зор. Ал тікелей Тараздың өзін және оның бекініс жүйесін зерттеген ғалымдардың қатарында А.Н. Бернштам, Е.И. Агеева, Т.Н. Сенигова, М.С. Мерциевтер бар, қала мен қала аймағының тарихи-топографиясын, шаруашылық аймағының қорғаныс жүйесінің қалыптасу тарихын анықтауға елеулі үлес қосқан Т.Н. Сенигова болды. К.М. Байпаков, Ф.П. Григорьевтің бірқатар ғылыми мақалаларында Тараздың қала аймағы мен шаруашылық аймағын қоршап жатқан бірнеше ұзын қорғандар туралы құнды деректер көрсетілген. Ежелгі қаланың қала аймағының қорғаныс жүйесін зерттеуге – Каль, И. Кастанье, К. Байбосынов, М. Елеуов және басқа зерттеушілер өз үлестерін қосты. Археологиялық зерттеулер мен жазба деректерде келтірілетін қалаға байланыс-

ты мәліметтерді тоғыстыра келе Тараздың негізі б.д. I ғасырынан басталатындығы дәлелденді. Қазақстан үкіметінің шешімі мен ЮНЕСКО халқаралық ұйымының қолдауы бойынша Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойы 2001 жылы халқаралық деңгейде атап өтілді.

Дегенмен, XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастап, осы уақытқа дейін жүргізіліп келе жатқан зерттеулердің барысында ежелгі Тараз қаласының қорғаныс жүйесі, оның элементтері жан-жақты зерттеліп, қаланың тарихи-топографиясы толық анықталды деуге ерте. 2013 жылы 22-қараша күні елбасы Н.Ә. Назарбаев іс-сапармен Тараз қаласына келген кезде археологиялық қазба жүргізіліп жатқан нысандарды аралап көрген. Сапар соңында Тараздың тарихын археологиялық зертеулер нәтижесі арқылы толықтырудың аса маңыздылығы туралы пікір білдірген болатын.

2013 жылы цитадельде қазба жүргізген «Археологическая экспертиза» № 2-ші қазбаның шығыс жағынан, бір-біріне қатар орналасқан 3 қатар қамал анықталды деген мәлімет берген болатын [21, 65-66 бб.]. Сол мәліметті негізге ала отырып цитадельден ашыла бастаған 3 қатар қамалдардың қаншалықты растығына көз жеткізіп, рас болған жағдайда олардың жалғасын тауып, қабырғалардың салынған уақытын, қорғаныс құрылысының орналасу бағыты мен сақталған бөлігінің қандай деңгейде екендігін анықтау мақсатымен 2014 жылғы айтылған қазбаның солтүстік-шығыс бұрышынан оңтүстікке қарай 5 метр жерден шығыстан батысқа бағытталған көлемі 11,5x8 м қазба (қазба 3) салынды.

Қазбаның жоғарғы қабаты 1,1 м тереңдікке дейін арнайы жер қазатын техниканың (трактор) көмегімен қазылды. Осы тереңдікке дейінгі қабат көне қаланың үстін тегістеп, базар құрылысын салу кезінде қалыптасқан қабат. Ең беткі қабаты асфалтпен жабылған. Оның қалыңдығы 10 см болады. асфалтың астында 20-25 см қалыңдықта құм аралас ұсақ тас (шақал) қабаты өтеді. Келесі қабат қара-қоңыр түсті топырақ қабатынан тұрады. Оның қалыңдығы 20 см болады. төменгі екі қатпардың арасында базар тіршілігі барысында қалыптасқан қоқыстар (құрылыс қалдықтары, металл сынықтары, түрлі ыдыстардың сынықтары т.б.) жиі кездеседі. Қазбаның аумағы жердің бетінен 1-1,1 метр тереңдікке түскенде құрылыс қалдықтары нышан бере бастады. енді техника жұмысы тоқтатылып, қазбаның бет жағы қолмен тазартыла бастады.

Қазба барысында табылған заттарды есепке алу үшін, қазуға алынған бөлік 1x1 көлемін-

де шаршыларға бөлінді. Шаршылардың реттік саны шығыстан батысқа қарай санмен (1ден 11 дейін), ал оңтүстіктен солтүстікке қарай әріптермен (а, б, в, г, д, е, ж, з) белгіленді. Ал қазбаның тереңдігі жоғарыдан төмен қарай әр 50 см сайын ярустарға бөлінді.

Қазба жердің бетінен 1,1-1,2 м тереңдікке түскенде екі құрылыс қабатының қалдықтары анықталды. Қазба 3 тен аршылған құрылыс қабатының жоғарғысын шартты түрде бірінші құрылыс деңгейі деп атадық. Қазба 3 ішінде солтүстік-шығыс бөлігінде бірінші құрылыс деңгейіне жатқызылған құрылыс қалдықтары сақталған. Қазбаның солтүстік-шығыс бұрышында шығыстан батысқа қарай бағытта (біршама оңтүстікке қарай ауытқумен) қабырға қалдығы байқалды. Оның қазба аумағында аршылған бөлігінің ұзындығы 2 м. Қабырғаның басқа бөлігі қазба 3-тің сыртқы (шеткі) кесінділеріне өткені байқалады. Қабырға қам кесектен және үлкенді-кішілі жұмыр тастармен қаланған. Тастардың кейбірі шамамен 50 x 30 x 29 см өлшемде. Тас блоктар екі қатар биіктікте қаланған. Қабырға қалдығының биіктігі 54 см. Қабырға беті 0 нүктеден 123 -125 см, асфальттық жолдан төмен жатыр. Аталған қабырғаға перпендикуляр етіп түскен екінші қабырға бар. Екі қабырға кесектері байланыстырып салынғаны байқалады. Бұл қабырғаның өлшемі 1 x 1,1 м. Оңтүстікке қарай қабырға бір тегіс етіп қаланған, осыған қарап қабырға аяқталып есік ойығы басталды деуге негіз бар. Қабырғаның сақталған биіктігі 21-25 см. Шығыс жақтан оның іргесіне орташа жұмыр тастар қаланған. Қабырғаның батыс қыры 1 м кейін солтүстік батысқа қарай 24 см шығыңқы етіп қалыңдаған. Осы шығыңқылық 41 см кейін барып қазбаның солтүстік шетіне барып ары қарай өткен. Қабырғадан шығысқа қарай сазбен сыланған еден қалдықтары байқалады. Ал қабырғадан батысқа қарай тағы бір есік ойығы болғаны байқалады. Есік орны бастапқыда 95 см, кейін барып тарлып 73см ге қысқарады. Есік орны екінші жақта қалыңдығы 85-92 см қабырғаға тіреледі. Оның бағыты оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай. Ұзындығы қазба аумағында 3,63 м дейін жақсы сақталған, қалған бөлігі қазба шетіне еніп кеткен. Сондықтан аталған қабырғаның дәл ұзындығы туралы айту қиын.

Қабырғаға оңтүстік жақтан ені 1,45-1,5 м, ұзындығы 3,95 м сыпа (сұпа) қосылған. Сыпа шеті қалыңдағы бір кесектен қаланған. Кесектердің өлшемі 40-41x 20 x 10 см. Оңтүстік-шығыс бұрышы тік, қырынан қойылған қалыңдығы 10 см кесектермен қаланыпты.

Сыпа іші жүйесіз орналасқан кесектермен, пеш қалдықтарымен, басқа қоқсықпен толтырылған. Сыпаға іргелес оңтүстік жақ бөлменің еденіне ұқсайды. Оның кейбір бөлігінде таза өртенген күл кездеседі. Соған қарап оны еден қалдығы десе болады. Ол сыпаның сақталған соңғы кесегінен 5-10 см төмен. Сыпаны бұзу барысында шаршы 1е-ден 1,3 м тереңдікте дөңгелек мыс теңге табылды. Теңгенің жалпы пошымына қарағанда саманилік немесе қарахандық болуы мүмкін.

1 құрылыс қабатына қазбаның оңтүстік-шығыс секторында табылған ошақ қалдығы жатады. Ол 1 в-г шаршылар түйіскен жерде табылып отыр. 0 нүктеден 170 см төмен. ІҮ ярус. Ошақтың бір бөлігі ғана қазба аумағына ілінген. Ол солтүстіктен оңтүстікке қарай созыңқы келеді. Ошақ 20 х? х? кесек қалдықтарынан қаланған. Жоғары температурадан шеттері күйіп күйдірілген кірпішке ұқсап кеткен. Ошақтың айналасы кесекпен шамамен 80 см аумақта кесекпен бекітіліп күшейтілген. Ошақтың солтүстік жағындағы қызарған бөлігінен қазба шетіне дейін 23 см, ал оңтүстікте 30 см қашықтықта жатыр. Жалпы ошақтың аршылған бір бөлігі дұға іспетті болып келеді. Ошақтың іші 12-13 см дейін күлге, майда ақ түсті күлмен, басқа да түсті күл қабаттарымен толған. Шала жанған ағаш (бұтақ) қалдықтарының бөлшектері де кездеседі. Ошақтан іргесінде, оңтүстікке қарай аса терең емес шұңқыр байқалады. Оны тазалау барысында ұсақ мал сүйектері, сырлы керамика бөлшектері, шарап құятын хумша бөлігі табылды. Шарап құятын хумша деуге оның түбіне жақын жерде ойық болуы айғақ.

Қазбаның оңтүстік шетіндегі кесіндіде 0 нүктеден 135 см төменде ақшыл-сыры түсті кесектен қаланған қабырға бөлігі не сыпа шеті көрініп тұр. Қаланған сыпа бөлігінің биіктігі 37 см, бірінің үстіне бірі қаланған 4 қам кірпіштен тұрады. Кірпіштердің өлшемдері 18-20 см х 6-7 см х ? см. Сыпадан оңтүстікке қарай ақшыл-сары түсті қам кірпіштен қаланған қабырға бөлігі шықты. Оның ауданы 0,8 х 1,35 м.

Сонымен қазба 3 тазалау барысында 13 шұңқыр тазаланды. 1 шұңқыр ернеу деңгейі бізге белгісіз. Сонымен оның XX-XXI ғғ шұңқыры екені даусыз. Оның ішінде бір мәрте қолданылатын ыдыстар, қасықтар, басқа да қазіргі заманғы қалдық-қоқсықтар, майда тас – гравий шықты. 1 шұңқыр дөңгеленіп келген, диаметрі 90-95 см, тереңдігі 70 см. Шығыс бөлігінде шұңқыр тас тақтайлардан қаланған қабырға бөлігіне тап болды. Үстіңгі тас қалыңдығы 9 см, астыңғысы – 17. Ал батыс бөлігіндегі бір қатар тас – еден беті,

тастан қаланған еден деп жобаланды. 2 шұңқыр ернеу деңгейі III яруста, 0 нүктеден 1,07 м төмен орналасқан. Ол қазбаның шығыс шетінде. Сондықтан оның бір бөлігі қазбаның сыртында қалған. Ол 1 –г шаршыда. Шұңқыр диаметрі 90-90 см. Оңтүстік бөлігі тас блокка тіреледі. Шұңқыр іші топырақ пен күл қабаттарымен толтырылған. Алайда күл қабаттар ернеуден төмен басталады. Тазалау барысында сырсыз және сырлы керамика бөлшектері кездесті. Олардың ішінде жасыл түсті сырмен көмкерілген шырақ бөліктері кездеседі. Сырсыз керамика ішінде қызыллангобты сыртында өрнектерін сызып, ойыштап геометриялық өрнек салынған фрагменттер назар аударарлық. Ірі және ұсақ мал сүйектері, олардың ішінде қойдың жағы, жаурын, омыртқа кездесті. 3 шұңқыр ернеу деңгейі III яруста. Оның диаметрі 80 см, тереңдігі 20 см. 4 шұңқыр ернеу деңгейі VI яруста, 0 нүктеден 165 см төмен орналасқан. Ол 3,2 м тереңдікке дейін тазаланды. Алынған топырақ түсіне (жасыл) қарағанда ол бадраб болған. Шұңқыр ернеуі дөңгелене келген. С-О бағытта – 1,2 м. Ш-Б бағытта – 1,07 м. Топырағы бос. Табылған заттар арасында шлак – керамика күйдіретін пеш бөлігі бар. 10-15 см тереңдегенде шұңқырдың солтүстік бөлігінде 2 бүтін күйген кірпіш кездесті. Біріншісі 31 х 16 х 5 см, екіншісі 32х 16 х 6 см. Оларды алып тереңдей түскенде жаңа кірпіштер тобы шықты. Олардың арасында бүтіндері бар. Олардың параметрлері 22 х 22 х 4,5 см. Арасында тас плиталар бар. 5 шұңқыр ернеу деңгейі белгісіз. Оның беткейінен археологиялық бүтін шырақ табылды. Іші сырты жасыл сырмен көмкерілген. Жалпы пошымы қарахандық дәуірге тән. Шұңқыр 9. Бадраб. Төртбұрышты үлгіге жақын. С-О бағытта – 1,56 м. Ұзындығы Ш-Б бағытта – 1,3 м. Тереңдігі 1,65 м. Шұңқыр түбінде, дәлірек айтсақ оңтүстік бөлігінде жұмыртастардан қаланған орын байқалады. Тазалау барысында керамикалық қазанша, сырлы ыдыстар бөліктері, хум ернеулері кездесті. Шұңқыр 11 ошаққа іргелес, ошақтан оңтүстікте орналасқан. Оны қазу барысында сүйек, сырсыз және сырлы керамика қалдықтары, шарап сақтау үшін арналған хумша бөліктері шықты. Хумша түбі диаметрі 27-29 см. Тесігінің диаметрі 6-7 мм. Шұңқыр қазба аумағына жартылай енген. Ол С-О бағытта 75 см созыңқы, Ш-Б бағытында 50 см созыңқы. Шұңқыр қабырғаларында жұмыртастар байқалады. Шұңқыр 12 берманың қасында салынған. Шұңқыр 13 №1 қабырғадан батыста орналасқан бөлме ішінде. Оның ернеуі 0 нүктеден 273см төменде. Шұңқырдың бір бөлігі қазба сыртында қалған.

Қазба аумағына оның түскен бөлігі С-О ұзындығы 170 см, Б-Ш ұзындығы 83 см. Құбыр орналасқан бұрышта С-О 1 м, Ш-Б 70 см шұңқыр ашылды. Шұңқыр түбі 0 нүктеден 357 см төменде.

II құрылыс деңгейі

Қазбаның батыс бөлігіндегі төменге түсулер мен тазалаулар барысында ортасы жұмыр тастан қаланған, шеткі бөліктері үлкен тастардан қаланған қабырға шықты. Бұл II құрылыс деңгейінің алғашқы көрінген қабырғасы болатын. Бұл қабырғаны шарты түрде 1 деп белгіледік. Ол қазбаның оңтүстік шетінен шығып солтүстікке қарай шамалы ауытқумен қазбаның солтүстік шетіне 6-7 см жетпей батысқа қарай бұрылады. Бұрылған қабырға қалыңдығы 185 см. Қабырғаның ішкі бұрышында диаметрі 20 см, биіктігі 70 сынық құбыр табылды. Ол бұрышта кесектермен бекітілген. Ол тік орналасқан.

Қабырғаның қалыңдығы өзгеріп отырады. Оңтүстік шетінде №1 қабырғаның қалыңдығы 185 см. Қабырғаның тас блоктардан қаланған шығыс шеті жақсы сақталған. Қабырғаның батыс шеті нашар сақталған. Оның шеті тек тереңірек қазылған соң кесектен қазылған бөлігі шыққан соң анықталды. Қабырға № 1 172 см кейін 220 см болып кеңейеді. Осы жерде оның үстіңгі қабатта батыс шеткі тастары жақсы сақталған. Ал шығыс шеткі бөлігінде тастар нашар сақталған. Алайда төменгі кесектен соғылған қабаты анық көрінеді.

2 қабырғаның қазбаның шығыс шетінен шығып жоғарыда аталған қабырғамен түйіскенге дейін қазба аумағында ұзындығы 815 см. Қабырға қалыңдығы 171-172 см. Бұл қабырғада қазбаның шығыс шетінен кейін, 93 см қашықтықта тас қабырға тоқтайды. 250 см кейін қабырға үстіндегі тас төселген қабырға басталады. Біз бұл жерді құрылыстың қақпа орны деп санаймыз. Қабырға жиегі аталған орында тастармен түзу етіп екі жақта қаланған. № 2 қабырғаның солтүстік жағында қалыңдығы 80-85 см берма бар. 2 қабырғаның бермасы қазбаның шығыс шетінен басталып 1 қабырғаға дейін 815 см созылған. «Қақпа» орны деп санаған тас қаланбаған орында солтүстіктен ені 112-128 см «қабырға» қосылады. Оның қасында батыс жақтан 55 см төменде тағы бір «қабырға» қосылған. Бұл екеуі біздің пікірімізше ғимаратқа апаратын пандус. Бермаға жақын орналасқан тас қалауларға қарағанда осы жерде әуелгі қысқа және 25 градустай басқа пандус болған. Арнайы салынған траншея берманың қалыңдығы 14 қатар тас екенін көрсетті. Жалпы берманың төменгі соңғы тас қаланған деңгей мен №2 қабырға үсті биіктігі 240 см.

Қазба барысында орыс теңгесі – 1, теңге дайындамасы – 3, қарахандық – 1, ортасында ойығы бар түргеш не соғдылық – 4, жартылай сақталған түргештік – 2. Барлығы – 9 бүтін, 2 – фрагмент және көптеген ортағасырлық ыдыстардың сынықтары табылды. Олардың қатарында қазандар, құтылар, табақтар, саптаяқтар, көзелер, қақпақтар т.б. ыдыстар бар.

Қазбадан табылған ыдыстар далалық лабораторияда жуылып, тазартылып олар сызылып, суретке түсірілуде.

Алғашқы кезекте жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде аршылған құрылыс орындарының ерекшеліктеріне байланысты қазбаны шығыс және солтүстік бағытқа қарай кеңейтуге тура келді. Нәтижесінде бастапқыда 11,5x8 м болған қазба енді 13x14 м көлемінде үлкейтілді. Кеңейтілген бөліктің жоғарғы беттегі 1 метрге дейінгі қалыңдықтағы бос қабатты арнайы трактордың көмегімен аршылды. Жоғарғы бос қабатты тазарту барысында қазбаның әр тұсынан Қоқан хандығының (XVIII-XIX ғғ.) бадам жаңғағы тәріздес келген 3, төртбұрыш келген 2 ақшасы табылды.

Қазба барысында қазбаның солтүстік шетінен жер бетінен 65 см тереңдікте биіктігі 90 см, ені 1,2 м шамасындағы тастан қаланған қабырға шықты. Осы қабырға қазбаның жоғарғы (бірінші) құрылыс қабаты ретінде қайта белгіленді. Өйткені жоғарыда сипатталған бірінші және екінші құрылыс қабаттары соңғы кеңейту барысында аршылған қабырғадан төмен жатыр.

Бірінші құрылыс қабаты. Бұл қабат екі шеті әртүрлі көлемдегі қырлы және жалпақ, төрт бұрышты, сопақша және көп бұрышты келген жарғақ тастармен қаланып, арасы балшықпен дәнекерленген. Қабырғаның ортаңғы жағына түрлі көлемдегі жұмыр тастар тасталып, арасына балшық құйылған. Қабырғаның шеткі жақтары төрт қырлы үлкен тастармен қаланған. Әртүрлі көлемдегі тастардың үлкендерінің өлшемі: ұзындығы 0,5 ені 0,2 метрге дейін, қалыңдығы 10,15,20,25,30 см, ұзындықтары 30,45,50 см болады. Қазбаның жоғарғы (бірінші) құрылыс қабаты болып есептелетін осы қабырғаның бір кездегі ерекше көлемдегі ғимараттың қирандысы екендігін ескере отырып, оның толық топографиясын анықтау мақсатында қазба шығыс бағытта қабырғаның бойымен тағы да 4 метрге кеңейтілді. Нәтижесінде батыстан шығысқа қарай созылып жатқан 1,2 м қалыңдықтағы осы тас қабырға 20 м ұзындықта аршылды. Қабырғаның шығыс шеті 18,6 м жерде оңтүстікке қарай бұрылады. Осы бұрылыс оңтүстікке қарай 0,5 м

қашықтықта аршылды. Қалған бөлігі қазбаның сыртқы бөлігінің астына кетеді. Ал, бұрылған қабырғаның сырт жағын (шығыс жағын) электір жүйесін жүргізу барысында қазылған шұңқыр бұзып кеткен. Соңғы кеңейтілуден кейінгі қазбаның жалпы көлемі 18x13,7 метрге жетті.

Қазбадан табылған қыш ыдыстардың сипаты мен толық оқылмаған I теңгенің қарахан дәуіріне жататындығы болжанды. Осы мәліметтер негізінде қазылған бөлік XI-XII ғғ. аралығындағы құрылыс қалдығы болуы мүмкін.

Екінші құрылыс қабаты. Бұл құрылыс қабаты жердің бетінен 1,2 м тереңдіктен аршылды. Осы қабатта 1,2-1,3 м қалыңдықтағы тас қабырғалы ғимараттың орны шықты. Ғимарат орнының өлшемі 14x11,5 м. қабырғасының төменгі қабаты ғана сақталған. Бұл ғимарат қабырғасы да шеткі жағынан қырлы тастармен қаланып, арасы балшық араласқан жұмыр тастармен толтырылған. Ғимараттың оңтүстік бұрышындағы қабырғасы кейінгі кезде қазылған шұңқырлардың салдарынан бұзылып кеткен. Ғимараттың ішкі құрылыстары сақталмаған. Шамасы кейіннен құрылыс салу барысында тегістеліп кетсе керек. Қабырғалардың арасы толтырылған қабаттан өте көп мөлшерде ыдыс сынықтары табылды. Олардың басым көпшілігі сынық ыдыстардың түрлі бөліктері. Арасында бүтін ыдыстар да кездеседі. Олардың көпшілігі қатты нығыздалған топырақтың қысымынан сынып кеткен. Арасында сырлы ыдыстар да кездеседі. Әсіресе түрлі кейіптегі (форма) майшамдар. Арасында бүтіндері де болды. Сырлы ыдыстардың арасында араб хариіптерімен стилденген өрнекті табақ тар мен кеселер де баршылық. Бұлардан басқа мал сүйектері, оның ішінде ұсақ малдың сүйектері өте көп табылды. Арасында арқар мен тауешкінің сүйектері де кездесетін секілді. Қой мен ешкінің асықтар көп шықты. арасында балалар ойыны үшін арнайы егелгендері де бар, тіпті арқардың асықтары да кездесті. Бұл құрылыс қарлұқтар мен түргештердің билік құрған дәуіріне сәйкес келеді. Қазбадан табылған мыс және қола теңгелердің басым көпшілігі түргеш дәуіріне жатады. Қыш ыдыстар негізінен қазандардан тұрады. Өте көп көлемде қазан сынықтары табылды. Олар өздерінің жасалу техникасы мен шикізат сапасына қарай, ернеулері мен тұтқаларының ерекшеліктеріне қарай түрлі болып келеді. Барлығы 150 ден астам қазанның сынықтары табылды. Олардың арасында жартылай құралатындары да бар. қазандар жасалу әдісі, сыртқы нақышы жағынан алуан түрлі. Қазаннан басқа неше түрлі қыш ыдыстардың сынықтары (ара-

сында қақпақтар, құмыралар, құмғандар, ас табақтар, саптыаяқтар, құтылар, көзелер мен көзелектер, майшамдар т.б. ыдыс сынықтар) шықты. сырлы ыдыстардан өте көп кездескен шырақандар, кеселер, тарелкалар, табақтар бар. арасында арап хариіпмен безендірілген стильді өрнектері бар кеселер мен табақтар кездеседі. Екінші құрылыс қабатынан түргеш дәуірінің ортасында төрт бұрышты тесігі бар 4 теңгесі табылды.

Үшінші құрылыс қабаты. Төменгі құрылыс қабаты жердің бетінен 1,8 м тереңдіктен басталаып, 3,5 м дейінгі аралықты қамтиды. Осы қабаттан ішкі жағы жалпақ және төрт қырлы келген тау тастармен қалаған мықты құрылыс шықты. Оның қабырғалары дүниенің төрт бұрышымен бағыттас салынған. Құрылыстың өлшемі 6,5x 9 м, тереңдігі 1,3-1,8 м болады. Едәуір жақсы сақталған оңтүстік қабырғасы әртүрлі өлшемдегі төрт бұрыш, ұзынша келген таудан әкелінген жаңқа тастармен қаланған. Қабырғаның ұзындығы 6,5 м. тастан қаланған қабырғасының сақталған биіктігі 1,7 м. қабырға қаланған тастардың өлшемдері 20x45,23x60, аралығында, биіктіктері 5-18 см. Арасында қалыңдығы 5 см болатын ұзын әрі жалпақ тастар да бар. Жалпы түрлі қалыңдықтағы тастармен үйлестіріле қаланған тас қабырға осы бетте 15 қатар қаландыдан тұрады. Төменгі қабатынан жоғарыға қарай қиғаштата тартылып қаланған қабырғаның үстіңгі жағының арақашықтық айырмашылығы 55 см.

Оңтүстіктен солтүстікке қарай бағытталған шығыс қабырғаның ұзындығы 5,4 м. сақталған биіктігі 1,2 м сыртқа қарай біртіндеп тартып қаланған қабырғаның асты мен үстіңгі жағының ара-қашықтық айырмашылығы 25-30 см. Сақталған биіктігі 1,2 м және 9 қатар қаландыдан тұрады. Қаланған тастардың өлшемдері алғашқысымен ұқсас.

Солтүстік қабырғаның жалпы ұзындығы 9 м. сақталған биіктігі 1,1 м Төменгі қабатынан жоғарыға қарай қиғаштата тартылып қаланған қабырғаның үстіңгі жағының арақашықтық айырмашылығы 35 см. Қабырға қаланған тастардың өлшемдері алғашқы айтылған қабырғалардың тастарының өлшемдеріне ұқсас. 1,1 м биіктікте сақталған бұл қабырға 8 қатар тас қаландыдан тұрады.

Ал құрылыстың батыс қабырғасы орта тұсында батысқа қарай 0,5-0,8 м. шамасында тік бұрылып, қайта қайтады. Осы қабырғаның солтүстік батыс шеті 1,8 м. биіктікте, оңтүстік-батыс шеті 1,25 м биіктікте сақталған. Қабырғаның батысқа қарай бұрылған тұсының оңтүстік жа-

ғының тастары бұзылып алынған. Осы құлаған тұстың қабырғасы сатыланып келеді.

Бұл ғимараттың ішкі жағы да кейіннен әдейілеп толтырылса керек. Оның ішіне тасталған топырақ пен түрлі қоқыстардың құрамы біртектес. Өсіресе сынған ыдыстар мен мал сүйектері, түрлі тұрмыстық заттар жиі кездеседі. Топырақпен араласып жатқан қыш құмыралардың сынықтары (жекелеген шұңқырлар мен бадраптан шыққан материалдарды есептемегенде) негізінен біртектес. тас құрылыстың ішкі жағы толтырылған топырақ аралас түрлі тұрмыстық қалдықтардың қалыңдығы 2 м биіктікті қамтиды. Үшінші қабаттағы тас құрылыстың орта тұсыннан солтүстіктен оңтүстікке қарай дағытталған кейінгі дәуірде қаланған (екінші құрылыс қабаты кезеңінде) қалың қабырғасы түскен. Бұл қабырға төменгі құрылыс қабатындағы ғимаратты екіге бөліп жатыр. Солтүстіктен оңтүстікке қарай өткен бұл қабырға таудың ірі қырлы тастармен қаланған. Қабырғаның қалыңдығы 1,2-1,3 м. бөлмені қақ бөліп өткен қабырғаның үлкен қырлы тастармен қаланған соңғы екі қатары ғана қалған. Ол қабырға бөлменің іші жоғарыда айтылған құ-

рамдағы топырақ пен түрлі тұрмыстық қалдықтар мен ыдыс сынықтары араласқан қоқыспен толтырылғаннан кейін, оның үстінен салынған. Әрі қалың және ірі шомбал тастардан қаланған қабырғаның салмағынан төмен қарай отырмағанына қарағанда бөлменің іші толтырылған топырақ мұқият тығыздалса керек. Осы қабырға қазылған құрылыс орнын логикалық жүйелеуге мүмкіндік бермей отыр.

Қазба барысында аршылып жатқан тас кешеннің қандай құрылыстың қирандысы екендігін алдын ала болжау мүмкін болмай тұр. Оны анықтау үшін қазбаны логикалық тұрғыдан толық соңына жеткізу керек. Қазба барысында табылған археологиялық артефактілер қатарында VІІ-VІІІ ғасырларға жататын 3 теңге, арасында шыныдан жасалған ыдыстар, металдан жасалған, сүйектен жасалған бұйымдар да бар. Осы табылған заттай мәліметтер бұл құрылыс қалдығының қарапайым ғимараттың орны еместігін байқатады. Нысана қатыру жұмыстарын жүргізіп, қалаға келген қонақтар мен жергілікті тұрғындар көретін тарихи жәдігерге айналдыруға өте қолайлы.

Әдебиеттер

- 1 Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. – Алма-ата: Наука, 1972. – 219 с.
- 2 Байпаков К.М., Воякин Д.А. Выдающиеся археологические памятники Казахстана. – Алматы, 2014. – 504 с., илл.
- 3 Бернштам А.Н. Памятники старины Таласской долины. – Алма-Ата, 1941. – 67 с.
- 4 Лунин Б.В. О нумизматической коллекции узбекского собирателя древностей Акрама Аскарлова (по архивным данным)//История материальной культуры Узбекистана. – Ташкент, 1964. Вып.5. – С. 238-239.
- 5 Байтанаев Б.А. Древний Испиджаб. – Шымкент-Алматы, 2003. – 136 с.
- 6 Мухаммед Хайдар Дулати. Тарихи Рашиди//Материалы по истории Казахского ханства XV – XVІІІ веков (извлечение из персидских и тюркских сочинений)/Составители С.К. Ибрагимов, Н.И. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата: «Наука» 1969. – 655 с.
- 7 Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч. Т.І.М: 1963. С – 43-597.

Referenses

- 1 Senigova T.N. Srednevekovyj Taraz. – Alma-ata: Nauka, 1972. – 219 с.
- 2 Bajpakov K.M., Vojakin D.A. Vydajushhiesja arheologicheskie pamjatniki Kazahstana. – Almaty, 2014. – 504 s., ill.
- 3 B. Bernshtam A.N. Pamjatniki stariny Talasskoj doliny. – Alma-Ata, 1941. – 67 s.
- 4 Lunin B.V. O numzmaticheskoi kollekcii uzbekskogo sobiratelja drevnostej Akrama Askarova (po arhivnym dannym)// Istorija material'noj kul'tury Uzbekistana. – Tashkent, 1964. Vyp.5. – S. 238-239.
- 5 Bajtanaev B.A. Drevnij Ispidzhab. – Shymkent-Almaty, 2003. – 136 s.
- 6 Muhammed Hajdar Dulati. Tarihi Rashidi//Materialy po istorii Kazahskogo hanstva IY – IYІІІ vekov (izvlechenie iz persidskih i tjurkskih sochinenij)/Sostaviteli S.K. Ibragimov, N.I. Mingulov, K.A. Pishhulina, V.P. Judin. – Alma-Ata: «Nauka» 1969. – 655 s.
- 7 Bartol'd V.V. Turkestan v jepohu mongol'skogo nashestvija. Soch. T.I.M: 1963. S – 43-597.

Жуматаев Р.С.

**Қола дәуірі тайпаларының
дүниетанымы мен өнеріндегі
жылқының орны**

Мақала Қазақстанның қола дәуірі тұрғындарының дүниетанымы мен өнеріндегі жылқының рөлін талдауға арналған. Тақырыпты ашу үшін бұрын зерттелген жерлеу ескерткіштерінің материалдары, сонымен бірге жартас суреттерінің кешендеріндегі жылқы кескіндері мен ұсақ заттардағы жылқы мүсіндері қолданылады. Қазақстан территориясындағы археологиялық жинақтарды зерделеу бұрынғы жарияланымдарда тақырып бойынша қалыс қалған кейбір жайттарды анықтап, өлікті жылқымен қосып жерлеу мәселесін жаңаша қарастыруға жағдай жасады. Жылқының кескіндері қарастырылып отырған кезеңдегі аймақтың бейнелеу өнерінің құрамдас бөлігі ретінде қаралады. Қашалған суреттер екі белгі бойынша талданады: бейне мен иконография және көріністер мен композиция. Түрлі дәстүрлердің араласуы жөнінде, Орталық Азия тұрғындарының үндіеуропалық әлеммен тығыз байланысы туралы тұжырым алдыға тартылды.

Түйін сөздер: жылқы, қола дәуірі, жерлеу ғұрпы, жартасқа сурет салу өнері, дүниетаным, ескерткіш.

Zhumatayev R.S.

**The horse in the worldview and
the arts among the tribes of the
Bronze Age**

This article analyzes the role of the horse in art and worldview of the ancient population of Kazakhstan in the Bronze Age. As sources for the disclosure of threads used materials from the previously investigated funerary monuments and images of horses and complexes of rock art figures on metal mobile objects. The study of the archaeological collection in Kazakhstan revealed not reflected in previous publications on the topic points and allowed to designate a new issue of disclosure burial rites of the deceased with a horse. As a result of the peculiarities of the burial horses, raised the question about the features of the rituals and the way it occurred. Images of horses are regarded as one of the components of the fine arts in the region at that time. Engraving analyzed by two parameters: the images and iconography, and the composition of the scene. The hypothesis of mixing of different traditions, the active cooperation of Central Asia with the cultures of the Indo-European world.

Key words: Horse, Bronze Age burial rites, cave art, a world monument.

Жуматаев Р.С.

**Конь в мировоззрении
и искусстве у племен эпохи
бронзы**

Статья посвящена анализу роли лошади в мировоззрении и искусстве древнего населения Казахстана в эпоху бронзы. В качестве источников для раскрытия темы используются материалы из ранее исследованных погребальных памятников, также изображения лошадей из комплексов наскального искусства и фигурки на металлических мобильных предметах. Изучение археологической коллекции с территории Казахстана выявило не отраженные в предыдущих публикациях моменты по рассматриваемой теме и позволило по-новому обозначить проблему раскрытия обряда погребения усопшего с лошастью. В результате рассмотрены особенности захоронения лошади, поднят вопрос об особенностях данного ритуала и пути ее возникновения. Изображения лошадей рассматриваются в качестве одной из составляющих изобразительного искусства региона в указанное время. Гравировки анализируются по двум параметрам: образы и их иконография, сцены и композиция. Выдвинута гипотеза о смешении различных традиций, об активном взаимодействии населения Центральной Азии с культурами индоевропейского мира.

Ключевые слова: конь, бронзовый век, погребальный обряд, наскальное искусство, мировоззрение, памятник.

**ҚОЛА ДӘУІРІ
ТАЙПАЛАРЫНЫҢ
ДҮНИЕТАНЫМЫ МЕН
ӨНЕРІНДЕГІ
ЖЫЛҚЫНЫҢ ОРНЫ**

Қазақстан мен оған іргелес өңірлерді қола дәуірінде мекендеген ежелгі этникалық қауымдастықтар осы өлкелердің табиғат жағдайына бейімделіп, соның негізінде ерекше археологиялық мәдениеттер таралады. Аталған өңір тұрғындарының өндіріс шаруашылығына ауысуы нәтижесінде экономикалық шаруашылықтың жаңа түрі – көшпелі (жартылай көшпелі) бақташылық қалыптасады. Өндірістің жаңа түрі қола мен ерте темір дәуірлері тұрғындарының тұрмыс-тіршілігінде сан түрлі өзгерістер қалыптастырады. Соның ішінде рухани мәдениеттің құрамдас бір бөлігі болып табылатын дүниетанымдық түсініктер де кенде қалмады. Әсіресе, бұл жаңа мәдени шаруашылық типіне сәйкес сол тұрғындардың өмірінде ерекше маңызға ие бола бастаған жан-жануарлар әлемімен тығыз байланысты. Кез келген жан-жануардың тіршілік қарекетіндегі орнына сәйкес оған қатысты сан қырлы әдет-ғұрыптар мен жосын-жоралғылар орындала бастайды. Ал мұндай рәсімдер қарастырылып отырған уақыттағы халықтардың өндірістік үдерістерінің сипатына ықпалын тигізді. Мәселен, ежелгі қауымдастықтарға материалдық қажеттіліктерді қамтамасыз еткен жаңа өндіріс күштерінің киелі саналуы осының айқын дәлелі. Сондықтан да жазбаша мәліметтер сақталмаған дәуірлерде Қазақстан мен оған іргелес өңірлерде мекен еткен тайпалардың дүниетанымын зерттеу тек қана рухани мәдениеттің даму мәселелерін ғана шешіп қоймай, дүниетанымның сол қоғам өміріндегі мәдени шаруашылық типтің мазмұнын толықанды түсінуге септігін тигізеді.

Осыларды негізге алатын болсақ, сол уақыттағы қоғам өкілдерінің өзіндік түсініктерін қандай әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырғандығын зерттеу маңызды болмақ. Сол себепті де біздің шағын зерттеуіміздің басты мақсаты – қола дәуіріндегі тұрғындардың дүниетанымындағы жылқының орнын ашып көрсету. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін келесідей міндеттерді қарастыру жолға қойылып отыр: жылқының жерлеу ғұрпындағы маңызына тоқталу және жартас суреттері мен басқа да өнер туындыларындағы жылқы бейнелерін сипаттау.

Орталық Азия мен оған іргелес өңірлерде қола дәуірі мәдени шаруашылық типте орын алған өзгеріске қарай дүниетанымдақ сана да өзіндік бір сипат ала бастайды. Шаруашылық пен күнделікті тіршілікте басты орынға шыға бастаған жылқы

түрлі жосын-жоралғылардың кейіпкеріне айналып, әсіресе жерлеу ғұрпында кеңінен көрініс табады. Қазақстанда зерттелген жылқыны немесе оның бөліктерін қосып жерлеу белгілері бар қола дәуірі ескерткіштері негізінен Орталық, Солтүстік және Батыс өңірлерде топтасқан.

Орталық Қазақстан жеріндегі алғашқы мәліметтер Былқылдақ II қорымының 2-қоршауында кездеседі. Онда жылқының бас сүйегі мен тұяқтары тас жәшіктің батыс қабырғасының сыртына қойылған. Зерттеушілер ежелгі адамдардың бұл әрекеттерін өлген адамның жанына құрбандық арнау ретінде түсіндіреді [1, 293 б.]. Кейінгі уақытта тақырыпқа қатысты мәліметтер Нұртай, Аяпберген және Ащысу ескерткіштеріндегі зерттеулермен толықтырылды. Нұртай ескерткішінде жерленген қос жылқы ақ түсті топырақтың үстіне аяқтарымен бір-бірлеріне қаратылып орталық тас жәшіктің оңтүстік-батыс бұрышында жатқызылған [2, 161-165 бб.]. Бастарының бағытталуы да оңтүстік-батысқа қаратылған. Жылқылардың орналасуына қарап олардың арбаға жегілген қалыпты бейнелейтінін байқауға болады. Ал Аяпберген қорымының №7 обасында орталық тас жәшіктің батысында арбаға жегілген қалыптағы екі жылқы жатқызылған [3].

Қарағанды облысының аумағындағы Бозинген қорымының №5 обасынан жылқының екі бас сүйегі мен бір жылқының толық емес қаңқасы ашылды. Ал, Майтан қорымына қатысты орталық қоршаулардың қосымша құрылыс алаңдарында қос жылқының қаңқалары жатты.

Біршама айтарлықтай мағлұматтар Ащысу қорымын зерттеу барысында жинақталған болатын. Қарағанды қаласының шығысына қарай 80 шақырым жерде орналасқан аталмыш қорымда қола дәуіріне тән 4 оба қазылып зерттелді. Обалардың барлығының орталықтарында екі қабір шұңқыры болды. Жерленгендерді о дүниеге топырақ қабатының үстіне жатқызылған қос жылқылар шығарып салды. Екі жағдайда арбаға жегілген қалыпты бейнелейтін көрініс жақсы байқалады. Зерттеушілердің пікірінше обаның батыс бөлігінде, жерлеу камерасының тысында немесе олардың шетінде бір жақ қырымен жатқызылып, жегілген қалыпты бейнелейтін қос жылқылардың жерлеулері орталық қазақстандық дәстүрді сипаттайды [4, 27 б.]. Мұндай ғұрыпты атқару барысында көп жағдайда от пайдаланылған, оны жерленген жылқылардың астына салынған күл қалдықтарының қабаты дәлелдей түседі.

Солтүстік Қазақстанда жылқы қосып жерлеу ғұрпы сақталған обалар Бірлік II, Ақсайман,

Ұлыбай, Бестамақ, Бағанаты III қорымдарында кездеседі. Зерттеушілер тарапынан Солтүстік Қазақстандағы қос жылқы жерлеулері бар ескерткіштер қола дәуірінің Петров кезеңіне жіктелген болатын. Мұнда да жылқылардың қабірде орналасуына қарай өзіндік өзгешеліктері бар. Мәселен, Бестамақ I мен Ақсайман қорымның кейбір обаларында жылқылар қабірді жапқан тақтаның үстіне жатқызылса, тағы сол Ақсайман мен Бірлік қорымдарында жылқылар қабір шұңқырының ішінде, бірақ негізгі жерлеуден бөлек арнайы топырақ үйіндісінің үстіне жатқызылған. Көп жағдайда арбаның қалдықтары сақталған. Жылқыларды орналастыру тәртібі де түрлі: бір жақ қырымен, аяқтары бір-біріне қаратыла, арқалары түйістіріле, аяқтары жан-жаққа қаратыла және т.б. Ерекше жерлеулер қатарына Бестамақ I қорымындағы №1 және 45 жерлеу орындарын жатқызуға болады. Оларда жылқылар қабір шұңқырының түбіне аяқтары бауырына жиналған қылыпта орналастырылған. Бұл ерте көшпелілер заманындағы жерлеулерді еске салады [5].

Ал, еліміздің батыс өңірлерінде жылқыны қосып жерлеу белгілері бар ескерткіштері ішінде соңғы уақыттарда ашылған Танаберген II мен Жаман-Қарғалы I қорымдарын атап өтуге болады. мәселен Ақтөбе облысының территориясында орналасқан Танаберген II қорымының №7 обасының 22 қабірінен жылқының 3 бас сүйегі мен аяқтарының жіліктері, 23 қабірдің шығыс бұрышынан бас сүйек, ал солтүстік бұрышынан аяқ сүйектері, 33 қабірдің оңтүстік-шығыс бұрышынан екі бас сүйек пен аяқ сүйегінің бөліктері алынды. Аталған облыс шекарасында зерттелген Жаман-Қарғалы I қорымындағы №14 обаның 2-жерлеу қабірінің батысында жылқының бас сүйегі мен аяқ сүйектері жатты [6, 48-51 бб.].

Жалпы жоғарыда тоқталып өткеніміздей қос жылқыны арбаға жегілген қалыпта жерлеу дәстүрі ерте қолада басталып, орта қолада Оңтүстік Орал бойында кеңінен таралады. Аталған өлкеде осы уақытта Синташта тұрпатындағы ескерткіштер қалыптасады. Өзіміз сипаттап өткен ескерткіштер аталмыш мәдени қауымдастықтың ықпалында болады, зерттеушілер оларды Петров кезеңі ескерткіштері ретінде жіктейді. Ал, жерлеулердегі жылқылар мен арбаларды үндіеуропалықтардағы егіздер культі мәнмәтінінде қарастырады. Яғни, бұл мифтік идея астарында өсіп-өну, жақсылық пен зұлымдық арасындағы немесе жер мен көктің арасындағы күрес жатыр. Зерттеушілер тарапынан Орталық Еуразиядағы қарастырылып отырған кезеңге тән ескерткіштерден табылған қос жылқы олжаларының қаңқа

сүйектеріне жүргізілген зертханалық жұмыстары олардың бірінің аталық, екіншісінің аналық екендігін анықтады. Олай болатын болса, қола дәуіріндегі қос жылқыны қатар қойып жерлеу өсіп-өну идеясымен толықтай астасады.

Қола дәуірі тұрғындарының жылқымен байланысты келесі бір әрекет түріне жартас бетіне салынған жылқы кескіндерін жатқызамыз. Өліп-биі болмаған немесе сақталмаған қола дәуірінің бақташыларында жартас суреттері өзінше бір нышандық жүйе болды деп санауға болады. Өзіміз жоғарыда айтып кеткеніміздей шаруашылық қарекетіне қарай қола дәуірінің бақташылары қоғамында маңызы артқан жылқы, әскери істің, соның ішінде екі аяқты соғыс арабасының кен қолданыс алуы нәтижесінде жерлеу ғұрпы ғана емес, бейнелеу өнерінде де өзіндік дүниетанымдық сарынға ие болады.

Қола дәуіріне тиесілі жылқы бейнелері бар жартас сурет кешендері елеміздің түкпір-түкпірінде өте көп. Солардың ішінде классикалық үлгіге айналғандары қатарына әрине Баянжүрек, Таңбалы, Теректіәулие, Құлжабасы, Ешкіөлмес, Саусқандық және т.б. жатады. Солардың ішінде жылқы бейнесі ерекше салтанатқа ие болған немесе жылқы кескіндері қайталанбас үлгіде орындалған дала галереяларына тоқталсақ.

Зооморф бейнелерінің 90% жуығын жылқы суреті құрайтын Теректіәулие петроглифтерінің біздің тақырыбымызды ашудағы маңызы зор. Кезінде Ә.Х. Марғұлан Теректіәулие петроглифтері өзінің желісімен ерекше екендігін атап көрсете отырып, оларда жылқы бейнесінің алдыңғы қатарда тұратындығын сипаттаған болатын [7, 58-59 бб.].

Сейма-турба мәнеріне ұқсас орындалған Теректіәулиенің қола дәуіріне жататын жылқы кескіндері: мүсіні нобайлы, қалпы қимылсыз, тек жуан, түбіне қарай жуандап, доға тәрізді иілген кекілге ұласатын жалы мойынын жауып тұрады (1, 2-суреттер). Теректі Әулиедегі жылқы кескіндеріне иконографиялық және бейнелік жақын ұқсастықтарды біз Жоғарғы Ертіс, Жетісу және Қаратау жотасының батыс шетіндегі петроглифтер арасынан табамыз [7, 15-16 бб.]. Мәселен, Қаратаудағы дәл аталған мәнерге жақын жылқы кескіні ШҚО Шемонайхадан табылған қанжардың басындағы мүсінмен кейбір бөліктері жағынан ұқсас болып келеді. Атап айтқанда, жылқының төменгі ернінен астыға қарай тілкем-қоспа орналасқан, оның қызметін зерттеушілер бекітпе құрылғы деп түсіндіре отырып, сонымен қатар шылбыр да болуы мүмкін деген ұстанымды жоққа шығармайды. З.С. Самашев бұл құрыл-

ғының жануарды басқаруға арналған белдік не болмаса арқан деген пікірді алдыға тартады [9].

Саусқандықтағы мойындары «аққу» тәрізді жылқылардың сұлбалап түсірілген суреттерін де атап өтуге болады. Оған Бағаналы шатқалындағы жазық бетке түсірілген үш жылқының кескіндері ерекше. Олар нүктелеп қашау емес, қырнау және тегістеп жылтырату әдістері арқылы салынған. Жылқы мойны, арқасы мен қарны жіңішке жолақ түрінде жасалған, ол бір жағынан қарағанда оған теңбіл түс беріп тұрғандай. Бұл жылқы бейнелері ростовкадан табылған қола пышақ сабының басындағы кескінмен иконографиялық жағынан ұқсас болып келеді.

Қаратаудағы жылқы кескіндерінің біріндегі тағы бір ерекшелік үш шошақты болып бітетін құйрығының болуы. Мұндай белгілері бар Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудағы жылқы бейнелері мифтік геммалармен астасуы мүмкін.

Осылармен қатар Саусқандықта серіппелі буындары иілмеген, төрт аяғы да тік, қозғалыс үстінде, кішірек басындағы құлағы едірейген қалыпта кескінделген қола дәуіріндегі жылқы бейнелерінің бір тобы кейінгі кезеңге жатады. Іс жүзінде Қаратаудағы қола дәуірінің қазіргі күні белгілі петроглиф кешендерінің барлығында жылқы бейнелері бар, олар түрлі дәстүрлерді сипаттайды.

Жоғарыда келтірілген жылқы сипаттамалары бір жағынан сол замандағы адамның жануарға қатысты таным-түсінігін білдірсе, екінші жағынан белгілі бір тарихи кезеңнің өзіндік ерекшелігін сипаттауы мүмкін. Осылармен қатар қола дәуірі петроглифтерінде күрделі салт-жоралғылық ұстанымды анықтайтын композициялар да кездеседі. Солардың кейбіріне тоқталып өтсек.

«Әлем ағашы түбіндегі жылқы» немесе «жүйрік жылқыларды иеленуші» сияқты мифтік діни көзқарастар үндіеуропалық халықтардың таным-түсінігімен астасады [10, 3-6 бб.]. Жан-жануарлар құдайы деген бейне сол уақыттарда қалыптасуы мүмкін. Сол замандағы салт жүйесінде құрбан шалу ғұрпы нақты бір тәртіпке негізделді. Соған сәйкес құрбандық малы да қатаң иерархия сақтады. Мәселен, ежелгі үнді мәтіндерінде құрбандық түрлері келесі сатыда анықталды: адам – жылқы – бұқа – қошқар – тауешкі.


Осымен қатар құрбан шалу құрбандықтың түрлілігімен ғана шектелмейді, одан да бөлек белгілер бойынша анықталады. Солардың ішінде құрбан шалу орны – «алтарьға» аса мән беріледі. Мифологиялық тұрғыдан келгенде осындай алтарьдың бейнесін «әлем ағашы» атқарады. Көп жағдайда тігінен орнатылған бағана, өсіп

тұрған ағаш т.б. оның қызметін атқаратын болған. Үндірийлерде жылқыны әлем ағашының түбінде құрбандыққа шалу – «ашвамедха» атты күрделі ғұрпы болды. Ол бойынша көк (ак) түсті айғырды аспан құдайына «әлем ағашының» түбінде құрбандық етіліп, бұл әрекет космогониялық сипат алды. Айғыр құрбандыққа шалынар алдында символикалық тұрғыда патшаның бірінші әйелімен қатынасқа түсетін, мұның өзі өсіп-өну культімен байланысты болса керек [11, 200 б.]. Күршім петроглифтеріндегі атқазық суреттері осы ғұрыппен астасуы мүмкін (сурет 1.4). Егер үндіеуропалықтардың Орталық Азия халықтарымен байланыстарын негізге алар бол-

сақ, онда олардың арасында атқазықтағы жылқымен байланысты кейбір ғұрыптарының сәйкес келуі таңданыс тудырмайды.

Өзіміз сипаттап отырған Күршім кескіндік композициясында жылқылармен бірге 6 шабағы бар шеңбер бейнеленген. Ашвамедха барысында ғұрыптың мазмұнын одан әрі тереңдету үшін құрбан бағанының үстіне күннің нышаны ретінде дөңгелек орнататын. Осы ретте біз сипаттап отырған шеңбер де осы ғұрыптың терең мағынасына арналса керек.

Осындай мазмұндық мәні бар кескін Жетісудағы Құлжабасы жартас суреттерінде де кездеседі. Мұндағы атқазықта үш жылқы бейнеленген.



1-сурет – Қола дәуірі петроглифтеріндегі жылқы бейнелері. 1-2 – Теректіәулие; 3 – Таңбалытас; 4 – Күршім

Жалпы алғанда, «әлем ағашы» түбіндегі жылқы әртүрлі халықтардың дүниетанымы мен өнерінде уақытнамалық және территориялық ерекшеліктерге ие. Сондықтан оның толыққанды мазмұнын ашу үшін сол жердегі автохтонды халықтың этнографиясымен байланыстыра қараған жөн сияқты.

Осылайша, байқап отырғанымыздай жартас бетіндегі суреттерде жылқы бейнесінің өзі екі бағытта анықталады. Ең алдымен жылқылар

жалғы-жарым немесе топтасқан қалыпта суреттелсе, еді бір кезекте күрделі діни-салттық композициялардың асты кейіпкеріне айналған.

Қола дәуірі тұрғындарының жылқымен қатысты тағы әрекет түріне шағын өнер туындыларын жатқызамыз. Олардың қатарына Шығыс Қазақстан облысынан кездейсоқ табылған жылқының басы түрінде аяқталатын тас асатаяқтар колөнердің ерекше туындыларының қатарына жатады. Дайындалу технологиясы бойынша, әсі-

ресе жылқының кескінін көркемдеп беру мәнері жағынан олар сейма-турба мәдениетінің айрықша үлгілерінің қатарына жатады (2-сурет).

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды негіздейтін болсақ, келесідей тұжырымдар жасаймыз. Қарастырлған материалдарға сүйенсек қола дәуірі тұрғындарының дүниетанымындағы жылқы бейнесі барынша синкретті болған, және де ол уақытша болсын сырттан келген мәдени дәстүрлермен байланысқа түсуінің арқасында өзгерістерге ұшыраған. Қалай болғанда да жылқы адамдар мен құдайлар арасындағы байланыста жетекші орынға ие болған. Әрине, мұның бәрі ең алдымен, өзіміз айтып кеткеніміздей жылқы малының ежелгі бақташылардың тұрмыс-тіршілігіндегі мызғымас орынмен байланысты.



2-сурет – Шағын мүсін өнеріндегі жылқы кескіндері.
1 – Семей маңынан табылған аса таяқтың басы;
2 – Шемонаихадан табылған қола қанжардың басындағы мүсін

Әдебиеттер

- 1 Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1966. – 453 с.
- 2 Ткачев А.А. Центральный Казахстан в эпоху бронзы. – Тюмень: ТюмГНГУ, 2002. – Ч. 2. – 243 с.
- 3 Кукушкин И.А. Могильник Аялберген – раннеандроновский памятник Центрального Казахстана // Изучение памятников археологии Павлодарского Прииртышья. – Павлодар: НПФ «Эко», 2006. – Вып. 2. – С. 50-69.
- 4 Кукушкин И.А. Колесничные комплексы Центрального Казахстана // Известия НАН РК. Сер общественных наук. – 2010. – № 1. – С. 25-31.
- 5 Зданович Д.Г., Куприянова Е.В. Парные жертвоприношения лошадей в бронзовом веке в Центральной Евразии: Археология, мифология и ритуал // Происхождение и распространение колесничества. – Луганск: Глобус, 2008. – С. 188–197.
- 6 Косинцев П.А. Колесничие лошади // Кони, колесницы и колесничие степей Евразии. – Екатеринбург-Самара-Донецк, 2010 – 370 с. – С. 21-79
- 7 Маргулан А.Х. К изучению памятников района р. Сары-су и Улутау // Вестник АН Казахской ССР. – Алма-Ата, 1948. – №2 (35). – С.53-60
- 8 Самашев З. Изобразительные памятники бронзового века // Материалы II Международной научной конференции «Кадырбаевские чтения-2010». – Актобе, 2010. – С.4-33
- 9 Самашев З., Байтілеу Д., Құрманқұлов Ж. Теректіәулие петроглифтері. – Астана, 2013.
- 10 Кузьмина Е.Е. Кони и колесницы Южного Урала и индоевропейские мифы // Проблемы изучения энеолита и бронзового века Южного Урала. – Орск, 2000. – С. 3-9.
- 11 Самашев З.С. Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. – Алма-Ата: Гылым, 1992. – 288 с.

References

- 1 Margulan A.Kh., Akishev K.A., Kadyrbayev M.K., Orazbayev A.M. Drevnyaya kul'tura Tsentralnogo Kazakhstana. – Alma-Ata: Nauka, 1966. – 453 s.
- 2 Tkachev A.A. Tsentralnyy Kazakhstan v epokhu bronzy. – Tyumen: TyumGNGU, 2002. – Ch. 2. – 243 s.
- 3 Kukushkin I.A. Mogilnik Ayapbergen – ranneandronovskiy pamyatnik Tsentralnogo Kazakhstana // Izucheniye pamyatnikov arkheologii Pavlodarskogo Priirtyshya. – Pavlodar: NPF «Eko», 2006. – Vyp. 2. – S. 50-69.
- 4 Kukushkin I.A. Kolesnichnyye komplekсы Tsentralnogo Kazakhstana // Izvestiya NAN RK. Ser obshchestvennykh nauk. – 2010. – № 1. – S. 25-31.
- 5 Zdanovich D.G., Kupriyanova Ye.V. Parnyye zhertvoprinosheniya loshadey v bronзовом веке v Tsentral'noy Yevrazii: Arkheologiya, mifologiya i ritual // Proiskhozhdeniye i rasprostraneniye kolesnichestva. – Lugansk: Globus, 2008. – S. 188–197.
- 6 Kosintsev P.A. Kolesnichiyе loшadi // Koni, kolesnitsy i kolesnichiyе stepey Yevrazii. – Yekaterinburg-Samara-Donetsk, 2010 – 370 s. – S. 21-79
- 7 Margulan A.Kh. K izucheniyu pamyatnikov rayona r. Sary-su i Ulutau // Vestnik AN Kazakhskoy SSR. – Alma-Ata, 1948. – №2 (35). – S.53-60
- 8 Samashev Z. Izobrazitelnyye pamyatniki bronзового века // Materialy II Mezhdunarodnoy nauchnoy konferentsii «Kadyrbayevskiyе chteniya-2010». – Aktobe, 2010. – S.4-33
- 9 Samashev Z., Baytileu D., Kurmankulov Zh. Terektiayuliye petrogliftery. – Astana, 2013.
- 10 Kuzmina Ye.Ye. Koni i kolesnitsy Yuzhnogo Urala i indoyevropeyskiye mify // Problemy izucheniya eneolita i bronзового века Yuzhnogo Urala. – Orsk, 2000. – S. 3-9.
- 11 Samashev Z.S. Naskalnyye izobrazheniya Verkhnego Priirtyshya. – Alma-Ata: Gylym, 1992. – 288 s.

Дубягина Е.В.

**Художественный декор
глазурованной керамики
IX-X вв. Средней Азии**

В статье рассматривается формирование преемственности развития художественной поливной керамики Средней Азии IX-X вв., ее элементы декорирования и орнаментации. Данный период примечателен тем, что на территории Средней Азии с развитием торгово-ремесленных городов в раннеисламское время глазурованная керамика приобретает широкое применение. Сходство поливной керамики на обширной территории свидетельствует о тесных экономических и культурных связях. Города становятся основными генераторами новых художественных стилей. В этот период создаются огромные кварталы мастеров-керамистов, формируются ведущие керамические центры. Этому периоду присуще виртуозное умение мастеров заполнять форму плоскости огромным набором мотивов: пальметты, спирали, цветочки перлов, птицы, животные, рыбы и другие. Среднеазиатская поливная керамика характеризует традиционное ремесленное искусство, позволяя проследить этапы становления и периоды развития, локальные школы особенности художественного декорирования.

Ключевые слова: глазурь, керамика, Средняя Азия, роспись, художественное оформление.

Dubyagina E.V.

**Art Decor glazed ceramics
IX-X centuries Central Asia**

The article deals with the formation of the continuity of glazed ceramics of Central Asia IX-X centuries, these elements of decoration and ornamentation. This period is notable for the fact that in Central Asia with the development of trade and craft cities in the wound while Islamic glazed pottery gets widely used. The similarity of glazed ceramics in the vast area suggests close economic and cultural ties. Cities are the main generators of new art styles. In this period are huge blocks of master potters, formed the leading ceramic centers. This period is inherent in the ability to consummate masters of the plane fill in the form a huge range of motives: palmettes, spirals, flowers pearls, birds, animals, fish and others. The Central Asianguazed ceramics characterizes traditional handicraft art, allowing to trace the stages of formation and development periods, especially local school of art decoration.

Key words: glaze, ceramics, Central Asia, painting, decoration.

Дубягина Е.В.

**IX-X ғғ. Орта Азияның сырлы
бұйымдарындағы көркемдік
өрнектер**

Мақалада IX-X ғғ. Орта Азия сырлықшы ыдыстарының дамуындағы әрлеу және өрнектеу элементтерінің сабақтастық мәселелері көтеріледі. Аталымыш кезеңде Орта Азия аумағында мұсылмандыққа дейінгі уақыттағы сауда-қолөнері дамыған қалаларда сырлы қыш ыдыстар кең пайдаланыла бастайды. Осындай кең аймақтағы сырлы керамиканың ұқсастығы тығыз экономикалық және мәдени байланыстарды көрсетеді. Қалалар жаңа көркем стильдерді дамытушы орталықтарға айналады. Осы кезеңде шебер-керамистердің үлкен кварталдары пайда болды. Бұл кезеңде шеберлер пальметта, спираль, гүл жапырақтары, құстар, жануарлар және балықтар секілді мотивтермен әрлей бастады. Ортаазиялық сырлы керамика қолөнеріндегі көркемдік әрлеудің ерекшеліктерін көрсететін жергілікті мектептердің қалыптасуы мен кезеңдік дамуын байқауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: сырлы, қыш ыдыс, Орта Азия, өрнек, көркемдік безендіру.

**ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ
ДЕКОР
ГЛАЗУРОВАННОЙ
КЕРАМИКИ IX-X ВВ.
СРЕДНЕЙ АЗИИ**

Средняя Азия IX-XII веков характеризуется активным расширением ремесленного производства в городах, увеличением торгово-ремесленных зон и широким взаимодействием урбанистической культуры с культурой кочевых народов [1, 7].

Керамические изделия являются прекрасными образцами в качестве датирующего материала. Среднеазиатская поливная керамика составляет часть той линии художественной культуры, которая характеризуется декоративностью. Последняя, став основой образного видения мира, породила искусство узора со сложным орнаментальным ритмом и ярким колоритом [2, с. 149].

Однако датировка не является самым простым способом. Мнение исследователей разделилось. Часть из них склонна искать истоки производства керамики в кушанском времени либо должна была производиться где-то в Средней Азии. Ш.С. Ташходжаев отмечает, что нигде в Средней Азии следов ее производства ранее VIII веков не обнаружено. Многие спорят о появлении такой керамики еще доарабского периода. Но ни один из приведенных данных не доказан полностью [3, с. 275].

Надо отметить, что поливной керамики IX-XII вв. основным направлением в Центральной Азии было развитие и совершенствование различного вида свинцовых глазурей (чисто свинцовых, свинцово-щелочных, свинцово-оловянных и др.). И характерной подглазурной росписью с четкими контурами рисунков, выполняемых твердыми, часто стабилизированными глиняными красителями. Этому периоду присуще виртуозное умение мастеров заполнять форму плоскости затейливыми узорами. Примечателен огромный набор мотивов: пальметты, спирали, цветочки перлов, птицы, животные, рыбы. Нередки изображения фантастических существ, уток, голубей, пантер, иногда людей. Гамма керамики приятная, зеленовато-желтая, с примесью коричневого, а также красно-коричневого цветов [1, с. 129].

При общем взгляде на поливную керамику Средней Азии бросается в глаза значительное сходство ее комплексов, происходящих из различных районов. Всюду мы встречаем не только одни и те же орнаментальные мотивы, но и сходные их сочета-

ния, почти одну и ту же цветовую гамму, одни и те же основные типы. Лаконичные различия состоят либо в применении иных местных красителей, либо в ином соотношении разных групп керамики [3, с. 276].

Сходство поливной керамики на обширной территории свидетельствует о тесных экономических и культурных связях. Города становятся основными генераторами новых художественных стилей. В этот период создаются огромные кварталы мастеров-керамистов, формируются ведущие керамические центры.

Художественное оформление декора IX-X вв. значительно меняется под влиянием исламской культуры. Одновременно для керамики этого периода характерно использование декоративного оформления доарабского периода, а также использование новых элементов декора, созданных под влиянием исламской культуры.

По мнению Ш. Ташходжаева причинами изменения содержания орнамента керамики является проникновение ислама, утверждение феодализма и процесс нарастающего тюркского элемента [2, с. 145].

Сейчас с уверенностью можно говорить о трех крупнейших в Средней Азии центрах производства глазурованной керамики – это Самарканд в Согде, Биникет в Шаше и Ахсикет в Фергане [4, с. 69].

Выделение Мавераннахра в числе других земель в самостоятельную политическую единицу под управлением Саманидов не прервало успешных установившихся прочных связей с остальными областями халифата. Насколько оживленными и постоянными контактами были, можно судить по синхронности изменений в форме и декоративном стиле особо популярных видов глазурованной продукции на обширных территориях всего Востока [4, с. 68]. Поливная керамика Самарканда IX-X вв. совершенно новая по выразительности и исключительно высокая по качеству. Именно в этот период и возникла так называемая афрасиабская керамика [2, с. 10]. В Самарканде существовала керамика со свинцовой глазурью, которая была поделена на следующие группы (Ташходжаев Ш.С.): с эпиграфическими крашениями, растительной орнаментацией, с пятнистой росписью. Керамика с оловянно-свинцовой поливой имеет те же типы орнаментального оформления; что касается керамики медно-свинцовой глазури, то в ней применена техника сграфито. Росписи керамики в этот период проводились разнообразными крас-

ками: черной (магиль) различных оттенков, от коричневого до густо-темного цвета под прозрачной свинцовой поливой; красной (джуша) под прозрачной глазурью (мало распространена); зеленой (окись меди) только под прозрачной глазурью (применялось при создании пятнистой росписи); голубовато-зеленная (олово и окись меди) под свинцово-оловянной глазурью; желтой под прозрачной поливой (при создании пятнистой росписи); фиолетовой (марганец) под прозрачной поливой (при создании пятнистой росписью). Помимо этих основных цветов были и промежуточные для черной и красной краски, остальные не имели полутонов [2, с. 14].

Ш.С. Ташходжаев посвятил несколько своих работ глазурованной керамике Согда-Самарканда, сделав упор на стилистический анализ. Однако его классификация основана на технологических приемах использования глазури. С чем можно не согласиться, в периодизации этапов развития производства глазурованной керамики, рубежи между которыми не аргументированы какими бы то ни было изменениями в технологии или орнаментации [4, с. 4].

Глазурованную керамику до начала XI в. характеризует сплошное покрытие сосуда глазурью до поддона. Некоторые типы посуды открытых форм IX-X вв., наиболее простые в изготовлении (покрытые зеленой глазурью или трехцветной пятнистой росписью), обычно ангобировались только изнутри, а снаружи покрывались тонким слоем прозрачной глазури по черепку. Более высокосортная посуда ангобирывалась сплошь. Есть случаи покрытия внутренней и внешней поверхности разного цвета ангобами (черным и белыми), а соответственно и разного цвета глазурями (зеленная и бесцветная) [4, с. 26].

Достаточно тяжело сделать подборку и опрелелить, к какому периоду относиться та или иная посуда. Так, небрежная манера росписи, частичное покрытие ангобом и глазурью, впитывающаяся в черепок глазурь свидетельствует в пользу более позднего, чем X в., происхождения, но в то же время не позволяет отнести сосуды за пределы первой половины XI в. [4, с. 27].

Растительная орнаментация. Основным мотивом рисунка были растительные побеги с пальметтками и полупальметтками. Растительный побег создавался по форме S-образной фигуры. Украшение обводилось концентрическим кругом, орнаментация завершается плавным зубчатым бордюром, расположенным у венчи-

ка. Пальметтки имели по три и выше лепестков. Сочетания темно-коричневого с красным придавали изделию праздничный вид [2, с. 24]. Отличие пальметт и полупальметт состоит в манере росписи и в их разнообразии. Пальметты в большинстве случаев рисуют резервом: тонкие линии создают изящный узор, фон вокруг которого заполняют точками; весь орнамент замыкают в тонкий круг как бы в медальон. Полупальметты обычно встречаются в виде хохолка пернатых совместно с побегом стебля [2, с. 67].

Орнаментация не заполняла все пространство белого фона посуды, приобретая вид подобия фарфора [2, с. 24]. На керамике со светлым фоном излюбленным изображением применяли мотив граната, символ изобилия и природных сил и плодородия. Обычно гранат украшал борта чаши. В дополнении изображают тюльпанообразный цветок граната. Темно-коричневый зубчатый бордюр завершает украшение. Орнаментацию в основном выполняют золотисто-фисташковой краской. Дно оставляли чистым, что создавало представление центричности композиции. Орнамент с пальметтами на красном фоне, декорированном выемчатыми «галочками», просуществовал до конца X в. [4, с. 57]. На керамике с черным фоном на дне с помощью тонких белых линий создавалась розетка, лепестки которой закрашивали в фисташковый цвет.

Символ в виде вихревой розетки известен с глубокой древности. На глазурованной керамике розетка наносилась краской или процарапывалась, иногда она составлялась из стилизованных изображений живых существ [4, с. 58]. Во второй половине – конце X века в росписи самаркандской керамики вихревая розетка только начинает появляться, распространяясь лишь в первой половине XI в. То же самое наблюдается и в Мевре.

Другой мотив в виде сплетенных овалов широко распространился в росписи глазурованной посуды. Возможно, что из этого узора появилась крупная четырехлепестковая розетка, известная в Согде только в XI веке. В Шаше и в связанном с ним в культурном отношении Южном Казахстане такая розетка используется для росписи чаш уже в X в. [4, с. 59].

Точечная орнаментация. Для нее характерны различные надписи и линейные узоры, выполняемые темно-коричневой краской, занимающие небольшую часть украшаемой поверхности. Промежутки узоров заполняли различными фигурами, созданными тонкой красной

линией, внутри которой они заполнены мелкими черными точками. Формы фигур зависят от места между линейным или эпиграфическим орнаментами, при помощи точек, создающих фон, и красных линий, очерчивающих контуры на дне и на бортах посуды, создают резервом пышные розы, пальметты и др. [2, с. 44].

На донной части выводят основной элемент, борт украшают по-другому или же всю полусферическую поверхность покрывают единым орнаментом, причем орнаментальной раздробленности не чувствуется [2, с. 46]. Техника орнаментации, независимо от мотива изображения, будь то геометрическая фигурка или растительный узор, была одна: две параллельные линии создавали орнамент, фон которого заполняли мелкими точками. Этот способ заимствован из украшения металла и применялся долгое время [2, с. 10].

Пятнистая роспись. Первоначально роспись была густой, невозможно было рассмотреть фон. Постепенно она становилась менее нагруженной. Применялась секторная композиция [2, с. 23]. Техника выполнения сграфито. По ведущему орнаменту керамика подразделялась на несколько типов: эпиграфическое украшение, зооморфный мотив, растительные мотивы, линейно-геометрические узоры.

В отличие от контрастной в цветовом отношении, но весьма простой по орнаменту и цвету посуды, керамика с пятнистой росписью живописна, сложна и по рисунку [2, с. 24]. В пределах двух третей IX века в Согде появилась посуда со своеобразным серым или серо-лиловым (иногда довольно темным) фоном глазури, расписанной в зеленых и черно-фиолетовых тонах. Впервые такая группа керамики выявлена Л.Г. Брусенко в Шаше. Роспись слегка расплывчата, контур рисунка проработан черной с фиолетовым оттенком линией, а детали рисунка закрашены яркой зеленой краской обычно холодного изумрудного оттенка [4, с. 42]. Керамика с пятнистой росписью была широко распространена на всем Востоке [4, с. 47].

Эпиграфические украшения. Они обычно находятся на тулове по кругу, выполняются почерком, цветущим куфи или художественным насхи. При куфи не применяются другие элементы декора, насхи же при точечном украшении сочетается с выделенным на венчике (резервом) растительным побегом или ниже подписи располагаются трех лепестковые узоры [2, с. 35]. Для подчерка характерна узорчатость, дос-

тигаемая использованием заложенных в художественном насхи свойств – округление изгибов, удлинением завершений и т.д., а в цветущем куфи – прибавлением к началу и завершению букв растительных мотивов [2, с. 58].

По содержанию надписи можно разделить на три группы. Первая состоит из различных благопожеланий типа «барака» или «тукфа». Указанные благопожелания являются сокращением более полной исходной формы, которая не встречается на керамике Средней Азии, но известна на керамике Ближнего Востока, из чего можно сделать вывод, что они были заимствованы уже в сокращенной форме. Надписи второй группы имеют афористический характер. И третий вариант религиозные надписи – хадис [3, с. 279].

Зооморфные мотивы. Для широко распространенных зооморфных мотивов в этот период характерна относительно реалистичная трактовка и динамичность фигур (порхающий голубь, шествующий козел, конь, петух, тигр, рыбы и др.). Фон посуды обычно использовался светлых тонов, фисташковый, розовый, белый. Фигура птицы изображалась преимущественно в придонной части, цветовая окраска от красного до темно-коричневого, либо белый фон и обведенный красный контур тела. Птицы показаны с раскрытыми в сторону крыльями. С конца IX века и на всем протяжении X века оставалось популярным силуэтное изображение летящих птиц, нанесенное несколькими выразительными мазками кисти [4, с. 61].

Животных изображали в той же технике, использовалась придонная часть, контур тела обводился темной краской, дополнительно наносили светлые линии и кружочки. Рыбы представлены в разных видах. Отношение к рыбе и птице было, как к добрым приметам в Иране и Средней Азии. Появляется даже изображение крылатой рыбы, совместившее в себе оба доброжелательных символа [4, с. 60]. Антропоморфные фигуры единичны [2, с. 57].

Линейно-геометрические мотивы также занимают определенное место в орнаментации. Элемент узора – падающая волна выполняет роль снятия напряжения из-за насыщенности композиции. Плавная волнистая линия украшает окружность посуды. Иногда это меандровые полосы, подчиненные движению волны, иногда между волной и кругами проставляют пятна, которые меняют восприятие орнамента. Очень эффективен «обман», созданный в сочетании с

меандрами и надписями. Орнаментация кольца, когда два концентрических круга или меандры с помощью темно-коричневых узлов, продетых в кольца, разбивают поверхность посуды на отдельные рамы, которые затем заливают красной краской. На дне изображены либо точки, растительный или геометрический орнамент. Часто встречается штрихованная орнаментация.

Қазақстан мен Қырғызстанның саяси элиталары Ресеймен экономикалық жағынан бірігіп, Еуразиялық одаққа ену мәселесімен белсене шұғылдануда. Дегенмен, аталмыш одақтың келешегі мен баяндылығы саяси элитаның ауысуымен, халықтардың интеграциялық көңіл-күйімен, ұйымның экономикалық тиімділігімен тығыз байланысты болмақ. Еуразиялық Одаққа қатысты қарсы айтылып жатқан орыс және отандық сарапшылардың пікірлері әртүрлі. Мысалы, саясаттанушы Расул Жұмалы өзінің берген сұхбатында: «бұл айналып келгенде ішкі саясатымызға қарама-қайшы дүние. Ол мейлі әлемдік түрлі экономикалық ұйымдар болсын, Еуропалық Одақ, Дүниежүзілік Одақ болсын, оларға Ресейлік призма арқылы қарамай, шешім қабылдағанда ұлттық мүдделерді алға тартуды үйренуіміз керек. Мәселен, Дүниежүзілік сауда ұйымына Ресей бірінші еніп кетті де, ендігі кезде біз Ресейдің ұйымнан үйрену кезеңін өткергенін күтіп отырмыз. Ол өтпей біз ене алмаймыз. Өзіміз тәуелсіз шешім қабылдай да алуымыз күмәнді. Он бес жыл бойы тиісті келісімдер жүргізіп келіп, нақты іске келгенде қауқарсыз болып отырмыз. Тәжікстан еніп үлгерді. Соғыс жүріп жатқан Ауғанстан бізден бұрын енетін болды. Сондықтан, халықаралық байланыстарда өзіміздің ұлттық, мемлекеттік мүдделерімізді алға тартуымыз керек. Ол ешкімге қыр көрсету, сес көрсету емес. Әрине, ұлт-

тық мүдде бәрінен биік тұруы керек. Қазақстанның сыртқы саясаты, халықаралалық саясаты, оның ішінде интеграциялық саясат еліміздің ішкі жағдайына байланысты болуы тиіс. Неғұрлым мемлекет мығым, ұйымшыл болатын болса, сол мемлекеттің сыртқы мүмкіндіктері де жақсара түседі немесе керісінше. Сондықтан, не нәрсе болса да Қазақстанның ішінен бастау керек. Біздегі экономикалық, әлеуметтік жағдайларға байланысты, саяси бәсекелестіктен, жемқорлықпен күреспен, тағысын тағылар. Неғұрлым осы мәселелер айқын, демократиялық сипатта болатын болса, бәлкім Қазақстан мүдделеріне қайшы келісімдер де қабылданбас еді. Яғни, Қазақстан ішкі мәселелерді: экономика мен мәдениет жағы бар, тіл, дін мәселесі дұрыс шешілуі керек. Біздің геосаяси жағдайымыз өте күрделі, ірі мемлекеттердің өз мүддесі бар, бұл заңдылық. Бірақ, қазақтың ертеден келе жатқан саясаты байсалдылықты ұстау, ара-қашықтықты сақтау. Қытаймен де, мұсылман әлемімен де, Америкамен де, жалпы барлық әлем елдерімен. Кей жағдайда Қазақстанның ішкі қарым-қатынастарында шешім қабылдаудың айқын еместігі, шетел лоббинің бар екендігі байқалып жатады. Өз күшімізге сенуіміз керек. Қарапайым ақпарат кеңістігіміздің өзінде қаншама ресейлік арна бар. Украинадағы жағдайға да Ресейлік призмадан қарап отырмыз. Бұл дұрыс емес. Көпвекторлы саясат ұстанғанымызбен, әрқайсысынан бірдей қашықтықта алшақ тұруымыз керек. Басқа елдердің амбициялары бізге қатысты болмауы керек. Үлкен саясатқа Қазақстан орта деңгейдегі мемлекет болғандықтан, араласудың қажеті жоқ. Бұл әлемдік практика. Өз мәселелерімізді түгендеп алуымыз керек»-дейді [1].

Бұл жерде Еуразиялық интеграцияның баламасы ретінде немесе онымен қатар жүзеге асыруға болатын мүмкіндік ретінде түркі елдері интеграциясын немесе Орталық Азия аймақтық интеграциясын атауға болады. Яғни, түркі республикаларының келешек дамуы, тығыз экономикалық ынтымақтастығы, аймақтануы түркітілдес елдер интеграциясы немесе Орталық Азияның аймақтық интеграциясы бағытында жүзеге асырылуы мүмкін. Бұлардың алғашқысында Түркия мен Қазақстанның рөлі басым болатын болса, екіншісінде Өзбекстан мен Қазақстанның ықпалы артатын болады. Қазақстан түркі интеграциясының да, аймақтық интеграцияның да ұйытқысы, белсенді бірлестірушісі болу мүмкіндігіне ие маңызды мемлекет.

Сонымен, түркі республикаларының бірлесуінің келесі себептерін атауға болады. Оларға

түркі дүниесінің мәдени-рухани мұрасын сақтап, жетілдірудің қажеттілігі, ортақ экономикалық аймақ құру, тығыз экономикалық ықпалдастық пен өзара тиімді серіктестік, әлем аймақтанып жатқан кезде түркі географиясының да бірлесуінің қажеттілігі, әртүрлі геосаяси күштер тоғысқан Еуразияда түркі әлемінің экономикалық және энергетикалық мүдделерін бірге қорғау, құрлықтың ішінде орналасқан елдердің теңізге шығу мүмкіндігі, түркі елдерінің «Жібек жолы» жобасының көліктік және тасымалдық ресурстарын пайдалану мүмкіндігі жатады [2].

Түркі елдері интеграциясының қауіпсіздік саласы, сауда-экономикалық ынтымақтастық және мәдениет пен тіл сияқты бағыттары бар. Десек те, түркі елдердің географиялық тұрғыдан әрқелкі орналасуына байланысты ұлттық қауіпсіздікке төнген қатерлерге қатысты пікірлер біркелкі емес. Әзірбайжан, Түркіменстан, Өзбекстан және Қазақстан шикізатқа бай елдер ретінде аймақтың экономикалық ынтымақтасуын қамтамасыз ете алады. Алайда, саяси жігер мен ортақ келісімнің болмауы әзірше түркі елдерінің тиімді ынтымақтасуына кедергі болып тұр. Ішкі тұрақтылығы мен экономикасын нығайтуға көңіл бөлген Қазақстан алдымен өз ішкі саяси, қоғамдық, экономикалық мәселелерін шешіп алып, кейін аймақтағы көршілерімен өз жетістіктері мен үлгілерімен бөлісуі тиіс.

Өзбекстан мен Түркіменстанның кейбір объективтік және субъективтік себептерге байланысты түркі саммиттеріне қатыса алмауы түркі ықпалдастығының кең қанат жаюына едәуір кедергі келтірді [3]. Ташкент пен Ашқабаттың ұстанымы уақыт өте келе, саяси басшылықтың алмасуымен өзгеруі әбден мүмкін. Әрине, Түркі кеңесіне мүше елдердің экономикалық құрылымы мен даму деңгейі әртүрлі болғандықтан, түркітілдес елдердің экономикалық интеграциясын жүзеге асыру қазіргі таңда күрделі болып тұр. Қазіргі таңда, түркі елдері бірлігінің өзегін тілдің, тарихтың және дәстүрлердің ортақтығына негізделген мәдени ынтымақтастық құрап отыр. Барлығы дерлік шикізат экспорттауға арқа сүйейтін Орталық азиялық түркітілдес елдер бір-бірімен бәсекелестік жағдайында деген пікір де бар.

Түркітілдес елдердің дүниежүзілік үрдістерге ықпал ете алатындай саяси әлеуеті бар. Түркі елдерінің мақсаты бірігіп, тиімді экономика құру, өз мәдени болмысын сақтап қалуға тиіс. 2020-2030 жж. түркітілдес мемлекеттер ортақ экономикалық құрылым құратын жағдайға келуі мүмкін.

Түркі елдері интеграциясында Түркияның, Еуразиялық экономикалық интеграцияда Ресейдің, ал, Орталық Азия интеграциясында Өзбекстанның маңызы артады. Бұл үш интеграциялық бағытты бір уақытта жүзеге асыруға бола ма? Бұл күрделі теориялық мәселе. Ал, Орталық Азияның интеграциясы аймаққа тиімді экономикалық ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін жаңа мүмкіншіліктер ашар еді. Өзірше, елдердің оқшаулылығы, шекарадағы кедергілер, сауда жасау мен шикізат саласында өзімшіл ұстанымға ұқсас жайттар әділетті қарым-қатынас құруға кедергі болуда.

Орталық Азия ынтымақтастық ұйымы 1994 жылы бұрынғы Орталық Азиялық экономикалық қауымдастықтың орнына қайта құрылды. Оның құрамына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан мен Тәжікстан кірді [4]. ОАЫҰ-на мүше мемлекеттер біртұтас экономикалық кеңістікті сатылы түрде құру жөнінде келісілген шараларды жүзеге асыру үшін белгілі міндеттерді өз мойындарына алды. Бұған қоса, ұйым ортақ көліктік және байланыстық құрылым құру саласында ықпалдасуға, шекаралық және кедендік бақылау саласында келісілген саясат жүргізуге ерекше көңіл бөлді. Кейін, осы ұйымдардың орнына ЕурАзЭС, Кедендік одақ, Еуразиялық одақ құрылды. Біздіңше, түркі республикаларының басын біріктіріп, ортақ мүдделерін бірге қорғауға жұмылдыратын күштер Қазақстан мен Өзбекстан болуы тиіс.

Орталық Азия аймағындағы шиеленістер мен келіспеушіліктерді шешудің жолы экономикалық интеграция мен ынтымақтастық екені рас. Өзбекстан Орталық Азияның барлық елдерімен шекаралас болғандықтан және аймақтың ортасында орналасқандықтан бұл үдерісте негізгі ролді атқаруға қауқарлы. Ұлттық-мемлекеттік құрылыс стратегиясынан біртұтас аймақ құру идеясына өтуді Өзбекстан ХХІ ғасырдағы ең басты міндеттердің бірі ретінде белгілеп отыр.

Геостратегиялық маңыздылығы және саяси әлеуеті Өзбекстанның Орталық Азиядағы объективті көшбасшысы болуға құлықты екендігін көрсетеді. Өзбек елі халық саны, экономикасының құрылымы, мемлекеттілік тарихы, амбицияларының объективтік жағдайына сай болуы, салыстырмалы түрдегі «тілдік, менталитеттік, қоғамы біркелкілігі», ұлттық, мәдени және экономикалық дәстүрлерінің сақталуы, шикізат өңдеуге қоса өндіріс орындарының көптігі жөнінен алғанда қазақ елінен көш ілгері. Қазақстанды кейбір сарапшылар аймақтың көшбасшысы деп есептейді. Оған дәлел ретінде Қазақстан аумағы-

ның кеңдігін, мол қазба байлықтарын, экономикалық реформалары мен жетістіктерін, ішкі жалпы өнімінің көлемін, қаржы қорын, саяси және халықаралық салалардағы беделін, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы көшбасшылығын, ЕҚЫҰ мен ИКҰ ұқсас ұйымдарға төрағалық етуін атайды.

Біздіңше, келешекте Қазақстан мен Өзбекстан ортақ мәселелерін бірге келісіп шешіп, аймақты алға бастаушы факторлар бола алады. Ислам Каримовтың айтуынша, егер, қазақтар мен өзбектер бірігетін болса, ынтымақтастық пен бейбітшілікте өмір сүрсе, тарихымызды, тағдырымызды және келешегімізді ойлайтын болса, әлемде бұл достықты бұзатын күш те болмас еді. Ташкент пен Астана өзара ықпалдаса отырып, негізгі мәселелер бойынша келісім жасау арқылы аймақтағы су-энергетикалық қорларды тиімді үйлестіру, қауіпсіздік мәселелерін оңтайлы шеше алар еді.

Орталық Азия мемлекеттерінің ортақ нарық құруға және сол арқылы тығыз саяси одақты құруға деген дайындығы турасында айтылған сараптамалық пікірлерді қорытындылай келе, идеяның негізсіз еместігін мойындаймыз. Алайда, бұл елдердің алдында тұрған ортақ саяси және экономикалық келіспеушіліктердің қашан шешіліптінігі әзірше белгісіз. Қазақстан экономикалық, халықаралық саясат және жаңару салаларында Өзбекстаннан алда екендігі еш күмән тудырмайды. Алайда, тарихи-рухани құндылықтары, географиялық орналасуы мен демографиялық жағдайы, өндірістік және экономикалық әлеуеті Өзбекстанның да маңызды ел екендігін дәлелдейді.

Өзбекстан аймаққа ықпал жасау үшін бір-бірімен бәсекелес, кейде өздерінен әлсіз көршілеріне қысым да жасап келді. Бұл жағымсыз жайттар аймақтық интеграцияның қарқыны мен сапасына әсерін тигізді. Әлемдік экономикалық және саяси кеңістікте Орталық Азия мемлекеттері ұжыммен емес, керісінше жеке дара іс-әрекет етуге бейім. Олардың экономикалық стратегияларында бірқатар келіспеушіліктерді байқауға болады. Мысалы, Қырғызстан соңғы жылдары мемлекеттің реттеуші күші мен рөлін азайтуға талпыныс жасап келсе, Қазақстан аталмыш тенденцияны ұстана келіп, экономиканы ары қарай реформалау үдерісіне мемлекеттік құрылымдармен қатар іскерліктің де қатысуын қамтамасыз етуде. Өзбекстан керісінше бағытта қозғалуда, яғни, ел басшылары мемлекеттің функцияларын мейлінше сақтап қалуға тырысуда. Түркіменстанда мемлекеттік құрылым мен

экономикалық саясат нарықтық экономиканың формасына қайшы келуде.

Еуразияның кіндігінде орналасқан мемлекеттер есебіндегі Қазақстан мен Өзбекстан Орталық Азияның қауіпсіздігі, дамуы мен тұрақтылығы үшін жауапкершілікті өз мойнына алуы тиіс. Түрікменстан, Әзірбайжан, Қазақстан табиғи газ бен мұнай тасымалы саласында тиімді энергетикалық жобаларды жүзеге асыра алады. Түркі интеграциясы да, түркі республикаларының экономикалық ынтымақтасуының келешегі де Астана мен Ташкенттің аймақтық мәселелерде қалайша ықпалдасатындығына байланысты болмақ. Өзбек-қазақ ынтымақтастығы Орталық Азия аймағының экономикалық ынтымақтастығының іргетасы болып табылады. Түркі республикаларымен экономикалық ынтымақтасу аймаққа, қазаққа қажетті үрдіс. Біздіңше, Өзбекстан мен Қазақстан Орталық Азиядағы түркі республикаларының экономикалық интеграциясының ұйытқысы ретінде аймақтың тең құқылы қозғаушы күштері болып қала береді [5].

Орталық Азия ынтымақтастық ұйымы 1994 жылы бұрынғы Орталық Азиялық экономикалық қауымдастықтың орнына қайта құрылды. Оның құрамына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан мен Тәжікстан кірді. ОАБҰ-на мүше мемлекеттер біртұтас экономикалық кеңістікті сатылы түрде құру жөнінде келісілген шараларды жүзеге асыру үшін белгілі міндеттерді өз мойындарына алды. Оған қоса, ұйым ортақ көліктік және байланыстық құрылым құру саласында ықпалдасуға, шекаралық және кедендік бақылау саласында келісілген саясат жүргізуге ерекше көңіл бөледі.

Орталық Азия аймағындағы шиеленістер мен келіспеушіліктерді шешудің жолы интеграция мен ынтымақтастық екені анық. Өзбекстан Орталық Азияның барлық елдерімен шекаралас болғандықтан және аймақтың ортасында орналасқандықтан бұл үдерісте негізгі рөлді атқаруға қауқарлы. Ұлттық-мемлекеттік құрылыс стратегиясынан біртұтас аймақ құру идеясына өтуді Өзбекстан ХХІ ғасырдағы ең басты міндеттердің бірі ретінде белгілеп отыр [6].

Күш-қүдіреті, стратегиялық маңыздылығы және саяси әлеуеті Өзбекстанның Орталық Азиядағы объективті көшбасшысы болуға құлықты екендігін көрсетеді. Өзбек елі халық саны, экономикасының құрылымы, мемлекеттік тарихы, амбицияларының объективтік жағдайына сай болуы, салыстырмалы түрдегі «тілдік, менталитеттік, қоғамы біркелкілігі», ұлттық, мәдени және экономикалық дәстүрлерінің сақта-

луы, шикізат өндеуге қоса өндіріс орындарының көптігі жөнінен алғанда қазақ елінен көш ілгері. Қазақстанды кейбір сарапшылар аймақтың лидері деп есептейді. Оған дәлел ретінде Қазақстан аумағының кеңдігін, қазба байлықтарын, экономикалық жетістіктерін, ішкі жалпы өнімінің көлемін, саяси және халықаралық салалардағы беделін, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы көшбасшылығын, ЕҚЫҰ мен ИКҰ сияқты ұйымдарға төрағалық етуін атайды. Қазақстан мен Өзбекстанның аймақтық көшбасшы болуға деген бәсекелестігі көп жағдайда екі мемлекет басшыларының бақталастығына тікелей байланысты.

Өзбекстан Орта Азияның жауапкершілігін өз мойынан алуға дайын, аймақтық интеграцияның көш басшысы және бастамашысы екендігін дәлелдеуге тырысып келеді. Екі елдің арасында ғасырлар бойы қалыптасқан қарым-қатынастар ХХІ ғасырда екі республиканың қатынастарын айқындайтын фактор болары сөзсіз [7].

Осы тұрғыда қазақ-өзбек ықпалдастығы ОАдағы аймақтық интеграцияны жүзеге асырудың ең маңызды факторы. Өзіндік артықшылықтарға ие өзбек және қазақ елдерінің белсенді қатысуынсыз аймақтық интеграция мүмкін емес. Жер көлемі жөнінен Қазақстан (2 724 900 км²) көш бастаса, одан кейін Өзбекстан (447 400 км²) тұр. Бұл екі мемлекет ОА аймағының 80 % аумағын алып жатыр. Экономикалық көрсеткіштері бойынша осы екі ел ОА-ның көшбасшылары болып табылады. Қазақстанның ЖІӨ \$233,726 млрд, Өзбекстандікі \$95.325 млрд. Салыстыру үшін Қырғызстандікі (\$11 млрд) және Түрікменстандікі (\$47,215 млрд) [8].

Демографиялық тұрғыдан Қазақстанның халық саны (17,196,800 кісі) құрайды, Өзбекстанда (29,555,300 кісі), Қырғызстанда (5,682,000), Түрікменстанда (4,914,887 кісі) тұрады. ҚР мен ӨР елдерінің халық саны ОА-ның халық санының 80 % құрайды (ОА-да барлығы 56 миллионнан астам кісі тұрады) [9].

Біздіңше, келешекте Қазақстан мен Өзбекстан барлық проблемаларды бірге келісіп шеше алады және аймақты алға бастаушы факторлар бола алады. Өзбек лидерінің айтуы бойынша, егер, қазақтар мен өзбектер бірігетін болса, ынтымақтастық пен бейбітшілікте өмір сүрсе, тарихымызды, тағдырымызды және келешегімізді ойлайтын болса, әлемде бұл достықты бұзатын күш те болмас еді.

Ташкент пен Астана өзара ықпалдаса отырып, негізгі мәселелер бойынша келісім жасау арқылы аймақтағы су-энергетикалық ресурстар-

ды тиімді үйлестіру, жаңа ГЭС-ның құрылысы, қауіпсіздік проблемаларын оңтайлы шеше алар еді.

Сыртқы ірі саяси ойыншылардың аймақта шоғырлануы ОА елдері лидерлерін бірігуге және келісімге келуге итермелейді. Егер, қазіргі жағдай осылай жалғаса беретін болса, Орталық Азиялық елдері іс жүзінде тәуелсіздігінен айрылып, РФ, ЕО, АҚШ, ҚХР сынды сыртқы күштерге толық тәуелді болып қалуы мүмкін. Сондықтан, аймақтағы елдер өздерінің сыртқы саясаттағы қадамдарын байқап, бір-бірімен келісе отырып, жасауы тиіс. Әйтпесе, «Үлкен ойынның» объектісіне айналуы мүмкін [10].

Орталық Азия мемлекеттерінің ортақ нарық құруға және сол арқылы тығыз саяси одақты құруға деген дайындығы турасында айтылған сараптамалық пікірлерді қорытындылай келе, идеяның негізсіз еместігін мойындаймыз. Алайда, бұл елдердің алдында тұрған ортақ саяси және экономикалық келіспеушіліктердің қашан шешіліптінін әзірше болжау қиын. Орталық Азия кеңістігіндегі ең маңызды проблемалардың бірі аймақтық көшбасшылыққа деген талас мәселесі. Қазақстан экономикалық, халықаралық саясат және жаңару салаларында Өзбекстаннан алда екендігі еш күмән тудырмайды. Алайда, тарихи-рухани құндылықтары, географиялық орналасуы мен демографиялық жағдайы, өндірістік және экономикалық әлеуеті Өзбекстан басшылығы үшін аймақта көш басшы болудың алғышарты болып көрінеді. Біздің пікірімізше, мәселе объективтік тарихи және жеке субъективтік қарым-қатынастарда жатыр.

Жағымсыз құбылыстардың көрінісі ретінде аймақтың қос көшбасшылары Қазақстан мен Өзбекстанның ұстанымдарының қайшылығын айтуға болады. Екі мемлекет те аймақтың сыртқы, ішкі саясаты бойынша ортақ келісімге келе алмай келеді, аймақтық деңгейде ынтымақтасу мен бірігуге екі тарап та мүдделілік танытпайды, сыртқы серіктестеріне арқа сүйеді.

Десек те, осы елдердің бір-біріне жақындауына келесі факторлар кедергі жасайды. Экономикалық реформа жүргізу саласында ОА елдері жетістіктерінің әртүрлі болуы; экономикалық даму деңгейлерінің сан алуандығы; ұлттық заңнамалардағы үлкен қайшылықтар; ұлттық валюталардың еркін және өзара айналымын қамтамасыз етудің мүмкін еместігі; әскери, шекаралық және трансшекаралық мәселелерде аймақтық сенім шараларының жоқтығы; еркін сауда режимінің болмауы; ортақ табиғи қорларды пайдалану мәселесі.

Орталық Азия интеграциялық құрылымының (ОАБІҰ) өз міндеттерін толық іске асыруына Қазақстан мен Өзбекстанның көшбасшылыққа таласуы да өзінің салқын әсерін тигізді. Жоғарыда аталған себептерге байланысты ОАБІҰ жоғарыда аталған мақсаттарын орындай алмады. 2006 жылдары ОАБІҰ мен ЕурАзЭО-ның бірігуге мүмкіндігі болды. ОАБІҰ орта мерзімді келешекте толыққанды жұмыс істеген жағдайда бұл үдеріс бүкіл Еуразия аймағына әсерін тигізер еді. Еуразия, әсіресе, ТМД аумағында интеграциялық үдерістер әлі өзінің шарықтау шегіне, кемелденген жағдайына жеткен жоқ [11].

Қазақстан мен Өзбекстан аймаққа ықпал жасау үшін бір-бірімен бәсекелес, кейде өздерінен әлсіз көршілеріне қысым да жасап келді. Бұл жағымсыз жайттар аймақтық интеграцияның қарқыны мен сапасына әсер еті. Орталық Азия әзірше шикізаттық аймақ болып қала береді. Бұған ішкі қайшылық пен бірліктің жоқтығы айғақ.

Лидерлік мәселесін шешу үшін еуропалық тәжірибені басшылыққа алуға болады. Мәселен, Еуропада Франция президенті, Алмания канцлері немесе Италия премьер-министрі көш басшылыққа таласпайды, керісінше жасампаз ынтымақтастықты басшылықтан жоғары қояды. Қазақстанның президенті Н. Ә. Назарбаев Орталық Азиялық интеграция туралы айта келіп, аталмыш бірлестікті аймақтағы тең құқылы халықтардың одағы болуы керек деп топшылайды [12].

Қазақстан президенті аймақтық басқосулар кезінде Орталық Азия елдерінің тығыз интеграциясының қажеттілігі туралы үнемі айтудан жалықпайды. «Бірігуді Құдайдың өзі бұйырып тұрған жоқ па? Аймақта елу бес миллионға жуық халық тұрады: тілде кедергі жоқ, экономикаларымыз бір-бірін толықтырады, бір аймақта орналасқан көліктік және энергетикалық байланыстар бар. Өз-өзін қамтамасыз ететін нарық құруға болады. Бізге бірігу үшін енді не керек?» – деген сұрақты Н. Назарбаев бірнеше рет қойды [13].

ОА мемлекеттерін көп фактор біріктіреді. Географиялық жақындық, халықтардың тарихи-мәдени туыстығы және т.б.

Әлемдік экономикалық және саяси кеңістікте Орталық Азия мемлекеттері ұжыммен емес, керісінше жеке дара іс-әрекет етеді. Олардың экономикалық стратегияларында бірқатар келіспеушіліктерді байқауға болады. Мысалы, Қырғызстан соңғы жылдары мемлекеттің реттеуші күші мен рөлін азайтуға талпыныс жасап келсе, Қазақстан аталмыш тенденцияны ұстана келіп, экономиканы ары қарай реформалау үдерісіне

мемлекеттік құрылымдармен қатар іскерліктің де қатысуын қамтамасыздандыруда. Өзбекстан керісінше бағытта қозғалуда – бұл ел басшылары мемлекеттің функцияларын мейлінше сақтап қалуға тырысып бағуда. Түркіменстанда мемлекеттік құрылым мен экономикалық саясат нарықтық экономиканың формасына қайшы келуде.

Ресей Орталық Азияны үнемі өзінің мүдделері шоғырланған аймақ ретінде қабылдайды. Ғалым Ф. Толиповтың ойынша, Бұл жағдай екі себеппен Ресейдің мүддесіне сай келеді: шабуылдау ниеті – өзінің Үнді Мұхитына қарай жылжу стратегиясына сай ОА аймағын тарихи жауапкершілік және геосаяси қадағалау аймағы деп біледі; екіншісі қорғаныс мақсатында – Орталық Азия Ресейді оның геосаяси бәсекелестерінен қорғайды. ОА Ресей үшін буферлік аймақ немесе қалқан сияқты.

Орталық Азия АҚШ үшін Еуразиядағы оқиғаларды бақылау орны. ОА-да американдық әскерлердің болуы аймақтық қауіпсіздік мәселесін шешіп берді ме? Қытай үшін ОА – ғаламдық алпауытқа айналуы үшін сенімді аймақ. Қытай маманы Чжао Хуашеннің пікірінше, Орталық Азияны тұрақты стратегиялық тыл ретінде қолдану Бейжіңнің ғаламдық саясаты мен геосаясатының маңызды бөлігі.

Аталмыш үш ұлы державаның әрқайсысы Орталық Азиялық интеграция идеясына өзіндік тұрғыдан қарайды: Ресей үшін – «бөліп ал, да билей бер» (империяшылдық), АҚШ үшін – «біріктірі де билей бер» (миссионерлік), Қытай үшін – «кел де билей бер» (карьерист) формуласы қолданбалы [14].

Әрине, Орталық Азияның тұрақты дамуын қамтамасыз етуде әртүрлі күштердің көзқарастары бір-бірімен сәйкесе бермейді. Мұны шешудегі механизмдердің әртүрлілігі аймақтағы мемлекеттерді белгілі деңгейде шатастырады. Бұл жағдайды сыртқы ойыншылардың «ынтымақтастық-бәсекелестік» мысалында жақсы түсінуге болады. Яғни, сыртқы күштер Орталық Азиядағы жағдайды «тұрақтандыруға» тырысқанымен, іс жүзінде жағдайды шиеленістіріп жатқандай. Мысалы, Ресей мен Батыстың аймақтағы саяси ойындары осының айқын көрінісі. Сыртқы саяси күштер аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді желеу ету арқылы аймаққа өзінің жеке ықпалын жүргізгісі келеді.

Сыртқы факторлар ОА елдерін біріктіруі тиісті. Ташкент пен Астананың ынтымақтасуы, ОА-дағы қауіпсіздік жүйесінің жаңа қалыбын жасауы керек. Себебі, ОА-да ұлттық қауіпсіз-

дікті қамтамасыз етудің басты шарты көршілес елдермен тығыз интеграция болып табылады. Лаңкестік, діни әсірешілдік, есірткі тасымалы, Пәкістан мен Ауғанстандағы тұрақсыздық аймақтың ең күшті елдері болып саналатын Қазақстан мен Өзбекстанды бірлікке, бірігуге итермелейді.

Аймақтың қауіпсіздігіне келесі қауіп-қатерлер төніп тұр: 1. Иранның аймаққа қатысты саясаты келешекте өктемдірек болуы мүмкін. Иранда, араб елдерінде болған исламдық төңкерістердің Орталық Азияға өту қауіп бар. 2. Пәкістанның ОА-ны Үндістанмен болуы мүмкін соғыстағы тыл ретінде көруі. 3. Бүкіл аймақты шарпыған лаңкестік пен діни экстремизм. Алайда, ешбір ұйым ОА-да тұрақтылық пен қауіпсіздікті толық орната алмайды. Аймақта іс-әрекет етуші Ресей, Қытай сияқты ірі державалар ҰҚКҰ және ШЫҰ сияқты ұйымдар арқылы ОА-ға тікелей ықпалын жүргізіп отыр. Себебі, аймақтық елдердің әскери-техникалық күші мен әлеуеті алпауыт елдермен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Мәселен, ШЫҰ – қытай мүдделерін алға жылжытудың формалды, мейлінше ыңғайлы құралы. Саясатанушы Чжао Хуашеннің пікірінше, ШЫҰ-ның құрылуы Бейжіңнің ОА аймағында бекуіне мүмкіндік береді. Алайда, Қытай да өз кезегінде аймаққа жаңа динамика мен мүмкіндік береді. Өзбек сарапшыларының ойынша, ШЫҰ-ндағы күштерді шамамен келесі сандық тұрғыда бейнелеуге болады: 2+4, тіпті 1+1+4. Мұндағы 4 саны – ОА елдерін меңзейді.

ҰҚКҰ болса, Ресейдің ОА-дағы тұрақты әскери ықпалын білдіреді. Жеке алғанда, әрбір ОА мемлекеті Ресейдің қасында салыстырмалы түрде «кіші» болып қалады. Бұл жағдай ұйымның тиімділігі мен оның мүшелерінің мінез-құлқына әсерін тигізетіне күмән жоқ.

Қазақстан мен Өзбекстан су-энергетикалық мәселелері сыртқы саяси күштердің қатысуынсыз өзара келісіп, шеше алады. Әрине, экономикасы әлсіз Тәжікстан мен Қырғызстанның да ұстанымдарын ескеру керек.

Орталық Азияның интеграциясындағы Қазақстан мен Өзбекстанның ролін еуропалық интеграциядағы Франция мен Алманияның ролімен салыстыруға болады. Еуропалық көш басшы елдеріне ұқсас Қазақ елі мен Өзбек елі ОА-дағы интеграциялық процестердің бастаушысы және өз маңайына қалған үш мемлекетті топтастыра білуі қажет. Интеграция осы екі елге байланысты.

ЕО-ның тәжірибесі көрсеткендей, егер, аймақтың ірі мемлекеттері біріге білсе, және бұл

интеграциялық жоба өзінің баяндылығы мен өміршеңдігін айғақтаса, қалған елдер де көп ұзамай оған қосылуға мәжбүр болады.

Өзбек президентінің «Түркістан – біздің ортақ үйіміз» деген идеясы бар [15]. Бұл идея болашақ интеграцияның ұранына айналуы мүмкін. Өзбек лидерінің мынадай ұлағатты сөзі бар: «Біз біргеміз. Басқа ештеме айтудың қажеті жоқ».

2010 жылдың 16-18 наурызында Қазақстан Республикасының президенті Н. Назарбаев Өзбекстанға сапармен барып қайтты. Бұл кездесуде өзбек президенті «Біз Қазақстанның жетістіктерін Өзбекстанның жетістігі деп білеміз, және Өзбекстанның жетістіктерін Қазақстанның жетістіктері деп қабылдаймыз». Н. Назарбаев келесідей жауап берді: «Біздің елдеріміздің арасында ешбір қарама-қайшылық жоқ. «Кейбір достарымыз» үнемі арамыздан қайшылық, жанжал, бәсекелестік, біріншілікке таласу іздейді. Мұның барлығы ойдан шығарылған. Әр уақытта достықтың болғанын қаламайтындар болады. Мұны болдырмау үшін бізде ерік-жігер де, саяси түсінік те бар».

Саясаттанушы Досым Сатпаевтың ойынша, Өзбекстанның саясаты аймақтағы ынтымақтастық пен интеграцияны тежейтін негізгі фактор. Тіпті, Өзбекстанның өзі Орталық Азияны тұрақсыздандыратын фактор болып табылады. Себебі, өзбектің оқшаулануы «қауіптердің алдын алып, оларды жоюға кедергі жасайды». Өзбекстан маңайындағы көршілерін терроризм мен экстремизмді өршітті деп айыптайды. Өзбекстанның ішкі саясаты тиімсіз болып отыр, кедейлік деңгейі жоғары, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен. Экстремизм мен терроризмнің тамырлары міне осыдан барып туындайды, проблемалар Өзбекстанның өзі тарапынан тудырылып отыр».

Орталық Азияның ірі мемлекеттері есебіндегі Қазақстан мен Өзбекстан ОА аймағы, оның қауіпсіздігі мен тұрақтылығы үшін жауап береді. Орталық Азияның келешегі Астана мен Ташкенттің аймақтық мәселелерде қалайша ықпалдасатындығына байланысты болмақ. Өзбек-қазақ ынтымақтастығы ОА аймағының интеграциясының іргетасы болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Жұмалы Р. Еуразиялық Одақтан бас тарту – тығырықтан шығар жалғыз жол. [http://qamshy.kz/?p=6004].
- 2 Zharmukhamed Zardykan. Kazakhstan and Central Asia: regional perspectives // Central Asian Survey. – 2002. – 21(2).
- 3 Соглашение об экономическом, научно-техническом и культурном сотрудничестве Узбекской ССР, Казахской ССР, Кыргызской ССР, Таджикской ССР и Туркменской ССР. По пути укрепления дружбы и добрососедства. – Ташкент, 1990.
- 4 Laumulin M. & Tolipov F. Uzbekistan and Kazakhstan: a race for leadership? – 16 Apr. – 2010.
- 5 Момынқұлов Ж. Түркітілдес мемлекеттер интеграциясы // Егемен Қазақстан. – 2013.
- 6 Казанцев А.А. Взаимосвязь глобальных и региональных политических процессов (на примере Центральной Азии) Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора политических наук. – М. – 2011.
- 7 Статистические показатели стран СНГ. [www.cisstat.com].
- 8 Сергеев, Евгений Юрьевич. «Большая игра». Россия и Великобритания в Центральной и Восточной Азии (вторая половина XIX – начало XX века) // Новая и новейшая история. – 2011. – N 3.
- 9 Идрисов А.А. Интеграционные процессы в Европе и на постсоветском пространстве – факторы микро- и макросреды // экономические аспекты интеграционных процессов: опыт Европейского Союза. Материалы международной конференции. Алматы, 2003.
- 10 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999.
- 11 Центральная Азия сегодня: вызовы и угрозы / под общей ред. доктора политических наук, профессора К.Л. Сыроежкина: монография. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011.
- 12 Геополитическая роль Центральной Азии в XXI веке. А. Имангазиев // Обозреватель-Observer. – 2007. – N9. http://mars.arbicon.ru/index.php?mdl=content&id=42750
- 13 Уткин А.И. Глобализация: процесс и осмысление. – М.: Логос, 2001.
- 14 Смагулова Г.М. 1991-2001 жж. Қазақстан Республикасының Орталық Азия елдерімен экономикалық ынтымақтастығының қалыптасуы: автореферат. – Алматы, 2003.
- 15 Каримов И.А. Мировой финансово-экономический кризис, пути и меры по его преодолению в условиях Узбекистана. – Т.: Узбекистан, 2009.

References

- 1 Zhumaly R. Euraziyalik Odaktan bas tartu – tygyryktan shygar zhalgyz zho. [http://qamshy.kz/?p=6004].
- 2 Zharmukhamed Z. Kazakhstan and Central Asia: regional perspectives // Central Asian Survey. – 2002. – 21(2).
- 3 Soglashenie ob ekonomicheskom, nauchno-tehnicheskom i kulturnom sotrudnichestve uzbekskoi SSR, Kazakhskoi SSR, Kyrgyzskoi SSR, Tadjikskoi SSR i Turkmenskoi SSR. Po puti ukrepleniya drujbi i dobrososedstva. – Tashkent, 1990.

- 4 Laumulin M. & F. Tolipov, Uzbekistan and Kazakhstan: a race for leadership? – 16 Apr. – 2010.
- 5 Zhanat Mominkulov. Turki tildes memleketter integraciyasi // Egemen Kazakhstan. – 2013.
- 6 Kazancev A.A. Vzaimosvjaz' global'nyh i regional'nyh politicheskikh processov (na primere Central'noj Azii) Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni doktora politicheskikh nauk. – M. – 2011.
- 7 Statisticheskie pokazateli stran SNG. [www.cisstat.com].
- 8 Sergeev, Evgenij Jur'evich. «Bol'shaja igra». Rossiya i Velikobritaniya v Central'noj i Vostochnoj Azii (vtoraja polovina XIX – nachalo XX veka) // Novaja i novejšaja istorija. – 2011. – N 3.
- 9 Idrisov A.A. Integracionnye processy v Evrope i na postsovetском prostranstve – faktory mikro- i makrosredy // jekonomicheskie aspekty integracionnyh processov: opyt Evropejskogo Sojuza. Materialy mezhdunarodnoj konferencii. Almaty, 2003.
- 10 Nazarbaev N.Ə. Tarih tolқыnynda. – Almaty: Atamұra, 1999.
- 11 Central'naja Azija segodnja: vyzovy i ugrozy / pod obshhej red. doktora politicheskikh nauk, professora K.L. Syroezhkina: monografija. –Almaty: KISI pri Prezidente RK, 2011.
- 12 Geopoliticheskaja rol' Central'noj Azii v XXI veke. A. Imangaziev // Obozrevatel'-Observer. – 2007. – N9. <http://mars.arbicon.ru/index.php?mdl=content&id=42750>
- 13 Utkin A.I. Globalizacija: process i osmyslenie. – M.: Logos, 2001.
- 14 Smagulova G.M. 1991-2001 zhzh. Қазакстан Respublikasynuң Орталық Azija elderimen jekonomikalық унтымактастығуныуң калыптасуы: avtoreferat. – Almaty, 2003.
- 15 Karimov I.A. Mirovoj finansovo-jekonomicheskij krizis, puti i mery po ego preodoleniju v uslovijah Uzbekistana. – T.: Uzbekistan, 2009.

Базаркулова Б.К.,
Шатекова Г.Қ.

**Аймақтық қауіпсіздік
мәселелері және Таяу Шығыс**

Бұл мақалада қауіпсіздіктің қауіп-қатерлері және Таяу Шығыстағы аймақтық қауіпсіздік мәселелері қарастырылады. «Қырғи қабақ соғыс» кезеңінде қауіпсіздік тұжырымдамасы әскери қауіпсіздікке негізделді. Ал қазіргі кезеңде халықаралық қауіпсіздіктің жаңа қауіп-қатерлері пайда болды және халықаралық саясатта қауіпсіздіктің аймақтық деңгейінің маңызы артты. Жаһандану және мемлекеттің бір-біріне тәуелділігінің артуы қауіп-қатерлердің сипатын өзгертті.

Таяу Шығыс аймағында халықаралық саясаттың жаһандық және аймақтық жүйесі біріккен. Таяу Шығыс «қақтығыстық құрылым» категориясы бойынша анықталған аймаққа жатады. Аймақта әскери-саяси қауіп-қатерлер басым және аймақтық қауіпсіздік кешені толық қалыптаспаған.

Түйін сөздер: қауіпсіздік, қауіп-қатер, аймақтық қауіпсіздік, Таяу Шығыс аймағы, аймақтық көшбасшы, халықаралық байланыс.

Bazarkulova B.K., Shatekova G.K

**Problems of Regional Security
and the Middle East**

The problems of regional security of the Middle East are considered in this article. During the «cold war» concept of security was based on military security. Currently, there are new threats to international security and the importance of regional security in international politics considerably increased. Globalization and interdependence of nations have changed the nature of these threats.

Middle East intersects global and regional political systems. In terms of regional security complex Middle East conflict is classified as a structure. The region is dominated by the military-political threats and the complex regional security is not fully formed.

Key words: security, threats, regional security, the Middle East, the regional leader and international relations.

Базаркулова Б.К., Шатекова Г.К.

**Проблемы региональной
безопасности
и Ближний Восток**

В данной статье рассматриваются проблемы региональной безопасности Ближнего Востока. В годы «холодной войны» концепция безопасности основывалась на военной безопасности. В настоящее время появились новые угрозы международной безопасности и значение регионального уровня безопасности в международной политике заметно повысилось. Глобализация и взаимозависимость государств изменили характер этих угроз.

На Ближнем Востоке пересекаются глобальные и региональные системы международной политики. С точки зрения комплекса региональной безопасности Ближний Восток входит в категорию конфликтной структуры. В регионе доминируют военно-политические угрозы и не полностью сформирован комплекс региональной безопасности.

Ключевые слова: безопасность, угрозы, региональная безопасность, регион Ближний Восток, региональный лидер, международные отношения.

АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАЯУ ШЫҒЫС

«Қауіпсіздік мәселесі» – халықаралық қатынастардың теориясы мен практикасындағы негізгі мәселе. Халықаралық саясаттың кез келген мәселесі қауіпсіздік ұғымымен тығыз байланысты. Қауіпсіздік – бұл сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерден қорғану. Қауіпсіздік тұжырымдамасының негізі қауіп-қатерлер жүйесіне негізделген [1, 320]. Белгілі бір тұжырымдама қауіп-қатерлердің ішінен белгілі бір тобын басымдық ретінде көрсетумен байланысты. Бұл мемлекетке немесе қоғамға төнетін қауіп-қатерлер болуы мүмкін, олардың сипаты да әртүрлі болады.

«Қауіпсіздік» түсінігі «ұлттық мүдде» түсінігімен тығыз байланысты. Ұлттық мүдде – мемлекеттің маңызды мүдделерін, яғни ұлттық тәуелсіздікті, территориялық тұтастықты және халықты қорғауды жүзеге асыруға бағытталған стратегия.

Әлемдік өзара іс-әрекеттің маңызды факторы – әскери күш қазіргі уақытта да өзінің маңыздылығын сақтап отыр. Халықаралық қауіпсіздік, ең алдымен, әскери қауіпсіздік құбылысы ретінде қарастырылады. Ол ұлттық әскери күштерді жетілдірумен, әскери одақтар құрумен байланыстырылады. Біртіндеп әскери күш факторы дипломатиялық және басқа саяси құралдармен толықтырылды. Оларды атап өтсек, қарулануға бақылау орнату, өзара сенім шаралары, даулы мәселелер бойынша келіссөздер жүргізу, халықаралық құқық нормаларын сақтау.

Яғни қауіпсіздіктің дәстүрлі тұжырымдамасы әскери қауіпсіздікке негізделген. Бұл тұжырымдама «Қырғи қабақ соғыс» аяқталғанға дейін үстемдік етті. КСРО ыдырады. «Қырғи қабақ соғыс» аяқталды. Екі державаның әскери және идеологиялық қарсыластығының орнына жаңа қауіп-қатерлер пайда болды [1, 331]. Бұл жаңа қауіп-қатерлер мемлекетаралық қақтығыстардан басқаша сипатта жүргізілді. Мысалы, олар мемлекет ішіндегі діни және этникалық қақтығыстар, лаңкестік және экстремизм қаупінің өсуі, экономикалық дағдарыс және экологиялық апат қаупі. Осылайша, жаңа дәстүрлі емес қауіп-қатерлер пайда болды. Жаһандану және мемлекеттің бір-біріне тәуелділігінің артуы қауіп-қатерлердің сипатын өзгертті. Халық санының өсуі, ресурстардың жетіспеушілігі, жағымсыз экологиялық жағдай, экономикалық мәселелер басты мәселелерге айналды. Қауіпсіздікке миграциялық процестер, ұлтшылдықтың өршуі,

этникалық және діни қақтығыстар қауіп төндіре бастады.

Қауіпсіздік объектісі, қауіп-қатерлер және олардың себептері, қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәсілдері сияқты мәселелер бойынша зерттеушілер әртүрлі көзқарасты ұстанады. Қауіпсіздікке байланысты тұжырымдаманы анықтайтын басты мәселе – қауіпсіздік объектісі және осы объектіге бағытталған қауіп-қатерлердің сипаты. Яғни осы мәселеге байланысты қауіпсіздік тұжырымдамасы анықталады.

Қазіргі әлемдік саясатқа әсер етіп жатқан жаһандық процестердің жиынтығы ішінде қауіпсіздіктің жаһандануы халықаралық қатынастар теориясында қауіп-қатерлермен байланыстырылады. Ұлттық қауіпсіздіктің дәстүрлі парадигмаларының орнына жаһандық, аймақтық, трансаймақтық қауіпсіздіктің парадигмалары басымдыққа шықты. Қазіргі уақытта қауіпсіздіктің мәселелері мен қауіп-қатерлері тек ұлттық шекарамен анықталмайды. Қауіпсіздік мәселесін зерттеп жүрген Ресей зерттеушісі В.Н. Лукин өзінің зерттеуінде XX ғ. аяғында қауіпсіздік саласын зерттеуде сақталған ескі және пайда болған жаңа парадигмалардың нәтижесінде мынандай төрт теоретикалық бағытты анықтайды: неореализм, глобализм, аймақшылдық және конструктивизм [4]. Неореализм мемлекеттік-центристік ұстаныммен ерекшеленеді және әлемдегі биполярлық, бір полярлық және көпполярлық және т.б. идеяларға басымдық береді. Екінші бағыт – глобализмнің әдістемелік негізін мәдениеттану және саяси-экономикалық ұстанымдар құрайды. Экономикалық және трансұлттық интеграцияның күшеюін айта отырып, әлемдік саясаттағы территория мен мемлекет маңыздылығының әлсіреуін негіз етіп алады. Яғни өзінің саяси сараптауларында мемлекеттік емес акторлар мен құрылымдардың қызметін қарастырады. Бұл бағыттың негізгі идеясы әлемдік саясаттағы мемлекеттік емес ұйымдардың және халықаралық ұйымдардың тәуелсіз рөлін көрсету. Бұл бағыт жаһандану мен қауіпсіздіктің байланысын көрсете отырып, мемлекет рөлінің төмендейтінін айта отырып, аймақтық деңгейде қауіпсіздік саласында мемлекеттер ынтымақтастығының артатынын көрсетеді. Үшінші бағыт – аймақшылдық, бұл бағыт аймақтық қауіпсіздіктің халықаралық қауіпсіздік жүйесінің бір бөлігі ретінде маңыздылығының артатынын негіз етіп алады. Бұл бағытты Барри Бузан, Артур Стейн, Стивен Лобели, Дэвид Лейк, Патрик Морган ұстанады. Аймақшылдыққа неореализм және глобализм элементтері тән. Төртінші бағыт –

конструктивизм – өзінің ұстанымдарында әлеуметтік және саяси субъектілердің ұстанымын негіз етіп алады. Бұл бағыт өз ішінде екі тармаққа бөлінген: плюрализм және ынтымақтастық.

Қазіргі әлемде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің экономикалық және ақпараттық қырының маңызы жоғары. Бұны әсіресе «араб көктемінің» даму алғышарттарынан көреміз. Халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі уақытта мағынасы кенейді, ол экологиялық, энергетикалық және азық-түлік қауіпсіздігімен де тығыз байланысты. Қазіргі уақытта қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қоғамдық-саяси алғышарттары да өзгерді. «Қырғи қабақ соғысы» жылдары мемлекеттер ішкі, сыртқы қауіпсіздігін әртүрлі жолдармен қамтамасыз ете алды. Қазіргі «араб көктемі» дағдарысынан көріп отырғанымыздай, халықаралық сала кез келген тұрақты мемлекетті қысқа уақытта еркін түрде тұрақсыз мемлекетке айналдыруы мүмкін. Қауіпсіздіктің дәстүрлі әскери-саяси қыры бойынша әлемнің кез келген аймағы үшін қауіпсіздік режимінің үш негізгі моделін қарастыруға болады. Олар жалпы қауіпсіздік режимі, ұжымдық қауіпсіздік режимі және ынтымақтастыққа негізделген режим. Жалпы қауіпсіздік режимі бойынша мемлекеттер тайталасудан ерікті түрде өзара бас тартады. Бұл тұжырымдама халықаралық қатынастарда әскери күшті пайдаланудың келешегі жоқ екенін түсінгеннен кейін пайда болды. Мысалы, ядролық қаруды пайдалануға байланысты қазір мемлекеттер осындай ұстанымды көздейді.

Екінші ұжымдық қауіпсіздік режимі, әрине, толық идеалды режим болып табылмайды. Бұл режимнің артықшылығы мен кемшілігі де бар. Кемшілігін айтсақ, осы режимге қатысушылар режимді сақтауға қосқан үлесіне қарамастан жетістіктерін пайдалануға ұмтылады. Сондай-ақ, осы режимдегі мемлекеттерге агрессия жасай қалған жағдайда шешім қабылдау процедурасы іс жүзінде өте баяу жүреді. Ұжымдық қауіпсіздік режимінің артықшылығы режим шеңберінде агрессия азайып, жалпы тұрақтылық күшейеді.

Үшінші, яғни ынтымақтастыққа негізделген режим тұсында қауіпсіздік жалпы режимге қосылуға негізделген. Бұл режим бойынша формальды ұйым құру міндетті емес, ал формальды диалогты жүргізу дұрыс және тиімді болып саналады. Бұл тұжырымдама ұжымдық қауіпсіздік тұжырымдамасына ұқсас болғанымен өзіндік ерекшеліктері де бар. Бұл тұжырымдама бойынша, превентивті дипломатияға және әскери-саяси сенім шараларына басты назар аударылады. Бұл бағыт бойынша, қауіпсіздік саласы

мемлекетаралық диалогтың тұрақты каналдарын қалыптастыру, кеңес беру мен шешімдер қабылдау тетігі жасалады.

Халықаралық қауіпсіздіктің жаһандық проблемалары аймақтық қауіпсіздік кешендеріне әсер етуде. Бірақ оның әсері әр аймақта әртүрлі көрінуде. Аймақтық үдерістерге басты державалардың сырттан жасалып отырған саясаты әсер етеді. Бірақ әр аймақтағы жергілікті мәселелер маңызды орынды иеленеді.

Аймақтық қауіпсіздік халықаралық қауіпсіздіктің бір бөлігі, олардың ұқсас белгілері де бар. Ал оның ерекшеліктері ретінде аймақтағы күштердің ара салмағын, олардың тарихи, мәдени және діни дәстүрлерін айтуға болады. Аймақтық қауіпсіздікті арнайы құрылған қауіпсіздік ұйымдары немесе мемлекеттердің бірлестігі қамтамасыз ете алады. «Қырғи қабақ соғыс» аяқталғаннан кейін аймақтардың дәстүрлі сырт пішіні өзгерді. Таяу және Орта Шығыстың қауіпсіздік саласына байланысты Үлкен Таяу Шығыс түсінігі пайда болды.

А.Л. Лукин өзінің зерттеуінде «аймақтық қауіпсіздік кешені теориясының» қағидаларын қарастырады [5, 8-12]. Бұл теорияның негізін салған британдық зерттеуші Барри Бузан және дат зерттеушісі Оле Вэвер. Халықаралық қатынастар теориясында халықаралық саясаттың жаһандануы және аймақтық деңгеймен ұштасуы негізгі мәселеге айналды. Олар бұл теорияны «Регионы и державы: структура международной безопасности» атты кітабында толық сипаттаған. Бұл теорияның авторлары әлемдегі барлық аймақтарды екі үлкен топқа бөліп қарастырады. Бірінші аймақ – қауіпсіздіктің әскери-саяси мәселелері үстемдік жасайтын аймақтар. Біз қарастырып отырған Таяу Шығыс осы аймақтардың қатарына жатады. Өзіміз білетіндей, Таяу Шығыс аймағы әлемдегі ең тыныш емес аймақтардың бірі болғандықтан қауіпсіздіктің әскери-саяси қауіп-қатерлері басымдық атқарады.

Екінші аймаққа – қауіпсіздіктің басқа мәселелері басымдықта болатын аймақтар. Бұл аймаққа теория авторлары Оңтүстік және Солтүстік Американы, Еуропаны жатқызады.

«Аймақтық қауіпсіздік кешендері теориясының» басты идеясы халықаралық қатынастарда қауіп-қатерлер жаһанданғанымен, олардың көп бөлігінің сипаты мен деңгейі территорияға, географиялық арақашықтыққа байланысты. АҚК теориясында географиялық фактор маңызды орынды иеленеді [5, 8]. Әлемде көптеген мемлекеттер өз көршілерінің күш-қуаты мен пиғылына байланысты толық қауіпсіздікті

сезінбейді. Осыған байланысты қауіпсіздік саласындағы өзара тәуелділік байланыстары «аймақтық кешендерге» шоғырланған. Бузан-Вэбер теориясында басты орынды – «секьюритизация» категориясы алады. Бұл категория бойынша қоғамдық-саяси процестер сарапталып, соның көмегімен белгілі бір мәселелер қауіпсіздік мәселесі мәртебесіне ие болады. Яғни белгілі бір процесс немесе субъект қауіп ретінде қарастырылып, оған қарсы шаралар қабылдау қажеттігі пайда болады. Бузан мен Вэбердің зерттеуі бойынша, қауіпсіздіктің аймақтық кешені әлемдік саясаттың жаһандану жүйесі пайда болған кезде, яғни ұлы географиялық ашылулар кезеңінен бастап дами бастады. Бұл кезеңде халықаралық жаһандық жүйе пайда болып қана қоймай, еуропалық үлгідегі тәуелсіз мемлекеттер де басты рөл атқарды. Бірақ мемлекеттердің көп бөлігі үшін оның қауіпсіздік саясаты көршілерімен, яғни аймақтық деңгеймен шектеледі.

«Қырғи қабақ соғысы» аяқталғаннан кейін халықаралық саясатта қауіпсіздіктің аймақтық деңгейінің маңызы артты. Халықаралық жүйенің жаһандық деңгейінде басты рөлді алып және ұлы державалар атқарады. Олар әлемдік саясаттың шоғырлануының жалпы жүйелік құрылымын анықтайды. «Аймақтық жүйелердің» карама-қарсыластығы аймақтық державалармен анықталады. Қауіпсіздіктің аймақтық және жаһандық деңгейлері бір-бірімен өзара ену тетігінің көмегімен біріктіріледі. Яғни жаһандық державалар аймақтық кешенге енеді. Аймақтық кешенге ену үшін сыртқы держава осы кешенге кіретін мемлекетпен одақ құрады. Аймақтық күштер арасалмағын реттеу үшін аймақтық бәсекелестік жаһандық жүйе деңгейімен ұштасады.

Таяу Шығыс аймағында халықаралық саясаттың жаһандық және аймақтық жүйесінің біріккенін анық көреміз. Осы аймақта саяси күштер арасалмағын реттеу үшін, АҚШ аймақтағы мемлекеттермен одақ құрған, мысалы Американың Түркиямен, Парсы шығанағындағы мемлекеттермен одақтық саясатын айтуға болады. Осылайша аймақтағы көшбасшылыққа ұмтылып отырған ИИР-сына қарсы тосқауыл қойып отыр.

Бұл теория бойынша бір мемлекет бір уақытта екі немесе одан да көп кешеннің мүшесі бола алмайды. Болмаса осындай екі кешеннің бір-бірімен қиылысқан жерінде орналасқан мемлекет осы екі кешеннің екеуіне де кірмеуі мүмкін. Бузан мен Вэбер оларды «инсулятор» деп атайды [5, 10]. Аймақтардың қауіпсіздік кешендері ішкі және сыртқы өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Осы теорияның авторлары аймақтық кешен түсінігі-

мен қатар субкешен және супер кешен түсінігін енгізген. Мысалы, осы түсініктерді Таяу Шығысқа байланысты пайдаланатын болсақ, Таяу Шығыста Парсы шығанағы мемлекеттері, Шығыс Жерорта теңізі және Мағриб субкешендері бар. Супер кешендік аймақта бір немесе бірнеше жаһандық державаның болуына байланысты екі немесе одан да көп кешен бір-бірімен өзара жақындасуы жүзеге асуы мүмкін. Мысал ретінде Таяу Шығыста Иранның көшбасшылығына қарсылық көрсету мақсатында Парсы шығанағы монархияларының Мағриб елдерімен немесе Шығыс Жерорта теңізі аймағындағы мемлекеттермен, мысалы, Иорданиямен жақындасуын айтуға болады.

Аймақтық қауіпсіздік кешендерін жіктеу үшін теория авторлары «қақтығыстық құрылым», «қауіпсіздік режимі» және «қоғамдастық қауіпсіздік» категорияларын пайдаланған. «Қақтығыстық құрылым» категориясы бойынша анықталған аймақтық кешенде саяси байланыстарда соғыс жариялау немесе жалпы күш қолдану мүмкіндігі өте жоғары болуы мүмкін. Осы категориямен анықталған аймақтық қауіпсіздік кешеніне Таяу Шығысты жатқызамыз. Бұл аймақ әсіресе II Дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан бастап қазіргі уақытқа дейін қақтығыстардың орталығы болып есептеледі. «Қауіпсіздік режимі» категориясы бойынша анықталған аймақта соғысты немесе жалпы күш қолдану қауіпі сақталған, бірақ саяси байланыстар жалпы нормалармен, тәртіптермен реттеледі. Бұндай аймаққа Оңтүстік Американы жатқызуға болады. Ал үшінші «қоғамдастық қауіпсіздік» категориясы бойынша анықталған аймақта өзара саяси байланыстарда күш қолданылмайды [5,10].

Осы жоғарыда айталған тұжырымдамалардың ішінде Таяу Шығыстағы қауіпсіздік саясатын зерттеуде Бузан мен Вэбердің аймақтық қауіпсіздік кешені теориясына негіздей отырып, Таяу Шығыстағы аймақтық қауіпсіздік мәселелерін талдап өтсек. Таяу Шығыс аймағында дәстүрлі қауіпсіздіктің әскери-саяси қауіп-қатерлері басым. Аймақтағы көшбасшылыққа ИИР-сы және Сауд Арабиясы ұмтылады.

Таяу Шығыстағы қауіп-қатерлердің аймақтық және жаһандық деңгейде маңыздылығы жоғары, яғни аймақтағы қақтығыстар тек аймақ елдеріне ғана емес, жалпы әлемге өзінің әсерін тигізеді. Бұл лаңкестік, жаппай қырып жоятын қаруды таратпау және этно-конфессионалды қақтығыстар.

Бұл аймақтағы араб мемлекеттері негізінен XX ғ. басына дейін Осман империясының құра-

мында дамыды. Таяу Шығыс аймағы XIX ғ. бастап ірі державалардың өзара бәсекелестік сахнасына айналды. Аймақта негізгі орынды Англия мен Франция иеленді. Сауд Арабиясынан басқа араб мемлекеттері XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы Англия мен Францияның отарына айналды. Отарлық жүйенің ыдырауы II Дүниежүзілік соғыстан кейін басталып 1970 жылдарға дейін жалғасты. II Дүниежүзілік соғыстан кейін Таяу Шығыста Еуропаның рөлі әлсіреп, АҚШ негізгі орынды иеленді. Таяу Шығыс аймағы «Қырғи қабақ соғысы» жылдары АҚШ пен КСРО-ның өзара бәсекелестік сахнасына айналды. Осы жылдары Түркия НАТО-ның мүшесіне айналса, одан басқа аймақтық әскери ұйымдар, мысалы, СЕНТО ұйымы құрылды.

II Дүниежүзілік соғыс аяқталған уақыттан бастап, Таяу Шығыс қақтығыстардың орталығына айналды. Таяу Шығыстағы негізгі мәселе – Палестина мәселесі. Сондай-ақ, аймақта этникалық, діни және территориялық қайшылықтар сақталған. Аймақта қауіпсіздіктің қауіп-қатерлері жеткілікті. Бұл қауіп-қатерлер әскери-саяси сипатта және негізінен күш қолдану арқылы шешімін тауып келеді. Бұл аймақ алдағы уақытта да өзін қақтығыстық құрылым ретінде сақтайды. Себебі бұл аймақта мәселелер қысқа уақытта реттелмей отыр, бұның себептері де жеткілікті. Экономикалық даму деңгейі туралы айтатын болсақ, аймақтағы мұнайға бай мемлекеттердің экономикасы жақсы дамыған.

Таяу Шығыста алғашқы қауіпсіздік кешені II Дүниежүзілік соғыстан кейін құрылды. Араб мемлекеттері 1945 жылы Араб елдерінің Лигасын құрған болатын. Таяу Шығыстағы аймақаралық өзара әрекеттер деңгейі төмен. Бұған Таяу Шығыстың үш құрлықпен шектесуі әсер ету мүмкін. Таяу Шығыста үш субаймақтың болуы географиялық аумақтың үлкен болуына және өзара мүмкіндіктердің төмен болуына байланысты. Өйткені Таяу Шығыстағы үш субаймақ бір-бірінен тек географиялық жағынан емес, тарихи, мәдени, саяси жағынан ерекшеленеді, тіпті этно-конфессионалды өзгешеліктер де баршылық. Қазіргі уақытта Таяу Шығыстағы субаймақтар арасында жақындасу байқалмайды. Өйткені жоғарыда айтылған өзгешеліктермен қатар, аймақтық бәсекелестік және аймақтағы державалардың бәсекелестігі бұған мүмкіндік бермейді. Сондықтан аймақта супер кешендік аймақ құрылу мүмкіндігі өте төмен.

Таяу Шығыстың аймақтық қауіпсіздік деңгейі жаһандық деңгеймен өте тығыз байланысты. Таяу Шығыс экономикалық жағынан Америка-

ның, Ресейдің және Қытайдың бәсекелестік алаңы болып саналады. Аймақта АҚШ-тың одақтары сақталған. Аймақтағы Американың басты одақтасы Израиль. Америка аймақта теңгергіш рөлін атқарып отыр.

Иранның аймақтық державаға ұмтылуы және аймақтағы бәсекелестік үшін күрестер субаймақтардың пайда болуына әкелді. Өзіміз білетіндей, 1981 жылы иран-ирак соғысы болып жатқан кезде Парсы шығанағы монархиялары ынтымақтастық Кеңесін құрды. Ал интеграциялық процестердің дамуы және жаһандану процесі Мағриб аймағында 1989 жылы Араб Мағрибы Одағының құрылуына әкелді. Таяу Шығыста әскри-саяси сипаттағы аймақтық қауіпсіздік кешені құрылмаған.

Аймақта державалардың бәсекелестігі «Қырғи қабақ соғыс» басталған уақыттан қазіргі уақытқа дейін жалғасып келеді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, «Қырғи қабақ соғысы» жылдары бұл бәсекелестік негізінен саяси-идеологиялық сипатқа ие болса, қазіргі уақытта экономикалық фактор да негізгі рөл атқарып отыр. «Қырғи қабақ соғыстың» аяқталуы Таяу Шығыстың қауіпсіздік саясатына әсерін тигізген жоқ, Таяу Шығыс державалардың бәсекелестік сахнасы ретінде рөлін сақтады. Таяу Шығыста экономикалық өлшемдерге байланысты аймақтық қауіпсіздік кешені толық қалыптаспаған. Бұған ИИР-сы мен Сириядағы саяси режимдер кедергі келтірсе, оған саяси мәселелер де әсерін тигізіп отыр. Палестина мәселесіне байланысты да аймақ елдері арасында бірауыздылық жоқ. Египет және Иордания Израильмен бейбіт келісімге қол қойып, саяси-дипломатиялық байланыстар орнатса, қалған мемлекеттердің Израильмен саяси байланыстары орнатылмаған. Ал ИИР-сы Израильді мемлекет ретінде мойындамау саясатын ұстанады.

1979 жылғы ислам революциясының жеңісінен кейін ИИР-сы аймақта державалық орынға ұмтылып отыр. Иранның геостратегиялық орналасуы, әскери-саяси және экономикалық күшеюуі бұған мүмкіндіктер береді. Иран 1979 жылдан бастап АҚШ-пен қарсыластық саясатын жүргізіп келеді. Иранның сондай-ақ, аймақта орналасқан Израиль мемлекетімен саяси-дипломатиялық байланыстары жоқ.

Таяу Шығыста ешқандай мемлекет аймақтық көшбасшы мәртебесіне ие бола алмайды. Иранның бұл мәртебеге ие болуына кедергілер көп. Ең алдымен аймақтағы саяси және этноконфессионалды мәселелер бұған кедергі жасайды. Тарихи – мәдени да айырмашылықтар да бар,

Таяу Шығыс супер кешені көп полярлы болып келеді. Бұнда ИИР-сы, Египет, Сауд Арабиясы маңызды орынды иеленеді. Парсы шығанағы аймағы бір полярлы болып есептеледі. Негізінен Сауд Арабиясы басымдық рөл атқарады. Леванта аймағын шоғырланудың ешқандай түріне жатқыза алмаймыз. Мағриб Одағында «араб көктемінен» кейін жағдай өзгерген. Субаймақтар ішінде Парсы шығанағы қауіпсіздік режиміне өткен. Ал Леванта қақтығыстар құрылымы рөлін сақтап отыр. Жалпы Таяу Шығыста классикалық қақтығыстар құрылымы орнаған деп айтуға болады. Бұл аймақта кең көлемдегі соғыс қаупін жоққа шығаруға болады. Жергілікті қақтығыстар сақталғанымен ядролық қауіпсіздікке байланысты үлкен көлемдегі соғыстар болу мүмкіндігі төмен. Бұны экономикалық сұраныспен байланыстырамыз. Аймақтағы саяси тұрақтылықтың сақталуына өздерінің экономикалық сұраныстарына байланысты АҚШ, Ресей және Қытай мемлекеттері мүдделі. Аймақта қақтығыстар бар, бірақ аймақ мемлекеттері оларды реттеу үшін өзара ынтымақтасуға дайын.

Иранның аймақтағы көшбасшылық рөлін араб елдері және АҚШ пен Израиль қабылдамайды. Сондықтан Иран аймақта үстемдік рөл атқара алмайды.

Таяу Шығыс аймағы қауіпсіздігінің ең басты мәселесі – лаңкестік. Таяу Шығыстағы лаңкестікті араб-израиль қақтығысымен, күрдтер мәселесімен және радикалды исламмен байланыстырады. Аймақтағы лаңкестік негізінен Израильге қарсы бағытталған. Бірақ Израильдің де арнайы қызмет органдары палестина ұлттық қозғалысына қарсы лаңкестік әрекеттерді пайдаланады.

Таяу Шығыс аймағының қауіпсіздік саласының ерекшелігі қауіпсіздікті қарастыратын ортақ құрылымдар, яғни келісімдер, режимдер жоқ. ПШАМЫК шеңберінде қауіпсіздік саласында ынтымақтасу қарастырылып жүр, «Түбек қалқаны» деп аталатын түбек елдерінің әскери қорғаныс күштері құрылған. ПШАМЫК елдері осы ұйым мүшелерінің және Ирак пен Иранның қатысуымен аймақтық қауіпсіздік құрылымын құру туралы көзқарастарды да ұстанады. Осы жүйенің элементі ретінде Парсы шығанағы аймағын жаппай қырып – жоюдан азат аймақ ретінде жариялау идеясы ұсынылып отыр. Бузан-Вэбер теориясы бойынша Таяу Шығыстағы халықаралық саясаттың аймақтық және жаһандық деңгейлерінің ұштасуын қарастырып өттік.

XXI ғ. басы халықаралық қауіпсіздік саласы түбегейлі өзгерістерге ұшырады, бұл оның жаңа қауіп-қатерлерінің пайда болуымен байла-

нысты. «Ескі» немесе дәстүрлі қауіп-қатерлер артқа ысырылды. Бүгінгі күндегі жаңа қауіп-қатерлерге халықаралық лаңкестік, жаппай қырып жоятын қаруды және оны жеткізу құралдарын тарату, сонымен бірге ішкі әскери қақтығыстар жатады [6]. Бұл жаңа қауіп-қатерлер бұрында да болғанымен, ол екі держава арасындағы бақтастыққа байланысты көлеңкеде қалып қойды.

Оны қамтамасыз ету жаңа стратегиялық ойлауды, жаңа материалдық-техникалық базаны, жаңа әскери-саяси құрылымдарды және халықаралық ұйымдық құқықтық жүйені талап етеді. Қазіргі замандағы әлемдік саясат пен халықаралық қатынастардың негізгі үдерістерінің бірі жаһандану болып табылады. Қауіпсіздіктің ішкі және сыртқы әрекеттерінің тереңдігі күшейеді.

Әдебиеттер

- 1 Цыганков П.А. Теория международных отношений: учебник. – М., 2007. – 557 с.
- 2 Калиева Д.А. Теория безопасности: традиционный и новые подходы // <http://www.kisi.kz/img/docs/1251.pdf>.
- 3 Современные международные отношения. / Под ред. А.В.Торкунова, А.В.Малыгина. – М., 2012. – 688 с.
- 4 Лукин В.Н., Т.В. Мусиенко. Традиционные и новые парадигмы безопасности: сравнительный анализ // <http://credonew.ru/content/view/589/58/>
- 5 Лукин А.Л. Теория комплексов региональной безопасности и Восточная Азия // Ойкумена. 2011. № 2. – С. 7-18.
- 6 Васильев А.М., Петров Н. Рецепты Арабской весны. Русская версия. – М., 2012.- 304 с.

References

- 1 Tsygankov P.A. Teoriya mezhdunarodnykh otnosheniy: uchebnik. – M., 2007. – 557 s.
- 2 Kalieva D.A. Teoriya bezopasnosti: traditsionnyy i novye podkhody // <http://www.kisi.kz/img/docs/1251.pdf>.
- 3 Sovremennyye mezhdunarodnyye otnosheniya. / Pod red. A.V.Torkunova, A.V.Malygina. – M., 2012. – 688 s.
- 4 Lukin V.N., T.V. Musienko. Traditsionnyye i novyye paradigmy bezopasnosti: sravnitel'nyy analiz // <http://credonew.ru/content/view/589/58/>.
- 5 Lukin A.L. Teoriya kompleksov regional'noy bezopasnosti i Vostochnaya Aziya // Oykumena. 2011. № 2. – S. 7-18.
- 6 Vasil'yev A.M., Petrov N. Retsepty Arabskoy vesny. Russkaya versiya. – M., 2012.- 304 s.

Мен Д.В., Шатекова Г.К.

**Глобализация и роль
корейского языка в Казахстане
в процессе подготовки
к профессиональному
самосовершенствованию**

В статье рассматривается проблема изучения корейского языка как необходимое условие профессионального самосовершенствования студентов в эпоху глобализации и интеграции. Изучение корейского языка способствует у студентов развитию глобального мышления, их логики, формированию навыка лаконично выражать свои мысли и на родном языке, дает возможность познакомиться с корейской культурой и особенностями менталитета. Свободное владение корейским языком устраняет проблему языкового барьера во всех сферах общения в рамках профессиональной деятельности.

Ключевые слова: глобализация, корейский язык, интеграция, профессиональная деятельность.

Men D.V., Shatekova. G.K.

**Globalization and role of korean
language in preparation process
to vocational self-cultivation**

The article views learning a Korean language as a necessary means of the students professional growth in the era of globalization. Korean language are not a luxury, but a necessary tool helping to elaborate global thinking, to develop one's logic, to acquire the skill of expressing one's thoughts, precisely, to get acquainted with foreign culture and mentality. Fluent Korean language promotes professional communication in all spheres of human activity (studying, sports, arts, technology, trade and many others).

Key words: globalization, the Korean language, integration, professional activities.

Мен Д.В., Шатекова Г.К.

**Қазақстанда кәсіби өзін-өзі
жетілдіру барысындағы корей
тілінің рөлі және жаһандану**

Мақалада корей тілін студенттердің жаһандану және бірлесу заманында қажетті шартта кәсіби жетілдірілуі мәселесі қарастырылады. Корей тілінің меңгерілуі студенттерде ғалами ойлау қабілетін, логикасының дамуын, өз тілімен бірге корей тілінде де өз ой-пікірін еркін білдіруге, сонымен қатар корей мәдениеті мен корей халқының ой-санасын түйсінуге ықпалын тигізеді. Корей тілінің жетік меңгерілуі профессионалдық қызметте кез келген мәселені жояды.

Түйін сөздер: жаһандану, корей тілі, интеграция, кәсіби іс-шаралар.

**ГЛОБАЛИЗАЦИЯ
И РОЛЬ КОРЕЙСКОГО
ЯЗЫКА В КАЗАХСТАНЕ
В ПРОЦЕССЕ
ПОДГОТОВКИ
К ПРОФЕССИОНАЛЬ-
НОМУ САМОСОВЕР-
ШЕНСТВОВАНИЮ**

Вследствие глобальных изменений в обществе в Казахстане, как во всем мире в целом, изменилась роль иностранного языка в системе образования, и из простого учебного предмета он превратился в базовый элемент современной системы образования, в средство достижения профессиональной реализации личности. В данном случае речь идет о корейском языке. Изучение иностранного языка в Казахстане – это один из важных составляющих моментов в жизни современного успешного человека. Знание иностранного языка не просто желательно, оно необходимо. Сегодня появляется все больше людей, желающих знать корейский язык (кстати, не только для корейцев), потому что это знание дает им новые возможности и делает богаче их духовный мир.

В идеале образованный стремящийся к самосовершенствованию человек должен владеть несколькими иностранными языками, постоянно их шлифовать и улучшать, потому что изучение иностранного языка совсем не скучный процесс. Это творческое, увлекательное занятие, которое развивает мировоззрение, позволяет совершенствовать логическое мышление, умение выражать свои мысли кратко и четко.

Во все времена, начиная с глубокой древности, люди изучали самые разные иностранные языки. Это были не только языки соседских племен, народов и стран, но и языки более удаленных местностей, они также не оставались без внимания. И, как правило, для каждого отрезка времени можно выделить иностранный язык, который вызывает наибольший интерес [1].

Что же изменилось с тех пор, как Казахстан получил полную независимость и суверенитет? К началу 90-х годов XX века главный политический вектор меняется. На авансцену выходят иностранные языки, с ними люди изучают, общаются и становятся языком всемирной коммуникации и международного общения. Корейский язык пользуется большой популярностью и в лингвистических исследованиях. Корейский язык становится важнейшим языком не только потому, что он приобретает роль международного общения двух стран Кореи и Казахстана, но и еще и потому, что корейская и казахстанская политика неразрывно связаны.

Если в предыдущие десятилетия XX века круг людей в СССР и в Казахстане, испытывающих необходимость общаться на корейском языке, был достаточно узок, то в настоящее время ситуация изменилась. Корейский язык изучали активно при Союзе только в университетах Москвы и Ленинграда. Там готовили специалистов по корееведению. В остальных союзных республиках круг изучающих этот язык был крайне ограничен.

Коммуникационные и технологические преобразования в обществе вовлекли как в непосредственное, так и в опосредованное общение (например, через систему Интернет) довольно большого количества людей самых разных профессий, возрастов и интересов, что привело к возрастанию потребности в использовании корейского языка. Языковая культура сейчас является неотъемлемой и существенной частью культуры человека в целом.

С реализацией новой языковой политики, нацеленной на удовлетворение как общественных, так и личных потребностей по отношению к корейскому языку, связано создание гибкой системы выбора языков и условий их изучения, а также вариантной системы форм и средств обучения, отражающих современное состояние теории и практики обучения корейскому языку. По-прежнему владение корейским языком является незаменимой составляющей образования успешных людей. Подобный пункт уже давно включен в большинство анкет отделов кадров государственных и коммерческих учреждений. Те, кто кроме родного языка умеет изъясняться еще на нескольких, имеют больше возможностей, у них богаче внутренний мир, совершеннее логика. И наконец, если говорить об имидже, нельзя не согласиться с тем, что такие люди производят благоприятнейшее впечатление на окружающих [2].

В связи с этим изучение корейского языка в системе обязательного и дополнительного образования приобрело широкие масштабы. Специалисты со знанием корейского языка требуются все большему числу компаний и учреждений, и имеющийся спрос на языки подталкивает преподавателей и деловых людей к открытию курсов корейского языка, лингвистических центров и других учебных заведений, предлагающих услуги по обучению корейскому языку. Студентам и школьникам как в силу их возраста, так и по причине необремененности семейными обстоятельствами намного проще выучить этот язык.

Безусловно, открывая для себя мир чужого языка, человек открывая новые возможности для

развития собственной личности, а именно интересную работу, глобальное мировоззрение, новую страну, другую культуру, заокеанских друзей и большие научные перспективы. Корейский язык – нынче востребованный товар на рынке образовательных услуг, но не следует подходить к нему как к источнику материальных благ.

А теперь поговорим о глобализации и об иностранном языке (в данном случае, как мы говорили о корейском языке). Одним из первых, кто обратился к проблематике глобализации ещё в 90-е годы XX века, был американский социолог Роланд Робертсон, определивший ее как совокупность процессов, делающих единым социальный мир [3].

На протяжении двух десятилетий термин «глобализация» используется для обозначения нарастающей взаимозависимости мира – экономической, социально-культурной и политической [4]. В последние годы XX столетия человечество обнаружило себя в неизвестной доселе ситуации – тотальной глобализации всех происходящих в нем и с ним процессов. Процесс глобализации, наблюдаемый всем миром, означает возникновение гибридной мировой культуры, смешение национальных традиций, усиление сотрудничества между нациями проявляется в унификации и единении самых различных аспектов жизнедеятельности людей – их мировосприятия и мировоззрения, потребностей и трудовых навыков, политики и экономики, социальной жизни и производства, науки и образования, культуры и искусства, религии и языка, государственности образа жизни, демографии и т.д.

Можно дать следующее развернутое определение современных глобализационных процессов: «Глобализация есть многомерный объективный процесс становления глобальной общности людей в масштабе всего человечества в единстве с природной сферой планеты Земля. Замещения локальных, изолированных форм и норм жизнедеятельности людей общемировыми, формирование единообразия и иных форм общения между людьми. Действительно, сферы и направления глобализации многообразны. Сферы и направления глобализации выступают не сами по себе, не фрагментарно и изолированно друг от друга, а в тесном взаимном переплетении, как единый процесс, являются хотя и разнородными, но органически взаимосвязанными и взаимодействующими атрибутами жизни человечества как глобальной общности в единстве с природной средой планеты Земля [5].

В настоящее время появились новые формы международного сотрудничества. Интернационализация высшего образования сегодня подразумевает студенческую и преподавательскую мобильность, реформ программ и учебных планов, сотрудничество в научно-исследовательской сфере через сети и ассоциации, открытое и дистанционное обучение без границ, региональное и зарубежное сотрудничество учебных заведений, международное разделение труда, предпосылкой успешной кооперации является отсутствие языкового барьера. Все понимают, что первая попытка успешного международного сотрудничества – это обеспечение взаимопонимания посредством преподавания, с одной стороны, и изучения общего языка – с другой. В этом отношении Корея и Казахстан обучению корейского и казахского языков обращают особое внимание.

Мировая глобализация, интеграция между Кореей и Казахстаном, трансформационные процессы привели к бурному росту контактов во всех сферах нашей жизни на межкультурном уровне. Коммуникация с представителями других культур стала частью нашей повседневности. Международные контакты имели место во все времена, но сегодня, как никто, они носят глобальный и массовый характер. Мир стал более открытым, а живущие в нем люди более мобильными. Туристические поездки, обмен студентами, преподавателями с целью более глубокого изучения языка, культуры, стажировки ученых и международные конференции, концерты, личные контакты – вот далеко не полный перечень ситуаций межкультурного общения, прочно вошедших в нашу повседневность.

Под влиянием глобализационных процессов увеличивается количество моделей социального поведения, и одним из новых условий социальной мобильности и успешной адаптации в социальном пространстве становится владение корейским языком. С развитием международных деловых контактов, освоением новых зарубежных технологий и интенсификацией профессиональной деятельности в тесном контакте с корейскими специалистами особенно возросла потребность в специалистах, владеющих корейским языком.

Таким образом, наше время отмечено глобализацией экономики, интеграцией политической, культурной и хозяйственной жизни, что ведет к укреплению связей между странами в различных областях. Все эти изменения привели к значительному повышению роли ко-

рейского языка в обществе. Сегодня владение корейским языком не роскошь, как это было когда-то, а жизненная необходимость для корееведов. Корейский язык необходим не только для того, чтобы эффективно взаимодействовать между Кореей и Казахстаном в политике, науке, культуре, экономике. Основным момент в изучении корейского языка – это возможность окунуться в мир загадочного и непостижимого, возможность общения с людьми другого пласта мировоззрения и ментальности. Владение корейским языком становится в настоящее время для корееведов одним из условий профессиональной компетентности. Владение корейским языком оказывается актуальным для молодежи корееведов, желающих найти хорошую работу, соприкоснуться с внешним миром, улучшить свои культурологические знания. Согласно социологическим исследованиям, большая часть студенческой молодежи считает, что изучение корейского языка помогает познанию другой культуры, учит толерантности и развивать память, расширяет кругозор, а также является важнейшей составляющей при их трудоустройстве в корейских фирмах, поэтому знать этот язык обязательно.

Практически невозможно представить себе жизнь современного корееведа, не знающего корейского языка, ведь большинство современных средств коммуникации и общения ориентированы на корееведов, в той или иной мере владеющим этим языком. Корейский язык является не только средством коммуникации между странами Кореи и Казахстаном, но и условием успешного взаимодействия, как отдельных людей, так и в условиях экономической, политической и культурной интеграции.

Наша справка. На корейском языке говорят более 80 миллионов корейцев. Корейский язык входит в двадцатку крупнейших языков мира. На казахском говорят почти на порядок меньше – где-то 10 миллионов человек. Казахский язык входит в группу тюркских языков, чего не скажешь о корейском – корейский язык как бы сам по себе, изолированный, хотя схожести с языками из разных языковых семей и групп имеются. Немалое влияние на численность говорящих на том или ином языке оказывает такой фактор, как активность государства в продвижении своего языка.

В последние десятилетия Республика Корея стала активно экспортировать свой язык. А с началом южнокорейского бизнеса в Казахстан началось и «вхождение» корейского языка в Казахстан.

В настоящее время в 8 вузах Казахстана изучают корейский язык, где общей сложности обучается более 250 человек. С учетом тех, кто обучается корейскому языку в качестве второго иностранного, активно изучающих этот язык наберется около тысячи. К ним можно прибавить учащихся корейского Центра просвещения в Алматы.

В Корее интерес к казахскому проявляют люди, которые считают, что, избрав редкую

профессию и получив узкую специальность, они тем самым получают больше шансов сделать карьеру. В Казахстане они пользуются большим уважением, в своей же стране они являются эксклюзивными специалистами по казахской филологии и Казахстану. В Казахстане же интерес к корейскому языку подстегивается, прежде всего, желанием найти работу в корейских фирмах с хорошей зарплатой [6].

Литература

- 1 Иностранные языки и политика // Норма-ТМ. – 2008. режим доступа: [http:// www.norma-tm.ru/lang&policy.html](http://www.norma-tm.ru/lang&policy.html)
- 2 Общая теория глобализации и устойчивого развития // Х.А. Барлыбаев и др. – М., 2003.
- 3 Знание иностранного языка – значение при трудоустройстве. – М., 2011.
- 4 Знание иностранных языков открывает большие возможности, – убеждены россияне //Корпоративная культура. – 2008.
- 5 Иноземцев В.Л. Современная глобализация и ее восприятие в мире. – М., 2008.
- 6 Ким Г.Н. Избранные труды по корееведению. – Тараз-Алматы: ЖИЦ «Сенім», 2013. – С. 720-721.

References

- 1 Inostrannye jazyki i politika // Norma-TM. – 2008. rezhim dostupa: [http:// www.norma-tm.ru/lang&policy.html](http://www.norma-tm.ru/lang&policy.html)
- 2 Obshaja teorija globalizacii i ustojchivogo razvitija // H.A. Barlybaev i dr. – M., 2003.
- 3 Znanie inostrannogo jazyka – znachenie pri trudoustrojstve. – M., 2011.
- 4 Znanie inostrannyh jazykov otkryvaet bol'shie vozmozhnosti, – ubezhdeny rossijane //Korporativnaja kul'tura. – 2008.
- 5 Inozemcev V.L. Sovremennaja globalizacija i ee vosprijatie v mire. – M., 2008.
- 6 Kim G.N. Izbrannye trudy po koreevedeniju. – Taraz-Almaty: ZhIC «Senim», 2013. – S. 720-721.

Жекенов Д.Қ.

**Қытай Халық Республикасы
төртінші буын басшыларының
сыртқы саясаттағы
ұстанымдары (2002-2012 жж.)**

Қытай Халық Республикасы қарқынды даму кезеңін бастан кешіруде. Қазақстан Республикасы Қытаймен мәңгілік тарихи-географиялық көрші. Көршіміздің ішкі-сыртқы саясаты белгілі бір дәрежеде біздің егемен мемлекетіміздің жалпы даму бағытына әсер ететіндігі сөзсіз. Қытай қарқынды дамуынан қауіптенеміз бе, қуанамыз ба? Қарқынды дамуының сыры неде? Осындай сұрақтарға жауап табу үшін, Қытай саясатының, мемлекеттік жүйесінің және Қытай Коммунистік Партиясының ішкі мазмұнына терең үңілу керек. Қытай Халық Республикасын 2002-2012 жылдар аралығында ҚКП ОК бас хатшысы Ху Цзиньтао бастаған қытай билігінің төртінші буын өкілдері басқарды. Төрағаның ішкі-сыртқы саясаттағы ұстанымдары 2007 жылдың 15-21 қазан аралығында өткен ҚКП-ның XVII съезінде бекітілген партияның жаңа жарғысы мен бағдарламасында айқын көрінеді. Мақала осы съезде бекітілген жарғыдағы мәліметтерді талқылып, қытайдың сыртқы саясатына сараптама жасайды.

Түйін сөздер: Қытай Халық Республикасы, Ху Цзиньтао, сыртқы саясат, «бейбітшілік және даму».

Zhekenov D.

**The conception of foreign policy
of the fourth generation of China
(2002-2012)**

The People's Republic of China is rapidly developing last several decades. The Republic of Kazakhstan is a perennial historical and geographical neighbor country of the People's Republic of China. The Chinese foreign and domestic policy obviously have a substantial influence in our economic and political circumstances. What kind of pros and cons do we have from the significant developing of China? We have to figure out, and find an answer toward this questions. During the 2002-2012 years Hu Jintao and the fourth generation of the Chinese political power had led the PRC. The conception of the foreign policy was shown in the new regulations and in the new program of the XVII congress of the Chinese Communist Party in 2007, October 15-21. This article deals to investigate the conceptions of foreign policy in the new program of the party as well as the influence of PRC to the entire world.

Key words: People's Republic of China, Hu Jintao, foreign policy, «peace and development».

Жекенов Д.Қ.

**Принципы внешней политики
руководителей четвертого
поколения КНР (2002-2012 гг.)**

КНР живет в эпоху интенсивного развития. Казахстан является исторически-географическим соседом КНР. Безусловно, что КНР имеет влияние на курс направления развития нашего независимого государства. Должен ли радовать или настораживать фактор столь интенсивного развития? В чем секрет прогрессивного развития КНР? Чтобы ответить на вышеперечисленные вопросы, мы должны изучить государственную систему КНР, а также ознакомиться с внутренним содержанием Китайской коммунистической партии. 2002-2012 годах КНР руководило четвертое поколение власти во главе с секретарем ЦК ККП Ху Цзиньтао. Принципы председателя во внешней и внутренней политики КНР можно проследить в уставе и программе партии, утвержденной на XVII съезде от 15-21 октября 2007 года. Статья посвящена интерпретации данного документа, а также анализу внешней политики КНР.

Ключевые слова: Китайская Народная Республика, Ху Цзиньтао, внешняя политика, «мир и развитие».

**ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ
РЕСПУБЛИКАСЫ
ТӨРТІНШІ БУЫН
БАСШЫЛАРЫНЫҢ
СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ
ҰСТАНЫМДАРЫ
(2002-2012 жж.)**

Қытай Халық Республикасы қарқынды даму кезеңін бастан кешіріп жатыр. Оған күйініп те, сүйініп те қарап отырған мемлекеттер жетерлік. Қазақстан Республикасы Қытаймен мәңгілік тарихи-географиялық көрші. Көршіміздің ішкі-сыртқы саясаты белгілі бір дәрежеде біздің егемен мемлекетіміздің жалпы даму бағытына әсер ететіндігі сөзсіз. Қытай қарқынды дамуынан қауіптенеміз бе, қуанамыз ба? Қарқынды дамуының сыры неде? Біздің жас мемлекетіміз үшін, Қытайдан нені үйрену, неден жирену керек? Осындай сұрақтардың барлығына жауап табу үшін, Қытай саясатының, мемлекеттік жүйесінің және Қытай Комунистік Партиясының (ҚКП) ішкі мазмұнына терең үңілу керек.

Қытай Халық Республикасын 2002-2012 жылдар аралығында ҚКП ОК бас хатшысы Ху Цзиньтао басқарып келді. Ху Цзиньтао басқарған мерзімде Қытайдың халықаралық сахнадағы бет-әлпеті жаңаша күйге өзгерді. 2001-2005 жылдарда Қытайдың сауда айналымы 3 есеге өсті. Осы жылдар ішінде Қытайға тікелей шетелдік инвестициядан 600 млрд доллар түсті. Дәл сол жылдары Қытай америкалық құнды қағаздарға 700 млрд долл. салды. Тек қытайлық кәсіпорындардың тікелей шетелдік инвестициялары 20 жылда 37 млрд долларды құрады, соның ішінде 2002-2005 жылдары 17,9 млрд долларды құраған. Ал Қытайдың сенімді дерек көздеріне сүйенер болсақ, 2001-2007 жылдары сыртқы сауданың орта есеппен жылдық өсімі 21,6% құрады. Тіпті, әлемдік қаржы дағдарысы болған 2008 жылдың өзінде сыртқы сауданың өсімі 17,2% сақталған [1, 45]. Ал 2010 жылғы Қытайдың тауар экспорт және импортының жалпы көлемі 34,7% өскен [2, 42 б.]. «Goldman Sach» халықаралық қаржы-экономикалық орталығының мамандары 2027 жылы қытай экономикасы АҚШ экономикасына теңесетінін, ал 2050 жылға қарай тіпті екі есеге артық болатындығын болжайды. Мұндай болжамдарды жасауда «Goldman Sach» қытайдың соңғы бірнеше онжылдықтардағы көрсеткен барлық экономикалық даму жолын негізге алады [3, 17 б.].

Осындай тамаша көрсеткіштерге қол жеткізген төртінші буын басшыларының ішкі-сыртқы саясаттағы ұстанымдарының барлығы 2007 жылдың 15-21 қазан аралығында өткен ҚКП-ның XVII съезінде бекітілген партияның жаңа жарғысы

мен бағдарламасында айқын көрініс тапқан. Ху Цзиньтаоның съезде жасаған баяндамасы ҚХР-дың жалпы қазіргі жағдайын зерделеуде таптырмас құжат. Сонымен, ҚКП-ның XVII съезі Ху Цзиньтаоның «Өзіне тән қытай социализмінің ұлы есімін жоғары көтеріп, орта табысты қоғам құру ісінде жаңа жеңістерге жету үшін күресу» атты баяндамасымен басталды.

Ресми баяндамаға осындай атау беру арқылы ҚКП-ның негізгі ұрандары мен партияның халық алдындағы уәделері белгіленді. Ол өзіне тән қытай социализмімен даму және орта табысты қоғам құру. Яғни, партияның дамуын жалғастыра отырып, мемлекеттерді барлық адамдардың өмір сүру деңгейін көтеру мақсатында жұмыс істеу. Біз қарастырғалы отырған сыртқы саясат та, ең бірінші кезекте осы мақсаттарға жұмыс жасау керек. Сыртқы саясатпен халықаралық қатынастар мәселесіне көшпестен бұрын, съездің негізгі тақырыптарына тоқталсақ:

- басшылыққа Дэн Сяопиңнің теорияларын және «биліктің үш өкілдігі» сияқты маңызды ойды ескере отырып, өзіне тән қытай социализмінің ұлы есімін жоғары көтеру;

- ғылыми көзқарастырды терең және кезең-кезеңімен өмірдің дамуына пайдалану;

- реформа және ашықтық саясатын нақты ұстану;

- қытайдың ішінде гармониялық қоғам, дүниежүзінде гармониялық әлем құру;

- орта табысты қоғам құру ісінде жаңа жеңістерге жету үшін барынша сапалы күресу [4, 134].

Тақырыптарда ашық түрде болмаса да, халықаралық қатынастарға және сыртқы саясатқа мән берілген. ҚКП басшыларының көзқарастары бойынша, Қытай жаңа ғасырда реформа және даму кезеңін бастан кешіріп отыр. Оның барлық мәселелерін тек ұстанған бағытты жалғастыру арқылы шешуге болады. Реформа мен дамуды тоқтату – Қытай мемлекетін құрдымға жіберу деген сөз. Тақырыптарды түсіндіру барысында әлемнің және Қытайдың қазіргі жағдайына, әлемдегі Қытайдың орнына төмендегідей баға беріледі.

«Бүгінгі күні барлық әлемде терең және ауқымды өзгерістер болып жатыр. Қытайда да терең және ауқымды өзгерістер болуда. Бізге бұрын соңды болмаған кедергілер мен мүмкіншілік туып отыр. Кедергілерге қарағанда, мүмкіншіліктеріміз зор. Жалпы партия өзіне тән қытай социализмінің ұлы есімін мықты және жоғары ұстауы, халықты жаңа тарихи даму бағытына ертуі, маңызды стратегиялық мүмкіншілікті іске асыруы, шындыққа ұмтылуы, бұл ұм-

тылыстарды нақты шаруаларға жұмсауы, орта табысты қоғам құруды ынталы түрде жалғастыруы, социализмнің жаңашалануын тездетуі және өзінің тарихи миссиясын орындауды жемісті аяқтауы керек.

Әлемдегі жағдай өте тез өзгереді. Қытай қолында бар мүмкіншілікті мемлекеттің ішкі мәселелерін жемісті шешуге уақытылы пайдалануы керек. Сонымен қатар, оқиғалардың қалыпты бағытына орай, Қытайға тарихта болмаған кедергілер мен қауіптер де төніп тұр. Басқаша айтсақ, егер біз мұндай мүмкіншілікті уақытылы пайдалана алмасақ, орасан зор қатерлер орын алады» [5, 23].

Мұндай талқылаулар ең алдымен санаға сақтық деген сөзді әкеледі. Басқаша айтсақ, бейбіт заманда тыныштықта өмір сүре бер, бірақ қауіп-қатерлер туралы үнемі ойлап жүру керек. Бұл қытай дамуының мыңжылдықтардан бері келе жатқан көнетөз жолы. Тарихта Қытайдың мүмкіншіліктерін пайдалана алмай қалған кезінен, іске асырған кездері көбірек. Ендеше, осы бір тұста біздің да мемлекетіміз үшін бір түйін.

Ху Цзиньтаоның ресми баяндамасы он екі бөлімнен тұрады. Соның он бірінші бөлімін «Бейбітшілік және даму жолымен бұлтарпай жүру» деген атаумен сыртқы саясат мәселесіне арнапты. Бұл бөлім төмендегідей талқылаумен басталады.

«Қазіргі уақытта барша әлем ұлы өзгерістер мен ұлы реттелулер кезеңін бастан кешіріп отыр және тап осы бейбітшілік пен даму бұрынғысынша дәуірдің басты тақырыптары мен мәселелері болып қалуда. Бейбітшілікке деген ұмтылыс, даму мүддесіне сай қимыл-әрекеттер, ынтымақтастықты іске асыру дәуірдің өтіп болмас ағысына айналды. Көпполюсті әлім құру үдерісін (процесс) енді тоқтану мүмкін емес, экономикалық жаһандану дамуда және күн өткен сайын тереңдеуде, ғылыми-техникалық төңкеріс өзінің даму қарқынын күшейтуде, аймақтық және жаһандық ауқымдағы ынтымақтастық жаңа гүлденіп келеді және енді оны тоқтату мүмкін емес, мемлекеттердің бір-біріне өзара тірек болуы күн өткен сайын артуда, мемлекеттер күштерінің ара-салмағы әлемде бейбітшілікті қорғау бағытында дамуда. Жалпы алғанда мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас тұрақты» [5, 108 б.].

Сыртқы саясатқа арналған бөлімде «сыртқы саясат» деген термин мүлде қолданылмаған. Сол арқылы, сыртқы саясат қызмет етуге тиісті одан да жоғары мақсаттардың бар екендігін жеткізгізі келетін тәрізді. Қазіргі Қытайдың бұл мақсаты, бейбітшілікпен және даму. Сыртқы саясат бей-

бітшілікті, бейбіт ортаны және бейбіт жағдайды қамтамасыз етуі тиіс. Сол арқылы, Қытай дамуын жалғастыруы керек. ҚКП басшылары мақсатқа жету жолындағы бағыттарды, әрекеттерді және қызметтерді нақты көрсетеді және оның жақсы жаманы айыруды ескертеді.

Мұндай қорытындыға ҚКП қазіргі басшылары тарихи қателіктерден сабақ ала отырып жеткен секілді. Тарихқа үңілсек, Мао Цзедун басқарған кезеңдерде ҚКП-ның «соғыс», «жанкешті күрес», «әлемдік сахнада бейбітшілік үшін күрес» деген мағынадағы агрессияға толы бастамалар мен үндеулер орын алды. Мао Цзедун кезеңде Тайваньмен әскери қақтығыстар болды, Мао Цзедун Ким Ир Сеннің ұсынысын қолдап, Корей түбегіндегі соғысқа араласты, Мао Цзедун Үндістанмен шекарадағы әскери қақтығыстарға жол берді, Мао Цзедун Ресейге (КСРО) қарсы «шекаралық соғысты» бастады. Ал оның ісін сенімді жалғастырушысы Ден Сяопин қытай әскерлерін Вьетнамдағы соғысқа аттандырды.

Осының бәрі түптеп келгенде Қытай үшін кесепатын әкелді. Қытайдың және оның көршілерінің халықтары нешелеген жылдар осы тарихи оқиғалардың зардабын шекті (қытайда бұл оқиғаларды осы қырынан талдауға әлі де толық рұқсат бермейді). «Соғысқа дайындық» саясаты Қытайдың дамуына орасан зор кедергілерін тигізіп қана қойған жоқ, тіпті кері шегінуге соқтырды. Бейбіт әрі демократиялық жолмен дамуды сол кездің өзінде ұсынған Ху Яобан, Чжао Цзыян, Лю Шаоци тәрізді Қытай қоғам қайраткерлері бар. Дегенмен, қатал билік олардың ойлағандарын іске асыруға мүмкіншілік бермеді. Соғыс немесе соғысқа деген дайындық секілді ұғымдар Қытай халқының болмысына тән емес еді, керісінше оларға бейбітшілік, «сен тимесең, мен тиме» түсініктері жақынырақ. Бүгінгі күнгі Қытай басшылығы осының бәрін саралай келе көнетоз жолдан сенімдісі жоқ деп тапқан секілді. (Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайына шүкіршілік ете отырып, бізге де өткенге ғылыми негізде терең үңілу керек пе дерсің).

Бейбітшілік ұстанымы мен қатар, маңыздылығы одан бір де кем емес «даму» терминін алға тартады. Бұған дейін «құрылыс» термині жиірек қолданылатын, қазіргі уақытта «даму» туралы көбірек айтылады. Бір қарағанда кең ауқымда бұл терминдер бірін-бірі толықтырушы, біріне-бірі қатысты болып көрінеді. Бірақ, даму, тек материалдық даму емес, бірінші кезекте рухани даму болып отыр.

Ескерте кететін бір жайт, ҚКП басшылары партияның жарғысында, бағдарламасында жә-

не Ху Цзиньтао өзінің докладында өз халықтары үшін де басқа әлім үшін де түсінікті бір мағыналы тілде емес, көп мағыналы тілде жазылған. Яғни, біз өзімізше талқыланған мәселелерді басқаша түсінеміз, сендер (оның ішінде өз халықтары да, қытайтанумен айналысып отырған басқа елдер де бар) қалай ыңғайлы болса солай түсініңдер немесе парасат-пайымдарың жеткен жерге дейін түсінесіңдер дейтін тәрізді. Көптеген терминдер, бастамалар, ұстанымдар мен үндеулерді шетелде басқаша түсіндіруі мүмкін, ал Қытайдың өз ішінде, әсіресе ҚКП ішінде басқаша түсіндіріледі. Бұның өзі сыртқы саясатқа икемділік, саясатқа қажетті құйтырқылық береді.

Ху Цзиньтао бейбітшілік арқылы дамуға, ал даму арқылы бейбітшілікке жетуді ұсынады. Оның жолында мемлекетаралық мүдделерде өзара келісімге келуді, мүдделер үйлесімділігін (гармониясын) табуды, бірте-бірте екі жақтылы, аймақтық және жаһандық қатынастарда гармониялық қатынастар жасауды үндейді. Ал осы жаһандық оқиғалардың көлеңкесінде, қытай басшылары бейбітшілік жағдайын пайдаланып, барлық ішкі мәселелерді шешіп алуды көздейді. Ху Цзиньтао үшін соғысқа дайындалу немесе Қытай шекарасынан тыс жерлерде болса да әскери соғыс қимылдарына қатысу түбегейлі сызып тасталынған. Бірақ, бүгінгі әлемнің даму барысы соғыс қимылдарынсыз-ақ жаулап алуға, ұлтты немесе тілді жоюға болатындығын көрсетіп беріп отыр. Ал Қытайдың соғыс қимылдарынан бас тартуы, басқа мемлекеттерге, мәселен бізге экономикалық, әлеуметтік тіпті демографиялық қауіп төндірмейтіндігіне кепілдік бере алмайды. Яғни, сыралғы көршіміз көнетоз жолымен жылжуын жалғастырады. Қытай ойшылы Конфуций: «Жылына бір бармақ (шамамен 1 см) жылжып дүниені жаулауға болады», - деген екен.

«Сонымен қатар, біздің қазіргі әлеміміз бұрынғысынша тұрақты емес жағдайын жалғастыруда. Гегемонизм мен күштінің саясатты әлі де өз қуатына ие. Өзара қақтығыстар мен әлемнің «ыстық нүктелері» бұрынғысынан кебейе түсті, әлемдік экономиканың теңсіздігі күн өткен сайын артуда, Оңтүстік пен Солтүстіктің (дамушы мемлекеттер мен дамыған мемлекеттерді айтып отыр) арасындағы айырмашылық ұлғаюда, дәстүрлі және дәстүрлі емес қауіп-қатерлер өзара тұтасып барады, әлемдегі бейбітшілік және даму көптеген қиын мәселелер мен қатерлерге қарама-қарсы келіп тұр» [5, 118 б.].

Халықаралық жағдайдың қайшылықты тұстарына ҚКП басшылары осылай баға береді. ҚКП әлемнің қазіргі жағдайына шынайы си-

паттама берген. Гегемонизм деп отырғандары, әлемде Қытайдан басқа бір күштің әлемге иелік етуді «әділетсіз» жалғастырып отырғандығын көрсетеді; күштінің саясаты, белгілі саяси оқиғаларда әртүрлі себептермен Қытай келісе алмайтын кездердегі саяси күштер; өзара қақтығыстар мен әлемнің «ыстық нүктелері», Қытай мұндай жерлерден өзін алысырақ ұстағанды және мұндай оқиғаларды немесе олардың салдарларын өз территориясына, шакарасына жақын аймақтарға да жақындатпауды көздейді. Экономикалық салада әлемдік экономиканың теңсіздігін айта келеп, барлық мүдделі тараптарды ортақ мақсат үшін ұзақ мерзімге бірігуді талап етеді. Бұл оқиғаларда Қытайдың белсенді атсалысуы аса қажет екендігін көрсетеді.

Қауіп-қатерлерге дәстүрлі және дәстүрлі емес деп бөле отырып жеке тоқталған. «Халықаралық терроризм» термині бұл талқылауларда қолданылмаған. Оған қарағанда икемдірек «дәстүрлі емес қауіп-қатерлер» терминін қолданғанды жөн көрген. «Халықаралық терроризм» терминін қолданбау арқылы, Қытай мүдделер қақтығысын, соның ішінде саяси исламизммен түсінбеушіліктерге келіп қалудан, Халықаралық террористік ұйымдардың да қытығына тиюден сақтанады. Осының бәрін сараптай келе, әлем көптеген қиын мәселелер мен қатерлерге қарама қарсы келіп тұрғандығын сөзге түйін етеді. Яғни, ҚХР сыртқы саясаты үздіксіз жоғары сақтық жағдайында, ғаламшардағы жағдайдың даму бағыты кез келген уақытта өзгеруін, жаңа қауіп-қатерлердің пайда болуын жіті қадағалап отырулары тиіс және орын алған жағдайлардың барлығына өз уақытында жемісті жауап қайтарылуы керек.

Жоғарыда көрсетілген қауіп-қатерлермен күресудің жолдарын былай деп көрсетеді.

«Мемлекеттердің дамуына ашылып отырған кез келген мүмкіншілікті бірігіп пайдалану, әртүрлі қиыншылықтарға бірігіп тойтарыс беру, барша адамзаттың бейбітшілік пен дамуына бірігіп атсалысу. Міне осы мақсат – барлық халықтардың түпкі мүдделері, барлық мемлекеттердің армандаған жолы. Біз барлық мемлекеттердің халықтары біріге отырып гармониялық әлемге жетуін тілейміз. Қуатты әлем мен ортақ гүлденуге тек осы жол ғана жеткізеді. Бұл үшін, БҰҰ-ның ұстанымдары мен мақсаттарын, халықаралық құқық пен халықаралық қатынастардың ортақ нормаларын бұлжытпай сақтау керек. Халықаралық қатынастар саласында демократияны, ынтымақтастықты, ортақ жеңістерді жоғары көтеру керек» [4, 57 б.].

Қазіргі Қытайдың сыртқы саясатындағы ұстанымдары, оны халықаралық қоғамның бір мүшесі ғана емес, маңызды бір бөлінбес құрылымы екендігін көрсетеді. Бөлшектену немесе ерекшелену емес, барша қоғамның біртұтастығы – міне осы Ху Цзиньтаоның алға тартпақ ойы. Яғни, бейбітшілік және даму – ол қоғамды құрап отырған барша халықтар мен мемлекеттердің ортақ мүддесі. Бұл мақсаттарға жетудің жолы халықаралық құқықтар мен халықаралық қатынастардың ортақ ережелерін және БҰҰ ұстанымдар сақтау екендігін көрсетеді. ҚКП басшылығы ҚХР қазіргі халықаралық нормалардың барлығын сақтайтындығын айтады. Жеңіс деп, жеке мемлекеттік жеткен жетістігін емес, оның барша адамзат баласына қызмет ету көлемін есептеуді сұрайды. Сол арқылы, ҚХР экономикасы немесе өркениеті барша адамзатқа пайдалы қызмет етеді демекші. Рас, экономикада «бай көбейсе, кедей азаяды» деген түсінік бар. Бірақ, ол кімнің байлығы, қандай мақсатта қызмет етпекші, онда неге қытай ұлтының 80 пайыздан астамы кедейшілікте өмір сүруде, Қытай өркениетінің барша адамзатқа қызмет етеді дегенінде қандай астар жатыр?

«Саясат саласында өзара құрмет және келісімге келуге ұмтылу, біріге отырып халықаралық қатынастарды демократияландыру жұмысын алға жылжыту керек; Экономика саласында – өзара ынтымақтасу, біріміздің кемшілігімізді екіншіміздің артықшылығымен толықтыру, экономикалық жаһандану ісін, теңдік, ортақ пайда, бәріне ортақ деңгейдегі жеңіс бағытына қарай бірігіп жалғастыру; Мәдениет саласында – тәжірибе алмасу, ерекшеліктерді сақтай отырып ортақтыққа ұмтылу, әлемнің әртүрлілігіне құрметпен қарау, барша адамзаттың мәдениет деңгейін гүлдендіру ісін бірігіп атқару; Қауіпсіздік саласында – өзара сенім көрсету, ынтымақтастықты күшейту, халықаралық қақтығыстар мен дау-жанжалдар соғыс қимылдарымен емес бейбіт жолмен шешілуі үшін, ортақ халықаралық ұстанымдарды бұлжытпай орындау, ғаламшардың бейбітшілігі мен тұрақтылығын бірігіп қорғау; Қоршаған ортаны қорғау саласында – өзара көмектесу, күштерді біріктіре отырып алға жылжу, соның арқасында адамзат баласы тіршілік етіп жүрген барлығымызға ортақ Жер шарын бірігіп қорғау және сақтау» [4, 86 б.].

Қытай саясат, экономика, мәдениет, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау салаларында бірінші кезекте барша адамзатқа ортақ мәселелерді алға тартады. Саясат саласында Ху Цзиньтао өзінің «Гармониялық әлем» ұстанымына

сәйкес, барлық халықтарды бір-бірін құрметтеуге шақырады. Теңдік ұстанымын айта отырып, демократия арқылы ынтымақтастыққа ұмтылуды ұсынады. Бұл, ҚХР өзінің халықаралық сахнадағы барлық серіктестерімен, барлық салада келісімге келуге ұмтылатындығын көрсетеді. Экономика саласында да, әлемдік қатынастардың үйлесім табу жолында мүдделердің ортақ екендігін тағы бір рет ескертеді. Мәдениет саласында шыдамдылық пен адамзатқа ортақ мәдениетке ұмтылуды ұсынса, қауіпсіздік саласында әскери қақтығыстардан бас тарта отырып, өзара сенімге қол жеткізуді мақсат етеді.

Ху Цзиньтаоның пікірі бойынша, Қытай мен барша әлемнің қатынастарында тарихи өзгерістер болып жатыр. Қытайдың болашақ даму тағдыры әлем дамуымен тығыз байланысты. Халықаралық қатынастарда қандай оқиғалар орын алса да, ендігі уақытта Қытай тек бейбітшілік, даму, ынтымақтастық және өзара сенім жолымен жүретін болады. Мемлекеттердің егемендігін қорғайтын, оның қауіпсіз дамуы мен өз ерекшелігінің сақталуы үшін күресетін болады. Яғни, қазіргі ҚХР жеке қытай мемлекетінің немесе жеке қытай ұлтының мүдесі үшін емес, барлық мемлекеттер, барша ұлттарға ортақ мүдде үшін күреседі. Қытай тарихындағы беделді басшыларының бірі – Дэн Сяопиң қытай ұлтының өзіне тән қытайлық (ханзулық) ерекшелігін басты назарға ұстаған еді. Ху Цзиньтао қытай ұлты мүддесінің басқа ұлт мүдделерінен ешқандай айырмашылығының жоқ екендігін айта отырып, ортақтыққа ұмтылуды ұсынады. Осы арқылы, Мао Цзедун және Дэн Сяопиң заманымен салыстырғанда уақыт өзгерісінің болғандығын және төртінші буын басшыларының жаңаша өз ұстанымдары мен тандаулары бар екендігін көрсетеді.

Бүгінгі күні әлемнің барлық үлкенді-кішілі, дамыған-дамушы елдерінің барлығының сыртқы саясатында ҚХР-мен қарым-қатынастың формасы қандай болады немесе Қытаймен қалай ынтымақтасамыз деген сұрақтар талқылануда. Барлық мемлекеттер Қытаймен өзара қатынастарда өз мемлекеттеріне қандай да бір пайдалы келісімдерге қол жеткізуге ұмтылумен қатар, өзара қатынастарда зиян шекпеу мәселелерін терең ойлауда. Осының барлығын терең түсіне отырып ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао «Гармониялық әлем» құру идеясын алға тартып отыр. Бұл жер бетіндегі барлық халықтар мен мемлекет мүдделерінің бір-біріне зиян келтірмей, ортақ үйлесім (гармония) табуы. Мұндай ұсынысқа ешбір халық, ешбір мемлекет қарсы келе қоймас, бірақ

әлемнің санқилылығы бір ортақ мақсатқа үйлессе қояр ма екен? Бұл философия заңы бойынша алғашқы нүктеге қайта оралу болар. Қалай болғанда да, бүгінгі Қытай халықаралық жағдайдың қалай өзгергендігіне қарамастан «бейбітшілік пен тұрақтылықтың орталығы» болғысы келеді. Төмендегі ҚКП-ның бағдарламасынан алынған үзінді сөзімізді нақтылай түседі.

«Қытай әрқашан және ешқайда бұрылмаса бейбітшілік пен даму жолымен жүреді. Бұл қытай халқы мен үкіметінің дамудың барлық тенденцияларының және өзіміздің түпкі мүдделеріміздің негізінде қабылданған шешім. Қытай (ханзу) халқы – бейбітшілікті шексіз сүйетін ұлт. Қытай әлемдегі бейбітшілікті тұрақты және батыл түрде қорғайтын күш болып қала береді. Біз барлық мемлекет халықтары мен қытай халқының мүдделерін үйлестіру бағытын ұстанамыз. Әділеттілікті сақтаймыз және әділеттіліктің өрісін кеңейтуге күш саламыз» [6, 29 б.].

Ху Цзиньтао және ҚКП басшылары тағы бір рет өздері ұстанып отырған бейбітшілік және даму Қытай халқының мүддесін ғана емес барша адамзаттың мүддесіне сай екендігін жеткізеді. Сонымен қатар, ҚКП басшылары өз халқының ойына да, қытай мен адамзаттың тұтастығын сіңіргісі келеді. Ал осы тұтастықты, мүдделердің ортақтығын бейбітшілік пен әділеттілік қамтамасыз етеді. Бейбітшілік барлық мағынасында түсінікті болса, әділеттілікті әр тарап әртүрлі түсінеді. Қытай дамушы мемлекеттер мен дамыған мемлекеттердің арасындағы қарым-қатынастарда әділеттіліктің орын алуын талап етеді (Қытай өзін дамушы мемлекетке жатқызады). Дамыған мемлекеттер уақыт өте дамушы мемлекеттердің, соның ішінде Қытайдың мүддесімен санасуына тура келетіндігін ескертеді. Бұған қоса, Қытайдың өз ішінде де, әсіресе ҚКП арасында әділеттілікті әлеуметтік әділеттілік деп ұғынады және барша адамзат түбінде соған жету керектігін, яғни коммунизмнің орнауын күтеді. (Әрине ресми билік бұл туралы қазірше ашық ешнәрсе айтпайды, бірақ қазіргі қытайдың бірқатар ғалымдары бұл туралы ашық жаза бастады).

ҚКП басшылары халықаралық қатынастарда мемлекеттерді үлкен және кішіге, күшті және әлсізге, бай және кедейге бөлуді, олардың барлығын бірдей деп тануды, барлық мемлекеттердің халықтарының құқықтарын құрметтеуді, әр мемлекеттің егемендігін мойындап, оның ішкі істеріне араласпауды ҚХР-дың сыртқы саясатының негізгі ұстанымдары деп таниды. Қытай барлық халықаралық дау-жанжалдар мен қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге, аймақтық

және жаһандық қауіпсіздікте ынтымақтастықты арттыруға күш салады. Қытай сақтық мінез көрсететін қорғаныс саясатын жүргізіп отыр. Қару-жарақ жинау бәсекелестігінен (жарысынан) бас тартады және ешқандай басқа мемлекетке соғыс қауіпін төндірмейді. Қытай гегемонизм мен күштілік саясатының барлық формаларына қарсы және ешқашан экспанциямен айналыспайды. ҚКП бағдарламасында, жарғысында және Ху Цзиньтаоның ресми баяндамасындағы ҚХР сыртқы саясатының ұстанымдары осындай. Бұл шындығында да жаһанның бейбітшілігі мен тұрақтылығын сақтауда аса маңызды ұстаным.

Мемлекеттерді үлкен-кішіге, күшті-әлсізге бөлмеуді ұсынады. Қазіргі Қытай мен Қазақстанды қай жағынан алсаңыз да салыстыруға келе ме? ҚХР секілді әлем экономикасының қозғаушы күшіне айналып отырған мемлекетті қалай «держава» демейсің. Жоқ Қытай шынымен өз мемлекеті үшін емес, барша адамзат баласына жұмыс істеуді көздеп отыр ма? ҚКП басшылары өздерінің ресми баяндамаларында «держава» сөзін пайдаланбауды әдетке айналдырған. ҚХР үшін ендігі уақытта мемлекеттердің барлығы көлем жағынан да, қуаты жағынан да бірдей. Мүмкін экономика бәрінен жоғары болғанда өзінен төменгілердің барлығы бірдей болып көрінер ма екен...? АҚШ және алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттер, мұндай пікірге қалайды? Әрине Қазақстан Республикасы үшін келіссөздердің тең дәрежеде жүргізілгені аса маңызды. Қытай өз сыртқы саясатында барлық салада тең әрі әділетті келісімдерге ұмтылатын болса Қазақстан-Қытай арасындағы трансшекаралық мәселелер неге әлі күнге әділетті шешімін таппай келеді? Қазақстан шекарасына Ертіс пен Іле өзендерінің суы өз мүмкіншілігінен бірнеше есе аз және лас күйінде ағып кіруге қалай? Қазақстан тарапының құзыретті органдарының дүркін-дүркін жасалып жатқан ұсыныстарына екі жаққа да тиімді жауаптар қайтарылып жатқан жоқ. Қазіргі ортақ өзендердің пайдасын Қытай тарапы көбірек көріп отыр және білгілі-бір деңгейде Қазақстан тарапы экологиялық зардаптар да тартып отыр. Ертіс өзенінің бойында екі миллионға жуық қазақстандық жан бағып отыр. Өзен суының санитарлық талаптарға сай еместігі түптеп келгенге ұлтқа, ұрпаққа зиян келтіріп отыр. Мұндай қиыншылықтармен бір біздің мемлекет емес, Қытаймен көрші бірнеше мемлекеттер бетпе-бет келуде. Яғни, мемлекеттер арасында теңдік іздеу, өзінен төменгілерге емес, өзінен қазірге жоғары тұрған АҚШ-қа қарсы бағытталған. АҚШ-тың білгілі бір деңгейде Қытайды шектеп отыруынан

арылғысы келеді және әскери қуаты күшті мемлекеттерден сескенеді. Солармен қақтығыстарға келмес үшін мемлекеттер теңдігін көтереді. Қару-жарақ жинау бәсекелестігінен бас тартады. Қытайдың әскери қуаттылығы АҚШ-пен салыстыруға мүлдем келмейді және жақын аралықта қуып жете де алмайды. Бәлкім сондықтан қару-жарақ бәсекелестігінен бас тартатын болар. Бұл саладағы бәсекелестіктен бас тарта отырып, ҚХР әскери салаға бөлінетін мемлекеттік қаржыны жылдан жылға ұлғайтып келеді.

Экономика мен сауда саласында: «Қытай өзара пайда және бәріне ортақ жеңістер әкелетін ашықтық стратегиясын әрқашан сақтайды. Біз өз дамуымызда негізге ала отырып, аймақтардың және әлемнің дамуына ықпал етеміз, өз мемлекетіміздің дамуын қамтамасыз етумен қатар, біздің серіктестеріміздің әсіресе дамушы мемлекеттердің әділетті мүдделерін қорғауды қадағалаймыз. Біз халықаралық экономика мен сауда саласындағы ережелерді және бізмен серіктестік танытып отырған тараптардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын заңдарды сақтай отырып, нарық кеңістігін кеңейтеміз. Халықаралық қоғамның дамушы мемлекеттердегі халықтардың өмір сүру деңгейін көтеру, кедейшілікпен, жұқпалы аурулармен күрес саласындағы шараларына көмектесеміз. Халықаралық экономика мен сауда саласының құрылымын дамытуға, сауда мен инвестицияның жолдарын жақсартуға қолдау танытамыз. Экономика және сауда саласындағы барлық қайшылықтарды тек бейбіт келіссөздер арқылы шешуге ұмтыламыз. Сонымен қатар, өз пайдасы үшін басқалардың зардап шегуіне жол бермейміз. Біреулердің пайдасы үшін екінші біреулер құрдан болуы тиісті емес».

Қазіргі Қытай сөзсіз экономикалық алпауыттардың біріне айналып отыр. Бес мың жылдам астап тарихы бар елдің мұндай күйге жетуі оңай бола қойған жоқ. ҚХР қарқынды экономикалық дамуы арқылы өзіне тиесіліні талап етіп отыр. Ол халықаралық экономика мен сауда саласының құрылымдарын реттеуде өз мүдделерін ашық қорғауда. Ашықтық саясатын ұстай отырып, өз нарығына шетелдік ірі сауда компанияларының еркін кіруіне мүмкіншілік беруде және олардан заңдық құқықтық талаптарды орындауды мемлекеттік дәрежеде талап етіп отыр.

Қазақстан Республикасының да өз нарығындағы ірі сауда компанияларынан құқықтық нормаларды сақтауды қатаң талап ететін, орындалмаған жағдайда қомақты өтемақы өндіріп алатын мезгілі жеткен тәрізді.

ҚХР жоғарғы басшылығының ресми мәлімдемелерінде өз пайдасы үшін басқаның зиян шекпеуін қадағалау туралы ашық айтылады. Ендеше осы ұстаным Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы екі жақтылы келіссөздер кезінде экономикалық, сауда, ғылыми-техникалық және тағы да басқа салаларда қатаң сақталуы тиіс. ҚР мен ҚХР арасындағы дипломатиялық қатынастарда, Қазақстан жоғарғы билігіндегілер үшін тағы бір түйін.

Қытай басшылығы партияның XVII съездінде бекітілген жаңа жарғысына сәйкес, әлем мемлекеттерін өзінің қарым-қатынас жасау ерекшелігіне орай үш топқа топтастырады. Бірінші топқа дамыған мемлекеттерді жатқызады.

«Қытай барлық мемлекеттермен достық қатынастарды бейбітшілікті қамтамасыз ететін бес негізгі ұстанымды сақтай отырып жалғастырады. Біз дамыған мемлекеттермен стратегиялық келіссөздерді күшейтеміз, өзара сенімге жету жолдарын арттырамыз, ынтымақтастықты тереңдетеміз, қайшы көзқарастарды шешу шараларын атқарамыз, өзара қатынастарды ұзақ мерзімді, тұрақты және бейбіт дамыту ісін алға жылжытамыз».

Қазіргі Қытайда кез келген мемлекеттермен қарым-қатынас жасаудың нақты ұстанымы бар. Ол бейбітшілікті қамтамасыз ете отырып, достық қатынастар орнату. Оның негізгі бес ұстанымы бар екендігін көрсетеді. Яғни, кез келген мемлекет ҚХР-мен өз қарым-қатынастарын орнату және дамыту барысында бейбітшілікті сақтай отырып, Қытай нұсқаған бес ұстанымнан асып кетпеуі керек.

Дамыған мемлекеттер Қытайдың сыртқы саясатында маңызды рөл атқарады, сондықтан да олармен қарым-қатынасты реттеу бірінші кезекке қойылған. Ху Цзиньтао қазіргі халықаралық қатынастардың жағдайын терең түсінгендіктен, дамыған мемлекеттерге ерекше мән береді. ҚКП жарғысында, бағдарламасында және Ху Цзиньтаоның ресми докладында дамыған мемлекеттерге ерекше тоқталғандығымен, бірде-бір мемлекеттің атын көрсетпейді. Мысалы, АҚШ-пен қатынас ерекшеленіп көрсетілмеген. Осы арқылы, ҚКП басшылығы дамыған мемлекеттердің барлығымен теңдей, ешқайсысына басымдық бермей ынтымақтастығын дамытатындығын көрсетіп отыр.

Дамыған мемлекеттермен Қытайдың қарым-қатынастының негізгі мазмұны, стратегиялық келіссөздер. Стратегиялық келіссөздер ғана бейбітшілік пен дамудың тұрақтылығын мәңгі сақтай алады. Яғни, Қытай дамыған мемлекеттер-

мен арадағы кез келген мәселелерді тек бейбіт стратегиялық келіссөздер арқылы ғана шешетін болады. Бұл топтағы мемлекеттермен көзқарастардың қайшылықтары бар және болашақта да көзқарастардың әртүрлілігі жалғасады. Қытай тарапы осы қайшылықтарды шешуге тырысады. Бұл топтағы мемлекеттермен ірі саяси қақтығыстарға келуге мүлде қарсы.

Екінші кезекке көрші мемлекеттермен Қытайдың қарым-қатынасы қойылған. ҚХР өзінің айналасында орналасқан мемлекеттердің барлығымен тату көршілік және достық қатынастарын орнатуды басты назарға алған.

«Біз өзімізді қоршап тұрған барлық мемлекеттермен дипломатиялық бағытты ұстана отырып, олардың жақсы бастамаларына атсалысуға, көршімізді әрқашан өзіміздің серіктесіміз деп тануға, тату көршілік пен достықты сақтауға сонымен қатар, іскерлік ынтымақтастық, аймақтық ынтымақтастықты дамытуға, бейбітшілік, тұрақтылық, өзара теңдік, өзара сенім, ынтымақтастық секілді ұғымдардың орталығын бірігіп қалыптастыруға барынша күш саламыз».

Көрші мемлекеттермен сыртқы саясаттағы қатынас қазіргі ҚКП басшылары үшін ерекше. Бұл Ху Цзиньтаоның сыртқы саясатта бірінші кезекте ҚХР шекарасында бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау концепциясынан бастау алады. Осыдан келе, шекаралас мемлекеттердің барлық жақсы бастамаларына қолдау көрсетуге ынтыланып отыр. Қазақстан Республикасының ҚХР-мен екіжақтылы дипломатиясында ҚКП соңғы құжаттарында нақты бекітілген осы ұстанымдар мен концепциялар жолға қойылуы тиіс. Қытай тарапы мұндай бастамаларды ерікті түрде көтеріп отырған уақытта, біздің мемлекетіміздің сыртқы саясаты үшін бұл ұстанымдарды ұтымды пайдалана білу аса маңызды болар еді. Көршіміздің қуатты экономикасының ықпалын тиімді іске асыра отырып, экономикалық тәуелділікке түсуден сақтану керек.

ҚХР үшін барлық көрші мемлекеттер серіктестер ретінде бағаланады. Бірде-бір мемлекет серіктес емес немесе қарым-қатынастары шиеленіскен мемлекет ретінде көрсетілмейді. Қытай халқының санасының өзінде сіңіп қалған Жапонияның өзіне серіктес ретінде қарайды.

ҚХР аймақтық қатынастарды дамытуды көздейді. Қытай шекарасының маңындағы барлық әлемдік маңызды орталықтарда аймақтық ынтымақтастықты дамытуда ҚХР жетекші орын алғысы келеді. Орталық Азия аймағында Қытай басшылығының ұсынысымен құрылған ШЫҰ аясында да мүмкіндігінше терең байланыстарды

орнатуды көздейді. ҚХР өз шекара аймақтарында бейбітшілік, тұрақтылық, өзара теңдік, өзара сенім орнаған «жұмақ мекенге» қол жеткізгісі келеді. Қытай мемлекетінің ханзуша (қытайша) атауындағыдай Әлемнің бейбітшілік орнаған орталық мемлекетіне (Джунго – орталық мемлекет) айналуға армандайды.

ҚКП құжаттарында мемлекеттердің үшінші тобына дамушы мемлекеттерді жатқызады. Қытай өзін дамушы мемлекеттердің алдыңғы тобына жатқызатындықтан, бұл топтағы мемлекеттермен қарым-қатынас орнату мәселесі терең талқыланған.

«Біз өте көп мемлекеттерден тұратын дамушы елдермен ынтымақтастық пен үндестікті жалғастырамыз, олармен дәстүрлі достықты тереңдетеміз, іскерлік қатынастардың айқымын кеңейтеміз, өзіміздің мүмкіндігімізге көмек көрсетеміз, сонымен қатар, бәрімізге ортақ дамушы мемлекеттердің әділетті талаптарының жалпы әлемде орындалуын қадағалаймыз. Біз көп жақтылылы қатынастарға белсенді араласамыз, халықаралық тиісті міндеттерді орындауды өз мойнымызға аламыз, халықаралық тәртіптердің бүгінгі күннен де әділеттірек орындалуы үшін күресеміз. Біз барлық дамушы мемлекеттердің саяси партияларымен, мемлекеттік органдарымен, қорғаныс саласындағы жауапты орындарымен, қоғамдық ұйымдарымен өзара тәжірибе алмасу және ынтымақтастық пен достықты тереңдету шараларын арттыра түсеміз» [5, 132 б.].

Бұл жерде ең біріншіден саны көп дамушы мемлекеттермен қатынас мәселесі талқыланған. Қытай барлық дамушы мемлекеттер оны олардың бір бөлшегі ретінде қарауды ұсынады. Бұл әлімнің көпшілік пен азшылыққа бөлінетіндігіне қосымша дәлел. Яғни, Қытай аңсап отырған әділеттіліктің жоқ екендігінің көрінісі. Осы ретте, ҚХР дамыған мемлекеттерге барлық дамушы мемлекеттердің атынан олардың ортақ талаптарын ашық айтуға және олардың ортақ мүдделерін қорғауға дайын екендігін ашық білдіреді.

ҚКП-ның XVII съезіндегі ҚХР төрағасы Ху Цзиньтаоның ресми докладының сыртқы саясатқа қатысты бөлімі мындай жалынды сөздермен аяқталады.

«Қытайдың дамуы әлем дамуының ажырамас бөлігі, әлемнің гүлденуі мен тұрақтылықтың сақталуы Қытайдың ажырамас бөлігі. Қытай халқы әлемнің барлық мемлекеттерінің халықтарымен бірге барша адамзаттың тамаша армандарын орындауға бар күш-жігерін салады» [7, 96 б.].

Барша адамзаттың Қытай халқымен, барлық мемлекеттердің ҚХР-мен тағдырларының және даму болашақтарының, тұрақтылық пен гүлденудің ортақ екендігін тағы бір рет ескертеді. Барша Адамзатпен Қытай арасында үзілмейтін және көзге көрінбейтін байланыс бар. ҚХР төрағасы Ху Цзиньтаоның айтқысы келетін көнеқытайлық ойы осы болатын.

Сыртқы саясаттың астарлы ұстанымдары бекітілген 2007 жылғы XVII съездің өткеніне де сегіз жыл болып үлгерді. Бүгінгі күні қытай билігі Си Цзиньпинь бастаған бесінші буын өкілдері ауысты. Билік ауысқан екі-үш жыл ішінде төртінші буынмен салыстырғанда бесінші буын билік басшылары кез келген мәселеде батыл қимылдайтындықтарын тіпті түйінді мәселелерді шешуде қатаңдау мінез көрсете алатындықтарын байқатып үлгерді.

Мақаламыздың басында «Goldman Sach» мамандарының қытай экономикасының болашағы туралы болжамдарын келтірген болытынбыз. Ал Халықаралық валюта қоры соңғы жылдары қытай экономикасында аздаған құлдыраулардың бар екендігін айтады. Халықаралық валюта қорының жаңа болжамдары бойынша қытай экономикасының жылдық өсімі 2019 жылға дейін 6,3% көлімінде сақталатынын болжайды [8]. Егер Ху Цзиньтао басқарған 2002-2012 жылдар аралығында жылдық экономикалық өсім 10%-дан төмін түспегенін ескерсек, Си Цзиньпинь жетекшілік ететін бесінші буын қытай басшыларының алдында орасан зор қиындықтардың тұрғаны айтпаса да түсінікті. Енді екі жылдан кейін 2017 жылдың күзінде Бесінші буын басшылары өздері билік құратын онжылдықтың дәл ортасына жетіп, дәстүрлі түрде жалғасын табатын Қытай коммунистік партиясының кезекті 19-шы съезінде Қытай сыртқы саясатының жаңа асқарларын белгілейтін болады.

Әдебиеттер

- 1 Ван Имин. Еліміздің орта және ұзақ мезгілдік даму динамикасы және экономикалық даму формасын тез өзгерту туралы // Xinhua wenzhay (新华文摘). – Пекин. 2011, №5.
- 2 ҚХР 2010 жылғы халық шаруашылығы және қоғам дамуының статистикалық мәліметі //Xinhua wenzhay (新华文摘). – Пекин, 2011. – № 9.
- 3 Martin Jacques. When China rules the world: The end of the western world and the birth of a new global order. – New York, 2009.
- 4 Feng Zhang. China's new thinking on alliances // Survival: Global politics and strategy. – 2012. – №5.
- 5 Галенович М.Ю Новое лицо Китая. Книга 3. – М., 2008.
- 6 Kerry Brown. Hu Jintao: China's silent ruler. – Singapore, 2012.
- 7 Daniel K. Davis. Hu Jintao (Modern world leaders). – New York, 2007.
- 8 Salvatore Babones. China's predictable slowdown // Foreign affairs, February 18, 2015.

References

- 1 Van Emin. Elimizdin orta jane yzak mezgildik damy dinamिकासу jane ekonomikaluk damy phormasun ozgerty tyralu // Xinhua wenzhay (新华文摘). – Pekin, 2011.
- 2 Kutai Khaluk Respublikasu 2010 julgu khaluk sharyashulugu jane kogam damyunun statustukaluk malimeti //Xinhua wenzhay (新华文摘). – Pekin, 2011.
- 3 Martin Jacques. When China rules the world: The end of the western world and the birth of a new global order. New York. – 2009.
- 4 Feng Zhang. China's new thinking on alliances// Survival: Global politics and strategy. 2012. – №5.
- 5 Galenovich Yuri M. Novoe litso kitaya. 3 том. – М., 2008.
- 6 Kerry Brown. Hu Jintao: China's silent ruler. – Singapore, 2012.
- 7 Daniel K. Davis. Hu Jintao (Modern world leaders). – New York, 2007.
- 8 Salvatore Babones. China's predictable slowdown// Foreign affairs, February 18, 2015.

Nogayeva A.
The Rise of Powers: the United States Or «City On A Hill»

There have been efforts to define the role of the United States in International Relations as an American discipline in an international environment where the USA arose as the sole superpower. In this context, it can be said the Realist/Neorealist school, which is one of the established theoretical schools in international relations, is undergoing a change. In fact, some representatives of the Realist school, who are head over heels due to the USA's «privileged» and «superior position», have been criticised for acting in accordance with views that are close to «hegemony» and «neoliberal views» and ceasing to be Realists. The central role of states by which an ordinary state becomes a «great power», which is one of the most frequently criticised concepts of the Realist approach, the developments that lead to this process and the factors such as the economic and military potentials of great powers are among the sub-topics that will be covered extensively in this study. The state to be able to defend its national interests, it needs to be powerful. In this context, the purpose of this paper is listing of the important historical events to shed light on the status of the US as «great power» by citing the events that contributed to his rise.

Key words: USA, exceptionalism, foreign policy, power, strategy.

Ногаева А.
Күштердің дамуы: АҚШ немесе «Төбедегі қала»

АҚШ жаһанның тетігін ұстаушы күшке айналғаннан кейін оның бұл рөлін халықаралық дәрежеде айғақтайтын жаңа теориялар пайда болды. Осы кезден бастап атақты Реалист/ Неореалист мектеп те өзгеріске ұшырай бастайды. Тіпті АҚШ-тың жеке-дара үстіндігіне байланысты «гегемония», «неолибералды» көзқарастарға жақын сөйлегені және реалист көзқарастан ауытқығаны үшін сынға ұшырап жатты. Реалист көзқарастың ең көп сыналған ұстанымдарының бірі мемлекеттердің орталықтандырылған рөлі, қатардағы бір мемлекеттің суперкүшке айналуы, осы үдеріске септігін тигізетін факторлар, сол секілді үлкен күштердің қылаптысуына жағдай жасайтын экономикалық және әскери потенциалдар қозғалады. Бір мемлекеттің ұлттық мүддесі қорғалуы үшін бұл елдің өзі қайратты және күш-қуаты мықты болуы қажет. Мұндай тұжырымдаманы басшылыққа ала отырып, мақсатымыз маңызды тарихи оқиғаларға қысқа шолу жасап, АҚШ-тың «алып күш» дәрежесіне жету үшін жасаған қадамдарын көрсету болып табылады.

Түйін сөздер: АҚШ, ерекшелігі, сыртқы саясат, күш, стратегия.

Ногаева А.
Взлет держав: США или «Город на холме»

В международной среде, где США возникли как единственная сверхдержава в Международных Отношениях, воспринимаемых в качестве американской дисциплины, были предприняты усилия для определения роли Соединенных Штатов. В этом контексте можно сказать, что школа реализма /неореализма, которая является одним из укоренившихся теоретических школ, переживает свою эволюцию. В самом деле, некоторые представители школы реализма, у которых голова шла кругом из-за «исключительности» и «привилегированного положения» США, были подвергнуты критике за мысли, близкие к неолиберальным взглядам и «гегемонии». Центральная роль государства, с помощью которого обычное его состояние превращается в «великую державу», события, которые приводят к этому процессу, и такие факторы, как экономический и военный потенциал великих держав среди пунктов, которые будут освещены в этом исследовании. Государство должно быть сильным, чтобы быть в состоянии отстаивать свои национальные интересы. В этом контексте цель данной статьи – обратить внимание на важные исторические события, дабы пролить свет на возвышение США, ссылаясь на события, которые привели к их расцвету.

Ключевые слова: США, исключительность, внешняя политика, власть, стратегия.

**THE RISE OF POWERS:
THE UNITED STATES OR
«CITY ON A HILL»**

The United States of America or the «city on a hill» is a country of differences in many respects. (This phrase was first used by John Winthrop in 1630, and later became popular when historian Sacvan Bercovitch argued that the USA was a model of country that was based on a common imagination.) [1] Whereas China and Russia are geographically land states, the USA seems like an island state. When we compare it with the great powers, the USA has a history of only two hundred years. According to French author Fransız Maxime Lefebvre, another distinctive quality of the USA is that although it invented neither freedom, or democracy, nor parliament or human rights, it has imposed the values of liberal democracy all across the world with a messianic and almost religious vision [1; 7 б.].

However, despite its short history and distance from the traditional centers of power, the USA has become the only country that has an extensive network and perception of security since the collapse of the USSR. Besides this, the USA has made significant progress in other fields as to leave its rivals behind. According to Lefebvre, the USA, which became the world's first economic power nearly a hundred years after the British colonies gained their independence, is equipped with a foreign policy characterised by two dominant features: «isolationism and protection of interests provided by power» [1; 11 б.]. According to another view, the USA owes its success to the «imagination» of its people. So, Former American Secretary of State, Condoleezza Rice, pointed out that the USA's success was based on a powerful imagination that depended on the unique concept of American Realism [3]. Determining foreign policy on the basis of the various principles ranging from isolationism to pragmatism, American administrators have not given up the Founding Fathers idea of exceptionalism: However, factors such as favourable world conjuncture, industrial development, qualified workforce that it obtains from abroad, and the policies that it has pursued have played a role in the USA's acquiring its present exceptional status.

At the end of the 20th century, the USA became the driving force of the world economy. Here economic (27 % growth between 1990 and 2007, GNP 13.5 trillion dollars in 2007, which constituted 27 % of the world GNP), military (it has 400 military bases across the world), political-diplomatic and ideological (there are 15 thousand NGOs globally that voice American interests), information –

communication (90 % of the websites are American, 40 % of the computers are in the USA, 100 of the global channels are American, 200 of the largest libraries are in America, 85 % of the cinema sector is American) [4; 26 б.] and education (475.200 foreign students come to the USA for education annually) [5] factors are effective.

As Professor Thomas A. Bailey observed, the USA has emerged as a world power since it declared its independence in 1776. In other words, the «American Age» has been in the making since the nation was established. Even before the «American Age», the colonies were in a position to compete with the great European powers of the time in terms of its population, land area, economic power, wealth of natural resources, and especially ambition [6; 1 б.]. Then, having made a policy change, the USA distanced itself from European affairs and began to pursue isolationist policies. However, as it became the world's largest power as a result of its development in political, economic and military fields thanks to the active role it played in Latin America and Asia, it gradually abandoned its isolationist policies and began to pursue an «interventionist» policy in the regional and international developments. In the early 20th century, the USA intervened in Mexico, the Caribbeans and Latin American countries. Moreover, the American policies towards Central American countries, which are strategically very important, aimed at establishing military, economic and political hegemony in the region [7; 48- 49 б.]. As a matter of fact, the collapse of the Soviet Union in 1991 allowed the USA to establish a strategic supremacy in military, economic, and political fields.

Dynamics of Economic Power

Economic power, which Carr defines as the second tool of national policy, is used to gain power and influence abroad. This power assumes two basic forms: capital export and control over foreign markets. Capital export has become a well-known practice of powerful states [8; 114 б.]. Sectors such as chemicals, automotive and production of white goods are highly advanced thanks to the increased speed of work and mass production. Subsequent to the Second World War, the USA emerged as a great power that has a say on international platforms.

As founders of international financial institutions such as IMF and the World Bank, the USA continues to supervise these organisations. These institutions, which are tools of the international system that was established after World War II, offer loans to countries and thus enable countries to have an economic structure that will adapt to the capitalist international economy. Though the USA is conf-

routed by rapidly growing economies such as China and India, the business world order is predominantly under American control and «all of the modern management methods like Taylorism, Fordism, the role of advisory organisations and supervision have come from the other side of the Atlantic» [2; 94-96 б.].

Besides economic and technical development, the USA was also the greatest «brain collector». Today, too, the USA is among the leading countries that attract a well-educated, qualified, and competent workforce. In a report prepared by Confederation of Turkish Employers' Unions [9], the contribution of qualified immigrants to the American economy was calculated to be about 150 thousand dollars per capita annually. Indeed, the «qualified staff» factor has added to the USA's power. Here, brain drain, which played the most prominent role in the development of Germany and Japan after World War II, can be remembered.

The economic power of the USA is so complicated as to imply that the USA should not behave independently of the EU, Japan, China and others. Since the power distribution may change in economic matters, the USA should not use the concept of «unipolar world» thoughtlessly. The reason for this is that the «common trade policy» pursued by the EU, and establishment of the World Trade Organisation whose international agreements were secured under a legally binding system, emerged as factors that limited the economic power of the USA [2; 95 б.]. However, the military power that the USA possesses is the fundamental reason for the use of concepts such as «the only super power», «unipolarity», «hegemony» and even «American Empire» [10; 14 б.].

The Military Potential of the USA

One of the most important factors that led to Pax Americana in parallel to an increase in the economic power of the USA, which became a Great Power thanks to the aforementioned reasons, is the military supremacy of the USA.

It was reported in the 2006 annual report of Stockholm International Peace Research Institute SIPRI, which is one of the independent research centers in Europe, that military spendings in the world reached 1 trillion 204 billion dollars, and almost half of this figure (46 %), that is 528.7 billion dollars, belonged to the USA alone. Costly operations in Afghanistan and Iraq constituted most of these spendings. (The USA is followed by Britain with 59 billion, France with 53 billion, China with 49.5, Japan with 43 billion, Germany with 37 billion, Russia with 34.7 billion, Italy with 29.9 billion, and Saudi Arabia with 29 billion dollars) [11.]. The

USA and Russia were the biggest arms dealers in the 2002–2006 period. The countries that bought the largest quantities of arms in this period were China and India. The increase in the money allocated to arms purchases was not so high in the Cold War era as it is now. While the increase was 2 per cent annually in the late 1980s, today the annual increase is about 6 per cent. As was stated in the report, the amount of global spending in 2006 increased by 37

per cent in comparison to 10 years before. In other words, countries that increase their economic power also increase their military potential in the name of ensuring their security. On the other hand, according to the 2007 data of International Strategic Research Institute, the total military spendings in the world was 1.36 trillion dollars, and almost half of them, i.e. 644 billion dollars, belonged to the USA [12; 99 6.].




Figure 1 – The share of defense expenditures in military budgets in the world
Sources: SIPRI, U.S. Department of Defense, 2007

As we stated before, the supremacy of the USA seems to be beyond debate thanks to modern weapons and technology. Nevertheless, China and Russia, which began military reforms, are implementing serious modernization efforts in their armies. Even in today's atmosphere of financial crisis, Russia states that it will not reduce its military spendings.

The policy of the USA administration aimed at increasing this massive military potential has gained considerable support from the public. The clearest expression of the society's support or criticism has been the tradition of writing letters to the presidents of the time [13]. The softening of the USA's tough policies during the Clinton administration have been met with criticism [14]. The armed forces of the USA do not only provide security for the country; the continuation of the supremacy of the American armed forces serves an important function in sustaining the privileged and superior position of the USA.

Countries are trying to take lessons from the USA's practices and follow positive examples. For example, Russia is trying to impose its own

currency on the countries close to it with which it has intensive trade. Thus, it is trying to reduce the power of the dollar by increasing the use of ruble (Since an abrupt devaluation of the dollar and the collapse of the system which depends of the power of American economy may lead all countries to decline, this process may be implemented gradually). China, on the other hand, resorted to «copying» the USA's idea of «brain collector». According to news reported in the newspaper China Daily [15], Chinese employers will take advantage of the crisis and provide employment for managers who were laid off in the USA Thus, two goals will be achieved in one go. First, the need for experienced staff will be met and second it will be demonstrated that Chinese economy stands on firm ground. In other words, big states are endeavoring to become big powers and have begun to lay the groundwork leading to this.

From book: Russia, the USA and China in Central Asia: A Pursuit of Balance in the New World Order; LAP Publishing, Saarbrücken, Germany, 2014).

References

1. Amerikan Rüyasının Anatomisi // Washington Profile, 22.09.2005, <http://www.washprofile.org/ru/node/3855>, (Accessed 10.02.2009).
2. Maxime Lefebvre, Amerikan Dış Politikası, trans. İsmail Yerguz.- İstanbul: İletişim Yayınları.- 2005.
3. Condoleezza Rice. Rethinking the National Interest: American Realism for a New World // Foreign Affairs, 18 June 2008, <http://www.inosmi.ru/world/20080618/242032.html>, (Accessed 07.04.2008).
4. Shelyapin F.İ., Politicheskaya sub'ektnost' v Sovremennom Politicheskom Razvitii (Teoriko-Konseptual'nyy Analiz), Moscow, 2008, <http://www.philos.msu.ru/fac/dep/scient/autoreferates/0811shelyapin.pdf> (Accessed 07.04.2009)
5. OECD, Trends in International Migration, Continuous Reporting System on Migration Annual Report 2002, Edition OECD, p.29. retold by Hakan Çetintaş «Küreselleşme ve Beyin Göçü», http://www.bilgiyonetimi.org/cm/pages/mkl_gos.php?nt=229, (Accessed 15.02.2009).
6. Thomas A. Bailey. America's Emergence As a World Power: The Myth And The Verity// Pacific Historical Review. – Vol. 30. – No. 1. – February 1961. p. 1-16.
7. Şatlık Amanov. ABD'nin Orta Asya Politikaları. – İstanbul: Gökkuşbu Yayınları, 2007.
8. Edward Hallet Carr, Twenty Years' Crises, 1919-39, London: Macmillan&Co.Ltd, 1949.
9. Türkiye, en çok beyin göçü veren ülkeler arasında. // Milliyet, 11 October 2007.
10. Joseph S. Nye. Yumuşak Güç, trans. Rayhan İnan Aydın.- Ankara: Elips Kitap, 2005.
11. SİPRİ Yearbook- 2006. Chapter summaries, Press Room, Ministry for Foreign Affairs, Stockholm. – 12 June 2006.
12. Luiza Richardson. Za Predelami Tradicionnogo Balansa Sil // Pro et Contra, December 2007.
13. «Letter to Clinton», 26 January 1998, <http://www.newamericancentury.org/iraqclintonletter.htm>; Bush'a Mektup», 20 September 2001, <http://www.newamericancentury.org/Bushletter.htm>, (Accessed 02.05.2009).
14. William Kristol, Robert Kagan. Toward a Neo-Reaganite Foreign Policy // Foreign Affairs. – July- August 1996. – P. 18-32.
15. Liu Jie. Chinese Companies Look to Wall Street for Talent // China Daily, 25 December 2008, http://www.chinadaily.com.cn/bizchina/2008-11/25/content_7238718.htm (Accessed 25.11.2008)

Базаркулова Б.К.
**Иран Ислам Республикасы
сыртқы саясатының
даму кезеңдері**

Ислам революциясының жеңісінен кейін Иранның сыртқы саясаты ислам дініне және ұлттық мүдделерге негізделді. Басқа мемлекеттермен байланыстар өзара теңдік принциптері мен ынтымақтастық негізінде дамыды. Иранның сыртқы саясатының басты ерекшелігі – тәуелсіздік бағытын ұстану болды.

1979 жылдан бастап ИИР-сының сыртқы саясаты бірнеше даму кезеңдерінен өтті. Иранның сыртқы саясатын анықтауға және жүзеге асыруға қатысатын саяси басшылар әр кезеңнің ерекшеліктерін ескере отырып, белгілі бір қадамдар жасады. Халықаралық жағдайға және елдің ішіндегі саяси жағдайға байланысты Иран сыртқы саясатында белгілі бір бағыттардың маңыздылығы артып отырды. Бірақ конституцияға және саяси жүйеге негізделген Иран сыртқы саясатының мақсаты мен бағыттары түбегейлі өзгерістерге ұшырамады.

Түйін сөздер: сыртқы саясат, ислам революциясы, ислам діні, аятолла Хомейни, президент Хатами, президент Ахмадинежад.

Bazarkulova B.K.
**Stages of Foreign Policy
development of the Islamic
Republic of Iran**

After the victory of Islamic Revolution, the foreign policy of Iran was oriented on Islam and national interests. External affairs of the country were based on the principles of mutual equality and cooperation with other states. The main advantage of Iran's foreign policy was that it focused on independence.

From 1979 onwards, the Foreign Policy of Islamic Republic of Iran underwent several stages of development. There were several attempts taken by political leaders of Iran regarding to its foreign policy, in which specific features of each period were considered. Depending on international and political situation in the country the importance of the foreign policy has increased in particular spheres. However, the external aims and interests of Iran which were based on the Constitution and political system of the country didn't face any crucial changes.

Key words: Foreign Policy, Islamic Republic of Iran, Islamic revolution, Ayatollah Khomeini, President Khatami, President Ahmadinejad.

Базаркулова Б.К.
**Этапы развития внешней
политики Исламской
Республики Иран**

После победы Исламской революции внешняя политика Ирана ориентировалась на ислам и национальные интересы. Страна вела внешнеполитический курс, разработанный на основе принципов взаимного равенства и сотрудничества с другими государствами. Основное преимущество внешней политики было сосредоточено на независимости.

С 1979 года внешняя политика Исламской Республики Иран проходила в несколько этапов развития. Были предприняты определенные шаги политическими деятелями Ирана в отношении внешней политики, в которых учитывались особенности каждого периода. В зависимости от международной обстановки и политической ситуации в стране важность внешней политики в определенных областях. Однако, внешнеполитические цели и интересы Ирана, основанные на Конституции и политической системе страны, в целом оставались неизменными.

Ключевые слова: внешняя политика, исламская революция, ислам, аятолла Хомейни, президент Хатами, президент Ахмадинежад.

**ИРАН ИСЛАМ
РЕСПУБЛИКАСЫ
СЫРТҚЫ
САЯСАТЫНЫҢ ДАМУ
КЕЗЕҢДЕРІ**

Иран сыртқы саясаты мен дипломатиясының қалыптасып дамуына географиялық, саяси және экономикалық факторлар әсерін тигізіп отырған. Жаңа заманнан бастап Иран географиялық орналасуы мен энергетикалық ресурстарына байланысты маңызды стратегиялық объект ретінде ұлы державалардың бәсекелестік сахнасына айналды және бұл Иран тарихында үлкен із қалдырды.

1978-79 жылдары ислам революциясының жеңісіне дейін Иран Парсы шығанағындағы саяси және әскери жағынан өте күшті мемлекеттің бірі еді. Ислам революциясының жеңісінен кейін Иранның ішкі, сыртқы саясаты толық өзгеріске ұшырады. Билікке аятолла Хомейни бастаған шииттік дін басылары келді. Иран Ислам Республикасы болып жарияланды.

Кез келген елдің сыртқы саясаты ішкі саясатымен тығыз байланысты. ИИР-сының да сыртқы саясаты ішкі саясатымен тығыз байланыста дами отырып, 1979 жылы ислам революциясы жеңіске жеткеннен бастап бірнеше даму кезеңдерінен өтті. Бұл даму кезеңдерін консерваторлық кезең (Хомейни дәуірі), реформаторлық және неоконсерваторлық кезең деп бөлуге болады. Иранның сыртқы саясатын анықтауға және жүзеге асыруға қатысатын саяси басшылар әр кезеңнің ерекшеліктерін ескере отырып, белгілі бір қадамдар жасады.

Шииттік дінбасылары билікке келгеннен кейін, елде исламдандыру саясаты басталады. ИИР-сының сыртқы саясаты ислам режимі саясатының бір бөлігі ретінде қалыптасты. «Ислам факторы» елдің ішкі саясатымен қатар сыртқы саясатына да өзінің ықпалын тигізді. Конституцияның 3-бабында ИИР-сы үкіметі мақсатының бірі – «ислам талаптарына сай елдің сыртқы саясатын жүргізу, барлық мұсылмандарман бауырластық одақ құру және әлемдегі каналушыларға қолдау көрсету», – деп көрсетілген [1,30-31].

Ислам революциясының көсемі, ИИР-сының негізін қалаған аятолла Хомейни конституция бойынша 1979-89 жылдары діни басшы қызметін атқарды. Оның діни-саяси көзқарастары елдің ішкі саясатымен қатар сыртқы саяси бағытының қалыптасуына да тікелей әсер етті. Хомейни «ислам дінін – адамның саяси және рухани өмірін қамтитын мемлекет, мемлекетті басқаруға қатыса алатын саяси дін», – деп көрсетеді [2,17]. Иран

конституциясы бойынша мемлекеттің жалпы саясатын анықтайтын және оның орындалуын қадағалайтын діни басшы. Сондықтан елдің діни басшысы сыртқы саясатты жүргізуде де негізгі рөл атқарады. Бұл елдің сыртқы саясатын жүргізуде «исламдық фактордың» әсері сақталатынын көрсетеді.

Аятолла Хомейни елдің жалпы сыртқы саясатын, басқа мемлекеттермен байланыстарын ислам дінімен байланыстырады. Сыртқы саясатта каналушыларға, озбырлық көрушілерге көмек көрсету туралы көп айтады. Мұсылмандардың мүдделерін қорғауға шақырады. Мұсылман мемлекеттерінің қиыншылықтарын олардың тағдырына басқа мемлекеттердің қол сұғуымен байланыстырады. Сыртқы саясаттағы тәуелсіздікке, теңдікке, мұсылмандық бірлікке, өзара көмекке көп көңіл бөледі [2, 144].

Сыртқы саясат мәселелері ИИР-сының конституциясында да көрсетілген. Конституцияның бірінші тарауының 3-бабы бойынша елдің сыртқы саясаты исламға, барлық мұсылмандармен туыстық одақ құруға және әлемдегі каналушыларды қолдауға негізделу керек [1, 32].

Ал осы тараудың 9-бабында «бостандық, тәуелсіздік, бірлік және елдің территориялық тұтастығы бір-бірінен ажырағысыз», «саяси, мәдени, экономикалық және әскери тәуелсіздікке ешкімнің нұқсан келтіруге құқысы жоқ», - деп көрсетілген [1, 34]. Конституцияның 152-155 бабтарды қамтитын оныншы тарауы сыртқы саясат деп аталады. Бұл тарауда «ИИР-сының сыртқы саясаты басқа ел тарапынан Иранға және Иран тарапынан басқа елге кез келген үстемдікті жоққа шығаруға, тәуелсіздік пен территориялық тұтастықты сақтауға» негізделгені туралы айтылады.

Иран Ислам Республикасының (ИИР) сыртқы саясат принциптері ретінде «Батыс та емес, Шығыс та емес, тек ислам», «ислам революциясын экспортқа шығару» ұрандары жарияланды. Ел конституциясында «конституция елде және одан тыс аймақта революцияны таратуға жағдай жасайды» деп көрсетілген [1, 23]. Исламдық ынтымақтастықты дамыту сыртқы саясаттағы негізгі мақсат ретінде қарастырылды. Жаңа ислам режимі толық суверенитеттік пен тәуелсіздік бағытын ұстанды. Американың Ирандағы үстемдігі жойылды. Осы ұранды жариялай отырып, ИИР-сы сол үстемдік саясат жүргізуші державалар АҚШ пен КСРО-ға қарсы бағытталған саясатын жүргізеді.

Аятолла Хомейни билігі тұсында (1979-1989 жж.) Иранның сыртқы саясатының бағыттары жоғарыда айтылған принциптерге сүйеніп

жүргізілді. Елдің сыртқы саясаты исламға және ұлттық мүддеге негізделді, басты ерекшелігі саяси және экономикалық тәуелсіздікті сақтау бағыты еді. Бұл бір жағынан Иранның беделін көтерсе, екінші жағынан халықаралық сахнада оның оқшаулануына әкелді. Иран ислам мемлекеті ретінде Хомейни тұсында өзін әлемге қарсы қойды. АҚШ-пен байланыстар тоқтатылды, Кеңес Одағы және Еуропа мемлекеттерімен байланыстар нашарлады және Иранның «ислам революциясын экспортқа шығару» ұраны аймақтағы араб мемлекеттерінің Иранға сенімсіздігін орнатты. Хомейни билігі тұсында 8 жылға созылған Иракпен соғыс жүргізілді. Бұл елдің экономикалық жағдайын қиындатты. 1989 жылы аятолла Хомейни қайтыс болды. Президенттік билікке реформаторлық бағытты ұстанған Ә.Ә. Хашеми-Рафсанджани келді. Бұл Иранның сыртқы саясатындағы жаңа кезеңнің басталуына әкелді.

1989 жылы ел конституциясына өзгерістер енгізіледі. Ол бойынша премьер министр қызметі жойылып, президенттің рөлі арттырылады. Ирандағы ислам режимінің эволюциясы елдің сыртқы саясатының эволюциясына әкелді деп ойлаймыз. Елдің саяси билігіндегі діни бағыттың рөлін шектеу үшін басталған күрес Иран – Ирак соғысының соңына қарай күшейе түсті. Зайырлы басқару органдарының рөлін күшейтіп, қоғамды демократияландыру қажет еді. Елдегі діни биліктің негізі діни басшының, яғни рахбардың қызметі болғандықтан оның билігіне қарсы қоя алатын органдардың рөлін күшейту қажет еді. Бұл әрине ел президентінің қызметі еді. «Хомейни дәуірінен» кейін президенттің елдің саяси өміріндегі рөлі арта бастайды. Рахбарлық қызметке тағайындалған Әли Хаменеи саяси тартыстарда көлеңкеде қалу саясатын ұстанып отыр. Сондай-ақ президентті халықтың сайлауы оның рөлін Хомейни дәуірінен кейін күшейтті.

1990 жылдардан бастап елдің бағытын өзгерту мәселесі пайда болады. Нарықтық реформалар және жекешелендіру жүргізіледі, саяси өмір демократияландырылады. Бірақ ол 1990 жылдары реформаторлар билігі тұсында біртіндеп әлемдік қауымдастыққа өзін эволюциялық жолмен ашқан болатын.

1990 жылдардың басынан бастап Иранның сыртқы саясатына жаһандану процесі өзінің әсерін тигізе бастады. Осы кезеңнен бастап халықаралық ортаның өзгеруіне байланысты Иран сыртқы саясаттың жаңа стратегиясын қалыптастырды. Ол бойынша Иран оқшаулану саясатынан бас тартты және халықаралық сахнада жан-

жақты байланыстарды дамытуға көшті. Иран мемлекеті әлем өзінің дамуында жаңа кезеңге аяқ басқанын ескере отырып, басты назарды басқа мемлекеттермен байланыстарды дамытуға бағыттады. Бұл кезеңнің негізгі мәні – халықаралық қатынастар мүшелерінің бір-біріне өзара тәуелділігі арта түседі және соған байланысты әлемдік және аймақтық державалардың, жекелеген мемлекеттердің рөлі өсетін көп полюсті әлем құру. Сондықтан Иран оқшаулану саясатынан бас тарта отырып, икемді сыртқы саясат жүргізу қажеттігін түсінді. Президент Ә.Ә. Хашеми-Рафсанджани тұсында аймақ елдерімен ынтымақтастықты дамытуға көп көңіл бөлінді.

1997 жылы Иранда президенттік билікке реформатор Мұхаммад Хатамидің келуі ұлттық мүдделерді жүзеге асыруда жаңа кезеңнің басталғанын білдірді. Осылайша ішкі саясатпен қатар сыртқы саясатта реформаторлық бағыт жалғасты. М. Хатами елдің ішкі дамуында саяси және мәдени реформалар бағытын ұстанды. 1997-2005 жылдары ИИР-сының президенті болған М. Хатами өзінің «өркениеттер үндесуі» идеясын ұсынады [3, 8-12].

Ол сыртқы саясатта шиеленісті жеңілдету, ислам революциясын экспорттаудан бас тарту, мәдениеттер үндесуі, аймақтағы мұсылман мемлекеттерімен терең байланыстар орнату бағытын ұстанды және өзі президент болған кезеңде осы бағытта маңызды қадамдар жасады. Бұл бағыт Иранның әлемде және аймақта өзінің лайықты орнын алуына көмектесуге бағытталды. Елдің сыртқы саясатының негізгі міндеті ұлттық мүддені қамтамасыз ету еді. Осылайша, ИИР-сының халықаралық бейнесін өзгерту жолында талпыныстар жасады. АҚШ-пен қарсыласу саясаты біраз жеңілдетілді.

М. Хатами тұсында Иран 1998 жылдан бастап Батыс Еуропа елдерімен және АҚШ-пен экономикалық саладағы ынтымақтастықты дамытуға ұмтылды. Мұнай өнеркәсібін қайта құру, елдің қаржылық жағдайының қиындауы, сыртқы қарыздардың өсуі және әлеуметтік мәселелердің шиеленісуі Батыспен байланысты қажет етті. Сондай-ақ Батыс әлемімен байланысты қайта қарауға Иран қоғамындағы өзгерістер де әсер етті.

1998-2000 жылдары аралығында барлық Еуропа мемлекеттерімен байланыстар қалпына келтіріледі. Бұған Хатамидің либералдық және демократиялық бағытты ұстануы да өзінің ықпалын тигізді. М. Хатами АҚШ-пен де байланыстарды реттеуге көбірек көңіл бөле бастайды. Бірақ, әрине, бұндай ұстанымның Иран ішінде қарсыластары болды. Өйткені АҚШ-тың ИИР-

сына қарсы жариялаған бойкоттық саясаты әлі жалғасып жатыр еді. М. Хатами елдің сыртқы саяси бағытын анықтауда еуропалық елдермен қатар Иранның оңтүстік көршілерінің де маңыздылығын түсінеді. 1999 жылы ол араб елдеріне сегіз күндік сапарын бастайды.

Қалыптасқан жаңа халықаралық жағдай елдің ішінде де және сыртқы саясат деңгейінде де қайта құрулар жүргізу, жаңа көзқарастар мен амал-тәсілдер дайындау қажеттігін көрсетті. Мемлекет өзгеріп жатқан әлемде жаңа мүмкіндіктер мен талаптарды пайдалануы қажет. Осы жағдайда ИИР-сы сыртқы саясатта өзінің амал-тәсілдерін өзгертті, әлемдік қауымдастықтың басқа мүшелерімен ынтымақтасу және өзара байланыс жасау саясатын жүргізуге көшті. М. Хатамидің көзқарасы бойынша, сыртқы саясат әлемде және аймақта болып жатқан оқиғаларды түсіну негізінде жүргізілуі керек. Бұл ұстаным елдің сыртқы саяси бағытына өзгерістер енгізді. Президент Хашеми-Рафсанджани тұсында елдің сыртқы саясатының мәні елдің қажеттілігін қанағаттандыру және басқа елдермен байланыстарда шиеленісті жеңілдету еді. Ал президент М. Хатами тұсында әлемдік және аймақтық деңгейдегі жаңа шарттар мен оқиғаларды қабылдау және түсінуге көңіл аударылды. ИИР-сының сыртқы саясаты өзінің мазмұны және іс жүзіндегі қолданысы бойынша өзгерістерге ұшырады. Осының нәтижесінде ИИР-сы әлемдік жүйенің жағдайын ескере отырып, елдің ішінде реформалар жүргізуге, басқа мемлекеттер тарапынан сенімді күшейтуге, сыртқы әлемнен оқшауланудан бас тарту жолында шараларды жүзеге асырды.

Иран сыртқы саяси байланыстарында көршілес мұсылман мемлекеттеріне, соның ішінде Парсы шығанағындағы мемлекеттермен байланысты дамытуға басымдық береді. ИИР-сы аймақ елдері арасындағы ынтымақтастықты дамытуды осы аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті күшейтудің жолы ретінде қарастырады.

2005 жылы президенттік билікке неоконсерватор М. Ахмадинежадтың келуі Иранның сыртқы саясатындағы жаңа бір кезеңге әкелді. Бұл кезең халықаралық қатынастар жүйесінде Иран ядролық бағдарламасының пайда болуымен және Иран-Батыс байланыстарының салқындауымен сипатталады. АҚШ және Израильмен байланыстар қайтадан шиеленісті. Бұдан ИИР-сының сыртқы саясаты тек ұлттық және мемлекеттік мүдделермен анықталмайтынын көреміз. Яғни сыртқы саясат дінбасылары және басқарушы режим мүдделерімен де анықталады. Сыртқы саясат дінбасылары мен басқарушы режимнің

билігін сақтауға және күшейтуге қызмет етеді [4,118]. АҚШ-тың осы кезеңдегі Иранға байланысты саясаты оның қорғаныс және агрессия позициясын ұстануына себепші болды. Иранның сыртқы саясатына сыртқы ғана емес, ішкі қауіп-қатерлердің де әсері күшейді. Бұған Иран территориясындағы ұлттық аз топтардың талаптары мен ел ішіндегі демократиялық қозғалыстарды айтуға болады. Сондай-ақ, Иранның сыртқы саясаты ел ішіндегі осы факторларды сыртқы күштердің пайдалануын болдырмау жолында қызмет жасау керек еді, өйткені сыртқы және ішкі факторлар бір-бірін толықтыра бастады. Осы жағдайларды ескере отырып, Иран билігі сыртқы саясатының белсенділігін күшейтті, барлық елдермен, соның ішінде көрші мемлекеттермен достық қарым-қатынастарды сақтай отырып, Еуропа елдерімен байланыстарды жақсартуға ұмтылды. 2006 жылдан бастап Иранның ядролық бағдарламасы мәселесі Иранның әлемнің жетекші мемлекеттерімен байланысын салқындатты, ұлттық қауіпсіздікті өзекті мәселеге айналдырды, қазіргі режимнің өмір сүруіне қауіп төндірді, елдің сыртқы саясатының басымдықтарындағы жаңа өзгерістерге әкелді.

Президент М. Ахмадинежад тұлғасы оның билігі тұсында (2005-2013 жылдары) сыртқы саясаттың бағыты мен мақсатының қалыптасуында маңызды факторға айналды. Оның билігі тұсында ИИР-сының сыртқы саясаты реформаторлармен салыстырғанда қаталданды. Ә.Ә. Хашеми-Рафсанджанми және М. Хатами үкіметтерінің Батыспен мәмілеге келу саясатынан М. Ахмадинежад бас тартты. Ол Батыспен шиеленіс жолын ұстана отырып, күш қолданып, қарсы тұру саясатын жаһандық және аймақтық деңгейге көтерді. Оның көзқарасы бойынша Батысқа жеңілдік жасау, Иран режимін әлсіретеді [4, 118]. Президент М. Ахмадинежад және оның командасында жұмыс істегендер әскери ортадан шыққандықтан әскери күш бағытын ұстанды. Олардың пікірі бойынша, әскери күш дипломатиялық тәсілге қарағанда негізгі тежеушілік факторы болып есептеледі. Осындай бағыттың нәтижесінде М. Ахмадинежад тұсында Иранның сыртқы саясаты «дағдыстық басқару» жағдайында қалды.

М. Ахмадинежад сыртқы саясатының аятолла Хомейни сыртқы саясатымен ұқсастықтары көп болды. Бірақ аятолла Хомейни тұсында араб әлемімен де байланыстар тоқырауға ұшыраған болатын. Ал М. Ахмадинежад Батыспен қарсыластықта өзінің саясатын күшейту үшін араб әлемімен жақсы байланыстарды сақтауға ұмтылды [4, 118]. Бір жағынан, М. Ахмадинежадтың

Батысқа қарсы сөздері Американың Ауғанстанға, Иракқа қарсы әскер операцияларынан кейін және Израильдің Палестинаға қарсы ұстанған саясатына байланысты араб әлемінде қолдау тапты. Ал екінші жағынан, араб елдері М. Ахмадинежад тұсындағы Иранның сыртқы саясатын аймақтық қауіпсіздіктің қауіп-қатері ретінде қарастырды.

Осы кезеңдегі Американың Иранға байланысты саясаты – басқарушы дінбасыларының режимін өзін қолдайтын режимге алмастыру еді. Осы кезеңде Американың Ауғанстанға, Иракта С. Хусейнге қарсы жүргізген соғыстарынан кейін Иранға қарсы соғыс ашуы туралы сөздер айтыла бастады. АҚШ бұл саясатында Иранның ішкі және сыртқы мәселелерін пайдалануға ұмтылды. Иранның халықаралық қауымдастықта теріс бейнесін қалыптастыру саясатын жүргізді. М. Ахмадинежадтың Батысқа қарсы бағытталған радикалды сөздерін өз мақсатында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде пайдаланды. Осы кезеңде ИИР-сының ЕО-пен де байланыстары салқындады. ЕО Американың Иранға қарсы бағытталған саясатына қолдауын күшейтті.

Иран билігінің ядролық бағдарламаға байланысты әлемдік қауымдастықтың қысымына қарамастан, оны дамытуы, Иранның көршілерін, әсіресе, Парсы шығанағындағы мемлекеттерді мазасыздандырды. Иран аймақтық байланыстарды сақтауға және күшейтуге, әсіресе Америкаға қарсы бағытты ұстанатын мемлекеттермен саяси ынтымақтастықты дамытуға ерекше назар аударады. Иран басты державалар арасындағы қайшылықты өз мақсатында пайдалануға ұмтылды. 2006-2007 жж. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Иранға қарсы экономикалық санкциялар жариялады. Бұл санкцияларға Иранды қолдаушы мемлекеттер де қосылды. Иран тағы да экономикалық, технологиялық және саяси оқшаулануға ұшырады. Осы уақыттан бастап Иранның сыртқы саясатының негізгі міндеті осы мәселелерді жою үшін жағдай жасау болды.

Хомейни билігі тұсында қалыптасқан Иран Ислам Республикасының сыртқы саясаты даму нәтижесінде ішкі, сыртқы факторларға байланысты бір-бірінен ерекшеленетін даму кезеңдерін басынан кешірді. Иранның сыртқы саясатындағы өзгерістер бағытты өзгерту дегенді білдірмейді. Себебі сыртқы саясаттың негізгі мақсаты өзгерген жоқ. Ол аймақтық державалыққа және үстемдікке ұмтылу, басқа елдердегі революциялық қозғалыстарға қолдау көрсету, ұлттық мүддені қорғау. Иранның сыртқы саясатының басты ерекшелігі – тәуелсіздік.

ИИР-сының Конституциясында көрсетілген сыртқы саясат тұжырымдамасы және елдің саяси жүйесі ешқандай өзгерістерге ұшыраған жоқ. Сондықтан осы тұжырымдамаға негізделген сыртқы саясат мақсаты мен бағыттары да түбегейлі өзгерістерге ұшырамады. Қазіргі уақытта Иранның сыртқы саясатында жарияланған принциптер мен қалыптасқан бағыттар экономикалық және саяси мәселелерге байланысты өзгерістерге ұшырады. Бірақ елдің

сыртқы саясатында тәуелсіздікті сақтау, ұлттық мүдделерді қорғау әрқашан маңыздылығын сақтайды.

2013 жылы Иранда президенттік сайлау нәтижесінде билікке реформаторлық бағытты ұстанған Хасан Роухани келді. Роуханидің билікке келуімен ИИР-сының сыртқы саясатында жаңа бір кезең басталды деп айтуға болады. Иранның ядролық бағдарламаға байланысты келіссөздерге баруы осының дәлелі.

Әдебиеттер

1. قانون اساسی جمهوری اسلامی ایران. تهران: مجمع علمی و فرهنگی مجد، 1377، 118 ص.
2. Изречения. Афоризмы и наставления имама Хомейни. – Тегеран, 1995
3. Хатами С.М. Диалог цивилизаций: путь к взаимопониманию. – Алматы, 2002.
4. Свистунова И.А. Внешняя политика президента М. Ахмадинежада в оценках турецких экспертов // Иран при М. Ахмадинежаде. – М.: ИВ РАН, 2013.
5. Сажин В.И. Военно-политическая напряженность вокруг Ирана // Иран при М.Ахмадинежаде. – М.: ИВ РАН, 2013.

References

1. Konun osasi-ie dzhomkhuri-ie eslemi-ie Iran. Tehran, 1377
2. Izrecheniya. Aforizmy i nastavleniya imama Khomeyni. – Tegeran, 1995
3. Khatami S.M. Dialog tsivilizatsiy: put' k vzaimoponimaniyu. – Almaty, 2002.
4. Svistunova I.A. Vneshnyaya politika prezidenta M. Akhmadinezhada v otsenkakh turetskikh ekspertov // Iran pri M. Akhmadinezhade. – M.: IV RAN, 2013.
5. Sazhin V.I. Voenno-politicheskaya napryazhennost' vokrug Irana // Iran pri M.Akhmadinezhade. – M.: IV RAN, 2013.

Мовкебаева Г.А.

Роль НАТО в обеспечении энергетической безопасности

В статье на основе использования системного и структурно-функционального анализа автором рассмотрено современное развитие энергетической безопасности, даны перспективы развития политики НАТО в сфере обеспечения энергетической безопасности, определены принципы политики энергетической безопасности НАТО, выявлены проблемы и пути их преодоления. Автор в данной статье более глубоко рассматривает данные проблемы.

В заключении статьи автором дана научная точка зрения, которая обоснованна на достоверных фактах.

Ключевые слова: диверсификация, деполитизация, США, НАТО, энергетическая безопасность.

Movkebayeva G.

The role of NATO for energy security

Globalization contributes to the convergence of countries and regions in their pursuit of a single world economy, tendir to enhance the collective responsibility of States for safety, and increasingly growing dependence on energy resources of the world community leads to the growing influence of the energy factor in the international relations, geopolitics and the world economy.

- 1 Zob. D. Folga-Januszewska, A. Jaskanis, Problemy własności zbiorów w muzeach polskich. Ilościowa skala problemów własności, w: *Własność a dobra kultury*, G. Czubek, P. Kosiewski (red.). – Warszawa, 2006. – S. 57-69, 71-83.
- 2 Августов А.Ю. Институт культуры в Польше: http://www.stat.gov.pl/cps/rde/xbcr/gus/KTS_dzialalnosc_instyt_kultury_w_polsce_2012.pdf

- 3 Тарантей Л.М. Доверие к музеям в современных польских исследованиях в контексте образовательной функции // Роль университетов и музеев в проведении гуманитарных научных исследований: Материалы VII Международной научно-практической конференции: в 2 т. Т. 1. – Тула, 2012.
- 4 Аксенов П.Р. К истории Польши: <http://ourarts.ru/?p=2150>
- 5 Муканова А. В самом сердце Европы // Казахстанская правда. – № 121-122. – 2012. – С. 13-14.
- 6 Ciechanowski J.M. Powstanie Warszawskie. – Warszawa, 1984. – S. 534.
- 7 Музей Варшавского восстания. История и новые технологии: <http://www.istpravda.ru/museums/1389/>
- 8 Centrum nauki Kopernik: www.kopernik.org.pl
- 9 <http://euroradio.fm/ru/centr-kopernika-v-varshave-fotoreportazh>
- 10 Fabryka schindlera»: <http://7cudow.national-geographic.pl/nominacje>
- 11 С.Н. Самойлав. Музей истории польских евреев открылся в Варшаве: <http://booknik.ru/news/blog/muzeyi-istorii-evreev-polshiotkrylsya-v-varshave/>
- 12 <http://www.sztetl.org.pl/ru/cms/-17/3865,-eurobuild-awards/>

References

- 1 Zob. D. Folga-Januszewska, A. Jaskanis, Problemy własności zbiorów w muzeach polskich. Ilościowa skala problemów własności, w: Własność a dobra kultury, G. Czubek, P. Kosiewski (red.). – Warszawa, 2006. – S. 57-69, 71-83.
- 2 Avgustov A.Ju. Institut kul'tury v Pol'she: http://www.stat.gov.pl/cps/rde/xbc/gus/KTS_dzialalnosc_instyt_kultury_w_polsce_2012.pdf
- 3 Tarantej L.M. Doverie k muzejam v sovremennyh pol'skih issledovanijah v kontekste obrazovatel'noj funkcii // Rol' universitetov i muzeev v provedenii gumanitarnyh nauchnyh issledovanij: Materialy VII Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii: v 2 t. Т. 1. – Тула, 2012.
- 4 Aksenov P.R. K istorii Pol'shi: <http://ourarts.ru/?p=2150>
- 5 Mukanova A. V samom serdce Evropy // Kazahstanskaja pravda. – № 121-122. – 2012. – С. 13-14.
- 6 Ciechanowski J.M. Powstanie Warszawskie. – Warszawa, 1984. – S. 534.
- 7 Muzej Varshavskogo vosstanija. Istorija i novye tehnologii: <http://www.istpravda.ru/museums/1389/>
- 8 Centrum nauki Kopernik: www.kopernik.org.pl
- 9 <http://euroradio.fm/ru/centr-kopernika-v-varshave-fotoreportazh>
- 10 Fabryka schindlera»: <http://7cudow.national-geographic.pl/nominacje>
- 11 S.N. Samojlav. Muzej istorii pol'skih evreev otkrylsja v Varshave: <http://booknik.ru/news/blog/muzeyi-istorii-evreev-polshiotkrylsya-v-varshave/>
- 12 <http://www.sztetl.org.pl/ru/cms/-17/3865,-eurobuild-awards/>

7-бөлім
МАГИСТРЛІК ЖҰМЫСТАР

Раздел 7
ИССЛЕДОВАНИЯ МАГИСТРАНТОВ

Section 7
**INVESTIGATIONS OF POSTGRADUATE
STUDENTS**

Айдарова Г.Б.

**XIX ғасырдың I жартысындағы
Орынбор өлкесіндегі салық
саясаты: жаңа өзгерістер, мәні
және ерекшелігі**

Мақалада Орынбор қазақтарынан салық жинауға қатысты патша үкіметінің көзқарасы кеңінен ашылған. Мұнда реформаға дейінгі кезеңдегі зекеттің мәні ашылып, оның жаңа мазмұны анықталған. XIX ғасырдың ортасына таман заңды міндеткерлік ретінде бекітілген билеттік ақы мәселесі, шеп маңында көшу үшін төленген алымдар талданған. 1837 жылы патша үкіметінің түтін салығын енгізуі барлық кіші жүз қазақтарына таралды. Түтін салығы мемлекеттік салық болып табылғандықтан, патша тарапынан бекітілді. Осылайша Орынбор өлкесі қазақтарын басқару шығынын патша чиновниктері жергілікті салық жүйесімен реттеуге тырысты. Патша үкіметінің салық саясаты қазақ даласындағы әкімшілік-территориялық басқаруды жеңілдетудің және саяси-экономикалық тұрақтылық орнатудың көзі болып табылды.

Түйін сөздер: алым, реформа, зекет, билеттік ақы, міндеткерлік, түтін салығы.

Aidarova G.B.

**Tax policy in the Orenburg
region in I half of XIX century:
new changes, essence
and features**

In article the essence of views of the imperial government concerning collection of a tax at the Orenburg Kazakhs widely reveals. Here character is described zyakt the prereform period and its new values are defined. It is sorted a problem of booking collecting by which it is determined as the obligation about the middle of XIX of an eyelid and a tax collected for permission to graze cattle in the territory of the line. The Kibitoc collecting entered by the imperial government in 1837 it is extended to all younger Zhuz. Kibitoc collecting was defined by the state tax and was approved as the emperor. Thus, the Russian officials tried to settle losses of management of Kazakhs of the Orenburg region attracting their taxation. The tax policy of the imperial government is a source of establishment of political and economic stability and simplification of administrative-territorial management.

Key words: the tax, reform, zyaket, booking collecting, the obligation, kibitoc collecting.

Айдарова Г.Б.

**Налоговая политика
в Оренбургском крае
в I половине XIX века: новые
изменения, суть и особенности**

В статье широко раскрывается сущность взглядов царского правительства в отношении взимания налога у Оренбургских казахов. Здесь описывается характер зякет дореформенного периода и определены его новые значения. Разобрана проблема билетного сбора, который определен как обязательство с середины XIX века и подати, собираемые для разрешения пасти скот. Кибиточный сбор, введенный царским правительством в 1837 году, распространен на весь младший джюз, определился государственным налогом и утверждался императором. Таким образом, убытки управления казахов Оренбургского края русские чиновники пытались урегулировать, привлекая их же к налогообложению. Налоговая политика царского правительства является источником установления политико-экономической устойчивости и облегчения административно-территориального управления.

Ключевые слова: подать, реформа, зякет, билетный сбор, обязательство, кибиточный сбор.

**ХІХ ҒАСЫРДЫҢ
І ЖАРТЫСЫНДАҒЫ
ОРЫНБОР
ӨЛКЕСІНДЕГІ САЛЫҚ
САЯСАТЫ: ЖАҢА
ӨЗГЕРІСТЕР, МӘНІ
ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Патша үкіметінің салық саясаты қазақ даласындағы әкімшілік-территориялық басқаруды жеңілдетудің және саяси-экономикалық тұрақтылық орнатудың көзі болып табылды. Осыған байланысты, қаржылық тұрғыдан Орынбор өлкесі қазақтарын басқару шығынын, патша чиновниктері жергілікті салық жүйесімен реттеуге тырысты. Қазақ қоғамында қалыптасқан негізгі шаруашылықтар мен халықтың тұрмыстық жағдайын патша үкіметінің пайдасына шешу, яғни қазынаны толтыру көзделді.

Реформалық кезеңнен бұрынғы қазақ қоғамындағы алым-салық құрылымының өзіндік ерекшелігі болды. ХІХ ғасырдың басында қазақ қоғамында қалыптасқан ірі алымдардың бірі зекет болып келді. Зекетті жазғытұрымғы мезгілде жылына бір рет хандар жинады, оның құны мал санына байланысты анықталды. 1824 жылғы Кіші жүзде хандық биліктің жойылуына байланысты зекет өз мәртебесін өзгертіп, жарлы-жақыбай мен жетім-жесірлерге ортақтастық көмек деген мазмұнға ие болды. Бұрынғы хандардың орны енді сұлтандар қолына көшті.

1-кесте – Зекет алымының өлшемі

Қой малы		Ірі қара		Түйе малы	
Мал саны	Зекетке төленді	Мал саны	Зекетке төленді	Мал саны	Зекетке төленді
40-100	2 қой	30	1 тайынша	5	1 түйе
120-300	3 қой	Одан әрі мал санына қосылған 30 басқа		Одан әрі мал санына қосылған 5 басқа	
Одан әрі мал санына қосылған 100 басқа		1 тайыншадан қосылып төленді		1 түйеден қосылып төленді	
1 қойдан қосылып төленді					

Ескерту: Автор мәліметтерді Орынбор Шекара комиссиясының қызметкері д'Андреннің деректері негізінде жасақтады [1, 88 б.].

Өлкеде сақталып келген алымдар патша үкіметінің саяси билігінің кең таралуына байланысты жаңа міндеткерліктермен толықтырылды. Атап айтсақ, мал мен мүлік үшін, отын пай-

даланғаны үшін, жалданғаны үшін ..., тізбектер болсақ толып жатқан аттары көп. Орыс отаршылдары қазақ жерлерін жаппай басып алуды ендігі кезекте салық салу және елді тонау жолдарымен жалғастырды.

1806 жылдан бастап билеттік ақы жиналып, кейін, XIX ғасырдың басынан ортасына таман заңды міндеткерлік ретінде бекітілді. Билет алымын, тіпті, түрліше бейнелерді иеленгендігін байқауға болады. Жұмысқа жалданудың өзіндік ақысы бір бөлек, ал шеп территориясында

уақытша қызмет бабымен тұрмыс кешу немесе жайылымдық уақыттарға сәйкес қоныстану секілді түрлі себептердің айқындалуы бұл алымның басқа бағытын аңғартады. Патша үкіметі, әйтеуір, қалт еткен жағдайдың бәрін де падалануды көздеді. 1820 жылы 12 сәуірде Орынбор шекара Шебінің тұрғындарына қызметшілікке жалданатын қазақтардан да алым жинау бекітілді. Жалданған әрбір байғұстан айына алынатын мұндай алым 50 тиын Оның қаржылық қоры жыл сайын өсіп отырды:

2-кесте – Жұмысқа жалданған қазақтар билетінің өсім көрсеткіші

Жылы	Билетке жиналған ақы
1820 жылы	11924 рубль 00 тиын
1825 жылы	22892 рубль 30 тиын
1830 жылы	27228 рубль 26 тиын
1835 жылы	45116 рубль 64 тиын

Билет жүйесін енгізу қызығушылығының артқаны соншалық, оған қазақтарды мейлінше мол тартып, кедергісіз билет беру мәселесі көтерілді. Шамамен оның жылдық көрсеткіші 2212,9 рубльге өсіп отырғанын байқауға болады.

Жұмысқа жалданушылар арасына билет жүйесін енгізу зор табысқа жеткені анық. Елдегі ауыр жағдай, халық шаруашылығының әлсіреуі нәтижесінде кедейлену процесінің өсімі, басым көпшілік

тің жерінен айрылуы оның кең қанат жаюына жол ашты. Өзен-көл маңында берік орнығып алған қазақ әскерлерінің балық аулау кәсіпшілігіне, орман шаруашылығына жалданушылық шекара маңындағы қазақтардың мол тартылуына әкелді.

Есаул Лябедев 1835 жылдың мамыр айындағы билеттік алым, Крутояр және Звериноголов станицаларының өзінде-ақ төмендегі көрсеткіштерге ие болғанын мәлімдейді:

3-кесте – 1835 жылдың мамыр айындағы Крутояр және Звериноголов станицаларынан қырғыздарға (қазақтарға деп оқыңыз – А.Г.Б.) билет беру үшін жиналған алым:

Қырғыздарға билет беру үшін	Қалдық		Жаңа келіп түсті		Шығын		Қалғаны	
	Рубль	тиын	Рубль	тиын	Рубль	тиын	Рубль	тиын
	2	80	59	50	5	-	57	30

Ескерту: Автор кестені архив деректері негізінде жасақтады [3, 19-п.].

Жергілікті қызметке жіберілген дистанциялық бастықтар алым-салықтар жөнінде нақты есеп жүргізіп, ай сайын Шекара комиссиясына мәлімет беріп отырды. Олардың басым көпшілігі мал-мүлкінен ада болған байғұстар қатарынан құралды.

XIX ғасырдың ортасынан бастап жұмысшы ретінде шепте тұрғандығы үшін қазақтардан билет ретінде 15 тиын плакаттық салық жиналды. Одан түскен түсім Әскери Министрлікке бері-

ліп, Орынбор кадет корпусының капиталын толықтырды. 1837 жылғы мәліметтер бойынша ол 13130 рубльді құрап, 1847 жылы 13871 рубль көрсеткішті құраған.

Демек, плакаттық алым, әдетте, орташа деңгейде сақталып отырды. Архив деректерінде, билеттік жүйемен ұзақ уақыт бойына Ресей шекарасында тұрғандар туралы да мәліметтер кездеседі. Олардың соңы, казачество әскерінің қатарын толықтырып, христиандық қабылдап

отырды. Мысалы: 1826 жылы шешесі зауряд хо-рунжимен тұрмыс құрғандықтан, осы уақытқа дейін Орта бөлік қырғызы М. Диряев Орынборда башқұрттар ортасында билетпен тұрып келеді. Сондай-ақ, 19-шы кантонның Нуркеев атты деревнясында үйі мен мал-жайы және егін салумен айналысатындығы ескеріліп, отбасымен Башқұрт әскерінің қатарына қосылуға рұқсат алады [4, 6 об.-п.].

Жұмысшылыққа жалданушылар мен шепте көшіп жүрушілердің жиі ұшырасуына байланысты, тәртіп қатаң қадағаланды. 11-ші кантонның Құрманов деревнясында 35 жыл тұрып келген Рахманов деген қырғыздың мәселесі қаралғанда, оның жергілікті тұрғындарға ешқандай кедергі келтірмейтіндігі анықталады [5, 1 об.-п.].

1844 жылғы жаңа Ереже негізінде адал және өзін ісімен көрсеткен тұлғаларға арналған зейнетақы капиталы ұйымдастырылды. Зейнетақы мөлшері жылына 1000-800 рубльді құрады [6, 161 б.]. Ол негізінен қызметте болған ақсүйек өкілдерінің еншісіне тиді. Бұл зейнетақы қорының негізгі көзін айыптан түскен ақы құрады. Уақытынан асып кеткен билеттерден алынған айып – 30 тиын (айына) тұрады.

Енді, уақыт өте, келе ол халықты басқару шығынын тоқтатып, бұрын жұмсалған шығынды қайтаруға және мемлекеттік қазына үшін жаңа тұрақты кіріс көзін ашуға мүмкіндік туып отыр [7, 39-п.] –деп Орынбор әкімдері қуаныштан масайрады.

Орынбор әкімдері қазақтың қалтасын қағып, қазына қаржысын арттыру жолдарының көзін таба білді. Жұмысшылар қатарын толықтырғандарды тонау бір ізге салынып, жер өңдеп, отырықшылыққа бет бұрған тұрғындар да алым төлеуге міндеттелді. Жер жыртқаны үшін бір десятинаға 1 рубль 50 тиыннан 3 рубльге дейін ақы төленді [8, 73 б.]. Дәстүрлі мал шаруашылығын отырықшылықпен ауыстыру барысында жерлердің босап қалуымен қоса, жаңа алым көзін ашуға жалғасқан «игі істер» империяның мәртебесін арттыра түсті.

Қаптаған бекіністердің салынуымен қазақ жерлері Орынбор казак әскерлерінің құрамына енді, ал өздері даланы ішкерілей ығыстырылды. Зандастыру процесінің қарқын алғандығы соншалық, тіпті, қазақ енді бұрынғы өз жерінде арендаторға айнала бастады. Қоғамдық процесстер шаруашылықты бірден түгелдей өзертпін жібере алмады.

«Мал-жаным – байлығым» деген қазағымның басым бөлігі әлі де көшпелілік дәстүрді жалғастыра берді. Орын алған әкімшілік-территориялық

қайта құрулар тұсында негізгі көшу бағытын сақтап қалу қиындықтар туғызды. Олардың бір бөлігі үкіметке өтіп, келесілері отырықшы мекендерге айналды. Сөйтіп, мал жайылымының еншісінде құнарсыз қу мекендер қалды. Қазақтарға тартып алынған жерлерді бір мезгіл жайлағаны үшін оны жалдауға тура келді.

Қазақстан аумағына орналастырылған казак шептерінің маңында көшіп-қонғаны үшін алынған салықпен қатар шептің ішкі бетіндегі жайылымға мал өткізуде «ұсақ малға 2 тиын, мүйізді малға 5 тиын, ал жылқы мен түйеге 10 тиын асигнациясымен» [9, 73 б.] ақы төлеуге тиіс болды. Тіпті, патша қазынасының мөлшерін өсіру мақсатында салық көлемін өсіру жүргізілді. Кейбір деректер бойынша «әр қойға 2 тиын, түйе басына 25 тиын» [10, 12-п.] салық салынды. 1837 жылғы шекара комиссиясы төрағасының жарлығымен жылқыға – 9 мүйізді ірі қараға – 6 қой мен ешкіге – 3 тиын төлем белгіленді [11, 141 б.]. Сөйтіп, біріншіден, қазақтың жері тартып алынды; екіншіден, ата-бабасынан мұра болып қалған жайылымын жалдауға мәжбүр болды.

1835 жылдың ортасынан бастап шеп аралығында қалғысы кеген қазақтар шептің ішкі жағындағы жерлерде тұрғаны үшін берілетін билеттің орнына жылына белгілі бір мөлшерде ақы төлеуге міндеттелді. Бұл ақы олар көшіп-қонып жүретін жер кеңістіктеріне сәйкес есептелуі керек еді. Олар шеп тұрғындарына немесе шаруашылығына кедергілер келтірер болса, шеп тұрғындарынан осы мазмұнды шағымдар түскен жағдайда, уақыт созбастан-ақ, оларды қайтадан далаға шығырып салу, яғни бұрынғы өзінің жерінен қуып шығару губернаторларға нықтап тапсырылды. Оның орындалуы құжаттық негізде есепке алынып отырды.

Орынбор әкімдерінің ойлап тапқан алым-салық арқылы өлкені қанаудың нәтижелі формасы түгін салығы болды. 1837 жылы патша үкіметі түгін салығын енгізіп, алдымен шекара маңындағы ауылдарды сынаққа алды. Бұл шептен басталған аймақтық-қаржылық саясат уақыт өте біртіндеп бүкіл Кіші жүз территориясына таратылды. Оның мөлшері әрбір үй басының төлеуге тиісті төлемақысы 1 рубль 50 тиынды құрады. Сөйтіп уақыт созбастан-ақ, жалпыхалықтық міндеткерлік заңдастырылды. Тұрғындар саны басым Кіші жүзге енгізілген бұл салық өз мақсатын ақтамасқа да шарасы қалмады десек еш қателеспеген болармыз.

Түгін салығын халық түгел төледі, олардың қатарында билеуші сұлтандар да бар. Шотай Бақыткереевтің бір хатында «әр жыл сайын біз өзге

қазақтармен қатар көшіп-қонғаны үшін 1 сом 5 тиын күміс ақша төлейміз» деп мойындағаны [12, 161 б.] мәлім. Билеуші сұлтандардың бұл алымнан арылуға талпынысына рұқсат берілмеді.

Түтін салығы мемлекеттік салық болып табылғандықтан, патша тарапынан бекітілді. Үкіметке қиындық туғызған жайт үй санының нақты мәліметін алу болатын. Осы мәселелер оның 1844 жылғы Ереже арқылы заңдастырылу негізіне айналғандығы сөзсіз. Орынбор әкімдері жергілікті халық арасында санақ жүргізуге мүмкіндігі жоқ еді, сондықтан оны билеуші сұлтандарға жүктеп берді.

Орынбор Шекара комиссиясына түскен хабарда «Орданың Шығыс және Батыс бөлігінің қазақтарынан түтін бас салығы үшін бір-бір қойдан алынады; қазақтарда ақша болмағандықтан есесіне ең тәуір деген қой алынады» делінген [13, 161 б.]. Көпшілік жағдайда, халық арасында ақша айналымының тар ауқымына байланысты салық малмен төленді, бұл жалпы салық түсімін есептеуде кейбір сәйкессіздіктерді туындатты.

1837 жылдан бастап Кіші жүздің империяның ішкі аймағына айналғанға дейінгі аралықтағы жинаған түтін салығы жөнінде төмендегі мәліметтерден алуға болады:

4-кесте – Түтін салығы жөнінде мәлімет

Жылдар	Жиналған түтін салығы (рубль күміс)	Жылдар	Жиналған түтін салығы (рубль күміс)
1837	23255	1849	117293
1838	17044	1850	113002
1839	19774	1851	121622
1840	14954	1852	125459
1841	57690	1853	125792
1842	72500	1854	145574
1843	90825	1855	127292
1844	87873	1856	190071
1845	88214	1857	178771
1846	100205	1858	200679
1847	93570	1859	201177
1848	97137		

Ескеру: Кестені автор дайындаған.

Аталған міндеткерлік Орынбор ведомствосы қазақтарының жерін толықтай меншіктей алмаған әкімдердің салық салу әрекетін жүйелендіруге басқан қарқынды қадамы болды. Әскери-полицейлік қысым әдістерінен соң енген алым түрі мол пайдаға әкелді. Мұнда қырағы бақылау нысаны – үй саны болып анықталды, осы мәліметтердің нақтылығы ғана түсімнің жемісін берері сөзсіз.

Алғашқы уақытта түтін саны жөнінде нақты мәліметтер жинаудың қиындыққа ұшырасқандығы сөз болған еді. Бірақ, жоғарыдағы кестеден байқағанымыздай салық қоғамға тарап, біраз нәтижелерге жетті. Көшпелі қоғамдық ерекшеліктерге байланысты отбасылардың тұрақты санына жету ұзақ жылдарға созылды.

Көшпелі халық тарихында бұрын болмаған

бұл түтін басы салығының өлкеге айтарлықтай қарсылықсыз енгізілуін, Орынбор әкімдері қуанышпен жариялады. Заңдық күшіне ие болған алғашқы жылдың өзінде 15 мың түтіннен 23254 рубль 67 тиын күміс ақшаны құрады [14, 161 б.]. 10 жылдан соң 4 есе – 93570, ал 20 жыл өткесін 2 еседей – 178771 рубль күміс ақша болып өсті. Сөйтіп, түтін салығы чиновниктердің басты үмітін толықтай ақтап шықты. 1861 жылы Орынбор қазақтары ведомствосының түтін басы салығы 245865 рубль 9 тиын күмісті құрады, яғни 24 жылдық уақытта 10 еседен артық өсімге қол жеткізді.

Дистанциялық және жергілікті бастықтар 1844 жылғы Ережеге дейін өлкеден өз мүддесіне төлемақы жинай алмағанымен, жерді пайдаланғаны үшін түтін басынан салық жинау бары-

сында пайда табуға ұмтылды. Осылайша, салық жинауда казактар, орыс әкімдері және қазақ билеуші сұлтандары тұрғысынан қиянат жасаушылар мен салықты асыра сілтеудің орын алуына жол берілді. Салықты жинайтын билеуші сұлтандар болды, олардан салық түсімі мен мөлшері жөнінде талап етуші орыс чиновниктері еді. Қалыптасқан жағдай, жергілікті бастық сұлтандардың патша үкіметі қысымынан және оған жағыну мақсатында халыққа қатысты олқылықтарға орын берілді.

Жалпы, мұндай салықтың енгізілуі дұрыс еместігі айқын. Ал, үкімет болса, қазақтар үшін жердің маңыздылығын басты назарға ала отырып, шынайы аңғармаған кескін танытты. Бұл сынақтық мақсат жемісті нәтижелерге әкелді. Халықтың бұл міндеткерлікті қарсылықсыз қабылдауы оның жерінен айрылып, зәрулік күйге түскен кезімен пара-пар келгенімен түсіндірілсе керек. Қалған жерін сақтап қалу, тартып алуға жол бермеу мақсатында оған ақы төлеуге де әзір болды.

Сайып келгенде, қазақ қоғамын қайта құру барысында Ресей үкіметі мейлінше мол ақша жұмсағандығын сан мәрте қайталағандығымен, империялық озбырлық саясат оның есесін қазақтың өз қалтасынан алып отырғаны ақиқат. Патшалықтың қитұрқы саясатының салдарынан қазақ халқы сан мәрте жапа шекті. Жерінен айрылып жетімсіреу үстіне, енбекпен тапқан табысын, күнкөріс малын тонады. Ақыры, қазақ жері 50-жылдардың аяғында империяның ішкі аймағына айналып, 1867-1868 жылдардағы реформалалмен түпкілікті заңдастырылып болды.

Отарлық аппарат тарапынан қазақ басшыларын сыйлық, марапаттарымен өзара қарсы

қойып, іштей іріткі сала келе оны бөлшектеудің амалдарын қолданды. Жалпыресейлік жүйеге негізделген жүйе жоспарын жасап, 1824 және 1844 жылдардағы реформалар негізінде Орынбор өлкесі қайтадан жобаланды. Кіші жүз халқы заңдық топтамалар негізінде қол-аяғынан маталды. Әр басқан қадамы үкімет таразысына түсті.

Сол заманның абзал тұлғаларының бірі – Мұрат Мөңкеұлының қабырғасын қайыстырған, ақынның жырларына арқау болған қорқыныш былайша жырға түсті:

– Кәбірден болар хакімнің,
Ықтиярсыз көнерсің,
Үй басына мал санап,
Адамға ақша төлерсің –

дей келе, текті хандарды аңсап:

– Аузы түкті кәбірдің
Күшті болған салдары-ай.
Кәбірден теңдік алуға
Қайта келер деймісің
Мұсылманның баяғы
Шыңғыстан туған хандары-ай!

[15, 161-162 б.].

Бүгінге мұра болып жеткен, халықтың тоналуын баяндайтын осы өлең жолдары біздің қорытынды ойларымызға сай келеді.

Патша үкіметі халықты өз тәртібімен өруге айдап, бір ізге салып қана қоймай, оның қалтасына түсті. Бодандығындағы халықты тонау арқылы қазына қаржысын толықтырып, жан-жақтан нақтыланған тәртіптерімен Солтүстік-Батыс Қазақстан аумағына орыс отаршылары алшаң баса ене түсті.

Әдебиеттер

1. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында: оқу құралы. – Алматы: «Санат», 1994. – 416 б.
2. Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архиві (ҚРОМА). 4 қор. 1-т., 316-іс. 19-п.
3. Башқұртстан Республикалық орталық мемлекеттік тарихи архиві (БРОМТА). И-2-қор. 1-т., 9211-іс. 6 об.-п.
4. БРОМТА. И-2-қор. 1-т., 9211-іс. 1 об.-п.
5. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен), 2-е изд. / под ред. профессора А.С. Такенова. – Алматы, 1993. – 304 с.
6. ҚРОМА. 4 қор. 1-т., 312-іс. 39-п.
7. История Западного Казахстана в трудах русских исследователей. Сборник материалов / сост.: Б.С. Абеннова, Д.К. Абеннов – Актобе, 2006. – 222 с.
8. Орынбор облыстық мемлекеттік архиві (ООМА). 6-қор. 10/1-т., 3-іс. 12-п.
9. Мұқтар Ә. Тарих тұңғығындағы тұлғалар (ХУІІІ-ХІХ ғғ.). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 240 б.
10. Зар заман: Жыр-толғаулар / құраст.: С. Дәуітов. – Алматы: Жалын, 1993. – 176 б.

References

1. Bekmakhanov E. Kazakhstan XIX gasyrdyn 20-40 zhyldarynda (Oku kuraly). – Almaty: «Sanat», 1994. –416 b.
2. Kazakhstan Respublikasy ortalyk memlekettik arkhivi (KROMA). 4 kor. 1-t., 316-is. 19-p.
3. Bashkurtstan Respublikalyk ortalyk memlekettik tarikhiarkhivi (BROMTA). I-2-kor. 1-t., 9211-is. 6 ob.-p.
4. BROMTA. I-2-kor. 1-t., 9211-is. 1ob.-p.
5. Asfendiyarov S.D. Istoriya Kazakhstana (sdrevneyshikhvremen), 2-e izd. (Podred. professora A.S. Takenova). – Almaty, 1993. –304 s.
6. KROMA. 4 kor. 1-t., 312-is. 39-p.
7. Istoriya Zapadnogo Kazakhstana v trudakh russkikh issledovateley. Sbornik materialov /Sost.: Abenova B.S., Abenov D.K. – Akyobe, 2006. –222 s.
8. Orynbor oblystyк memlekettik arkhivi (OOMA). 6-kor. 10/1-t., 3-is. 12-p.
9. Muktar A. Tarikh tungiygyndagy tulgalar (XYIII-XIX gg.). – Almaty: «Arys» baspasy, 2008. –240 b.
10. Zar zaman: Zhyr-tolgaular /Kurast.: S. Dautov. – Almaty: Zhalyn, 1993. –176 b.

Қызаева Ж.Б.

В.А. Гордлевскийдің «Кіші Азиядағы селжұқ мемлекеті» еңбегіндегі оғыз мәдениетінің кейбір мәселелері

Мақалада шығыстанушы-түрколог В.А. Гордлевскийдің Кіші Азиядағы оғыздар мәдениетінің тарихы бойынша еңбектерінің негізінде ғылыми талдаулар басты назарға алынады. Ең танымал жұмыстарының бірі – «Государство сельджукидов в Малой Азии» – түрік, парсы, араб тілдеріндегі деректермен Түркияның ең аз зерттелген кезеңінің бірін ашқан еңбегі басты назарға алына отырып, ондағы Селжұқ мемлекеті тарихы бойынша оғыз тайпаларының кейбір мәдени мәселері жинақталады. Сонымен қатар автордың «Анатолия түріктерінің ойындары» еңбегі бойынша Кіші Азия оғыздарының бүгінгі күнге дейін сақталған кейбір ойындары қазақ халқында кездесетін ұқсас ойындармен салыстырылады. Жалпы мақала оғыз мәдениетінің оғыз тайпасының таралу кеңістігіне сай территориялық алшақтықтарға қарамастан, көптеген ғасырлар мен көптеген халықтарға жеткен ортақ мұра екендігін түйін етеді.

Түйін сөздер: В.А. Гордлевский, оғыз, селжұқ, түрік, мәдениет, ұлттық ойындар, дәстүр, наным-сенім.

Kyzayeva Zh.B.

Some aspects of oguz culture in the work of V.A. Gordlevsky «the seljuks state in Asia Minor»

In the article attention given to scientific works of orientalist-turkologist V.A. Gordlevsky about culture of Oguz tribes of Asia Minor. One of his most famous works, opened one of the rare researched periods of study Turkey's history – «The Seljuks State in Asia Minor» – collects interesting information about culture of Oguz. Additionally, this article compares the national children's games of Kazakh and turkic people based on the book by V.A. Gordlevsky «Games of Anatolian Turks.»

Key words: V.A. Gordlevsky, oguz, Seljuk, turk, culture, national games, habit.

Қызаева Ж.Б.

Некоторые аспекты огузской культуры в работе В.А. Гордлевского «Государство сельджукидов Малой Азии»

В статье предоставлены научные работы востоковеда-тюрколога В.А. Гордлевского о культуре огузских племен Малой Азии. Один из самых знаменитых его работ, открывших один из редко исследуемых периодов истории Турции – «Государство сельджукидов Малой Азии» – собирает интересные материалы о культуре огузов. Дополнительно к этому в статье сравниваются национальные детские игры казахского и турецкого народов исходя из материалов книги В.А. Гордлевского «Игры анатолийских турок».

Ключевые слова: В.А. Гордлевский, огуз, сельджук, турок, культура, национальные игры, обычай.

**В.А. ГОРДЛЕВСКИЙДІҢ
«КІШІ АЗИЯДАҒЫ
СЕЛЖУҚ МЕМЛЕКЕТІ»
ЕҢБЕГІНДЕГІ ОҒЫЗ
МӘДЕНИЕТІНІҢ
КЕЙБІР МӘСЕЛелЕРІ**

В. Гордлевский – жарты ғасырлық ғұмырын шығыстану, тарих, этнография, әдебиеттану, угор-фин, иран, араб, түрік фольклоры мен тілдерін зерттеуге арнаған кеңес дәуірінің ірі академигі.

Ең алдымен Гордлевскийдің түркология бойынша жасаған еңбектерін ерекше атап өткен жөн. Ең танымал жұмыстарының бірі – «Государство сельджукидов в Малой Азии» – түрік, парсы, араб тілдеріндегі деректермен Түркияның ең аз зерттелген кезеңінің бірін ашқан еңбегі болып табылады. Академик И.Ю.Крачковский бұл еңбекке «классикалық» деген баға берген [1, 576-б.].

Бұл еңбек КСРО Ғылым Академиясының баспасымен 1941 жылы басылып шығарылған. Оғыз тайпаларының Орта Азиядан Кіші Азияға қоныс аударған кезеңінен бастап, селжұқтардың мемлекеттік деңгейге көтерілген процесіндегі барлық қоғамдық қозғалыстарды, өзгерістерді қамтыған жұмыс оғыз тайпаларының мәдениеті туралы және олардың кейінгі осман түріктерінің мәдени өмірінде қалдырған іздері туралы да баян етеді.

Соның ішінде бұл мақалада оғыздардың шүлен тарату, үйлену, қандық өш салттары мен ислам дініне дейінгі және кейінгі кезеңдердегі мәдени жағдайы, бұрынғы оғыз дәстүрлерінің жаңамен алмасып немесе сақталған салт ырымдары талданатын болады.

X-XI ғасырларда оғыз тайпалары сонау Моңғолия, Жетісу, Арал, парсы жерлері, Балқан түбегінен Кіші Азияға жеткен бірнеше ғасырларға созылған сапарында талай тарихты басынан кешіріп, шаруашылығы мен қоғамдық құрылымы, салты мен дәстүрі қалыптасқан халық болатын. Олардың Кіші Азиядағы уақыты «Қорқыт Ата кітабында» «баһадүрлер ғасыры» деп аталған. Себебі оғыздар жол жөнекей кездескен халықтардың санасында батыр, қорқынышты, алып адамдар ретінде қалған. Мысалы, Елизаветпольский губерниясы Нухин уезді Куткашин елді мекенінің тұрғындары жерден сүйек тапқанда, олар «алып оғыздардаға» тиесілі деп ойлайтын болған [2, 140-б.].

Орта Азиядағы оғыздардың басты шаруашылығы жартылай көшпелі мал шаруалышығы болғанын ескере отырып [3, 87-б.], оғыздар үшін Кіші Азияда жаңа тұрмыс салттары күтіп тұрған

байқауға болады. Отырықшылық мәдениеттің гүлдеген мекені, Византия империясының қалалық өміріне тап болған оғыздар біраз уақытқа дейін үйреншікті қалыпқа келе алмаған. Осы көңіл күйді XIII ғасырда ханзада Изз-эд-дин Константинопольда болған кезінде, византиялық императорға былай айтып білдірген еді: «Біз-түріктер, күнделікті қалада өмір сүре алмаймыз. Бізге бір шет аймақтан жер бөліп бер» [4, 48-б.].

Тарихшы Сейид Локман бүгінгі түріктерге де таныс халық мақалын қайталайды: «түрік үшін қала – түрме» [5, 111-б.].

Даланы аңсаған көшпелі халық жауынгерлік тұрмыс салтын, соғысқа жаттықтыратын ойындарды, аңшылық дәстүрін және т.б. одан әрі жалғастырып отырған. Тағы бір жалғасын тапқан оғыз дәстүрі – шүлен тарату. Шүлен тарату немесе шүлен тарту – дәстүрлі қазақ қоғамына да жеткен жәрдем мен қамқорлықты білдіретін көне дәстүр. Бұл діни, парыз, уәжіп, құдайы немесе зекет те емес, ол тегін таратылатын дүние-мүлік. Шүлен таратуды қазақ байлары тарапынан кедейлерге көрсетілетін жомарттық пен мырзалық деуге болады. Шүлен таратушылар бұл рәсімді пайда үшін емес, көптің алғысын, сауабын алу үшін атқарып отырған.

Оғыз дәстүрінде сұлтан таққа отырар кезде қой сойылып, шүлен таратылған болған. Жиналған жұрт еттен үлесін ала отырып, сұлтанды сайлаған.

Тойларда жершілдік немесе рушылдық сақталған: Оғыз хан анықтап кеткен 24 оғыз руларының ретімен әр топтың өкілі өз орнына отыратын болған.

Кіші Азияда оғыздар жылына екі рет 15 күннен «үлкен аңшылыққа» аттанған. Деректер бойынша ашық алаңға қабандарды, жолбарыс немесе құстарды қуып атқан. Мергендерді марапаттайтын болған. Жолбарысты атқан адамның шынтағына жолбарыс құйрығынан «кутас» байлаған.

Тағы бір дала көшпенділерінен мұраланған әдет – атқа құмарлық Кіші Азия оғыздарында сақталған. Сұлтанған вергерлік, кавказдық сайгүліктер әкелінетін болған [4, 55-б.].

Оғыз қоғамындағы рухани өмірдің тағы бір анық көрінісі – шаман-емшілердің рухани ақсүйектер ретінде X ғасырда ерекше орын алуы. Оларды өз жолында кезіктірген Ибн Фадлан X ғасырла оғыздар пұтқа табынғанын жазған болатын. Оларға оғыздар «өмірі мен меншіктерін иеленуші қызметінде қабылдаушы» ретінде сенген, бұл үрдіс шамандардың рухани өмірдегі үлкен қызметін көрсетеді. Тағы бір үлкен

өзгеріс оғыздар үшін ислам дінінің келуімен болды. Бірақ исламның оғыздар арасында тарауы біркелкі болған жоқ: VIII ғасырда отырықшы Мәуереннахр өлкесінің солтүстік шекарасында басталды, батыс топтарының арасында болса мұсылмандық X ғасырдың өзінде де толық сипат алған жоқ. Көптеген бөлігінің исламдануы Сырдария мен Амудария, кейін Хорасанда селжұқ қозғалысымен байланыстырылады. Кіші Азия территориясындағы оғыздардың исламдануы әлдеқайда біркелкі еді. Дегенмен көне шамандық дәстүрдің қалдықтарын көп жерден көруге болатын еді.

Мәселен, оғыздар адамды жерлегенде оның жанын тыныш сақтауда жердің құдіретіне сенген. XIII ғасырдың басында Сельджукид шамандық діни-наным сенім бойынша өзінің жауы Ягы-басан Данишменді зиратынан қазып алып, жанын жерасты тыныштығынан айырып үшн өртеп жіберген [4, 55-б.].

Ресми түрде оғыздар мұсылман болғанымен, бірқатар жағдайларда мұсылмандықты қабылдай алмаған: олардың ойынша ислам тайпалар арасындағы салтты әлсіретеді деп ойлаған. Түркмендер арасында «мұсылманның жолында кезіп жүрген болмас» деген теріс пікір де қалып қойған. Сонымен қатар оғыз-мұсылмандар біразға дейін екі атқа ие болған: бірі –жана мұсылмандық болса, екіншісі – көне түрік есімі. Олардың ойынша бсқа елдің атын алдың деген сөз – сол халыққа өтумен тең болған. Сондықтан барынша өз тамырына бекем ұстануға тырысқан.

Оғыз-мұсылмандар басын жабық ұстау керек екенін ұмытып, қатты қуаныш болған кезде малақайларын жоғары лақтырып, шаттанатын болған дейді. Ал көңілсіз оқиға немесе қайғылы жаңалық болған кезде бас киімдерін жерге лақтыратын әдет қалып қойған.

Гордлевскийдің аталмыш еңбегінде тағы бір талқыланған мәселе – оғыз үйлену дәстүрі. Неке оғыздарда тайпа ішінде, яғни эндогамды болған.

Мұсылмандыққа дейінгі түрік халықтарының жерлеу дәстүрінде көздесетін өлікпен бірге оның көзі тірісінде қолданған затын о дүниеде көмегі болады деген сеніммен бірге көму үрдісі ислам дінін қабылдаған кездерде де Кіші Азия оғыздарында сақталып қалған. Мәселен, I Гияс-эд-дин Кей-Хюсрев гректермен таласта көз жұмып, денесін Коньяға алып келгенде, баласы I Изз-эд-дин Кей Кавус оның зиратына жылқысымен бірге көмген. Адал серігіне айналған аты арғы дүниеде де көмектесетін тұмарына айналады деп сенген.

X ғасырда Орта Азия жеріндегі оғыздарда «қанға қан, жанға жан» принципі болғанын

Ибн Фадлан жазады. Дәл солай Кіші Азия оғыздарында да сақталды. Кейін ол да натуралды және ақылы өтемге ауысқан.

Жоғарыда аталған мәдени бетбұрыстардың көпшілігі оғыз тайпалары ортақ тарихи тегі болып есептелетін бүгінгі көптеген халықтарға ортақ белгі болып табылады. Мәселен тасаттық, шүлен тарату, адам өліміне құн төлеу және ойын-сауық түрлері. Гордлевскийдің кейінгі оғыз ұрпақтары болып саланатын анатолы түріктерінің бірнеше ойын түрлері бүгінгі қазақ халқында да бар болып шықты. Солардың бір екеуіне тоқталып өтсем.

«Алайлар, калайлар»: бұл ойынға қыздар ғана қатысатын болған. 8 бен 10 аралығындағы қыздар екі қатарға тізіліп, қолдарын мойындары арқылы айқастырып ұстайтын болған. Солайша бір қатар бірігіп «алайлар, калайлар, қыз бизим алайлар» деп айқайлаған. Қарсы топпен екі арада диалог құрылып, ойын былайша жалғасқан:

- Сендерге кім керек?
- Әне тұрған сұлу қыз керек.
- Ол сұлу қыз бізге де керек. Оны сендерге бермейміз.

- Біз ол сұлуды аламыз.
- Ол сұлуды бізден ешкім ала алмайды.
- Біз достарымызбен барамыз жа аламыз [6, 15-б.].

Осы сөзді айтқаннан соң екі қыз топтан шығып, қарсы топтағы қызды өз орталарына алып кетеді. Дәл осылайша қарама-қарсы жақ өз тобына бір қызды қосады. Ойын осылайша жалғаса береді.

Ал қазақ ойындарының ішіндегі осыған ұқсас ұлттық ойын «Ақсерек, көксерек» болып табылады. Онда да ойын екі топқа бөлінуден басталып, бір біріне адам жинаумен жалғасады. Бір айырмашылығы, қазақ ойынында қыз балалар да, ер балалар да қатар ойнайды.

Ақсерек-ау ақ серек

Бізден сізге кім керек.

2-ші Ақсерек –ау ақ серек

Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек –

деп, аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратуға тырысады. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді. Топ ойыншыларының арасындағы бірлік пен ептілікті, сонымен қатар күшті сынға қоятын бұл ойын ең қызықты ойындардың қатарына кіреді.

Келесі бір ұқсас ойын – сақина ойыны. Мұнда кемінде 10 адам ойынға қатысып, екі топқа бөлінеді. Ойынға қатысушылар санына қарай сонша тақия және бір жүзір шығарады. Екі топтан ең икемді беген бала шығып, қарсы топтың алдында сақинаны әр тақияның ішіне салғандай әрекет жасайды. Соңында қарсы топтың ойыншылары сақинаның қай тақияда екендігін анықтау керек.

Дәл осындай ойын қазақ халқында да бар. Оның да аты «сақина» деп аталса керек. Айырмашылықтары да бар: мұнда бір ойын жүргізушісі және басқа ойыншылар еш топқа бөлінбестен бір қатарға тізіліп отырулары керек. Ойын жүргізушісі сақинаны алақанына жасырып, әр ойыншының жатық тұрған қос қолының ортасынан өткізеді. Тізілген топ біткенше жүргізуші өз қолын барлық ойыншының қолынан өткізіп шығады. Ең соңында қатардан сәл алыстап, «сақина, сақина шық!» деп дауыстайды. Сол сәтте алақанына сақина түскен ойыншы шапшаңдық танытып топтан тез тұрып қашу керек. Жанында отырған ойыншылар сақинасы бар ойыншыны ұстап, жібермей қалуға тырысу керек. Егер ұсталып қалса, сақинасы бар ойыншы өз өнерін көрсетеді. Ал егер топтан суырылып шығып үлгерсе, онда ойын жүргізу құқығына ие болады. Бұл ойын балалардың шапшаңдығын және топ алдында өз өнерін көрсету қабілетін жетілдіреді.

Сонымен қатар ұлттық балалар ойындарының ішінде екі халыққа да ортақ тығылыспақ, ұзын есек т.б. ойындары да кездеседі.

Түрік халықтарының ойындары туралы ғылыми әдебиеттер саны көп есемтігін айтқан В.А. Гордлевский А. Володин, А. Горячкин, А. Диваев, К. Иностранцев, А. Калашев, Р. Карутц, Г. Кулаткы, Н. Пантусов, А. Самойлович, В. Филоненко, К. Фукс сияқты ғалымдардың еңбектерінің тарихнамасын ұсынады [6, 2-б.].

Бұл келтірілген мысалдар арқылы Кіші Азия оғыздарының көне дәстүрлерді ұзақ уақыт сақтағанын байқай аламыз. Бұл мәселелер Гордлевский зерттеген оғыз мәдениетіне қатысты мол мұраның бір ғана бөлшегі болып табылады. Ары қарай толық отырықшы салтына көше бастаған оғыз тайпалары басқа халықтармен араласып, архитектурасында да, салт дәстүрінде де мультиқырлық жаңа селжұқ дәстүрінің қалыптастырғанын байқаймыз. Дегенмен, кейінгі түрік халықтарының мәденетіне қарап-ақ, сонау X-XI ғасырда келген оғыз тайпаларының мәдени іздерінің кейбір элементтері әлі де сақталып қалғанын аңғара аламыз.

Әдебиеттер

- 1 Старинин В.П. Известия Академии Наук СССР. Отделение литературы и языка. 1956, том XV, выпуск 6, ноябрь-декабрь.
- 2 Рашид-бек Эфендиев. Сборник материалов для описания местностей и племен Кавказа. Вып IX. Тифлис., 1903. – 710 с.
- 3 Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. – Ашхабад: Ылым, 1969. – 297 с.
- 4 Гордлевский В. А. Государство Сельджукидов Малой Азии. – Л.: Академии Наук СССР, 1941. – 200 с.
- 5 Гордлевский В.А. Из истории османской пословицы и поговорки // Избранные сочинения. – М.: Изд-во вост-ой лит-ры, 1961. – 558 с.
- 6 Гордлевский В.А. Игры анатолийских турок. – Баку: О-ва Обследования и Изучения Азербайджана, 1927. – 45 с.

References

- 1 Starinin V.P. Izvestiya Akademii Nauk SSSR. Otdelenie literatury i yazyka. 1956, tom XV, vypusk 6, noyabr-dekabr.
- 2 Rashid-bek Efendiev. Sbornik materialov dlya opisaniya mestnostei i plemen Kavkaza. Vyp IX. Tiflis., 1903. – 710.
- 3 Agadzhanov S.G. Ocherki istorii oguzov i Turkmen Srednei Azii IX-XIII vv. – Ashxabad: Ylym, 1969. – 297 s.
- 4 Gordlevsky V.A. Gosudarstvo Seldzhukov Maloi Azii. – L.: Akademii Nauk SSSR, 1941. – 200 s.
- 5 Gordlevsky V.A. Iz istorii osmanskoj poslovici i pogovorki // Izbrannyye sochineniya. – M.: Izd-vo vost-oi lit-ry, 1961. – 558 s.
- 6 Gordlevsky V.A. Iгры anatolyiskih turok. – Baku: O-va Obsledovaniya i Izucheniya Azerbaidzhana, 1927. – 45 s.

Бермухамедова А.А.
Рассекречивание архивных документов: принципы, процесс

Рассекречивание архивных документов является главным вопросом в любом государстве, т.к. это история государства в документах. Изучение истории прошлого через архивные документы даст новому поколению увидеть правдивую историю своей страны и страницы мировой истории. Процесс рассекречивания архивных документов состоит в выдаче засекреченной информации общественности. Экспертная комиссия выполняет организацию и осуществление рассекречивания архивных документов. Рассекречивание документа может быть полным или частичным. Руководители государственных архивов должны регулярно проводить работу по контролю сроков хранения материалов, составляющих государственные секреты. Сохраняется целый комплекс проблем, которые требуют своего решения: в области применения законодательства; совершенствования механизма рассекречивания документов, переданных в государственные архивы и находящихся на депозитарном хранении в архивах «силовых» ведомств; вовлечения архивных учреждений в этот процесс.

Ключевые слова: архивный документ, секретная информация, рассекречивание, хранение документов, экспертная комиссия.

Bermuhamedova A.A.
The declassification of archival documents: principles, process

Declassification of archival documents is a key issue in any state, as is the history of the state in the documents. Studying the history of the past through archival documents will see a new generation of true history of their country and the pages of world history. The process of declassification of archival documents is to issue classified information to the public. Expert Commission performs the organization and implementation of declassification of archival documents. The declassification of the document may be complete or partial. Heads of state archives should regularly work to control the shelf life of materials constituting state secrets. Preserved whole range of issues that need to be addressed: in the field of application of the legislation; improving the mechanism of the declassification of documents submitted to the state archives and those on depositary deposited in the archives of the «power» agencies; involvement of archival institutions in this process.

Key words: archival document, the secret information, declassification, storage documents, expert committee.

Бермухамедова А.А.
Мұрағаттық құжаттарды құпиясыздандыру: принциптері, процесс

Мұрағаттық құжаттардың құпиясын ашу мемлекеттің басты сұрағы болып табылады, себебі сол құжаттарда мемлекеттің тарихы жазылған. Мұрағаттық құжаттардың құпиясын ашу үдерісі жұртқа құпия ақпараттың ұстап беруінде. Сараптамалық комиссия мұрағаттық құпиясын ашуын ұйымдастырады және жасауын орындайды. Құжаттың құпиясын ашылуы толық немесе жарым-жарты болу мүмкін.

Түйін сөздер: мұрағаттық құжат, құпия ақпарат, құпия ақпаратты ашу, құжаттарды сақтау қоры, сараптамалық комиссия.

РАССЕКРЕЧИВАНИЕ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ: ПРИНЦИПЫ, ПРОЦЕСС

Под рассекречиванием архивных документов, и не только архивных, понимается снятие ранее присвоенных им грифов секретности и введенных ограничений на доступ к ним, если они содержали информацию государственной секретности, а также в связи с изменением объективных обстоятельств, вследствие которых дальнейшая защита содержащихся в них сведений нецелесообразна.

Рассекречивание архивных документов – это огромная область для исследований. Например, одним из направлений является решение проблемы сопоставления документов со сроками их рассекречивания.

При организации работы по рассекречиванию архивных документов необходимо определиться с основной терминологией и основными требованиями данной работы.

Объектом рассекречивания является документ или дело. Под рассекречиваемыми документами понимаются текстовые и графические материалы, выполненные любым способом, кино-фото-фономатериалы и другие материальные объекты, содержащие информацию, отнесенную к государственным секретам.

Представленные для рассекречивания документы или дела рассматриваются поштучно, в полном объеме.

Рассекречивание документа может быть полным или частичным.

Под полным рассекречиванием документа или дела понимается рассекречивание, при котором документ становится несекретным в полном объеме.

Под частичным рассекречиванием документа или дела понимается рассекречивание, при котором несекретной становится его определенная часть, но в целом документ или дело остается секретным.

Организационно-распорядительные документы (постановления, решения, распоряжения и др.) рассекречиваются одновременно с имеющимися подготовительными материалами (проектами, справками, заключениями и т. п.).

Организация рассекречивания архивных документов определяется следующими основными нормативными документами:

- Законом РК «О государственных секретах».

– «Инструкцией по обеспечению режима секретности в Республике Казахстан».

– «Методическим письмом по рассекречиванию документов бывших архивов Компартии Казахстана».

– Правилами работы партийных архивов обкомов, крайкомов партии, институтов «истории партии» – Филиалов ИМЛ при ЦК КПСС.

– Материалами республиканского семинара – совещания по теме «Расширение источниковедческой базы исторических наук на основе либерализации допуска к документам бывших архивов Компартии Казахстана».

Организационная работа по рассекречиванию архивных документов ведется с соблюдением требований нормативных актов по защите государственных секретов. Лица, привлекаемые к этой работе, должны иметь допуск к государственным секретам по форме, соответствующей степени секретности рассматриваемых документов.

Рассекречивание документов, содержащих сведения о личной жизни граждан или их персональных данных, осуществляется в соответствии с положениями Конституции РК, законом «Об информатизации» и другими законодательными и нормативными правовыми актами, касающихся соблюдением прав и свобод личности в Республике Казахстан [1].

Исключением для рассекречивания архивных документов является незаконное распространение в Республике Казахстан или за ее пределами информации и документов, составляющих государственные секреты [2].

Одной из основных задач Межведомственной комиссии является организация и осуществление рассекречивания архивных документов.

Организационно-техническое и методическое обеспечение деятельности Межведомственной комиссии, связанное с рассекречиванием документов, осуществляет структурное подразделение центрального аппарата – Гостехкомиссия РК.

Межведомственная комиссия проводит работу по рассекречиванию документов в плановом порядке, а также во исполнение указов, распоряжений и поручений Президента РК, обращений руководителей Администрации Президента Республики Казахстан, Аппарата Правительства РК.

Межведомственной комиссией составляется план работы по рассекречиванию.

Предложения в план по рассекречиванию документов, находящихся на хранении в государственных и ведомственных архивах, архивных

учреждениях, формируются комитетом по архивному делу с учетом обращений органов государственной власти, предприятий, учреждений, организаций и граждан.

План рассматривается Межведомственной комиссией и утверждается ее решением.

В целях организации рассекречивания документов Комитет по архивному делу и Администрация Президента Республики Казахстан представляют в Гостехкомиссии информацию о документах, подлежащих рассекречиванию (перечни, справки, обзоры), а также копии документов, оформленные в установленном порядке.

Перечни документов (справки или обзоры), отобранных для рассекречивания, подготавливаются и заверяются руководителями соответствующих архивов. При рассмотрении документов, отложившихся в нескольких архивах, Комитетом по управлению архивами совместно с Гостехкомиссией формируется общий перечень документов, подлежащих рассекречиванию [3].

Руководители государственных архивов РК наделяются полномочиями по рассекречиванию документов, составляющих государственные секреты, находящихся на хранении в закрытых фондах этих архивов, в случае делегирования им таких полномочий организацией – фондообразователем или ее правопреемником. В случае ликвидации организации – фондообразователя и отсутствия ее правопреемника вопрос о порядке рассекречивания документов, составляющих государственные секреты, рассматривается Межведомственной комиссией по вопросам обеспечения информационной безопасности.

Организации – фондообразователи или их правопреемники, не передавшие государственным архивам полномочия по рассекречиванию носителей информации, составляющих государственные секреты, несут ответственность за рассекречивание документов, срок засекречивания которых истек, или утративший секретный характер.

Руководители государственных архивов должны регулярно проводить работу по контролю сроков хранения материалов, составляющих государственные секреты, только в случае делегирования им полномочий по рассекречиванию, а также при отсутствии (ликвидации) фондообразователей или их правопреемников.

Носители информации при отсутствии организации – фондообразователя или ее правопреемника по истечении 30-летнего срока засекречивания представляются на экспертную оценку Гостехкомиссией на предмет рассекречивания

или продления срока засекречивания. Представление перечней и копий документов государственных архивов осуществляются через Комитет по управлению архивного дела.

Должностные лица органов государственной власти, наделенные полномочиями по отнесению информации к государственным секретам, создают постоянно действующие комиссии для рассмотрения вопросов по рассекречиванию носителей информации или делегируют руководителям государственных архивов полномочия по их рассекречиванию. При этом конкретно указывают, какую информацию руководители архивов правомочны рассекретить.

Для подготовки проектов решений по рассекречиванию носителей информации решением Председателя Гостехкомиссии создается межведомственная экспертная группа, которая рассматривает на предмет рассекречивания только носители информации, составляющие государственные секреты, которые находятся в закрытых фондах государственных архивов. В случае ликвидации организации – фондообразователя и отсутствия ее правопреемника, а также в случаях необходимости продления 30-летнего срока их засекречивания [3].

Организация работы экспертных групп (ЭГ).

Для проведения экспертизы и изучения документов председателем или ответственным секретарем Межведомственной комиссии по согласованию с заинтересованными органами государственной власти создаются межведомственные экспертные группы, состав которых определяется в каждом конкретном случае в зависимости от тематической направленности документов.

В состав экспертных групп в обязательном порядке должны быть представители Министерства обороны Республики Казахстан, Комитета национальной безопасности РК, Министерства внутренних дел РК, Министерства иностранных дел РК, Агентства Республики Казахстан по информационным связям, Министерства транспорта и коммуникаций РК, Агентства РК по борьбе с экономической и коррупционной преступностью (финансовой полиции), Службы охраны Президента РК (по согласованию), Министерства юстиции РК, Отдела контроля и документационного обеспечения Канцелярии Премьер-Министра РК, Министерства образования РК, центрального аппарата Гостехкомиссии и архива, представляющего документы в работе экспертных групп привлекаются также ведомства, чьи интересы затрагиваются в рассматри-

ваемых носителях информации, составляющие государственные секреты).

Персональный состав экспертных групп пересматривается по мере необходимости замены ее членов. Для обеспечения деятельности экспертных групп по запросам Гостехкомиссии органами государственной власти, наделенные полномочиями по распоряжению информацией, отнесенной к гостайне, выделяются специалисты по отдельным направлениям работ.

Работу экспертных групп организует ответственный секретарь Межведомственной комиссии. Работой экспертных групп руководят сотрудники центрального аппарата Гостехкомиссии. Руководители архивов в соответствии с перечнем документов и дел, отобранных для рассекречивания, представляют экспертам и специалистам документов, оформленных в установленном порядке, а также выделяют для работы экспертных групп необходимые помещения, оргтехнику и расходные материалы. Члены экспертных группы специалисты осуществляют работу по исследованию документов, оценивают содержащуюся в них информацию и подготавливают по ней экспертные заключения.

В процедуре рассекречивания принимают участие эксперты тех архивов, которые готовят материалы на комиссию. Они копируют документы, составляют их перечни по трем группам (рассекреченные, частично рассекреченные, оставленные на секретном хранении или ограниченном доступе). В тех случаях, когда заголовки документов составлены не формально, а развернуто, когда заключение подготовлено четко и аргументированно, никаких затруднений при обсуждении не возникает. По предложению комиссии в необходимых случаях привлекаются эксперты из ведомств, работа которых контролируется членами комиссии – представителями этих учреждений. Согласно с «Типовым положением постоянно действующей комиссии по защите государственных секретов Республики Казахстан» в организациях РК, где ведутся работа со сведениями, составляющими государственные секреты, должны создаваться постоянно действующие комиссии, которые работают с секретными документами. Результатом работы экспертных групп является заключение по вопросу рассекречивания или продления срока засекречивания носителей информации. В заключение экспертов указываются, а именно: какие документы рассмотрены, выводы о целесообразности продления срока засекречивания и рассекречивания, возможные пути дальнейшего использова-

ния рассекреченных документов. В экспертном заключении приводятся перечень исследованных документов (дел) и выводы о возможности их рассекречивания (полного, частичного) или нецелесообразности рассекречивания с мотивированной аргументацией, а также указываются документы (дела), по которым требуется дополнительная экспертиза соответствующих органов государственной власти.

Результаты работы (экспертные заключения или заключения органов государственной власти, представляемые по итогам работы специалистов) и предложения вносятся в проект решения по рассекречиванию документов и рассматриваются на заседании экспертных групп, оформляются протоколом. Проект решения с протоколом заседания экспертной группы представляются на согласование членам Межведомственной комиссии.

Заключение экспертов подписывается всеми членами группы и утверждается Председателем Гостехкомиссии. Перед утверждением заключения члены экспертных групп представляют его на согласование руководителям органов государственной власти, поручения которых они выполняют.

Утвержденное заключение экспертных групп направляется должностным лицам органов государственной власти, государственных архивов, которые представили на рассмотрение носители информации, составляющие государственные секреты. Оно является основанием для изменения грифа секретности этих носителей и внесения изменений в учетные данные.

При необходимости оперативного рассекречивания документов экспертные заключения утверждаются экспертными группами или руководителями органов государственной власти, наделенных полномочиями по распоряжению информацией, содержащейся в рассекречиваемых

документах, представляются в Гостехкомиссию и рассматриваются на заседании экспертных групп. По результатам заседания экспертных групп оформляется протокол.

В случае рассмотрения единичного или незначительного количества документов, представленных к рассекречиванию, экспертная группа не создается. Копии таких документов направляются на экспертизу в органы государственной власти, наделенные полномочиями по распоряжению содержащейся в них информации, и КНБ, которые представляют в Гостехкомиссию мотивированные заключения о возможности или нецелесообразности их рассекречивания [4].

По результатам работы экспертных групп и на основании заключений органов государственной власти принимаются решения Межведомственной комиссии.

Решения Межведомственной комиссии о рассекречивании документов направляются в Комитет по управлению архивному делу и Администрацию Президента Республики Казахстан и доводятся до сведения органов государственной власти, учреждений, организаций и граждан.

Создание в 1990-2000-е гг. законодательной и нормативной базы, а также специальных учреждений, осуществляющих рассекречивание архивных документов, лишь частично решило проблемы использования огромного количества документов, находившихся ранее на закрытом хранении. Сохраняется целый комплекс проблем, которые требуют своего решения: в области применения законодательства; совершенствования механизма рассекречивания документов, переданных в государственные архивы и находящихся на депозитарном хранении в архивах «силовых» ведомств; вовлечения архивных учреждений в этот процесс. Не до конца решены вопросы использования документов, содержащих персональные данные [5].

Литература

- 1 Материалы Республиканского семинара-совещания по теме «Расширение источниковедческой базы исторических наук на основе либерализации допуска к документам бывших архивов Компартии Казахстана». – Алма-Ата, 1994.
- 2 Себряев В.И. Категории госсекретов основные принципы отнесение информации к госсекретам // Материалы республиканского семинара – совещания по теме «Расширение источниковедческой базы исторических наук на основе либерализации доступа к документам бывших архивов Компартии Казахстана». – Алма-Ата, 1994. – С. 16-25.
- 3 Сексенбаев Г.А. Методика работы с архивными источниками. – М., 1996. – С. 11.
- 4 Сандыбекова Г. А. Обеспечение режима секретности в системе главархива Республики Казахстан // Материалы республиканского семинара – совещания по теме «Расширение источниковедческой базы исторических наук на основе либерализации допуска к документам бывших архивов компартии Казахстана». – Алма-Ата, 1994. – С.25-28
- 5 Бакшаев А. Проблемы рассекречивания архивных документов в России на современном этапе // разд. II. Современные проблемы архивов. – С. 172 – 179.

References

- 1 Materialy Respublikanskogo seminar-soveshhanija po teme «Rasshirenie istochnikovedcheskoj bazy istoricheskikh nauk na osnove liberalizacii dopuska k dokumentam byvshih arhivov Kompartii Kazahstana». – Alma-Ata, 1994.
- 2 Sebrjaev V.I. Kategorii gossekretov osnovnye principy otnesenie informacii k gossekretam // Materialy respublikanskogo seminar – soveshhanija po teme «Rasshirenie istochnikovedcheskoj bazy istoricheskikh nauk na osnove liberalizacii dostupa k dokumentam byvshih arhivov Kompartii Kazahstana». – Alma-Ata, 1994. – S. 16-25.
- 3 Seksenbaev G.A. Metodika raboty s arhivnymi istochnikami. – M., 1996. – S. 11.
- 4 Sandybekova G. A. Obespechenie rezhima sekretnosti v sisteme glavarihiva Respubliki Kazahstan // Materialy respublikanskogo seminar – soveshhanija po teme «Rasshirenie istochnikovedcheskoj bazy istoricheskikh nauk na osnove liberalizacii dopuska k dokumentam byvshih arhivov kompartii Kazahstana». – Alma-Ata, 1994. – S.25-28
- 5 Bakshaev A. Problemy rassekrechivaniya arhivnyh dokumentov v Rossii na sovremennom jetape // razd. II. Sovremennye problemy arhivov. – S. 172 – 179.

Сарыбаева А.

**Мұрағат ісін ақпараттандыру:
ұйымдастырылуы және
бағыттары**

Аталмыш мақалада автор мұрағат ісін ақпараттандыру мәселелерін қарастырады. Мұрағаттық мекемелер жұмыстарына жаңа ақпараттық технологияларды енгізу құжаттық ақпаратқа деген қолжетімділікті кеңейтіп, мұрағаттық ақпарат негізінде жасалынған ғылыми зерттеулердің тиімділігін көтеруге және тереңдетуге әсерін тигізеді, дәстүрлі емес тасымалдауыштарда құжаттар мен анықтамалықтардың жаңа нысанын жасауға көмектеседі. Автор мұрағаттық мекемелер жұмыстарына сай ақпараттандыруға жататын негізгі функциялары мен бағыттарына басты назар аударған: олар, мұрағаттарды толықтыру, құжаттардың құндылығын сараптау, құжаттарды есепке алу, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, сақтандыру қорын жасау, ақпараттық-анықтамалық жұмыстар, іс жүргізуді бақылау. Автор мұрағат ісін ақпараттандыру кезеңдерін қарастырады: база мәліметтерін жасау және енгізу, есептік мәліметтер базасы, ақпараттық-ізденіс мәліметтер базасы, типтік мәліметтер базасын жасау.

Түйін сөздер: ақпараттандыру, мұрағат ісі, ақпараттық технологиялар, ақпараттық-ізденіс мәліметтер базасы, есептік мәліметтер базасы, толықтыру, құжаттарды сараптау.

Sarybaeva A.

**Informatization of the archived
business: organization and
directions**

In this article an author examines the problem of informatization of the archived business. Introduction of informative NT in work of the archived establishments extends access to debenture information, assists deepening and increase of efficiency of the scientific researches carried out on the basis of the archived information, creates the new forms of edition of documents and reference books on unconventional carriers. An author spares large attention on basic functions and work of the archived establishments that is subject to informatization assignments, such as, completing of archive, examination of value of documents, account of documents, control after providing of safety of documents, creation of insurance fund, reference and information work, control after office work. An author is consider the stages of informatization of the archived business, it, development and introduction of database, registration databases, information retrieval databases, development model databases.

Key words: informatization, archived business, information technologies, information retrieval databases, registration databases, completing, examination of documents.

Сарыбаева А.

**Информатизация архивного
дела: организация
и направления**

В данной статье автор рассматривает проблему информатизации архивного дела. Внедрение новых информационных технологий в работу архивных учреждений расширяет доступ к документной информации, способствует углублению и повышению эффективности научных исследований, осуществляемых на основе архивной информации, создает новые формы издания документов и справочников на нетрадиционных носителях. Автор уделяет большое внимание основным функциям и направлению работы архивных учреждений, которые подлежат информатизации, такие как, комплектование архива, экспертиза ценности документов, учет документов, контроль за обеспечением сохранности документов, создание страхового фонда, информационно-справочная работа, контроль за делопроизводством. Автором рассмотрены этапы информатизации архивного дела: разработка и внедрение базы данных, учетные базы данных, информационно-поисковые базы данных, разработка типовых базы данных.

Ключевые слова: информатизация, архивное дело, информационные технологии, информационно-поисковые базы данных, учетные базы данных, комплектование, экспертиза документов.

МҰРАҒАТ ІСІН АҚПАРАТТАНДЫРУ: ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ БАҒЫТТАРЫ

ҚР «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Заңында «Ұлттық мұрағат қоры – заңда белгіленген тәртіппен ұлттық құндылық деп танылған барлық мұрағаттардың, мұрағат қорлары мен коллекцияларының, деректі ескерткіштердің, тарихи, ғылыми, әлеуметтік, экономикалық, саяси немесе мәдени айрықша маңызы бар құжаттардың жиынтығы» [1] деп белгіленген. Яғни, бүгінгі таңда қоғамның материалдық және рухани өмірін бейнелейтін тарихи жинақталған және үнемі толықтырылып отыратын мәдени мұрамыздың бірі – мұрағаттық құжаттар қоры болып табылады. Бүгінгі күні әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің деңгейіне республика міндеттерін көтерудің тиімді жолы – мәдениет саласындағы мұрағат ісін ақпараттандыру өте маңызды рөлге ие.

Халықаралық тәжірибеден көріп отырғанымыздай, соңғы уақытта мұрағат ісін ақпараттандыруға, ақпараттық коммуникациялар технологиясы негізінде мұрағат мекемелерінің жаңа бағыттарын дамытуға, мұрағат құжаттарын сандық жүйеге өткізу және оған ашық қолжетімділікті ұсынуға, оларды ақпараттандыруға баса назар аударылуда. Автоматтық технологияларды мемлекеттік мұрағат мекемелеріне кезең-кезеңмен енгізу үрдісі ҚР ОМ мұрағатының «2001-2005 жылдар аралығында мұрағат ісін жетілдіру» және «Қазақстан Республикасының мұрағат ісі мен құжаттама жүйелерін дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасы» тұжырымдамасында да ерекше орын алды.

Айта кету керек, мұрағат ісін ақпараттандыру дегеніміз ақпараттандырудың теориялық және қолданбалы жобаларын мұрағат ісіне енгізе отырып, мұрағат ісінде компьютерлік техникалар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану, мұрағат құжаттарын өңдеу технологияларының жетілдіру үрдісі. Осы тұрғыдан алғанда, ақпараттық технологиялар – ақпаратты жинауды, құруды, сақтауды, жинақтауды, өңдеуді, іздеуді, шығаруды, көшірмесін түсіруді, ақпаратты беру мен таратуды қамтамасыз ететін технологиялық кешенге біріктірілген әдістердің, өндірістік процестер мен бағдарламалық-техникалық құралдардың жиынтығы болып табылады.

Отандық мұрағаттану ғылымында мұрағат ісін ақпараттандырудың құқықтық жағын дәлелдейтін заңдары қабылданған

болатын: олар, «Электронды құжат және электронды–сандық қолтаңба туралы» [2]; «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағат туралы» [1], «Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың 2001-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» [3], «Ақпараттандыру» [4] туралы Заңы. Осы нормативтік-әдістемелік құжаттар негізінде мұрағат ісін ақпараттандыру мәселелері жолға қойылды. Яғни, мұрағат ісін ақпараттандырудың негізгі қайнар көздері, объектілері айқындалды. Осы тұста мұрағат мекемелерінде ақпараттандырудың объектілерін жеке-жеке атап өткенді дұрыс көрдік:

- мұрағатты құжаттармен толықтыру;
- құжаттар құндылығын сараптау;
- мұрағат құжаттарын есепке алу және олардың сақталуын қамтамасыз етуін бақылау;
- сақтандыру қорын жасау және қордың құжаттарын пайдалану;
- ақпараттық-анықтамалық жұмыстар;
- іс жүргізуді бақылау және іс жүргізу және электронды құжатайналымына автоматтандырылған жүйеге енгізу.

Осы көрсетілген объектілер мұрағатта автоматтандырылған база мәліметтері негізінде іске асырылады. Жалпы алғанда, мемлекеттік және әлемдік ақпараттық кеңістікті қалыптастыру жағдайында мұрағат ісін ақпараттандыру маңызды мәселелердің бірі болмақ.

Мұрағат ісін ақпараттандырудың негізгі мақсатын да атап өтсек:

- ҚР Ұлттық мұрағат қорын қалыптастыру, қорғау, жан жақты пайдалану, сақталуын қамтамасыз ету, тиімді жүйесін дамыту;
- ақпараттық ізденіс мәліметтер базасын құру, мұрағат құжаттарының электронды көшірмесін жасау;
- мұрағат аралас және жалпы салалық деңгейінде құжаттардың автоматтандырылған есептік және ғылыми-анықтамалық құрамын қалыптастыру;
- мұрағат істерін есепке алу, беру, іздеу тәртібін жеңілдету және бір жүйеге келтіру;
- ақпараттық ресурстарды жан-жақты қолдану;
- мұрағатшы жұмысының тиімділігін көтеру [5].

Осы көрсетілген негізгі мақсаттардан мұрағат ісі саласын ақпараттандырудың негізгі бағыттары туындайды: біріншіден, ҚР Ұлттық мұрағат қоры құжаттарын есепке алуды ұйымдастыру; екіншіден, қорқұрушыны есепке алу, мемлекеттік мұрағаттарда сақтауға берілген құжаттардың ақпараттық құрамын анықтау;

үшіншіден, мұрағаттық ақпаратқа деген сұранысты ұйымдастыру арқылы құжаттардың пайдалануын жетілдіру, құжаттарды ұсыну және көшірмесін жасау, таңдау, іздеу үдерісін жетілдіру; тұтынушыларға істерді беруді есепке алу, мұрағаттық анықтамалықтарды құрастыру және тапсырысқа беру, құжаттарды пайдалану; төртіншіден, сақтандыру қорын қалыптастыру және қорларды қолдану; бесіншіден, мұрағаттарда ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыстарды жүргізу, құжаттар көшірмесін, мұрағат құжаттарының жинақтарын, анықтамалық-ақпараттық басылымдарды қамтитын ақпараттық технологияларын қолдану арқылы мәліметтер базасын жасау; алтыншыдан, мұрағаттардың ұйымдастырушылық-басқарушылық функцияларын автоматтандыру.

Осы тұрғыдан алғанда, мұрағат мекемелерін ақпараттандырудың негізгі қағидасы төмендегідей тұжырымдамалардан тұратынын көреміз:

- ҚР Ұлттық мұрағат қоры құжаттарының ғылыми-анықтамалық аппарат және мемлекеттік есепке алу дәстүрлі жүйесіне байланысты сабақтастықты ұстану, құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуді және құжаттарды пайдалануын есепке алуды бақылау;
- автоматтандырылған мұрағаттық технологияларды дамытуда сабақтастықты ұстану;
- жеке мұрағат, сонымен қатар бірнеше мұрағаттарда технологиялық және ақпараттық шешімдерді іске асырудағы жүйелілікті анықтау, бір бағдарламалық-техникалық кешенде оларды қалыптастыру; мұрағат шеңберінде біркелкі мәліметтер базасын жасау;
- мұрағат қызметінің негізгі бағыттар аясында электронды нысандағы мәліметтерді беру және өңдеу, ұсыну, сипаттау әдістері негізінде құжаттарды ішкісалалық бірегейлендіру;
- қорқұрушы және тұтынушының ақпараттық жүйелерімен байланысын орнату, ішкі салалық жүйелердің мәліметтерін таратып беру [6].

Ендігі кезекте мұрағаттарды ақпараттандырудың негізгі кезеңдерінің ұйымдастырылу ерекшелігіне тоқтала кетсек: бірінші кезеңі, мәліметтер базаларын жасау және енгізумен байланысты, яғни мұның өзі мынандай кезеңдерден тұрады: мұрағатты автоматтандырылған ақпараттық жүйеге өткізу үшін ақпараттық кеңестікті зерттеу және анықтау; техникалық жобаны жасау. Жобаны жасаушы мұрағат қызметкерлерімен тығыз байланыста болу тиіс; бағдарламалық өнімді таңдау және фирманың сенімділігі; фирмамен келсім шартқа тұру, оның техникалық тап-

сырмаларымен қамтамасыз ету; бағдарламалық өнімдерді сертификациялау және тіркеу; жүйені қолдау және қызмет жасау.

Екінші кезеңі, мұрағат ісі саласында есептік және ақпараттық-ізденіс мәліметтер базасын қолдануға тікелей байланысты. Мәліметтер базасына: мұрағат құжаттары; есептік құжаттар; ғылыми-анықтамалық аппарат жатады. Осы мәліметтер базасы мұрағаттарда қажетті құжаттарды тез табуға көмектеседі. Есептік мәліметтер базасының деректемелеріне мұрағаттық қор, сақтау бірлігі, есеп бірлігі жататынын ескеру керек. Ол тек есеп функциясын ғана атқарып қоймады, сонымен қатар, құжаттарды іздеуде ақпараттық функциясын атқаратын есептік мәліметтер базасы да болып табылады. Осындай ақпараттық жүйелер мемлекеттік мұрағаттарда кездеседі.

2009 жылы Қазақстан Республикасының мұрағаттық мекемелер желілерін қамтитын автоматтандырылған ақпараттық жүйе енгізілді, ол орталықтандырылған мемлекеттік есепке алу және ретроспективтік құжаттық ақпаратты тез табу үшін жасалынды. Мұрағаттардың негізгі базалық жүйелері: мемлекеттік мұрағат үшін – мұрағаттық қор; ведомстволық мұрағат үшін – ұйымның мұрағаты. Сонымен, ақпараттық жүйелер толықтыру, есепке алу, сақталуын қамтамасыз ету, ғылыми-анықтамалық аппараты құру, автоматтандырылған жүйеде құжаттарды пайдалану сияқты мәселелерді шешеді.

Үшінші кезеңі, ақпараттық-ізденіс мәліметтер базасы мұрағаттарда ақпараттық ізденіс үдерістерін жетілдіру мақсатында мұрағаттық анықтамалықтарды, яғни мұрағаттық тізімдеме, каталог, картотеканы жасауды және ендіруді талап етеді. Мысалы, Астана қаласындағы Археография және деректану Ұлттық орталығында «Зарубежная архивная казахстаника» «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарлама аясында шетелдердегі ғылыми мекемелер мен мұрағаттарда анықталған құжаттардың негізінде мәліметтер базасы жасалынды. Бұл жүйе мұрағат құжаттарын есепке алу, сақтау және іздеу, сонымен қатар ғылыми-анықтамалық аппарат автоматтандырылған, яғни мәліметтерді тез табуға көмектеседі. Жүйе СУБД Oracle бағдарлама негізінде құрылған. Мәліметтер базасы келесі бөлімдерден тұрады: каталогтар, шолулар, көрсеткіштер, тізімдемелер және істер, есептері мен ізденістері. Жалпы, жүйеде тіркелінген құжаттарды іздеу екі бағыт бойынша жүргізіледі: критерийлер және толық мәтін бойынша. «Толықмәтіндік ізденіс» жүйедегі құжаттардың толық тізімі де-

ректемелер бойынша іздестіріледі. Ал, «критерий бойынша ізденіс» белгілі құжаттарды белгілі деректемелер бойынша іздестіреді. Осы жұмыстар төмендегі функциялар арқылы орындалады: а) мәліметтерді іздеу; б) Excel экспорты; в) құжаттардың жазбаларын ашу; г) құжаттар мәліметтерін басып шығару.

Жаңа мәліметтерді енгізу және редакциялау үшін администратор локалдық-есептеу желісінде жұмыс жасайды, ал зерттеуші Интернет арқылы ақпараттық жүйеге қолжетімділікті ала алады: (<http://ncai.kz:8091/archapp/faces/login.jsp>).

Мәліметтер базасының міндетті реквизиттарына кіреді [7]:

- базаның атауы;
- оның көлемі;
- ақпарат мазмұнының сипаттамасы;
- мәліметтер дерегінің тізімі;
- енгізілген құжаттардың соңғы мерзімі;
- мәліметтер базасының басталуы және аяқталуы немесе жалғастыру туралы белгісі;
- мәліметтерді ұсыну форматы;
- мәліметтер базасының құқықтық статусы
- идентификаторлармен бірге жасалынған мәліметтер базасының толық тізімі.

Мәліметтер базасының деректемелер тізімі бастапқыда барлық мұрағат бойынша, содан соң қор, сақтау бірлігі, жеке құжат бойынша жасалынады.

Дәстүрлі есептік және ғылыми-анықтамалық құжаттарға қарағанда сабақтастығы негізгі деректемелерді қолдану арқылы іске асырылады. Мәліметтерді енгізу дәстүрлі құжаттар негізінде және оларға сай жүргізіледі. Мәліметтер базасы дәстүрлі және машина оқитын құжаттарды қайталауын мүмкін. Мәліметтер базасына өзгерістерді жылдам енгізу жыл сайын, яғни жылдық қорытынды бойынша жүргізіледі. Мәліметтер базасына мұрағат құжаттары тұтынушылардың сұраныстары немесе мұрағат қызметкерлерінің оларды анықтау негізінде енгізіледі. Базаға енгізілген мұрағат құжаттарының негізгі элементтері болып тірек сөздер табылады, мысалы объектінің мазмұны бойынша, яғни, тақырып, тұлға, географиясы іздестіріледі. Мәліметтер базасындағы құжаттарды іздеудің нәтижесі мәтіндік файл немесе құжат мәтіні болып табылады. Іздеу нәтижесінің формасы құжат нөмері, библиографиялық сипаттама, реферат немесе құжаттың толық мәтіні болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстан мұрағаттарының ғылыми-анықтамалық аппараты автоматтандырылған. Зерттеушілер кез-келген мемлекеттік немесе ведомстволық мұрағатқа келгенде, ең

алдымен жұмысын бастамас бұрын, қалай және нені іздейтігін ойлайды, одан кейін зерттеген тақырыбына байланысты ақпараттың не мәліметтің тез әрі оңай табылуын қалайды. Бұл мәселені қалай ұйымдастыруға және шешімін қалай таубаға болады деген сауалға автоматтандырылған іздеу жүйесі (АІЖ) арқылы жауап бере аламыз.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында ЕСАДО жүйесімен қатар LOTUS NOTES жүйесін қолданылады. LOTUS NOTES жүйесінде, мына критерилері бойынша іздеу салуға болады:

- Тақырып бойынша;
- Уақыт бойынша;
- Рубрика бойынша;
- Жыл (сан) бойынша
- Сөз бойынша.

Іздеу әдістерін пайдалануға болады. Аталмыш үрдіс зерттеушінің жұмысын әлде қайда оңайлататынын көрсетеді.

Қорыта келе, қазіргі заман ақпарат заманы болғандықтан ақпарат, соның ішінде ретроспек-

тивті құжаттар ақпарат қоғамның рухани, мәдени дамуындағы басты ресурсқа айналды. Электронды құжаттарды саяси, құқықтық, әлеуметтік және мәдени – ағартушылық салаларда пайдалану оларға деген сұранысты ұлғайта түсті. Сол себепті, құжаттық ақпаратты жедел және көпқырлы іздестіруге, "электронды үкімет" жағдайында жұмыс істеу талаптарына сәйкес заңды және жеке тұлғаларға кеңес беру және олардың сұрау салуларын орындау кезінде көрсетілетін мұрағаттық анықтамалар дайындау қызметі қолданылып, бірыңғай автоматтандырылған деректер базасына енгізу жұмыстары қарқын алып келеді. Сонымен, мұрағат ісі саласын ақпараттандыру бүгінгі күндері өз жалғасын табууда. Себебі, мұрағат ісі саласын ақпараттандыру теориялық және әдістемелік жағынан өте тиімді болып келеді. Жаңа заманғы сұраныстарға сәйкес құжаттарды сандық жүйеге өткізу, құжаттарды толықтыру, құндылығын сараптау, оларды мәліметтер базаларын жасау, яғни бір сөзбен айтқанда ақпараттандыру мұрағат ісінің дамуына үлкен септігін тигізеді.

Әдебиеттер

- 1 Ұлттық мұрағат қоры және мұрағат туралы заң (1998) // www.zakon.kz.
- 2 «Электронды құжат және электронды қолтаңба» туралы заң // www.zakon.kz;
- 3 Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы // adilet.zan.kz/kaz/docs/U010000573 _
- 4 ҚР Ақпараттандыру туралы Заңы // <http://www.unesco.kz/cgi-bin/library>
- 5 5 Жакыпов М.Х. О новых технологиях в управленческой деятельности // Отечественные архивы. – 2005. – №1. – С. 45-53;
- 6 Шепель В.Н. «О некоторых проблемных вопросах внедрения электронного архива» // Ақпараттық-әдістемелік бюллетень. – Алматы. – 2006. -С. 5-14.
- 7 Адильгужин А.А. Основные тенденции развития архивов // Қазақстанда іс-жүргізу. – 2006. – № 1. – С. 5-8;

References

- 1 Ulltyk muragat kory zhane muragat turaly zan (1998) // www.zakon.kz.
- 2 «Elektronnyy kuzhat zhane elektronnyy koltanba» turaly zan // www.zakon.kz;
- 3 Kazakhstan Respublikasynyn Ulltyk akparattyk infrakurylymyn kalyptastyru men damytudyn Memlekettik bagdarlamasy // adilet.zan.kz/kaz/docs/U010000573 _
- 4 KR Akparattandyru turaly Zany // <http://www.unesco.kz/cgi-bin/library>
- 5 5 Zhakypov M.H. O nobyh tehnologiyh v uprablenzeshyi deytelnosty // Otezestbennye arhivy. – 2005. – №1. – С. 45-53;
- 6 Shepel V.N. «O nekotoryh provlemnyh voprosah vnedrenya elektronno go archiva» // Akparattyk-adistemelik bylleten. – 2006. – С. 5-14.
- 7 Adilguzhin A.A. Osnovnye tendensyi rasvitya archivov // Kazakhstanda is-zhurgizu. – 2006. – № 1. – С. 5-8;

Қожахметов П.

Орталық мемлекеттік мұрағат қорындағы аудиовизуалды құжаттар

Мақала Орталық мемлекеттік мұрағат қорындағы аудиовизуалды құжаттардың (кинофотофоноқұжаттар) түрлерін, сипатын, ерекшеліктерін талдауға, зерттеуге арналған. Автор мәселенің практикалық жағына ерекше назар аударады. Мақаланың барысын үш құрылымға бөлуге болады. Оның біріншісі – мәселенің өзектілігі мен зерттелу деңгейіне арналады. Мәселенің өзектілігін автор аудиовизуалды құжаттарды тарихи-мәдени құндылықтарға балаудан бастайды. Әсіресе мақалада аталмыш құжаттардың Орталық мұрағат қойнауында сақталған түрлерінің зерттелуіне көп көңіл бөлінген. Мәселеге қатысты зерттеу жүргізген бірқатар зерттеушінің есімі аталып, автор оларды өзара кезең-кезеңімен топтастырады. Мақаланың екінші бөлігін автор аудиовизуалды құжаттардың анықтамасынан бастап, одан әрі кинофотофоноқұжаттардың түрлеріне жекелей тоқталуға көшеді. Олардың басқа мұрағат құжаттарынан айырмашылығын көрсетіп, автор тарапынан мәселеге жүйелік сипаттама жасалады. Әсіресе аудиовизуалды құжаттардың Орталық мұрағаттағы сақталу ерекшеліктеріне, оларды күту мәселелеріне назар аударылады. Мақаланың қорытынды бөлімінде автор кинофотофоноқұжаттардың қоғамдағы орны мен ролінің жоғарылығына көңіл бөліп, өз қорытындысын жасайды.

Түйін сөздер: мұрағат, аудиовизуалды, кинофотофоноқұжаттар, ҚР Орталық мұрағаты, құжат.

Kozhakhmetov P.

Audiovisual documents in the collection of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan

This article discusses the features of audiovisual documents Central State Archive Fund. The structure of the article can be divided into three parts. The first part dedicate urgency of the problem and is considered the degree of knowledge of the issue. In particular, the author pays special attention to the degree of scrutiny of view documents stored in the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. The author has named a number of researchers of the topic and divided them into groups. The second part of the article the author started with a different version of the definition of audiovisual documents. Author shows their features from other documents Central State Archive of the RK and the author is the structural description of these documents. Particular attention is paid to the particular storage of audiovisual documents in the Central State Archive of the RK. The final part of the article the author drew attention to the role in society of audiovisual documents , also did its conclusions.

Key words: archive, audiovisual, cinema and photo documents, CSA RK document.

Қожахметов П.

Аудиовизуальные документы в фонде Центрального государственного архива РК

В данной статье рассматриваются особенности аудиовизуальных документов (кинофотофонодокументов) Центрального государственного архивного фонда. Структуру статьи можно разделить на три части. Первая часть посвящается актуальности проблемы и рассмотрению степени изученности данной проблемы. В частности, автор особое внимание обращает на степень изученности видов документов, хранящихся в Центральном государственном архиве РК. Автор назвал имена нескольких исследователей данной темы и разделил их на группы. Вторая часть статьи автор начал с определения аудиовизуальных документов. Автор показывает их особенности и дает структурное описание данных документов. Особое внимание уделяется хранению аудиовизуальных документов в ЦГА РК. В заключительной части статьи автор обратил внимание на роль в обществе кинофотофонодокументов, так же сделал свои выводы.

Ключевые слова: архив, аудиовизуальный, кинофотофонодокументы, ЦГА РК, документ.

**ОРТАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТ
ҚОРЫНДАҒЫ
АУДИОВИЗУАЛДЫ
ҚҰЖАТТАР**

Бүгінде тәуелсіз еліміздің өз алдына жүктеген бірқатар жаңа стратегиялық мақсаттары пайда болды. Олардың алдыңғы қатарын саяси, экономикалық мақсаттар құрайды. Дегенмен әлемдік деңгейдегі ширақ экономикасы мен ең үздік саяси стратегиясы бар дамыған мемлекеттердің өзі сол үздіктіңінің сырын мәдениеттерінің көзінде деп мойындаған. Ол үшін алысқа бармай Жапония мен Оңтүстік Кореяны мысалға алсақ та жетерлік.

Мәдениетті танып-білу мәдени ошақтарымыз бен тарихи құндылықтарымызды зерттеуді, оларға деген құрмет танытуымызды қажет етеді. Тәуелсіздігіміздің ширек ғасырын тойлауды жоспарлап отырған кемел шағымызда тарихи қайнар көздерімізді тануға, зерделеуге, мәдениетіміз бен тарихымызды зерттеушілер үшін оңтайлы жағдай жасауға ұмтылушылықты әрбір азамат парызым деп санауы тиіс деп есептейміз.

Біздің мақаламыздың негізі болып отырған Орталық Мұрағат қорларындағы кино-, фото-, фоноқұжаттардың да аталмыш мәселеде өз еншісі бар. Нақтырақ айтар болсақ, бүгінгі қоғам мүшелерін ретроспективті құжаттармен таныстыру және оны пайдалану мүмкіндіктерін кеңейту мұрағаттың қазіргі таңдағы басты міндеті болып отыр. Оған қол жеткізудің ең тиімді және ыңғайлы түрі мұрағат ісін ақпараттандыру болмақ.

Қазақстан Республикасының мұрағат ісі және мұрағаттану ғылымы өзінің дамуында бірнеше күрделі кезеңді басынан өткізді. Елдегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, нарықтық қатынастың кең етек алуы және қоғам өміріндегі демократияландыру процесі аудиовизуалды құжаттарға және олармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсіліне де өз ықпалын тигізді.

Қазіргі кезде мұрағат ісін ақпараттандырудың мүмкіндіктері көптеген зерттеушілердің зерттеу объектісі болумен қатар, ҚР ОМ мұрағатының «2001-2005 жылдар аралығында мұрағат ісін жетілдіру» және «мұрағат ісі мен құжаттама жүйесін дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасы» тұжырымдамасында да ерекше орын алды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың инициативасымен, әрі тікелей ықпалымен 2003 жылы қабылданған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қазақ мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазу мұрағаты қорында сақталған әйгілі әншілеріміз бен атақты орындаушыларымыздың, белгілі ғылым мен

мәдинет қайраткерлерінің дауысын осы заманғы аудиотаспалар мен дискілерге жазып қалдыру ісін қолға алу мәселелері көтерілді.

Мұрағат ісін ақпараттандыру мәселесін мәдени мұрамен байланыстыра қарастыруымыздың бір себебі, ақпараттанған қоғам мүшесін ақпараттық жүйеде ретроспективті құжаттармен қамтамасыз етудің маңыздылығына байланысты болып отыр. Сонымен бірге, мәдени мұраның мәйегіне айналған рухани байлықтарымыздың көзі болып табылатын мұрағат құжаттарының, соның ішінде аудиовизуалды құжаттардың перспективасына мән беру қажет.

Мәселенің тарихнамасына келсек, мақаламыздың тақырыбы кең көлемде зерттелген. Тіпті кеңестік тарихнамада кино-фото-фоноқұжаттарды мемлекеттік мұрағаттарға қабылдау, сақтау, пайдалануға беру мәселелері жан-жақты зерттелген. Себебі ХХ ғасырда аудиовизуалды құжаттарға сұраныс жоғары болды. Әсіресе аталмыш құжаттардың жаңадан шыға бастаған тұсында оларды сақтау және пайдалану аса маңызды болды. Бұл аудиовизуалды құжаттармен тығыз байланыстағы мекемелер мен оларды сақтайтын мұрағаттар тарапынан ерекше қызығушылық тудырды.

1970-1980 жылдары тақырып аясында сан түрлі монографиялар мен мақалалар жарық көрді. Олардың қатарында кеңестік мұрағатшы мамандар А.А. Кузин, Л.М. Рошаль, И.М. Фурманова, И.Н. Кунтиков, О.Л. Седова, Л.Н. Кривошеин еңбектері тақырыптың тарихи маңызын ашуда кеңінен пайдаланылды.

Кеңестік жүйе ыдырап, әр елдің мұрағаттары өз еншілерін алған сәттен бастап, мұрағаттың қызмет аясы да кеңейе түсті. Ресей Федерациясында тақырыпқа қатысты монографиялар, мақалалар мен диссертациялар өте көп кездеседі. Онда аудиовизуалды құжаттардың барлық түрі барынша терең зерттелген. Олардың қатарына Е.В. Алексеева, Л.П. Афанасьева, Е.М. Буровалардың, З.В. Крайскаяның мұрағат теориясына арналған еңбектерін жатқызуға болады.

Ал қазақстандық зерттеушілер арасында аудиовизуалды құжаттар мәселесімен арнайы айналысқан Г.А. Сексенбаева, Р.Х. Сариева, А.Ф. Сеитова, Г. Нурпеисова Л. Ақтаева сынды авторлардың монографияларында аудиовизуалды құжаттарды сақтау мен пайдалану және өзге де негізгі мәселелер қарастырылған.

Аудиовизуалды құжаттар, әсіресе, тамырын тереңнен алатын тарих ғылымы үшін ауадай қажет дерек көздерінің бірі. Халықтың ауызекі фольклорының мәңгі өшпей, ауыздан ауызға,

ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып, бүгінгімізге дейін жетіп отырғандығы сияқты аудиовизуалды құжаттар да өзінің құндылық салмағын, деректік ерекшелігін ешуақыт жоғалтқан емес. Өйткені, бұл құжаттар халықтың санасы мен мақсатынан, жылдар бойы қалыптасқан ой жобасы мен асыл арманынан туындаған қыруар еңбектің жемісі. Бүгінгі қоғамды ақпараттық технологиялар мен электрондық құжаттарсыз елестету мүмкін емес. Алайда бұндай заманауи құжаттардың легі бүгінде біз мұрағаттардан ғана кездестіре алатын аудиовизуалды (технотронды) құжаттардан тамыр алғандығын ескергеніміз абзал.

Аудиовизуалды құжаттар арнайы құрастыруды, жасауды қажет ететін және үнемі жаңа технологиялар мен техникалық құрылғылар негізінде жүзеге асып отыратын көру мен тыңдауға арналған құжаттар. Олар демократиялық қоғамды құруда және насихат пен тәрбие құралы ретінде үлкен маңызға ие болып келеді. Аудиовизуалды құжаттардың құндылығы мен маңызы ҚР ОМ КФДЖ мұрағаттарының көлемімен анықталады. Оны төмендегі диаграммдан көре аламыз.

Бұған қоса аталмыш құжаттар елдің мәдени және ғылыми өміріндегі белгілі тарихи фактілер мен оқиғаларды, қоғамның өндірістік жағын толыққанды бере алады.

Мақаламыздың негізгі мәселеіне айналып отырған аудиовизуалды деректердің біз осы тұста сипатына, әрі мұрағат құжаттарының басқа түрлерінен айырмашылығына назар аударуды жөн көрдік.

Кинофотофоноқұжаттарды тарихтың басқа да деректері тәрізді ұлттық мүдде тұрғысында қарастыруды талап етеді. Аталмыш құжаттармен тарихи дерек ретінде жұмыс істеу барысында келесі жайттарды басты назарда ұстаған жөн:


- аудиовизуалды құжаттарды жасау сәтіндегі мүмкіндіктерге;
- түсірілім немесе дыбыс жасаушы автордың көзқарасы мен дүниетанымына;
- аудиовизуалды құжаттарды түсіру барысындағы ұйымдардың шараларына.

Олай дейтін себебіміз, бұл аталғандар кинофотофоноқұжаттарды дұрыс түсінуге және олардың маңызын анықтауға мүмкіндік береді.

Аудиовизуалды құжаттарға өзге де тарихи деректердегідей объектілік пен субъектілік тән. Кинофотофоноқұжаттар кейбір тарихи деректердің түрлері (миниатюра, фольклор, әдеби ескерткіш және т.б.) секілді өнер туындысына жатады. Дегенмен олардың өзіне тән бейіндік ерекшелігі бар. Тарихи дерек ретінде қалыптаса отырып,

олар оқиганың бейнелік, дыбыстық жақтарын түсірілім немесе дыбыстық жазба арқылы нақты әрі кең түрде көрсетеді. Жекелеген тарихи дерек ретінде аудиовизуалды құжаттар белгілі бір

кезендегі адамның тұрмыс – тіршілігі, көңіл-күйі туралы бірегей ақпарат бере алады. Бұған қоса ол өзге тарихи деректегі мәліметтерді кеңейте алады, нақтылайды және жөнге салады.



Сурет – ҚР ОМ КФДЖ мұрағат қорының көлемі

Аудиовизуалды құжаттардың дәстүрлі құжаттардан басты айырмашылығы – оның адамның сана-сезіміне тікелей ықпал етуінде. Адам санасын еріксіз билеп алатын аудиовизуалды құжаттар өз кезегінде шынайы ақпарат берумен қатар, сақталуы жағынан тиімділігімен де ерекшеленеді. Жекелеген адамдардың және қоғамның өмірі әртүрлі аудиовизуалды құжаттар кешенінде көрініс береді.

«Кинофотофоноқұжаттар» деген термин ғылымға 1980 жылдары енгізілді. Жалпы бүгінге дейін кинофотофоноқұжаттар туралы арнайы жалпыға ортақ анықтама берілмеген. Соған қарамастан, аудиовизуалды құжаттарға біз келесідей анықтама бердік: «Аудиовизуалды құжаттар – арнайы бір техникалық жабдықтардың көмегімен бейнелі дыбысты ақпарат беретін құжат түрін аудиовизуалды құжаттар». Бұлардың ішіндегі назарға ең ерекше ілігері – киноқұжаттар. Олар – кинофотографиялық жолмен жасалатын құжат түрі. Киноқұжаттардың материалдық негізін көпқабатты полимерлі пленкалық жүйедегі кинопленка құрайды. Киноқұжаттар

диафильмдерден, кинофильмдерден және видеофильмдерден тұрады.

Диафильмдер – арнайы тақырып бойынша рет-ретімен жинақталған позитивтік фотографиялық бейнелердің кино және фотопленкадағы жинағы, болса, кинофильмдер – арнайы киноаппаратураның көмегімен экранға шығатын, кинопленкаға түсірілген бірнеше фотографиялық бейнелердің жиынтығы [1, 105-106 б.].

Орталық мұрағаттағы кинофильмдерді бірнеше мақсатта қолданады: ғылыми көпшілік оқу процесінде, құжаттық-мультипликациялық мақсатта пайдаланады [2]. Бұл құжаттарды арнайы дайындықсыз сәттерде де көруге мүмкіндік бар.

Киноқұжаттардың соңғы тасымалдаушы құралы CD және DVD дискілердің видеофильмдерді жазуда және оларды пайдалануда алатын орны ерекше. Диафильмдер мен кинофильмдерден видеофильмнің ерекшелігі оның магниттік ленталарда сақталуымен қатар, оптикалық дискілерде сақталуы және видеофильмдерді тұрмыстық жағдайда пайдалану мүмкіндігінде. Мұрағатта

оларды ғылыми-анықтамалық аппарат құру барысында видеотека немесе фильмотека деп каталогқа енгізеді [3].

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында кинофото және дыбыс жазбалары өте көп (87%) [4, 3-4 б.], жинақталған аудиовизуалды құжаттар – Фотоқұжаттар. Фотоқұжаттар киноқұжаттармен өзара ұқсас. Фотографиялық жолмен алынған бір немесе бірнеше бейнелі құжаттар фотоқұжаттарды құрайды. Фотоқұжаттар негізінен алғанда, негативті және позитивті болып екіге бөлінсе, материалдық негізіне қарай оларды полимерлі (фотокиноплёнкалар), қатты (шыны пластинкалар, керамика, ағаш, металл және пластмасса) және қағаздық (фотоқағаздар) деп топтастыруға болады. Сол сияқты, негативті фотолар – пленкада, ал позитивті фотолар – қағазда немесе шыныда бейнеленеді [5].

Мұрағат қызметкерлерінің айтуына қарағанда, күмісқұрамдас эмульсті фотолар мың жылға дейін сақталады. Ақ-қара түсті фотоплёнкалар мен суреттер 10 жылдан 140 жылға дейін, ал түрлі – түсті суреттер 5 жылдан 30 жылға дейінгі аралықта сақталу мүмкіндігіне ие. Орталық мұрағатта оларды ғылыми-анықтамалық аппарат құру барысында фотоотека деп каталогқа енгізеді.

Түпнұсқалылығы дау тудырмайтын аудиалды мұрағат құжаты – фоноқұжаттар немесе дыбыс жазбалары болып табылады. Олар ертеректе грампластинкаларда (үнтаспа), фонограммаларда сақталып келді. Ал бүгіндері оларды компакт дискілер түрінде сақтау дағдыға айналған.

ҚР ОМ КФДЖ мұрағатында аудиовизуалды құжаттарға ғылыми-анықтамалық аппарат динамикалық (сапалық және сандық өзгеріске әсер етуі), иерархиялық (бағыныштылық пен басынқылық қағидасына негіздеу), көпәспектіді ақпараттарды іздеуді қамтамасыз ету принциптер негізінде жасалады. Аудиовизуалды құжаттардың мемлекеттік мұрағаттардағы ҒАА жүйесі тіркеу кітапшасы мен мұрағаттық анықтамалықтардан тұрады.

ҚР ОМ КФДЖ мұрағатының ҒАА жүйесі тұраралық тіркеу құжаттарынан (түскен құжаттарды тіркеу кітапшасы) және мұрағаттық анықтамалықтардан (каталогтар мен көрсеткіштердің жүйесінен және жолсеріктерден, шолулардан) тұрады. Мұрағатқа келіп түскен барлық құжаттар тіркеледі [6, 51 б.].

Бұл құжаттарға каталогтар даярлау мұрағат қорындағы материалдық деректік базаларды жылдам табуға мүмкіндік береді.

ҚР ОМ КФДЖ мұрағатындағы *каталогтар* жүйесі екіге бөлінеді:

1. жүйелік каталог – белгілі бір ғылым саласы бойынша жүйелі ақпарат іздеу мүмкіндігін береді;

2. пәндік каталог: а) атаулық – құжат авторы туралы мәліметтерден құралатын кинофотофоно құжаттардың мекен-жайын іздеп табуға қамтамасыз етеді; ә) географиялық – кинофотофоно құжаттарда бейнеленген оқиғалардағы географиялық жәнетопографиялық объектілер туралы анықтама береді.

Атаулық каталогты құруда авторлық және орындаушылық каталогтарды пайдалану жақсы нәтиже береді.

- авторлық каталогтың көмегімен белгілі бір жазушы, композитордың шығармашылығынан тұратын фоноқұжаттардың мекен-жайын іздеп табуға болады.

- орындаушылық каталогтар белгілі бір әншінің, әртістің, ақынның орындауындағы шығармашылық туындыларының мұрағаттарда сақтаулы жайын айқындауға мүмкіндік береді [7, 142 б.].

Мемлекеттік мұрағатта аудиовизуалды құжаттарға қызығушылық танытқан мекемелерді мұрағат қорында жинақталған тарихи құжаттар жөнінде мәлімет беру үшін тақырыптық жолкөрсеткіштер жасалған. Жолкөрсеткіштер міндетті түрде арнайы кітапша ретінде басылып шығарылады. Аудиовизуалды құжаттармен белсенді толықтырылатын мемлекеттік мұрағаттарға жолкөрсеткіштерді үнемі дайындау ұсынылады.

ҒАА жүйесіндегі аудиовизуалды құжаттардың шолулары – құжаттардың белгілі тақырыбы бойынша және олардың сақтаулы мекен-жайын іздеп табуға мүмкіндік беретін анықтамалық құрал. Ол ҚР ОМ КФДЖ мұрағатының құрамымен мазмұнын ашатын ақпараттық-іздеу қызметін атқарады.

ҚР ОМ КФДЖ мұрағатының ақпараттық жұмысы біріншіден, мұрағатқа келіп түскен нақтылы сұраныстарға нақтылы жауап беруден тұрады. Екіншіден, ақпараттық хаттар мен бюллетендер жасалынып, ол мекемелер мен зерттеушілердің назарына ұсынылады. Соңғы кездері ақпараттық жұмысты атқаруда соңғы технологиялар (мәселен, интернет сайттары) барынша пайдаланылуда. Бүгінге таңда ҚР ОМ КФДЖ мұрағаты жөнінде және ондағы аудиовизуалды құжаттар туралы анықтамалық-ақпараттық басылым бар.

КФДЖ мұрағатында ҒАА-ты үнемі байыту және дамыта түсу жұмысы бірінші кезекке

қойылуы тиіс. Себебі бүгіндері аудиовизуалды мұрағат құжаттарына деген сұраныстың күннен-күнге арта түсуі және оны пайдаланудың жаңаша түрлерінің қалыптаса бастауы солай жасауға итермелейді [6]. Сондықтан да мұрағаттарда, әсіресе ҚР ОМ КФДЖ мұрағатында каталог жүйесіне ерекше мән беріледі. Жыл сайын каталогты жаңа түскен құжаттармен жаңарту іске асырылып тұрады. Бұл әсіресе каталог жүйесін электрондандыруға сәйкес жеңілдене түсті. Осыған байланысты, ҚР Орталық мұрағатының қорындағы кинофотофоно каталогтарын дәстүрлі қағаз жүйесінде қалдырумен қатар, оларды электрондық нұсқаға көшіру ісі қолға алынған. Сол сияқты анықтамалықтар, шолулар мен жолсеріктерді электрондық жүйеге енгізе отырып, оның тиімділігін арттыра түскен. Жылдан жылға ҚР ОМ КФДЖ мұрағатына келіп түскен құжаттарға сәйкес олардың каталог жүйесі де толығып отырады. ҒАА-тың даму сатысында КФДЖ мұрағат құжаттарын каталогтау міндетті болып саналады.

Қазіргі таңда еліміздің тарихын зерттеу бағырысында тарихи дерек ретінде аудиовизуалды құжаттарды пайдаланудың рөлі артып келеді. Кинофотофоноқұжаттар кешенінен құралған осынау тарихи деректерге кез-келген деректер секілді ғылыми сипаттама беру қашанда маңызды. Сондықтан да жоғарыда аудиовизуалды құжаттардың түрлеріне жеке-жеке даму реті бойынша кең көлемде сипаттама беруге тырыстық. Бұл құжаттардың дамуы мен кең көлемде қолданысқа енуі мемлекетімізде әсіресе гуманитарлық саладағы мамандар үшін қайталанбас жетістік екенін айта кеткен жөн. Өйткені, өзі жасаған ғылымды жетілдірем деген әрбір маман иесі сол ғылымды меңгеріп қана қоймай, оның жан-жақты сипаты мен деректік қорын және сол деректердің тек дәстүрлі немесе ауызекі жаттанды түрдегі нұсқасын емес, мейілінше көрнекілік дейгейі басым құжаттарды пайдалануы оның еңбегін ғылыми жағынан да, көркемдік қамтамасыз етілуі жағынан да байыта түсері анық.

Әдебиеттер

- 1 Нурпеисова Г. Ты слушай певца // «Простор», 2003. – 9 б.
- 2 Кунтиков И.Н. Кинодокументы в научных исследованиях // «Вопросы архивоведения», 1962. – №2.
- 3 Сеитова А.Ф. Память в кадрах и звуках // «Архивы Казахстана», 1996. – №1 (18). – 28-35 б.
- 4 Центральный государственный архив кинофотодокументов и звукозаписей Комитета информации и архивов Министерства культуры, информации и спорта Республики Казахстан. Годовой отчет ЦГА КФДЗ РК за 2003 годы.
- 5 Кузин А.А., Рошаль Л.М. Кинофотофоноархивы. – М, 1982. 215 б.
- 6 Отбор на постоянное хранение аудиовизуальных документов. Методические рекомендации. – М., 2004. – 234 б.
- 7 Крайская З.В. Архивоведение. – М, 1996. – 236 б.

References

- 1 Nurpeisova G. Ty slushai pevca // «Prostor», 2003. – 9 b.
- 2 Kuntikov I.N. Kinodokumenty v nauchnyh issledovaniyah // «Voprosy arhivovedeniya», 1962. – №2.
- 3 Seitova A.F. Pamjat' v kadrah i zvukah // «Arhivy Kazahstana», 1996. – №1 (18). – 28-35 b.
- 4 Central'nyi gosudarstvennyi arhiv kinofotodokumentov i zvukozapisei Komiteta informacii i arhivov Ministerstva kul'tury, informacii i sporta Respubliki Kazahstan. Godovoi otchet CGA KFDZ RK za 2003 gody.
- 5 Kuzin A.A., Roshal' L.M. Kinofotofonoarhivy. – M, 1982. 215 b.
- 6 Otbor na postojannoe hranenie audiovizual'nyh dokumentov. Metodicheskie rekomendacii. – M., 2004. – 234 b.
- 7 Krajskaja Z.V. Arhivovedenie. – M, 1996. – 236 b.

Қызаева Ж.Б.

С.Г. Агаджановтың «Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв.» атты еңбегіндегі оғыз мәдениетінің зерттелуі

Мақалада С.Г. Агаджановтың «Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв.» еңбегі негізге алына отырып, ондағы ғылыми зерттелудің оғыздардың мәдениетіне қатысты тұжырымдамалары ғана сөз етіледі. Ғалымның 1970 жылы докторлық диссертациясы ретінде жарық көрген еңбегі кейінгі жылдарда өз құндылығын жоймай, Орта Азиядағы оғыздар, олардың географиялық жағдайлары, тұрмыстық өмірі, экономикалық, қоғамдық, саяси құрылымы туралы ең үздік ғылыми еңбектердің бірі болып келе жатыр. 500 жылға жуық уақыттағы Батыс Түрік қағанатының ыдырауынан бастап, оғыз тайпаларының Сырдария бойындағы мемлекеті, селжұқтардың қозғалысы, ортаазиялық номадтардың оңтүстікке жаппай ыдырауының себептерін анықтай келіп, түркмендердің ерте этникалық тарихы туралы баян етеді. Мақаланың басты мақсаты осы үлкен ғылыми еңбектен оғыз мәдениетінің қырларын ашу. Ал оғыз тайпаларының Орталық Азиядағы IX-XIII ғасыр аралығындағы мәдениетіне қатысты арнайы еңбектің жоқ екендігін ескерер болсақ, аталмыш зерттеудің ғылыми маңызы зор екендігін білеміз.

Түйін сөздер: С.Г. Агаджанов, оғыз, түркмен, селжұқ, мәдениет, Орталық Азия, тарихнама, шаруашылық, салт-дәстүр.

Kyzayeva Zh.B.

Researching the oguz culture in work of S.G. Agadzhanov «Essays on the history of the oguz and turkmen of Central Asia in IX-XIII centuries»

The article is devoted to the culture of the Oguz based on the research of S.G. Agadzhanov «Essays on the history of the oguz and turkmen of Central Asia in IX-XIII centuries». This work was protected in 1970 as a doctoral dissertation, and decades later, this book is still the one of the major researches about oguz. The book covers the 500-year-old panorama settlement since the collapse of the Western Turkic khanate and the history of the Oguz state in the Syr Darya, their economy, public and political system, the mass migration of Oguz tribes in the Middle East in the X century, the creation of the Empire of Great Seljuks and early stage of the ethnic history of the Turkmen people. The main purpose of this article is to reveal aspects of the culture of the Oguz in S.G. Agadzhanov study. Considering the fact that at the moment there are no special research on the Oguz culture of Central Asia during the IX-XIII centuries, it is possible to determine the importance and urgency of this work.

Key words: S.G. Agadzhanov, oguz, Turkmen, Seljuk, culture, Central Asia, historiography, economy, habits.

Қызаева Ж.Б.

Исследование огузской культуры в работе С.Г. Агаджанова «Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв.»

Статья посвящается огузской культуре на основе научной работы С.Г. Агаджанова «Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв.» Данная работа была защищена в 1970 году в качестве докторской диссертации и спустя десятилетия эта книга до сих пор остается единственным в отечественной историографии крупным исследованием о кочевой державе огузов. В книге рассматривается 500-летняя панорама расселения с момента распада Западно-Тюркского каганата и история государства огузов на Сырдарье, их экономика, общественный и политический строй, массовое переселение огузских племен на Среднем Востоке в X веке, создание империи Великих Сельджуков и о раннем этапе этнической истории туркмен. Главной целью данной статьи является раскрытие моментов, касающихся культуры огузов в исследовании С.Г. Агаджанова. Если учесть тот факт, что в данный момент не имеется специальной научной работы о культуре огузов Центральной Азии в период IX-XIII вв, то можно определить важность и актуальность данной работы.

Ключевые слова: С.Г. Агаджанов, огуз, туркмен, сельджук, культура, Центральная Азия, историография, хозяйство, обычай.

**С.Г. АГАДЖАНОВТЫҢ
«ОЧЕРКИ ИСТОРИИ
ОГУЗОВ И ТУРКМЕН
СРЕДНЕЙ АЗИИ
IX-XIII ВВ.» АТТЫ
ЕҢБЕГІНДЕГІ ОҒЫЗ
МӘДЕНИЕТІНІҢ
ЗЕРТТЕЛУІ**

С.Г. Агаджанов «X-XIII ғасырлардағы Орта Азия оғыздары мен түркмендерінің тарихының очерктері» еңбегінде IX-XIII ғасырлардағы Орта Азияда мекендеген оғыз, түркмен тайпаларының шаруашылығы, саяси құрылымы, әлеуметтік қатынастары, мекен еткен жерлері, жалпы осы тақырыптың зерттелу тарихнамасы және т.б. мәселелер жан-жақты талданған. Алайда тек оғыз мәдениетіне қатысты арнайы тақырыпқа тарау немесе бөлім арналмаған. Дегенмен, әр тақырыптың ішінен осы мәселеге қатысы бар тікелей немесе жанама мәліметтер алуға болады. Әсіресе шаруашылығын талдай отырып оғыз тайпаларының көлөнерін, материалдық құндылықтарын, атап айтқанда тұрғын үйлері, киім-кешегі, жеген тағамдары, қоныстанған мекеніне көз жүгірте отырып, орындаған сенім-дәстүрлерін (тасаттық) т.б. білуге болады. Сондықтан, оғыздардың мәдениетінің тарихнамасын талдауда С.Г. Агаджановтың аталмыш еңбегін құнды деп есептеймін.

Жалпы кез-келген халықтың дәстүрлі мәдениетінің даму деңгейі оның шаруашылығымен тікелей байланысты екенін ескеретін болсақ, шаруашылығы арқылы сол халық туралы көптеген мәлімет ала аламыз. Себебі материалдық өнім халықтың бірінші орында тұрмыстық қажеттілігін өтесе, екіншіден бара-бара оның дәстүрлі материалдық мұрасына, сонымен қатар рухани мәдениетіне, яғни салт-дәстүріне, діни наным-сенімдеріне, фольклорына, әдет-ғұрпына ұласады.

Бұл ретте С.Г. Агаджанов өз еңбегінде жазба деректерді де, археологиялық материалдарды да кең пайдаланады. Әсіресе ортағасырлық саяхатшылардың қалдырған мәліметтері, атап айтқанда Ибн Фадлан, Ибн Хаукаль, Масуди, Йакуби, Махмұт Қашқари, Бируни, Макдиси т.б. жазбалары ерекше құнды.

Ең алдымен, оғыздар мекен еткен территорияның ұлан-байтақ екенін ескеру керек: шығысында Жетісудың шұрайлы жерлерінен бастап, Балқаштың қамысты көлдерінен, Сыр бойы, Арал, Маңғышлақ, Төменгі Еділдің шөл-шөлейтті даласынан Мәуереннахрға созылып жатқан Орталық Азияның аумағы IX-XIII ғасырларда оғыздар қоныс тепкен аймақ. Ендеше, осы территорияның оғыздар үшін шаруашылықтың қай түрімен айналысуға қолайлы болғанына тоқталып өтсек.

Оғыздар өмірінде басым орын алған шаруашылық – мал шаруашылығы. Қай түлікті көп өсірген, мал шаруашылығының қай түрі басым болған деген сұраққа географиялық фактор басты жауап болады. Жергілікті климаттық жағдайлар жылдық температураның қатты өзгерістерімен, жауын-шашынның салыстырмалы түрде аз түсетіндігімен, жазда ішетін судың жеткілікті деңгейде болмауы мал бағу үшін үлкен қиындықтар туғызған. Шөлді жерлерде суды тек жауын-шашыннан жиналған шұңғырлар мен өте терең құдықтардан алған. Өсімдік мөлшері мен түрлерінің алуандығы жағынан бұл жерлер өте бай емес еді. Сондықтан жергілікті географиялық жағдайлар оғыздарға жартылай және тебінді мал шаруашылығымен айналысу қажеттігін анықтап берді. Басымдыққа ие болған мал түрлері әрине түйе, қой, жылқы болса, оғыздар сиыр, ешкі де өсірген. Көктеу, жайлау, күздеу сияқты турақтары мен қыстауға арналған уақытша жайылымдары болған. Яғни бір жерден екінші жерге үнемі қоныс аударып жүрген оғыздардың тұрғын үйлері де қозғалмалы өмір салтына ыңғайластырып жасалған – киіз үйлер болған.

Ортағасырлық авторлар оғыздар мен түркмендер қой, түйе және жылқының үлкен табынын иеленген дейді. Шөлге төзімді түйелер басым болған және X-XII ғасырларда оғыздар мен түркмендер екі өркешті бактриан түйелерін баққан. Ибн Фадлан сондай түйелерде саяхат жасап, оларды түріктердің түйесі деп атаған [1, 65-б.].

Ал оғыз қойлары туралы Ибн Фадлан «өте ірі және жерге сүйретіліп жүретін үлкен құйрықтары бар» деп, оғыз қойларының үлкен майлылығымен, семіздігімен ерекшеленетінін жазған [2, 128-б.].

Сонымен қатар оғыздар көрші отырықшы тайпаларға жеткізіліп отырған қозылардың қара, қызыл, қою қызыл түстері ерекше бағаланған қаракөл қойларын өсірген [3, 181-б.]. Түркмен халқының аңыздары бойынша қой қастерлі жануарлардың бірі болған. Қой табынында орналасқан адам үшін үрейлі аруақ рухтары қорқынышты болмаған [4, 188-б.]. Ерекше құрметке түркмен сенімдері бойынша қара қойлар ие болған [5, 167-б.]. Ертеректе қойдың бас сүйегі көз тиюден қорғайтын тұмар ретінде есептелген. Қойдың мүйізін қасиетті ағаштар мен бабалар зитарына қоятын болған. Мұның бәрі оғыздар үшін қой маңызды тотем болғандығын аңғартады [6, 135-б.].

Ал түрік жылқылары, соның ішінде оғыз сәйгүліктеріне келер болсақ, олар көнбістік,

шыдамдылығымен, ұзақ қашықтыққа жүгіру қасиетімен ерекшеленген. Ондай жылқыларды соғыс, аңшылық, шабуыл сияқты мақсаттарда пайдаланған. Дала жылқылары сүтінің молдылығымен, жақсы еттілігімен ерекшеленген. XII ғасыр ақындары олардың шабысын образды түрде «желдің жылдамдығы» мен «тулаған теңізге» теңеген. Осылайша жылқының тек материалдық мәдениетте емес, рухани мәдениетте де ерекше орны болғандығын байқаймыз.

Төрт түліктің барлық түрін өсірген оғыздар жартылай көшпелі және тебінді мал шаруашылығының негізінде етті-сүтті бағыттағы, тері мен жүн өндіру бағытындағы қажеттіліктерді өтеген. Жүн киіз дайындау, жүнді киім және т.б. нәрселер жасау үшін пайдаланылған. Төрт түліктің еті, сүті, және сүтінен жасалатын түрлі сусындар оғыздардың тамақ рационының ең көп бөлігін қамтыған. Оғыз ханның мына бір сөздерінен мал шаруашылығының ерекше рөлін аңғаруға болады: «Көшіп қонындар, отырықшы болмандар: жоқшылықты білместен көктем, жаздық, қыстық жайылымдарға, өзен жағалауларына көшіндер. Сендерде сүт, айран, қымыран толастамасын».

Мал шаруашылығымен қатар оғыздар аңшылықпен де айналысқан. Дегенмен X-XIII ғасырларда аңшылық шаруашылықтың жеке саласы ретінде емес, жартылай және көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халық үшін қосалқы табыс көзі болған. Ол туралы IX ғасыр жазбаларында Йакуби, Джахиза, Масуди жазып кеткен. Олардың айтуынша, оғыздар көбіне қыр құстарын, соның ішінде қаршыға, қарға, Каспий бойындағы теңіз аңшылары ителгі, бірқазан аулайтын болған. Олар аңға аттанарда өздерімен бірге жылқы алып шығатын болған. Сәтті олжа болмаған жағдайда жылқының сүтін ішкен немесе сойып етін жеген. Селжұқ тайпалары құспен жабайы аң аулауда бүркіт пен ит қолданған. Мұның бәрінен біз оғыздардың аң аулауға ерекше мән беріп, өте ұзақ сапарға аттанғанын байқаймыз.

Идрисидің жазбаларынан оғыздардың терісі бағалы қызыл түлкі мен өзен бабырларын аулағанын білеміз.

Шаруашылығы мен мәдениеті ұштасқан тағы бір сала – ол егіншілік. Бау бақша, жүзімдіктер т.б. өсірген, сонымен қатар егіншілікпен айналысатын халықтармен тығыз байланысқан оғыздар тамақ рационындағы жеміс-жидек, көкөністердің түрін молайтып отырған. Мәселен, М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат Түркінде»

тары, беде (юринджа), күнжіт (яр оруги), бидай (ашлык), алма, сәбіз (кешур), секілді егін өнімдеріне қатысты оғыз сөздері болса, XIII-XIV ғасырларда түркмен сөздіктерінде олардың қатары арта түскен: сары өрік, алмұрт (армуд), көк өрік, шабдалы (кукан, зердалу), анар (нар), айва, қауын (кавун), асбұршақ (лебмби), жасымық (марчимақ) т.б. кездеседі.

Егін шаруашылығы дамыған аймақтарда қала мәдениеті қалыптасқан. Оны жүргізілген қазба жұмыс материалдары да, жазба деректер де айғақтайды. Егін орындары мен каналдар салынған Сырлы-Там-Қала, Занғыр Қала қалалары зерттелсе, Масуди, Марвизи, Идриси, М.Қашқари, Бируни Доранда, Дарку, Қарнак, Сюткент, Фараб, Сығанақ т.б. қалаларын сипаттап, атап өтеді.

Арал теңізі, Амудария өзендерінің жағасындағы отырықшы және жартылай отырықшы тайпалар тағы да балық аулаумен айналысқан.

Оғыздардың материалдық мәдениетінен нағыз анық хабар беретін шаруашылықтың бірі – қолөнер. Йакубидің айтуынша оғыздар киіз, жүнді киім, сүйек ұштары бар оқ дайындаудың хас шеберлері болған.

М.Қашқаридың еңбегінде оғыздар қоғамындағы күмісші, тігінші (джулах) мамандары, жіп иіретін құрылғы, чакрық сияқты бұйымдар, аяқ-киім, киім-кешек, ыдыс-аяқ, керамика, әшекей бұйымдар, киіз үйге арналған киіз, палас, кілемдер, текемет мысалға келтіріледі. Ерлер қару-жарақ, ер-тұрмандарын, күймелі арбалардың, киіз үйлердің ағаш бөлшектерін дайындаған. Бұл қолөнер бұйымдарын іс жүзінде археологиялық деректер де дәлелдейді.

Жалпылай алғанда оғыз шаруашылығы натуралды сипатта болған. Дегенмен, саудасаттық мәдениеттер арасындағы алыс-берісті күшейтіп одан әрі жан-жақты дамуға септігін тигізіп отырған. Мәселен, X ғасырда оғыздар елінен Хорасанға малахит пен азурит жынысынан лазуритке ұқсас тастар шығарылған. Шаш көпестері Гарбиан кендерінен өндірілген күміс сатып алған. Оғыздардың батыс топтары кейін Армения мен Византияға шығарылған бабыр терісімен сауда жасаған. Кейін X ғасырда бұл аң терілерін хазарлар мен бұлғарларға сатып Шығыс базарына шыққан. Осы тайпалардың әсерінен бұл аң терілері кейін Закавказье мен Кіші Азияға жеткен [7, 159-б.].

Мал негізгі жеке меншік болғаны белгілі. Көшпелі оғыз тайпалары меншіктік және әлеуметтік теңсіздікте өте алысқа адым жасады. Байлар мен кедейлердің ара-қашықтығы айқын-

далды. Ал жалпы күнделікті тұрмыс пен шаруашылық өмір патриархалдық дәстүрде өрбіді.

Жеке меншіктегі мал сол әулеттің таңбасымен белгіленді (тамга). М.Қашқари осы таңбалар арқылы әркім өз малын танып, бөліп алады деген [9, 310-б.]. Мұның өзі мал бағу мәдениетінің өзіндік бір деңгейін анықтайды. Бұл дәстүрдің кейінгі түркмен, қазақ халықтарының тұрмысында бүгінгі күнге дейін сақталғанын байқай аламыз. Көбіне таңба ірі қара, түйе, жылқы сияқты ірі мал басына салынатын болған. Мал ру-тайпалық немесе жеке тұлғаның меншігі ретінде бөлінген. Егер ру таңбасы басылған мал ұрланса, ұрлықшыны өлім жазасына кескен. Ал егер жеке тұлғаға тиесілі мал ұрланса, жазалау еркі ру-тайпаның араласуынсыз мал иесіне берілген.

Мал ұрлығына өлім жазасы берілсе, адам өлімі үшін қандық өш болған. Қанға қан, жанға жан принципінің X ғасырда болғанын Ибн Фадлан жазады [1, 62-б.]. Ал кейінірек қандық өш дәстүрі натуралды және ақылы өтемге ауысқан.

Жазба деректерде оғыз тайпаларының қонақжайлық дәстүрлері теріс сипатталады. Ол туралы М.Қашқари оғыз мәтелін мысалға келтіріп, былай баяндайды: қонақ көрсе оны бақыт пен жақсылыққа санайтындар жоқ, ал қалғандары тіпті шөл даладан елес немесе аруақ көрсе (оны қонаққа санап), ол үйінде тоқтамау үшін қорқыныштан үйін қиратады [3, 310-б.]. Тағы да М.Қашқари сол қоғамның ерлерін сипаттап, олардың қу әрі төмен екенін айтып, қонаққа деген теріс құрметін баяндайды.

Бұл дәстүр кемістігін С.Г. Агаджанов оғыз қоғамындағы жеке меншіктің дамып, байлар қатарының ерекшеленіп, патриархалдық-рулық қатынастардың жаңа деңгейге көтерілуімен түсіндіреді.

Патриархалды жүйенің оғыздар дәстүрінде орын алған тағы бір түрі бар. Байлар өз малын бағып, қызметіне жұмсау мақсатында өз қол астына бөтен рудан ер адамды асырап алатын болған. Кейін оны асыранды ұлы ретінде үйлендірер кезінде әкесі ретінде қызға қалың мал төлемес үшін өз қызына қосқан. Бұл әлеуметтік-некелік институттың белгісі ретінде бірқатар түрік тілдерінде «күйеу бала» деген сөз «қыздың әке-шешесіне ұлы болып кеткен күйеуі» деген мағынада қалып қойған. Және «қалың мал» дәстүрінің оғыз қоғамында да орын алғанын көре аламыз.

Оғыз қоғамындағы рухани өмірдің тағы бір анық көрінісі – шаман-емшілердің рухани аксүйектер ретінде X ғасырда ерекше орын алуы.

Оларға пұтқа табынушы оғыздар сеніп, «өмірі мен меншіктерін иеленуші қызметінде қабылдауы» шамандардың рухани өмірдегі үлкен қызметін көрсетеді. Тағы бір үлкен өзгеріс оғыздар үшін ислам дінінің келуімен болды. Исламның оғыздар арасында тарауы біркелкі болған жоқ: VIII ғасырда отырықшы Мәуереннахр өлкесінің солтүстік шекарасында басталды, батыс топтарының арасында болса мұсылмандық X ғасырдың өзінде де толық сипат алған жоқ. Көптеген бөлігінің исламдануы Сырдария мен Амудария, кейін Хорасанда селжұқ қозғалысымен байланыстырылады.

X-XIII ғасырларда оғыздар мен түркмендер арасында мұсылмандық дін басылар тобы пайда болды. Бұрынғы шамандар енді шейх, факих, дервиштермен ауысты. Тіпті ислам дінінің енуі оғыздар өмірінің тек рухани емес, сонымен қатар материалдық жағдайына да әсер еткен. Шаш, Испиджаб өлкесіндегі ислам дінін қабылдаған оғыздар біртіндеп отырықшы өмір салтына көшкен.

Бирунидің айтуы бойынша исламданған «мұсылман» халқымен араласқан оғыздар «түркмендер» деп аталған. Исламды қабылдаған кез келген оғыз екі арада тілмаштың рөлін атқарған. Бір оғыз ислам дінін қабылдаса, оғыздар: ол түркмен болды, ал мұсылмандар болса: олардың қатарына түріктерден біреу

қосылды, яғни түркмен кірді деп айтатын болған

Оғыздар дәстүрінде түбірі аңыздан тараған тағы бір ерекше наным-сенім бар: оның тамыры бірде тәңіршілдік дінімен, енді бірде исламнан таратылады. Ол – тасаттық ырымы. Жаңбырсыз, құрғақ ыстықта су, көлеңке іздеген тіршілік иелері көмекті көктен тілеген. Аңыз бойынша, аптаған ыстықта амалы таусылған халық (енді тір нұсқада – хан) жан-жануарлардың бір тәсілмен аман қалатынын байқап, сұрастыра келгенде, олар таудан бір тасты ауыздарына салып, бастарын көкке көтергенде, төбелеріне бұлт үйіріліп, кейін жаңбыр жауатынын білген. Сол жануарды аңдып, сол тастарды иемденген оғыздар кейін қажет жағдайда дәл сондай жолмен жаңбыр шақыратын болған. Кейіннен тасаттық көпшілік қауым болып жиналып, құрбандық шалып, сауабын аруақтарға бағыштап, құран оқылып атқарылатын, кейіннен соңы мереке сауыққа ұласқан үлкен дәстүрге айналған.

Осы аталған мысалдар С.Г.Агаджановтың «Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв.» еңбегіндегі оғыз мәдениетіне қатысты қозғалған мәселелердің маңызды бөлшегін құрайды. Бұл зерттеулердің оғыз халқынан тараған көптеген халықтардың (түрік, қазақ, түрікмен, азербайжан т.б.) мәдениетін қарастырғанда атқаратын ғылыми маңызы зор.

Әдебиеттер

- 1 Ковалевский А.П. Путешествие Ибн Фадлана на Волгу / пер.под ред. И.Ю. Крючковского. – М.; Л.: Издательство Академии наук СССР, 1939. – 228 с.
- 2 Ковалевский А.П. Книга Ахмеда ибн-Фадлана о его путешествии на Волгу в 921–922 гг. – Харьков: Изд-во. Харьковского гос. Университета им. А.М. Горького, 1956. – 345 с.
- 3 Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т I. VII-XV вв. Арабские и персидские источники / под редакцией С.Л. Волина, А.А. Ромаскевича и А. Ю. Якубовского. – М.-Л. АН СССР. 1939
- 4 Демидов С.М. К вопросу о некоторых пережитках домусульманских обрядов и верований юго-западных туркмен. ТИИАЭ АН ТССР, Т. VI, 1962.
- 5 Овезбердыев К. Материалы по этнографии туркмен-сарыков. ТИИАЭ АН ТССР, Т VII, 1962.
- 6 Басилов В. О пережитках тотемизма у туркмен. ТИИАЭ АН ТССР, Т VII, 1963.
- 7 Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. – Ашхабад: Ылым, 1969. – 297 с.

References

- 1 Kovalevsky A.P. Putishestvie Ibn Fadlana na Volgu. / per.pod red. I.Yu. Kryuchkovskogo. – M.; L.: Izdatelstvo Akademii nauk SSSR, 1939. – 228 s.
- 2 Kovalevsky A.P. Kniga Ahmeda ibn-Fadlana o ego puteshestvii na Volgu v 921-922 gg. – Xarkov: Izd-vo Xarkovskogo gos. Universiteta im. A.M. Gorkogo, 1956. – 345 s.
- 3 Materialy po istorii Turkmen I Turkmenii. TI. VII-XV vv. Arabskie I persidskie istochniki. / pod redakcii S.L. Volina, A.A. Romaskevicha I A.Yu. Yakubovskogo. M.-L. AN SSSR. 1939.
- 4 Demidov S.M. K voprosu o nekotoryx perezhitkah domusulmanskih obryadov I verovanii yugo-zapadnyh Turkmen. TIIAE AN TSSR, T VII, 1962.
- 5 Ovezberdyev K. Materialy po etnografii Turkmen-sarykov. . TIIAE AN TSSR, T VI, 1962.
- 6 Basilov V. O perezhitkah totemizma u Turkmen. TIIAE AN TSSR, T VII, 1963.
- 7 Agadzhanov S.G. Oчерки istorii oguzov I Turkmen Srednei Azii IX-XIII vv. – Ashxabad: Ylym, 1969. – 297 s.

Сален Ж.
**«Айқап» журналында жарық
көрген қытайдағы қазақтарға
қатысты хабарлар мен
мақалалардың этнографиялық
сипаты**

«Айқап» журналында жарық көрген қытайдағы қазақтарға қатысты мақалалар көптеген мазмұнды қамтиды. Оның кейбірі мақала берушінің өз атымен берілсе, бір бөлімі бүркеншік есіммен басылған. Тақырыптары да әртүрлі. Мәселен, тарихи-этнографиялық, саяси-әлеуметтік, оқу-ағарту т.б. салаларды қамтиды. Көбінің көлемі шағын. Алайда белгілі бір деңгейде танымдық, деректік маңызды рөл атқаратындары баршылық. Мақала барысында журналда жарық көрген үлкенді-кішілі материалдарға қысқаша шолу жасала отырып, ерекшеліктері талданады. Сол арқылы қытайдағы қазақтарға қатысты ХХ ғасыр басындағы қазақ оқығандарының жазбалары бір арнаға топтастырылып, жинақталды. Нәтижесінде кейінгі зерттеушілерге дерек қоры ретінде бағыт-бағдар береді.

Түйін сөздер: ғұн, занги, үкірдай, тайджы, залын, амбан, ақалақшы.

Salen Zh.
**Ethnographic description
of articles and news about the
Kazakhs in China, published in
the journal «Aikap»**

This article discusses and analyzes the characteristics of materials, published in the journal «Aikap».

Articles published in the journal «Aikap» about Kazakhs in China are very meaningful. Some of them were written under the name of the authors, and there was a section for articles with pseudo-authors. Topics are very different. Cover areas such as historical and ethnographic, political, social, educational, etc. Many of the articles are not bulky. Despite this they include cognitive, documentary information. Thus, the manuscript Kazakh intelligentsia in the early XX-th century, collected in one direction. As a result, it gives direction to the researcher as information fond.

Key words: gun, zangy, ukirday, taizhy, zalyn, amban, akalakshy.

Сален Ж.
**Этнографическое описание
казахов Китая
в журнале «Айқап»**

В статье рассмотрены и проанализированы особенности материалов, опубликованных в журнале «Айқап». Статьи о казахах Китая, опубликованные в журнале «Айқап», очень содержательны. Некоторые из них подписаны авторами (автором), а также представлены статьи без указания авторства. Темы очень разные: охватывают историко-этнографические, политико-социальные, образовательные и другие сюжеты. Многие статьи – не объёмные. Несмотря на это, они содержат познавательные и документальные сведения. Таким образом, рукописи интеллигенции казахов начала ХХ века сведены в анализе. В результате это дает направление следующим исследователям и в целом представляет информационный фонд.

Ключевые слова: гун, занги, укирдай, тайджи, залын, амбан, акалакши.

**«АЙҚАП»
ЖУРНАЛЫНДА ЖАРЫҚ
КӨРГЕН ҚЫТАЙДАҒЫ
ҚАЗАҚТАРҒА ҚАТЫСТЫ
ХАБАРЛАР МЕН
МАҚАЛАЛАРДЫҢ
ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ
СИПАТЫ**

«Айқаптың» 1911 жылғы сәуір айындағы №4 санында М.С деген бүркеншік атпен «Қытай қазақтарының бас адамдары хақында» атты шағын мақала жарық көрген. Онда автор Құлжа маңындағы қазақтардың жайын баяндаған белгісіз бір адамның пікірін келтіреді: «... би-болыстардың жақсы киім кигені, жақсы ат мінгенінің азабын үйде жатқан бейшаралар тартады. Үй басына пәленше қой түсті деп жазып көрсеткен соң, қытай хакімдері (әкімдері) бейшараның «әй-үйіне» қарамай, кімнің қорасында малы болса ықтиярсыз тартып алады. Тіпті бір зәңгінің қол астына қараған 60 үйге 6000 қой түскен ауылдар бар... бұл пәледен мал бітіп құтылмаса яки қытайға бір зауал келгенде құтылмаса, басқа ешбір құтылатын амал жоқ. Қытай әкімі жаман дегенмен, жамандық көбірек қазақтың өзінде: би-болыс ақша алмаса, мұндай күш қылып ақша алу болмас еді. Бұл жағдайға душар болу елдің надандығынан болса керек» [1, 3-4-б].

Бұл сол кездегі қытайға қараған қазақтар арасында орын алған билеуші мен бұқара арасындағы шиеленісті жағдайды ашып көрсетеді. Оның туындауының бір себебі ретінде надандықты атайды. Өйткені көзі ашық халық құлдық пен зорлыққа қарсы тұратыны ақиқат. Автордың оқырмандарға айтпақ ойы осы болса керек. Сол кезеңдегі алым-салықтың көлемі жайындағы деректерге тоқталсақ: «қазақ халқы мемлекетке алым-салық төлеуден тыс, «өз» феодалдарына қыруар «қазан алман», «қара шығын» төлеп отырды. Алтайдағы қазақ шаруаларынан әр жылы: гүң (яки уаң) 1000 қой, тәйжі 400 қой, үкірдай 100 қой, зальың 30 қой, зәңгі 20 қой, күнде 10 қой алман алып отырады. Әрбір тәйжі 4-5 шабарман ұстады, әр шабарман айына бір қой ақы алады, бір ат мінеді. Алтай аймағындағы қазақтар жылына мемлекетке 300 ат алман төледі. Жергілікті бастықтардың алатын алманы одан әлденеше есе артық еді. Тарбағатай мен Іле өңіріндегі қазақ бастықтарының елден алатын алманы жалпы алғанда Алтайға меңзес келеді. Бірақ бұл аймақтардағы қазақтарда ең үлкен лауазым үкірдай (Іледе ақалақшы) болды» [2, 443-б]. Демек, жергілікті билеушілер халықтың қолындағы мал-мүлкін түрлі жолдармен өздеріне алып, қанап отырған. Журналға мақала берген автор байқаған жағдай сол кездің шынайы болмысын бейнелейді.

Журналдың 1911 жылға №10 санында «Россия мен Қытай» атты шағын хабар басылған. Авторы көрсетілмеген хабарда сол кезде елаузында, газеттерде тараған «екі ел арасында соғыс болады екен» деген ақпаратқа қарата талдау жасалады. Қысқаша себептерін атай келе істің бейбіт жолмен шешілгенін хабарлайды. Тіпті редакцияның немесе автордың қуанышты көзқарасы айқын аңғарылады: «... Істің бұлай біткеніне екі жақтың халқы өте сүйінді, әсіресе біздің қазақ үшін өте жақсы болды. Алла сақтасын! Егерде жазатайым соғыс шығып кетсе, соғыстың күшті жерлері Құлжа маңайында болар еді. Ол жақта қытайға қараған біздің қазақ аз ба? «Екі нар сүйкенсе шыбын өледі» деген ғой» [3, 7-б]. Аталған хабарға көз жүгірте отырып, сол кездегі қазақ журналистерінің, зиялыларының елдің ішкі-сыртқы жағдайына жіті назар аударып отырғаны байқалады. Ең маңыздысы, шетелге қараған қазақтар жайынан хабар тауып, оларға деген бауырмалдық, жақындық сезімін журнал бетінен көрсетіп отырған.

Мұғалім Ташин Қиямбиков (автордың оқуы бойынша) «Қытай қазақтары туралы» атта мақаласында қытайдағы қазақтардың көшпенді мал шаруашылығындағы қиын жағдайларын жазады: «мен қытайға қараған Алтай, Сауыр, Тарбағатай өңірлеріндегі қазақтардың үш айға жақын араларында болып, әдет-ғұрыптарына біраз таныс болдым. Жаздың күні арба жоқ, зор таулардан көшіп-қонып мал бағып жүреді. Қыс болса қора-шарбақтары аз, қай таудың қуысы болса, сонда қыстап жүреді. Бидай көп екпейді, шегіп жүрер шана жоқ, отқа жағар отын аз, өлдім-талдым деп қыстан зорға шығады» [4, 22-б]. Мақала авторы аталған жайттарды негіз етіп, Қытайға қараған қазақтар арасына көшіп кеткісі келетіндерді тоқтатқысы келеді. Бір жағынан қытайдағы таулы аймақтарды мекендеген қазақтардың қиындыққа толы өмірінен мәлімет береді. Сол кездегі шекарадағы бақылаудың әлсіздігін пайдаланғандар екі ел арасында емін-еркін жүріп тұрды. Саудагерлерді былай қойғанда туысшылап бару, жағдайды барлап қайту, орыстардың отарлау саясатынан сескеніп қоныс аудару, бас сауғалау, көшіп кету әрекеттері де көрініс береді. Бұл байланыстар екі елдегі қазақтардың бір-бірімен қарым-қатынасын жақсартып, ақпарат алмасуына ықпал етті. Соның нәтижесінде «Айқап», «Қазақ» т.б. басылымдар қытай жеріндегі қазақтар қолына тиіп, ол жақтан аталған басылымдарға хат-хабарлар келіп тұрды.

«Айқап» журналының 1915 жылғы 15 қаңтардағы №1 санында жарық көрген Нияз

есімді автордың мақаласында қытайға қараған қазақтар мен орысқа қараған қазақтардың жиылысы туралы ақпарат беріледі. Ондағы дерекке жүгінсек, «Алқабике» деген жерде қытайға қараған керейлер мен Зайсан уезіне қараған найман, тобықты, арғын руларының басшылары бас қосады. Қытай мен орыс консулы аштырған съез 45 күнге жалғасып, елудей үй тігіліп, бес жүздей халық жиналады. 2 мыңдай қой шығын болады, ол халықтан алынады. Мақаланың ең басты назар аударар жері – екі елдегі ел басқаруға қатысты лауазым атауларын салыстыра беруі. Мәселен: «Қытай халқы хакімдерінің (әкімдерінің) уезд дәрежесіндегісі «Чиңсай», кристанский начальниктерін «амбы», ұлықтарын «үкірдай», билерін «зальң», старшиналарын «зәңгі» дейді екен» [5, 19-б]. Мақалада жиналыс кезінде қандай мәселелердің талқыланғаны айтылмаған. Алайда, біздің пайымдауымызша, көршілес өңірлер болғандықтан, жер дауына қатысты мәселелер көтерілген болса керек деп санаймыз. Қытайдағы қазақтардың басқару жүйесіндегі лауазым атаулары мен деңгейі туралы толыққанды жасалған ғылыми зерттеулер санаулы. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Нәбижан Мұхаметханұлының «Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920)» атты көлемді зерттеу еңбегінде басқару жүйесіне қатысты нақты мәліметтер бар: «... Іле аймағындағы қазақ қауымын төрелер емес, «қарадан» шыққан дәулетті де, білікті адамдардың билегендігін айқын көруге болады. Ал Іледегі қытай арасындағы төрелер тек жоғары жік өкілдері санатымен қоғамнан жоғары орын ұстаған. Тарбағатай аймағындағы қазақ қауымының билік атаулары мен басқару құрылымдарында Іле аймағындағы қазақтардан аздап айырмашылығы болды. Тарбағатайда төрелер әулеті кейбір руларды басқару билігін сақтап қалды. Мысалы, бұрыннан Абақ керейдің кейбір руларын билеген төре Мамырбекте тәйжі лауазымы сақталды. Бұрынғы 4 мыңбасы және 4 мыңбасының орынбасарларының мансап атаулары «Үкірдай» деп аталды. Қытайдағы жергілікті шежіре деректерді зерттеген мамандардың жазған материалдарында: «1884 жылы Шыңжаң өлке болып құрылды... Сол жылдан бастап үкірдайлық түзім жолға қойылды (Тарбағатайда үкірдай, Алтайда тәйжі, Іледе ақалақшы делінеді). Қалада Әмбан (амбы) – қалдан деп аталады» [6, 148-б]. Демек, журналда жарық көрген шағын хабар арқылы жергілікті басқару жүйесіндегі лауазым атаулары және олардың кейбір орындардағы қолданысы туралы

аз-кем мәліметке қол жеткізуге болады. Өйткені автор сол жолғы жиылыста өзі болмаса да, болғандардың аузынан келтірілген деректерді қағазға түсірген.

Ағартушылыққа қатысты жазылып тұратын көп хабардың бірі «Айқап» журналының 1913 жылғы 15 маусымдағы №11 санында жарық көрді. Авторы – «Ғұбайдолла Жанбаев». Онда Құлжадағы жергілікті қытай ұлығы ауыл билеушісін шақырып тапсырма береді. Құлжаға қарасты қазақтар арасында қытай тілін білетін адам болмағандықтан, елдің мұңын тікелей қытай әміршілеріне жеткізе алмай қиналып отырғанын айта келіп, ауылдарда медресе салу керектігін айтады: «Ауыл медреселерінде мұсылманша, қытайша һәм орысша оқытылсын, мұсылманша һәм орысша оқытатын мұғалімді өздеріңіз табыңыздар, қытайша оқытатын мұғалім патшалықтан болады». Осы бұйрықтың орындалуы туралы автордың жазбасына үңілсек: «Содан қайтысымен Қоныс ауылының ұлықной аправитлы Естемес ақалақшы жақсы бір мешіт, сегіз бөлмелі бір мектеп салдыруға даярланып жатыр... Уфадан орысша-мұсылманша жақсы білетін бір қазақ шәкіртін алдырамын деген ойы бар. Бұл күнде қызайда үш мұғалім бар. Екеуі – ноғай, біреуі – қазақ. Қазақ мұғалім Молдағали Бикторли деген жігіт. Күнестегі Сатыбалды Норбиқоғлының қолында тұрған бұл мырзаның тәрбиесінде 4 жылдан бері бастапқы бөлімде 80 бала бітірді. Не қылса да ақырғы күнде оқушы да һәм оқытушы да шамалы. Үкіметтің әмірі бойынша мектеп-медреселер салынған соң көбейер деп ойлаймыз» [7, 254-255-б].

«Айқап» журналында ең көп жазылатын сол кездегі өзекті тақырып – ағарту мәселесі. Бұл сала «Қазақ» газетінде де жиі қозғалатын. Журналда жарық көрген мақалаға үндес шағын хабар «Қазақ» газетінде де басылған. «Қазақ» газеті 1913 жылғы №18 санында «Қытай қазағы» деген тақырыпта басқармаға келіп түскен хатты басады. Хат авторы – қытайға қараған қазақтың ішінде бала оқытатын Молдағали Бектұрұлы. Ол хатында: «Мен Зайсан, Шәуешек, Құлжа қалаларын аралап, онан Ілеге қызайға шықтым. Бір жерде орнығып, қызай бауырларымыздың балаларын оқыта бастадым. 4 жыл ішінде 80 шамалы балаға иман, намаз, хат үйретіп шығардым. Осы күнде 45 шәкіртім бар [8, 4-б] деп жазады. Автор қытай комитетінің қызайдың мампаң, болыстарын шақырып қытай тілін, жазуын білетіндерді оқытатын мектеп-медресе ашуға шақырғанын, оқыған сауатты азаматтарды жоғары лауазымды мансапқа қоятынын жазады. Болыстардың

келіскенін айта келе, өзінің де қызай хабарларын үздіксіз жазып тұратынын жеткізеді. Екі мақаланың айтпақ ойы бір болғанымен, авторы басқа. «Айқапта» толығырақ ақпарат берілсе, Молдағали Бектұрұлы өзінің бала оқыту жайын анық көрсетеді. Екі мақаланы салыстыра оқи отырып, Құлжаны мекендеген қазақтардың оқу, білім, ағарту ісіне қатысты ахуалы жайлы аз-кем мәліметке қол жеткізуге болады. Басты нысана, қытайдағы қазақтардың оқу-ағарту ісіне айрықша үлес қосқан алашшыл азамат, ағартушы, ұстаз Молдағали Бектұрұлының тұлғалық қасиеттері мен ерен еңбектері туралы жеке дара зерттеудің қажеттілігі аңғарылады. Оның ұлтты оятудағы өнегелі істері сөзсіз ғылыми тұрғыдан қарастырылғаны абзал.

Шәуешектегі қазақтар жайын баян ететін тағы бір мақала «Айқаптың» 1914 жылғы №21 санында жарық көрген «Қытай қазақтары жайынан» деген тақырыппен жарық көрген. Тарбағатай мен Орқашарды жайлау, Майлы-Жайырды қыстау еткен Байжігіт руының жері мен малы көп, алайда оқу-оқытуда өзекті мәселелердің бар екендігі тілге тиек етіледі. Таңғыт үкірдайдың (лауазым аты) үйінде болған автор үй иесінің Қазы есімді жалғыз қарындасының қолынан «Бақытсыз Жамал» кітабын көргенін жазады. Тіптен ол бойжеткен романның сюжетін баяндап, мазмұнын талдап авторға сауал тастайды. Автор жартымды жауап бере алмағанын мойындайды. Автор «қытай қазақтарының ішінде терең ойлы, ашық пікірлі, роман танырлық зерек қыздың барлығына» таң қалады. Әсіресе ақылды арудың: «сіздің россия қазақтары оқыған, көздері ашылған дейді, ондағы қыздардың қалпы солай ма (теңіне бара алмауын меңзейді – автор) сорлы қазақ қыздарының қашан маңдайлары ашылар екен? Осыған бір жөн-жол таба алмаған соң оқығандарыңнан не пайда?..» [9, 291-292-б]. Өткір ой мен ашық сынға, қыздың батылдығы мен ақылына риза болған автор сол ауылда бірнеше уақыт болып, біраз жайға қанығады. Осы әулеттің білімге ынтызар, өнермен сусындаған текті әулет екені айтылады. Мақаланың соңында Қазы бойжеткеннің ұзатылар кезінде берілген салтанатты жасау-жабдығы туралы құнды этнографиялық дерек бар: «20 күннен кейін «Қазы» бикешті 2 үй, 30 ішік, 30 кілем һәм басқа түрлі жасаумен 300 қой, 100 жылқы, 30 түйемен ұзатып жолға салдық. Бұл жақта арба жоқ. Қызды ұзатып бірге баруға он жорғаға мініп 10 қыз да ерді, он қыздың ортасында 500 сомдық алтын жабдықпен ерттелген 200 сомдық сары жорғаның үстінде

ескі аңыздарда айтылатын хан қыздарындай сәулетпен жарқ-жүрқ етіп Қазы сұлу Қожақұлға жол тартты [10, 292-б]. Автор Қазы сұлудың күйеуі Сейттің журнал оқымақ түгіл, хат танымайтынына қынжылады. Бірақ Бақтыда Қабанбай батырдың ұрпағына ұзатылғанын баян етеді. Шағын мақаладан Шәуешекті жайлаған қазақтардың шаруашылығы мен этнографиясына қатысты маңызды деректерді кездестіруге болады. Жалпы алғанда, сол кезеңде ауқатты, бай адамдар көп болғанымен, оны ел игілігіне, ағарту ісі арқылы ұрпақты оқытып тәрбиелеуге жұмсайтындар аз болған. Мектеп-медресе ашқандар тіптен санаулы еді. Сондықтан «Айқап» журналынан терең зерттеуге татитын тақырыптар көбірек ұшырасады.

Қорытып айтқанда, «Айқап» журналы арқылы қытайдағы қазақтардың қоғамдық өмірі мен ағарту саласы, тарихи-этнографиялық ахуалы, саяси-әлеуметтік бет-бейнесі, газет-журналдың таралу көлемі туралы аз-кем ақпарат алуға болады. Қала мен ауылдағы рулардың қоныстануы мен билік, басқару жүйесі, ел билеушілердің әрекеттері хақында жекелеген мағлұматтар ұшырасады. Дегенмен журнал сандарының түгелдей сақталмауы, кейбір бөліктерінің толық оқылмауы, кісі аттары мен авторлар мәліметінің жеткіліксіздігі сияқты мәселелер туындап отыр. Соған қарамастан, аталған тақырып алдағы уақытта да жүйелі зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер

- 1 Айқап. – 1911. – №4. – 3-4 бб.
- 2 Қазақтың қысқаша тарихы. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2009. – 442 б.
- 3 Айқап. – 1911. – №10. – 7 б.
- 4 Айқап. – 1912. – №10. – 22 б.
- 5 Айқап. – 1913. – №1. – 19б.
- 6 Мұхаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920). – Алматы, 2000. – 148 б.
- 7 Айқап. – 1913. – №12. – 254-255 бб.
- 8 Қазақ. – 1913. – №18. – 4 б.
- 9 Айқап. – 1914. – №21. – 291-292 бб.
- 10 Айқап. – 1914. – №21. – 292 б.

References

- 1 Aikap. – 1911. – №4, – 3-4 p.
- 2 A Brief History of Kazakhs. – Urumqi: 2009. – 442 p.
- 3 Aikap. – 1911. – №10. – 7 p.
- 4 Aikap. – 1912. – №10. – 22 p.
- 5 Aikap. – 1913. – №1. – 19 p.
- 6 N.Muhamethanuly. Social history of the Kazakhs of China (1860-1920) – Almaty: – 2000. – 148 p.
- 7 Aikap. – 1913. – №12. – 254-255 p.
- 8 Kazakh. – 1913. – №18. – 4 p.
- 9 Aikap. – 1914. – №21. – 291-292 p.
- 10 Aikap. – 1914. – №21. – 292 p.

Сқақова Қ.А.
Францияның Шарль де Голль кезіндегі сыртқы саясаты

Бұл мақалада Францияның 1958-1969 жылдардағы Шарль де Голль кезіндегі Батыс пен Шығыс мемлекеттеріндегі сыртқы саясаты жан-жақты қарастырылған. Мақаланың хронологиялық шеңбері, 1958 жылдан 1968 жылдарды қамтиды, себебі дәл осы жылдары билік басында генерал де Голльдің келуіне байланысты Францияның сыртқы саяси бағытының өзгерісі болады. Мақаланың мақсаты Еуропаның саяси бірлестігін құру жөніндегі Франция басшысы Шарль де Голльдің тұжырымдамаларын зерттеу болып табылады, осы қойылған мақсат шеңберінде келесі нақты міндеттер шешіледі:

- Шарль де Голльдің АҚШ-тан тәуелсіз саяси одақ құру жөніндегі бастамалары.

- Францияның де Голль тұсындағы сыртқы саясатындағы приоритеттерді анықтау.

- Францияның еуропалық Саяси одақты Франко- герман негізінде құру әрекетіне анализ жасау.

- Францияның АҚШ-тан тәуелсіз болу мақсатымен Англияның Ортақ нарыққа кіруіне ветто жариялауының себептері,

- 1965-1966 жылдарында Франциямен ЕЭҚ мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық қайшылықтардың негізгі себептері қарастырылды.

Түйін сөздер: Франция мемлекеті, Шарль де Голльдың саясаты ГДР, ГФР, Кеңес Одағы, Англия, АҚШ қарым- қатынасы.

Skakova K.A.
Charles de Gaulle of France's foreign policy

This article describes France in 1958-1969 years when the West and the East is widely considered policy of Charles de Gaulle. Timeline of articles covers the period from 1958 to 1968, when it was in this period of French foreign policy to change its direction with the coming to power of General de Gaulle. During the study of the concept of French President Charles de Gaulle during the formation of the European political omnibus, we were considered the following specific objectives:

- The beginning of the formation of political independence from the US omnibus Charles de Gaulle.

- Prioritization of French foreign policy during the time of Charles de Gaulle.

- Analysis of the action of France to the formation of the European Union on the basis of Franco-Germany.

- Deal with aim of Anglo Vetta no admission to enter the common market, which would lead to the independence of France from the United States.

- The main causes of political and economic disagreements between France and the EEC countries in 1965-1966.

Key words: France, Charles de Gaulle in politics, German Democratic Republic, Federal Republic of Germany, the Soviet Union, Great Britain, relationship of United States of America.

Скакова К.А.
Внешняя политика Франции во времена Шарля де Голя

В этой статье описывается Франция в 1958-1969 годах, когда странами Запада и Востока обширно рассматривалась политика Шарль де Голя. Хронология статьи охватывает период с 1958 до 1968 года, когда именно в этот период внешняя политика Франции начала менять свое направление с приходом к власти генерала де Голя. Во время изучения концепции президента Франции Шарля де Голя при формировании Европейского политического объединения, были рассмотрены следующие конкретные задачи:

- начало формирования независимое от США политическое объединение Шарль де Голя;

- определение приоритетов внешней политики Франции во времена Шарль де Голя;

- анализ действий Франции при формировании Европейского союза на основе Франко-Германи;

- объявление ветто Англии с целью недопущения войти в общий рынок, которая привела бы к независимости Франции от США;

- основные причины в политических, экономических разногласиях между Францией и странами ЕЭС в 1965-1966 годах.

Ключевые слова: Франция, Шарль де Голль в политике, Германская Демократическая Республика, Федеративная Республика Германия, Советский Союз, Великобритания, отношения США.

ФРАНЦИЯНЫҢ ШАРЛЬ ДЕ ГОЛЛЬ КЕЗІНДЕГІ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

Екінші дүниежүзілік соғыс әлемнің көптеген елдерінің мүддесіне әсер етті, соның бірі Франция болды. Франция соғыста жеңгендер қатарында болса да, Франция үшін жеңілмей күресті жалғастыруда көп күш жұмсауды талап етті. Барлық сындардан өтуге француз халқының ерлігі, батылдығы мен табандылығы және Иосиф Сталин, Франклин Рузвельт, Уинстон Черчилль сияқты атақты фигуралардың қатарында әлемдік тарихқа енген нағыз патриот Шарль де Голльмен, елдің білікті ұйымдастырылған басқарылуы көмектесті.

Шарль де Голль екінші дүниежүзілік соғыс кезінде, Француз ұлт азаттық қозғалысының көсеміне айналды. Бесінші Республиканың негізін қалаушы және оның тұңғыш президенті, қоғам қайраткері. Шарль де Голльдің 1958 жылы билік басына келуі және Бесінші Республиканың режимінің орнауы Францияның ұлттық доктринасының радикалды қайта қарауының басталуын білдірді. Ұлттық доктрина негізіне де Голь «ұлттық тәуелсіздік» және «Франция ұлылығы» ұрандарын қойды. Ұлт идеясы абсолютті құндылықтар категориясына қойылды. Шарль де Голль «Франция тек алдыңғы қатарларда болған жағдайда ғана, нағыз Франция болады»[1,б.17] деп атап көрсеткен.

Түрлі түсінік пен көзқарастардың тарихшылары мен саяси қызметкерлері, Шарль де Голльдің көбіне болашақты алдынала болжаумен, осы болжам негізінде қимылдау дарындылығын атап көрсеткен. Сондықтан француздық және шетелдік зерттеушілер, Шарль де Голльдің қызметі мен көзқарасының екі маңызды жағына тоқталған, ол: патриотизм мен реализм.

Шарль де Голль кезіндегі Францияның сыртқы саясаты, де Голльдің ұлттық дербестік және ұлттық мүдде принциптерінің негізінде құрылды. Де Голль атлантикалық саясаттан бастартуды жақтап, халықаралық қатынастағы екіполностік саясатқа қарсы күресті. Батыс пен Шығыс елдері арасында өзара келісімдер жүргізу арқылы шешімге келуге болатынын айтып, кез келген дау-жанжал мәселелерді бейбіт жолмен реттеуге шақырды. Бұл саясат француз-кеңес қарым-қатынастарын жаңа деңгейде жүргізуге жол ашты. АҚШ-тың «қырғи-қабақ» саясатын толық қолдамай, бейбіт қатар өмір сүру саясатына қарай ауыса бастады. Халықаралық қатынастағы екіполностік саясатта бәсеңдеу

кезеңі басталды. Екі ел арасындағы үкіметтік деңгейдегі қарым-қатынастардың арқасында экономикалық-сауда байланыстарының кең түрде жүруіне жол ашылды. 1960 жылы Н.С. Хрущевтің Францияға сапары барысында жоғары деңгейдегі келіссөздер жүргізуге қол жеткізілді.

1965 жылы 20 маусым мен 1 шілде аралығында Франция Президенті Шарль де Голль КСРО-да болды. Бұл Кеңес еліне соғыстан кейінгі тұңғыш рет келуі еді. Шарль де Голльді жоғарғы деңгейдегі қонақ ретінде қарсы алды. Ол Мәскеу қаласында болған кезде Кремльге орналасты. КСРО-ның көптеген қалаларында – Новосибирск, Ленинград, Волгоград, Киевте т. б. болды. 25 маусымда Шарль де Голль мен Н. В. Подгорный

Қазақстандағы ғарыш аймағы - Байқоңырда болды. Франция Президенті тұңғыш рет Жер серігінің ұшырылуын өз көзімен көрген, шет ел басшысы. КСРО-ға сапары барысындағы кездесулерде; «Мен ержүрек халқы бар, жаңа гүлденген кеңестік Ресейді таптым. Француз халқы атынан ұлы кеңес халқын құттықтаймын» дей келе, өз сөзін «Француз-кеңес халықтарының достығы жасасын» [2, б.57] деп аяқтады. Кездесулер барысында екі ел арасындағы экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени байланыстарды дамыту туралы кеңес-француз декларациясына қол қойылды.

Шығыс саясатына бағыт алуы 1966-1968 жылдарда Франция мен социалистік елдер арасындағы қарым-қатынастардың дамуына әкелді. Франция капиталистік елдер арасында бірінші болып Герман Демократиялық Республикасын мойындады.

Франция мен ГФР арасындағы қарым-қатынастар голлистердің жоспарларында Герман Федеративті Республикасы аса маңызды орнында еді және онымен ынтымақтастықты нығайту Бесінші Республиканың еуропалық саясатының негіздерінің бірі болған. Шарль де Голльмен Бесінші республиканың басшыларының Аденауэр үкіметімен ресми саяси ынтымақтастығы Коломбэде 1958 жылдың қыркүйек айында өткен франко-герман келіссөздерінен басталады. [2, б.94]. Келіссөздер жабық есікте өткен болатын, ал бұл келіссөздердің коммюникесіне көз жүгірсек, де Голль мен Аденауэр келесі мәселелерді талқылады: «еуропалық институттардың» болашағы; Еуропа және саяси бірлік; атомдық энергия мәселелері; Африканың болашағы; Кеңес Одағы, Қытай және Таяу Шығысқа қатысты

саясат. Алайда келіссөздердің басты мәселесі Еуропадағы бірлескен саясат жөніндегі мәселе («еуропалық институттарға» қатынас, Еуропаны «біріктіру» жоспарларындағы франко-герман ынтымақтастығының орны) болып еді.

Шарль де Голль мен Аденауэр алғашқы кездесуінде франко-герман одағын Еуропаның «бірігуінің» негізі ретінде және Атлантикалық одақты бекітудің тәсілі ретінде қарастыруға келісті. «Германия Федеративті Республикасының және Француз Республикасының тығыз қарым-қатынасы Еуропадағы барлық конструктивті бастамалардың негізі болып табылады. Ол Атлантикалық одақтың бекуіне септігін тигізеді» делінді коммюникеде. Сондай-ақ, франко-герман «ынтымақтастығына» Франция мен ГФР байланыс орнатқан Батыс Еуропаның басқа мемлекеттерін де тартып, ынтымақтасуды «мүмкіндігінше еуропалық мемлекеттердің максималды санын тарату» туралы шешім қабылданды.

Коломбэдегі келіссөздерден кейін Бад-Крейцнахта 1958 жылы қарашада өткен келіссөздер өтеді [3, б.68]. Берлин мәселесіне қатысты батыс державаларының саясаты халықаралық жағдайдың шиеленісіне алып келеді. Франко-ағылшын қатынастары «еркін сауда зонасы» туралы мәселедегі қайшылықтардан қиындады. НАТО-да дағдарыс генерал де Голльдің «реформаторлық» тенденцияларынан тереңдей түсті. Сондықтан Бад-Крейцнахтағы келіссөздердің күн тәртібінде үш мәселе алға шықты: халықаралық жағдай және Берлиндегі жағдаят; атлантикалық саясат; «еркін сауда зонасымен» байланысты экономикалық мәселелер.

Келіссөздердің нәтижесі туралы ресми коммюникеге жүгінсек, Бад-Крейцнахта Шарль де Голль мен Аденауэр өз позицияларын ризаласты. Келіссөздердің қатысушылары «Берлиннің бар мәртебесін» қорғау және француз әрі батыс-герман үкіметтері Италия, Бельгия, Голландия, Люксембург үкіметтерімен бірге экономикалық әрі саяси салаларда ынтымақтастықты жалғастыру туралы келісті. Біріншісі Батыс Берлинде оккупациялық режимнің сақталуына, ал екіншісі қатысушылардың санын шектеу және «кіші Еуропаны» – «алтылық Еуропаны» нығайтуға бағытталған еді. Іс жүзінде бұл еркін сауда зонасын қорғау туралы жоспарларын қабылдамау болатын.

Француз-батысгерман саяси ынтымақтастығы әскери ынтымақтастықтың күшеюімен бірге жүрді. 1959 жылы қаңтарда Франция, Италия және ГФР арасында «қаруды стандартизаци-

ялау мақсатында әскери техника саласында біріккен зерттеу мен өндіру» туралы келісімге қол қойылды. Кейін Франция, ГФР мен Италия арасындағы әскери ынтымақтастық барлық салаларда дамыды. ГФР қарудың жаңа түрлерін жасап шығарудың француз жұмыстарын қаржыландырды, сонымен қатар, ғылыми-техникалық көмек берді, ал өз кезегінде ГФР француз технологиясына жету мүмкіндігін алды. Батыс Германияға қаруды сату бойынша Франция АҚШ-тан кейін екінші орынға ие болады.

1960 жылы Бесінші республика үкіметі бундесвердің оқу базалары мен складтары үшін француз территориясын пайдалануға береді. 1962 жылы біріккен екіжақты француз-батысгерман әскери жаттығулар өткізіле басталды. 1962 жылы мамырда құрлық әскерлерінің жаттығулары, ал маусымда әскери-теңіз күштердің жаттығулары болып өтеді. Бұл жаттығулар НАТО жоспары бойынша емес, «екі жақты ынтымақтастық» негізінде болды.

Алайда Францияның және ГФР-ң әскери негізіндегі жақындасуы осы мемлекеттер арасында негізгі қайшылықтарды жоя алмады. Франция да ГФР да Батыс Еуропадағы өзінің үстемдігін орнатқысы келді. Сондықтан еуропалық және еуропалық емес саясаттың маңызды саяси мәселелерді шешкенде әр түрлі позицияларды ұстанған болатын.

Осындай мәселелердің бірі екі неміс мемлекеттерінің ГДР мен ГФР арасындағы шекара мәселесі еді. Осы мемлекеттер арасындағы шығыс шекарасы Ялта және Потсдам конференцияларымен Одер мен Нейсе бойынша анықталды. 1959 жылы 25 наурызда пресс-конференцияда генерал де Голль егер де осы мемлекет батыста, шығыста, солтүстікте және оңтүстікте қазіргі шекараларына қауіп төндірмесе, Франция мемлекеттің бірігуіне қарсы шықпайтындығын мәлімдейді [4,б.101]. Осылайша, француз үкіметі Одер-Нейсе бойынша шекарасының зандылығын күмән етпейтінін көрсетеді. Бұл Батыс Германияның басқарушы топтарында наразылық тудырды.

1963 жылы қаңтарда француз-ағылшын және француз-американ қайшылықтардың шиеленісуі жағдайында Аденауэр Францияға сапар шегіп, генерал де Голльмен келіссөздер жүргізеді. Бұл Шарль де Голль мен Аденауэрдың 13-кездесуі еді. Нәтижесінде 1963 жылы 22 қаңтарда ынтымақтастық туралы екіжақты француз-батысгерман келісіміне қол қойылады. Келісім бойынша, түрлі деңгейдегі үкіметаралық кеңестер үнемі өткізілуі керек еді. Мемлекет-

тер мен үкіметтер бастылары жылына екі рет, сыртқы істер министірлері үш айда бір рет, бас штабтарының басшылары екі айда бір рет кездесуі тиіс еді. ГФР мен Франция үкіметтері барлық маңызды мәселелер бойынша кеңес өткізіп отыруы тиіс. Экономикасы әлсіз мемлекеттерге көмек көрсетілуі көзделді.

1967 жылдың басында француз-батысгерман қатынастардың жақсаруы барлық салаларда ынтымақтастықтың күшеюіне алып келеді. Кизингер мен Брандт өзінің бірінші ресми сапарын АҚТП-ка емес, Францияға шекті. Пікір алмасу барысында екі мемлекет басшылары ынтымақтастықты дамытуға, 1963 жылғы келісімді қайта жаңартуға, Шарль де Голль мен Аденауэр анықтаған саясатты жүргізуге келісті.

Бесінші республика басшыларының ГФР-ң жаңа басшыларымен екінші кездесуі 1967 жылы 12-13 маусымда Боннда еткен болатын. Осы кездесу халықаралық жағдайдың шиеленіскен кезінде өтті. Сол кезде Израильдің араб мемлекеттеріне қарсы агрессиясы мен Вьетнамдағы американдық интервенциясының кеңеюі байқалды.

Шарль де Голль мен Кизингер халықаралық жағдайды, оның ішінде, Таяу Шығыстағы жағдай, «Ортақ нарыққа» Англияның кіру мәселесін, француз-батысгерман ынтымақтастығын талқылады.

Осылайша, 1967 жылы шілдедегі кездесу экономикалық, саяси және әскери-стратегиялық салаларда ынтымақтастықты дамыту үшін тұрақты ұйымдасқан құрылымның құрылуы жоспарланды.

«Батыс Еуропа мемлекеттерінің ынтымақтастығын қамтамасыз ету бұл Францияның ойы бойынша қажет, мүмкін және саяси экономикалық мәдениет және қорғаныс салаларында тәжірибе жүзінде орын алады» [5,б.163] – деген еді.

Шарль де Голль мен Кизингердің үшінші кездесуі 1968 жылы 15-16 ақпанда Парижде өткен болатын. Осы келіссөздердің негізгі тақырыбы «ағылшын мәселесі болатын», яғни Англия мен басқа мемлекеттердің «Ортақ нарыққа» [6,б.81] кіру мәселесі және «алтылықтың» дамуы туралы мәселелері еді.

Төртінші кездесу 1968 жылы қазанда еткен еді. Келіссөздердің күн төртінде Кеңес Одағына қатысты саясат туралы тұрған болатын.

Франция мен ГФР арасындағы қатынастар он жыл ішінде біресе жақсарып, біресе шиеленісіп отырған. Басшылардың басты келіспеушілігі де Голль ұстанған саясатпен тығыз байланысты.

Енді Францияның Англияға қатысты жүргізген саясатына келсек, Атлантикалық блок ішіндегі Еуропа елдердің дербес одағын құру француз жоспарлары француз-американ және француз-ағылшын қайшылықтарын шиеленістірді. АҚШ басшылығы бірнеше жылдар бойы өзінің қамқорлығымен батыс еуропалық мемлекеттердің бірігуін жақтады. Сол кезде де Голль жоспарларында американ экономикалық және саяси гегемониясына қауіптенді.

АҚШ үкіметі сол кезде кең атлантикалық қауымдастықтың ұйымының жобасын көздеді, осы ұйымның мүшелері өзінің қарулы күштері және сауда-экономикалық жүйелерін біріктіру керек еді. Жаңа американ жобасы «Кеннедидің ұлы жобасы» деп аталынды. Жоба бойынша НАТО-ның барлық мүшелері, оның ішінде, Англия кіретін кең экономикалық қауымдастық құру болды [7,б.57]. АҚШ жобасы екіжақты мақсатты алға тұтқан болатын: біріншіден, «алтылыққа» экономика және саяси-стратегиялық жағынан дербес бірлестік болуға кедергі жасау; екіншіден, Батыс Еуропа мен АҚШ-тың «қырғи-қабақ соғысында» социализмге қарсы бірлігін сақтау.

Англияның үкіметі Кеннедидің жоспарын қолдады және осылайша Еуропа ЕЭҚ және ЕЕСА болып екі бәсекелес экономикалық блокқа бөлінеді.

Кең атлантикалық экономикалық қауымдастықты құруға ұмтыла отырып, АҚШ пен Англия «алтылық» Еуропаға Англияның қабылдануына бар күшін салды. 1960 жылдың соңы мен 1961 жылдың басында Англия Еуропалық саяси одақты құру туралы келіссөздерге қатысуға ниетті екендігін білдіреді. Шарль де Голль мен Аденауэр өзара кеңестен кейін, егер де Англия Рим келісімінің міндеттемелерін өзіне алса, яғни, жалпы белгіленген негіздерді «Ортақ нарыққа» кірсе ғана «алтылықтың саяси келіссөздерде қатыса алатыны» туралы айтылады. 1961 жылы 31 шілдеде Г.Макмиллан Англия «Ортақ нарыққа» кіру туралы келіссөздерді бастайтыныдығын мәлімдейді.

Кеннедидің бұл жоспарын конгресс қабылдап, 1962 жылы бұл заң күшіне енеді. Осыған карамастан, француз басшылары өз позициясын өзгерткен жоқ. Керісінше, 1963 жылы қаңтарда генерал де Голль үкіметі Англияның «Ортақ нарыққа» кіруіне вето жариялайды. Оның негізгі себебі, Францияның «атомдық клубта» орын алу жоспарлары мен Батыс Еуропаның АҚШ-тан тәуелсіздікті қамтамасыз етумен байланысты болған.

Сол уақыттарда Англия АҚШ-ң үлкен әріптесі әрі одақтасы болатын. Шарль де Голльдің пікірінше, атлантикалық блокта ерекше орынға ие болған Англияның «Жалпы нарыққа» кіруі АҚШ-пен тығыз байланыста болған «біріккен Еуропада» көшбасшылыққа талаптанған қарсылықтың келуі мүмкін болатын еді.

Шарль де Голльдің Англияға қатысты саясаты «Еуропалық еуропа» құру идеясына байланысты болған еді. 1963 жылы қаңтарда Англияға жарияланған ветодан кейін француз-ағылшын қатынастары тұйыққа тіреледі. Бұл 1963-1964 жылдарға дейін, яғни үкімет басына лейбористердің келуіне дейін жалғасты.

1962 жылдан бастап Франция Үкіметі ұлттық тәуелсіздік пен ұлттық қорғанысты нығайту үшін дербес ұлттық қорғаныс бағдарламасын бекітіп, іске асыра бастады. Ұлттық ядролық қаруды шығаруды қолға алды. Бұл әскери-ядролық қорғаныс жүйесінің басқа елдерге қарсы бағытталмайтынын түсіндірді. Сахарада ядролық қаруды сынақтан өткізді. «Мираж-ІУ-3» ұшағын шығаруға келісті, «Жер және Жер» зымыранын, атом қаруы бар әскери сүңгуір қайығын шығарды. Бұл қарулардың барлығы ядролық-стратегиялық маңыздылығы бар «ұлттық тежеу» бағдарламасы арқылы жүзеге асырылды. Президент 1964 жылы шілде айында өткен баспасөз-конференциясында сөйлеген сөзінде Францияның ядролық державаға айналғанын мәлімдеді. Боннда «алтылықтың» келесі кездесуі болып өтеді.[8,б.95]

1965 жылдан бастап АҚШ-тың басшылығымен құрылған Солтүстік атлантикалық альянс (НАТО) ұйымынан шығуға бағыт алды. НАТО ұйымынан шығудағы негізгі ойын «Қазіргі уақытта Батыс Еуропа елдеріне шығыстан келетін ешқандай қауіп жоқ» деп түсіндірді. НАТО-ға мүше елдермен кеңестер өткізіліп, 1966 жылы наурызда Франция НАТО ұйымынан шықты. Елдің бұл ұйымнан шығуы АҚШ және ГФР елдері арасындағы қатынастарға біршама салқынын тигізді. Франция жеріндегі НАТО ұйымының басқару мекемелері Брюссель қаласына көшірілді. АҚШ-тың 30 мың, Канаданың 9 мың әскері шығарылды. НАТО ұйымының 46 әскери аэродромдары және бірнеше әскери құрылымдары шығарылды. Франция АҚШ-тан әкетілген әскери құрылымның 2,5 миллиард доллар шығынын төлеуден бас тартты. Шарль де Голль өзінің ұлттық тәуелсіздік саясатын батыл жүргізіп, басқа елге тәуелділік, бағыныштылық саясаттан бас тарту арқылы мықты саясаткерлігін

көрсетті. Бесінші Республиканың Президенті Миттеран Шарль де Голльдің саясатын жүргізе отырып, 1990 жылғы АҚШ-тың Иракқа қарсы агрессиясын қолдамай, АҚШ Президентіне берген жауабында «Мен американ солдаты емеспін» [9,б.88] деген болатын.

АҚШ-пен салыстырғанда Франция ешқашан бір жақты гегемонизмге талпынған жоқ. Оның қауіпсіздікті қамтамасыз етуі көпполярлы әлем орнауы шеңберіндегі ұлы державалардың қатысымен дәстүрлі қарастырылады. Бұдан Францияның жұмсақ баланстау саясатын жүргізуге дәстүрлі талпынысы және көпжақты одақтар пайдасына екіжақты одақтардан бас тартуы шығады.

Шарль де Голльдің сыртқы саясатта жүргізген саясаты халықаралық жағдайға қатты әсер берді. Оның Батыс Еуропада Саяси одақты конфедеративті бастамалары сәтсіздікке ұшыраса да, Еуропа тарихында оның алға тұтқан концепциялары маңызды орынға ие. Өз естеліктерінде Шарль де Голль былай деп жазады: « «кіші» мемлекеттердің әдеттегідей «үлкендерге» қарсы шыққандығы анықталды және сондай-ақ ағылшындармен тығыз байланыста болған олар англоскастер кірмеген жүйеде өзін елестете алмайды». [10,б.163]

«Мемлекеттер Еуропасы» атты концепциясы ұлт үстіндегі принциптерге қарсы шығып, Батыс Еуропа мемлекеттерінің саясатына маңызды өзгерістер енгізеді. 60-жылдары Франция өзінің «Жалпы нарықтағы» [11,б.60] серіктестерімен қауымдастықтың ұйымдастырылу құрылымы үшін күресті.

Бесінші республика билеуші топтарының дипломатиялық стратегиясы осы блокта Францияның үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған.

«Мемлекеттер Еуропасын» құру жоспарлары жағдайларға байланысты өзгеріп отырғанына қарамастан, атлантикалық және батысеуропалық саясаттың негізгі мәселелері бойынша Бесінші Республиканың позицияларын анықтауда маңызды рөлді атқарады.

Осы салада ең негізгі назар ГФР-мен қатынастарға аударылды. Бұл тарихи, географиялық, экономикалық, әскери, саяси факторларымен анықталды. Батыс Германиямен ынтымақтастық орнамайынша, Бесінші Республика басшылары «Мемлекеттер Еуропасын» құрай алмады.

«Мемлекеттер еуропасы» мен «Еуропалық Еуропа» құру жобасын іске асыру аспектіде Англиямен де қатынастар ерекше назарға ие. Де Голль түрлі батысеуропалық бірлестіктерге, оның ішінде, ЕЭҚ-қа Англияның кіруіне ешқашан қарсы болған жоқ. Көптеген жылдар бойы ол Англияның «Жалпы нарыққа» кірердің алдында бірнеше шарттарды орындауын талап етті. Ең бастысы, Англия АҚШ-мен «ерекше» қатынастарды үзуі қажет еді.

Де Голль тұсындағы Францияның сыртқы саясаты және еуропалық интеграцияның арақатынасы бірнеше бағыттарда дамығанын көреміз. Еуропалық интеграцияға қатысты де Голльдің екі аспектіде жүргені анық: ЕЭҚ шеңберінде және әр мүшесімен екі жақты қатынастар негізінде.

Әдебиеттер

- 1 Доктрины и концепции национальной безопасности США, Франции и Японии <http://budgetrf.nsu.ru/Publications/Magazines/VestnikSF/2000/vestniksf117-05/vestniksf117-05030.htm>
- 2 Колосков И.А. Внешняя политика Пятой республики. – М., 1976.
- 3 Колосков И.А. Внешняя политика Пятой республики. – М., 1976. – С.56-57.
- 4 Манфред И.А. Париж-Бонн. Франко-западногерманские отношения во внешней политике Пятой республики. – М., 1970. – С.68.
- 5 Ибрашев Ж.У. Политическая концепция Ш.Де Голля. – Алматы, 1971. – С-101.
- 6 Колосков И.А. Внешняя политика Пятой Республики. – М., 1976. – С.163.
- 7 Богословская О.В. Де Голль и проблемы создания политического союза в Европе // Вестник Московского Университета. Серия 8. История. – М., 2000. – С.86.
- 8 Шарль де Голь. Военные мемуары. Т.1. – М., 1957. – С.57.
- 9 Арзаканян М.К. Де Голль и голлисты на пути к власти. – М., 1990. – С.95.
- 10 Богословская О.В. де Голль и проблемы создания политического союза Европы // Вестник московского Гос.Унив; Серия 8. – М., 2000. – С.88.
- 11 Колосков И.А. Внешняя политика Пятой республики. – М., 1976. – С.163.
- 12 Европейская аграрная интеграция. – М., 1967. – С.60.

References

- 1 Doktriny i koncepcii nacional'noj bezopasnosti SShA, Francii i Japonii
<http://budgetrf.nsu.ru/Publications/Magazines/VestnikSF/2000/vestniksf117-05/vestniksf117-05030.htm>
- 2 Koloskov I.A. Vneshnjaja politika Pjatoj respubliki. – M., 1976.
- 3 Koloskov I.A. Vneshnjaja politika Pjatoj respubliki. – M., 1976. – S.56-57.
- 4 Manfred I.A. Parizh-Bonn.Franko-zapadnogermanskije otnoshenija vo vneshnej politike Pjatoj respubliki. – M., 1970. – S.68.
- 5 Ibrashev Zh.U. Politicheskaja koncepcija Sh.De Gollja. – Almaty, 1971. – S-101.
- 6 Koloskov I.A. Vneshnjaja politika Pjatoj Respubliki. – M., 1976. – S.163.
- 7 Bogoslovskaja O.V. De Goll' i problemy sozdanija politicheskogo sojuza v Evrope // Vestnik Moskovskogo Universiteta. Serija 8. Istorija. – M., 2000. – S.86.
- 8 Sharl' de Gol'. Voennye memuary. T.I. – M., 1957. – S.57.
- 9 Arzakanjan M.K.De Goll' i gollisti na puti k vlasti. – M., 1990. – S.95.
- 10 Bogoslovskaja O.V. de Goll' i problemy sozdanija politicheskogo sojuza Evropy // Vestnik moskovskogo Gos.Univ; Serija 8. – M., 2000. – S.88.
- 11 Koloskov I.A. Vneshnjaja politika Pjatoj respubliki. – M., 1976. – S.163.
- 12 Evropejskaja agrarnaja integracija. – M., 1967. – S.60.

Есжанова Н.Қ.
**Создание портала
электронного правительства**

В статье рассматривается история формирования портала электронного правительства в мире. Показана роль портала электронного правительства, которое выполняет важные функции по регулированию информационных отношений между государством и его гражданами и организациями. Проследив историю создания электронного правительства, автор определил, что идею электронного правительства и электронной демократии впервые предложили ученые США и Великобритании. В конце XX века многие страны мира столкнулись с необходимостью пересмотра традиционных моделей государственного управления, которые оказались несоответствующими современным условиям. Развитие информационных технологий дало возможность организации более эффективной работы государственных органов, главным образом в области оказания государственных услуг населению. Таким образом, возникло и приобрело свою социальную значимость понятие «электронное правительство». Известны три основные модели строительства электронных правительств в опыте различных регионов и стран мира: в Америке, Европе и Азии.

Ключевые слова: портал электронного правительства, электронное правительство, история, регулирование информационных отношений, информационные технологии, государственные услуги, модели строительства электронных правительств, электронно-государственная структура, электронный Казахстан.

Yeszhanova N.K.
**Creation of electronic
Government of the portal**

The article discusses the history of the formation of e-government portal in the world. It shows the role of e-government portal, which performs an important function in the regulation of information relations between the state and its citizens and organizations. Tracing the history of e-government the author found that the idea of e-government and e-democracy for the first time, scientists have suggested the US and the UK. At the end of the XX century, many countries are faced with the need to revise the traditional models of governance, which proved to be irrelevant to modern conditions. The development of information technologies has enabled a more effective work of state bodies, mainly in the area of public services. Thus emerged and acquired their social significance the concept of «e-government». There are three basic models of the construction of e-government in the experience of various regions and countries of the world: America, Europe and Asia.

Key words: e-government portal, elektronnoe government, history, regulation of information relations, information technology, public services, building models of electronic government, e-government structure, electronic Kazakhstan.

Есжанова Н.К.
**Электронды үкімет
порталының құрылуы**

Мақалада дүниежүзінде электронды үкімет порталының қалыптасуы тарихы қарастырылады. Мемлекет пен оның азаматтарының және ұйымдарының арасындағы ақпараттық байланыстарды реттеуде маңызды қызмет атқаратын электронды үкімет порталының рөлі көрсетілген. Электронды үкіметтің қалыптасу тарихын баяндай отырып, автор электронды үкімет пен электронды демократия туралы идеяны тұңғыш рет Америка Құрама Штаттары және Ұлыбритания ғалымдарының ұсынғандығын анықтады. XX ғасырдың соңында әлемнің көптеген елдері заманауи жағдайларға сәйкес келмейтін мемлекеттік басқарудың дәстүрлі үлгілерін қайта қарау қажеттілігімен бетпе-бет келді. Ақпараттық технологиялар мемлекеттік ұйымдардың жұмысын, ең бастысы тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсету саласында анағұрлым тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік тудырды. Осылайша, «электронды үкімет» ұғымы пайда болып, өзінің әлеуметтік мәнін иеленді. Әлемнің әртүрлі аймақтары мен елдерінің электронды үкімет құрудағы тәжірибесінде үш негізгі үлгі танымал: Америкада, Еуропада және Азияда.

Түйін сөздер: электронды үкімет порталы, электронды үкімет, тарих, ақпараттық қарым-қатынастарды реттеу, ақпараттық технологиялар, мемлекеттік қызмет көрсету, электронды үкімет құрылысының үлгілері, электронды-мемлекеттік құрылым, электронды Қазақстан.

СОЗДАНИЕ ПОРТАЛА ЭЛЕКТРОННОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА

Развитие «информационного общества» стремительно меняет образ жизни современного мира. И одним из неотъемлемых фрагментов этого общества стало «электронное правительство», которое:

- действует на базе информационной инфраструктуры органов государственной власти;
- обеспечивает эффективную реализацию большей части функций госуправления;
- ориентировано на взаимодействие госаппарата с физическими и юридическими лицами на основе новых информационных технологий.

Информационные технологии на сегодняшний день являются наиболее реальным и действенным инструментом повышения эффективности работы государственного аппарата, снижения его непроизводительных расходов и укрепления авторитета государственной власти в обществе за счет того, что происходящие в нем процессы становятся более прозрачными (транспарентными). И именно поэтому большинство современных государств выстраивают новую модель государственного управления, основанную на принципах результативности и подотчётности обществу.

Значимость и популярность функционирования правительственных сайтов с учетом активного развития Интернета обязывают государственные органы власти не только идти в ногу со временем, но и иметь в своей организационной структуре электронные формы и электронные элементы управления. Идея информационного общества, выделяют такие важнейшие задачи электронного правительства, как обеспечение равных прав и доступа к национальным информационным ресурсам, предоставление необходимой информации и электронных услуг гражданам, осуществление дистанционных фискальных функций и налогового контроля, обеспечение информационной безопасности, и др.

Современное информационное общество тесно связано с электронным правительством (Electronic Government), которое выполняет важные функции по регулированию информационных отношений между государством и его гражданами и организациями. В условиях формирующегося глобального

развития одним из важнейших элементов построения открытого государственного управления является система электронного правительства. Система электронного правительства позволяет оперативно получать достоверные ответы на социально важные вопросы, не соприкасаясь напрямую с государственными служащими, снимает всевозможные барьеры административного характера при получении необходимых услуг, а также облегчает доступ граждан к официальной информации.

В конце XX века многие страны мира столкнулись с необходимостью пересмотра традиционных моделей государственного управления, которые оказались несоответствующими современным условиям. Развитие информационных технологий дало возможность организации более эффективной работы государственных органов, главным образом в области оказания государственных услуг населению. Таким образом, возникло и приобрело свою социальную значимость понятие «электронное правительство». Мировой опыт показывает, что существуют различные модели по разработке и реализации этапов и проектов создания электронного правительства – «e-government». На сегодня не существует единого образца, который мог бы отвечать всем условиям и решениям формирования электронного правительства, потому как каждая страна имеет свои особенности, приоритеты и наличные ресурсы для реализации данной задачи.

Идею электронного правительства и электронной демократии впервые предложили ученые США и Великобритании, подразумевая под этим использование новых информационных технологий для защиты и развития основных демократических ценностей и, в первую очередь, для участия граждан в процессе принятия решений органами власти. Известны три основные модели строительства электронных правительств в опыте различных регионов и стран мира: в Америке, Европе и Азии. Американская модель отражает специфику ее становления в США; европейская включает в себя развитие электронно-государственных структур в большинстве стран Западной, Центральной и Восточной Европы; азиатская модель наиболее успешна в Сингапуре и Южной Корее.

Программа американской модели электронного правительства основной целью ставит упрощение, доступность и не дороговизну во взаимодействии граждан и юридических лиц с государственными органами.

В свою очередь, европейской модели присущи такие надгосударственные институты, как Европарламент, Еврокомиссия, Европейский суд, рекомендации которых обязательны для развития и регулирования деятельности «e-government» для всех стран Европейского Союза.

Специфичен стиль управления азиатской модели, которая опирается на азиатский тип корпоративной культуры и многослойную систему государственного управления, организованного по принципу иерархической пирамиды. Так, правительство Южной Кореи при формировании модели «электронной демократии» основной акцент сделало на удовлетворении информационных потребностей населения и внедрение информационно-коммуникационных технологий в систему культуры и образования [4].

Наиболее успешным принято считать опыт строительства электронных правительств стран-первопроходцев – США и Канады. Развивающиеся страны (Бразилия, Гватемала, Македония, Мексика, Шри-Ланка и др.) смотрят на американский и канадский опыт как на источник передовых методов и учебных материалов для осуществления собственных национальных стратегий построения электронного правительства. Изучение опыта реализации проектов в передовых странах необходимо, прежде всего, для разработки регламентов управления данной системой, создания единой организационной структуры, а также во избежание общих ошибок и максимизации возврата вложенных инвестиций. Однако необходимо учесть, что существует множество факторов, которые должны быть рассмотрены и учтены при каждом конкретном случае: численность населения страны; культурные, социально-экономические и политические особенности; распространенность доступа в Интернет в обществе; источники и возможности финансирования проектов и т. д. Подобные вопросы нужны и для изучения исполнителям и участникам программы «Электронный Казахстан», для того чтобы выработать собственные взгляды на возможность использования в наших условиях зарубежного опыта.

Согласно опубликованному ежегодному отчету о достижениях в работе электронных правительств, выпущенному компанией «Accenture» 6 апреля 2005 г., в течение последних пяти лет подряд Канада занимала первое место среди 22 изученных стран; за ней следуют США, Дания, Сингапур и Австралия. В настоящее время сис-

тема электронного правительства Канады является ключевым каналом предоставления государственных услуг в стране, где обеспечивается почти треть всех транзакций, осуществляемых между федеральным правительством и гражданами. Американское же видение концепции электронного правительства остается неизменным на протяжении нескольких лет и следует основным принципам изменений государственного управления, которые ориентируются на удовлетворение потребностей граждан и базируются на рыночных механизмах. Общество с готовностью воспринимает электронные государственные услуги, а уровень использования Интернета в США постоянно растет.

Таким образом, программа создания электронного правительства во многих странах мира говорит о том, что необходимо развивать информационные технологии как фактор обеспечения эффективного управления государством и предоставления населению качественных социальных услуг, потому как электронное правительство направлено на обеспечение граждан и организаций быстрым и качественным доступом к государственным услугам, на повышение эффективности функционирования государственных органов путем широкого применения современных информационно-коммуникационных технологий.

Впервые идея создания электронного правительства в Казахстане была озвучена главой государства Н. Назарбаевым в государственной программе «Казахстан-2030» в 1997 году.

Внедрение «электронного правительства» в Казахстане направлено на улучшение качества и сокращение сроков предоставления государственными органами услуг гражданам и организациям, обеспечение доступа к информационным базам деятельности государственных органов, в перспективе с учетом совершенствования административной системы, возможность отслеживать деятельность государственных органов, создание эффективного и оптимального по составу государственного аппарата. Казахстан придерживается различных мер по обеспечению эффективного и открытого государственного управления, подтверждением чему является внедрение «электронного правительства» в Республике Казахстан.

Информационные технологии в законе Республики Казахстан «Об информатизации» определены как «совокупность методов, производственных процессов программно-технических средств, объединенных в технологический комп-

лекс, обеспечивающий сбор, создание, хранение, накопление, обработку, поиск, вывод, копирование, передачу и распространение информации».

В Казахстане приобретает свое функциональное значение программа «Электронный Казахстан», которая является одним из приоритетных направлений деятельности Правительства Казахстана и программы административной реформы.

Создание портала электронного правительства позволяет гражданам, в первую очередь, иметь доступ, а затем и получать посредством Интернета и коммуникационной системы необходимую информацию. И как уже было отмечено Президентом нашей страны, «людей нужно научить пользоваться данными благами», что возможно при широкомасштабной кампании и государственном инвестировании в данную сферу экономического и социального развития общества. Электронное правительство основным своим назначением направлено на оперативное предоставление гражданам государственных услуг. И такие бюрократические процедуры, как, например, выдача паспортов, уплата налогов, получение справок и т.п., должны предоставляться в электронном виде.

Важным аспектом в процессе автоматизации и электронизации органов государственного управления является участие самих граждан на всех ступенях и уровнях власти, что также включает использование современных информационных технологий. Необходимо отметить, что в данном случае реализуются и конституционные права граждан, такие, как «участвовать в управлении делами государства» (ст. 33 Конституции РК), «иметь доступ и возможность ознакомиться с затрагивающими права и интересы документами, решениями и источниками информации» (ст. 18), «свободно получать и распространять информацию любым не запрещенным законом способом» (ст. 20). Более того, необходимо активное включение граждан в процесс формирования прозрачной управленческой системы, ведь только тогда возможна реализация программы электронного правительства, изменение системы управления (с переходом на более эффективную), внедрение демократических преобразований в стране. основополагающей задачей и результатом эффективного государственного управления здесь будет являться достижение и реализация стратегического плана развития, поставленного главой государства, нацеленного на «процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев».

Литература

- 1 Закон Республики Казахстан «Об информатизации» от 11 января 2007 года, №217-III ЗРК.
- 2 Приходько Л. Электронное правительство как развитие идей электронной демократии. Извлечено из register.h10.ru/g/cw.gif?disser7, 20 августа 2008 г.
- 3 Кожкенов С. Электронное правительство: государственные услуги без бюрократических преград. Извлечено из inform.kz/showarticle.php?lang=rus&id=174976, 20 августа 2008 г.
- 4 Модернизация государственного управления на принципах корпоративного управления, прозрачности и подотчетности обществу. Опубликовано 01 сентября 2006г. Пресс-служба Президента РК.
- 5 Государственная программа формирования «электронного правительства» в Республике Казахстан на 2005-2007 годы. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 10 ноября 2004 года № 1471.

References

- 1 Zakon Respubliki Kazahstan «Ob informatizacii» ot 11 janvarja 2007 goda, №217-III ZRK.
- 2 Prihod'ko L. Jelektronnoe pravitel'stvo kak razvitie idej jelektronnoj demokratii. Izvlecheno iz register.h10.ru/g/cw.gif?disser7, 20 avgusta 2008 g.
- 3 Kozhkenov S. Jelektronnoe pravitel'stvo: gosudarstvennye uslugi bez bjurokraticeskikh pregrad. Izvlecheno iz inform.kz/showarticle.php?lang=rus&id=174976, 20 avgusta 2008 g.
- 4 Modernizacija gosudarstvennogo upravljenija na principah korporativnogo upravljenija, transparentnosti i podotchetnosti obshhestvu. Opublikovano 01 sentjabrja 2006g. Press-sluzhba Prezidenta RK.
- 5 Gosudarstvennaja programma formirovanija «jelektronnogo pravitel'stva» v Respublike Kazahstan na 2005-2007 gody. Utverzhdena Ukazom Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 10 nojabrja 2004 goda № 1471.

Еламанова А.С.

**Семей өңірі қазақтарының
тұрмысы Орыс географиялық
қоғамы материалдарында**

Мақала Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімінің ашылуы мен оның материалдарының өлкенің тарихы мен этнографиясын зерттеудегі маңызын ашуға арналған. Алғаш, тек қызығушылық сипатта жүргізілген зерттеу жұмыстары өлкеге қатысты құнды мәліметтердің жиналуына кедергі болмағаны анық. Бөлімнің зерттеу материалдары әртүрлі экспедициялар барысында жинақталған. Жинақталған ғылыми мәліметтер, қажетті өңдеуден өткеннен кейін ұжым жиналысында баяндалып отырған. Осылайша, аталған мақалада бөлім жұмысы қорытындыларына жалпы талдау жасалынған. Географиялық бөлім мүшелері жекелеген бағыттар бойынша, мысалы далалық өлкенің тарихы мен тұрмысына, тарихи орындарына қатысты материалдар жинақтаса, тау инженерлері теміржол құрылысы аясын қамтыған. Кейбір ғалымдар мал шаруашылығының ерекшеліктеріне мән бере отырып, тұрмыс-салт материалдарын жинақтаған. Осы негізде, автор, Семей бөлімінің ғылыми – зерттеу бағытындағы зерттеулері Семей губерниясы мен оған жақын аймақтарды толық қамтып, артына тарих пен этнографияға қатысты материалдарды ғана емес, сонымен бірге геология, география, минералды бастаулар, пайдалы қазбаларға қатысты да мол мұра жинақтап қалдырған

Түйін сөздер: Орыс географиялық қоғамы, Далалық өлке, этнография, ескерткіштер, губерния.

Elamanova A.S.

**Kazakh lifestyle Semipalatinsk
region on the material of Russian
geographical society**

This article describes the process of establishment of the Semipalatinsk department of the Geographical Society and its role in the study of history and ethnography. The work on study of the edge of a certain part had an amateur character, which however did not stop to collect very valuable material in the region. During the activity excursions in the vicinity of Semipalatinsk were practised. The obtained scientific material, after appropriate processing was reported to the meetings of members in the form of a statement. Thus, in this article the author analyzed some of the results of research in general. For example, figures Geographic Society processed and printed extensive and valuable material on the history of Steppes, collected materials about the ancient monuments of the Semipalatinsk region, and mining engineers studied questions of railway construction, some scientists studied the problems of livestock breeding, etc. Thus, the author has come to the conclusion that, scientific – research activities cover a vast area of Semipalatinsk province and adjacent areas of Semirechia, and southern Siberia. The department focuses not only on geography, geology, mineral springs, minerals, but also issues of ethnography, folklore, archeology and history.

Key words: Russian Geographical Society, steppe Region, ethnography, monuments, province.

Еламанова А.С.

**Образ жизни казахов
семипалатинской области
в материалах русского
географического общества**

В данной статье рассматривается процесс становления Семипалатинского отдела Географического общества и ее роль в изучении истории и этнографии края. Работа по изучению края в некоторой своей части носила любительский характер, что однако не помешало собрать в крае весьма ценный материал. В ходе деятельности отдела практиковались экскурсии в окрестности Семипалатинска. Полученный таким образом научный материал, после соответствующей ее обработки, докладывался на собраниях членов в виде сообщения. Таким образом, в данной статье автором проанализированы некоторые результаты исследовательской работы отдела в общих чертах. Например, деятелями географического общества обработаны и напечатаны обширные и ценные материалы по истории Степного края, собраны материалы о памятниках старины Семипалатинского края, а горными инженерами изучены вопросы железнодорожного строительства, некоторыми учеными изучены проблемы племенного животноводства и т.д. Таким образом, автор пришел к выводу, что, научно-исследовательская деятельность охватила огромный район Семипалатинской губернии и прилегающих к ней местностей Семиречья и юга Сибири. Отдел уделял внимание не только вопросам географии, геологии, минеральных источников, полезных ископаемых, но и вопросам этнографии, фольклора, археологии и истории.

Ключевые слова: русское географическое общество, Степной край, этнография, памятники, губерния.

**СЕМЕЙ ӨҢІРІ
ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ
ТҰРМЫСЫ ОРЫС
ГЕОГРАФИЯЛЫҚ
ҚОҒАМЫ
МАТЕРИАЛДАРЫНДА**

Қазақстанның тарихы мен географиясын, этнографиясын және мәдениетін зерттеуде Ресей ғалымдарының сіңірген еңбегі зор болды. Ресей зиялы қауымының Қазақстан аумағына саяси себептермен жер аударылып келген өкілдері көптеген ғылыми еңбектер жазып қалдырды. Олар, әрине, әр түрлі кәсіп пен мамандық иелері – ақын-жазушылар, тарихшылар, географтар, әскери қызметкерлер мен дәрігерлер болатын. Дегенмен, олар қазақ өлкесін отарлау саясатын ғылыми тұрғыдан негіздеуге де ішінара қызмет еткенін жоққа шығара алмаймыз. Олардың бірқатары орыс географиялық қоғамының айналасына топтасқан болатын. Орыс географиялық қоғамы жинақтаған материалдар қазақтардың тұрмыс-тіршілігі мен салт-жоралғылары, рухани және материалдық мәдениетінің айшықты қырларынан мол мұралық мәліметтер қалдырған.

1902 жылдың 21 ақпанында әскери губернатор А.Ф. Карпов Орыс географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің төрағасына Семейде бөлімше ашу туралы тағы да өтініш түсіреді. Содан 31 наурызда (13 сәуірде) Семей бөлімшесі ресми түрде ашылады. Ол жөнінде В.Ф. Семенов еңбегінде былай деп жазады: «Семипалатинский подотдел официального открыт на неделю позднее алтайского – 31 марта (13 апреля) 1902 г. Возник он из кружка краеведов, группировавшихся около местного областного статистического комитета, секретарем которого Н.Я. Коншиным еще в 1898 г. был поднят вопрос об открытии подотдела. Потребность в исследовательском научном обществе в Семипалатинске была велика и почва к его возникновению так подготовлена, что подотдел уже при открытии имел 97 членов – учредителей» [1].

Негізінде, оны ашу мәселесі 1898 жылы қозғалған болатын. Статистикалық комитеттің хатшысы болған Н.Я.Коншин «Семей облыстық ведомствосы» газетіне осы облыстың аса бай табиғи байлығын, археологиялық, архивтік, этнографиялық тарихын зерттеуде географиялық қоғам бөлімін ашу өте қажеттігін айтып, мақала жариялайды. Бұл мақалаға Семей облыстық әскери губернаторы А.Ф.Карпов көңіл бөліп, бөлімше ашу жөнінде Орыс Географиялық қоғамының вице-президенті П.Семеновқа хат жолдап, көмек сұрайды.

Императорлық Орыс Географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесі ресми түрде 1902 жылдың 13 сәуірінде қоғамдық мәжіліс үйінде көпшіліктің қатысуымен салтанатты түрде ашылып, онда Комитет секретары Н.Я.Коншин сөз сөйлеп, комитет мүшесі Ф.К.Зобнин «О рабстве в киргизской степи» деген баяндамасын оқыды.

Семей бөлімшесін ашу қажеттілігін негіздеуді бөлімнің ашылуына көп күш жұмсаған А.Ф. Карповтың хаттарынан білуге болады. 1900 жылы Семейде географиялық бөлімше ашу мәселесінің шешілгендігі туралы батыс Сібір бөлімінің төрағасы Шмидтің хатына жауабында: «Лежащая вдали от всяких культурных центров, Семипалатинская област занимает громадное пространство около 450 тыс. кв. верст, с большим разнообразием природных условий и наименее рахнообразным составом населения. Как природные условия области, так и жизнь населения, особенно инородческой его группы (киргизы и татары) до настоящего времени изучены крайне мало. А между тем это занимает, помимо высокого научного интереса было бы особенно ценно теперь, когда наша окраина, судя по многим признакам, переходит в новый момент жизни в виду этого возникает ряд вопросов, требующих очень осторожного решения...» [2]- деп Карпов өлкені зерттеудің маңыздылығын барынша негіздеуге тырысады. Шын мәнінде, орыс географиялық қоғамы да басқа зерттеу мекемелері секілді Қазақстанның әр аймағын табиғат байлығы есебінен кең ауқымда зерттеп, қазақ даласының Ресей экономикасына қосар үлесін бас мүдде санағаны белгілі.

Бөлімшенің ең алғашқы төрағалық қызметін Н.Ф.Ницкевич, ал іс жұмысын Н.Я.Коншин басқарады. Бұл бөлімнің ашылуына жергілікті оқыған ғалымдармен қатар, Семейге жер аударылып келген Е.П.Михаэлис, С.С.Гросс, А.Л.Блэк, А.А.Леонтьев белсене атсалысып, зерттеулер жүргізіп, этнографиялық құнды материалдар жинап, ғылыми еңбектер, мақалалар жазады.

Бөлім деп атап отырғанымыз алғашында бөлімше жалпы жиынның шешімімен 1928 жылдың 8 мамырында Орыс географиялық қоғамының Бөлімі деп атала бастады. Осылайша, Семей географиялық бөлімі зерттеу жұмыстары, дәрістер оқу, баспа ісі, ғылыми кітапхана жасақтау, мұражай және метеорологиялық станция жабдықтау сынды бағыттарда жұмыс жасай бастады.

Орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің жұмысы барысында жинақталған

тарихи, этнографиялық, археологиялық материалдар негізінен «Записки» басылымының беттерінде жарияланып отырды. Аталмыш басылым 1903 жылдан бастап 1919 жылға дейін жарық көріп отырды. Басылым беттерінде жарық көрген тарихи және этнографиялық еңбектер қатарында діни қызметте болған Б.Г.Герасимовтың «Из мира легенд недавнего прошлого» (1909), «В долине Бухтармы» (1911), «Первые осёдлые засельщики Кокпектинского округа» (1914); Н.Я. Коншин очерктерінен «К истории Каркаралинского и Аягузского округов в 30-х и 40-х гг. XIX столетия» (1903) және «К истории открытия Кокпектинского округа» (1905) Я. Акпаев мақалаларынан «Наброски по обычному, в частности брачному праву киргизов-казаков» (1907) және В. Плотниковтың «Песни казаков Сибирского казачьего войска» (1909) атты шығармаларды ерекше атап өтуге болады.

Бөлім Семей облысындағы ең алғашқы өлкетану орталығы болып, өлкеде географиялық, археологиялық, геологиялық, тарихи, статистикалық зерттеулер жүргізіп ғылым саласын аса құнды мәліметтермен қамтамасыз етті. Жоғарыда атап өткеніміздей, бөлімше ғылыми кітапхана ашуда да көп жұмыстар атқарды. Географиялық қоғамның Семей бөлімшесіне мүше болған В.Ф.Семенов, Ф.Н.Педашенко, В.Бенкевич, Ф.К.Злобин өлкенің географиялық жағдайы, осы жерлерге орыс шаруаларының қоныстанып, егіншілікпен айналысуы, әр түрлі пайдалы қазбалары, ежелгі тарихи ескерткіштер, мал шаруашылығы жөнінде зерттеулер жүргізіп, ғылыми еңбектер жазған. Бірқатар зерттеулерде бөлімшеге қазақ зиялылары да мүше болғандығы айқын жазылып жүр. Мысалы, Р.Мәрсеков, Н.Құлжанова, Ж.Ақбаев, Ш.Құдайбердіұлы, Ә.Бөкейханов т.б. бөлімше жұмысына белсене араласқан. Әсіресе, Әлихан Бөкейханов Абайдың көзі тірісінде оның ақындық шеберлігін жоғары бағалап, Ресей Географиялық қоғамы шығарған кітапқа енгізеді. Абай қайтыс болғаннан кейін де Семей географиялық бөлімі шығарған «Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского Императорского русского географического общества» кітабының III шығарылымында басылады.

1886 жылы 4 мамырда Орыс Географиялық қоғамының Семей бөлімшесіне Ұлы Абайдың өзі де мүше болып тіркелгендігі туралы мәліметтер бар [2, бб.]. Абайдың шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлы да осы қоғамның толық мүшелігіне өтті. Бөлімше жанынан қоғам жұмысын көпшілікке насихаттайтын «Записки

Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела императорского русского географического общества» деген ғылыми еңбектер шығып, 1925 жылға дейін оның 15 томы жарық көрді. Осы жинақтың 1907 жылғы 3-басылымында Ә.Бөкейхановтың «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты сегіз беттік қазанамасы жарияланып, орыс еліне алғаш рет таныстырды [3]. 1914 жылы қаңтардың 26-да Семейде жергілікті географиялық бөлімшесінің, ондағы қазақ жастарының жәрдемімен Абайдың қайтыс болуына 10 жыл толуына байланысты әдебиет кеші ұйымдастырылып, қазақтан шыққан алғашқы білім қайраткері Нәзипа Құлжанова Әлихан Бөкейханов жазған Абайдың тұңғыш ғұмырнамасын, ақын өлеңдерін оқыды.

Біз үшін әсіресе, бөлім жұмысы барысында жинақталған этнографиялық материалдардың маңызы ерекше. Этнографиялық мәліметтердің жинақталуына ықпал еткен тұлғалардың бірі, қарапайым мұғалім – Нәзипа Сегізбайқызы болады. Күнделікті мұғалімдік қызметпен ғана шектелмеген мұғалім, қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтау, музыкалық фольклорына көңіл бөлу, қала өміріндегі маңызды мәдени-ағартушылық шаралардың жүзеге асуы жағына баса назар аударады. Нәзипа Сегізбайқызы мен Нұрғали Құлжанұлы Орыс Географиялық қоғамының Семей бөлімшесіне қызметкер-мүше болып 1913 жылдың 25 қыркүйегінде жалпы жиналыстың шешімімен сайланған [4]. Әсіресе, Императорлық Орыс География қоғамы Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің есебіне қарағанда 1914 жылдың 1 қаңтарында барлығы 137 мүше болған. Оның төртеуі құрметті мүше, 113-і толық мүше, 20-сы қызметкер-мүше болған [5]. А.Т.Селкебаеваның келтірген мәліметтері бойынша, 1902-1927 жылдар аралығында Семей бөлімінде 700-ден астам адам мүше болып, олардың ішінде құрметті мүшелікке 9 адам өткен, ал нағыз мүшелері 600, қалған 100 адам қызметкерлер болды. 1927 жылдың 1 қаңтарына қарай бөлімде 102 мүше тіркелген, олардың 6-уы құрметті, 72-сі нағыз және 21-і жай қызметкер болды [6].

Бөлімнің зерттеу бағытындағы жұмыстары экспедициялар арқылы жүзеге асырылып, жекелеген зерттеушілердің ерекше қызығушылығының нәтижесінде көптеген тың дүниелерді қалыптастырды. Жинақталған материалдар, қажет деңгейде өңделгеннен бөлім мүшелерінің ортақ жиналыстарында ортаға салнатын. Көптеген жағдайда арнайы дәрістерде оқытылған болатын. 1902 жылдың

13 сәуірінен 1927 жылдың 1 ақпанына дейін мүшелер тарапынан тікелей Семей өңіріндегі зерттеулер нәтижесіне қатысты 431 ғылыми баяндама жасалып, дәрістер оқылған. Зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне қысқаша талдау жасар болсақ, Н.Я.Коншин мұрағаттарды зерттеумен айналысқан. Оның жинақтауы мен талдауы нәтижесінде Далалық өлкеге қатысты мол мұра жарық көрген. Сонымен бірге, ол Семей өлкесінің тарихи ескерткіштері туралы да материалдар жинақталған. Н.Я.Коншин «История одного киргизского джута», «О политической неблагонадежности Семипалатинских чиновников» сынды еңбектердің авторы. Ал, Михаэлес пен профессор В.А.Обручев Семей құмдарының түзілуі мәселесін зерттеп, нәтижесінде бұл құмдардың шеттен келгендігі туралы қорытынды жасаған [7].

Профессор Б.П.Вайнберг Семей губерниясы аймағында Ертіс бойына магниттік түсірілім жасап, ауытқушылықтар жоқтығын айқындаса, В.Ф.Семенов Семей губерниясының бірқатар жерін ботаникалық тұрғыдан қарастырған. Ф.Н.Педашенко Семей қаласы маңына археологиялық зерттеулер жүргізіп, ежелгі дәуірге тән тас, темір және алтын бұйымдарынан бай мол мұра жинақтаған. Ал, В.А.Брюханов Семей уезіндегі Қрңыр әулие үңгіріне археологиялық сипаттама берген. Тау инженерлері П.В.Приходько мен В.К.Владимирскийлер өлкедегі теміржол мәселесімен айналысса, Л.П.Степанов, Я.Я.Попов, П.А.Соломин Семей метеорологиялық станциясында бақылау жұмыстарын жүргізген. В.Бенкевис қазақтардың мал шаруашылығын зерттеп, оны жетілдіру жолдарын қарастырған.

Осылайша жоғарыда аталған бағыттар бойынша қарқынды жұмыстар жүргізген Семей географиялық бөлімшесі Семей өлкесі мен оған жақын аймақтарға қатысты тарихи тұрғыдан деректік маңызы зор тың мәліметтер беріп қана қоймай, тарихи жәдігерлердің жинақталуына ықпал еткен.

Мәліметтерге сүйенсек бөлім өз жұмысы барысында 1914 жылдан бастап этнографияға деген қызығушылықты арттыру мақсатында этнографиялық кештер ұйымдастыруды дәстүрге айналдырғанын байқаймыз. Мысал келтірер болсақ, 1919 жылы 12 қаңтарда Г.Н.Потаниннің этнографиялық мұралдарына басымдылық берген Потаниндік кеш, 1924 жылы 14 қаңтарда сібірлік композитор А.В.Анохиннің шамандық материалдар мен алтай әндерінен жинақталған Алтай музыкасы кеші, 1924 жылы 30 тамызда Бірінші Семей

губерниялық Өлкетанушылық конференциясына арналған халық әндері айтылған этнографиялық кештерді ерекше атап өтуге болады [8].

Тұрмыстық хақыда мысал келтірер болсақ, бұл өңірде балық аулау негізгі кәсіп болмағанымен малынан айырылған халықтың кедей бөлігі күн көріс арқауы еткен. Әсіресе, Зайсан, Қыран, Марқакөл, Ертіс бойында қоныстанған қазақтар балық аулаумен айналысып, оны тамаққа да пайдаланатынын бөлім материалдарында айтылған [9]. Сол кездегі балық аулауға байланысты деректер өте аз болғанымен аулаудың қарапайым түрлерін қолданғанға ұқсайды. Балық аулауға бақан, кәдімгі таяқтар, ілгектерді пайдаланды және «балықты айдап» келіп, үлкен аулармен сүзіп алған. 1910 жылы Зайсан уезінде 1343 пұт балық ауланып, 2448 сомға сатылса, Өскемен уезінде осы жылы 570 пұт балық ауланып, 900 сом ақшаға сатылған. Барлығы осы екі уезде 1913 пұт балық ауланып, 3348 сомға сатылған.

Негізінен әйелдер айналысатын үй ішілік кәсіп, қолөнер о баста тұрмыстық бұйымдар мен қарапайым құрал-жабдықтар жасау мақсатына бағытталған тұрмыстық қажеттіліктен туған және көшпелі ортада қосалқы кәсіпшілік деңгейінде ғана дамығаны мәлім. Өйткені, көшпелі тұрмысына, кәсібіне байланысты әр ауылда, әулетте ағаш, тері бұйымдарымен шұғылданатын өз шебері, ұстасы, зергері, т.б. болды және олар сол қауымның қажеттілігін ғана өтеп отырды. Ағаш өңдеу өнерінің ішіндегі аса іскерлік пен еңбекті талап ететін түрі – киіз сүйегін жасайтын үйшілер кәсібі өңірде ерекше мәнге ие. Зайсан қазақтарының XIX ғ. екінші жартысында I Николайдың баласына сыйлаған

киіз үйді академик Ә.Марғұлан нағыз өнер туындысы деп бағалаған (Алматы, 1986). Осы аймақтан шыққан Нұрыш деген шебердің көрмеге дайындаған киіз үйін ел тамсана сөз еткен.

Қолөнер туындысының бірегейі қазақ ертұрманының «найман ері» аталатын түрі жалпы пошымы, әшекейлену және өңделу тәсілдері ерекше болып келеді. Бұл ерлердің қасы да етегінен жоғары қарай қушия көтеріледі де, дәл төбесі дөңгеленіп бітпей, үсті түзуленіп, иығы бұрышталып шабылады. Артқы қасы алдыңғысына қарағанда кейін қарай сәл ғана көлбеу орналасады.

Қорыта келгенде, Семей бөлімшесі жұмыс істеген мерзімде 700 мүшесі болып, далалы өлке тарихынан, мәдениетінен, этнографиясы, археологиясы мен қазба байлықтарынан тарихи баға жетпес құнды ғылыми мұра қалдырды.

Бұл бөлім Шығыс Қазақстан, Павлодар, Семей облыстарының географиясы, тарихы, этнографиясы, қазба кен байлықтары, мәдениеті туралы тың деректер беріп, аймақтың дамуына үлкен әсер етті. Бөлім жұмысы тек этнографиялық материал жинақтаумен шектелмегенін көреміз. Физика географиялық салада бөлім, география, гидрография, геология, климатология, минералды бастаулар мәселеіне көңіл бөлсе, биология саласында шаруашылыққа, өсімдік әлеміне зиянды заттарды зерттеуге мән берген. Ал, экономика саласында пайдалы қазбаларды, ауыл шаруашылығын игеруге баса назар аударған. Тарихи этнографиялық салада этнография, тарих, археология, фольклор мәселесіне ерекше ден қоя отырып көптеген естеліктер мен ескерткіштер жинақтаған.

Әдебиеттер

- 1 Семенов В.Ф. Очерк пятидесятилетней деятельности Западно-Сибирского отдела Государственного Русского Географического общества (1877-1927).—Омск, 1927. —140 с.
- 2 Белгібаев М. Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесі//География және табиғат. – 2004. – № 3. – 5-16бб.)
- 3 Әділбекқызы Ж. Семей Орыс Географиялық Қоғамы және қазақ зиялылары// Абай.-2004.- №1.
- 4 Кәрібжанова Г. Н.Құлжанова және Ресей географиялық қоғамы // Қазақ тарихы.-2003.-№3.-21-23 б.
- 5 Императорлық Батыс Сібір Орыс Географиялық Қоғамының Семей бөлімшесі.- Семей, 2002.- 8 б.
- 6 Герасимов, Б. Двадцатипятилетие Семипалатинского Отдела Государственного Русского Географического Общества. 1902-1927 годы [Текст] / Герасимов Б. – Кызыл-Орда : Издание Общества Изучения Казахстана, 1927. – 20 с., Селкебаева А.Т. Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы Қазақстанды зерттеу қоғамы: құрылуы мен қызметінің тарихы (1920-1936 жж.) Алматы, 2007
- 7 Касымова Г.Т. К 105-летию Семипалатинского подотдела Западносибирского отдела Русского Географического общества //www.sibistorik.narod.ru
- 8 Герасимов, Б. Двадцатипятилетие Семипалатинского Отдела Государственного Русского Географического Общества. 1902-1927 годы [Текст] / Герасимов Б. – Кызыл-Орда : Издание Общества Изучения Казахстана, 1927. – 20 с.
- 9 Записки Семипалатинского Отдела Государственного Русского Географического Общества: вып. XVI. – Семипалатинск, 1927. – 194 стр.

References

- 1 Semenov V.F. Oчерк piatidesiatiletnei deiatelnosti Zapadno-Sibirskogo otdela Gosudarstvennogo Russkogo Geograficheskogo obshestva (1877-1927).–Omsk, 1927. –140 s.
- 2 Belgibaev M. Orys geografiialyk kogamynyn Semei bolimshesi//Geografiia zhane tabigat. – 2004. – № 3. – 5-16bb.)
- 3 Adilbekkyzy ZH. Semei Orys Geografiialyk Kogamy zhane kazak ziiialylary// Abai.-2004.- №1.
- 4 Karibzhanova G. N.Kulzhanova zhane Resei geografiialyk kogamy // Kazak tarihy.-2003.-№3.-21-23 b.
- 5 Imperatorlyk Batys Sibir Orys Geografiialyk Kogamynyn Semei bolimshesi.- Semei, 2002.- 8 b.
- 6 Gerasimov, B. Dvadsatipiatiletie Semipalatinskogo Otdela Gosudarstvennogo Russkogo Geograficheskogo Obshestva. 1902-1927 gody [Tekst] / Gerasimov B. – Kyzyl-Orda : Izdanie Obshestva Izucheniia Kazakhstana, 1927. – 20 s., Selkebaeva A.T. Kazakh AKSR Halyk agartu komissariaty zhanyndagy Kazakhstandy zertteu kogamy: kuryluy men kyzmetinin tarihy (1920-1936 zhzh.) Almaty, 2007
- 7 Kasymova G.T. K 105-letiu Semipalatinskogo podotdela Zapadnosibirskogo otdela Russkogo Geograficheskogo obshestva //www.sibistorik.narod.ru
- 8 Gerasimov, B. Dvadsatipiatiletie Semipalatinskogo Otdela Gosudarstvennogo Russkogo Geograficheskogo Obshestva. 1902-1927 gody [Tekst] / Gerasimov B. – Kyzyl-Orda : Izdanie Obshestva Izucheniia Kazakhstana, 1927. – 20 s.
- 9 Zapiski Semipalatinskogo Otdela Gosudarstvennogo Russkogo Geograficheskogo Obshestva: vyp. XVI. – Semipalatinsk, 1927. – 194 str.

8-бөлім
ЖАҢА КІТАПТАР

Раздел 8
НОВЫЕ КНИГИ

Section 8
NEW BOOKS



Б. К. ҚАЛШАБАЕВА

ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫ



Алматы 2019

840 б. құрамы

***Бейсегулова А.К., Солтиева Б.Ш.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: aika_n75@mail.ru

**ҚАЗАҚ
ДИАСПОРАСЫНЫҢ
МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫНА
БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰНДЫ
ОҚУ ҚҰРАЛЫ ЖАРЫҚ
КӨРДІ**

Биылғы оқу жылында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасынан тарихшы, этнолог, музейтану, мәдениеттану салалары бойынша дайындалатын маманданушыларға т.ғ.д., этнограф Б.К. Қалшабаеваның «Қазақ диаспорасының мәдени мұралары» атты оқу құралы жарық көрді. Бұл оқу құралы тек студент, магистрант және докторанттарға ғана емес, сонымен қатар шеттегі отандастарымыз мәдениетіне қызығушылық танытып отырған қалың оқырманға қажет құнды дүние.

Біздің «Археология және этнология», «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандықтарында элективті пән ретінде оқылатын «Қазақ диаспорасының тарихы мен мәдениеті», «Қазақ диаспорасы мен репатрианттарының зерттелу мәселелері», «Қазақ халқының салт-дәстүрлерін зерттеу мәселелері», «Қазақ халқының рухани мәдениеті», «Қазақ халқының материалдық мәдениеті», т.б. пәндерге де қажетті оқу құралы деуге болады.

Б.К. Қалшабаеваның аталған оқу құралы бір кездері тарихтың тәлкегімен шетелдерге ауған қазақтардың этномәдени мұралары: қолөнері, баспанасы, киімі, тағамтану мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері элементтерінің сақталуы мен ерекшеліктері қарастырылады. Қандай да бір этникалық топ болмасын макроэтностың қоршауында отырғанда өзінің ұлттық болмысын өзгертеді. Осыған байланысты оқу құралында тарихи Отаннан тыс жерлерде өмір сүріп жатқан қандастарымыздың бүгінгі кезеңде дәстүрлі мәдениетінің сақталуы өзгерісі яғни бөгде этникалық ортадан сіңірген мәдени элементтер сарапталды. Оқу құралының мазмұнындағы материалдардың негізгі бөлігі автордың отандастар арасына барып өзі жинаған далалық материалдар негізінде жазылған.

Оқу құралы: кіріспе, алты тараудан және екі қосымшадан тұрады. Бұл тарауларда Орталық Азия қазақтарының, Түркия қазақтарының, Иран және Ауғанстандағы, Ресей федерациясындағы, Қытай және Моңғолия қазақтарының мәдени мұралары, соның ішінде қолөнері, материалдық мәдениеті, баспана түрлері мен құрылыс ерекшеліктері, ұлттық киім үлгілеріндегі ерекшеліктер, ас тағам мәдениетіндегі ерекшеліктері, Отбасылық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің сақталуы мен ерекшелігі, отбасылық қатынастары мен үйленуге байланысты әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері, бала туу және оны тәрбиелеудегі дәстүрлі

мәдениеті, марқұмды әрулеу және артын күтуге байланысты дәстүрлері кеңінен зерделенеді. Сонымен қатар, екі қосымшада автор Отандастарымыздың мәдени мұралары: қолөнер бұйымдары, ұлттық киім үлгілерінің түрлерін өзі түсірген сурет- иллюстрация негізінде береді.

Автор оқу құралын әзірлеудің талабына сәйкес әр тараудан кейін пысықтау сұрақтары мен пайдаланатын әдебиеттерді де енгізген.

Оқу құралының кіріспесінде диаспора, репатриант ұғымдарына түсінік бере келе, олардың қандай тарихи жолмен осылай аталуының себебіне де тоқталған.

Жоғарыда көрсетілгендей ғалым әлемнің 40 тай елінде тұрып жатқан қазақтардың әсіресе ең ірі ауқымды қамтылған елдеріндегі қандастарымыздың мәдени мұраларына кеңінен тоқталады. Бұл әрине Орта Азия, Қытай, Моңғолия, Ресейдегі қазақ репатрианттары. Қазақ диаспораларының ішінде саны жағынан басымы осы елдерде екені мәлім. Сондай-ақ автор осы елдерде қазақтардың жоғалып бара жатқан дәстүрлеріне де кеңінен тоқталады. Себебі ежелгі салт-дәстүріміздің қаймағы бұзылмай сақталып отырған репатрианттардың көлемді шоғыры қытай және моңғол жерінде өсіп-өніп отыр. Халқы көп шоғырланған елдерінде өзінде қазақтар тілін, дінін, салт-дәстүрін, материалдық, рухани мәдениетін жоғалтпай берік ұстап отырғанына мысалдар келтіреді. Мысалы, қазақтардың баспанасы киіз үйді осы қытай және Моңғолия жерінде қазақтары әлі күнге дейін тұтынудан қалдырмағанын айтады.

Автор бүгінде ұмыт бола бастаған Моңғолия қазақтары киіз үйінің жасалу технологиясын, оны басу және киізге қолданатын түс жөнінде де жан-жақты көрсетеді. Мәселен, киіз үйді көбінесе ақ жүннен жасайды, себебі, бірыңғай кара түс қайғыға әкеледі, деп қараны ақпен, қызыл жүнмен араластырып отырған. Сондай ақ, қазіргі кезде Моңғолиядағы қазақ киіз үйлерінің ең үлкені жүз басты кереге, жүз уық, жүз көзді шаңырақ, ең кішісі алпыс бес басты кереге, алпыс бес уық, алпыс бес көзді шаңырақ, үлкен үйлердің уығының ұзындығы он сегіз қарыс (қолмен өлшегенде) болып келеді. Қазақ қашанда ағаш үй біткен күні кереге майласа, киіз басқан күні шашу шашылады, т.с.с. қазақтың ертеден келе жатқан дәстүрлі мәдениетінің сақталғандығына назар аударады.

Сонымен қатар Орта Азия қазақтары баспанасына жазу барысында да автор сол жердегі өзгерістерге кеңінен тоқталады. Онда: Өзбекстан қазақтарының тұрғын жайының бірі шым үйлер болған. Оны шымы көп жерден бір үйге жетер-

лік етіп тік бұрыш етіп кесек – кесек ойып үстіне қалап, қабырға тұрғызады. Шымнан соғылған үйлер іргетассыз (фундаментсіз) төрт бұрыш етіліп салынады. Жанұяның санына байланысты олар екі бөлмеден тұрады. Үйдің төбесіне ұзына бойы қойылатын бөрене ағашты Өзбекстандағы қазақтар «қары» – деп атаса, ал түрікмен халқы «әшек арқасы», – деп атаған. Өзбекстандағы қазақтар үйдің төбесін жабарда «қары көтерер» деген ырым жасап, ағашты көтерген адамға шапан, орамал береді. Міне, мұнда автор Орта Азиядағы қазақтардың баспана тұрғызудағы ерекшеліктерін көрсетеді. Сол сияқты Орта Азия және Еділ бойы халықтарындағы балшықтан жұмбаздап үй салу әдісін қазақтар да қолданғандығын айта келіп, ондай үйлер ХІХ ғ. ІІ жартысындағы Ташкент уезінің Жәлелтөбе, Қошқорған, Ғаибата, Тойтөбе болыстықтарындағы ауқатты жанұяларда кездесетіндігін көрсетеді. Орта Азия елдері және Қазақстанның түркітілдес халықтарында киіз үй құрылысы, олардың жасалу жолдары және оның сүйектерінің атаулары туырлықтың, т.б элементтері ұқсас болып келеді. Орта Азия елдері және Қазақстан халықтарының заттай мәдениетіндегі мұндай ортақтық халықтардың этногенетикалық түп тамырының бірлігі екендігіне де назар аудартады.

Ал енді, Түркия, Ресей, Иран, Ауған жерінде қазақтардың мәдениеті қазіргі сол елдердің мәдениетін әбден сіңірген десек болады.

Жалпы алғанда, Б.К. Қалшабаева оқу құралында шеттегі қазақ диаспорасының дәстүрлі мәдениетін жергілікті халық пен төл халқымыздың мәдениетімен салыстыра отырып жазады. Бұл жұмыстың ұтымды жағы, осылай салыстырмалы зерттеу барысында біз өз халқымыздың мәдениетінің сақталуы мен өзгерісін, халқымыздың түп қазығынан ажыраған не ажырамағанын сараптай аламыз. Оқу құралының тілі шұрайлы, оқырман қауымның дүниетанымын кеңейту барысында құнды мәліметтер алары сөзсіз.

Қазіргі кезеңде өзекті мәселенің бірі болып отырған осы шеттегі қазақ диаспорасы мен репатрианттарының Отанынан келуі, ділі, діні, салт-дәстүрлері мен мәдениеті екені сөзсіз. Сондықтан бұл оқу құралы сол мәселені шешуші факторының аз ғана бөлігі болмақ. Алдағы уақытта әлемнің басқа елдерінде тұрып жатқан қазақ диаспорасы мен репатрианттарының мәдени мұраларын толық қамтитын оқу құралының шығуына атсалысуымыз керек. Егеменді еліміздің болашақ жастары үшін бұл оқу құралы құнды дүние деп санаймыз. Тек автордан сұрарымыз болашақта бұл оқу құралы тағы да толығырақ деген тілек бар.

9-бөлім
ҒЫЛЫМИ ӨМІР

Раздел 9
НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ

Section 9
SCIENTIFIC LIFE



**ДАЛАЛЫҚ
АРХЕОЛОГИЯНЫҢ
ДАРАБОЗ
САЙЫПҚЫРАНЫ
(«VII Оразбаев оқулары»
халықаралық
ғылыми-тәжірибелік
конференциясынан)**

2015 жылдың 28-29 сәуір күндері Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археология, этнология және музейтану кафедрасымен бірлесіп, Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына және Қазақстан халықтары Ассамблеясының 20 жылдығына арналған «Қазақстан археологиясы мен этнологиясы: өткені, бүгіні және болашағы» тақырыбында «VII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Конференцияның ашылу салтанаты Ұ.Ұ. Үмітқалиевтің «Қазақ археологиясындағы Ә.М. Оразбаев тұлғасы. Монографиясы» мен «Халел Арғынбаев. Өнегелі өмір» еңбектерінің тұсаукесерімен ашылды.

Көрменің салтанатты ашылуында сөз алған кітап авторы Ұ.Ұ. Үмітқалиев тебірене «Қазақстан археологиясы мен этнологиясы мен үшін құстың қос қанаты іспетті» деп айтқан тұжырымының терең мәні бар. Бұл үрдістің терең тамырына көз жіберсек, ғұлама Әлкей Марғұланның мектебінен шыққан археолог-зерттеушілердің білікті ұрпағының күш-жігерімен далалық археологиялық зерттеулер әдістемесінің қазіргі қазақстандық мектебінің негізі қаланды. Сол мектептің белді өкілі – археолог Ә. Оразбаев.

Өмірбаян беттерінен: Ә. Оразбаев 1941 жылы ҚазМУ-дың тарих факультетіне оқуға түсті. Ұлы Отан соғысының қатысушысы. 1946 жылы әскерден оралып, ҚазМУ-дағы оқуын одан әрі жалғастырды, осы оқу шаңырағынан Ленинград университетінің археологиялық бөлімшесіне ауыстырылды. 1953 жылдан бастап ҚазКСР ҒА Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтының аспиранты. 1958 жылы «Қола дәуіріндегі Солтүстік Қазақстан» атты кандидаттық диссертациясын қорғады. Оның ұзақ мерзімдік ғылыми қызметіндегі зерттеулерінің басты тақырыбы қола дәуіріндегі тайпалардың материалдық мәдениетінің және ертедегі көшпелілер ескерткіштерінің тарихымен байланысты.

Ә. Оразбаев әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология және этнология кафедрасының негізін салушы, бұл кафедра бүгінде – елімізде археология және этнология саласында білікті мамандарды даярлау жөніндегі жалғыз орталық болып табылады. Ол 45 жылдық экспедициялық зерттеулер жүргізу кезінде Солтүс-

тік Қазақстан археологиялық экспедициясын басқарды (1954, 1960-1965, 1967). 1968 жылы Батыс Қазақстанда жұмыс істеді. 1957, 1961-1963, 1972, 1974 жж. Ә.Х. Марғұланмен бірге Орталық Қазақстанда жұмыстар жүргізді. 1965 жылы А.М. Оразбаев «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» іргелі монографиясы авторларының бірі ретінде ҚазКСР ҒА Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болды. 1958, 1985-1988 жж. Шығыс Қазақстан, ал 1989, 1990 жылдары Семей археологиялық экспедицияларын басқарды.

Ә.М. Оразбаев Солтүстік Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерінің дәуірленуі зерттемесін әзірлеген. Мәселен, ол К.В. Сальников зерттемелерінен кейін, андрон мәдениеті дамуын дербес және өзіндік мәдениеті бар мынадай үш кезеңге: федоровтық, алакөлдік, сондай-ақ зама-раевтық деп бөліп қарастырды. Көрмеде Ә.М. Оразбаев зерттеген жоғарыдағы көптеген археологиялық ескерткіштер тобынан Қазақстан қола дәуірінің: Бұғылы, Шортанды-Бұлақ, Чаглинка қоныстарын, сондай-ақ, студент Ә. Оразбаев және басқалар қатысқан, Материалдық мәдениет Институты Ленинград бөлімшесі (ММИЛБ) мен ҚазКСР ҒА 1947-1949 жж. С.С. Черниковтың басшылығымен ұйымдастырылған Шығыс Қазақстан экспедициясының жәдігерлері тамашаланды.

Аталмыш конференция аясында «Қазақстан қола дәуірінде (б.з.д. XVIII-IX ғғ.)» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің археологиялық қоры бойынша» атты көрме ұйымдастырылды. Көрмеде Қазақстанның әр аймағының қола дәуіріндегі артефактілері – қыш, тау-кен ісі мен мыс қорыту өндірісінің құрал-жабдықтары, егін шаруашылығы мен үй тіршілігі құралдары, қару-жарақ саймандары, ат әбзелдері, әшекейлер мен бойтұмарлар, сондай-ақ монументтік өнер – петроглифтер көрсетілген. Соның ішінде қазіргі отандық археологияның негізін қалаған белгілі қазақстандық ғалым Ә.М. Оразбаевтың жинақтаған археологиялық жәдігерлері қойылған.

Көрменің ашылуынан соң конференция жалпы археология, этнология, музей ісі және жас ғалымдар секциялары бойынша жұмыс істеді. Конференция жұмысына қатысуға 150 ұсыныс түсті, оның 137-сі қабылданып, 12 ғылыми мақалалар тыңдалды. Конференция жұмысына археолог, этнограф, тарихшы ғалымдар, мәдениеттанушылар, отандық зерттеушілер және Украина, Түркия, Ресей, Молдова, Қырғызстан және Өзбекстан, Моңғолиядан келген гуманитарлық ғылым салаларының мамандары, сонымен қатар ЖОО

және республика музейлерінің ғалымдары мен мамандары қатысты.

Конференцияда қазіргі археология, этнология және музей ісінің теориялық және методологиялық аспектілері, Еуразиядағы тас дәуірінің нәтижелері мен өзекті мәселелері, ежелгі және ортағасырлық көшпелілердің материалдық және рухани мәдениеті, сондай-ақ Қазақстанның ортағасырлық қалалары мен оған іргелес аймақтардың кенттендірілуі, оқшауландырылуы және материалдық мәдениеті талқыланды.

Мұнан соң конференцияға қатысушы ғалымдар өздерінің көкейкесті ғылыми ұстанымдарын бөлісіп, ортаға салды.

Пленарлық отырыстың төрағасы, ҚР МОМ директоры, профессор Нұрсан Әлімбаев «Қазақтың әдет-ғұрыптық құқығының терминологиялық мәселелері: Этнокогнитологиялық аспект» баяндамасында тарихи құндылықтармен қатар табиғи ескерткіштерді де бүлдіру кең етек алып отырғанын айтты. «Бұл шетел заңнамаларында қылмыстық іске пара-пар, оның арнайы баптары да бар. Бізге де осындай қарарларды қабылдау қажет. Өйткені табиғатты бүлдіру, әсіресе петроглифтерді бүлдіру немесе «қара археологтар» деп аталатын, ұрланып қазба жұмыстарын жүргізетіндер көбейіп кеткендіктен құқықтық нормативтердің қабылдануы тиіс», – деп атап өтті сөз иесі. Сондай-ақ, ғалым өз зерттеуінде дәстүрлі қазақы ортадағы құқықтық қатынастың мазмұнын, мән-мағынасын, оның институционалдық жүйесінің құрылымы мен функционалдық табиғатын, яғни жүзеге асырылу механизмін білдіретін негізгі категориялар, ұғымдар мен атаулардың мән-жайын, музейде олардың жинақталып шығарылған 5 томдық энциклопедиясы туралы айтты. Сондай-ақ, қазақ этнологиясындағы үлкен проблемаларға, соның ішінде әдет-ғұрыптық проблемаларға қатысты тың идеялар мен концепцияларды қаузады.

Мұнан соң Ресейден келген тарих ғылымдарының докторы, профессор Ю.С. Худяков өзінің «Вооружение и военное искусство древних номадов саяно-алтаяв скифское время» мақаласында тарихи-этнографиялық проблемаларды көтерді. Бір кездердегі көшпелілердің қару-жарағы мен әскери ісіне қатысты тұжырымды баяндама жасады. Түркия елінен келген тарих ғылымдарының докторы, профессор Қылын Тікая Мехмед бүгінгі замандағы, яғни жаңа замандағы ұлт мәселесі, идентификация проблемаларына арнайы тоқталды. Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Арман Бейсеновтың

зерттеулерінде археологиялық дәуірлердің жаңа кезеңдерге бөлгендегі көзқарастары, екіншіден ел аумағындағы ескерткіштердің бүгінгі жай-күйінің есепке алынуы, ортақ бір деректік база құру, мемлекеттік тізім (реестр) жасау мәселелері қамтылды.

Түркістан қаласының Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы М. Қожаның «Новые данные о культовых сооружениях г. Туркестана» мақаласында консервация мәселелері көтерілді. Талай ғасырдың куәсі болған тарихи ескерткіштерімізді қалпына келтіру жұмыстарының жүйелі жүргізіліп тұру қажеттігі, оның ішінде Әзірет Сұлтан кесенесін қалыпқа келтіру жағдайы сын көтермейтіндігі, сонымен қатар, 80-жылдары Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің құлағанын көп адамдар біле бермейтіндігі айтылды. Бұл тағы да қайталануы мүмкін, оны дабыл қағып айта беру керек, оны министрлік, парламент деңгейінде қарастыру қажет, – деді.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Н. Уәли «Арша жазуы туралы» мақаласында: Жазу – ой мен сезімді графикалық тәсіл арқылы бейнелеудің ерекше жүйесі. Жазу – жалпы адамзат қоғамының даму кезеңіндегі жаңалықтардың ең ұлысы, белгілі бір этнос мәдениетінің даму деңгейін көрсететін өлшемдердің (параметрлердің) негізгілерінің бірі. Жазудың және оның типтері мен түрлерінің графикалық, таңбалық ерекшеліктері жағынан әлі де болса ашылмай жатқан лингвистикалық, археологиялық жайттары аз емес. Солардың бірі шартты түрде арша жазуы немесе хат сәрби деп аталатын араб жазуының бір нұсқасы (варианты) деген жазу мәселесіне қатысты зерттеулерімен бөлісті.

Тарихи-мәдени ескерткіштердің қорғалу, сақталу, зерттелу мәселелерінің стратегиялық жоспарларын жасау қажет. Яғни, әр аймақтағы ескерткіштер тізімге алынғаннан кейін, оның қай жылдары зерттелуі керек екенін үкімет анықтап отыруы тиіс. Әйтпесе әр ғалым мемлекеттік ғылыми зерттеу бағдарламасы бойынша ұтып алған жобаларымен кез келген жерге қазба жұмыстарын жүргізе береді. Осылайша, ЮНЕСКО тарапынан тарихи-мәдени ескерткіштер тізіміне

енетін ескерткіштерді қазу жұмыстары жүйесіз жүргізіліп отыр. Бұл мемлекеттік концепция мен жүйелі саясаттың жоқ екенін көрсетеді. Осыған орай, профессор М. Елеуов қазіргі кезде қазба жұмыстарын арнайы жоспармен, әр дәуірдің өз кезеңіне сай етіп жүргізу қажеттігін айтты. Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау, деректік базасын жасау, стратегиялық жоспарын түзуге заңдық-құқықтық негізін қалыптастыру керек. Ол үшін арнайы заң, нормативтік актілерге толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі тиіс. Оған нағыз осы мәселелермен шұғылданатын ғалымдар тартылуы қажет, – деп түйіндеді.

Сондай-ақ, конференцияда қазақтардың тарихи этнография саласындағы өзекті мәселелері және қазіргі Қазақстандағы отандық этнология мен этномәдени үрдістердің қазіргі жай-күйінің өзектіліктері талқыланып, сонымен қатар, музейтану, этноархеология, ескерткіштану салалары да қарастырылды.

Ұлт тарихын зерттеу, оның материалдық және рухани мұраларын дәріптеу – қазіргі заманның басымдық берілетін міндеттерінің бірі. Жұмысты жүзеге асыру барысында, құнды-мәдени игіліктерді сақтайтын музейлерге – ірі мәдени-білім беру институттарына айрықша орын беріледі. Конференцияда археологиялық ескерткіштерді зерттеу, сақтау және музейлендіру секілді өзекті мәселелер әрі музейдің бірінші кезекте мамандандырылған ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде қызмет істеуі, әрі музей қызметі тиімділігінің басты факторы ретіндегі өзекті мәселелері қарастырылды. Пленарлық мәжілісте сөз сөйлеген М.Д. Клынчкая, С. Жолдасбаев, Ә.Т. Төлеубаев, А.З. Бейсенов, Ғ.Қ. Омаров сынды ғалымдардың мақалаларында қазіргі археологиядағы өзекті мәселелер, археология саласындағы Оразбаевтың рөлі, қызметі жан-жақты қамтылды. Сонымен қатар, тарихи-этнографиялық проблемалар да қозғалған.

Қазақстан археологиясының бетбұрысты кезеңдерінің құндылықтары мәліметтері мен қазақтардың тарихи этнографиясын терең қарастырған аталмыш «VII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы – ұлтымыздың мәдениетін ұлықтаған елеулі оқиға болғандығы күмәнсіз.

КӨҢІЛ АЙТУ

**АКАДЕМИК
МӘЛІК-АЙДАР
ХАНТЕМІРҰЛЫ
АСЫЛБЕКОВ
(15.01.1929 – 20.05.2015)**



2015 жылдың 20 мамыры күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, тарих факультетінің 1954 жылғы түлегі Мәлік-Айдар Хантемірұлы Асылбеков 87 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Осыған орай, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен тарих, археология және этнология факультетінің ұжымы марқұмның отбасына, жақын туған-туыстарына, әріптестері мен шәкірттеріне көңіл айтады.

М.-А. Х. Асылбеков 1929 жылы қаңтардың 15 жұлдызында Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданы, Шардара ауылында дүниеге келген.

Ол 1945 жылы туған ауылындағы орта мектепті үздік бітіріп, 1945-1946 жж. Қызылқұм ауданындағы 7 жылдық мектепте мұғалім болып еңбек жолын бастайды. 1946-1948 жж.

Н.К. Крупская атындағы Шымкент мұғалімдер институтында оқып, мұғалім мамандығының иесі атанады. 1948-1949 жж. Қызылқұм ауданының мектебінде мұғалім болып жұмыс істейді. 1949 жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың тарих факультетіне түсіп, оны 1954 жылы үздік дипломмен оқып бітіреді. Университеттің 4-5 курсында оқып жүріп, ол сол кездегі Қазақстан Компартиясы ОК жанындағы Партия тарихы институтында кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. Жас ғалымның қалыптасуына ұстаздары – Е.Б. Бекмаханов, Б.С. Сүлейменов, С.Н. Покровский, Н.К. Киікбаев, Я.Д. Серовайский, И.З. Чумак, В.Ф. Шахматов және т.б. көрнекті тарихшы-ғалымдар зор ықпал етеді.

Аспирантураға ұсынылғанына қарамастан, Мәлік-Айдар Хантемірұлы туған ауылына қайтып оралып, ауылдық мектепте мұғалімдік қызметін жалғастырады. Оның ұйымдастырушылық қабілеті бірден байқалып, ол орта мектепке директор, кейінірек Қызылқұм аудандық оқу бөлімін басқарады.

1958 жылы Мәлік-Айдар Хантемірұлы Асылбеков Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының директоры А.Н. Нүсіпбековтың және Б.С. Сүлейменов, Г.Ф. Дахшлейгер секілді аға буын тарихшы-ұстаздарының шақыруымен Алматыға көшіп келіп, институтқа кіші ғылыми қызметкер лауазымына жұмысқа тұрады. Осы кезден бастап оның бүкіл өмірі академиялық ғылыммен үздіксіз байланыста өтеді.

1963 жылы «XIX ғ. соңы – XX ғ. басында Қазақстандағы темір жолдарда жұмысшы кадрлардың қалыптасуы» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын, ал осы тақырыптың жалғасы ретінде 1974 жылы «Қазақстанда темір жол кадрларының қалыптасуы мен дамуы (1917-1970)» атты тақырыпта докторлық диссертациясын сәтті қорғайды. М.-А.Х. Асылбеков 1963-1968 жж. академияның «Қоғамдық ғылымдар» бөлімінде ғалым-хатшы болып, академияның ішкі өміріндегі жұмыстарға, институттың құрылымдық жүйесіндегі жұмыстарға белсене араласады. 1968-1980 жж. институттың аға ғылыми қызметкері, 1980-1981 жж. «Кеңестік Қазақстан мәдениетінің тарихы» бөлімінде, 1981-1984 жж. «ҚазССР мәдениеті мен тарихы ескерткіштерінің жинағы» бөлімінде меңгеруші, 1984-1985 жж. институт директорының орынбасары, 1984-1992 жж. «Кеңестік Қазақстанның жұмысшы табы мен индустриалды даму тарихы» бөлімін, 1992-1994 жж. «Қазақстанның әлеуметтік-эконо-

микалық мәселелерінің тарихы» бөлімін, 1995-2001 жж. «Жаңа заман және тарихи демография» бөлімін басқарады. 2001 жылдан бастап М.-А. Асылбеков институттың жетекші ғылыми қызметкері болып жұмыс істейді.

М.-А.Х. Асылбеков өзінің ғылыми еңбектерінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және тарихи-демографиялық проблемаларының өзекті проблемаларын көтереді. Ол индустрияландыру процестерін зерттеуге арналған еңбектерінде оның жалпы заңдылықтарын негіздеумен қатар, нақты тарихи ерекшеліктерін ашып көрсетіп, бүгінгі күнге дейін Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына залалын тигізіп қана қоймай, нарықтық қайта құруларға тұсау болған қателіктер мен бұрмалаушылықтардың бетін ашып, оларды тереңнен талдайды.

1983 жылы М.-А. Х. Асылбеков – ҚазССР ҒА корреспондент-мүше болып сайланады, ал 2003 жылдан бері Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі.

Академик М.-А.Х. Асылбеков 500-ден аса ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы, олардың ішінде 15 монография, 10 ұжымдық жұмыстар бар. Сондай-ақ, 1979-1983 жж. жарық көрген 5 томдық «Қазақ ССР тарихының», үш томдық «Қазақстан тарихының», «Қазақстан тарихы очеркінің» авторларының бірі болып саналады.

Асылбеков М.-А.Х. өзінің ғылыми-зерттеу ізденістерінің нәтижелерін Бүкілодақтық (Донецк, 1972; Москва, 1975, 1994; Минск, 1976; Орынбор, 1983), Халықаралық (Берлин, 1997) және көптеген республикалық конференцияларда баяндама түрінде ғылыми ортаға таныстырған.

Ол ғылыми жұмыстарын педагогикалық қызметпен қатар ұштастыра білді. 25 жыл бойы Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры болды. Тарих ғылымының салалары бойынша оның жетекшілігімен 12 ғылым докторы, 50 ғылым кандидаты даярланды.

Академик М.-А.Х. Асылбеков отбасылық өмірінде адал жар, асыл әке, ардақты ата бола білген жан. Әке жолын қуған қызы Жәмила Асылбекова тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих, археология және этнология факультетінің профессоры қызметін атқарады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және тарих, археология және этнология факультетінің ұжымы марқұмның қайтыс болуына байланысты оның отбасына, жақын туыстарына, әріптестері мен шәкірттеріне қайғырып көңіл айтады.

МАЗМҰНЫ–СОДЕРЖАНИЕ

Қазақ хандығына 550 жыл

<i>Кәрібаев Б. Б.</i>	
I. Есенберлиннің «Алмас қылышы» романы және Қазақ хандығының тарихы.....	4
<i>Дауытбекова М.Қ.</i>	
Қазақ батырларының қару-жарақ түрлері мен әскери өнері	12

1-бөлім Раздел 1 Деректану және тарихнама Источниковедение и историография

<i>Ноянов Е.Н.</i>	
Ежелгі ғұндардың мемлекеттілігі мәселесінің тарихнамасы	22
<i>Айтбаева А.Е.</i>	
А.Н. Бернштам зерттеулеріндегі кангюй мәселесі	28
<i>Сағинаева А.Н.</i>	
Кеңестік кезеңдегі ортағасырлық қыпшақтардың зерттелу тарихы.....	36
<i>Қошымова А.О.</i>	
Оғыздар мәселесінің зерттелуі (кеңестік тарихнама негізінде)	42
<i>Байғараев Н.А.</i>	
Революцияға дейінгі және кеңестік әдебиеттерде жәдидшілдіктің зерттелу тарихы: зерттеулердің ерекшеліктері	48
<i>Бисенбаев П.</i>	
Иса-Досан көтерілісінің тарихи жырлардағы көрінісі	56
<i>Шаймарданова З.Д.</i>	
Оценка социально-экономической эффективности освоения целины в зарубежной историографии	60
<i>Бисенбаев П., Сағындықов Н.</i>	
«Жанқожа батыр» жыры: нұсқалары мен тарихилығы	66
<i>Мұсағалиева А.</i>	
Кенес өкіметінің басқару жүйесінің заңдық – деректерінің қалыптасуы	70

2-бөлім Раздел 2 Ежелгі және ортағасырлардағы Древняя и средневековая Қазақстан тарихы история Казахстана

<i>Хабижанова Г.Б., Омарбеков Т.</i>	
VIII-X ғғ. Жетісу тайпаларының этносаяси интеграциясының үдерістері	78
<i>Макашева Ж.С., Смагулова А.З., Құмғанбаев Ж.Ж.</i>	
Особенности принятия внешнеполитических решений в эпоху Золотой Орды (на основе персидских и арабских источников)	84
<i>Oskembay M.A., Iskakova G.Z.</i>	
Analyze on the Toghuzoghuz Country and its Towns by Hudud al-'Alam	92
<i>Әдірбекқызы Б.</i>	
Қазақ хандығының заң- жарғылары және оның отбасы-неке қатынасындағы рөлі	98
<i>Галимов Е.А.</i>	
Создание института султанов-правителей в Младшем жузе	104
<i>Құндакбаева Ж., Телеуова Э.</i>	
Положение женщины в казахском обществе (до 1917 г.): историко-юридические материалы (обычное право) и культурные традиции казахов	110

3-бөлім Раздел 3
Жаңа замандағы Қазақстан тарихы Новая и новейшая история Казахстана

Еспенбетова А.М.
Қазақ дворяндарының қалыптасу ерекшеліктері..... 118

Ахметжанова А.Т.
СМИ и духовное возрождение казахского народа в имперский период развития Казахстана (нач. XX века)..... 126

Мекебаев Т.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж.
Алаш қозғалысының қызметінде ұлттық мемлекеттілік идеясының қалыптасуы..... 132

Мекебаев Т.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж.
Қазақстанда уақытша үкімет кезіндегі азық – түлік комитетінің құрылуы мен қызметі 138

Қозыбақова Ф.А.
Қазақстанда айыпталған «оңшыл оппортунистер» мен «ұлтшылдар» 144

Касымова Д.Б.
«Галатеи» казахского аула: образ новой женщины в повести Б.Майлина «Коммунистка Раушан»..... 150

Құмғанбаев Ж.Ж., Макашева Ж.С., Смагулова А.З.
XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі «Үш жүз» партиясының өзіндік ұстанымдары 162

Смагулов С.
Бауыржан Момышұлының әскери-қолбасшылық өнері 170

Дүйсеева Л.А., Джамалдинова М.Т.
Қазақстандағы экономикалық даму – ұлы жеңіске қосылған үлес..... 178

Жаркенова А.М.
Влияние депортации на изменение этнической структуры населения Северного Казахстана 184

Тасилова Н.А., Құлмесканова С.С.
Шона Смаханұлы – ұлт мақтанышы 192

Сыздықова А.М.
Вопросы экологической истории казахстана на фоне мировых исследований..... 198

4-бөлім Раздел 4
Археология және этнология Археология и этнология

Бексеитов Ф.Т., Оспанов Е.Б.
Мезолит пен ертеголоцендік кезең мәдениеттерін айқындаушы факторлар мәселесі 206

Ержанова А.Е.
Поселение древних металлургов в исследованиях Центрально-Казахстанской археологической экспедиции (Атасу, Мыржык, Акмустафа, Акмая, Талдысай) 212

Елеуов М.
Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарының тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағын шығарудың кейбір сабақтары 222

Елеуов М., Талеев Д.А.
Тараз қаласында 2014 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары 230

Жуматаев Р.С.
Қола дәуірі тайпаларының дүниетанымы мен өнеріндегі жылқының орны 238

Дубягина Е.В.
Художественный декор глазурованной керамики IX-X вв. Средней Азии 244

Кульсариева С.П.
Традиционные способы ухода за младенцами у казахов в 1950–1980-е гг. 252

Кульсариева С.П.
Об успокоении, лечении и общении с младенцами у казахов в 1950–1980-е гг. 258

5-бөлім Раздел 5
Жалпы тарих Всемирная история

<i>Түктібаева М.Е., Мухажанова Т.Н.</i> Батыс Ғұн әскерінің соғыс өнері мен қарулануындағы ерекшеліктер	266
<i>Нурманова А.К.</i> Актуальные проблемы культурного взаимодействия в мусульманской Испании	272
<i>Садықова Р.О., Өскенбай Е.З.</i> Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына алып келген оқиғалар	280
<i>Ismagulova S.A., Limasashi Aier</i> Glimpse of Ao Nagas' Beliefs and Practices: An Outlook of the Traditional Mode of Defensive Tactics in Pre-colonial India	286
<i>Бектурганова П.Е.</i> Вопросы модернизации Китая: ретроспективный обзор первого (1860-1911 гг.) и второго (1912-1949 гг.) периодов модернизации	292
<i>Assylbekova Zh.M.-A., Sidiqi Khwaja Abdullah</i> The main causes of the Soviet Union attack in Afghanistan	298
<i>Бектурганова П.Е.</i> Ретроспективный обзор третьего периода модернизации Китая с 1949 г. по настоящее время	304
<i>Асылбекова Ж.М.-А., Искакова Д., Надежук Е.</i> Теория и практика постиндустриального общества: основные черты социально-экономического развития современного Казахстана	314
<i>Жүніс Қ.Ә., Батқалова Қ.М., Алдабергенова Ж.Е., Бейсембаева Р.Е.</i> Орталық Азия республикаларының экономикалық интеграциясы	320
<i>Базаркулова Б.К., Шатекова Г.Қ.</i> Аймақтық қауіпсіздік мәселелері және Таяу Шығыс	330
<i>Мен Д.В., Шатекова Г.К.</i> Глобализация и роль корейского языка в Казахстане в процессе подготовки к профессиональному самосовершенствованию	338
<i>Жекенов Д.Қ.</i> Қытай Халық Республикасы төртінші буын басшыларының сыртқы саясаттағы ұстанымдары (2002-2012 жж.)	344
<i>Nogayeva A.</i> The rise of powers: the united states or «City on a hill»	354
<i>Базаркулова Б.К.</i> Иран Ислам Республикасы сыртқы саясатының даму кезеңдері	360
<i>Мовкебаева Г.А.</i> Роль НАТО в обеспечении энергетической безопасности	366
<i>Мен Д.В., Ташкенбаева Б.Ж.</i> Казахстан и Республика Корея в меняющемся мире	372
<i>Boldurukova N.</i> Role of Triad for expanding Chinese influence abroad	378
<i>Рыскулов И.А.</i> Состояние и перспективы сотрудничества Кыргызстана с развивающимся миром	384

6-бөлім Раздел 6
Мұражай ісі Музейное дело

<i>Қозғамбаева Г.Б., Дауытбекова М.Қ.</i> Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі тарихи – мәдени қорық музейлерінің тарихы	392
<i>Shashayeva G., Zhappasov Zh. E., Tasylova N.A.</i> Young Generation And Culture Values In Archeology Museum	400
<i>Шалгинбаева С.Х.</i> Музеи Польши: история и современность	404

7-бөлім Раздел 7
Магистрлік жұмыстар Исследования магистрантов

Айдарова Г.Б.
XIX ғасырдың I жартысындағы Орынбор өлкесіндегі салық саясаты: жаңа өзгерістер, мәні және ерекшелігі..... 412

Қызаева Ж.
В.А. Гордлевскийдің «Кіші Азиядағы Селжұқ мемлекеті» еңбегіндегі оғыз мәдениетінің кейбір мәселелері..... 420

Бермухамедова А.А.
Рассекречивание архивных документов: принципы, процесс..... 426

Сарыбаева А.
Мұрағат ісін ақпараттандыру: ұйымдастырылуы және бағыттары..... 432

Қожахметов П.
Орталық мемлекеттік мұрағат қорындағы аудиовизуалды құжаттар 438

Қызаева Ж.
С.Г. Агаджановтың «очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв.» атты еңбегіндегі оғыз мәдениетінің зерттелуі 444

Сален Жарқын
«Айқап» журналында жарық көрген қытайдағы қазақтарға қатысты хабарлар мен мақалалардың этнографиялық сипаты 450

Сқақова Қ.А.
Францияның Шарль де Голль кезіндегі сыртқы саясаты 456

Есжанова Н.Қ.
Создание портала электронного правительства 464

Еламанова А.С.
Семей өңірі қазақтарының тұрмысы Орыс географиялық қоғамы материалдарында..... 470

8-бөлім Раздел 8
Жаңа кітаптар Новые книги

Бейсегулова А.К., Солтиева Б.Ш.,
Қазақ диаспорасының мәдени мұраларына байланысты құнды оқу құралы жарық көрді 478

9-бөлім Раздел 9
Ғылыми өмір Научная жизнь

Қалыш А.Б., Хинаят Б.
Далалық археологияның дарабоз сайыпқыраны («VII Оразбаев оқулары» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясынан) 482

Көңіл айту

Мәлік-Айдар Асылбеков (15.01.1929 – 20.05.2015) 486

CONTENTS

550 years to the Kazakh khanate

<i>Karibaev B.B.</i> Roman I. Esenberlina «enchanted sword» and the history of the Kazakh Khanate	4
<i>Dautbekova M.K.</i> Military art and weapons of kazakh batirs	12

Section 1 Historical Sources Study and Historiography

<i>Noyanov E.N.</i> The historiography of studying the problem of statehood of ancient Huns.....	22
<i>Aitbayeva A.E.</i> «Kangui» problem in studies of AN Bernshtam	28
<i>Saginayeva A.N.</i> History of the study of medieval Kipchak in the Soviet period.....	36
<i>Koshymova A.O.</i> Oguz study of the issue (on the basis of Soviet historiography).....	42
<i>Baigarayev N.A.</i> History of Jadidism study in pre-revolutionary and Soviet literature: peculiarities of research	48
<i>Bissenbaev P.</i> Revolt picture of Isa and Dosan in historical songs.....	56
<i>Shaimardanova Z.</i> Evaluation of the socio-economic efficiency of the virgin lands in foreign historiography.....	60
<i>Bissenbaev P., Sagindikov. N</i> Historical Songs «Zhankozha Batyr»: options and historicism.....	66
<i>Musagalieva A.S.</i> Formation of the legislative sources of soviet power management system.....	70

Section 2 Ancient and Medieval History of Kazakhstan

<i>Habizhanova G.B., Omarbekov T.</i> Ethno-political integration processes of Zhetisu tribes in VIII-X centuries	78
<i>Makasheva Zh.S., Smagulova A.Z., Kumganbayev Zh.Zh</i> Features of foreign policysolutions in the era of the Golden Horde (based on Persian and Arabic sources).....	84
<i>Oskembay M.A., Iskakova G.Z.</i> Analyze on the Toghuzoghuz Country and its Towns by Hudud al-‘Alam	92
<i>Adyrbek kzy B.</i> Legal rules of the Kazakh Khanate and its role and importance in family and marital relations.....	98
<i>Galimov E.A.</i> The creation of institution of sultan-rulers in the Little Horde.....	104
<i>Kundakbayeva Zh., Teleuova E.</i> Women status in Kazakh society (до 1917 г.): historical-juridical sources (customary law) and Kazakh’s cultural traditions..	110

Section 3 Modern and Contemporary History of Kazakhstan

<i>Espenbetova A.M.</i> Features the formation of the kazakh nobility	118
<i>Ahmetzhanova A.T.</i> Media and spiritual revival of the Kazakh people in the imperial period of development of Kazakhstan (beg. of the XX century)	126
<i>Mekebaev T.K., Kumganbaev Zh. Zh.</i> Formation of the idea of national statehood in the activities of the movement Alash.....	132
<i>Mekebaev T.K., Kumganbaev Zh.Zh.</i> The formation and activities of the food committee for the period of the temporary government in Kazakhstan.....	138
<i>Kozybakova F.A.</i> «Nationalists» and «right opportunists» arraigned in Kazakhstan	144
<i>Kassymova D.B.</i> «Galateas» of Kazakh: image of new Kazakh woman in the novel of B.Mailin «Communist-Raushan»	150
<i>Kymganbaev Zh.Zh., Makasheva Zh.S., Smagulova A.Z.</i> The principles of the party «Ush Zhuz» at the beginning of the XX century.....	162
<i>Smagulov S.</i> Military-generalship of Bauyrzhan Momyshuly.....	170
<i>Duseiyeva L.A., Dzhamaldinova M.T.</i> Economic development in the republic of kazakhstan is a contribution to the great victory	178
<i>Zharkenova A.M.</i> The impact of deportation on ethnic structure population changes of the Northern Kazakhstani region	184
<i>Tasilova N.A., Kulmeskanova S.S.</i> Shona smahanuly is pride of the nation	192
<i>Syzdykova A.M.</i> Questions of environmental history of Kazakhstan amid the global research.....	198

Section 4 Archeology and ethnology

<i>Bekseitov G.T., Ospanov E.B.</i> Determinants of crops Mesolithic and Early Holocene	206
<i>Erzhanova A.E.</i> The settlement of ancient metallurgists in studies of Central Kazakhstan archeological expedition (Atasu, Myrzhyk, Akmustafa, Akmaya, Taldysai).....	212
<i>Yeleuov M.</i> Some results for code of historical and cultural monuments of Zhambyl, South Kazakhstan, Kyzylorda regions	222
<i>Eleuov M., Taleev D.A.</i> Archaeological excavations carried out in 2014 in the ancient city of Taraz.....	230
<i>Zhumatayev R.S.</i> The horse in the worldview and the arts among the tribes of the Bronze Age	238
<i>Dubyagina E.V.</i> Art Decor glazed ceramics IX-X centuries Central Asia.....	244
<i>Kulsariyeva S.</i> Kazakh traditional means of infant care in 1950s. to 1980s.....	252
<i>Kulsariyeva S.</i> On the topic of pacifying, treating and communicating with infants in Kazakh culture in the 1950-1980s	258

Section 5 History of World

<i>Tuktibaeva M.E., Muhazhanova T.N.</i> The art of war and features of weapons in the Army of Western Huns.....	266
<i>Nurmanova A.K.</i> Current questions of cultural interaction in Muslim Spain.....	272
<i>Sadykova R.O., Oskenbay Y.Z.</i> Events that caused the beginning of the Second World War.....	280
<i>Ismagulova S.A., Limasashi Aier</i> Glimpse of Ao Nagas' Beliefs and Practices: An Outlook of the Traditional Mode of Defensive Tactics in Pre-colonial India.....	286
<i>Bekturganova P.</i> Questions of research of modernization of China: the review of the first (1860-1911) and the second (1912-1949) modernization periods.....	292
<i>Assylbekova Zh.M.-A., Sidiqi Khwaja Abdullah</i> The main causes of the Soviet Union attack in Afghanistan	298
<i>Bekturganova P.</i> The review of the third period of modernisation of China since 1949 on present time	304
<i>Assylbekova Zh. M.- A., Iskakova D., Nadezhuk Eu.</i> Theory and practice of post-industrial society: the main features of the socio-economic development of modern Kazakhstan	314
<i>Zhunys K., Batkalova K., Aldabergenova J., Beisembaeva R.</i> Economic integration of the Central Asian republics	320
<i>Bazarkulova B.K., Shatekova G.K.</i> Problems of Regional Security and the Middle East	330
<i>Men D.V., Shatekova. G.K.</i> Globalization and role of Korean language in preparation process to vocational self-cultivation.....	338
<i>Zhekenov D.</i> The conception of foreign policy of the fourth generation of China (2002-2012).....	344
<i>Nogayeva A.</i> The Rise of Powers: the United States Or «City On A Hill».....	354
<i>Bazarkulova B.K.</i> Stages of Foreign Policy development of the Islamic Republic of Iran	360
<i>Movkebayeva G.</i> The role of NATO for energy security	366
<i>Men D.V., Tashkenbaeva B.Zh.</i> Kazakhstan and the Republic of Korea in a Changing World.....	372
<i>Boldurukova N.</i> Role of Triad for expanding Chinese influence abroad	378
<i>Ryskulov I.A.</i> State and prospects of cooperation of Kyrgyzstan with developing countries	384

Section 6 Museology

<i>Kosgambaeva G.B., Dautbekova M.K.</i> History of historical - cultural reserves-museums in South Kazakhstan	392
<i>Shashayeva G., Zhappasov Zh. E., Tasylova N.A.</i> Young Generation And Culture Values In Archeology Museum.....	400

<i>Shalginbaeva S.H.</i> Museums of Poland: past and modernity	404
---	-----

Section 7 Investigations of postgraduate students

<i>Aidarova G.B.</i> Tax policy in the Orenburg region in I half of XIX century: new changes, essence and features	412
<i>Қызайева Zh.B.</i> Some aspects of oguz culture in the work of V.A. Gordlevsky «the seljuks state in Asia Minor»	420
<i>Bermuhamedova A.A.</i> The declassification of archival documents: principles, process	426
<i>Sarybaeva A.</i> Informatization of the archived business: organization and directions	432
<i>Kozhakhmetov P.</i> Audiovisual documents in the collection of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan	438
<i>Қызайева zh.B.</i> Researching the oguz culture in work of S.G. Agadzhanov «Essays on the history of the oguz and turkmen of Central Asia in IX-XIII centuries»	444
<i>Salen Zh.</i> Ethnographic description of articles and news about the Kazakhs in China, published in the journal «Aikap»	450
<i>Skakova K.A.</i> Charles de Gaulle of France's foreign policy	456
<i>Yeszhanova N.K.</i> Creation of electronic Government of the portal	464
<i>Elamanova A.S.</i> Kazakh lifestyle Semipalatinsk region on the material of Russian geographical society	470

Section 8 New books

<i>Бейсегулова А.К., Солтиева Б.Ш.,</i> Қазақ диаспорасының мәдени мұраларына байланысты құнды оқу құралы жарық көрді	478
--	-----

Section 9 Scientific life

<i>Қалыш А.Б., Хинаят Б.</i> Далалық археологияның дарабоз сайыпқыраны («VII Оразбаев оқулары» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясынан)	482
--	-----

Көңіл айту

Мәлік-Айдар Асылбеков (15.01.1929 – 20.05.2015)	486
---	-----

УСПЕЙТЕ ПОДПИСАТЬСЯ НА СВОЙ ЖУРНАЛ

АКЦИЯ!!!

**Каждому подписчику
ПУБЛИКАЦИЯ СТАТЬИ
БЕСПЛАТНО!!!**

- Акция действительна при наличии квитанции об оплате годовой подписки.
- Статья должна соответствовать требованиям размещения публикации в журнале.
- Статья печатается в той серии журнала, на которую подписался автор.
- Все нюансы, связанные с публикацией статьи, обсуждаются с ответственным секретарем журнала.

Издательский дом
«Қазақ университеті»
г. Алматы,
пр. аль-Фараби, 71
8 (727) 377 34 11, 221 14 65

АО «КАЗПОЧТА»
г. Алматы,
ул. Богенбай батыра, 134
8 (727 2) 61 61 12

ТОО «Евразия пресс»
г. Алматы,
ул. Жибек Жолы, 6/2
8 (727) 382 25 11

ТОО «Эврика-пресс»
г. Алматы,
ул. Кожамкулова, 124, оф. 47
8 (727) 233 76 19, 233 78 50